МӘДЕНИ МҰРА

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2012

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамадиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғарауұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шаймерденов Ербол
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Тарихи аңыздар
XVIII ғасырлар

FOLIANT

УДК 398
ББК 82.3
Б 12

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:

Қасқабасов С.А. *(төраға)*, Қорабай С.С. *(төрағаның орынбасары)*, Жұмасейітова Г.Т. *(жауапты хатшы)*, Әзібаева Б.У., Әлбеков Т., Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қалижанов У., Қасқабасов С.А., Қирабаев С.С., Қорабай С.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:
Алпысбаева Қ., Әлбеков Т., Оралбек А. (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2012.
Т. 87: Тарихи аңыздар. — 2012. — 432 бет.

ISBN 978-601-292-603-3

«Бабалар сөзі» сериясының 87-томына қазақ фольклорының прозалық жанрына жататын тарихи аңыздар енді.

УДК 398
ББК 82.3

ISBN 978-601-292-603-3 (т. 87)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2012
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2012

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады. Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған сексен алты томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, қара өлең, ертегілер, жұмбақтар мен мақалмәтелдер т.б. шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақалмәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — екі томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздарының», «Шежірелік аңыздардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 87-том тағы да көне замандардан бері үзілмей келе жатқан халық шығармашылығының аса көлемді жанрының бірі «Тарихи аңыздарға» арналады. Құрастырушылар халық прозасының бұл саласының

бүгінгі күнге дейін толық жарияланып, ғылыми айналымға енбеуінің себеп-салдарлары алдыңғы томдарда арнайы аталып өткендіктен, бұл ретте де қайталауды жөн санамады. Алайда құрастырушылар оқырмандарды «Тарихи аңыздарға» арналған алдыңғы томдардың құрылымы мен қысқаша мазмұнымен таныстыра кетуді мақсат етеді.

Алғашқы томға (85-томға) VI-XVI ғасырлар аралығындағы Бәйдібек би, Домалақ ана, Қорқыт, Әбунасыр әл-Фараби, Ибин Сина, Алаша хан, Майқы би, Аяз би, Қожа Ахмет Ясауи, Хакім ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Өзбек хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, Байшегір баба, Әз-Жәнібек, Асанқайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Еңсегей бойлы ер Есім, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, Ер Тарғын, Абат, Шора батырлар т.б. тарихи тұлғаларға қатысты аңыздар енгізілді.

Екінші томға (86-томға) Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ел тұтқасы болған кемеңгер билердің ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтаудағы ерен еңбектерін, дау шешудегі әділдігін, қайраткерлік тұлғаларын сомдайтын, Абылай сынды айбынды ханның көзсіз ерлігін, қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін, ел басқарудағы өзіндік қырларын, дипломатиялық іс-тәжірибелерін ашып көрсететін, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Сүйіндік Олжабай, Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай секілді даңқты батыр-қолбасшылардың жорық жолдарын баяндайтын аңыздар топтастырылды.

Оқырмандарға жол тартып отырған 87-томға XVIII ғасырдағы қазақ қоғамын, тарихи оқиғаларды, ел тәуелсіздігін сақтап қалған би-шешендердің, елбасыларының, батырлардың жоңғар шапқыншыларымен өткізген күрестерін, ел ынтымағын, ру-тайпалар арасындағы татулықты, бірлікті суреттейтін аңыздар ұсынылды.

Томның құрылымы «Билер туралы аңыздар», «Батырлар жөніндегі аңыздар» атты бөлімдер аясында жүйеленіп, Бекболат, Тіленші, Әлмерек, Сапақ, Толыбай, Қарабас, Досбол, Байдалы, Келдібек, Жанайдар, Жаңабатыр, Қарқабат, Досай,

Есенкелді, Едіге, Ескелді, Қараменде, Қабан, Балпық билердің, сондай-ақ Шақшақ Жәнібек, Керей Жәнібек, Жидебай, Жасыбай, Дәулетбай, Малайсары, Әжібай, Райымбек, Балағаз, Байғозы, Түлкібай, Саркөз, Түгел, Итеке, Берден, Нұрбай, Шерубай, Жалаңтөс, Жарылғап, Ораз, Елшібек, Томаш, Айтбай, Әлдебек, Бөдене, Жарылғап, Баян, Сеңкібай, Боранбай, Сатай, Бердіқожа, Жоламан, Байсерке, Бөдес, Шегір, Аралбай, Құттығай, Қарақұл, Әйтей, Тауасар, Алдияр, Қараш, Шоңай, Еспембет, Көтентай, Жауғаш, Қуатбек, Медетбек, Серғазы, Сәмен, Қорлыбай, Бөлек, Сары, Сүгір, Жантайлақ, Жұрын, Қозүй, Қойгелді, Мамай, Мыңбай, Шотан батырлардың бейнесін сомдаған аңыздар кіргізілді.

Томда қамтылған мәтіндердің негізгі бөлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларында сақталған Ш.Уәлиханов, М.Тілеужанов, Н.Төреқұлов, Б.Адамбаев, Қ.Саттаров, Н.Омаш, Т.Қанағатов т.б. ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинап, хатқа түсірген материалдарынан, соныме бірге М.Ж.Көпеевтің, М.Мәжікеевтің, Е.Құлпейісовтің, А.Құлжановтың, С.Шәріповтің, А.Бисенғалиқызының, А.Татанайұлының, М.Рүстемовтың, Т.Қаупынбайұлының, Қ.Айнабековтің қолжазба мұраларынан алынды. Томды баспаға дайындау барысында «Бабалар сөзі — даналық көзі», «Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие», «Ел жүрегіндегі Ескелді би», «Билер сөзі», «Ер Жәнібек», «Ер Әжібай», «Қазақ батырлары», «Сарыарқа батырлары», «Аңызға айналған тұлғалар», «Аңыздар мен Ақиқаттар өлкесі», «Шанышқылы Бердіқожа батыр» сияқты кітаптардағы және «Қазақ батырлары» газетінде жарияланған мәтіндер пайдаланылды. Осы көрсетілген басылымдарда жарияланған аңыздардың сирек қорларда қолжазба нұсқалары сақталған жағдайда, мәтіндер өзара салыстырылып, түпнұсқасы басылымға жіберілді.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басы-

лымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен күйшілер туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.

МӘТІНДЕР

Билер туралы аңыздар

1. Бекболат би

Бекболат — қаракесек ішіндегі қазақ еліне даңқты қаз дауысты Қазыбектің баласы. Ол хан Абылайдың ақылшысы, сүйікті де сенімді биі болды. Басқа билер оны күндеп, ханнан айыруға әрекеттенді.

Бірде қаракесектер хан маңындағы төлеңгіттермен араздасып, олардың бірсыпыра жылқысын барымталап алады. Соның ішінде хан әулетінің бір үйір жылқысы кетеді. Бекболатты сүріндіргісі келіп жүрген билер ханға барып: «Мұны істетіп отырған Бекболат, ханда қадір болмаса, қара қазақта ұят болмайды, бұл бейбастыққа тыйым салыңыз», — деп ұсыныс жасайды.

Осы азғынды тілге еріп, Абылай қол жинап, қаракесектерге барады да, айыпты деген адамдарды тұтқындап, көп мал айдап қайтады. Жолшыбай бір жайлы жерге түсіп демалады.

— Арттарыңа қараңдаршы, ешкім көрінбей ме? — дейді хан жанындағыларға.

— Бұрқыраған шаң көрінеді, біреу мейлінше қатты жүріп келеді, — десті олар арт жаққа көз тігіп.

— Ә, суыт жүріп келе жатса, ол Бекболат болар. Бетін қақпаңдар, не айтса да сөздерін түгел ұғыңдар, — деп тапсырады хан билеріне.

Бекболат екен. Келген бетінде хан шатырының алдында ат үстінде, теріс қарап тұра қалады да:

Орал таудың ор түлкісі
Айнала қуса ит жетпес.

Орал таудың ақиығы,
Ақиық келсе, тек кетпес,
Сонда дағы мерт етпес, —

деп атынан түсті де, байлаулы жатқан жігіттерді шешіп алып, қайтып кетті. Хан үндемеді, басқалар кес-кестей алмады.

Бекболат адамдарын босатып алып, малдарын айдап кеткеннен кейін Абылай билерінен:

— Әлгінің сөзінен не ұғындыңдар? — деп сұрады. Ешқайсысы да ұға алмапты.

— Оның сөздері сендерге түсініксіз болса да, маған түсінікті, — деді хан, — «Орал таудың ор түлкісі ит жетпес» деп сендерді айтты. «Орал таудың ақиығы» деп мені айтты. «Келдің, ойыңа алғаныңды істедің, мені мерт қылма», — деді. Қазір айып-анжысын толықтырып алып келеді. Сендерге керегі олжа ғой, бөлісіп алыңдар.

Ханның болжамы дұрыс болды. Бекболат тоғыз-тоғыз айыбын Абылайдың алдына жайды да, зор құрметпен тәжім етіп, қолын алды. Содан әрі бұрынғысындай тату-тәтті өмір сүре берді.

2. Қасым ханның елге орнатқан тәртібі

Қасым хан ақбоз атқа мінеді екен, айыр қалпақ киеді екен, жолдастары бәрі де бір ыңғай боздан мініп, ақ киім киіп бір бай ауылға келеді екен. Байдың аулына сауын айтып: «Бізге үй тіксін, сұлу қыз-келіншекті жинап қойсын», — деп, сонда келіп жатады екен. Бір мезгілде Қаракерей Қабанбай аулына келмекші болыпты. Сол ауылға шапқыншы жіберіп: «Үй тігіп, қыз-келіншек дайындасын», — депті. Бұл ауылда ерте күнде ұзатқан Қазбектің қызы Маңқан бар екен. Қазбектің інісі Бөдене батырдың қызы Нәуетек болады екен. Бұлардың әйел болып, орта жасқа келген шамасында бұл екеуінен туған ер жетіп қалған екі қыз болу керек. Мұның бет алып келе жатқаны осы болса керек. Сол кезде Қазбектің екінші баласы Қазымбет дейтұғынның Құлтеке деген батыр баласы болыпты. Сол Құлтеке сол ауылда апа-қарындасына амандасып жатыр екен. Сонда бұның апа-қарындастары Құлтекеге арыз қыпты:

«Бұл Қасым ханның бет алып, бетіне ұстап келе жатқаны сіздің міне біреу бір-екі жиендеріңіз ғой, атаңның аруағы бар ғой, осыдан сауға сұрап көрермісің, бұл балалар бұндай тәртіпсіздікті көрген жоқ еді». Сонда Құлтеке: «Сұрап көрейік», — деді. Атына мініп алып, шауып Қасым ханның алдынан шықты, қылаңнан мініп, қылаңнан киіп, тоғыз кісі келе жатыр екен. Құлтеке көлденең тұра қалып: «Сауға!» — деді. Бұлар Құлтекеге жауап бермей жүре берді. Құлтеке қайтадан шыр айналып кеп алдынан тұра қалды. Тағы да: «Сауға!» — деді. Тағы жауап бермей жүріп кетті. Үшінші рет қайта шапты оралып, алдынан қарсы кеп тұра қалып: «Сауға!» — деп ақырды. Үндемей тағы жүре берген кезде: «Алдыңнан келсе, атаңның құнын кеш», — деген, Бекболатпен араздығыңды осы арада өтеуші ме едің», — деп, Қасымханды қақ бастан тартып жіберді. «Мен қарадан хан боп туған Қазбектің немересімін, Қазымбеттің баласымын. Сен көпсің, мен азбын, кәнеки, істейтініңді істеші!» — деп қарысып тұрып алды. Қасым ханның айыр қалпағы жерге ұшып түсті, аттан түсіп айыр қалпағын алуға жарамады, ауылға жібермейтініне көзі жеткен соң, қайтып кетті. Еліне барып Абылайға айтты:

— Өзімді басқа ұрып ауылға жуытпады, Қазымбеттің баласы Құлтеке деген батыр екен, жерге түскен қалпағымды аттан түсіп алуға арланып, тастап кеттім, — деп Абылайдың алдына сөзін қойды. Сонда Абылай:

— Қап, бәлем, тұра тұр, менің заманымда өзім түгілі атымды басқа ешкім ұрып көрген жоқ еді, сенің заманыңда кісімізді басқа ұратын болды ма? — деп кіжініпті. Ол кезде Семей қаласы, яғни басқа қалалар Ертіс бойына орнаған жоқ екен.

Бұл ел Қараөткелге қала шығады екен, сол Көкшетауды басып Қараөткелге бара жатқан қалашыны ұстап алыпты. «Бекболаттың, Қазбектің тұқымынан кімдер бар» деп сұрастырып, Бекболаттың баласы Тіленшіні алып барып суық үйге отырғызып қойып, екі күннен кейін тамақ беріпті. Тамақ берсе, Тіленші ішпепті «Мен тамақ ішпеймін, осылай жатып өлемін» деп. Әкелген тамақты қағып жіберіп, төгіп, лақтырып тастап, «әрі әкет!» деп безерленіп отырып алыпты. Сонда Абылай: «Бұл шұқшылғырдың тұқымы осылай жатып өліп қап жүрер, мұны босатайық, басқа біреу бар ма екен қараңдаршы!» — депті. Сонда Қазымбеттің баласы Жанай деген

кісі бар екен, соны ұстап алыпты, Тіленшіні қоя беріпті. Жанайды бір күн ашықтырып тамақ берсе, ішіп қойыпты, сонда Абылай: «Бұл асырауға көнеді екен, тоқпақ жал торы айғырдың тұқымы ғой».

Сонымен қалашылар жүріп кетіп, қаласынан шығып елге қайтып келіпті. Елге келіп біздің Жанайды Абылай ұстап қалды дейді. Мұны естіп Бекболат зіркілдепті. «Жаз шыққан соң, ат қара тіл болған соң ас қазаныңды төртке бөлмесем, күліңді көкке ұшырмасам, менің де Бекболат атым құрысын!» — депті. Осы сөз қыстығуні Абылайға да жетіпті. Сол жаз шыққан, ат қара тіл болған соң бес жүз қолмен Бекболат аттанипты бірнеше батырларды, бірнеше басшыларды қосып алып. Ел басшысы Едіге би, әрі басшы, әрі батыр екен. Сырым Малайсары ол да әрі батыр, әрі шешен екен, әрі ел бастайтын көсем екен. Бес жүз қол, ту тігілгенін Абылай да естіп қойыпты. Бұлар сол Көкшетауды бетке алып жүріп кетіпті. Абылайдың жазғы қонысына жетіп барса, ауыл көшіп кетіпті. Он-он бес сиыр жұртта қалыпты, жұртта бір ас қазан қалыпты, ас қазан дейтіні — мыс қазан екен. Жұрт сынаушылар жұртты байқаса, жаңа ғана көшкен жұрт сықылды. Бағыз бір қаубөріктер: «қуып жетіп, көш жөнекей құртайық» десті, сонда Едіге би мен Малайсары батыр: «Ол дұрыс болмайды, осы араға қонайық, мынау сиырын сояйық, атты тыныктырып, азықтанып алайық. Бекболат, сен ашуыңнан қайта бер!» — дейді. «Хан хандығын істеген екен. Сенің «антыңды орындатам» деп, «күлін көкке ұшырамын, ас қазанын төртке бөлемін» дегеніңді ол да естіп алған ғой. «Күлімді көкке ұшырсын» деп жұртын тастап кетті, «ас қазанымды төртке бөлсін» деп мыс қазанын тастап кетті, «халық ашықпасын» деп сиырын тастап кетті, енді қандаспайақ бітерміз, сен ашуыңды баса бер, сіздің тұқым қан құмар болмайтұғын», — деді Бекболатқа. Тыныгып алып және жүрді, оларда бір қонып жұртына тағы сиыр тастап кеткен екен, тағы бір ас қазан тастап кетіпті, бұлар сиырды тағы сойып, тыныгып алып жүргелі жатқанда, Едіге би айтты:

— Бекболат, сен ашудан бүтіндей қайт, антыңды тағы бір орындатты. Бұлар кеңес қылып, былай деп ақылдасты.

«Бұл Абылайлар үдере көшіп бара жатыр екен. Бұлардың мақсаты — қызыл су Шардан өтіп кету. Одан өтсе, жуық маңда алдырмайды, сондықтан қазір біз бір-біреуі жүз кісілік он екі

батырды таңдап алайық, түн қатырып жіберейік. Малайсары мен Құлтекені басшы қылып қызыл судан өткізбейтін болсын, егерде өтіп кетпеген болса, біздің алуымыз оңай», — деп, он екі батырды түн қатырып қоя беріпті. Он екі батыр сартылдатып салып келсе, олардың көшбасшысы өткелге жаңа ғана келген екен. Олар да көтінен кейін көшкен елге қайта барып, өте алмайтынына көзі жеткен соң, ұзамай қонаға пты. Мынау он екі батыр да өз әскерінің алдынан шығып, бұлар да қатарласып келіп қонағапты. Сонда Абылай: «Жекпе-жек» деп айқай салыпты, Бекболат тұрып:

— «Жекпе-жек» деген дауыс шығады ғой, кәні, қайсың шығасың, — депті, сонда Едіге би тұрып:

— Мен тұрғанда кім шығады дейсің, — депті де атып шығыпты. Сонда Бекболат:

— Сен қоя тұр, оның одан да дөкейі бар шығар, басқа біреуің шығыңдар! — дейді. Сонда Малайсары тұрып:

— Олай болса, мен шығамын, — дейді. Бекболат тұрып:

— Сен барсаң, бар!» — дейді. Малайсары атып шығып, жетіп барды. Абылайдың батырының Малайсарыдан бір-екі жас үлкендігі бар екен, «әуелгі кезек — менікі» депті. Сонда Малайсары оған:

— Сен тұра тұр, — депті. — Сенің бір-екі іліп тастайтын найзагерлігің де артық, әуелі сөйлесіп алайық, — депті. — Мен сенімен жұлысайын деп келген жоқпын, мені Бекболат жіберді: «хан хандығын істеді, қарысып тұрмай бетін тасалап көшіп берді, «антымды орындатам» деп. «Күлімді көкке ұшырсын» деп жұртын тастады, «ас қазанымды төртке бөлсін» деп қазанын тастады, «халқым ашықпасын» деп сойысын тастады, енді өзі келе ме, мен барайын ба?» — деді.

— Жарайды, ендеше мен Абылайға айтайын», — деп жып етіп қайтып кетті.

— Өй, сен неге келдің? — деді Бекболат Малайсарыға. Малайсарының сонда айтқаны:

— Ол ұрысқалы да келген жоқ, жұлысқалы да келген жоқ екен, оны Абылай жіберіпті «елшілікпен ептестіріп кел» деп. Абылай былай депті: «Бұл несі Бекболаттың араға кісі салмай аулымды басып қонғаны, Бекболаттың антын бірқыдырғы орындағандай болдым, не өзі келсін, не өзім барайын, сөйтіп

сөзімізді теңестірейік» деген екен, осыны айтып кетті, — депті Малайсары. Сонда Едіге тұрып:

— Мен баяғыда айттым емес пе, хан хандығын істеді емес пе, енді не де болса, өзің баршы!» — деп Бекболатты жұмсапты. Сонда Бекболат сөйлесуге өзі шыққан екен. Бекболат бара жатқанда Абылай да оңаша шыға беріпті.

Сонда Бекболаттың айтқаны. Бекболат үйелмендей үлкен кісі екен, даусы зор, паровоздың даусындай екен. Атының артын Абылайға қаратып қойып, өзі теріс қарап тұрып былай депті:

— Мен — Орал таудың ор түлкісі,
Айнала жапса, ит жетпес.
Сен — бір Алатаудың ақиығы,
Тікелеп келсе, тек кетпес.
Келгенменен тікелеп,
Біреуді біреу мерт етпес.
Әуелі баланы жіберерсің,
Сонан соң сөйлесерміз», —

деп жүріп кетті. Абылай аулына қайтып келіп: «баланы қоя бер» деген екен, соған шейін бала кісенде екен. Кісенін алып, бостайын десе, ешкімге кісенін алдырмапты, дәлелі сол — «кім аяғыма кісен салса, сол ғана алады» депті, сонда мұның аяғына кісенді ожарлықпен Қасым хан салған екен. Қасым ханды еңкейтіп аяғына жығу үшін баланың сіресіп ешкімге кісенді алдырмауы осы екен. Қасымхан кісенін келіп алмақ болды, сонда Жанай шалқайып жатып:

— Кісенімді алсаң, ұйқымды бұзбай, тынышымды алмай ал, — деп өлгенше сыздапты. Содан кісенді алған соң, Жанай өзінің көпшілігіне қайтып барыпты. Сонан кейін Абылай мен Бекболат шығып бітімге келіпті.

Абылайдың айтқаны:

— Мен хан болғалы қазақ-қалмақ баласы кісім түгілі, атымды басқа ешкім ұрып көрген жоқ, Құлтекенің кісімді басқа ұрғанына не дейсің, билігін өзің айт!» — дейді.

Сонда Бекболаттың айтқаны:

— Жеті атамнан бері қарай кісім түгілі, жылқышыма ешкім сауға бермей кеткен жоқ, Қасым ханның ожарлығымен

Құлтекенің ожарлығы бірдей келді. Сіздің жасыңыздың үлкендігі үшін Құлтеке «аяғыңызға жығылған кісі боп» келіп қайтсын, — дейді. Сонда Абылай:

— Жарайды, солай болса болсын, тек басына құрым кигіз киіп келсін, — деді. Сонда Бекболат:

— Келіп кеткені де жәрар, біздің тұқымға құрым кигіз жазбаған нәрсе, — деп жүріп кетті.

Сонымен Абылай аулына қайтып барыпты «қазір Құлтеке келеді» деп. Сонда ол ауылдағы ожарлар Қасым хан бастатқан: «ол құрым кигіз іліп келеді, егерде құрым кигіз іліп келмесе, өзіміз кигіземіз» деп, бір кигіздің ортасын тесіп, дайындап отырыпты. Бір уақытта Құлтеке салып жетіп кеп сәлем беріпті.

— Алдыңызға келдік, атаңыздың құны болса да кеш, — депті. Сонда Қасым хан бастатқан ожарлар тұрып:

— Басыңда құрым кигізің қайда, еліңе барған ханымды басқа сабап не бетіңмен келіп тұрсың? — депті. — Мә, өзің кимесең, біз кигізейік, — деп, құрым кигізді ұсыныпты. Құлтеке қағып жібереді де:

— Біздің тұқымға ешуақытта құрым кигіз кию жазған емес, кигің келсе, өзің ки! — депті. Сонда қағып жіберген құрым кигіз өте таянып, омыраулап тұрған Қасым ханның басына жалп ете түсіпті. Сонда ел шулап қапты, сонда Абылай айтыпты:

— Бұл шұқшылғырдың тұқымына еш нәрсе жуыйды дейсің бе? Оған арнаған кигіз өз басымызға кеп жалп етті ғой. Қырық жыл хан болғанда менің аспаған белім жоқ, аса алмаған тауым жоқ. «Абылай аспас сары бел» деп едім, Сарыбел дейтінім — осы Бекболат, осыдан аса алмадым, енді бұдан Қасым хан асар деймісің, сауға бермей өзің басқа ұрғызып жүрген». Бекболат алғашқы келгенде айтқан сөзі мынау, ол айтты: «Мен — Орал таудың ор түлкісі, айнала жапса ит жетпейді», — деді. Сонда барлық қазақты өзіне бейімдеп, «менің аймағыма күшің жетпейді дегенге» келтірді. «Мені сен Алатаудың Ақиығы, тікелеп келсе, тек кетпессің», — деді, сонда: «Азғана төресің, сен жалғыз-ақ жүрген бір қырансың, — деді Құлтекені келтіріп, — ырымын ғана жасап кеткен жоқ па?! Жарайды, енді мұқап та, мұқатып та болдық, енді сойыс қылып шақыра беріңдер, — деді.

Екі жағы да сойыс қылып шақырысып, қандаспай, қаруласпай тарапты. Сүйтіп Бекболат Сарыарқаның бойында

ешкімменен қандаспай Орта жүздің баласын билеп-төстеп өмір өткізіпті. Бір заманда бұл да қартайыпты. Қартайып ел билеу мұрасын Қаракерей Қабанбайдың баласы Жәнібек би және Едіге бидің баласы Шоң би бастатып, әрбір таптың жақсылары басын қосып Бекболаттың үйіне келіпті. Бекболатқа айтқаны:

— Сіз болсаңыз қартайдыңыз, халықты кімге ие қыламыз, бәйбішенің баласы да ержетті, тоқалдың баласы да ержетті, ел билейтін таяғыңызды кімге ұсынасыз? Сонда Бекболат түсі суық, қас қабағы қалың кісі екен, үндемей біраз отырыпты. Сонда Тіленші тоқалдан туған бала екен, соныменен бірге туған қыз шымылдықтың ішінде отырады екен. Бекболат үндемей отырған соң, қыз түрегеліп, шымылдықтың бір жағын қайырып тастап:

— Ағалар, сіздер тыңдасаңыз, менің бір-екі ауыз айтатын сөзім бар. Он екі атаның ұлы Арғынды әкем билейді, бірақ әкемді шешем билейді, әкем шешемнен қорықпаса, Тіленшіжанды ұсынбайтын не бар, Тіленшіжанға ақсақалдар бата бермейтін не бар, — деді Тіленшімен бірге туған қыз.

Сонда Бекболаттың бәйбішесі қалмақ ханы Қоңтажының қызы екен. Бәйбішенің айтқан сөзі:

— Уа, менің қарағым дұрыс айтады, Бекболаттың бойында қара бурасы бар еді, шөккен жерден тұрмаушы еді, қасиеті сол еді, көрініп жүруші еді, Тіленшінің бойында ақ тайлағы бар еді. Бір тұрып, бір жата береді, бірде бұзса да, бірде түзетуге жәрайма деймін. Қасиеті сол көрініп жүруші еді, — деді. Сонда Бекболат:

— Уа, бала менен бәйбішенің сөзі бір жерден шықты ғой, со шіркін бірдеңеге жәрайма деймін және атасының қойнына бір түнеп шығып еді, болса болсын, — деді. Бекболаттың бастапқы бәйбішесінен төрт ұл туған екен, бұлардың бет-ауыздары Бекболатқа ұнамапты. Бекболат сонда: «мен тұқымсыз кеттім» деген ойда қапты, қайтерін білмей алыстан екінші әйел ала алмай, қамаққа Қазыбек үшінші билікке барғанда, бара жатып ханның аулының қасында бір өткелден өтіп бара жатқанда, бір жас қыз тұра ғап қолын көтеріп, Қазыбектен жөн сұрапты. Сонда Қазыбек: «Біз елшіміз», — депті, сонда қыз: «Елші болсаң, дәуде болса Қазыбек шығарсың, жаным, есебің бітсе мені есіңе ала кет», — депті. Сонда Қазыбек барып есеп жасағанда, а

дегенде сол қызды алып, қасына отырғызып қойыпты. Қазыбек Қоңтажыға:

— Үшінші рет менің елімді неге шаптың, — депті. Сонда Қоңтажының айтқаны:

— Он төрт жасыңда еліме келіп есеп жасағанда, елшілік билігімде саған ғашық болып қалдым, «сенен бір тұқым алып сіңірем» деп Қазымбет деген баланды алып келіп едім, оны сіңіртпей алып кеттің. Одан кейін амандық жоқ, Сарыарқаға еліңді орналастырып жатқан соң, қайтадан сізді келтіру үшін мал-жаныңды бүлдірмей алғаным рас. «Судың артын шым бітейді, даудын артын қыз бітейді» деуші еді, не қыз ал да, не қыз берші, — депті. Сонда Қазыбек:

— Беретұғын қызым жоқ, қыз берсең, алайын, — депті. Сонда Қоңтажы Қазыбекке:

— Ұлың нешеу? — депті.

— Ұлым бір жарым, — депті. Сонда Қоңтажы:

— Сіздің бес ұлыңыз бар емес пе? — дейді.

— Менің елге ие болатын ұлым — біреу, жауға ие болатын ұлымды жартыға есептеймін. Ол — Сырымбет. Қазымбет деген ұлым аузы дуалы болады, Базаркелді деген ұлым діңге бекем болады, Барқы деген ұлым қатын-балаға ие болады, тілге шешен болады, қайсысына бересің, — дейді. Сонда Қоңтажы:

— Елге ие болатын бүтін ұлы Бекболатқа берем дағы, — дейді. Сонсоң Бекболатқа қызын беріп, құда болып қайтыпты. Бағанағы «есебің бітсе, есіңе ала кет» деген жас қызды Бекболатқа тапсырыпты.

— Осыдан түбінде бір жақсылық шығады, осыны жақсылап тәрбиелеп өсір, — депті. Қоңтажының қызынан туған ұлдарға наразы болып өкпелеп жүргенде, өз қолындағы тәрбиелеп жүрген жас қыз ержетіп, соны алыпты. Әуелі бір қыз туып, содан кейін Тіленші туыпты. Тіленші туғанда Бекболат бір қатынды шақырып алып:

— Мынау ұлды атасына апарып таста, берсе, жөндеп берсін, бермесе, әрі әкетсін, — депті. Сонда әлгі қатын Тіленшіні Қазыбекке көтеріп алып кепті:

— Мынаны балаңыз сізге беріп жіберді, парзантқа наразы көрінеді, — депті. Сонда Қазыбек: «Бері әкел өзіме берші», — деп баланы алып бір күн түнетіп, кеудесін иіскетіп жатқан екен. Ертеңінде Бекболатты шақырып алып:

— Наразы болмай-ақ қой, осының бірдеңеңе жарар, таза тәрбиелеп өсір! — депті. Елге ие қылуға Тіленшіге келісім жасағаны бірдеңеге жәрар деп және атасының қойнына бір күн түнеп шықты дегені осы екен деді. Сонымен батасын береміз деп отырғандар: «Олай болса Тіленші қайда, шақыр», — депті. Сонда ауыл ақсақалдары: «Тіленші үйде жоқ, бос суға қой тоғыттырамын деп ауылға жастардан біреу қоймай ертіп алып кетті», — депті. Сонда ақсақалдар отырып тамағын ішіп, әбден жайланып болғаннан соң: «Ол су қайда, біздің бетіміз деме, егерде жолымызда болса», — деп жүріп кетті. Суға келсе, Тіленші барлық жігіттерді жинап алып күресіп, асыр салып жатыр екен. Бұлар келіп тұра қалып: «Осының ішінде Тіленші деген бала бар ма?» — депті. Тіленші сонда тұрып: «Менің атым Тіленші», — деп, сонда ақсақалдар тұрып:

— Сені біз «елге ие қылайық» деп, «батамызды берейік» деп іздеп жүрсек, шаң топырақта алысып-жұлысып жатқаның қалай? — деді. Сонда Тіленші тұрып:

— Баталарыңызды берсеңіз де, бермесеңіз де өздерің біл, менің бұл алысып жатқанымның да мәнісі бар. Менің әкем Бекболат түсі суық кісі еді, хан, қара, би-төре арызын айтып, арманына жетуші еді, кедей менен мүсәпір үстіне батып кіре алмай, арызын айта алмай амалы жоқ кетуші еді. Күндердің күнінде қолға бірдеңе тие қалса, «кешегі өзіміз ойнап жүрген Тіленшіден қорқамыз ба» деп ұялмай кіріп, қорықпай тұрып арызын айтар деп бойымды үйреткеннен басқа жазығым жоқ.

Сонда ақсақалдар тұрып:

— Жарайды, балам, олай болса, сенікі дұрыс екен, біздікі бұрыс екен. Ендеше, қолыңды көтерші, — депті. Сонда Тіленші қолын көтеріпті. «Алдыңнан ай тусын, артыңнан күн тусын, қанқұмар болмай, халқың бағынышты болсын!» деп жүріп кетіпті. Сонда Тіленші келіп әкесі Бекболатқа:

— Кәнеки, халықты қалай билеуші еді? — деді. Сонда Бекболат:

— Халықты қалай билейтініңді атаң айтқан шығар, жаңылсаң, көмектесер, — деген екен, — бірақ саған менің бір тапсырмам мынау: «Қаракерей Қабанбай тұқымы Жәнібек деген би бар. Ол Орта жүздің қара қабаны ғой, соның бетіне сен келме, өзгесі сенің бетіңе келуге жарамас, шері-көті қарайлас қой», — деген екен.

Бір заманда Керей Жәнібек би: «Алдына салып аға ғып жүрген, артына салып жаға ғып жүрген қайран Бекболат-ай, жаңғызсырап құлазыдым ау!» — деп, «түзде жүрген сұңқар едің, тауда жүрген қыран едің, торға түскендей боп құлазып қайтіп отыр екен. Мен барып біраз әңгімелесіп, амандасып қайтайыншы», — деп, іздеп шығыпты. Мұның келе жатқан бетін халық естіп, елдің хан-қарасы, би-төресі алдынан шығыпты, қошеметтеп Бекболаттың үйіне алып келіпті. Өзгесі барса дағы, Тіленші бармапты. Жәнібек би сәлем беріп есіктен кіріп кепті, сонда ғана Тіленші орнынан ұшып тұрып сәлем беріп, қолын ұстапты. «Сен неге алдымнан шықпайсың» дегендей:

— Сен неғыл деп жатырсың, тоқалдан тудым деп мақтанып жатырсың ба? — депті. Сонда Тіленші тұрып:

— Бір атым оқтан қалып, сіз де ел аралап жүрсіз ғой, — депті, «менің тоқалдан туғанымды бетіме салық қылды» дегендей. Тіленшінің: «Бір атым оқтан қалып, ел аралап жүрсің ғой» дегені мынау еді — Қазыбектің кенже інісі Бөдененің қызы Нәуетектің Қаракерей Қабанбай аулына ұзатып бергенін анада айтқанбыз. Бұрын Қазыбектің заманында Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Тоқтарұлы Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай деген төрт саңлақ өз заманында теңдес болып өткен екен, жаңағы айтқан Шақшақұлы Жәнібек Керей ортасына бір дау жанжал болып, бітімге барған екен.

Бір күні Қабанбай аулында бір жас отауға келіп қонағапты, сонда бағанағы айтқан Бөдененің қызы Нәуетек келіп бір қойын әкеліп, бата тілепті. «Мен бір перзенттен кем болып жүр едім, сізді ырым ғып тұрмын, қолыңызды көтерсең, шындап көтерші», — депті. Сонда Жәнібек би қамығып, Құдайдан шын тілегендей боп: «Мені де ырым ғып тұр ғой, иә, Құдай мені ұялта көрме!» — деп бата қылыпты. Ол күні қонып, ертеңінде Нәуетекке: «Құдайдан сен де тіле, мен де тілейін, бір пәрзент болар деймін, егер де бола қалса, өз атымды қойшы, аты Жәнібек болсын», — депті. Содан кейін бір ұл туып атын Жәнібек қойыпты. Соны жұртшылық өсек қылады екен: «Бір күн қонып бір ұл беріп кетті, қасына жатып кетті-ау!» — деп. Сонда Тіленші: «Менің тоқалдан туғанымды айттың», — деп ел өсегін растап, «бір атым оқтан қалып, ел аралап жүрсің ғой» дегені сол екен. Сонда Жәнібек айтты:

— Сен мен құсап Бердәулеттен тусаң, қандай болар едің, мен сен құсап Бекболаттан тусам, қандай болар едім. Мен жаманнан жақсы туған оқ емеспін бе, сен жақсыдан жаман туған боқ емессің бе?! Мен кімнен тусам да жапанға біткен шынармын, бұл ортаға ұнармын», — деп ақырып, зекіріп ұрсып тастапты. Әрине, сонда Тіленші жеңілгендей болып қалды. Әкесі Бекболаттың: «Жәнібек Орта жүздің қара Қабаны» дегені рас екен дегендей болды. Сол Жәнібек сол Бекболаттың үйінде онон бес күндей жатты. Бірқыдыру әңгіме айтып Бекболаттың қапаста отырған көңілдерін жұбатты. Бір мезгілде қайтуға бет алып шыққан соң, Тіленшіні ертіп алып:

— Сіздер менен біздер бұрын сарсүйек құда едік, алдыңғы апаларың қартайып өліп кетті. «Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» деген еді ғой, қайтадан сүйек жаңғыртайық, — деп, — Қазымбеттің баласы Қанайдың бір қызы бар дейді ғой, соны маған бер», — депті. Сонда бұрын Жәнібектің үш әйелі өліп, төртінші тоқалдыққа сұраған екен. Сонда Тіленшінің айтқаны:

— Сен бір жапанға біткен шынарсың, ажал келіп бір күні құларсың, айнала іздеп шабармын, орныңды қайдан іздеп табармын. Мен бір қалың қара тоғаймын, табылуға оңаймын, болмаса ұялы терекпін, әр нәрсеге керекпін, — деген екен. Сонда Жәнібек:

— Жәрайды, олай болса көрерміз, — деп, ызаланған кісідей атын борбайға ашындыра тартып жүріп кеткен екен. Келейік жылы «Жәнібек тағы да келгелі жатыр» дейді. «Қанайдың қызын тағы да сұрамақшы» дейді. «Құсын саңқылдатып, итін қаңқылдатып, малға толық байын ертіп келеді дейді» деп халық мұны ести қойды. Сонда қыздың әкесі Қанай айтқан екен: «Осы бізден Бекболат артық білсе керек еді, осының бетіне келме деп еді. Осы қызды бермесек, бір тісінің қанын бүріккелі жүр ғой. Ел арасы бірдеңеге ұшырап кетсе, халқым менен көріп жүрер ме екен, «бір қыз үшін осынша лаңға салдың» деп. Осыған бersек қайтеді, бас терісі қалса да, бір қызға татымай ма?» Өзінің кенже інісі Анай биді Тіленшіге жұмсаған екен: «сен ана Құдай қойғанға ақылдасып кел» деп. Құдай қойған дейтұғыны — сайлау жоқ, дәнеңе жоқ ақсақалдар жиналып кеп қолын көтертіп, батасын беріп жүріп кетеді екен. Тіленшіні Құдай қойған дейтіні сол екен. Сонда Анай барып Тіленшіге айтады:

«Осы Жәнібіктің бас терісі қалса да бір қызға татымай ма, берсек қайтеді», — деп ағаңыз айтады. «Егерде бермесек, бір тісінің қанын бүркіп жүрсе, халық бізден көріп жүрер». Сонда Тіленші: «Жәрайды, берсек берейік. Мен татымайды деп жүргем жоқ, әншейін бір ауыз сөзге егесіп жүрмін», — деді. Осылай деп келісіп алғаннан соң Жәнібек келді. Келгеннен кейін оларды қарсы алып, беттерін жылытып беруге келісті. Бұл қыздың өзі Қазбектің баласы Қазымбеттің үшінші ұлы Қанайдың қызы екен. Қанайдың әйелі бірталай жасқа келгенше перзент көрмепті. Сонда күйеуі Қанай айтыпты: «Өстіп кеуіп отырамыз ба? — әйеліне, — бір қойыңды сойып, қайнағаң Жанайдан бір перзент тілеп келсейші», — деді. Сонда әйелі бір қойды сойып алып, етін пісіріп алып қайнағасы Жанайға келіпті.

Қайнағасының алдына жамбасын салып қайқайтып бір табақ етті әкеліп қойды. Жанайекең бірнеше кісілеріменен әңгімелесіп отырып табақты әбден жайлап, ішіп-жеп болғаннан соң бәйбішесінен сөз сұрайды.

— Уа, келін неге келіпті, не шаруасы бар екен, шаруасының бетін айтсын! — депті. Сонда Жанайдың бәйбішесі сыбаға әкелген жұмысының бетін сұрапты, сонда Қанайдың әйелі:

— Мен осы уақытқа шейін сәукелеме ие таба алмай жүрмін, атамнан сәукелеме ие сұрап келдім, — деді. Сонда Жанайекең:

— Бар сұрағаны осы ма, кейін қайталамасын, — депті. Сонда келіні: «сәукелеме ие берсе болады» деп қарысып отырып алыпты. «Жәрайды, айтқанын Алла берсін, я құдай мені ұялтпа!» — деп батасын беріп қоя беріпті. Үйіне барғаннан кейін күйеуі: «атаңнан не сұрап әкелдің?» дейді. «Сәукелеме ие сұрадым» депті. Сонда күйеуі Қанай:

— Сәукелең сенің адыра қалсын, шаңырағыңа неге ие сұрамайсың, — деп, — бар, қайта бар, шаңырағыңа ие сұра! — деп қайта жіберіпті. Келіні қайта келіп:

— Мен қателесіппін, шаңырағыма ие керек екен, — дейді. Сонда Жанай екең:

— Шырағым, әнеугүні мен ескерткенмін, өкінбе дегенмін. Ол ешкімнің саудасына көнбейді, атқан оқ қайтып келмейді, — деді.

Сонымен келіні салы суға кетіп үйіне қайтыпты. Жанайекеңнің алғаш берген батасы қабыл болып, осы әйелден бір қыз туыпты. Аты Қадиша екен. Бағанағы Жәнібек бидің

сұраған қызы осы екен. Бұл қызды ықтиярласып бермек болды, қыз өз ықтиярымен бармақ болды. Бұлай болғаннан кейін «керектеріңді айтып айдатып алыңдар, мен енді қайтпаймын» деп қол ұстап Жәнібек жатып алыпты. Сонда бұлар керегін айдатып алып, бір ай Жәнібек жатып алыпты. Сол Жәнібек бір ай жатқанда әңгімені ағызып, саулатып айта беріпті, өткен өмірлерді де, өз тұсындағы істегендерін де, қалған өмірдің болашағын да ағызып айтып отырыпты. Сол бір ай жатқанда Тіленші де жалықпай тыңдай беріпті. Бір ай өткен соң, күйеу-құдалардың жолы біткен соң, бұлар қайтудың қамын жеді. Сонда Тіленші жездесі Жәнібек биді алып шығып:

— Иә, жездеке, қайтыңыз, сіз бір ай мұнда болдыңыз, мен ұққандай болдым, әңгімеңіз қызықты болғаннан кейін мен бір күн сізден тіземді бөліп өз төсегіме барып жатқаным жоқ. «Жездемнің қайтатын күні айтқан әңгімесі мынау еді» деп жүретұғын атасыз-анасыз бір әңгіме айтып беріңізші, — деді. Сонда Жәнібек би:

— Мен бірқыдыру әңгіме айтқан болсам, сен ұққан болсаң, бопты емес пе? Атасыз-анасыз әңгіме сұрасаң, мен айтайын: «Қожаның арты Бегімысық, халық ашықса, жұртшылық сасқанда қасиетімен жан сақтатқан. Енді Бегімысықтай қожа тумайды, қызыр қонған құт берекелі байдың арты Қанжығалы Абызшолақ жұртшылық жұтаса, халық ашықса, ортасына көшіп келіп, суы жоқ болса, сүтіне ет асып берген. Енді Абызшолақтай бай тумайды, бидің арты — Абылай, орыс-қазақ демейтін, жолдасын жауға бермейтін, халық үшін қасықтай қанын қиған, шыбындай жанын қиған енді Абылайдай батыр тумайды. Бидің арты — Қазыбек, қасиеті бойында, ұл сұрағанға ұл берген, қыз сұрағанға қыз берген, қара қылды қақ жарған. Енді Қазыбектей би тумайды, атасыз-анасыз әңгіме сұрасаң, сен осыны біл! — деген екен. Сонда Тіленші:

— Бегімысық әулие болса, қожа болса, өз жөнімен, Абызшомақ құт-берекелі бай болса, өз жөнімен, Абылай батыр болса, өз жөнімен, Қазыбектің артында өзіндей боп тұрып мен тұрған жоқпын ба? — депті Тіленші. Сонда Жәнібек:

— Тейт, сен де ұлмын деп жүрмісің, сен әншейін құғыншының жауапкері емессің бе, іліп тастайтын, — депті. Сол Тіленші он екі атаның ұлы Арғынды билеп өтіпті, төре тұқымына бағынбапты, Сарыарқадағы халықтарды қарғыс ал-

майтындай боп билеп өтіпті. Ертіс бойына ел «орыс келеді, орыс келеді» дегенде Тіленші тұрып: «Орыс келсе, егіс келеді, егіспен бірге жеміс келеді», — депті. Бір заманда көктей өтіп бара жатқан өмір өтіп, бұ да қартайыпты. Әркімнің өз тұсындағы ел иелері жиналып келіп Жамантай хан, құсбек, төрелер ішінде әрбір таптың басшылары жиналып келіп Тіленшіге: «Сіз болсаңыз қартайдыңыз, елге кімді ие қыламыз?» — депті. Сонда Тіленші: «Кімді ие қылғыларың келеді? Халық ұйғарса, хан түйесін соясы», — деген екен. Сонда ақсақалдар тұрып: «Бізге салсаң, Алшымбайдың атағы шыққалы тұр, жауы қорқып бұққалы тұр, елге ие болар осының екпіні бар сықылды», — деп ұйғарыпты. Сонда Тіленші: «Өз айтқандарың болсын!» — депті. Сонсоң көпшілік Алшымбайды ие қылып, батасын беріп жүріп кетіпті.

Алшымбай атқа мінген кезде Ертіс бойына бір жеті үй орыс келіп жеті шатыр тігіп, үй салыпты, балық аулап, бақшасын өсіре беріпті. Біздің қазақ халқы бұрын орыс көрмеген, қазақ тілінде шатыр деген сөзді «Семипалатка» деп, Семипалатка деген сөзді Семипалатинск деп атап кеткен. Осы Алшымбайдың заманынан бастап орыс халқына біздің қазақ қарай бастапты.

3. Тіленші жайында бірер сөз

Бекболат би ұзақ жасады, әбден қартайды. Арғынның игі жақсылары жиналып, Бекеңе сәлемдесуге келді. Сонымен қабат ойларын айтты: «Орнына қай баласын лайықтайтынын өз аузынан естігілері келетінін білдірді. Бекеңнің бәйбішесінен екі ер баласы, тоқалынан бір ұл, бір қызы бар еді. Бәйбішесі жанында отыр». Сұраққа жауап бере алмай, тұнжырап төмен қарап отыра берді.

Кенет үйдің бір жағында түрулі тұрған жібек шымылдық түріліп, бір жас қыз шыға келді. Үй толы адамдарға бас иіп, сәлем берді де:

— Уа, құрметті аталар! Он екі ата арғын сіздерді аз ғана қаракесектен шығып Бекем билеп еді, Бекемді әйел де болса шешем билеп еді. Бекем айтпайын демесе, шешемнен қаймықпаса, Тіленшіжанды айтпайтын несі бар, Тіленшіжанның ел билемейтін несі бар, — деді де, шымылдықты түсіріп, қыз көзден таса болды.

Бекең басын көтеріп, қалың қабағын ашты да: «Сол шіркіннен үмітім бар», — деді. Бидің бұл шешімін жанында отырған бәйбішесі мақұлдады:

— Сол шіркіннен менің де үмітім бар еді-ау! Бірақ... байдың әруағы ақ бура, Тіленшіжанның әруағы ақ тайлақ еді. Ол әлі шөгіп, әлі тұрады, әлі тұрып, әлі шөгеді. Осы шіркін ер жетіп, дәрежесі көтерілсе, елді бір түзеп, бір бұзып, мазасын кетіреді-ау деп ойлаймын, — деді қарт ана.

Шынында, бәйбішеден туған екі ұл момын еді, тоқалдан туған Тіленші пысық, аса зейінді болатын. Ата мен ана балаға сыншы ғой, қарттар қателескен жоқ. Олардың пікірін жиналған жұрт қостады, Тіленшіні би көтеруге ұйғарды. Бұл кезде Тіленші жылқыда еді, малын жайып келіп, енді Нұраға қаптатқанды. Ақ киізін, асыл киімдерін алып, ел адамдары Нұра бойындағы мал суатына келді.

Барлық мал суға түсіп, сусындап тұр. Малшылар суаттан кейінірек төбешікте киімдерін үйіп қойып, ойын соғып жүр. Тіленші сол асыр салып жүрген топтың ішінде.

Ел адамдары өзен жағасына, бір қырқаға түсті де, Тіленшіні шақыртты. Ол киімдерін киіп, жиынға келіп сәлемдесті. Ақсақалдар оған ұрыса бастады:

— Әкең қартайды, көзі тірісінде оның орнына сені би көтермекпіз. Ал, сен қойшы-қолаңшымен алысып-жұлысып, қадірлі басыңды кішірейтіп жүрсің. Мұның ұят емес пе? — десті. Тіленші сөйлеуге рұқсат алып, былай деді:

— Әкем ханның да, елдің де қадірлі адамы болды. Оған ел жақсылары келсе, кідіріссіз кіріп, ұзақ әңгімелесетін, келгендегі шаруасын айтып, оны тындырып қайтатын еді. Ал момын шаруалар, әсіресе кедейлер мен малшы-жалшылар айбарлы биге кіре алмайтын, көп уақыт босқа тұрып, мұң-мүддесін, тілегін айта алмай, ренжіп қайтатын еді. Сонда мен: «Ержетіп, ел құрметіне бөленген адам болсам, әлсіз адамдар, момын шаруалар қаймықпай кіріп, арызын айта алатындай болсам-ау!» — дейтін едім. Сол мақсатпен кедейлерді, малшы-жалшыларды осы бастан жақын тартып, өзіме үйретіп жүрмін. Маған ісі түскендей болса, «өзіміздің Тіленші ғой деп бөгелмей кіріп, арманын жасырмай айтатын болсыншы» деген ойдамын.

Жиналған жұрт түгел риза болып, Тіленшіні құрметпен би көтерді.

4. Сапақ бидің ұтқырлығы

Бәйменнің шаршы топта Сапақ сияқты төбе биді көптің алдында сөгіпті деген сөз бар. Оның мәнісі: Бәймен бір топ адамдарымен жолаушылап келе жатып алдынан атылған мылтықтың дауысын есітеді. Тезірек жүріп келсе Сапақ ауылының бір мергені киікті атып алып отырады. Бәймендер келуіне мерген жігіт киікті бұлардың қанжығасына байлайды. Бәймен:

— Киігің арам, астыңа басып жатырсың. Арам киігіңді Сапаққа апарып бер, сол жесін, — деп ілгері жүріп кетеді. Мерген жігіт киікті Сапаққа беріп жатып Бәйменнің сөзін биге айтады. Сапақ мырс етіп күліп жібереді. Арадағы өсекшілер Бәйменге: «Сапақ сенің қызыңды балағаттапты» деп жеткізеді. Бәйменнің көптің алдында Сапақты сөгуінің себебі осы екен. Өсекшінің кесірінен атақты екі би осылайша өкпелесіп тарасады.

Арада бір-екі жыл өтіп Құлдықтан Бәймен жеңіліп хан қасынан Сырға көшіп келе жатқанын Сапақ естіп отыр еді. Түнімен көшкен көш сәскелете белгілі бір құдыққа келіп көліктерін тынықтырып алу үшін тоқтаса, құдықтың басында түйе суғарып үлкен бір қария тұрады. Оған Бәймен сыртынан келіп сәлем берсе, қариясы Сапақ болып шығады. Бәймен бұрылып кете алмай, Сапаққа жақындай түсіп:

— Ассаламумағалейкум, Сапеке!, — дейді. Көзін алақанымен көлегейлеп Бәймен екенін анықтап алып Сапақ:

— Уағалейкум уассалам!
Бәймен би көштің бе сырға сиырыңмен,
Бақшақтан Құлдық шықты ма бүйіріңнен.
Қорада қасқыр соққан қара айғыр едің-ау,
Кеше түсте дөнен қуып шықты ма үйіріңнен.
Ақыры зиян тауып жер аудың ба,
Тәкаппар мінезіңнің сүйірінен.
Қанша мықты болсаң да осы соққы,
Өтіп кеткен шығар-ау сүйегіңнен! —

дейді. Сонда Бәймен атын бауырға осып-осып жіберіп:

— Су ішпесең, у іш! Кеше түсте Құлдықтан оқ тиіп омақассам, бүгін сені суарамын деп Сапақтың ажал оғына тап болдым. Енді менің де өмірім ұзаққа бармас, — деп, Сырға көшімен жүре беріпті.

5. Бала—бауыр етің

«Әлмерек батырдың әйелі босанып, ұл тауыпты» деген қуанышты хабарды естіген Сырымбет батыр серігінің сергігеніне шаттанып, балаша ебелектейді.

— Көңілі жарым боп, шердің шелі торлап жүрген мұнды ер еді, мына мерейіне ортақтасып, құтты болсын айтайын, — деп, ауылынан ізгі ниетпен аттанады.

Қарт батыр суыт жүріспен абыр-сабыр болып абдырап, дүрлігіп жатқан Әлмерек ауылына келеді. Осы тұста ел тізгінін ұстап, іс-әрекеттеріне билік айтып жүрген Әлмерек бидің ақ ордасына атының басын тірейді. Қарт батырды ауыл жігіттері аса қошаметпен қарсы алады да, қолтығынан демеп аттан түсіреді. Сол сүйемелдеген күйі даңғарадай кең, сарайдай далиған он алты қанат ақ боз үйге бастайды. Төрдің төбесіндегі шайы көрпенің үстіне жеткізеді.

Нұрлы жүзі гүл-гүл жайнап, жанарынан қуаныш сезімінің сәулесі төгілген Әлмерек би орнынан ұшып тұрып, айбынды қартқа:

— Төрлетіңіз, қадірлі батыр! — деп, елбіректей сыйлы орын ұсынады. Шаттығын жасыра алмай, балаша жайраңдайды, қолтығынан сүйемелдеп, төрдің төбесіне шығарады. Оюлы текемет, сырмалы сырмақтың үстіне жайылған жұмсақ көрпеге жайғасқан Сырымбет батыр да жайдары күлімдеп, биді төл басысымен құттықтайды. Ердің, елдің меселін өсіретін ақ тілеуін ақтарады:

— Ел тілеуі — ер, ер тілеуі — ел. Тоғысқан мұратымыз осы еді ғой әуел бастан. Сен елдің Әлмерегі едің арынды. Бірақ көңілің жарым еді. Құдай тілеуіңді беріпті, қолыңа қонған балапаның қыран болсын! Көкейің көлдей толып, мұратыңа жетіпсің, енді жанынды сол жебесін. Ұл — үрім-бұтағың, өмірлі болсын, артынан шұбырып үбірі мен шүбірі ерсін! Өзің құсап, еңіреп жүріп елін қорғасын!

Бүкіл өмірін елін жаудан қорғауға сарп еткен қарт батырдың ақтарыла айтқан адал ниетінен меселі өскен Әлмерек би:

— Атағы Алатаудай аспандаған, айбары Сырдың суындай тасқындаған, халықтың тас қорғаны саналған Сырымбет едіңіз, әруағыңыз жебеп, айтқаныңыз келсін! — дейді жүрегі елжіреп. Қарт батыр сәл ырғалып қойып, ойын түйіп алады да, әрі қарай толғайды.

— Бала да бір алтын тағың, басыңа қонған бағың. Оған ата-анасы үміт артады, түйсігін халық айтады. Бір бала әкесімен жанаса туады, бір бала талабымен таласа туады. Бір бала шөлдегі бұтадай шөжіп, бойы өспей табандап, аласа туады. Бір бала дара дарақтай дарқандығын танытып, кем-кетікке қайыр қып, қараса туады дейді. Мұны айтып отырғандағы тілеуім: балаң жанаса туса — арқа сүйерің болсын. Қараса туса — ой түйерің болсын. Таласа туса — таудай талабы болсын. Тек тайталасып, тауаныңды қайтармасын. Алдыңдағы ағыңнан айырмасын! Жанынды шыжғырып, отқа күйерің болмасын, көгеріп өнген арқасүйерің солмасын!

Қарт батырдың ықыласын жиналған тілеулес жұрт қостайды. Шалқыған ойы толғандырған Әлмерек бидің өзі де отты сезімін ірке алмайды:

— Менің тілеуім: асып та тұрмасын, тасып та тұрмасын, құрбы-құрдасымен қатар жүрсін, ел-жұртының қадірін білсін. Шапқан жауды қойдай қырып, бөрідей шулатсын! Іске асырса екен деп, менің ұрпағымнан күтетінім осы, Сыреке!..

— Жаратқан мұратынды қабыл етсін. Елдің адамысың ғой, тілеуіңе жет! — деп бата жасаған Сырымбет батыр бетін сипайды. Ел биі әрі ақылман абызы Әлмеректің тұңғыш ұлы Бабаға айтылған ақ тілеулер осындай екен.

6. Қара дауыл

Ел жайлаудан қайтып, ойға беттеген мезгілі екен. Солайша Ұлытауды жазық даламен жалғастыратын сары адырлар күзек. Таудың етегі кілт түрілетін осы тұстан басталатын жалпақ далаға ел малын қаптатып жіберген. Қора-қора қойларды жайып жүрген қойшылардың қостары дала төсінен андыздап көрінеді. Ал салтанатты ақ боз үйлер шоғыры көгалды алқап, ағашы қалың, суы мол бұлақ басына шоғырланған. Талдыбұлақ пен Алматы өзендерінің жағасын саялаған үйлердің шоғыр-шоғыр қарасы әр тұстан көз тартады.

Әлмерек батыр түс ауа ат ерттеп мініп, ойдағы малшылар ауылын аралап қайту үшін даладағы мал жатқан жазыққа беттеп жүріп кетеді. Содан күн бата оралады да:

— Біраздан кейін қатты дауыл басталады, — дейді келе сала үйдегілерге ескертіп, — ауыл-ауылға хабарлаңдар, қас қарайғанша үйлерін арқанмен бастырып, дауылға жығылмайтындай шараларын жасап алсын.

Батырдың ескертуі лезде-ақ маңайдағы ауылдарға түгел естіледі. Сонда батып бара жатқан күннің қабағына қараған адамдар аспанды сықасқан қою қара қошқыл бұлт қымтай жауып тұрғанын көреді. Арғы көкжиектен қара бұлт қайнаған қазанның буындай будақтайды. Расында бір сойқанның сұрқы көрініп тұрған сықылды. Кейбіреулер мұны күздің әдеттегі сіреспе сұрғылт бұлты деп жориды да, бейғам отыра береді. Ал батырдың сөзіне ден қойғандар жаңбыр жауса, суы үйдің ішіне кірмесін деп үйлерінің іргелерін морлайды. Алды-артына арнайы қазық қағады да, ұзын қыл арқанмен бастырып, дауыл екпініне қозғалмастан төтеп тұратындай етіп бекітіп тастайды.

Күн кешкіре құйқадай сықысқан қара қошқыл бұлт аспанды тұтастай қаптайды. Қатты жел тұрады. Тозаңды будақ-будағымен көкке көтереді. Бірте-бірте күшейген желдің арты жер-дүниені сапырылыстыра шайқаған дауылға айналады. Жаңбыр араласып, ышқына дүркіреген дауыл әлемді қара түнекке айналдырып жібереді. Сол қалыппен түні бойы тынбай, дамыл алмай соғады да, келесі күні түс әлетінде ғана басылады.

Осы астаң-кестең кезінде Әлмерек батырдың айтқанын орындап, қам жасап алғандар: «Әруақты батыр емес пе, айтқаны айнымай келді», — десіп танданысады. Табиғаттағы тосын құбылыстың зардабын шекпегендеріне қуанысады. Ал ескертпеге немқұрайды қарағандардың үйлері жығылып, мылжа-мылжа болып күйреп қалған. Соның салдарынан паналап, бас сауғалар жер таппай, қатты азап тартады.

Табиғаттың осынау тосын апатының зардабынан кейін бұл өңірдің елі енді Әлмерек батырдың аузына қарайды. Әрқашан айтқан болжамдарына сай әрекеттерді мүлтіксіз орындайды. Сөйтіп, батыр ылғи да мал қыстату, төл алу, жайлауға көшу, малды індеттен сақтау шаралары туралы болжам, бағдарын алдын ала айтып отырады. Соның арқасында ел-жұрт та нақты шаралар қолданып, тосын апаттардан жапа тартып зардап шекпейді.

Сөйтіп, Әлмерек батыр енді елге пайдалы ізгі ойларының арқасында «абыз» атанады да кетеді.

7. Тәлім

Бірде Әлмерек батыр алыс сапарға шығады. Ұзақ жол жүреді. Бір күні кештете қазақ салты бойынша алдынан кездескен ауылға атының басын бұрады да, еңселі ақ боз үйдің алдына барып тоқтайды. Құдайы қонақты көрген бір жігіт жолаушының атын ұстап, мама ағашқа байлайды да, есік ашып үйге кіргізеді. Үй иесі қонақпен амандасып, төрге шығарады. Мал сойғызып, ықыласпен сыйлайды.

Таңертеңгісін орнынан тұрып қараса, қонақтың арқандаулы аты қара терге шомып, есеңгірегеннен тәлтіректеп тұр екен. Сөйтсе, ат дертке шалдыққан. Қонақ сондағы оташыға атын қаратып, бұл үйде жатып қалады.

Сонда барып Әлмерек байқап қараса, бұл үйдегі адамдардың мінез-құлықтары бір-біріне ұқсамайды, басқа-басқа сипатта. Бірінің айтқанын екіншісі тындамайды. Кішісі тіл алып, үлкеннің айтқанын орындау деген жоқ. Ерегістері көп. Әкесі қытымырлау, шешесі қазымырлау, ұлдары қырсық, қыздары кербез, келіні керенау сықылды. Шеттерінен даукес, тәрбие көрмеген, тәлім алмаған түрлері бар.

Оңаша отырғанда Әлмерек үйдің отағасымен ұзақ әңгімелеседі, ақтарыла сыр шертіседі.

— Бір ошақтың қасында, бір дастарқанның басында отырған соң, — дейді Әлмерек үйішілік ынтымақ жайын майдалай айтып, — қабақтың да ашық болуы кірбің көңілді жадыратады емес пе?

— Біз осылай тақасып әдеттеніп кеттік, — дейді отағасы қынжылып, — әй, енді түзеле қоюы екіталай шығар.

— Қойыңыз, олай үміт үзбеңіз.

— Сонда не істеймін?..

— Бүгіннен бастап өзіңіз қабақ ашып, күліп отырыңыз. Сонда балаларыңыз сіздің қабағыңызға қарайды да, өздері-ақ солай істейді.

Отағасы Әлмеректің тіліне көніп, айтқанын орындайды. Сөйтіп, бұл үйде жаңа бір жарқын құбылыс пайда болады. Томсарып жүретіндердің қабағынан кірбің кетеді, өзара жайнаңдап, жадырай сөйлеседі. Осы әрекет үстінде Әлмерек батыр бірталай үлгі сөздер айтып, тәлім үйретеді. Үй иесі де, балалары да бұл кісінің сөзін зейінмен тыңдайды. Оған деген құрмет сезімдері

қозады. Біраз тыныққан Әлмеректің аты да оңалып, тыңая бастайды. Енді ол аттануға ыңғайланады. Сонда отағасы мен оның әйелі және бала-шағасы жығыла жабысып, тағы да біраз күн аялдауды өтініш етеді. Әлмерек батыр бұлардың тілегін қабыл алып, тағы бірнеше күн жатады. Сонда ылғи тәлімді, тәрбиелі әңгімелер айтады. Жылы сөзі бұл үйдегілердің құлағына сіңіп, көкейлеріне қонады. Бұрынғы сиықтарынан көп өзгереді.

Ақыры жолаушы аттанады. Бәйбіше жолаушының жақсылығына ризалығын білдіріп, иығына шапан жабады.

— Асқан ақылды адам екенсіз, балаларыма батаңызды беріңіз, ақылыңызды айтыңыз...

Үйдегілердің бәрі Әлмерек абызға ынтыға құлақ түреді. Сонда абыз алдымен кемпір мен шалға мойын бұрады:

— Құдайдан жақсылық тілемейтін пенде жоқ. Сол тілекке Жаратқан иісе, адам баласы мұратына жетеді. Ендеше ғибратты сөздерге ден қойыңыздар. Сондай сөздің біреуі мынадай:

— Қазымыр болсаң — ұлың кетеді,
Қытымыр болсаң — қызың кетеді.
Сиымсыз болсаң — келінің кетеді,
Тынышсыз болсаң — серігің кетеді.
Қатал болсаң — жұратың кетеді,
Сұраншақ болсаң — ұятың кетеді.
Ақылсыз болсаң — бауырың кетеді,
Ақымақ болсаң — ауылың кетеді.
Аз нәрседен көңілің кетеді,
Мұратқа мінін түзеткен жетеді.
Міне, осы тәлімді есте сақтаңыздар, —

дейді Әлмерек. Шал мен кемпір бастарын изесіп, кінәларын мойындаған адамдарша жапырылады. Балалары да көздері жаудырап, тәтті үмітпен жақсы тілеу күтеді. Әлмерек енді балалар жаққа бұрылады:

— Сендер де өздеріңе тиесілі балалық борыштарыңды бұлтақсыз, адал орындаңдар! Мына сөзді естеріңнен шығармаңдар:

— Ұлдың жақсы болғаны — өмір ізі,
Ұлдың жаман болғаны — көңіл сызы.
Келін жақсы болғаны — келген дәулет,

Келін жаман болғаны — бітпес бейнет.
Қыздың жақсы болғаны — нұры тамғаны,
Қыздың жаман болғаны — қырсық шалғаны...

— Ата, адам баласына жақсылық тілеуші әулие екенсіз, тәліміңізді бұлжытпай ұстанамыз, — деп шалдың балалары да уәде береді.

Содан бастап бұл үйдің адамдары бірін-бірі елжірей сыйлап, үлкенінің айтқанын кішісі екі айтқызбай орындауды әдет етеді. Өзара сөздері де сыпайы, көзқарастары да мейірімді. Маңайдағы ел де енді бұларды үлгі тұтатын болыпты.

8. Өнеге

Көп жасаған, көпті көрген Әлмерек абыздың атақ-даңқын естіп, сол кісіге сәлемдесуге және ақыл-кеңесін тыңдауға құмартқан бір жігіт шалғай елден әдейі іздеп келеді де, абыздың үйіне түседі. Қонақты төрге шығарып, амандық-сәлемнен соң жөн сұрайды.

— Ал, шырағым, жол болсын? — дейді абыз.

— Ат басын тірер жерім — сіздің ауылыңыз еді, ата.

— Онда құлағым сенде, талабынды айта отыр.

— Даңқыңызды естіген соң, тәліміңізді үйреніп, өнеге алып кеткелі іздеп келдім.

— Сонда қалайтының әңгіме ме, тәрбие ме?

— Ата, үлгі — өзіңізден, мен үйренушімін ғой.

— Алдымен мынаны айтшы, қалжыңның неше түрі бар?

— Оны: әзіл қалжың, текті қалжың, кекті қалжың деп бөлуге болар.

— Мұның жөн, қылжақбас емес екенсің. Ал енді, қандай адамды шын дос дейміз?

— «Дос та дос, дұшпан да дос дес барында, дес қайтқан соң қалған дос шын қасында» дегенді естіп ем, ата.

Әлмерек абыздың жүзі жадырап сала береді.

— Сендей ұрпақ келіп тұрса, біздің көңіліміз де күндей жарқырайды. Жастардан күткен үмітіміз қарлы таудан төмен сарқыраған өзендей шалқып ешқашан сарқылмайды. Мұның жайын ұқтың ба, балам?

— Ұқтым, ата, ұқтым!..

— Мұратыңа жет, балам.Енді менің қонағым бол!

Абыз қонақ жігітпен бірнеше күн оңаша сырласады. Содан кейін жігіттің үстіне шапан жауып, астына ат мінгізіп, аялап аттандырған екен.

9. Бабаның батасы

Әлмерек абыздың ортаншы баласы Жәнібек батыр бір күні жолаушылап кетеді де, бірнеше күннен кейін үйіне түнделетіп оралады. Аттан түсіп, атын есіктің алдындағы мама ағашқа байлайды да, үйге қарай беттейді. Үйдің іші жап-жарық, лапылдап от жанып тұрады. Жәнібек батыр дыбысын шығармастан таяп келіп, жабықты ашады да, керегенің көзінен сығалайды. Әйелі Қайқы шомылып жатыр екен. Оның уыздай балбыраған, мамықтай балғын, жібектей үлбіреген тәніне көзі түскен батыр құштарланып телміре қарап қалады. Кенет бойын сескеніс сезімі билейді. Қайқының қос өкпесі тесік екен. Соны көзі шалған Жәнібектің таңданып, тандай қаққан дыбысы қаттырақ шығып кетеді. Сол дыбыстан секем алған Қайқы орнынан атып тұрады да, апыл-құпыл киінеді. Үйге кіріп келген Жәнібекке бұртия қарап:

— Өкінішті іс болды, — дейді мұңданып: — Өкпемнің тесігі бітетін шарты толып қалып еді, соған дейін оны адам баласы көрмеуге тиіс болатын. Соны сездірмей жүр едім, міне, сен көріп қойдың, серт бұзылды. Басқа амал жоқ. Енді маған мұнда тұруға болмайды, басыма қатер төнеді. Ержеткен соң балам Бәйсейіт мені іздесе, Қазығұрт тауынан табады, соны ұмытпа!

Сол заматта Қайқы әппақ құсқа айналады да, көкке ұшып кетеді. Жәнібек батыр қапаланып, қатты қайғырады. Алайда, өткен іс орнына келуші ме еді. Жылдар өтеді. Жәнібек батыр баласы Бәйсейіттің ес жиып, есеюін сарыла күтеді.

Күткен күн де жетеді. Жәнібек батырдың Қайқыдан туған баласы Бәйсейіт ат баптап мініп, жігіт санатына қосылады. Содан кейін шешесін іздеуге бел байлайды да, атасы Әлмерек абызға барып, бата сұрайды.

— Ата, шешемді іздеп тауып келсем бе деп едім.

— Сен келгенше мен тілеуіңді тілеймін!

Бәйсейіт ұзақ сапарға аттанады. Әкесінің жөн сілтеуі бойынша ұлы асқарлардың жалпақ құмға қарай ойысатын тұмсығындағы Қазығұрт тауына жетеді. Сол таудың жықпыл-жықпыл жыраларындағы ұңғыл-шұңғыл сай-саладағы ел ішін шарлайды. Сөйтіп жүріп, жалпақ жондардың бір қойнауында отырған аса салтанатты ауылдан шешесін табады. Ана мен бала сағыныштарын ақтарып, жылап көріседі. Нағашы жұрты жиенінің құрметіне той жасайды. Бұл кезде Қайқының өкпесіндегі тесігі толық бітіп, біржола адамдық сана кейпіне көшкен тұсы екен. Біраз күн өткен соң, Бәйсейіт нағашы жұртымен қоштасып, шешесін ілестіреді де, аман-есен өзінің еліне оралады.

Келіні мен немересі келгенде Әлмерек абыз өлгені тіріліп, өшкені жанғандай шексіз қуанышқа бөленеді. Ағынан жарылып, қалың елге жар салады. Келінінің қайта оралғанын, немересінің батпандай жігіт болғанын мақтаныш етіп, ұлан-асыр той жасайды. Жиналған қара-құрым қауымның алдында абыз немересіне аталық ықыласпен ақ батасын береді:

— Жалғыз едің, Бәйсейіт,
Жаратқаның жар болсын!
Бағың жанып, қораңа
Қарақұрым мал толсын!
Жеген асың ақ май мен
Қазы, қарта, жал болсын!
Елдің сөзін сөйлесең,
Жүгінерің ар болсын!
Әсте жапа шекпегін,
Жақсылықты тектегін!
Елің сені жебесін,
Ауып алыс кетпесін!
Қатар жүріп, жұп жазбай,
Көксегенің көктесін!..

Абыз бабаның тілеуін Құдай қабыл етеді. Бәйсейіттің атақ-абыройы күн санап өседі. Жауды жайпаған батырлығы аңызға айналады. Ел-жұрты өзінің қорғаны санайды. Ұрпағы өркен жайып, тұқымы мол тарайды. Байлығы тасады, қайырымдылығы асады. Бұл ісі елін сүйсіндіреді. Халқының амандығын қорғап, өмір бойы қолынан найза, белінен қылыш, тақымы-

нан ат үзілмейді. Жауына есе-кегін жібермей, жағаласып, шайқасып өтеді. Елі аман болып, мұратына жетеді.

10. Тұрмыс сыны

Әлмерек батырдың жорыққа аттануды мүлде тоқтатып, ел ішіндегі тыныш тіршілік әрекеттерінің қалыптасуына біржола ден қоюға ауысқан кезі екен. Күні-түні елдің қамын ойлайды. «Аз халық едік, азып кетпейік» деп, жөн сілтеп, ауыл-аймағынан ұзап алысқа шықпайды. Қатты-қайырымнан қалған қарт кісілер де Әлмеректі төңіректеп, қасына көбірек үйіріледі. Дана абыздан тұрмыс-тіршілік құбылыстарының қыр-сырын жиі сұрайды, тоқтаусыз ашыла сырласады.

Өзінің арқасүйер айбыны, ақылдасы санайтын алжанның қас түлегі Сырымбет батырдың да үйде ұялап қалған кезі болған соң, өзінен жасы кіші Әлмеректі шақырып алып, күн сайын әңгіме-дүкен құрысады. Сырымбет батырдың баласы Ханкелді батырдың да айбыны асып, күш-қайраты толысып тұрған шағы. Елдің жауы көп. Тұс-тұстан аш қасқырша анталайды. Бәрінің жаулап алып, құлға айналдырғысы келеді.

Қарттар осы жайды ақылдасады да, жас батырларға жол нұсқайды. Сондықтан үлкен-кіші батырлар ат үстінен түспейді, елі мен жерін күзетеді. Елдің шетін барлап, алыстан жаудың қыбыр-қимылын аңдиды. Өздері де сақ жүреді.

Жаз өтіп, елдің жайлаудан ойға ойысқан мезгілі екен. Қарт Алатаудың көк мұзы сіресіп жатқан құздарының етегінен төмен түсіп, еңісті құлдилай ойға сырғиды. Шөбі соны сай-сала жанданып сала береді. Орғи аққан Талдыбұлақ жылғасының жайпақ жағасы елсіз, құлазып жатқан, бір түрлі сүреңсіз еді. Бұл көріністе көңілі қоңылтақсыған, жан сезімі қобалжыған Сырымбет батыр:

— Елсіз жерде сын да, сөн де болмайды екен-ау! — дейді қаңыраған жазыққа қарап. Қасындағы абызға бұрылып, жабыға күрсінеді. Сонда батырдың кірбең көңілін жадыратқысы келген Әлмерек абыз тамағын кеней жөткеріпі алады да, ойды сергітетін жігерлі жұбаныш сөз айтады.

— Қамықпаңыз, батыр! Еліміз де, еңсеміз де өсіп келеді. Елдің сөзі бар емес пе: «Ел көшкен соң жер құлазиды, мал

кеткен соң бел құлазиды. Құс кеткен соң көл құлазиды, қыз кеткен соң ел құлазиды. Жапырағы түскен соң тал құлазиды, қатары кеткен соң шал құлазиды. Жайылымы жоқ аң құлазиды, қайыры жоқ хан құлазиды. Сұсын асырған боран боздайды, Шаңын сыпырған дала тозбайды». Осы ел, осы жер құрымаса екен, шіркін! — деп айналаға құмарта көз жүгіртті қарт батыр.

— Мына даланың келбетіне қарап, елдің болашағына сенесің!

Бұл тұжырымды естіген Сырымбет батыр:

— Ой, дүние-ай, ел соған жетсе екен! — деп тағы да өкси күрсініп, күңірене күйзеледі.

11. «Ер өтеді, ел қалады»

Елінің іргесіне жаудың табанын тигізбеген, халқының абыройын асырған айбарлы Сырымбет батыр тоқсан үш жастан асып барып дүние салыпты. Сонда да батырдың азалы қайғысына күллі ел күңіренеді. Бұл тұста бет-беделі мығымдалған, абыройы асқақ, ауызы дуалы қариялардың данасы саналатын, абыз атанған Әлмерек бидің де сексенге қадам басқан шағы екен. Жан серігінен, сырлас-мұңдас жанашырынан айырылу бұл кісінің де қабырғасына батады. Сырымбет батырдың ауылына қара көрінетін тай шаптырым жерден «ой, бауырым!» деп ат қойып барады.

Азалы ауылдың кәрі-жасы ботадай боздап, айбары астам батырын жоқтап күңіренеді. Аттан аунап түскен Әлмерек абыз ең алдымен екі қолын бүйіріне таянып, есік алдында жылап тұрған Ханкелдімен көріседі. Содан әрі «басқаларға да жұбаныш болсын» деген оймен бір шетінен түгел көрісіп шығады. Бұл міндетін өтеп болғаннан кейін барып көңіл айтады:

— О, жұртым, асқар таудай айбарлы Сырымбет батыр енді бұл дүниеде жоқ. Бірақ елдің көкейінен оның айбаты өшпейді. Қарама, жұртым, мөлтеңдеп. Аттың орнын тай басады. Ердің жолын ел қуады, даңқын сақтайды. Сырымбет батырдың тұяғы мұқалған жоқ. Ханкелді шырағым, елдің арқа сүйер белі енді өзіңсің. Еліңді мөнді-мөнді етпе! Әкеңнен көргенің, үйренгенің бар. Жебеңнің оғын жон, еліңді сақ күзет, Құдай жебесін!

Абыздың сөзін арқаланып, басқа қариялар да ой қозғайды, ықылас-пейілмен қостайды.

— Айтқаныңыз хақ, абыз ата! Періштенің құлағына шалынсын! — десіп, игі іске құлшынысады. Әлмерек абыз енді Ханкелді батырдың өзіне бұрылады.

— Е, шырағым, өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ. Ер өтеді, ел қалады. Қалған елді өксітпей, берекесін сақтайтын — ер. Қалың еліңнің ендігі қорғаны өзіңсің. Тас бас, асқар ас, маңдайың күнге күйсін, пайдаң елге тисін! Сонда елің Сырымбеттің сипатын сенің бойыңнан, ойыңнан тапсын. Әке жолын ту қып ұста!

Абыздың өсиетіне елдің көңілі ауады, ойға шомады. Әр адам өзінің алдағы күніне әр алуан қиялмен шолу жасайды. Соны сезген абыз ойын әрі қарай ширата түседі де, шыжымдап барып түйінін түйеді:

— Жел — желіктің желісі,
Жол — елдіктің өрісі.
Дауыл — дабыра, дүрлігеді,
Шошытып елді бүлдіреді.
Өткен өмір — өшкен шоқ,
Елден арыс көшкен жоқ.
Өмірдің ақыры — өлім,
Мәңгілік орның — көрің.
Бүгінгі бар — ертең жоқ,
Биіктей берсін — өрің!

— Сырымбет арманда кеткен жоқ, — дейді тағы бір етженді қарт сөзді жалғап, — асарын асады, жасарын жасады, елі үшін өмір сүрді. Сол үшін қастерлі, топырағы торқа болсын!

— Енді, — дейді абыз, — бұқара халықтың бұйықпай, ой тоқтатар тұғыры осы.

Азаның үстінде абыз көпшілікке арғы-бергі заманда болып өткен талай әрекеттер мен құбылыстарды сиқырдай құйқылжыған қалпымен айтып, ұғындырады.

12. Ұран

Алқам-салқам әрекеттерінің салдарынан бірсыпыра жыл сансыраған қазақтар бірте-бірте ес жиып, жауға жойқын қарсылық көрсете бастайды. Қоқаңдаған басқыншы жауды ауыздықтауға шамасы бар екеніне сенеді. Ал Қабанбай батыр бастаған қалың қолдың Аңырақай шайқасында ойсырата жеңуі дұшпанды есінен тандырады. Қалмақтар бұдан әрі қазақ жерінде табан тіреп қарсыласа алмай, жан сауғалай қашады. Сол беттерімен босып, Алатау бөктерлерін сағаласа да, пана таппайды. Жосып келіп, Торайғыр тауына арқа тірегенмен, Көкпек даласында тағы да күйрейді. Қалдығы Қарқара мен Құмтекей аңғары мен Мыңжылқы алқабын бос тастайды да, Ілебасын асып, қарасын батырады. Жауды өкшелей қуған Ханкелді, Наурызбай батырлар Тәңір тауының төрі Жұлдыз жотасынан асырып, Тұрпан ойпатына құлатып жібереді.

Ел жаймашуақ өмірге қадам басады. Қатқан қабақ ашылып, жоталарының құрыс-тырысы жазылады. Малын өргізіп, шалғыны жайқалған кең жайлаудың салқын самалына маңдай тосып желпініседі. Осындай ырғыншылық кезде аламан бәйге өткізіп, көңілді көтеру үшін жан-жаққа жар салынады. Нағыз тұлпарлар батырлардың да жан серігі емес пе! Қалмақтардың еңсесін басқан қазақ батырлары сәйгүлік аттарын баптап, ұлы бәйгеге алып келеді.

Бәйгеге қосылған бірнеше жүз сәйгүліктер сәске түсте түпке айдалады. Қалың қауым төбе басында топ-тобымен әңгіме-дүкен құрып отырады. Түс ауып, екінті шамасында көз ұшынан аттардың тізбектелген сұлбасы көрінеді. Әсіресе бір баран қалың топтан арқан бойы озып, жалғыз бұлдырап келеді. Қалың жұрт қопарыла түрегеліп, қадала қарасады. Сөреге жақындағанда дара келе жатқан сәйгүлік Ханкелді батырдың кер аты екенін таниды. Ат үстіндегі қаршадай бала: «Райымбек! Райымбек!» деп ұрандайды. Бұған жұрт аң-таң. Бұрын естімеген ұран. Бұл кім өзі?

Сөйтсе, Ханкелді батырдың бәйге атына мініп шапқан немересі өзінің атын өзі ұран қып шақырған екен.

— Қаршадай баланың бұлай ұран шақырғаны несі, білместігі ме? — деп абыржиды жұрт. Бәйге аттарға тоқтам айтуға тиіс

Әлмерек абыз да ойланып қалады. Ханкелді батырды қоршап, ызалана жапақтап тұрғандарға қарап абыз:

— Бұл балаға ешкім тиіспесін, өзім сөйлесемін, — деп, бұл қылықты теріс ырымға жорушыларды тыйып тастайды.

Бәйге аттар келіп болып, абыр-сабыр басылғаннан кейін Әлмерек абыз албырт Райымбекті еркелете маңдайынан иіскейді. Содан кейін:

— Балам, сен неге өз атыңды ұран қып шақырдың? — деп сұрайды. Райымбек жасқанбай жауап береді:

— Ер жеткен соң, батыр атанып, еліме ұран болсам деп армандағаным ғой, ата!

Өжет баланың алма беті албырап, көзінен ұшқын шашырайды. Әлмерек абыз арманшыл баланың тапқырлығына сүйсінеді.

— Балам, тілеуің хақ, Құдай қолдасын! Жауың даусыңның жаңғырығынан жасқанып, жер жастансын! Айбарың артып, жаратқан жар болсын! Төбеңе нұр үйіліп, маңдайыңды күн сүйсін!

Әлмерек бабаның ақ батасын өжет балаға сүйсінген ел де қолдайды қол жайып.

Сол Райымбек ержеткен соң жауына дес бермеген айбынды батыр атанады. Айбаты арыстандай дәуірлейді. Талай қиянкескі шайқастарда жауын қан құстырған батыр кейін келе бүкіл албан елінің ұранына айналады.

13. Ең қасиетті нәрсе не?

Райымбек батыр бала кезінен аң аулауға, саят құруға әуес болып өскен кісі екен. Күзде және қыс күндері ауық-ауық Іле өзенінің бойындағы тоғайды аралап, аң мен құс аулайды. Сондай саят құрып жүрген кездерінде кейде шөбі қалың тоғай ішін қыстап қалған абыз атасы Әлмеректің ауылына әдейілеп барып түсіп сәлем береді. Ұзақ әңгімелесіп, насихатын тыңдайды.

Бірде сондай әңгіме үстінде Райымбек батыр көкейінен орын таппай, ойына сіңбей жүрген кейбір жайлардың мән-жайын абыз атадан сұрап дүние сырына қанады. Көңілінде жүрген түйткілдерге анық ұғым табады.

Тағы бірде дүниенің қатпарларын ашып, ұзақ әңгіме айтқан атасын тапжылмай тыңдап отырған Райымбек:

— Абыз ата, айтыңызшы, дүниедегі ең қымбат не нәрсе? — деп сұрайды.

Абыз үнсіз ойланып отырып қалады да, біраз ойға шомады. Содан кейін барып, көкейіне түйгенін айтады:

— Адам баласы тек жақсылықтардың ғана бола беруін тілейді. Ал сол игілік те, жақсылық та Алла Тағаланың рақымымен, шарапатымен пайда болады. Ол үшін өзің қайырымды істер жасауың керек. Сонда адамдар Алланың мейірінен төгілген шапағат нұрына бөленеді. Алланың әмірі, ананың ақ сүті, адамдар бір-біріне мейірімді болуы — ең қасиетті ізгіліктер саналады. Осылар ғана адамдығынды танытады.

Әлмерек абыздың өсиетін тыңдаған ел тіршілік әрекеттеріне де ықыласпен құлшынады.

14. Толыбай сыншының баласы

Бір күні ауылға кенеттен жау тиіп, қалмақ шапқыншылары бір топ саяқ атты айдап, соған қоса он төрт жастағы Қарабасты тұтқындап әкетеді.

Арада бірнеше күн жол жүріп өздерінің мекеніне жеткен жаулар аяқ-қолы бұғауланған жас өспірім Қарабасты басқа да олжамен бірге қонтайшыға әкеледі. Қонтайшы Қарабасты бір қалмақ шонжарының қарамағына жіберіп, тұтқын баланы кісендеп ұстауды тапсырыпты.

Дұшпандар қолға түскен жас баланы келеке етіп, аяғына кісен салып, бетіне күйе жағып, өздері оған мәз болыпты. Бір күні тұтқын бала кісеннің шынжырын сүйрете жүріп, тезек теруге барғанда, жылқының бас сүйегін тауып алып, әрі-бері аударып қарап, оның тұлпардың басы екенін таниды. Ол басты өзі жататын қамыс лашыққа алып келеді. Сол баспен Қарабас ылғи мұңдасады екен. Сонда ол оған: «Сені тұлпардың басы деп кім айтар?» деп мұңын шағады екен. Қазақ баласын күзететін қартаңдау қалмақ жас жігіт кезінде қазаққа тұтқын болып, сонда қазақ тілін үйренген екен.

Күзетші қалмақ бір күні жылқының қу басын қолына ұстап, өзіне-өзі сөйлеп отырған Қарабастың сөздерін сыртынан келіп тыңдап алады да, қалмақ шонжарына барып оның әкесіне тартқан сыншы екенін айтады.

Қарабастың түр-тұлғасына қарап жоңғар шонжары да оны тегін бала емес деп ойлаған екен. Енді оның ойын күзетші шал расқа шығарып тұр.

Жоңғар тайшысы күзетші шалға Қарабасты алдырады. Қалмақ тайшысы:

— Сен қазақтың қай батырының баласысың? — деп сұрапты. Қарабас:

— Мен Толыбай сыншы ордабасының ұлымын, — деп тура жауап қайтарыпты. Қалмақтың шонжары оған тағы да:

— Сен ат сынауды білесің бе? — деп сауал қояды. Қазақ баласы:

— Ептеп ат сынауды білемін! — деп жауап береді. Қонтайшы:

— Менің жылқыларымның ішіндегі тәуір аттарды іріктеп, оның ішінде тұлпар бар ма екен, біліп бер! — дейді.

Қарабас қалмақ тайшысының үш мың бес жүз жылқысын аралап, тәуір ат болуға жарайтын асауларды көрсетіп, жылқышыларға ұстатып, үйреттіреді. Алайда бес жүздей жақсы аттың ішінде бір де тұлпар жоғын Қарабас қалмақ шонжарына ашық айтады. Табылса, құнын артығымен төлеп, сатып алмақ болып келісіп, қасына Қарабасты ертіп, бірнеше қалмақ байларының жылқыларын аралап, аттарды сынап көргенде, тұлпар таба алмайды. Сонда олар ауылына қайтып келе жатса, бір өзеннің жағасындағы лашықты көреді. Ол бір қалмақ балықшы шалдың лашығы екен. Сол үйдің маңында екі жылқы жүргенін Қарабас алыстан көреді. Сыншы қазақ баласы:

— Ана екі жылқыны көре келейік, — деп өтініш қылады. Екі жылқының бірі — торы ала бие, бірі — арық қара кері ат екен. Қарабас аттан түсе салып, биені де, атты да айнала жүріп қарап шығып:

— Арықтығына қарамаңыз, қаракер бесті нағыз тұлпар болатын жылқы екен. Орнына жетектегі аттардан екі ат беріңіз де, осыны алыңыз. Ал ана бие де жақсы екен, бірақ ол тұлпар болатын құлын таппайды, — депті. Жоңғар тайшысы балықшы шал мен кемпірді шақырып алып, оларға екі күйлі ат беріп, арық қара кер бестіні алып кетіпті.

Ауылына бір күндік жер қалғанда, олар тағы да өзен бойында отырған екі балықшыға кез болады. Сыншы Қарабастың айтуымен жоңғар тайшысы екі балықшыға екі-екіден төрт ат беріп, екі арық бесті атты жетелеп жүре беріпті.

Үйіне оралған соң, тайшыға Қарабас үш арық бесті атты күтуді өз міндетіне алатынын айтқан екен. Тайшы енді Қарабасты еркіндікте ұстайтын болыпты. Қазақ баласы үш арық бестіге жем-шөпті мөлшарлеп беріп, оларды жақсы бағады.

Аттарды баққанына бір жыл толғанда тұлпар емес, тор атты сойғызыпты. Сонда торы аттың бел омыртқасының сүйегінен екі сүйемдей жері қызыл-қоңыр болып, арқа сүйегінің басқа жері түгелдей ағарғанын көріпті. Қарабас: «Тұлпардың сүйегі түгелдей ағаруға әлі біраз уақыт бар екен!» — депті қалмақ тайшысына.

Арада тағы бір жыл өткен соң, Қарабас жоңғар тайшысына айтып, тұлпар емес көк атты сойғызыпты. Бала оның сүйегінің екі елі жері әлі ағармағанын байқаған екен.

Үшінші жылы күздің басында тұтқын қазақ баласы қаракер тұлпарды мініп, әрі-бері жүріп, атты ылғи суытып, таң асырып қояды. Ол тұлпарды өзі баптап күту үшін жоңғар шонжарынан рұхсат сұрапты. Қалмақ тайшысы оның тілегін қабыл алыпты.

Қарабас әкесінің және басқа да атбегілердің сәйгүліктерді қалай таңдап, қалай баптағанына көзі қанық болып өскен жас екен. Ол оны іс жүзінде өзі де қолдану үшін үш жыл бағып, сүйегін ағартқан қара кер тұлпарды мініп, әуелі аса көп, қатты жүрмей, аз ғана шыға жүріп, үнемі суытып, таң асырып қойып жүрген екен. Ол тұлпарға жем ретінде тазаланған арпа, не сұлы және жылқыға жұғымды қара шөп беріп отырыпты. Жемді қаракерге шамалап, ретімен беріпті. Себебі аяңдатып, кейде желіп, кейде шоқытып, кейде шауып жүріп, келгеннен соң кермеге байлап, суытып, таң асырып, терін алған атқа жемді ел жата, түн ортасы ауа, таңға жақын беру керектігін Қарабас жақсы біледі екен. Тұлпарды баптап жүрген ол ұйқыны азайтып, сергек жүріпті. Талай таңды көзімен атырған екен. Әдетте ол тұлпарды суытқан соң, отқа қоятын бопты.

Суытпаған, не таң асырылып тері алынбаған жылқы семіз кезінде тез бұзылатынын, яғни қызыл май болатынын Қарабас жақсы біліпті. Тұтқын қаракер тұлпарды күз, қыс бойы баптап, бәйгеге қосуға жаратыпты. Тұлпармен еліне жетуді армандаған Қарабас қалмақ тайшысының «таңдаған қызыңды әперем» дегеніне де амалсыз келісіп, қыз көруді кейінге қалдырыпты. Құдай оның көктен тілегенін жерден беріп, жаздың басында қонтайшының інісінің баласы келіншек алатын болып, оның

тойына зор дайындықпен баратын болыпты. Сонымен қатар ол тойда болатын ат жарысына Қарабас баптап, қыс бойы оқтаудай боп жараған қаракер тұлпарды қосатын сәт туды. Атқа Қарабастың өзі мініп шабатын болған екен. Сондықтан ол тұлпардың кекілін түйіп, үкілеп, жалын тарап, құйрығына шоқ тағыпты.

Ат айдаушы жүйріктерді белгілі жерден жіберер алдында астындағы ер-тоқымының үстіне екі басына орталап құм салынған қоржынды байлап, үстіне өзі отырып, аттардың артында кете барады. Бәйге аттарға мінген балалар тиісті жерге жетіп қонып, ат тыныктырып, өздері де дем алыпты. Ертеңінде ат жарысы басталған кезде де Қарабас қаракер тұлпардың екі бүйіріне құм салған қоржынның екі басын теңдеп алып, сәйгүліктер қарасын үзгенше артында келе жатыпты. Бәйге аттардың алды ортасынан ауды-ау деген кезде тұлпардың құлақ шекесі аздап терлей бастайды, көзі шырадай жанып, ілгері қарай шаба береді. Сол шақта ол тізгінін тартып, ат басын тежеп, қоржынды ат үстінен алып тастап, жұлдыздай аққан тұлпардың көздерін жібек орамалмен сипай сүртіп, екі тізгінін іркіп ұстап отырып, барлық жүйріктерді басып озыпты. «Қазақ, Қазақ!» деп ұран салып, қарақшыдан өте шығып, ат басын тежеп, жоңғар тайшысына қарап: «Бәйге сенікі, тұлпар менікі. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне. Қайыр қош, аман болыңдар!» — депті. Дереу ат басын бұрып алып, жолға түсіп «Алаштап» ұран алып, ілгері қарай жөнеле беріпті. Былай шыға Қарабас астындағы қаракер тұлпарға: «Жануар, қалмақ байына бәйге әпердің, енді мені еліме аман-есен жеткізе көр!» — депті де, бүйірі қызған тұлпармен еліне аттанып кетіпті.

Толыбай сыншы Дәулетұлының бәйбішесі Ақбілек — Орта жүз, оның ішінде арғынның бес мейрамдағы сүйіндік әулетінен шыққан Айдабол би Құлболдыұлының жалғыз қызы, әрі тұлабойы тұңғышы екен. Ақбілек заманында данышпан әйелдердің бірі болыпты. Сол Ақбілек бәйбіше бір күні таңртеңгі шайға ауыл қорғауға қалған балаларын, қайын інілерін, ауыл адамдарын шақырып алып: «Мен бүгін түс көрдім, түсімді өзім жорыдым. Менің Қарабасым тірі екен, тұлпар мініп жаудан құтылып келе жатыр екен. Тұлпардың бүйірі қызса, әбден болдырып жығылмай тоқтамайтыны бәріңе мәлім. Таудың тасына

соғылып тоқтайды дейтіндей жерімізде тау жоқ. Сондықтан бір тоқтаса, ағашқа тоқтар, бірақ баланы мерт қылып жүрер. Баланы аман қалып үшін бірнеше жерден мықты қазықтар қағып, әр жерден жолына арқан керіндер», — деп тапсырма берген екен. Ол кезде жаудан елді қорғау үшін Толыбай сыншы қол бастап, азаттық жолындағы соғыста жүріпті. Сол себепті ұлын сау-саламат алып қалу үшін елге бұйрықты Ақбілек ана өзі берген екен.

Ақбілек ананың жарлығын екі етпей, әлеумет жолға бірнеше жерден мықты қазықтар қағып, арқанды керіпті. Ақыры көп ұзамай Қарабас сол арқан керілген жерге жетіп, атты тоқтатайын десе, тұлпар тоқтамай, керілген арқандардан қарғып өте беріпті. Сонда асқан шапшаңдықпен үзеңгіден екі аяғын босатып алған Қарабас тез еңкейіп, соңғы керілген арқаннан ұстап қап, ерден сыпырылып түсіп қала беріпті.

15. Доспол

Орта жүзден шыққан ұруы қыпшақ Доспол датқаның жігіт кезінде ақылын сынап, әйел аламын деп қыз таңдап ел аралап жүргенде жолда бір шалға кездесіп, жолдас болып біраз жүргеннен кейін Доспол шалға:

— Үлкен болып осы жолды сіз арқалайсың ба, кіші болып мен арқалаймын ба? — деген.

— Шырағым, бұл қалай сөз, қара жерді қалай арқалаймыз? — деген. Доспол үндемеген. Біраз жер жүрген соң бір жақсы шығып тұрған егін де кез болады. Доспол:

— Отағасы, мынау егін шыққан егін бе, шықпаған егін бе? — деді.

— Шықпаған егін осындай бола ма, өзің көріп келе жатқан жоқсың ба? Доспол үндемеді. Доспол біраз жүрген соң мола қазып жатқан көп адамды көрді.

— Отағасы мынау адам өлген адам ба, өлмеген адам ба? — деді.

— Ау, балам, өзіңнің ақылың дұрыс па, қалай сөйлейсің? Доспол тағы да үндемей қойды. Шалдың аулына қонуға келді. Шал қонақ үйіне кіргізіп, өзі үйіне барды. Шалдың бір қыз баласы бар екен. Соған әкесі айтты:

— Балам, мынау үйде кісі бар, соған бір тамақ бер, бірақ өзінің ақылы дұрыс па білмеймін, түрлі сөздері бар еді.

— Әке, не айтады ол қонақ түрлі сөздері болғанда? Әкесі манағы жолдағы сөздерді айтты. Қыз түрегеліп бір табақ қуырдақ қуырды, бетіне бір жалпақ нан істеп жапты, «бар, осыны қонаққа қой» деп бір жігітінен беріп жіберді, «қонақтың алдына қой да, жұлдыз жиі, ай бүтін» деп айтарсың, қонақ не айтады сонда, соны маған айтып кел!». Қонақ: «жұлдыз сирек, ай жарты» дегенін қызға айтып келді. Қыз біраз отырып:

— Әке, сенің қонағың ақымақ кісі емес қой, манағы «жолды кім арқалайды» деген сөзі — «әңгімені кім айтып, осы жолды қысқартады?» деген сөз, егін туралы айтқан сөз, әрине, жақсы егін екенін көзі көрген шығар, «бар адамдікі болса шыққан егін, жоқ адамдікі болса борыштанып салады, борышпен кетеді ғой» деген сөзі. Өлген адам туралы айтқан сөз — «артында тұқымы қалған адам ба, тұқымы қалмаған адам ба?» деген сөз. Әрине, бала қалмаса, өлген адам, бала қалса, өлмеген адам. Сонан кейін біздің мынау жігіт қонаққа берген бір табақ қонақ асыны дұрыс апарып беруді қойған ғой, қуырдақты да, нанды да жартылап жеп апарған көрінеді. Таң ертең шал қонақты үйіне шақыртып алып:

— Шырағым, саған менің ұятым бар, кешегі жолда сөйлеген сөзіңе мен түсінбеген екенмін, түндегі берген қонақ асы дұрыс бармаған көрінеді, ол сөзіңді міне, бір қыз балам шешіп, енді сол ұятымды жояйын деп шақыртып алып отырмын, — деп қойын сойғызып, қонақ асы беріп болған соң, Доспол:

— Елден шығып жүрген жұмысым осындай сөйлеген сөзге түсінетін жолдас еді. Бұрынғы үлкендердің айтқан мақалы бар еді, «ер егіз, еңбекті жалғыз» деген, егіздесіп жүруге жарайды екен деп отырмын. Осы балаңызды маған бер, — деп, соны алған екен. Ақырда сол бала екі сарттың хандыққа таласып жүргенде арасын тындырып, қазақ есіміне төрт датқалық сыйлық алып, өзі Доспол датқа атанған себебі осы екен.

16. Бала би Досбол сөздерінен

Досбол би жеті жасында әкесі өліп, жетім қалады. Әкесі кедей болады. Мініп жүретін бір жақсы аты қалады, басқа малы шамалы болу керек. Ат біреу болса да мінер адам болмай, ат екі жыл жылқыда жүреді. Досбол тоғыз жасқа келеді. Елдің

ақсақалдары Досболға: «Сенің осы әкеңнен қалған атың жүйрік еді, сен ұстатып алып, осы бастан қотанның тақырына арқандап жарата берсең, күзгі көбік қарда түлкі қууға қолайлы келеді», — деп баланы үгіттеп, атын ұстатып, айтқандарын істететі. Август айынан атты жаратып, октябрь ішінде бір күн ақша қар жауып қалады. Ел көтеріле түлкіге шығады. Досбол атына міініп бірге шығады. Түлкі байланатын ақсақалдар да қалмайды. Көп іздеп түлкі таба алмай, арық-тұрақ көбең-сабаң аттар болдыруға айналғанда алдарынан бір түлкі қашып, Досбол оқшау кетіп бірнеше қыр асырып, ақыры түлкіні соғып, атын аяндатып солығын басып, түлкіні сойып болған кезде ақсақалдар келіп:

— Әкел, байла түлкіні, — деп қанжығаларын ұсынғанда, Досбол:

— Өзім жетім, түлкіге алғашқы шыққан бетім, бұл түлкіні өзіме қалдырыңдар, — деп түлкіні бергісі келмейді.

Ақсақалдар: «Бұл балалық жұмысты қой, түлкіні бер!» десе де, Досбол: «Төрешіге бармай, бермеймін» деген соң, ақсақалдар: «Қалаған төрешіні ал!» дегенде, Досбол: «Олай болса, мына жақын тұрған Бұхар, Хиуадағы сарттардың ханына барайық» деп, түлкі алмақ болған бір-екі ақсақалдарды ертіп Хиуа ханына барады. Хан істің мәнісін сұрағанда, Досбол жанындағы ақсалдарына: «Әуелі мен айтайын, қалған болса, сіздер айтарсыздар», — деп былай деген екен:

— Жапаннан қашты бір түлкі,
Тауға қарай дем алмай.
Жабыла қуды көп кісі,
Бірі қалды ере алмай.
Сол түлкіні кім алар,
Жетіп соққан мен алмай.
Ағайыннан үлкен дұшпан жоқ,
Алдына салып айдап жүр.
Бір түлкіні көре алмай,
Бір, тақсыр, күнәлі болып жүрмеңіз,
Төресін түзу бере алмай.

Хан ойлап беретін төре екен.

— Үш күн ойлап төре беремін, соған дейін шыдаңдар, — деп қайтарып, үш күннен кейін ақсақалдар мен Досболды шақырып алып:

— Бір істің дауын да, төресін де Досбол сөзінде түгел айтқан екен, соның үшін түлкіде жұмыстарың болмасын, Досболдың өзі алады. Екінші, балам, сенің атың кім? — деп сұрады. «Атым Досбол» деген соң, Хиуа ханы:

— Жасың қаншада, тоғызда ма? — деді. — Ендеше, сенің атыңа «бала би» деген сөз қосамын. Атың «Бала би Досбол» болсын, — деп, «Бала би» аты тоғыз жасында қосылған екен. Содан бастап Бала би Досбол аталып кетіпті.

17. Бала би Досбол

Досбол Кіші жүз Ахмет ханға бас би болып тұрған дәурінде Бағаналы елінде Бөрібас деген бай болады. Үш мың қара қасқа жылқысы болады. Сол жылқының нақ жартысы жорға болады. Соның ішінде бір қара қасқа жорға өте жақсы жорға болып, жорғасымен қасқыр, түлкі соғады. Бөрібас бай сол жорғасын өте құрметтеп ұстап, күндіз-түні үйге қойып бие сүтімен суғарып, екі мезгіл жаңартып астына кілем төсеп тұратын болған.

Қарақасқа жорғаны қалмақтың бір ханы:

— Бес жүз жылқы берейін, маған бер, — деп сұраған. Өзбекте бір хан:

— Бес жүз қара нарға қазына артып беремін, маған бер, — десе де, оларға:

— Сендердің менен дәулеттерің артық емес және жігітшіліктерің артық емес, жалғыз-ақ менен хандық бақыттарың артық. Маған малдың қажеті жоқ, жаз қонған жерімнен көшуге шамам келмей, күз әрең көшемін. Барлығы — малдың, шаруаның көптігі, — деп ат саудалаушылардың көңілін қайтарған.

Ахмет хан Қарақасқа жорғаны сұрайын десе де, саудалаушылардың берген бағаларының ауырлығын көріп бата алмай жүреді. Ақырында көңілі бала би Досболды жіберіп сұратуды ұйғарып, Досболды «не болса да Қарақасқа жорғаны алып кел!» — деп жібереді.

Досбол жанына бірнеше сөз білетін адамдарды ертіп алып жүріп Бөрібас байдың аулына келсе, Бөрібастың үйінің артында көп қонақ аттары тұрады. Байдың саятшылары алдынан шығып, Досболды құрметтеп үйге кіргізеді. Үйдегі қонақтар Қаракесек Әменке биі, Бағаналы Құлтас биі және Жантас билер екен.

Досбол барлығымен амандасып, кеңесіп отырған Бөрібас бай астында төсек, жан жағында жастықтан қорған қойып отырып:

— Досбол, ханның биі жол болсын! — дегенде, Досбол:

— Ханың сәлем айтты ғой:
«Жаңабай ұлы Бөрібасың.
Маған беріп жіберсін,
Қарақасқа жорғасын.
Сұлулығы өзіндей,
Жуандығы өзімдей.
Жорғалығы Қаракесек
Әменке бидің сөзіндей.
Беріктігі Қолтастай,
Жүйріктігі Жантастай,
Жорғалатып жүргенде,
Мұзға аяғы таймастай.
Топқа мініп барғанда,
Артында кіні қалмастай.
Шеру тартып жөнелсе,
Алдына жан салмастай.
Дұспанға таба қылмасын,
Барған кісім сынасын.
Түсініп сөздің затына,
Бағаналы Бөрібас бай».

дегенде, Бөрібас артындағы жастыққа шалқасынан құлай кетті. Оған да дамыл алып жата алмай, жан-жағындағы жастақтарға кезек-кезек сүйеніп дамыл сызданып-толғанып ойға кіріп, біраздан кейін:

— Жарайды, Қарақасқа жорғаның күні жаңа толды, бес зор адамның құнына құны жетті. Бірінші — өзім, екінші — Ахмет хан, үшінші — Әменке би, төртінші — Қолтас би, бесінші — Жантас би. Енді берейін, — деп, беріп жібереді.

18. Байдалы би

Байдалы көп жасап қартайып, көз жанары кеміп жүруден қалған кезінде Қарқаралыға билік айтып жүрген Мерке де-

ген адам болады. Көпті көрген, атағы шыққан, ескі адам деп естіп Байдалы сәлем айтып, оған бір кісі жібереді. Сәлемінде: «Аты аталған адамды білерлік кісі деп естимін. Мен төрт түрлі дертке ұшырап қалдым, бұған ем тауып берері бар ма екен, айтып келші», — депті. Жіберген адамы барса, Мерке алқа-қотан жиналған топтың ортасында отыр екен. Тапсырған жұмысын айтқаннан кейін, Мерке отырып: «Есіл Байдекем-ай! Өлшеуден асқан жасы құрғырдың керегі жоқ екен-ау, бұл кісі де мұндай күйге ұшырап қалған екен?» — деп ренжиді. Отырған көп: «Бұл қалай, Байдекең төрт ауыз жұмбақ айтқан сияқты, біз түсінгеміз жоқ. Өзіңіз түсініп ренжіген боласыз. Көпшіліктің естуі лайық емес пе!» — депті. Сонда Мерке отырып:

— Байдекеңнің айтып отырғаны аса қиын сөз емес, өзінің басындағы халі екен. Айтып жіберген сөздері мынау: «Асусыз тауға кез болдым, өткелсіз суға кез болдым, жоқты жаяу көп қарай беретін болдым, аяусыз жаудың қолына түстім», — дейді. Мұның үшеуі — «асусыз тауға кез болғаны» — тізесі сарбуын болып, аяғы жүруге келмейді екен. «Өткелсіз суға кез болғаны» — көзіне жас толды дегені. Тәрбиелеп, қасында отыратын бәйбішесі жоқ, шақшасын қарбалақтап көп іздеп, зорға тауып алып отырады екен. «Аяусыз жаудың қолына түстім» дегені — келін баланың қолында отыр екен.

— Мен дертінің біреуіне ғана дауа айтам. Басқасын өлшеуден асқан жасынан көрсін. Қалт істетіп алса, жоқты жаяу қарай беруден құтылады, — депті.

19. Жақсы Жанайдар

(I нұсқа)

Күлік баласы Тілеуімбет, мұнан туған — Күнту, мұнан туған — Жанайдар. Бұл Жанайдар — Абылай хан заманында жас бала. Жұрт аузында «Жақсы Жанайдар» атанған.

Сол заманадағы Инжарай Шәріп [Бұхар — Е.Қ. еск.] ханы Арқадағы Абылай ханға елші жіберген:

— Май қатығын тауып берсін, — деп.

Сонда Абылай хан Күлік Жәнке батыр биге кісі жіберген:

Бір ауыз сөзіме жауапты түзу тауып берерлік жан тауып жіберсін, — деп.

Сонда Жәнке батыр би өзінің сынына келгендіктен, он төрт жасар бала Күнту баласы Жанайдарды жіберген. Сонда Жанайдар Абылай ханға:

— Алдияр, — деп кіріп барғанда, отырғызбастан сұраған:

— Балам, май қатығы не болады? — деп.

Сонда Жанайдар кідірместен жауап қайтарыпты:

— Бұрынғылар айтпап па еді, «Халық айныса, хан түзейді. Май айныса, тұз түзейді» деп. Халық қатығы — ортасындағы ханы болады да, дүниедегі тәмәм тамақтың дәмін кіргізетұғын май қатығы — тұздағы, тақсыр! — деген.

Бұл сөзден Абылай хан Бұқар ханы тұз сұратқандығын біліпті. Үш жүздің баласы қазақтан түйе жидырып, қырық би және Жанайдарды атшы қылып қосып беріп, көп тұз тиеп жібереді. Барған қырық биді Бұхар ханы сыйлап күтті. Қайтарар кезі болғанда Бұхар ханы сұрады:

— Абылай артық па, мен артық па? — деп. Қырық биі айтты:

— Сіз артықсыз, сіздің тегіңіз де асыл, сіздің жеріңіз де асыл, Өзіңіздің асылдығыңыз — Бұхардай шаһарда, алтын тақтың үстінде сары ала алтынға малшынып отырсыз. Жеріңіздің асылдығы — сіздің жеріңізде етікпен намаз оқуға жарайды, — десті.

Бұхардың ханы сұрады:

— Абылайдың осы отырғандарыңыздан басқа жіберген кісісі бар ма еді? — деп.

— Қоста бір атшы бала бар, он төртте.

— Ендеше соны шақыр.

Оны шақырып келді. Бұхар ханы айтты:

— Әй, балам, мен артық па, Абылай артық па? Бала айтты:

— Абылай артық!

Бұхар ханы:

— Абылай менен қалайша артық болады? — деді.

Бала айтты:

— Абылай атасы садағын сағымға көтерткен. Нұрдан пайда болған. Сіздің атаңыз — Ақмаңғыт, Тоқмаңғыт. Біздің қазақтың балалары ойнағанда: «Маңғыт, аузыңа саңғыт» — деп ойнайды. Түбі-тегің Маңғыт жақсы болатұғын болса, ауызға әй деп алынбас еді, — деп бала жауап қайтарыпты.

— Балам, Абылайдың тұрған жері асыл ма, менің тұрған жерім асыл ма? — дейді.

— Сіздің өзіңізден Абылайдың өзі асыл, жеріңізден жері асыл. Сіздің жеріңіз асыл болатұғын болса, суды Самарқандтан алдырып ішер ме едіңіз, тұзды Сарыарқадан сұратар ма едіңіз? Абылайдың тұрған жері — Сарыарқа. Екі басса, бір бұлақ. Ағар суы бал татиды, ақ шабағы май татиды. Екі басса, бір тұз. Бір үйінен бір үйі тұз сұрамайды, — дейді.

Бұхар ханы сөзіне ырза болғандықтан, қырық биге сыйлағаны жалғыз балаға бергеніне тең болыпты. Баланың «Жақсы Жанайдар» атанған жері — бұл. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ» деген — осы. Басына бақ қонбағандықтан атағы шықпады. Бұл Жанайдар бір жақтан үйіне келсе, бәйбішесі бір еркек бала тауып, бесікке бөлеп жатыр екен.

— Қатын, қатын! Кеудесін ақырын, бос таңа гөр. Кеудесі толған Алланың зікірі екен, — депті.

Сол баласының аты — Өтеміс. Жәңке батыр өмірінде Жанайдарды үйге отырғызбапты. Үш жүздің ортасында болған бас қосуға жіберіп отырады екен. Қайда барса да, шешендігімен судан қаймақ қалқығандай бола беріпті.

Бір жиын топта Қуандықтан шыққан Байдалы би Жанайдардың сөзіне сөз тауып айта алмаған соң, кемітіп:

— Осы неменің әкесінің аты Күнту ме еді, Қиту ма еді? — депті.

Сонда Жанайдар:

— Ерім бар-ды ыңыршақ,
Атым бар-ды тобышақ.
Әкем аты Күнту болсын, Қиту болсын,
Оның маған не керегі бар?
Ақылым бар бір құшақ, —

деген екен. Құдай рахмет қылсын Жақсы Жанайдарға!

20. Жақсы Жанайдар

(II нұсқа)

Бұхар ханы Абылай ханға айтты:

— Маған қызын жіберсін!

Қырық биі мен қызын жібереді: алты қанат ақ үй менен, он нарға жүк артып.

Бұхар ханы қырық биден сұрады:

— Абылай тегі асыл ма, менің тегім асыл ма? Қырық би айтты:

— Сіздің тегіңіз асыл, сіздің жеріңіз асыл, ише өзіңіз асыл. Сіздің жеріңізде етікпенен намаз оқуға жарайды.

Бұхардың ханы сұрады:

— Жолдасыңыз бар ма қасыңызда?

— Бір атшы бала бар, он үште бала, — дейді. Хан:

— Оны шақыр! — дейді.

Шақырып келді. Бұхар ханы айтты:

— Ай, балам, — дейді, — менің тегім асыл ма, Абылайдың тегі асыл ма?

Бала айтты:

— Абылай тегі асыл.

Хан:

— О, неге? — дейді. Бала айтты:

— Абылай атасы нұрдан пайда болған, садағын күнге асқан, сіздің атаңыз Қоқандық қара сирақ сарт еді.

Бұхардың ханы қырық биге сыйлап бергені жалғыз балаға бергеніне тең болды.

21. Жаңабатыр әңгімесі

Тілеуімбет Наурыздың Наурызының тарауы: Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ерсімбек (Ырсымбек), Мамек.

Шобалайдан: Жаңабатыр, Өміртай. Айдаболда — Төлебай, Күлікте — Шобалай, Орманшыда — Қарабай, Қаржаста — Мырзағұл төрт босаға болған, жұрт аузына ілінерлік, ел ұстарлық кісілер осылардан шыққан.

Абылай ханның Үш жүздің баласы қазаққа дүрі жүріп тұрған күнде, құнға кесім қылдырғанда, тамам талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызып, билік қылдыратұғын биі Күлік Шобалай баласы Жаңабатыр би екен. Және:

«Ас беріліп, ат шаптырылған жерде Жаңабатырдың босағасына түйе бастатқан «тоғыз» байлансын, Жаңабатыр: «Осы ас жарайды, келісті ас-ақ болды» десе, ат шауып, ас тарқасын. Болмаса, қайтадан ас бергіземін десе, билік Жаңабатырда болсын!» — деп Абылай хан жарлық қылғанекен. Сонда Жаңабатыр өзінің бәйбішесінің асында:

— Бәйбішенің балалары босағама түйе бастатқан «тоғыз» байламаса, ат шабар төбенің басына бармаймын, — деп отырып алған соң, бәйбішенің балалары айтқанын қылып: «Өзінің қатынының асына өлбелеген (олбала-кен) Жаңабатыр» атанған. «Жаламен Жаңабатыр үш шабылды» делінген Жаңабатыр — осы. Бұл кісінің құнға қылған кесімі: «Қара құн — жүз жылқы, он екі «жақсы». Сүйек құны елу жылқы, алты «жақсы». Өнер құны тоқсан құн болады, тоғыз «жақсы». Жақсы дегеннің басы — «жетім, қалы кілем, қара нар, мылтық, сондаймен тоғыз болады. Ұрғашының құны — еркектің бір көзінің құны, елу жылқы, алты жақсы».

Аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылғаша билік айтпайды екен, босаға күзеттіреді екен. Босаға күзеттіргеннің мәнісі сол атының құйрығы кесілген үйден бір жылғаша кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын тарттырады екен.

— Сен жаман ырым қылдың. Атын тұлдадың, мұның үйінен кісі өлуі сонан болды, — деп.

Шідер ұрлағанға шідер кайыс болса, үш атқа үш балағын салып, үшеуі үзіп кете алмаса, ұрыға үш ат айып салады екен. Жау бетін қайыратұғын жаудан елін қорғап, аман айыратұғын батырлардың құнын — «жеті ердің құны болсын» деген екен. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» деген. Шешендікпен ұлтына олжа түсіріп, беретұғын шешендердің құны — «үш ердің құны болсын» деп кесім қылған екен.

Сол замандарда жеті ердің құны — Малай-Жәдігерден шыққан Айтқожабаласы Жауқаш, Биқаштың Жауқашына алынған екен қалмақтан.

Бір басына үш құл, ұрғашыда Ұлбикеге, еркекте Көтеш ақынға алынған екен.

Бұл Жаңабатыр: «Арқаға үш шабындым, жаламен үш шабылдым!» деген дейді.

22. [Жаңабатырдың жаламен шабылуы]

Бұхар барып жолаушы жүрген күнінде екі жақ болып төбелесіп жатқандарға кез болып:

— Мынаны айырайық, арашалайық, — десе, жанындағы жолдастары:

— Өзіміз жолаушы жүріп, айдаладағы біреудің бізге өлгентірілгені не керек? — депті.

Сонда аз жағы: «Кім де болса, Жаңабатырды танып айырады ғой, арашалайды ғой» — деп дәмелі болып қалған екен.

Жұртқа аты шыққан ірі кісінің арашашы болмай, керексіз қылып өте бергендігіне өкпелеп, сонда өлімші болып таяқ жеп қалған.

— Кім сені ұрған, соққан? — деп сұрағышқа:

— Маған қылғанда, Күлік Жаңабатыр би қылды. Менің каным соның мойнына, — деп өліп кетіпті. Мұның ұрмағанын, соқпағанын жұрт біліп тұр. Білсе де, өлермен қадалып жабысқан соң, арашалап айырмағандығының айыбына сексен серке тартқан екен.

«Кімде-кім екі ұрысып төбелескенді көре тұрып, айырып, арашалауға әлі келе тұрып арашашы болмаса, жазатайым соның бір жағы өліп кетсе, құнын өлтірушіден алсын да, айыбын арашаламағаннан алсын!» — деп.

Енді бір ұлы жиын, аста жерден сыңар аяқ өткен жеті жұртты тауысқан бір қу келді де, белдеуде байлаулы тұрған Жаңабатыр бидің атының аузын ашып қарады дейді. Қараса, тілінің түбіне тақалған жері қап-қара екен. Жергілікті Құдай жаратқан, өзі қояндай боз ат екен. Сол жатып жабысты дейді:

— Құлын күнінде жоғалтқан боз биенің құлыны еді, — деп. Жаңабатыр:

— Өз жылқымның тумасы. Аузын ұрып, аяғын қолдан сыпырған тұл атым, — дейді. Анау:

— Құлын күнінде жоғалтқан менікі, — дейді.

Дау болған соң, бір көлденеңсіз құтыла ма, жүгініске түседі. Сонда жаламенен жабысушы көрінбеген жерінен белгі айтысайық дейді. Жаңабатыр:

— Бір меңі жоқ қояндай боз ат, бұған басқа белгі не керек? — дейді.

— Енді осының көрінбеген жерінен белгі айтсам, менікі бола ма? — дейді.

— Қап, енді осыдан көздің көлеміндей боздығынан басқа белгі тапсаң, сенікі- ақ болғаны, — дейді.

— Менің биемнің тілінің түбіне тақалған жері қол басындай қап-қара еді. Енесіне тартса, мұның да тілінің түбінде сол белгі бар шығар. Егер де тілінің я ұшында, я ортасында, я түбіне

тақалған жерінде қол басындай қара болмаса, менің боз биемнің құлыны болмағаны, — дейді.

Атты алдырып, аузын ашып қараса, тілінің түбіне тақалған жері қап-қара екен.

— Мынаның сөзі шын болды, — деп, — сіздей кісінің астынан ат алу жол-жобаға сыймайтұғын нәрсе, бұл ат бүгін өз астыңызда барсын. «Өзімдікі екендігі шын еді» деп бір ауыз сөз айтып, атты өзіңіздікі қылсаңыз да, өзіңіз біліңіз. «Жоқ, тақымым үйренген жануар еді» — деп үш бесті берсеңіз де, өзіңіз біліңіз, — делінген соң, жұрт дағдарып тарқасты дейді. Ертең таң атқан соң, Жаңабатыр үш бесті алып кеп ортасына келді дейді:

— Әлеумет, көп, жиылған топ, кеше өзімдікі деп таластым, бүгін мынанікі қылып, төлеуін алып келіп отырмын. Үйге бардым, бір аяққа аппақ сүт қойдым. Бір аяққа мөлдір, тұнық қара су қойдым. Сүтті қайыра сүтке костым. Суды суға қостым. Сүттен жұғын қалды. Судан жұғын қалмады. Ойладым менің сөзімнің ақтығы сүттей ақ шығар, сонда да онан жұғын қалды-ау. Әне, бәлекеттің сөзінің қаралығы қара судай-ақ шығар, сонда да онан жұғын қалмады-ау?! А, бұрынғының «Ақ та болса, ант ішпе, айрандай жұғады» дегені осы екен-ау! деп, бір ауыз сөз айтуға жарай алмағаным осы, — депті. Ананікі жала екендігіне жұрттың көзі жетіпті, сонда да болмай Жаңабатыр бесті берген екен.

23. [Жаңабатырдың тағы бір жалаға ілігуі]

Құдай рахмет қылсын! Жаңабатыр би картайған күнінде, ел қыстау-қыстауында отырған мезгілінде түйелерін қайырып, жинастырып жүрсе, бір бесатты кісі бірін-бірі қуысып, сабаласып, олай-бұлай ұйтқып шауып жүргенін: «Ел арасында жау жүре ме, ойнап жүрген бозбалалар ғой», — деп, жайымен түйесін жинастырып жүре береді.

Манағы бесеудің бірі құлап қалды да, төртеуі қашып кете барды. Ақырын аяндап «білейінші» деп Жаңабатыр келсе, өлімші қылып тастап кетіпті. Кірпігін қимылдатуға зорға әлі келіп, өкпесін соғып жатыр. Сол арада көрініп тұрған қыстаулардан көп кісілер де келіп қалды. Әлгі өлімші болып жатқан Сексен ұрпағының біреуі екен. Өз ауылдарының кісілері:

— Кім сені ұрған, соққан? — дегенде,

— Жаңабатыр, — деді де, өліп кетті дейді.

Сонан соң оның жанкүйерлері:

— Осыны өзің ұрмасаң да, ұрған кім, өлтірген кім екенін білесің? — десе, Жаңабатыр:

— Мен білмеймін, — деп, көрген-бақканын айтса да, Сексен деген ел гулесіп, шуласып, нанбайды да болмайды.

Тілеуімбет, Наурыз бірыңғай, Ақыл, Сексен бірыңғай болысып, Күлік өзді-өзі екіұдай болып, айтысып, тартысып, ұлғайып бара жатқан соң, Айдабол Шоң, Торайғырдың әкесі — Едіге би Айдаболдың ең жақсыларын жіберді дейді.

— Сіздердің замандасаңыз ғой! Бізді баласынар, ағайын арасын бүтіндеп, жарастырып келіңіздер, — деп.

Бұлар барса, Жаңабатыр төсегінде теріс карап жатыр екен. Барған бұлардың сөлемін де алмады, амандық та айтыспады, керек қылмай, үн жоқ, түн жоқ жата берді дейді.

Бір мезгілде басын көтеріп, тіл қатпастан, үндеместен барып, отырған бұларға ежірейіп қарап, бір қолын бұлай керді, бір қолын олай керді. Аузын ырбитып, ернін бұлай бір шалжайтты, олай бір шалжайтты да, қайтадан теріс қарап жата кетті дейді.

Сонан соң бұл барғандар өкпелеп қайтты. Және көрген-білгенін Едігеге келіп айтты. «Ағаң алжыған екен, қартайған екен, аузын шалып, ақылынан танып қалыпты. Біздің барғантұрғанымызды керек те қылған жоқ». Және сөйтті, қолы мен ернін қалайша қылғанын сөйледі дейді.

Сонда Құдай рахмет қылсын Едіге ағам, Едіге би:

— Алжыған жоқ екен, аузын шалып, ақылынан танған жоқ екен. «Бұл отырғандар: бірің оқ беретұғын немесің, бірің жақ беретұғын немесің, бірің бұлай керіп-созып, бірің олай шалжитып, ағайын арасын ашқаннан басқаң жоқ. Кесім жоқ, кесім жоқ, сендермен ісім жоқ», — деп, мені жоқтап жатыр екен, — деп жалма-жан Едіге би өзі атқа мініп барып: «Бұл өзі қыстау ортасында болғандықтан, қапы калған жұмыс болды. Егер қыстаусыз жерде болса, жау ма, немене деп сезіктеніп, не арашалап, айырып қалар еді. Не шыр етіп, танып калар еді. Көре тұрып ұрғанның кім екенін біле алмай қалғандыққа қыстау жазалы болуға керек», — деп Жаңабатырдан Сексен деген елге бір қыстау алып беріпті. Сөйтіп сенбегенін сендіріп, нанбағанын

нандырып, ағайын арасын тату қылып жарастырып қайтқан екен.

Жаңабатыр би жүз төрт жасқа келіп өлген екен. Өлерінде айтыпты:

— Құдайдың маған берген өмір жасы жүз он төртте өлмекші едім, он жасым кем болды. Оны Құдайдан көрмеймін, өзімнен көремін. Үш жан берген топтың ішінде болып едім. Өзім ант ішпесем де, ант ішкенмен бір топта болғандығымнан көріне он жасыма залал тиді, — деген.

Әкесі Шобалай Ағысқудай, Түндік өзенінің бойында, «Шобалай сүйегі» дейді. Қаракесек халқының өлгеніне мазарбасы болып қалды. Өзі Қызылтау бауырында Самайсопы қыстауының қақ іргесінде мазарбасы болып қалды.

Жаңабатыр балалары: Аққожа, Қосақ, Таңсық қожа, Жанақ — бәйбішеден төртеу. Үлкені — Таңсық қожа, кенжесі — Жанақ. Тағы баска қатындарынан толып жатыр. Аз болса, он алты бар шығар.

Бір Жанақтан басқасын қағаз бетін былғап жаза бергеннен не түседі? Ат шығарып, әруақ шашқанды сөйлеу керек.

24. Қарқабат туралы аңыз

Бір сапар қасымда інім Қарпыш бар. 1956 жылы Жосалыға бара қалдық. Машинадан түсе қалып, сөйлесіп тұрған бір үш әйелге келіп:

— Тәуірсіздер ме? — деп амандасып едім. Үшеудің ішіндегі бір жастау әйел:

— «Тәуірсіздер ме» деп ауру адамға айтушы еді, осы Қаракесектің амандасуы да бір форым екен! — деп тиісе кетті.

— Тәуірсіздер ме, есенсіздер ме, амансыздар ма деген сөздердің үшеуінің де мағынасы бір, амандықтың желісі ғой. Біреу мен біреу аразды татуластыру үшін «жарастыру керек», «жанастыру керек», «жаластыру керек» дейді. Бұл үш ауыз сөз болғанменен татуластырудың желісі. Сені мен біз қарға тамырлы қазақпыз қашаннан-ақ, жегжатымен ел өсіп жасаңдамақ. Ер қадірін білмейтұғын, ел қадірін білмейтұғын жаман қатын жеңіл сөйлей, орынсыз шошақдамақ, — дедім мен. Сонда әлгі әйел тағы бірдеңе дейін деп еді, қасындағы кексе әйелдердің бірі:

— Сен енді шошаңдама, жығылғаныңды біліп, бұл кісілерді үйіңе апар, сен лақтырып тастайтын кісі сияқты емес, үйіндісіне қарамай,.. — деді.

— Мен жығылдым, енді үйге жүріңіздер, — деп, әйел бізді үйіне ертіп келіп күте бастады. Жайланып отырғаннан кейін, мен отырып:

— Шырағым, біріміздің туысымызды біріміз біле отырайық, тегің кім болады? — деп жөн сұрадым. Сонда әйел:

— Мен табаны жап-жатақ Қуандықтың қызы боламын. Бір жақсысы:

Қап-қара Қаракесек күңнен туған,
Би болып Қазыбегің кірін жуған, —

деп, Шөже айтқандай, күңнен тумаппыз, — деді.

— Мен, шырағым, саған күңнің мәнісін айтайын, тыңдап отыр.

Біздің бабамыз Мейрам алыс жерден — Кіші жүзден үйленіпті. Сонда алыс жерден ұзатқан қадірлі қызды жалғыз жібере алмай, «апарып салып қайт» деп қасына сүйікті жеңгесін және қыздың ағасының баласы Қарқабат деген қызды қосыпты. Ол кезде қазақ — қалмақ арасында шапқыншылық жиі болып тұрады екен. Жаугершіліктен арғы ел әрі кетіп, бергі ел бері ұзап кетіп, қыздың жеңгесі мен сіңлісін еліне қайыра алмай, қалып қойыпты. Олар келіп ала алмай, бұлар апарып салалмай арада екі-үш жыл өтіп кетіпті. Сонда Мейрамның бәйбішесі айтыпты:

— Мынау екеуі мені жалғызсыратпаймын деп еріп келіп еді. Ақыры елден-жұрттан безіп, отырып қалды. Әйелдік қып әркімнің олжасында кетпейік, осының екеуін де сен алшы, ұрықсат еттім, әлде болса біріміздi біріміз көріп отырайық! — деген екен күйеуіне. Сонымен ол екеуін де Мейрам алыпты. Қыздың жеңгесінен Шұбыртпалы, сіңлісінен Болатқожа (Қаракесек) туыпты. Кейінгі алған екі тоқалдан екі ұл, бәйбішеден төрт ұл туады. Төрт тоқалдан туған төрт ұл мен бәйбішеден туған төрт ұл ақыры еншіге таласады. Бәйбішеден туған ұлдар еншіні ұл басына бөлмек болады, тоқалдан туған ұлдар, елдің ежелгі дәстүрі бойынша әйел басына бөлмек болады. Бұлай бөлгенде де бәйбішеге таңдаулы үлес тиеді екен, бірақ

бәйбішенің ұлдары оны місе қылмайды. Сөйтіп, екі жағынан егес туып, тоқалдан туған төрт ұл бар малды айдап алыпты.

Болатқожа басқасынан сүйегі кесек, қуатты әрі өжет болған екен. Малына таласқан бәйбішенің балаларын қолына түскен таспен, кесекпен ұрып жыға беріпті. Сондықтан ол «Қаракесек» атанып кетіпті.

Сонда Бәйбіше айтыпты:

— Бұны Қарқабат бітіруге жарайды, хан-қараға, би-төреге барудың қажеті жоқ, Қарқабатқа сөз салу керек, — дейді.

— Маған салса, мен бітірейін! — дейді Қарқабат. Сонымен Қарқабат бәйбішенің балаларын шақырып алып:

— Сендерге жақсы айғырдың үйірін, таңдаулы аттарыңды бөлемін, сендер малдың санына таласпаңдар. Екінші, әйелге қарай бөлінетін, бәйбіше таңдаған үлесін алатын ата салтын бұзбаңдар, — дейді.

Енді тоқал балаларын шақырып алып:

— Сендердің еншілеріңді сан жағынан жеткізейін, кемітпейін. Сендер малдың сапасына, ажарына қызықпаңдар, — дейді.

Сөйтіп, Қарқабат енші бөліп беріп екі жағын да тыныштандырған екен. Бәйбіше Қарқабатқа разы болып, балаларына осыдан кейін былай депті:

— Сендер өлген аруақты тебірентіп не қыласыңдар. Бұдан былай ер сүрінгенде, ат мүдіргенде «Қарқабаттан» ұран шақырсаңдар да болады, — дейді. Содан былай Қаракесекке Қарқабат ұран болыпты...

25. Досай би

Досай би жоңғар, қалмақ басқыншылығының аз-ақ алдында үйлі-жайлы, балалы-баранды болған, орта жасында ел билігіне араласқан. Сырттан қара дауылдай қаптап келе жатқан жайдың дүмпуін есте бастаған елі-жұрты одан және оның батыр інісі Қосайдан ел билігін қолға алып, жаудан аман сақтап қалуды сұранады. Бір тайпа елдің бұл өтінішін ол кездегі Түркістан шаһарын орталық етіп билеп тұрған хандар, бек, билер қолдайды. Сонымен Досай кейбір би, болыстарға ұқсап, «мені би сайлаңдар» деп бар малын шашып шығындап, артынып-шабылмай-ақ, көп тілеуі бойынша би болып белгіленеді.

— Бала кезінен Қаратау өңіріндегі хандар, билердің алдын көріп, сөзін тыңдап, ауыл арасының кішігірім дау-дамайын атақты билерге жібермей-ақ, өзі шешіп, кесімді тапқыр, шешен сөйлеп жүрген Досай енді би болған соң аты әйгілі хандар мен билердің көпшілігімен таныс, дастарқандас боп кетеді. Ол әсіресе Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай батыр және Төле, Қазыбек, Есей билермен жиі кездесіп тұрады. Елді жаудан қорғау мәселесін және кейбір шиеленіскен дауларды сол билермен бірге ақылдаса отырып шешеді.

— Қарабас өзенінің басындағы қырғын шайқасты ел былай деп аңыздайды: «Алаңсыз малын бағып, тойын тойлап тыныш жатқан Қарабас сазындағы, Жетімтау мен Керегетас ығындағы Зорбай аулына жоңғарлар тыңшыларын жіберіп жүріп, ол ауылдың басшылары Досай би мен Қосайдың Түркістандағы жиынға кеткен хабарын есітіп, бір түнде тұтқиылдан шабуыл жасайды. Жігіттерін құл, қыздарын тұл етіп, мал-мүлкін туталақай қылады. Осы шайқаста беріспей соғысқан Досайдың төрт, Қосайдың тоғыз баласын жаулар қолға түсіріп, Қарабас өзенінің қайнар көзіне тастайды. Тастағанда жай тастамайды, көзге тастаған жігітті бұлқынып атқылап жатқан бұлақ суы сыртқа теуіп шығара берген соң, оның үстін кебежедей таспен бастырады. Сөйтіп, жауыздар қайнар бұлақ көзіне бір жігіт, бір тастан тастай береді. Бұлақ көзі бітелуге айналады. Су қан болып ағады. Сол бір жазалауды «ел көріп шошынсын» деп, жаулар жәбірлеген кемпір-шал, қатын-қалаш, бала-шаға демей бұлақ басына түгел жинайды. «Міне көрдіңдер ме, қарсылық етсеңдер, сендерді де осылай етеміз!» — деп ақырып, қамшы үйіреді.

— Бұл сойқан Түркістанға кеткен Досай, Қосайға жетеді. Олар сол жиынға қатысқан Төле би, Есей бимен ақылдасады. Қол жинап топ құрады. Бұл әрекет елге жетеді. «Не дейсің, Досай, Қосай Түркістандағы Қабанбай, Бөгенбай, Есей батырларды сан мыңдаған қолымен ертіп шығыпты». Бұл хабарды есіткен жоңғарлардың берекесі қалмайды. Есей, Досай, Қосай бастаған (анау айтқан сан мыңдаған қол емес) шағын жасақ Түркістанның шығыс жағындағы Ноғай қорғаннан өтіп, Нұра жотасына, одан Мыңбұлақ сазына жете бергенде, жоңғарлардың қарсылығына кездеседі. Сол қақтығыста Есей, Досай қолы жаудың біразын қолға түсіріп, қалғанын түре қуады. Сөйтіп,

олар жоңғарларды Мыңбұлақ, Бестоғай, Қарабас өзендерінің бойынан, Табақбұлақ, Тасбұлақ, Ноғайбұлақ басынан қуып шығып, Жетімтау, Керетастан асыра, Бабаата, Құмкентке жеткенше қуа соғысады. Ақыры, жау жағы әлсіреп жеңілген».

— Міне, Есей, Досай, Қосай батырлар біздің жерімізді осылай қорғап қалған, — деп, Құлбек ақсақал әңгімесін аяқтады.

26. [Опасыз дүние]

XVIII ғасырда Жайықтың шығысын мекендеген бай Есенкелді — байлықтың заңғар биігіне жеткен, нағыз аңыз сипатқа айналған адам. Жылқысында есеп жоқ. Есенкелдінің үш әйелінен өрбіген ұрпақтан алғыр да, өтімдісі кіші ұлы Төребай болыпты. Орысша хат таныған. Петербурге дейін сапар шеккен. Жыл сайын әйел патшаға екі жүз жорға сый жіберіп тұрыпты. Сыбағасына бергі беттегі бос жер Нарын құмын емін-еркін жайлайды екен.

Қолы жеткен байлық пен мансапқа қанағат тұтпай, көңіл желігіне ілескен Есенкелді жасы ұлғайған шағында төртінші әйел Бәтесті алыпты. Мол байлықты үріп ішіп, шайқап төккен жас тоқал көп кешікпей Есенкелдінің еліне билік, малына иелік етуді көксей бастайды. Жалшыларын жұмсап, шаруасына бас-көз болып жүретін Құлшық деген жамағатын ашына етеді. Төребай мырза жаз шыға құм жайлауына барып, құс атып, сейілдейді екен. Сондай күндердің бірінде атты қаңтарып, өзі дем алғалы тоқым төсеп жата кетеді. Осы мезет қалың жылқының дүркірі, жылқышының қиқу салған үні естіледі. Қалың жылқыны үркітіп, оның апат екпінін Төребай мырза ұйықтап жатқан сайға бұрған Құлшық еді. Жас тоқалдың тойымсыз құшағы мен батпан байлықтан дәмелендірген оның уәдесі өз дегеніне осылай жеткен.

Жылқы тұяғынан пәрше-пәрше болған Төребайдың денесі пәктеуге келмепті. Сол күйі ақ киізге оралып, сол жерге көмілген. Қаралы жылқыны да матап, құйрық, жалын күзеп, желімге қосылып, сүтімен балшық иленіпті.

Зират кірпіштерінің сұрғылт реңі, самсай желбіреген қылы сол бір жайдың куәсіндей. Медет тұтқан мұрагері Төребай өлімін естіген кезде Есенкелді алжасып кетіпті. Сонда да

сүйекке біткен өр көкіректікпен дағдысы шығар: «Өлім деген не, пәлі» — деп, матаяқпен ертелі-кеш айналасын сабалап отырады екен.

Малдан ада, баладан тұл болған Бәтес мойнына дорба салған. Бәтес ел кезіп жүргенде табын руының бір отағасы Есер батырдың сарбазының ауылынан келіп шығады.

Сарбаз Бәтеске:

— Бұрында мен барғанда, тұрып баруға ерініп, қымыз құйып бермеп пе едің, — дейді. Сонда өмірдің ащы-тұщысын татып, тәубесіне әбден жүгінген Бәтес:

— Ол кезде мен ешкімді кісі демедім, қымызды ас демедім, — деп жылап жіберіпті. Манадан үн-түнсіз намаз оқып отырған қария келушінің кім екенін жаңа түсініп:

— Япырай, Есенкелдіні әйелінің қайыр сұратқан бұл Құдайда сенім болмас!» — деп тасбиғын іргеге лақтырып жіберген екен.

Аңызға айналған игерусіз байлық осылай сарқылыпты. Бірақ Төребай моласын көргенде шарасынан асып төгілген бақ пен дәулет ызғары әлі есіп тұрғандай.

27. Есенкелді би

Есенкелді Құдайназарұлы — Жоңғар шапқыншылығы кезінде ғұмыр кешкен қазақтың белді билерінің бірі. Қазақ шежіресінде Есенкелді бидің арғы тегі Бәйдібек бабаның үшінші зайыбы Домалақ анадан тарайды. Сол Домалақ анадан Жарықшақ деген ұл, Күнбибі (Қызай), Ақбибі, (Мұрын), және Сыбан деген қыздар туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тайпалары тарайтыны белгілі. Дулаттың Ботбайынан Құдайқұл, Шағай, Итемген, Меңіс, Меңістен Тәңірберді, Тілеуберді, Тәңірбердіден Есенкелді бидің әкесі Құдайназар туыпты. Қызай, Меңіс, Тәңірберді, Құдайназар бәрі де шетінен бабасы Бәйдібекке ұқсап елін, жерін қорғап өткен батырлар екен. Солардың ішінде әсіресе Қызай қыз бен Құдайназардың асқан батырлығы ел аузында аңызға айналып, осы кезге дейін айтылып келеді. Қызай аспанға лақтырған тақияны, көз ұшында ұшып бара жатқан торғайды атып түсіре беретін мерген бопты. Бір соғыста Қызай шапқыншылардың құз басына бекінген он бес мергенін атып түсіріп, өздеріне жол ашады. Аякөз, Ма-

тай аралығындағы тауларды жайлаған ауылдарды мал, жанымен жаудан құтқарып алады. Сол таулардағы қырғын шайқаста өзі де ерлікпен мерт болады. Кейін елі-жұрты сол тауды «Қызай тауы» деп атап кетеді.

Ал Құдайназар болса сол бір жаугершілік заманда қазақтың он мыңдаған қолын басқарып, ел қорғау жолында талай ерліктер жасаған атақты батыр, әрі би бопты. Талай қарсы шапқан жауды бет қаратпай жеңіп жүрген Құдайназар батыр бір соғыста опат болады. Қайтадан күш жинап жаудың бетін қайтарған батырдың жігіттері, елі-жұрты өлгендерін іздестірсе, сүйектері шашылып жатады. Кімнің кім екенін танып болмайды. Құдайназардың күрек тісі екі елідей жалпақ екен. Содан танып, сүйегін жинап тау басына қояды. Оның айналасына өзімен бірге беріспей соғысқан, ер-сарбаздарының сүйегін жерлеп, белгі қояды. Ол кездегі белгі — тасты жинап оба тұрғызу ғой. Сол Баян мен Қызай тауының төңірегіндегі «Құдайназар обасы», «Қырық оба», «Жүз оба» деген жота, белестер сол замандардан қалса керек.

28. Едіге би

Едіге — Арғын тайпасының Сүйіндік атасынан шыққан атақты би-шешен. Фольклоршы Машһұр Жүсіп Көпейұлының жазуына қарағанда Едіге тіптен 10-12 жасынан билікке араласқан есті бала бопты. Бұған ол мынадай бір аңызды тілге тиек етеді:

«Қазақ даласына қалмақтар баса-көктеп жайлаған кезде қалмақтың бір ханы: «Арқадағы қазақтың айғыры кісінесе, Сырдағы қалмақтың биесі құлын тастайды» дегенді сылтау етіп, Арқаға шабуыл жасап, малын айдап кете беріпті. Арғындар малдарының артынан қуып баруға бата алмапты. Сонда он жасар Едіге бала:

— Сіздер бата алмасаңыздар, мен барайын, мені елшілікке жіберіңіздер?

— Балам-ау, атақты, азулы билер беттемей отырғанда саған не жоқ, қалмақтың қаһарлы хандары сені шыбын құрлы көрмейді ғой.

Едіге екіленіп, бұған көнбепті. Сонда бір ақсақалды қария:

— Бала талап қылып тұр екен, бетінен қақпайық. Рұқсат берейік, — дейді. Сонымен Едіге бала атан түйеге екі кебежені теңдетіпті де, біріне өзі отырып, екіншісіне бір дәу көк текені салып алыпты. Түйені бір жігітке жетектетіпті. Сөйтіп қалмақ ханының аулына жақындағанда ауыл иті абалап алдынан шығыпты. Едіге әлгі иттерді садағымен атып тастай беріпті. Қалмақтың екі жігіті оның алдынан шығып:

— Сен кімсің? — десе, Едіге:

— Елшіміз, бар, ханыңа хабар айт! — деп жібереді. Қалмақ жігіті ханға барады:

— Бір бала екен, елшімін, — дейді. Хан айтыпты:

— Келсін.

Едіге хан ордасына барып түйесін шөгеріп, түсіп жатады:

— Қазақтың елшісімін. Мал соңынан қуып келемін. Хан оған күле қарап:

— Аулыңның үлкені қайда? Кең құрсақ, келелі билерің қайда? Көпті көрген ақсақалдарың қайда? — деп, оған сұрақты жаудырыпты. Сонда Едіге бала саспапты:

— Үлкеніміз мынау, — деп түйені,

— Кең құрсақ биіміз мынау — деп кебежені,

— Ақсақалымыз мынау, — деп текені көрсетіпті. Хан бұған ашуланып, долданыпты:

— Адамы жоқ, өңкей айуан ел ме едіңдер?

— Тақсыр, онда маған неге сөз айтып тұрсыз? Ендеше, сіз де адам болмағаныңыз ба?!

— Сөзін қара, өзін қара, ал елші екенсің, неге жұрттың итін ата бересің?

— Тақсыр, мен қойшымын. Қойыма қасқыр шапты. Бар итті шақырып едім, келмеді. Қойды қасқыр қырып кетті. Ауылға келсем, иттер абалап алдымнан шықты. Ит көрсем, атып тастай беруге ант еттім. Иттер керекті жерде үрмей, керексіз жерде үреді.

— Шақырғанда келмеген өз итіңді атқаның мақұл, ал біздің итте не ақың бар?! Ақымақ, сонау Арқадағы сенің айтқаныңды Сырдағы қалмақ иттер қайдан есітсін?!

— Ай, тақсыр-ай, өзіңіз айтқандай, Арқадағы қазақ айғырының азынағанын Сырдағы сіздердің билеріңіз қайдан есітсін? — дегенде барып хан:

— Е-е, енді түсіндім сенің тұспалыңа. Жөн сөз екен. Өзің бір болайын деп тұрған бала екенсің, кімнің баласысың, атың кім?

Едіге жөнін айтыпты. Хан жігіттерін шақырып алыпты да:

— Айдап келген барлық малын қайтарыңдар, — деп бұйрық беріпті. Міне, осыдан бастап Едіге «бала би», «батыл би», «әділ би», аталып, билік айтуға жолдама алыпты.

29. Кім көргіш

Қаракесек Келдібек жігіт күнінде (қыз таңдап) түсінде ата-бабаларының аян бергеніндей қызды кездестре алмай, үйленбей көп жүріп қалады. Күндердің бір күнінде бір жерде үлкен жиын-той болыпты. Сол тойға жиылған көп сұлулардың ішінен аяғын сылтып басатын, көзі кәдімгіден қиғаштау бір қызға көзі түседі де, оны ұнатып қалады. Көп ойлануға шамасы да келмеген Келдібек әке-шешесінің қасарысқан қарсылығына қарамастан құда түсіріп, қызға үйленіп те үлгеріпті.

Ауыл-аймақ, тума-туыс бәрі-бәрі: «Япырай, «таңдаған тазға» деген осы да» деп таңданған екен. Бірде Келдібектің құрдас, көңілдес досы шай үстінде отырып:

— Келдібек-ау, осы екеуіңнің қайсыңыз көргішсіңдер? — деп күлістік еткендей болады. Сонда келіншек құрдас-досына сыпайы ғана күлімдей қарап:

— Жасырмаймын, көзім қыли, ақсақпын,
Келдекеңмен сондай тату жақсы-ақпын,
Татулықтың белгісіндей ұмытылмас,
Төрт божанды билейтін ұл таппақпын! —

деген екен. Көп кешікпей келіншек ұл тауып, атын Қазыбек қойған екен. Осы Орта жүзді билеген Қаздауысты Қазыбек атанды.

30. Ескелдінің әуестігі

Алдына жүгініп келген адамдарға Жанғабыл би ұдайы ағылтегіл сөз түйдектерін төгеді екен. Сонда 11-12 жастағы Ескелді бала:

— Ата, бұл өз тақпағыңыз ба? — деп сұрапты. Қарт:

— Әй, балам-ай, бұл — атадан балаға мұра боп келе жатқан сөз. Халық дана ғой, зер салып қарасаң, тірлік-тіршілік атаулының бәрін — болмыс-бітімін, жай-күйін толған айтып кеткен ғой. Бұл дүниеде сөзден құдіретті нәрсе жоқ. Сол бұрынғы өткен ғұлама аталарымыз ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген ғой, — дейді.

Сонда бала:

— Сіз маған айтыңызшы, менің нағашым Төле биден асқан би жоқ дейді, осы қалай? — депті.

— Иә, бала, сен оны жайдақ, жадағай айта салма, дұрысы қалай еді, халықтың мақал-мәтелі, халықтың баға жетпес асыл қазынасы, екінші сөзбен айтсақ, бұл ата-бабаның аса бағалы інжу-маржан гауһар сөзі — сол ата-бабаның бізге қалдырған аманаты. Аманатқа қиянат қылудың жолы ауыр, ондай адам, шариғат жолымен айтсақ, жетінші тозаққа барады. Оны қатыма деп атайды. Ол тозақтың жамандығы соншалық, тіршілік иесі тұрмақ, қара тастың өзі де жалындап жанып, балқып кететін жер. Ал жәбір-жапасы басқа тозақтан жүз мың есе көп... Рас, нағашы атаң осал емес, — деп, Жаңғабыл қария немересінің бетіне сүйсіне қарап, сөзін жалғастыра түсіпті: — Адам не нәрсеге де салмақпен қарау керек. Төле би әр жағдайға, әр іс-қимылға, тіпті әрбір дыбысқа ой жіберіп отырады. Сен нағашы атаңның Қазығұрттың бауырында егін салып, халықты ақ нанмен асырып отырғанын талай рет естідің ғой. Ал Қазығұрт — тау атаулының ішіндегі ең қасиеттісі. Халық оны баяғыдан бері жырлап келеді, — деп, тағы да мынадай тақпақ айтыпты:

— Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан қалған.

Сонда Ескелді атасына қарап:

— Бүткіл тірлік-тіршілік атаулы Қазығұрттан таралыпты деп естуші едім. Сол рас екен-ау! — дейді.

— Иә, балам, дұрыс айтасың. Күллі тіршілік тек қасиетті таудан бастау алған, — дейді атасы Жанғабыл.

31. Ескелдінің ер атануы

Абылай ханның арындап тұрған кезінде Қаратал өзені бойындағы Үштөбе деген жерде қалмақпен бір қатты шайқас болып, қалмақтың аса зор Далаңқор деген батыры ортаға шығып, «жекпе-жек» деп айғай салыпты. Жұрт бөгеліңкіреп тұрғанда, бұған қарсы атойлап Ескелді жетіп барыпты. Бірін-бірі ала алмай көп шайқасып, ақырында қалмақ батырының қапысын тауып, Ескелді батыр оны атынан аударып, басын кесіп, айдарынан ұстап ханның алдына алып келіпті. Бұдан кейін Ескелдінің бастаған сарбаздары лап қойыпты. Мұны көріп қалмақтар дүрліге қашыпты. Осыдан былай Ескелді ер атаныпты.

32. Ескелдінің шарапаты

Қалмақпен соғысқанда көп ерлік көрсеткен Ескелдіні 1750 жылдары жоңғарлар қолға түсірген көрінеді. Сонда Ескелдінің аш қалған мысығы етті ұрлап жегені үшін қалмақтың бір батыры өз баласына: «меңсіз ақ мысықты алысқа апарып таста» дейді. Бала бір жерге апарып көзі байлаулы мысықты жерге тастай бергенде, ақ мысық бала мінген аттың қабырға қапталына жабыса кетеді. Ат мөңкіп, баланы үзеңгісіне сүйреп өлтіреді. Баланың бір аяғы жамбас буынынан жұлынып, үзеңгіде келеді. Сонда қалмақтың батыры өз бармағын өзі шайнап өкіреді және Ескелдіні қолма-қол алдына келтіріп:

— Мені сенің қасиетің ұрды!.. Оны білмей баламнан айырылдым. Енді, кешір, айыбына не қалайсың?» — дейді. Ескелді:

— Еліңді бастап бұл маңайдан алыс жаққа көшіп кет», — дейді. Қалмақтар бір түнде көшіп жоғалады. Қолға түсіп кеткен Ескелді аман құтылып қайтып келгенде, ауылы:

— Қалай босанып келдің? — деп сұрайды. Ескелді:

— Қалмақты алысқа көшіріп жіберіп келдім, — дейді. Барып байқаса, бәрі рас. Сонда ел жиылып Ескелдіге:

— Сенің тұқымыңның тұқымын сыйлап өтелік, — деп уағда етісіпті.

33. Елдің иесі, жердің киесі болады
(I нұсқа)

Төле бидің туған жиені Ескелді он алты-он сегіз жасар шамасында осы нағашысының ауылына барады. Сол кезде «Сабалақ» аталып кеткен балаң жігіттің түйе бағып жүрген кезі екен. Бәрі бас қосып отырған бір сәтте сол Сабалақ Төле биге қарап:

— Ұлы би, менің де қалмаққа қарсы аттанатын кезім жеткен сияқты. Маған батаңызды беріңіз — депті. Сонда Төле би:

— Болат кездік қын түбінде жатпасын білгенмін. Жолың болсын, бара ғой! — деп батасын береді.

Кетіп бара жатқан Сабалақты Ескелді тоқтатып:

— Батыр, мыналарды есіңе ұста, — деп төбесіндегі тақиясын көтеріп басына екі соғады, белбеуін шешіп жоғары көтереді де, тілін шығарып, қолын бұлғайды. Сабалақ басын изеп шығып кетеді. Жауына тұтқиылдан шапқан Сабалақ жаудың бетін қайтарғанымен, олардың бекінісін ала алмайды. Қалың қолдың еңсесі түсіп, қайтпақ сыңай танытады. Сонда Абылай:

— Төле бидің жанында отырған балаң жігіт маған ақыл айтып еді, соны орындасақ, бұл қамалды алып қалармыз, — дейді.

— Ол қандай ақыл?

— «Қалмақтың бекінісі мықты. Бірінші рет ала алмассың, екінші рет шап. Жай шаппа, белбеуіңді ту ғып көтеріп, «Абылайлап» шап!» деген еді. Одан кейін аузын ашып, тілін көрсеткені — «бекініс алынар, бірақ тіліңе ие бол, ешкімге-тіл тигізбе» дегені. Қазақ, қалмақ өуелде бір туысқан. «Елдің иесі, жердің киесі болады» деген, аузыңа абай бол деп еді.

Осыны айтқан Сабалақ белбеуін ту етіп «Абылайлап» ат қояды. Қайта шабуылды күтпеген қалмақ жағы жеңіліс тауып, қамалдың қақпасын ашады. Сабалақ (Әбілмансұр) осыдан былай Абылай атанып, кейін хан сайланады, Ескелді би бас уәзір болады...

34. Барлауға шыққанда

Ал мына бір оқиға Төле бидің әбден қартайған шағында болған екен деседі. Қалмақтың Ақшыр деген әрі ханы, әрі батыры «Төле бидің Мәмила деген қызын берсе, қолынан, бермесе, жолынан аламын» деп ауыл маңына ақ шатырын тігіп жатып алыпты. Балпық келіп Төле бимен ақылдаспақ болған екен, «Тұра тұр, Ескелді де келіп қалар, ақылды бір-ақ қорытайық» депті. Айтқандай-ақ Ескелді де келеді.

— Не істеу керек? — дегенде, Ескелді:

— Соғысып қан төкпейік. Бүгін түн Балпық екеуміз оның шатырына барамыз. Ертеңгілік бір белгі болып қалар, — деп, Балпықты ертіп жолға шығады. Балпыққа аттарды ұстатып қойып Есекең әппақ көйлек-дамбалмен шатырға кіреді. Қалмақтар қарта ойнап отырса керек, қорыққандарынан қозғала алмай қалады. Есекең қолындағы қамшысының сабымен төрде отырған Ақшырдың тамағынан жүргізіп өтеді де, шығып кетеді.

Сол түні Ақшырдың аузы-мұрнынан қан кетіп, зәресі ұшады. Дереу шатырды жықтырып, қайта көшеді. Жол үсті үзеңгілестері не болғанын сұрайды ғой. Сонда Ақшыр:

— Түндегі ақ киіммен келген кісінің екі жолбарысы бар екен. Соның біреуі менің аузы-мұрнымнан қан шығарды. Екіншісі сендердің көздеріңді байлап тастады. Енді жолымыз болмайды, — депті.

35. Тоған тартқанда

Тағы бір аңыз былай дейді. Сыр бойынан көшіп келген ел Қаратал өзенінің бойына қоныстанған соң, егіншілікпен айналысуды да ойлайды. Мұны да бірінші болып қолға алған Ескелді би болады. Ол арықты қай жерден және қалай қазудың бәрін көрсетіп отырса керек. Бірде бүгінгі Талдықорған ауданының территориясында орналасқан су диірменің жоғары жағынан тоған қаздырып, бүгінгі Шымыр, бұрынғы Нұраның үстімен жүргізеді. Мұны көрген Ескелді би «қара қазан сар баланың қамы үшін» деп астындағы ақбоз атын шалған екен деседі. Осыдан кейін ғана су жүріп берген.

36. Ескелдінің ерлігі

Абылай да Ескелдіні ес тұтқан. Бірде қалмақ басқыншылары жауынгерлерінің жойқындығын, дүбірлі екендігін сезген Абылай сарбаздарына: «Қыспаққа түскелі тұрмыз-ау, бас көтерер ер азаматты түгел жинаңдар. Осы маңда өзі батыр, өзі мерген, ақылы алғыр, сөзге шешен, елге көсем, Ұлы жүз жалайырының Ескелді атты азаматы бар. Сол батырды алдырып, бір жасаққа қолбасшы жасаңдар», — деп нұсқау береді. Ескелдінің де тепсе темір үзетін, айбынданса, орда бұзатын кезі екен. Абылай хан қолқа салған соң, Ескелді қаптаған жау жасағына тойтарыс беруге бірден аттанады. Қалмақтардың алғы тобының қалың шебіне қырғидай тиіп, бекіністерін талқандап, жеңіске жетеді.

Ескелді бастаған ел қорғаушылар Іле, Бақанас бойында да жоңғарлардың жойқын күшіне қарсы шығып, қаскөйлерді кейін ығыстырып, елі мен жерін азат еткен. Қабанбай батырдың жауынгер тобына қосылып, жоңғарлардың есін жиғызбай қатты соққы беріп, шекарадан асыра қуған. Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Балқаш көлінің бойындағы, Текелі тауы мен Қапал қырындағы жоңғар шапқыншыларын талқандауда да Ескелді бастаған сарбаздар ерлігімен танылғаны есте сақталған шежірелердің арқауына айналған.

37. Ақылды Бабаның амалы

Ұлы жүз Үйсіннің бір баласы — Дулат. Дулаттан Ботпай, Шымыр, Сиқым, Жаныс туады. Қазіргі Шымыр ауылында (Талдықорған ауданы) сол шымырлардың қаздырған тоғандарының орны бар. Соның басынан көмей арық шығарамыз деп Ескелді сынық қазан көмдіріп қойған екен. Сол маңға шымырдың бір биі де белгі қойыпты. Екеуі таласады. Билік құрылып, іздеу шыққанда жердің бетіндегі шымырдың белгісі табылмайды. Көмілген Ескелдінің сынық қазаны шығады. Содан бастап көмей арық Жалайырдың Сиыршы, Мырза балаларына тиесілі болып қалыпты.

38. Жез қармақ

Бірде үш әулие: Қабылиса, Ескелді, Балпық үшеуі қырда келе жатады. Жол үстінде Балпекең атынан түсіп, дәрет сындырып тұрса, атының шылбыры қолынан шығып кетеді. Мәжбүрлігін тындырған соң атына ұмтылса, ат тоқтамай бара жатқан Қабылиса мен Ескелдінің соңына ілесіп, желе-жорта береді. Бірнеше рет ұмтылғанымен Бапекең атын ұстай алмайды. Болмай бара жатқан соң:

— Оу, Есеке, құдіретіңізді бір көрсетпейсіз бе, өкпем өшетін болды ғой, — дейді. Сол-ақ екен аттың шылбыры тобылғының түбіне оралып қалыпты. Атына қарғып мініп, Бапекең де қатарласады. Бірақ үндемейді. Бірер үндемейді. Бірер қырдан асады. Есекең сәл мойнын бұрып:

— Әй, Балпық, жаяу қалмағаныңа шүкіршілік етпеймісің, жез қармағымды қайтарсаңшы? — дейді. Сөйтсе шылбыр ұшын тобылғы түбіне орап қалған Есекеңнің жез қармағы екен. Бапекең қайтарыпты.

39. Тараған өкпе—татулықтың ишараты

Жасы жағынан Ескелді би үлкен, Балпық би кіші екен де, Дарабоз-ана олардың екеуінен де үлкен болса керек (төркіні — Күшік, түскен жері — Андастың ішіндегі Кенжеке). Бұрындар келін ата-анасының үйінен мініп келген атына ауыл балаларының бірін отырғызатын дәстүр болыпты. Дарабоз-ана келін боп түскен кезінде алдынан шыққан бір топ баланың ішінен өзіне ұнап кеткен Балпықты тік көтеріп алып атына мінгізген екен. Ел ішінде «болашақ әулиені, бәлкім, өзі шарапатты адам білген шығар» деген сөз бар.

...Бірде Есекең мен Бапекен өкпелесіп қапты. Мұны естіген Дарабоз-ана дереу екеуін де қонаққа шақырып, алдарына бір ыдыспен ас қойыпты (айран болса керек), екі қасық беріпті.

Қасығын қолына ұстаған Бапекең асықпай астан дәм татыпты да, қасығын төңкеріп қоя салыпты. Есекең де дәм татып, қасығын алшысынан түсіріпті де, араларында дәнеңе болмағандай амандық-саулық сұрасып, әкей-үкей әңгімелесіп кетіпті.

Дарабоз-ана өткенді сөз етпестен, кішісінің кішірейіп, үлкенінің үлкендік жасап, дәмін сыйлап отырғанына ризаланып, шай қамына кірісіпті.

Өкпе жайында бір ауыз сөз айтылмаса да, олар солайша бірбірінің ишарасын түсінген екен.

40. [Үш бидің әулиелігі]

Бірде Қабылиса, Ескелді, Балпық үшеуі келе жатып, Ескелді Қабылисадан:

— Мен өлгенде қай жерге қойыламын? — дейді. Қабылиса:

— Сіз Үштөбе маңындағы Қызылжарға қойыласыз, — дейді.

— Балпық ше?

— Мұның жасы сенен кіші ғой, сенен сәл төменірек батысқа таман қойылар, — дейді.

— Өзіңіз ше?

— Мен Іле бойындағы Үшарал, Көкбастау жеріне қойылармын, — дейді. Ендігі жауапты Қабылиса алмақ болып, Айнабұлаққа жеткенде:

— Апыр-ай, мына жердің у-шуы-ай! Бұл қалай? — дейді Ескелдіге бұрылып. Ескелді:

— Бұл жерге жол түсіп, қала орнайды екен. Ант көп болады екен. Ерден әйел көбейіп, қырғынға ұшырайды екен, — дейді.

Дүнгенге келгенде Қабылиса Балпыққа қарап:

— Апыр-ай, мына жерден өкіргендей дауыс шығады ғой, бұл не? — дейді.

— Бұл жерге де қала түсіп, халық көбейіп, біртүрлі өнер шығып, елді айқайымен оятады екен, — дейді Балпық

41. Қасым Сұлтанның анасы—Қандан

Үзіліссіз соғыс елді әбден титықтатып, ығыр еткен соң Абылай аз уақыт болса да дамылдау мақсатымен Қалден Серенге елші жұмсайды. Оған басшы болып Ескелді барады. Барған бетінде қалмақтың ханы:

— Сөйле! — дейді.

— Мен сөйлесем, бұрынғының адамдары айтушы еді: қазақ, қалмақ туысқан деп. Оны айғақтайтын ұқсастығымыз да көп. Ал арамызда ала ауыздық, араздық бола қалса:

«Даудың түбін қыз бекітеді,
Судың түбін шым бекітеді.
Жаудың түбін тіл бекітеді», —

деп жататын. Келіссеңіздер, сүйек жаңғыртып, не қыз беріп, не қыз алып, татуласып тынайық, — дейді Ескелді.

Сонда Қалден Серен:

— Тыңдауға сөзі жайлы, жүрек тебірентерліктей дана екен. Қыз берсек, осының өзіне берелік! — депті. Бұл сөзді ести сала Ескелді:

— Салтты санасыз бұзар. Ел ағасынан бұрын інісі жол алмас болар. Абылай еліміздің айбыны да, ағасы да, тақсыр! Жол алдымен сондағы қыздың есімі — Қандан екен дейді. Қасым сұлтан сол кісіден туған деседі айтушылар.

42. Қызайлар үшін күрескенде

Найман елінің бір атасы — қызай ел-жұртына өкпелеп, жалайыр ішіне көшіп кепті. Оның себебі аламан асыр той үстінде көкпар тартып жүрген жігіттердің бірі мерт кетіп, оның өліміне қызай адамдары жалалы болып қалыпты. Қасқайып кеп әдейі қастандық жасамағандықтан, олар құн төлеуден бас тартып, садырлардың бітпес дауына ұшырапты. Қызайлар сөйтсе де, теңдік бермей, үдере көшсе керек.

«Жасырынған жерлерің жалайыр ғой, олардың да сағын сындырармыз» деп тістенген садырлар бір үлкен адамның асына жалайырларды әбден кештетіп шақырыпты. Жалайырлар ат жаратып, балуан іріктеп үлгермеген екен, Ескелді сонда да нартәуекелмен аза салып, тартып кетіпті. Атқосшысы тепсе темір үзерліктей, жап-жас Қарабек деген батыр екен, Есекең:

— Осы сенің атың қалай еді? — депті.

— Кім білсін, әйтеуір, ит қоспай-ақ қасқыр, қарсақты соғып алып жүрмін ғой, — дейді Қарабек.

Есекең атты екі айналып өтіп, «Қос бәйгеге!» дейді. Сонымен ат бәйгеге кетеді.

Содан күрес басталып, палуан ізделінеді. Елінің аты аталып жатқан соң, Есекең Қарабекке қарап:

— Қара күшке қалай едің? — дейді.

— Қалай дейін, насыбай уқалағанда қарағаш, қайыңдарды бұрап, шырынын тамызып жүрмін ғой, — деді Қарабек.

— Күрес! — дейді Есекең.

Ақырында бәйгеден Қарабектің жирен қасқасы келіп, қара нар, қалы кілемді иемденеді. Өзі алысқан адамының атан жілігін үзіп, бас бәйгені — тоғызды алады.

— Бұл сендердің аталарыңның әруақтары жебеген соң келген жеңістік, — деп, Есекең екі бәйгенің де шыпшырғасын шығармастан қызай бауырларына әкеп беріпті.

43. Бір найза ма, жүз найза ма?

Қыстың қыспағынан қысылып әрең шыққан халық күннің қызарып батып, айдың қораланып туғанынан-ақ іштерін тартып, үрейленіп жүргенде, Алтынемелдің күнгей, теріскейін түгелдей шарпып Сван Рабданның бір түмен қолы лап қояды. Бұл кезде бір жамандықты іштері күнілгері сезген жалайыр елі қамыстан сал буып, Іле-дариядан батысқа қарай өтіп жатса керек. Бұл маңға қарай жөңкілген ойраттардың жақсы жарақтанған қолына Лаузан-Шона деген қолбасшылық жасапты. Ол «қашқан елге қатын да батыр» дегенді малданып, төрт түліктерінің тең жарымынан астамын тастай көшіп бара жатқан жұрттың соңынан Қашқа деген зайсанды салыпты.

Қашқа алғашқыда аздаған ғана қолын ұрысқа кіргізеді де, Іленің оң жағасындағы тосқауылға қойылған жалайырлардың жасақтарынан күйрей жеңіледі. Мұны естіген Лаузан-Шона келесі күнге әмір беріп: «Алдымен батырларын жекпе-жекке шақырған болып, күшін анықтаңдар», — дейді.

Қолбасшы айтса, қолдамайтын кім бар? Келесі күні Іле бойының бір тақырында жекпе-жек соғысы өтеді. Ойраттардан шыққан жеті батыр жер құшады. Бәрін мерт қылған астында көк бурыл бестісі бар отыздардың ішіндегі жігіт болса керек. Күн ұясына қонып бара жатқанда ызаға булыққан Қашқаның

өзі шығыпты жекпе-жекке. Бірақ ол орнынан оқ бойы қозғала беріп-ақ атынан ауып түседі.

Бас қолбасшы әлгіні өзіне шақырып алып, не болғанын сұрағанда:

— Білмеймін, есім ауды ма, әлде жын соқты ма, орнымнан қозғалғанда, алдымдағы найза жалғыз еді, «Ескелді! Ескелді!» деген есім жаңғырығып кеткен кезде, кеудеме жүз найза қадалғандай болып, қалай ұшып түскенімді білмей қалдым, — депті Қашқа.

Сол Қашқа жоңғарлар жорығының соңына дейін қару көтеруге жарамай, ақыры жалайыр елін іздеп келіп, Ескелді батырдың есігінде көз жұмыпты дейді бір аңыз.

44. «Халықтан қайыр болмаса, хан бұзылады»

Жоңғарлардан қорқып жөңкіле көшкен жалайыр елі Шу бойына жеткенде де еру болып, тоқтамапты. Басқа жұрт бастарына ауыртпалық түскен сол шақтың өзінде сол маңайдағы Болат ханның ордасына қайырылып өтіп жатса керек. Ескелді, Балпық батырлар бастаған босқындар олай өтпей, төтелей тартыпты. Мұны естіген Болат хан жедел «Оқжүйрік» деген атына міне салып, Ескелділердің жолын кес-кестеп:

— Әруақ аттағандай ордаға мойын бұрмай қайда лағып бара жатырсыңдар? — дейді.

Ескелді екі рет жөткірініп, аузын ашқанда Балпық батыр:

— Халықтың қайыры болмаса, хан бұзылғанға ұқсайды, қойнауы құт Қаратау — Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер емес пе, біз де сонда барып аялдармыз. Сол арада арғы алшын, бергі арғын, найман ағайындармен ақыл тоғытармыз, сірә! — дейді.

— Батыр, жаңылып тұрсың-ау, «Ханнан қайыр болмаса, ел бұзылды» демеуші ме еді? — дейді Болат хан сызданып. Осы сәтте найзасын жерге қадаған Ескелді:

— Уа, сұлтан! Әкең сенің Тәуке хан — «әз-Тәуке» болып елдің аузына ілініп, талай тағылымды іс атқарды. Үмітін үрім бұтағынан күтіп, сенің атыңды Болат қойып еді, бірақ сен болат емес, болжыр болдың. Бізді басынбаған кім қалды, оң бүйіріңнен Хиуа, Қоқан, Бұқар, Самарқан хандықтары

қадалып еді, енді қақ маңдайдан қалмақтар соғып отыр. Сенің жеткізген жерің осы. Балпық қателесіп тұрған жоқ, енді халықтың өзінен қайыр болмаса, елдің азғаны азған, тозғаны тозған. Сенің билігің әрісі екі, берісі бір жылдан аса қоймас, орданды бұзып, отқа жақ та, біздің көшке ілес. «Кілемге біргісіз алаша бар, ханға бергісіз қараша бар» деген. Төле би атам аман болса, саған да, маған да жол табады, — деп жүріп кеткен екен.

45. «Шымылдық қарағайдағы» шайқас

Ұлы жүз — үйсін мен Кіші жүз — жағалбайлылардан құралған жасақтардың тегеуіріндеріне шыдай алмай, тым-тырақай шегіне бастаған ойраттар Текеліге жеткенде бастарын біріктіріп алып, Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған беткейлерінің солтүстік теріскейіндегі таспадай тартылған табан жолмен шұбырып «тосқауыл» тәсілін шебер пайдаланып отырыпты. Амалы көп айлакер жауды түре қуып, ақтық жеңіске жете алмайтындықтарын аңғарған Ескелді батыр бастаған қалың қол аз-кем мәжілістесіп алған соң, жаудың соңына қозы көш жерден көрініп отыратын қос атты жасақтарды ғана қалдырып, өздері Күйелі, Көксу, Сандықтас, Қарағайлы арқылы жауды алдынан орап түсуге оқталыпты.

Жер жағдайына жетік әскер бір тәулікке жетпей-ақ өздері діттеген Қызылауыздан шығады. Бірақ негізгі күшті арттарындағы Қарағайлының қалың ну орманына жасырып қояды. Қызылауыздағы қақтығыс көпке созылмайды. Қазақтардың шамалы екендіктерін сезіп қалған қалмақтар өңіреңдеп қуып береді. Қашқан қазақтар Қарағайлыға жеткен кезде қақ жарылып, бір тобы оның шығыс жағын, екінші тобы батыс жағын алып, тік қабаққа өрмелей жөнеледі. Қалмақтар да қалмай, екіге жарылып өкшелей түседі. Осы сәтті ғана күтіп тұрған Ескелді, Балпық батырлардың Қарағайлы ішіндегі қалың қолдары шыға келіп, екіге жарылған жаудың бастарын біріктірместен тас-талқан етеді.

Ескелдінің тікелей қолбасшылығымен жасалған бұл «Аран» тәсілге қайран қалған қалмақтардың қонтайшысы қолға түсіп тұрып:

— Тайқазандай төңкеріліп жатқан мына беткейдің ну орманын қалай атайды? — депті. Қазақтар «Қарағайлы» десе, ол басын шайқап:

— Жоқ, бұл — біздің көзімізді байлап, көңілімізді қараңғылаған шымылдық қарағай, біз алданып қалдық, — деп бармаған тістепті. Сол күннен бастап, ен жайлаудағы сол жерді тұрғылықты халық та «Шымылдыққарағай» деп әйгілеп кетіпті.

46. Соңғы жекпе-жек

Орта жүз қазақтары жоңғар шапқыншылығынан біржола құтылып, жерлері жаудан тазарған кезде, Абылай, Төле би бастаған қазақтың жақсы мен жайсаңдары қалмақ хандығының тағына өздері ұнататын және қазақ халқына іш тартатын Әмірсана деген ноянды отырғызбаққа күш салып көріпті. Осы әрекеттердің ішіне Ескелді батыр да қатысып, неше дүркін қалмақ еліне барып қайтып жүріпті.

Бұл кезде Ұлы жүз, оның ішіндегі жалайырлардың жазғы жайылым-жайлаулары жаудан толық тазартыла қоймаған екен. Жоңғар қақпасына таянғанда Ескелді ханнан рұқсат сұрап, биік таулар Сартөр, Сарыжазық, Төлектің төрі атты жайлаулар арқылы алды Іле, арты Шу бойында жатқан еліне қарай бет түзейді. Шағын қолмен талай қиындықтарды көріп, Қызылауыз деген жерге жеткенде, сол арадан бір көш бойы жердегі теріскейді алып жатқан еңселі тау мен ағынды өзеннің басында қалмақтардың жарты мыңдай қолының жасырынып жатқанын естиді. Оларды көрген Ескелділерден бөлініп, аң аулай шыққан Тәттібай мерген екен.

Алдымен елші салып көрсе, қалмақ қолын бастаған Шажа деген ноян болып шығыпты. Ескелді өзінің екі жүзге тарта шағын қолын төбе-төбелердің басына таратып, «арт жағымызда қалың әскер» деген үрей тудырыпты. Үлкен түменнен бөлініп қалған қалмақтар қазақтардан аман кетудің бірден-бір жолы жекпе-жек деп ұйғарса керек. Олар басына бұқаның мүйізін байлаған Шажа батырды шығарыпты. Ескелді батыр шойын шоқпарын сонда бірінші рет жұмсап, Шажаны бір сілтегеннен-ақ жан тәсілім еткізіпті дейді.

Батырлары өлген соң, басқалары аттарынан түсіп, тізе бүгіпті. Жеңілген мен жығылғандарды жұдырықтамау ол кездің қатаң ғұрпы екен. Есекең ешбір қалмаққа зәбір көрсетпестен, еліне қайтарып тұрып:

— Батырларың сендер үшін мерт болды. Соғыс даласында қаза болған мұндай жандарды қазақтар шейіт дейді. Мәйітін арқалап тегі кете алмайсыңдар, одан да ақ жауып, арулап осы араға жерлеңдер. Біз мына тау мен өзенді осы батырларыңның есімімен Шажа деп атайық депті, — дейді жарықтық.

47. Атаның ақтық сөзі

Әулие баба күз түсіп, жапырақтар сарғая бастаған шақта өзінің ежелгі, ескі мекені — қырық жыл қызығын көрген Қызылтас маңындағы Қалпақтас қойнауында (кейініректе Ереншінің сайы аталған тұста) Алланың аманатын беріп, дүние салыпты. Ол былай болса керек. Жылқысын түгендеп, Кемерашыдан жоғары Сардоңғал асып, Текеліге қарай бет түзеген шағында, кіші анамыздың үйінде отырып:

— Болды, қайталық. Дәуренім өтті, талқаным таусылуға таялды, — дейді.

Жиылған жұрт бұған сенер-сенбестерін білмей, аң-таң болысады. Назарлары би атаның өзінде. Ажары айдай, ауырып-сырқамаған жанның бұл сөзіне қайран қалысады. Сол сәтте Есекеңнің өзі:

— Байқап тұрмын, батырып айтпасам, барлығыңның нанатын түрлерің жоқ. Әлемде ақыл-естен сезімтал ештеңе жоқ. Ес жоғалмаса, ел болады, ұрпақ өседі. Сондықтан өз жандарыңды өздерің қастерлеп, қадірлеп, тыңдай білсеңдер, жаман болмайсыңдар. Менің нұрым ұрпағымның жүзінде жүретін тәрізді. Соған қуанып отырмын. Ұлы тәубәм де — сол.

Сендер, көп қарайламаңдар, үлкен үйге хабаршы жіберіңдер. Мен барып жеткенше, түгел жиылсын, бақұлдасып кетейін, — дейді.

Бұдан соң атына мініп, сол маңдағы ең биік төбеге шығып:

— Елімнің құты, ерлерімнің панасы: Сардоңғал, Сарноқай, Қора, Шажа, Сандықтас, Сартөр, Ұлы Алатау, қош, қош бо-

лыңдар бәрің де, қош! — деп үш мәрте дауыстайды да, батысқа — Қызылтасқа қарай атының басын бұрады.

Жеткен хабаршыдан құлақдар болған ел екі кештің арасында күтіп отырыпты. Дастарқан басына бата жасап болып:

— Бұған да шүкіршілік, қош болыңдар, халайық... Менің жаназамды шығарып болған соң, сүйегімді ақ атанға артыңдар да, басын бос жіберіңдер. Ол қай жерге барып шөксе, сол жерге жерлеңдер. Бар аманатым осы! — депті де, ұясына қона берген күнмен бірге нұрланып жатып, ұлы баба көз жұмыпты.

Артындағы ұрпағы ата аманатын мүлтіксіз орындап, ақ атанға артылған мәйітінің артынан еріпті. Ол қазіргі Қызылжар қабағына барып шөккен екен. Сол жерде қазір қасиетті бабаның бесінші ұрпағы жаңартып салған бесінші ескерткішкешен алыстан көрінеді.

48. Қабан ақынның сыны

Жетісудің әйгілі батырлары Өтеген, Райымбек Қарашпен тұстас екен.

Өтеген батыр жеруйықты іздеп, жапанды аралап еліне оралғаннан кейін Дулат Қараш, Өтеген, Албан Райымбек, Жалайыр Қабан — төрт батыр Өтегеннің үйінде бас қосады. Райымбек, Өтеген — құрдас, Қараштың жасы олардан кіші екен, бәрінің үлкені Қабан көрінеді.

Райымбек сөз бастайды:

— Өтеген, ел аралаған сыншы деген, жер дүниені аралап келдің, жасымыз болса келді, батырсың, әрі көпті көрдің, өлген күнде жәйіміз не болады, қайсымыз қайда қаламыз, соны айтшы, — депті.

Өтеген:

— «Аға тұрып сөйлеген іниден без» деген, дүниенің жарығын бұрын көрген алдымыздағы ағамыз Қабан айтсын, — деп сөздің кезегі Қабанға бұрыпты.

Сонда Қабан:

— Екеуің біріңді-бірің түртікілеп, ақыры мені сөйлеттіңдер ме, тыңдаңдар, айтып көрейін, — деп сөз бастапты. — Обалым атымды Қабан қойған әке-шешеме болсын, атым Қабан болғандықтан, бір бастаудың басында, шоқ қамыстың түбінде бо-

ламын. Үш күн денем жерде жатады, үш күннен соң табылмайды. Ал, Өтеген, сенің жайлы, жылы мінезің бар еді, жылжып аққан судың жағасында қаласың, бірақ түбінде жылжисың. Райымбек, сен көпшіл ең, қиямет қайымға дейін басыңнан дабыр кетпейтін үлкен жолдың бойында қаласың, — депті-міс.

49. Ақынның үйленуі хақында

Қабан ақын үйленбек болып, наймандағы бір адамның қызына құдалық жіберсе, ол: «қызымның теңі емес, аяғы ақсақ, өзі саяқ сағал екен, бермеймін» деген теріс жауап қайырыпты.

Бұдан соң ақ түйесіне мініп, ақынның өзі аттанады. Естіген жауабы тағы сол баяғы сөз болып шығады. Сонда ақын:

— Маған бересіздер, мына қыздарыңыздың оң иығының үстінде бармақ басындай қалы бар. Оны маған Алланың өзі аян ғып тұр, — дейді.

Айтылған белгіні әкесі білмейді екен. Бәйбішесінен сұраса, рас. «Ә, мына кісі әулие екен, қарсыласып болмас», — деп, қыздарын ұзатыпты. Сол қыздан туған балалар: Сүлеймен, Оспан, Әбдіманап, Ысқақ және Қоянкөз дейді қарт шежірешілер. Бәрі де шарапат шалған жарамды жандар болып өсіпті.

50. Қоянкөзге Қабанның өлең сыйлауы

Қоянкөз ұзатылар мезетте шапырашты жұртынан ұзатылып баратын күйеу жігітінің қайтыс болғаны жөнінде хабар келеді. Қазақ дәстүріне берік ауыл ел жоралғысын сақтауды көздейді. «Біз жесіріміздің оң жақта отырып дауыс салуын қалаймыз» дегенді айтады құдалар жағы. Шапыраштылар келе жатқаны жөнінде хабар да жетеді.

Осы арада Қоянкөз түс көреді. Түсінде әкесі Қабан:

— Көген аласың ба, өлде өлең аласың ба? — дейді.

Сонда Қоянкөз:

— Көген елде болсын, өлең менде болсын, — депті. Содан Қоянкөздің барған жерінен Сүйінбай сынды көкірегіне өлең ұялаған дарабоз ақындар шығады.

51. Ақынның ақырғы сөзі

Ақын ата дүние салар алдында ел-жұртын жиып алып, қоштасып:

— Менің атымды hарам мақұлықпен атап қалғандығы үшін ғана жер қойнына кірермін. Әйтпегенде олай болмас еді. Сонда да жер қойнынды көп жатпаспын, — депті.

Айтқанындай екі-үш күннен кейін көрдің бір бүйірі үңірейіп ашылып қалыпты. Ағайындарының түсіне Ғайып-Ерен Қырық Шілтен кіріп, әулиенің денесін алып кеткендігін хабарлапты-мыс.

52. Қоныс бөлу

Сыр бойынан бері жылжып, ежелгі атамекендері — Балқаш бойына көшіп келген: Бәйшегір, Арық, Тыным балалары «Қауіп қайдан болса, қатер содан» деген сөзді малданып, қалмақтардан қорқып, Сыр бойына қайтадан үдере көшіпті. Оған Бақай батырдың әкесі Мықтыбек би қарсы шығып көрген екен, үрей қысып, үріккен ел оны тыңдамай, көшіп кетеді. Мықтыбек өзіне қараған жеті үйменен жалайырдың белді адамы Балпық бидің қасында қалып қояды. Кеткен елін сағына бастаған кезінде ол түс көреді. Түсінде өзі білетін сегіз жасар Тілеуғұл он сегізге толып, қолына шашақты найза ұстап, елін ертіп, көшіп келеді. Жақсыға жорылған түс ақырында қуанышқа ұласады. Тілеуғұл шын мәнінде батыр атанып, ата қонысына келіп, туын тігеді. Алыстан арып-ашып ағайындары жеткен соң, ел ағалары жатсын ба, жалайырдың сол кездегі аузы дуалы арыстары — Қабылиса, Жолбарыс, Ескелді, Балпық, Қарымбай сынды әулиелер алдарынан шығып, «Көш көлікті болсын» айтады.

Бапекең қашанда батыл қимыл, шұғыл шешімнің кісісі екен. Соған орай аңғалақтығы да болыпты. Билік айтып, ақылкеңес беріп отырған сәттерінде айналасындағы адамдардың әрекет-қарекеттеріне көңіл бөле бермейді екен.

Мықтыбек, Тілеуғұл араларында әңгіме бірден қоныс жайынан қозғалады. Сөйтіп, Құдыке деген байдың ауылынан басталған әңгіме аттың үстінде жалғасуға айналады. Атқа қо-

нар алдында Тілеуғұл үш дүркін артына бұрылып, жолбарыс жонды құм қойнауларына қадала қарапты. Мұны Қабылиса әулие ғана байқайды.

Салт аттылар содан желе-жортып отырып, Балықтының басына жетеді. Көк майса, көделі маңға көз тастап тұрып Балпық би:

— Қары қалыңдау түседі демесек, ел жағдайына қолайлы-ақ жер екен, таяғыңды шаншимысың, Тілеуғұл? — дейді.

Тілеуғұл басын шайқайды. Содан бұлар Сардоңғал асып, Қараталды кешіп өтеді. Сарноқайдың етегіне жетеді. Масатыдай құлпырып, түкті кілемнің түгіне ұқсап жатқан жасыл жон, бетегелі беткейді нұсқап тұрып Бапекең:

— Қауға тартып, қауқар жұмсап жатпайсың, сай-саласы толы бастау екен, суаттары бейне астау екен. Табындап сиыр, келелеп түйе өсірсең де, түңілмессің, бәлкім, осы маңды еншілерсің, Тілеуғұл? — дейді.

Тілеуғұл тағы да басын шайқайды.

— Неге алмайсың? — деп Бапекең сәл даусын қатайтады. «Сабыр, сабыр!» дегендей ғып, Жолбарыс әулие бірер рет жөткіріп қояды. Ал Қабылиса әулие болса, мырс етіп:

— Әй, Балпық-ай, бұның Балқаш бойындағы «Үш қамаудан» басқа жерді жерсінбейтіндігін Құдыкенің ауылынан аттанғанда-ақ аңғармап па едің? — дейді.

Елең ете қалған Балпық:

— Онда қайтіп еді? — деп шалт бұрылады.

— Атқа мінер алдында артына үш қайырылып қарамады ма?

— Қараса қараған шығар, онда не тұр? — дейді Бапекең.

— Тілеуғұл арыны ойлайтын ақылды жас екен. Үш дүркін артына бұрылып қарауымен: «Ағалар, атқа мініп, арнайы келген екенсіздер, соңдарыңызға ілесейін. Бірақ қойнауы құт, қысы жұмсақ осы маңды бізге қисаңыздар жетеді» дегенді ишараттады, — дейді Қабекең.

— Оу, маса-сона, шыбын-шіркей, сор-батпақтан аулақтап, неге төскейде жатпайды бұл Бәйшегір? — деп Бапекең қамшыны тағы да басып көреді. Сонда барып Тілеуғұл:

— Алда әлі атыс-шабыс көп секілді көрінеді де тұрады маған. Біз бәйшегірлер «отыз үй обыр, қырық үй тобыр» дегендей, ат төбеліндей аз ғана ел едік, қырылып қаламыз ба деп қорқамын, — деп сәуегейлік айтыпты.

— Оу, мынау не деп тұр? — дейді Бапекең сапарластарына.

Жолбарыс қысқа сөйлейтін адам екен. «Тілеуғұлдыкі дұрыс!» дегенді жылы жүзіндегі ишаратпен байқатады. Ал Қабылиса әулие болса:

— Онысы рас, Тілеуғұл көреген екен, алысты болжап тұр. Біз емес, біздің ұрпақ басынан кешетін және олар қараған патша тағынан құлап, атыс-шабысты, қан төгісті кез болады әлі. «Бәйшегір тұқымы содан шалғайлау, құм ішінде-ақ жата берсе, өсіп-өнгеніне тәуір болар еді» деп тұр ғой Тілеуғұл, — дейді.

Аға сөзінен асып көрмеген Бапекең осы сәтте барып сабасына түсіп:

— Баршаңыз бірауызды болып, болашақты да ойлауды жөн көрген екенсіздер, Құдай берекесін берсін. Ал Тілеуғұл:

— Қоныстарың құтты болсын,
Малдарың сүтті болсын,
Балаларың жұпты болсын.
Құдай оңлап, қыдыр қолдап,
Еліңе дәулет, басыңа бақ берсін.
Қарындарың тоқ болып,
Қайғыларың жоқ болып,
Аталарыңның әруағы тыныштықты ап келсін,
Әумиін! —

деп, төменгі Қаратал — Балқаш бойын бәйшегір, арық, тынымдардың еншілеріне бөлгізіпті.

53. Балпық пен Райымбек

Қос батыр қатар өскендерімен, Райымбектің жолы үлкен болса керек. Екеуі Нарынқол жақтан тиген дұшпандарға тойтарыс беріп, қайтып келе жатыпты. Жол-жөнекей бір бұлақтың басына тоқтап, ат шалдырыпты. Ұлы адамдар да пенде емес пе, Райымбек батыр:

— Кел, күресейік, — деп қоймай қойыпты.

— Жоқ, күреспеймін, — дейді Балпық.

Болмаған соң екеуі ақыры белдесіпті. Біршама алысқан соң барып, Бапекең қисынын келтіріп, қисая кетіпті. Райымбек оны сезіп қалып:

— Жоқ, сен әдейі жығылдың. Болмаса, қолыңның күші байқалып-ақ тұрды. Жарайды, сыйлағаның шығар, сені Құдай сыйласын ендеше! — деп, аттарына қонып ты.

Батырлар туралы аңыздар

54. Жәнібектің Тіленшіге батасы

Қазіргі Арқалық, Едірей тауларының өңірі керей руының ата қонысы болған деседі. Кейіннен бұл жерлерге ақтабан-шұбырындының кезінде Қаратау жақтан келген арғын мейрам сопының, оның ішінде қаракесек Қазыбек бидің балалары тұрақтайды. Қаракесек балалары аз ата керейлерге қыр көрсетіп, көптік жасай бастаған соң, ел иесі Жәнібек батыр: «Үстімізге іргелі ел, жуан атаның балалары келіп қалды. Мен тірі тұрғанда ештеме жасай қоймағанымен, күні ертең ажал жетіп, олай-бұлай болып кетсем, бұл жерді керейге қоныс ете қоймас», — деп ойлады да, жер шолып, бірақ әрекет, ізденіс жасағаннан кейін қоныс аударады.

Жаңа қонысқа елін жайғастырып болған соң, керейдің басты адамдарын қасына ертіп, бұрын-соңды адасқан, ауысқан малдарын қайтарып алу үшін Жәнібек батыр Қаракесек еліне келеді.

Қаракесектер қаймықса да, сыйласа да, әйтеуір батырдың алдынан көлденең шықпайды, қарсы келмейді. Жәнібек болса үй тіккізіп, сойыс сойғызып, өз алдына беймарал жата береді. Сәлем бере келген адамдармен шешіле сөйлесе де қоймайды. Өзінің дегені болмаса, әйгілі «бітім жоқ» деген шешімін бірақ айтады да, дегенін істететеді. Сөйтіп, осылайша қаракесектер тоқыраңқырап тұрған кезде Қаз дауысты Қазыбек бидің немересі Тіленші келеді. Жәнібек Тіленшінің сәлемін алмақ түгілі, көз қырын да салмайды. Басында жастық, астында көпшік, қисайып, қырын қараған қалпында жата береді.

Сонда Тіленші тамаған бір кернеп алып:

— Апыр-ай! «Тәкәппардың тәубасы қабыл болмайды, кеудесі көрге сыймайды» деуші еді, Мейрамның аталы төрт баласының бірінен шықсаң, бүйтпес едің. Біріміздің күннен, екіншіміздің құлдан туғанымыз-ау, тым болмаса дұрыстап сәлемдесе алмағандығымыз, — депті.

Ақырындап келіп бір бүйірден оңдырмай атқан мыналары кім? — деген Жәнібек басын жастықтан жұлып алып, әрі қарай былай деген екен:

— Қаракесектің ері туған екен,
Елі белін бекем буған екен.
Ел шетіне жау келсе,
Мінеки, шабар тайы туған екен.
Ерлі тай құнан болады,
Ерсіз тай тулақ болады.
Кел, қасыма отыр!

Жәнібек осылай депті де, Тіленшіні қасына отырғызыпты. Содан былай қарай Тіленші биді елі де сыйлайтын болыпты. Сол күннен бастап ол ел арасында құрметке бөлене беріпті.

55. Ер Жәнібек пен Тіленші би

Қарқаралыда болған бір жиында керей Ер Жәнібек шешендерді сөзден жеңе беріпті. Бір ақсақал:

— Керейдің бір шалынан жеңіліп қалдыңдар ғой. Әлгі Тіленшіжан қайда? — депті.

Шақырушы барып, Тіленші жүрмек болғанда, әкесі Бекболат:

— Ол бір ноқталы қара қабан еді, балам, оқыста шалдырып алма, байқап сөйле, — дейді.

Тіленші кіріп барғанда, үйдегілердің бәрі орындарынан тұрып құрмет көрсетіпті. Жалғыз-ақ Ер Жәнібек елемеген болып теріс қарап, жатқан қалпынан қозғалмапты. Сонда Тіленші:

— Бұл ақсақалдың әкесі Бердаулет он екі абақ керейдің жаманы еді. Жаманнан жақсы туды деп жатқан түрі ме бұл? Төренің біреуін басына жастап, біреуіне аяғын салып жатысының жаманы-ай, — дейді екі төре нәсілді кісінің елемей жатқанын

кекетіп. Сонда Жәнібек жұмған көзін ашып, қолын қабағының үстіне қойып:

— Бұл қай ұл? — дейді.

— Бұл — Тіленші балаңыз, — дейді біреу.

— «Жаманмен дос болғанша, жақсымен қас бол» деп еді, балам, тауып айтты-ау! Менің көрмегенім жоқ еді. Мен қазақты көріп едім, қалмақты да көріп едім. Он бесімде қызды көк бұқадай қуып едім, жиырма бесімде қолымды жау қанымен жуып едім, отыз бесімде үш жүздің баласын қара сөзбен буып едім. Он екі арыс арғынның артығы еді Бекболат; Бекболаттан мен тусам қандай болар едім? Он екі абақ керейдің төмені еді Бердаулет, Бердаулеттен сен тусаң қандай болар едің? Мен мүсіндей отындық ағаштан шыққан оқ емес пе едім. Сен жақсыдан жаман туған боқ емес пе едің? — дейді.

Ер Жәнібек қартайған кезінде: «Бұл жер қазаққа қоныс болмайды» деп қаракерей Қабанбай екеуі біржаққа бір көшіп, бір қайтып, ақыры аумай қалады. Сол әуре-сарсаңда жүргенде бір жолы Жәнібек Тіленшінікіне келіп қонақ болады. Тіленші жүрерінде Жәнібекке:

— Батыр, көңілге алғаныңыз бар ма? — дейді.

— Тіленшіжан, сүйек жаңартып құда болсақ қайтеді? — дейді.

Тегінде Ер Жәнібектің нағашысы қаракесек болса керек. Сонда Тіленші:

— Сен жапанға біткен шынарсың,
Қазаң жетіп сынарсың.
Ойда-қырда сынған соң,
Орныңды қайдан табармын?
Мен қалың қара тоғаймын,
Табылуға оңаймын! —

деп Жәнібектің артында орнын ұстайтын жөнді жұрағат жоқтығын бетіне басып, өз тұқымының көптігін айтып, баяғы есесін қайтарыпты.

Сонда Жәнібек: «Көрген түсіме қарағанда, мен кісіден жеңілсем, өлмек едім, ай, қазам жеткен екен, еліме жетіп өлейін», — деп еліне қайтыпты. Сонан көп кешікпей қайтыс болыпты.

56. Жәнібек туралы

Тіленшінің «Түбіңіздің бір шикілігі бар-ау» дейтін әзілінің, Жәнібектің «Мен жақсының атқан бір оғы емеспін ба?» дейтін сөзінің мәнісі былай екен.

Шақшақ Жәнібек жолаушылап келе жатып керейдің бір үйіне қонады. Үйде бір кемпір мен келіншек қана болады. Кемпір батырды сырттан киелі кіс деп еститінін, келінінің біраз жылдан бері бала көтермей жүргенін айтып бата сұрайды. Батыр ықылас білдіріп, бата береді. Келіншек кейін құрсақты болып, ұл туады. Кемпір «жақсының шарапаты тиді» деп немересіне батырдың атын қояды және жеті жасқа келгенде батырды шақыртып сынатады.

Жәнібек баланы жалаңаштап көріп, «қатарынан кем болмас» дейді. Және өкіл әке болып: «Он жетіге толғанда келіп, еншісін алып кетсін», — дейді. Бала ержеткен соң іздеп барса, батыр қартайып, қолынан билік кеткен кезі екен. «Еншісіне бір айғыр үйір жылқы беріңдер», — десе, балалары қимапты. Батыр баладан қалағанын сұраса:

— Сауытыңызды қалап келіп едім, бірақ оңашада атып көргенімде саржай өтіп кетті, — дейді бала.

Босағада шаң-топырақ басып жатқан сауытын қағып-сілкіп, керегенің басына іліп:

— Енді атып көрші, — дейді батыр. Атса, садақтың жебесі өтпейді.

— Ерді темір сақтамайды, Тәңір сақтайды, — деп, батыр өкіл баласына «көктерек» дейтін сауытын сыйлапты.

Сосын жылқысын аралатып бір бурыл тайға бұғалық тастатып:

— Балам, жылқының жүзін алма, бірін ал! Жақсы ат жауға тастамайды. Жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың қолды бір ер бастайды, — деп Шақшақ Жәнібек батыр өкіл баласына батасын беріпті.

57. Шақшақ Жәнібек батыр

Шақшақ батыр жорыққа он алты, он жеті жас шамасында қатыса бастапты. Бұл тұста қазақ қолы Еділдің бергі бетіне жетіп іркілсе керек. Әржақта бұлардың келуінен бейхабар жау

әскері жатады. Асау өзенге алғаш ат қоятын жүректі жан шыға қоймай, бергі беттегілер аз-кем аялдап қалады. Сол сәтте ала тай мінген бала жігіт өткелге бірінші болып қойып кетеді. Оны-сымен қоймай бұрын-соңды естілмеген ұранды ауызға алады: «Аманжол, Аманжол!»

Жас жігіттің соңынан бәрі ат қояды. Сол жолы бұлар жау жағасының тас-талқанын шығарып, пайдаға шаш етектен кенеледі. Жеңіс қызығы басыла бастаған тұста ғана манағы жас батыр еске түседі. Беймәлім ұранның иесі кім екенін білгісі келеді жұрттың.

Сөйтсе, бұл жігіт кіші Арғыннан тарайтын Ермен әулетінің үшінші ұрпағы — Шақшақ екен. Ал, ол ұран еткен Аманжол — баланың өз әкесі болып шықты. Сол күннен бастап тоқал шешеден тарайтын Арғын рулары үшін Аманжол ұранға айналды. Бұрын олар басқа арғындар секілді Ақжол ата есімін дабыл етіп келген еді.

Алғашқы қадамынан-ақ көзсіз ерлік танытып, жаудың бас батырын найзаға іліктірген Шақшақ Есім ханның ерекше құрметіне бөленеді. Бірте-бірте ол сол дәуірдің бас батырына айналады.

Шақшақ батыр өзінің айтулы замандастарының бірінің қызына құда түсіп, қызға өзінің алты ұлының ішінен қалағанын таңдауға ерік береді. Алтауы да ақ берен жігіт, басқа бесеуінің жауынгерлік даңқы атырапқа жайылып жатса да, қыз Көшейді таңдайды. Қыздың жеңгесі:

— Сен Шақшақтың батыр ұлдарының бірінің етегінен ұстамай, мал соңында жүретін нәуетек Көшейге неге қызықтың? — деп кінәлағанда, қыз:

— Сендер ештеңе аңғармайды екенсіңдер ғой. Көшей қой бағып жүргенде, оның үстінен үнемі ақбауыр бұлт ере көшіп жүреді. Аспан мен жерді жалғастырған өңге жанды көрген емеспін, — дейді.

Көшей де бәйбішесін ерекше құрмет тұтыпты. Екеуінің бір-біріне сыйластығы тұстастары арасында аңыз болып тараса керек. Бақытты да, баянды жұбайлық өмірдің аз-кем үзік тұстары да бар екен. Бірде батырлар жорықта жүргенде, ауылды қалмақтар шауып, біраз қыз-келіншекті әкетеді. Бұрын соңды мұндай сұлу кезіктірмеген қалмақ ханы Көшей батырдың жар

төсегін қызықтағанына ай толмаған қалыңдығына еріксіз неке қидыртады.

Буыны беки бастаған, он жеті жасар Жәнібек алдымен ата-анасының жұмсауымен туған нағашысы Ұлы жүз Бектас қарияға келеді. Ол кісі он екі айғыр үйір жылқыдан таңдап жүріп, бәсіре ат мінгізеді. Бесті шыққанша жүген, құрық тимеген асау күреңді мініп, енді Жәнібек Қаракерей соқыр Абызға келеді. Бұл кісі сол кездегі Орта жүздің батагөйі болса керек. Мән-жайды білгеннен кейін жүз жиырма алты жасар қария:

— Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің! Сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің! Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма — аямағың кетпес алдыңнан, қол бастап жол алайын деген ұл екенсің. Жолдастың мыңың алма, бірін ал — мың кісіге бір кісі олжа салатұғын, олжаңды аямасаң — жолдасың кетпес жаныңнан. Жас күніңде қалың бер де, қатын ал, жігіттің хан болатын, қыздың ханым болатын уақыты сол, — деп батасын беріпті.

«Шын тұлпар шабысынан, сұңқар самғауынан» белгілі болатыны сияқты, алысқа құлаш сермейтін ұл алғашқы қадамынанақ сезіліп тұрады ғой. Ұлы жүздегі нағашысынан жиенқұрық алып, Орта жүздің батагөйінен ақыл тыңдаған балаң жігіт Жәнібек қазақ ошағының үш бұтын түгендеу мақсатында Кіші жүздегі керейт руының дуалы ауыз ақсақалы тоқсан жасар Тайған қарияға сәлем бермекке келеді. Бұл кісі қырсықтау мінезді адам екен. Оған өкпелеп кері бұрылып бара жатқан Жәнібекті тоқтатып, Тайған қарт мынадай тілек айтқан деседі:

— Атыңнын басын бұрма, солай тұр! Мінезімнің қиястығынан бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. «Өгізді өрге салма — қанатың талар, жаманға жүзің салма — сағың сынар» деген осы. Қырсық шалдың басқасынан бас тартсаң да, осы ақылын есіңе тұт! — депті.

Бұл сапарынан Жәнібек ауылына түлеп оралады. Жүрген сапары жайлы айтқан жүйелі әңгімесін, дана қарттардың баға жеткісіз лебіздерін естіген әкесі Қошқар батырдың да көңілі өседі. Ол ұлын ертіп, сол жылы көктемде Қарақұмға сауын айтып, шақырылған үш жүздің ру басылары жиналған төбе жиынға келеді. Бас қосуға қазақтың бар игі жақсылары келген. Дүйім қазақты бір шаңырақтың астына ұстаған әз

Тәуке, аттары аңызға айналған билер Төле, Қазыбек, Әйтеке, жауға жасындай тиген батырлар Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай — бәрі осында. Әсіресе, осы жиын барысында басқа батырлардан сәл егделеу Бөгенбай жұрттың бәрінің жүрегін жаулап алғандай. Ол өзгені сөзімен де, ісімен де ерте алатын батыр екен. Халық кегін кестелі тілмен жеткізіп, жоңғарға шешуші соққы беретін кезең туғанын ұғындыра білді. Жиналғандарды ұйытқаны соншалық — басқа жұртқа сөйлейтін сөз де қалмағандай, көпшілігі бас изеумен отырды. Сол жиында жоңғарларға қарсы кең көлемді жорықты тез арада бастау ұйғарылды. Біріккен жасаққа қолбасшы болу Қанжығалы Бөгенбайға тапсырылды...

Сол жақтағы үлкен бір қолды Қабанбай батыр басқарды. Он жеті жасар Жәнібек осы қолға қосылды. Он сегізінші ғасырдағы қазақ батырларының ішіндегі ең айтулылары саналатын үшеуінің бірге аттанған тұңғыш жорығы осылай басталды. Алда ерлік жолдары күтіп тұрған еді. Мұнан кейін ақындар мен жыраулар бұл үшеуінің жұптарын жазбай жырлайтын болды.

Россиядан қашқан торғауыттарды қуған қазақтар дем алуға тоқтайды. Өздерінің жол бақырларына кептірілген жылқы етін асады, жанторсықтарынан су құйып, құрт езеді, қысқасы ертеңгі ас-суларын әзірлеп, тамақтанып жатады. Бір шатырда Абылай, екіншісінде тәкәппарлығымен мәлім Шақшақ Жәнібек батыр отырады. Батыр қаннен қаперсіз шылым тарта бастағанда, бір қазақ жігіті қасына келіп: «Жәнібек батыр, темекі түтігіңізді бері беріңіз» деп ат үстінен қол созады.

Жәнібек бұған назар аудармағансып, әрі жақтырмағанын сездіріп түтіктегі темекіні өкшесіне қағып, асықпай қалтасына салып қояды. Хан мен батыр кешікпей атқа қонады, әр ру өз туларының астына сапқа тұрады.

Дұшпанның күшін анықтау үшін: «барлауға кім барады?» — дегенде, манағы түтік сұрайтын жас жігіт бірінші болып шығады. Барлаудан келген соң Жәнібек:

— Жау көп пе екен? — деп сұрағанда манағы жігіт:

— Қорқаққа көп, батырға аз, — деп жауап береді.

Соғыс басталады, қалмақ қолы он мыңдай адам екен. Қазақтар ойсырай шығынға ұшырайды, ақырында қаша жөнеледі. Жаудың алдында астында түндей қара аты бар ұзын бойлы қалмақ қазақ қатарына кіріп, бірнеше кісіні аттан түсіреді.

Осы топтың ортасында келе жатқан Жәнібек: «Апыр-ай, мына сұмырайды құртатын бір қазақ тумаған екен-ау!» — дейді дауыстап. Сонда манағы жігіт топтан суырылып шығып, артқа жалт бұрылып, садағын толғап қалады. Қалмақ теңселіп барып, аттан құлап түседі.

Ту көтерген қалмақтың құлауы дұшпанның үрейін ұшырады. Қазақтар осыны пайдаланып, қайырыла соғады. Сөйтіп, жеңісті жаудан тартып алады. Сонда ғана түтінін қайыра тұтатқан Жәнібек Тархан жас батырды өзіне шақырып:

— Батыр, міне, шылым тартатын уақыт енді болды, — деп түтігін ұсынады. Тарақты Байғозы батырлық жолын осылай бастайды және сол уақыттан оның аты жұртқа мәлім болады.

58. [Жәнібектің Уақ Бармақты сынауы]

Тосын деген құмайт жер бар. Осы жерді бір кездері қалмақ жұрты мекендеген екен. Қалмақтың Садырбала деген батыры күнде Қарсақбасының басына шығып алып, қазақтарды жекпе-жекке шақырып мазалай беріпті.

Сонда өзі батыр, мәмлегер, қалмақты ел шетінен көшіруді ойлап жүрген Шақшақ Жәнібек Тархан жекпе-жекке шығатын Уақ Бармақты алдыртуға шақырушы адам жібереді. Бұл кезде Бармақ Нарын құмы жақта тұратын болса керек. Қос атпен кеткен шақырушымен Уақ Бармақ үш тәулікте Қаракөл — Қарсақбасыға жеткен екен.

Келгеннен кейін Уақ Бармаққа Шақшақ Жәнібек барлық мән-жайды түсіндіреді де:

— Жекпе-жекке демалып, ертең түсесің бе, әлде бүгін шайқасып көресің бе? — дейді. Бармақ:

— Қазір шығамын, — депті. Жәнібек келісімін беріп:

— Сенің Сандалкөгің шаршап келді ғой, менің Қазмойын қара тұлпарымды мін», — деп ұсыныс айтады.

Сірә, қырғын, қантөгіске жол бергісі келмесе керек, ел арасында Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек қалмаққа айтқан екен деген мынандай сөзі бар:

— Екі батыр жекпе-жекке шықсын. Қай жақтың батыры жеңсе, со жақтың дегені жүреді!

Қарсақбасының (Шың-тау) дәл төбесінде қазақтың батыры Уақ Бармақ пен қалмақтың батыры Садырбала жекпе-жекке кездескен бетте, қалмақ батыры атын бұрып алып, кейін қарай қаша жөнеліпті. Ал Бармақ батыр қашқан қалмақтың жолын кесіп, алдынан келіп шаншып түсіру үшін ұмтылғанда, жаңағы астындағы аты Қазмойын қара тұлпар жете алмай қалады. Ол кезде қашқан жауды желкеден соғу батырға мін болған көрінеді.

Содан Бармақ батыр қайтып келіп, өзінің Сандалкөк арғымағын ерттетіп, қалмақты жекпе-жекке қайта шақырады.

Қалмақтың батыры Садырбала бірінші рет қашып барғанда қалың қол «Не болды?» деп сұрапты. Садырбала:

— Халқым, сендермен қоштасайын деп келдім. Осы жолы менің ажалым жеткен шығар. Осы келген Уақ Бармақ батыр болса керек, — дейді.

Екінші жекпе-жекте тағы қаша жөнелген Садырбаланың алдын орап келіп, қақ маңдайынан Уақ Бармақ батыр шаншып түсіріпті. Қалмақтың батыры өлген Қарсақбасыда «Садырбала сайы» деген сай бар. Бала кезімде ол сайды көргенмін. Қазір де білемін:

«Ақ шабағы май татыған,
Қара суы бал татыған
Қайран Тосын қалдың ба?» —

деп қалың қалмақ жер ауған екен дейтін.

59. Жәнібек би

Абылай жоңғар шапқыншыларымен соғысып жүргенде, он сегіз жасар Жәнібек қолды артынан қуа келеді. Келсе, қазақтар бытырап, аты барлыққан Абылайға шапқыншылар жақындап қалған екен. Жәнібек атынан түсіп, астындағы көк дөненін ханға көлденең тартады.

— Қарағым-ай, өзің қайтесің? — дейді Абылай.

— Сіз қолға түссеңіз, ел басшысыз қалар, мен қолға түссем, қазақтың бір әйелі ұл табар, — дейді жігіт.

Абылай тың атқа мініп, қуғыншылардан құтылып кетеді. Бір қалмақ батырының атын аударып мініп, қоршаудан Жәнібек те аман шығады.

— Бала, ат бергеніңнен сөз бергенің асты ғой, осы жолғы олжаның басы сенікі. Кәне, менен бір қалағаныңды алшы, — дейді хан Жәнібекті ұрыстан кейін тауып алып.

Абылай екі айтқанда үндемей, үшінші айтқанда Жәнібек:

— Тақсыр, бір басыма жетерлік дәулетім бар, оң тізеңізден орын берсеңіз болады, — дейді.

— Батырға орын бер, мана не сұраса да бір тілегін берермін деген уәдем бар еді, — дейді Абылай оң жағында отырған биіне. Би бір айтқанға орнынан қозғала қоймай, екі айтқанда Жәнібекке ала көзімен қарап:

— Әкең алдына қойған асты жөндеп іше алмайтын атаның аяғы еді. Саған хан қасында не бар, атқосшы болсаң да жетпей ме? — дейді.

— Жақсының жанына арашашы болдың ба, жаманның малына қорғаншы болдың ба? Екі ауыз ескі сөз білдім деп, хан қасында отыруға сенің нең лайық? Хан екі айтса, қадір кетеді, қара екі айтса, ары кетеді. Бір құшақ қу ағаштан бір оқтық қайың шығады. Әкем жаман болса, сондай-ақ болар, былай тұр, — деп, биді қолынан ұстап тұрғызып жіберіп, ханның оң жағынан орын алады. Жігіт содан бастап белгілі батыр, билермен басқыншыларға қарсы қол бастап, жорықтарға қатысады, «Ер Жәнібек» атанады.

60. Батырдың тууы, жас шағы

Жәнібек батырдың әкесі Бердәулет Арғынның қаракесек руынан шыққан Қазыбек бидің қызымен үйленгеннен кейін әйелі бірнеше жыл бала көтермей жүріп, соңында Жәнібекті көріпті. Перзентке зар ата-ана жас нәрестенің шілдехана тойын жасап, болашақ батырдың алғашқы таңын әнмен атырады. Әйелдерді шақырып, қалжасын беріп, ат шаптырып, бесік тойын жасайды.

Әкесі Бердәулет баласына ат қойғызарда Арғынның шақшақ руынан шыққан қарт Жәнібекті жорықтан келе жатқан жолынан тосып, сәлем беріп, қуанышты көңіл күйін айтады.

Балаға зар болып жүрген Бердәулеттің тілегіне бар ықыласын берген Шақшақ Жәнібек оның үйіне түседі. Қуанышты ата-ана ағынан ақтарылып, адал ниетімен, «ақсарбас» қойын айтып сойып, қарсы алады.

Ақ күндікті ана мен айыр бөрікті ата аяулы көретін аруақты батырлары Шақшақ Жәнібектен: «Баламызға ат қойып беріп, аруағыңызбен қорғай жүріңіз», — деп тілек етеді.

Ата-ананың қуанышынан жүрегі тебіренген батыр бесікті алып, бесік көрпені ашып, балпанақтай баланы көріп, тебірене бата беріп бүй дейді:

— Керей деген елің көп,
Ел айналар шешен бол!
Жағаласар жауың көп,
Жауға шапсаң, есер бол!
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол!
Жабылған жауды жапырып,
Шайқасқанда есен бол,
Жекеге шықсаң желденіп,
Жауыңның басын кесер бол!

Сонан соң бетін сипайды да, ата мен анаға қарап:

— Бесігін көтергенде көңілім толды, өз атымды қояйын, аты Жәнібек болсын! Біреулерге атын ататып боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде алған бетінен тоқтатпа! — дейді. Шақшақ Жәнібекті пір тұтып сыйынған ата-ана:

— Әмин! — деп бетін сипайды. Жәнібектің әкесі Бердәулет жастай дүние салғандықтан, Қазыбек би жиені Жәнібекті ат жалынды өсіруді ойлап, өз қасына алады. Сөйтіп, Жәнібектің балалық шағы нағашы атасы — Қазыбек бидің қолында өтеді.

Шаруашылығының ең үлкен тірегі мал болған қазақ халқы төрт түліктің ішінде жылқыны «саусам — сауыным, жауға аттансам — кезең асар керігім», — деп қадыр тұтып өсіретін. Сырттан келген жау-жар да, ұры-қары да алдымен жылқыға тиетін. Сондықтан қазақ халқы: «жылқы соқса — желдікі, қуса — жаудікі» деп, мал ішінде қораға айналатын жатын малдан гөрі, жылқыны алабөтен жақсы көретін, осы түлігіне көз

қырын ерекше салып, атан жілікті, атпал азаматын жылқы бағуға шығарып, жасынан жалт қаратқан ұлын отарға жіберіп, асаудың жалында, ақпанды дауылда өсіретін. Оған жарамаған жасты кезең аса алмайтын, ұйқысын аша алмайтын, аяғын баса алмайтын жасық санайтын.

«Кісі болар кісіні кісесінен, кісі болмас кісіні мүшесінен таниды» дегендей, адам тегінің тап басып сөйлейтін сыншысы Қазыбек би жиені Жәнібекті алысса, білегі бар, арбасса, жүрегі бар, ақыл мен жігері бар жан деп таниды да, бетінен қақпай, талабын тойтармай баулиды. Ат жалын тартып мінуге жараған кезінен бастап жылқышыларға қосып отарға жібереді. Сөйтіп, бала Жәнібекті жылқы іңіртінің жесегімен жетілдіріп, сары аязға салып ширатып, салбуырындағы қанды көз қыранша бауырын аштырады. Сол ортада жүрген кезінен-ақ Жәнібектің іс-әрекеті ел көзіне түсіп, аңыз болып тарап жатады. Сол аңыздың бірі Жәнібектің екі көкбөрісі туралы еді.

Халық Жәнібектің көкбөрі қонған киелі батыр санайды. Ол туралы нағашы жұрты жағынан тараған мынандай аңыз бар. Қазыбек би отардағы малына барып, амандығын білуді ойлайды. Әр жылы қыста қос-қос атты жолдас ертіп, жол бойы қыран құстарына аң ілдіріп, сол бетінде отардағы жылқысына дейін барып қайту бидің әдеті екен. Жас кезінде батыр болып, желдің өтінде, жаудың бетінде жетілген Қазыбек енді би атанып, ел басқарып, қазақ хандарының ақылшысы болып жүргенімен, қыста салбуырын құрып, отардағы малына барып, амандық жамандығын көзекі көріп қайту әдетін тастамапты. Көшпелі қазақ байларының үлкен байлығы тек мал еді. Ол банктегі ақша, сандықтағы алтын сияқты салулы құлпы, соғулы қорғаны бар дүние емес, кезең асса, көз жаздыратын, сынаптай толқып тұратын байлық болғандықтан, байлар қос қолын малдан ала алмайтын. Сондықтан Қазыбек бидің бұл сапарын кім көрсе де өрескел дей алмаушы еді. Ал Қазыбек секілді әрі батыр, әрі ақылман болып өскен кісілерге ақпанның аязында қырау басқан тұлпарды бар тебінімен ағындатып, аппақ қарды жосыта тартып жол алудың өзі бір ғанибет сезіледі. Сол сапарын бастаған би отардағы жылқысына жол алып, көңілдегі жерін көздеулі уақытында басып келе жатыпты. Таң қараңғылығы серпілмеген, есеккырған жұлдызы төбеге таяп қалған кез екен. Үйреншікті мекенінде топ-топ сексеуіл өскен

құмды төбелердің баурайында таңғы жусауындағы жылқылар үйір-үйірімен тыныштық алып тұрады.

Жылқыға жетіп келген би құсбегі, саятшы серіктерін қосқа жібереді де, өзі бірер жолдасымен жылқысын аралап, жылқысының межесін байқап, күйін көре бастайды. Белгілі-белгілі айғыр үйірлерін тұра қалып түстейді, тіпті жабағыларын санап, жылқының таңғы жусауына қарап күйін байқайды. Сөйтіп келе жатқанда таң да атады. Бидің көзі тебіндегі жылқының қарсы алдындағы бір биік құмның бауырында қаңтарулы тұрған тобылғы торы айғырға түседі. Жылқышылардың алғашқы кезіккені де осы екен. Таяп келген би үстіндегі қара киізден тіккен кебенегін астына салып, қой етігін шешіп, атының шылбырын жамбасына басып ұйықтап қалған Жәнібектің үстінен арлы-берлі екі көкжал бөрі секіріп түсіп ойнап тұрғанын көреді де, қатты көңілденіп, көңіл күйі толқып, ежелгі әдетімен былай толғайды:

«Аруақты батыр боларсың,
Алысқан жауды аларсың.
Еліңді ел етерсің,
Ежелгі жерге жетерсің.
Егіз бөрі тұрғанда,
Екіленбей нетерсің?!»

Абақ елі қос бөрі иесі бар деп аңыз ететін Жәнібекті ақылойлы би деп таниды да, былайғы жерде оны қолтығына алып, баурына басып мәпелеп, қанаттыға қақтырмай, тырнақтыға ілдірмей өсіреді.

***

Жәнібек он сегіз жасқа шығып күш-қайраты толысып, ел алдына, ер қатарына ілінген кезде Жоңғар шапқыншылары қазақ жеріне шабуыл жасамақ болады. Бұған қарсы Орта жүз ханы Әбілмәнбет үш жүзге сауын айтып, атшабар аттандырып, қол жияды. Абылай сұлтан қолбасы боп аттанады. Соның алдында ғана «Ақтабан шұбырынды...» болған елдің есінен Жоңғар ханы Суан Рабданның қанжоса ғып қырғындаған қорлауы әлі кете қоймаған еді. Ер азамат біткен ереуіл атқа ер салады. Бұл кезде жерортасынан асқан Қазыбек би өз елінің қолбасын сай-

лап, сарбаздарына сәтті жол тілеп, аттандырып жатады. Сондай қарбалас күннің бірінде орданың есігін айқара ашып, «Дат, тақсыр!» — деп кіріп келген, жас жігітке би селт етіп тігіле қарайды. Қарсы алдында шарайнасын киіп, жау жарағын асынған жиені Жәнібектің тұрғанын көреді. Ол бір тізесін бүгіп:

— Дат, ата! Ел ішіне жау тиді, ер азамат атқа қонды. Ер азамат қатарында Абылайға сарбаз болып үлкен жолға аттанайын деген ойым бар, ақ жол тілеп, ақ батаңызды беріңіз, — дейді. Мына тілек биді ойландырып тастайды. Алтын тонын иығына қайта жамылған Қазыбек:

— Қарағым Жәнібек, елге берген батамды өзімнен неге аяйын. Ер азамат етіп өсіріп, ел-жұртыңа қосайын деп едім, жасыңа жетпей жау тілеме, қарағым! — дейді. Сонда Жәнібек:

— Ата, он сегіздегі жас қандай жас?
Өзіңізден қалған жас.
Айқасқан жауды алған жас,
Алдыңа жаяу салған жас, —

дейді. Жәнібектің бұл сөзінде бір сыр бар еді, «Қорушыны торушы алады» деген бір сөз бар. «Күзеуге созыла көшіп, күн еңкейе жетіп, Үлкен Қолатты бойлай қонған туыстас ауылдар жылқысын қолаттың басындағы тұйыққа салып, жау келетін ауызды өздері алып, жайбарақат жатып қалады. Ел көзі ұйқыға бара бергенде, ауылды басып келіп қалған қалың жылқының дүбірінен уда-шу болады, ауылдың үстін бастыра жылқы қуған жырынды жау жылқышылардың бекітулі аттарын да ілестіре кетеді. Жауды қуып, жылқыны айырарға қолында тігерге тұяқ қалмаған ел бос сарпалдаңға түсіп, жылқысын көпе-көрнеу айдап кеткен жауға қарсы шыға алмай, қайраты мұқалып, діңкесі құрып, қарадай қор болып қалады.

Бірақ жылқы соңынан жас жігіт Қазыбектің бас білгі ақбас тайлақпен кеткенін ешкім де білмеген еді. Қазыбек сол ақбас тайлақпен жылқы соңынан жеткенде есік пен төрдей бурыл атты, айбалтасын көлденең ұстаған, еңгезердей біреу аз тосып тұрады да, желбегей шапанды бала жігітті бойына да тоғытпай, бурыл аттың басын жолға салып, тиіп алған жылқысының соңынан еркімен аяңдатып жүре береді. Жол тосып, кешеуілдеп келе жатқанына қарап, жортуыл басы осы болар деп ойлаған

Қазыбек оған абайлай қарайды. Басында дулығасы, белінде сапысы бар, сырт бейнесі шойыннан құйған алып қара құман секілді батырдың менменсігенін байқап қалған Қазыбектің жүрегінде намыс оты бұрқ ете қалады. Ызасын ақылына жеңдірген ол алдындағы темір құрсанған адуын дұшпанның тиімді жерін көздеп келеді. Дұшпанның алкеуде, аусарлығы — сөт балғасының соғылған жері еді. Қолында шолақ сапты найзасы да жоқ Қазыбектің көзі ал деген жерден оның беліндегі сапыға түседі. Тайлақпен таяй берген Қазыбек қолындағы қара сырығын жерге тірей секіріп, көзді ашып-жұмғанша бурыл аттың артына міне түседі. Күтпеген жерден сап етіп жабыса қалған қуғыншыдан сасқалақтап қалған батыр ұзын сапты найзамен ештеңе өндіре алмайды. Сапыға көзін тіге атылған бала жігіт бурыл аттың арқасына тақымға тиген заман дұспанның қаруын суырып алып та үлгіреді, жанды жерінен тиген өткір сапыдан ат иесі құлап түскен кезде бурыл атқа орнығып алған ол жауының найзасын жерге түсірмей қағып алады.

Бурыл атпен майдан тартқан жас батырды көрген жау айқаса кетуге батпай, бет-бетімен жылқыны тастай қашады. Аты мен күші сай келген Қазыбек жауының бірқаншасын түсіріп, жылқысын айырып алып елге қайтады».

Осы отырысында Қазыбек би Жәнібекті бұғанасы қатпаған жас, сүйеніші жоқ жалғыз деп аяп отыр еді. Енді Жәнібектің әлгі сөзіне қарым қайтара алмай қысылған бейне байқатады. Қайрандап қалған атасына ренжіген Жәнібек:

— Он сегізге келгенше жігіт болып жетіле алмады дегеніңіз бе? Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалдырғанда, мені бір от басын айналған көбелектей көргеніңіз бе? — деп құсалана сөйлеп, шыға жөнеледі. Оның шын ашуын көрген көзғарақты би:

— Мынаның көкбөрісі ұстаған екен, рұқсат бермесем, құсадан өліп кетер, немесе батасыз кетіп жүрер, — деп қайта шақыртып алады. Ордаға кірген Жәнібек әуелгісіндей иіліп бата тілегенде, Қазыбек би:

— Қол басқарсаң, жолың киелі болсын! Ел басқарсаң, сөзің киелі болсын. Көк бөрің қолдай берсін! — деп бата береді.

Ата ықыласын алған батыр тұңғыш майданға нағашысы ырымдап мінгізген көк дөненге мініп, анасынан рұқсат алуға асыға жол тартады.

Шапса, шабысы, жүрсе, жүрісі бар көк дөненнің де дәл бабына келген кезі екен, ащы терін шашқысы келіп, ауыздығын шайнап алысқан жануар батырдың алып ұшқан жүрегіне қанат-құйрық болып сәйкеседі.

Анасының ауылына келіп, атағашқа атын іле салған Жәнібек үйге қарай жүгіргенде ақ күндікті анасы «жолың болсын!»деп тілек тілеп, шашуын шаша алдынан шығады. Ұлының ер азамат болып атқа мініп, ер қатарына қосылғанына қуанады, әрі алдында жал, артында құйрығы жоқ жалғызының қан майданға бара жатқанын ойлап қан жұтады. Нағашы атасынан рұқсат алғанын да естіген болатын. Енді ер көңілді, ақылды ана алдына бір тізерлеп иілген баласының маңдайынан сүйіп:

— Мен саған не айтамын, қамырығымды басып, қайғымды жеп айтамын. Артымда белгі қалса екен деймін, қызығыңды көрсетіп, алдыңда алса екен деймін. Саған тілек тілесем, әмісе жолы болса екен деймін. Оқ алдыңнан тисе, анаңның сүтін ақтағаның! Оқ артыңнан тисе, анаңның қарызын жүктегенің! Әуелі қосыңды тап, онан соң досыңды тап. Сен үшін тіленбеген не қалсын?! Жолың болсын, бақытың жансын! — деп ықыласын береді.

Шеру тартып кеткен қолдың соңынан күн-түн жүріп қуып жеткен Жәнібек Керей елінің қолбасшысына жолығып, сарбаздардың бірі боп қосынға қосылады.

Анасы айтқан ақылия сөз күн өткен сайын Жәнібектің есінен мығым орын иелей береді. Бір күні қолбасшы батырдың қасында сапысын суырып, жаубүйректі қиялай турай отырып, осы сөздердің мағынасын сұрағанда, қолбасы тақиясын желкесіне қарай сиырып қойып, бүй деп шешеді:

— Анаң ана екен ғой! Ана болғанда дана екен ғой. Оқ қайтпас қас батырдың алдынан тиеді. Қашқан жанның артынан тиеді. Елсіз ер болмайды, ер серіксіз болмайды!

Ақылды ананың сөзін тоқсан толғап ойланған Жәнібек өзін өмірдің өріне салып, халқымыздың ұлттық намысына, елдің елдігі үшін арнайды. Жоңғар шапқыншыларына қарсы алғашқы сайыста-ақ өзін бүкіл қазақ- моңғолға таныта бастайды.

61. Жәнібек батырдың Абылайдың оң тізесінен орын алуы

Жоңғар шапқыншыларының қазақ даласын жаулауға мол дайындықпен, басым күшпен келген қолына қарсы аттанған Абылай бастаған қазақ қолы да қатты шайқасады. Сан шегініп, сан жеңіп, ілгерілеудің бірінде қазақ қолы тағы да шайлағып, қаша соғысады.

Өкшелей қуған жауды тосқауылдап, төтеп беріп келе жатқан қолдың ішінде Абылай да бар еді. Алды жөңкіле қашқан сарбаздың артын соғысқа бастап кіру қиынға соғады, оның үстіне неше күндік шабыстан қаржалған тұлпарының да аяқ алысы шабандай түседі. Осыны байқаған Жәнібек бір бүйірден ұшыртып келіп, Абылайдың алдын кес-кестеп тұра қалады да:

— Алдияр тақсыр! Атыңыз қаржалған екен. Менің атыма мініп сарбаздардың алдын тоқтатыңыз. Өйтпегенде қуған дұшпан құтқармайды. Жалғыз соғысып жау алған кісіні атам қазақтан көрген емеспін, — дейді.

Бала жігіттің сөзін лайықты көргенімен, ат ауыстыруды намыс санаған Абылай:

— Атың шалымды көрінеді менің атымнан, сен барып тоқтат, — дейді.

— Тақсыр-ай, — дейді оның қатарына келген бала жігіт, — мен сен бола алмаймын. Ақыратын айбатым, көпке жүретін салауатым жоқ, жаудың алдын бөгеп, соғысуға қайратым ғана бар!

Қарулы қолды, жалынды сөзді жас жігітке жалт бұрылған Абылай оның сөзіне иланса да, намысын жібермей жаумен жалғыз алысуға тағы да дайындалып:

— Жас екенсің шырағым, жау басым, жазым боларсың, — дей бергенде ашуына мінген Жәнібек қылышын суырып алып:

— Басыңды жауға кестіртіп қанжығасына байлатқанша, өзім кесіп әкетейін, — деп тап береді. Көзінен от ұшқындап, сөзінен ерліктің ұшқыны атып тұрған жас жігіттен жасқанғанын, әлде жау-жаламда жанжалды жәйсіз көргенін, немесе қашқан қолды тоқтат деген кеңесін орынды санағанын кім білсін, әйтеуір Абылай тұлпарын Жәнібекке беріп, бала жігіттің көк дөненін мініп, шегінген қолдың алдын тосуға бет дүзейді.

Абылай кетісімен тосқауылдап соғысқан сарбаздардың бәрі де ат басын бұрады. Тек Жәнібек ғана бірер жолдасымен

кежігулеп, қаша соғысып жаудың қара үзіп шыққан екі батырымен алма-кезек жекпе-жекке шығады, екеуінің басын кесіп қанжығасына байлағанда, қуған жау қолының беті де қайтады. Жеңіс тапқан Жәнібек жолдастарын ертіп қалың қолдың соңынан келсе, арт жағынан хабар тапқан ел абылайшаларын тігісіп, жатып қалған екен. Жәнібек Абылайдың қасқа тұлпарын хан шатырының маңына байлап, өз қосын іздеп табады да, дем алады.

Ерте оянған Абылайға тұтқауыл-тосқауылдары қанжығасында айдарынан айқастырып матаған екі батырдың басы бар қасқа тұлпардың байлаулы тұрғанын айтады. Арғымақты алдына әкелдірген Абылай:

— Жарайды, жарайды! Бекер адамның басы емес! Жаудың да тауы құлап, еңсесі түсіп тоқтаған екен ғой! Мына көк дөненнің иесін тауып келіңдер, — деп бұйырады. Абылайдың тұтқауылдары ат иесін іздеп жүріп абақ керейдің қосынан тапқанымен, керейдің қос басылары:

— Ханға сәлем айт, батыр ұйықтап жатыр, әлі оянған жоқ, — деп жауап беріп қайтарады.

Екінші рет Жәнібекті шақыра барған тұтқауылдар Абылайға: «Батырдың үш түрлі тілегі бар екен, соны орындаса барады» деген қос басыларының жауабын апарады. Мұны естіген Абылай:

— Бәсе, солай болар, жау жағадан алған күн, ерлерден ұйқы қалған күн емес пе! — деп, қасындағы ақылшы санаттары мен бас батырларына «Сендер не дейсіңдер?» дегендей сұрау сала қарайды. Жаңа уақиғаға құлақ түріп, жүрген жұрты ерлікті аңыз етісіп, жас батырды көргісі келген топ: «Жарлық сізден тақсыр, бірлікті қорғап, батырды қолдаймыз! — деседі. Камшат бөркін алшита киген Абылай:

— Келсін мұнда, айтсын тілегін, — дейді.

Тұтқауылдардан бұл сөзді естіген Жәнібек керейдің қос басыларын ертіп Абылайдың алдына келіп:

— Алдияр тақсыр! — деп тағызым етеді.

Санаты мен сардарларын қасына алып, алтын тонын желбегей жамылған Абылай:

— Жаужаламда ер қанаты атыңды көлденең тартып ең, мен жасақтың алдына кеткенде жауды тосатыныңды қабағыңдағы қара бұлттай ашудан танып ем. Жауымның сағын сындырып, сол ойымнан шықтың. «Хан алдының әділдігі — ұйытқысы»

деуші еді бұрынғылар. Арман-тілегіңді айт, айтсаң, арылтып айт! — дейді.

Абылай Жәнібектің жанкешті ерлігіне ерекше сүйсінеді. Екінің бірінде бола бермейтін бұндай ерлікті көргенде тамам қолды жинап, топ алдында жар салып, батырды мадақтау хандардың ежелгі салты ғой. Әрі ержүрек қолбасы, әрі өз заманының зерделі саясатшысы Абылайдың батырларды жұрт алдында дәріптеуі тікелей өз жан дүниесінің сүйініші болса, тағы бір жақтан тұрақты жасағы жоқ көшпенді елдің хандары қажетті жасақты әр рудан жинатып алып, жәйшылықта таратып жіберіп отыратын. Бұл жұмысты Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Өтеген секілді батырларға сүйеніп істейтін. Саны аз, салауаты үлкен осы азаматтар әр рудың алтын діңгегі ғана емес, ел билеген Абылай хан ордасының да алтын діңгегі еді.

Бұланай мен Балқанның арасында кіндік кесіп, кір жуып, қай жерінің жазы шықса, сол жерді мекендеп келе жатқан халықты біріктіріп отыру тарихтың сабағы, жаугершілік заманның қысымы еді. Халықтың ішкі ала ауыздығы мен даушары да осы адамдардың кеңесімен бітетін. Сондықтан Абылай хан өз хандығын бекемдеу үшін Жәнібек секілді адамдарды іздеп тауып, қолға ұстайтын. Олардың ерлігін асырып, төрт құбылаға шашатын. Мынау ретте де бар санаты мен қолбасы сардарының алдында жас батыр Жәнібектің аз ісін көптей көріп, мадақтап шығады.

Жас жігіттің ерлігі, Абылайдың оған көрсеткен сый-құрметі ертең-ақ жалпақ қазақ елінің түкпір-түкпіріне тарайды, мынау ерлік талай жастың ой-қиялын жебеп, жігерін ұштайды. Абылай хан сол үшін де азаматтың майдандағы абыройын асырып, барлық қолдың алдында жариялап, оның ата-мекенін қорғап көрсеткен ерлігін дәріптейді.

— Батырым, — дейді Абылай Жәнібектің аты-жөнін сұрап болғаннан кейін арқасына қағып, — үш тілегім бар дейсің, енді сол тілегіңді айт!

— Тақсыр, — дейді Жәнібек, — біз абақ керей деген ел едік, Ер Қосайдың елінде, Сарыарқаның белінде, Өр Алтайдың төрінде, қазаққа қорған боламын деп хан Шыңғыстың жолын кескен, сауытын жыртқан ел едік. Аман-айласы асқан Шыңғыс қапияда ханымызды қырып, иесіз қалған елімізді торғайдай тоздырып, шаңырағымызды шағып, ошағымызды сындырып, күл төккен

топырағымыздан қуған. Сол тозғаннан қазірге дейін еңсе көтере алмай келеміз. Енді Сіздің заманыңызда ел қатарына кеп, оң тізеңізден орын алсақ дейміз.

Сонда зерделі жігітті байымдаған Абылай хан:

— Сендей ер туған елге оң тізесінен орын бермеген ханда әділдік бола ма? Тағы бір тілегінді айт! — дейді.

— Абақ деген елім деп оң тізеңізден орын бергеніңіз рас болса, сарбазымызды жиып, сардарымызды сайласам деймін. Найзамды өткір қайрап, жау алдында ойнатсам деймін.

Абылай Жәнібекті арқаға қағып, ел бастайтын ер азаматтың сөзіне сүйініш білдіріп:

— Тілегің Алла алдында қабыл болсын! Үшінші тілегіңді айт! — дейді.

— Еліміз абақ ежелден желбіретіп ту сайлап, желіктіріп қол сайлаған қордалы ел едік. Енді өз құзырыңызда сардар сайлап, жасақ жабдағанда түсер төбемізге, шығар тауымызға қадайтын туымды белгілеп беріңіз, — дейді Жәнібек. Қалың қолдың алдында Абылай үш құлаш қаратамақ найзаға сапталған ені төс жара, қызыл сары жібек шашақты қытайы ақ торғыннан жасалған үлкен туды ұсынады.

Ақ боз атқа мініп, сауытының сыртынан ақ жамылып тұрған Жәнібек туды қолына алады. Абақ керей: «Тар жол, тайғақ кешуде жанымызды құрбандыққа берсек те Жәнібектің алдынан кесе өтпейміз!» — деп ант береді.

62. Абылай ханның Жәнібекті сынауы

Жас батыр Жәнібектің жау алдындағы қайраты аңыз болып, ел ішіне тез жайылды да, Абылай хан оны жете сынамақ болады. Сол ойдың орайы бораны күркіреп, жаңбыры сіркіреген алай-дүлей бір түнге тура келеді.

Жорыққа аттанған Абылайдың қалың қолы нөсерлі қою қараңғы түнді жамыла иендегі ағаш бейіттен бірер шақырым өтіп барып түседі. Күз аспаны сағымша құбылып, бір ашылып, бір тұтылып, нөсер бірде құйып, бірде толастайды. Қолын тоқтатып, шатырын тіккен Абылай Жәнібекті шақыртып алып:

— Мына жігіттер суға малшынып, жолсоқты боп шалдыққан секілді, — дейді. «Хан шынымен-ақ қайрандап қалғаны ма?» деп ойлаған ақеділ, аңғал батыр:

— Хан майданда өлсек шаһит дер еді, қарап жатып өлгеннің не жөні бар? Бірақ түн қараңғы, отын табар жер де қинайды бізді, — дейді шын қайрандап.

— Ендеше отын іздеп таба алмассың, бағанағы жолдағы ағаш күмбезді қопарып алып кел! — дейді Абылай.

Екі жолдасына бір түйені жетелете жөнелген Жәнібек аялдамай бейіт басына жетіп келіп, күмбезді бұза бастайды. Осы кезде көртопырақ арасынан ағараңдап, ақыра айғайлаған аруақтар көрінеді.

— Мола да болса баспанамыз еді, кім бізді жалаңаштап жатқан?! — деп даурығады олар.

Түнгі иен далада бұл қаһарлы дауыс күмбезге жаңғырып, аспан-көкті тітіреткендей болады. Жәнібектің екі жолдасы көк аспан жарылып түскендей ес-ақылынан айырылып, жығылып-сүрініп, ат-көлігін тастай-тастай қашады. Сонда Жәнібек батыр аспай-саспай:

— Ей, аруақ, тыныш жат! Өлі сені қойып, тірі Абылай үсініп өлгелі жатыр, — деп тағы да бұза береді. Аппақ кебінін сүйреткен аруақтар күркірей жүгіріп келіп, өзіне тап береді. Сонда Жәнібек екеуін екі жаққа сілкіп тастап:

— Аруақ болсаң, Алла бұл дүниені сендерге жазбаған, жыншайтан болсаң, шауып тастаймын! — деп тұра ұмтылады. Әлгі екі аруақ секіріп барып көртопыраққа кіріп кетеді.

Жолдастарының қашып кеткенін енді ғана байқаған батыр бейіттің ағашын түйеге артып, Абылайдың шатырына қарай тартады.

Бұл «аруақтар» Абылай ханның Жәнібекті сынамақшы болып, ақ киім кигізіп әдейі жіберген адамдары екен. Олар Абылайға келіп болған істі дәттеп, Жәнібектің ашумен аруақтарға ұмтылғанын айтқанда, бұл жүректілікке таңданған Абылай хан:

— Меңіреу түнде күңірене түрегелген аруақтан сескенбеген ержүрек, ашық майданда жауынан қалай тайсалсын? — деп қайрандай таңқалады.

Ертеңінде Абылай Жәнібекті тағы да шақыртып алып:

—Түнде не ғажайып болды? Аруақтарды ашуландырып, кәріне қалмасақ игі еді,—дейді. Бұл жәйді кәперіне алмаған Жәнібек:

—Бұл елдің хан, төресі сен едің,
Қас батыры мен едім.
Сен бұйырған жұмысыңның
Бұнысы қалай демедім,—

дейді Қазыбек бише термелеп.

63. Жәнібектің қартайған кезінде кешірмелерін еске алуы

Жәнібек өтміштегі тар жол, тайғақ кешірмелерін былай еске алады екен:

1. Майдандасып жау түсіруді ерлігім деп санаймын, қаптаған жаумен шайқассаң, өткір найзаның ұшымен, тұлпар аттың күшімен, қайратыңа әдіс-амалыңды қосып жеңесің. Сен оны алмасаң, ол сені алады. Талай-талай қан майданды басымнан кешірдім, тар жол, тайғақ кезеңдерден өттім, майданда жау түсірмей қайтқан жерім жоқ, оның қайбірін ерлікке санарсың. Бірақ өмірімде қапияда кезігіп, қас-қағымның арасында өткен үш түрлі жағдайға тап болдым. Сонда менің жүрегім түршігіп көрмеді. Кейбіреулер қорқамыз дейді екен, мен қорқудың не екенін білген жан емеспін, Алла берген жанды Алла өзі алады, басқа біреудің алуы мүмкін емес деп сенемін.

Соғыста жеңілгенің—ақыл-айла мен күшіңнің кемдігі, соғыста жеңгенің—сол екеуінің артықтығы. Ал күтпеген жерде жаныңа қысым келгенде қабағыңды шытпай, қалт ойлап, қапысын тапсаң, ерлік, жүректілік деген сол.

Жас кезім, жылқы табынында жүріп таң қараңғысында көз іліндіріп алайын деп тоқымымды төсеп, ерімді жастанып, шылбырымды жамбасыма басып, көйлектің омырау түймесін ағытып, кеудемді самалға ашып, көк шалғынды қолатта жатып қалдым.

Бір кезде мұздай суық бір нәрсе кеудемді басып келе жатқанынан ояна келсем, жылан екен. Оянғанда қозғалып

кетсем керек, жылан ысылдап иегімнің астынан аузыма қарай өрмелеп тілін жалаңдатты. Шағып алар ма екен деп сескенбедім. Аузымды ашып, демімді ішіме қарай тарта бердім. Екі көзім жыланның қимылында, оның басы аузыма кіре бергенде тісіммен қыршып түкіріп жібердім, сонда тісім мұздай болып кетті. Бірақ сескенбедім. Осы оқиғаны естіген нағашым: «Жігіттің ерлігі — байсалдылығы», — деп мені мақтаған еді.

2. Ел алдына түсіп, ер қатарына қосылып қалған кезімде, «ел шетінде жау жатыр, жолдастасып бірге барып, соны алайық» деп Қабанбай батыр шақыртыпты. Ара қонып Қабекеңнің ауылына жетіп, сәлем беріп үйге кіргенімде, сәлемді Қабекеңнен бұрын Бөгенбай батыр алды. Үйде екеуі ғана екен, жиған қолдары, жау-жарағы көрінбейді. Кешкі аста отырғанда Бөгенбай жай бір ғана:

— Жау жанынан бөлініп шығып, өз бетімен қол жинаған бір қарақшы екі елдің тыныштығын кетіріп, малын айдап, қызқатындарын олжалап, маза алып тұр, — деді.

Мен көп сөйлемей:

— Ел алаңсыз болғаны жақсы еді, — дедім.

Ертеңінде үшеуміз бір жол бастаушы алып жүріп кеттік. Бірер күнде ел шетіне іліндік. Қарақшылардан зәбір көрген ел зар жылап, көк етегін көл қып көз жасын төкті. Қарақшылар ойда жоқта жәйін жатқан елге басып кіріп, малын қуып, адамын олжалап, қарсыласқан ер азаматты өлтіріп, ойына келгенін істеп жүріпті. Қарақшылардың жүгенсіз қылықтарын естіп, халықтың көз жасын көрген сайын қаным қайнап, алаасттым. Жауға таяған сайын жүрісіміз ширай түсті. Олардың апанын анық білетін жол бастаушымыз төтелеп бастап, нелер құлама құз, ақпа қорым, жыныс ормандардан өтіп, бізді таң бозында олардың тақ желкесінен түсірді.

Қарақшылар бір үлкен қолатты алып, ақбоз үйлерді тігіп тастап жатыр екен. Шамасы жортуылдан түнде ғана келсе керек, аттары түюлі, түйелері қомдаулы, тоғанақты теңдері жиылмаған.

«Қанша халықты зар илетті екен» деген ой басыма найзағайдай соғылғанда, атымды ұрып жіберіп Қабанбай мен Бөгенбайдың алдына көлденендеп тұра қалғанымды өзім де білмей қалыппын. Менің шыға келгенімен рұқсат сұрағанымды айтқызбай таныған екеуі жарыса:

— Балақай, жолың болсын! — десті. Бұрылып жүре бергенімде олар: «Жол бойындағы халықтың мұң-наласы ширықтырып келе жатыр еді, жолы болар-ақ! — десті.

Дұспан да болса «қапы кеттім» демесін деп, ортасына ұран салып кірдім. Олардың тұшты ұйқысын менің күшті даусым шайдай ашты. Топ-топ болып үйлерден шығып, аттарын шешіп жатыр. Назарым ортадағы ақ үйде, содан шыққан бес адамның артқысы зор денелі біреу киіз есікті иығымен көтере ашып, нығыз басып маған қарай кірпікті қысық көзімен бағып келеді. Үстінде сауыт-сайман, үстінен жамылған үлкен сары жібек шапан. Шапанның етегі шалғынға сүйретіліп, шұбалаң қағады. Жас мөлшері қырыққа еркін ілінбеген, селеу сақалды, тайқы маңдайлы, бүйрек бетті, дүрдиген ерінді адам екен. Дәл ернінің үстін түйреген найза табынан қалған тыртықты анадайдан айырдым. Жолбарыстың мұртындай бес тал мұрты тіп-тік болып шашырап тұр. Оның сетілген танауынан келекенің күлкісі байқалғандай болды.

— Кімсің сен?! — деп зеки сұрады менен.

— Мен жөнімді айтқаныммен, сен жөніңді не деп айтар едің? Ел дейтін елі, жөн дейтін жөні жоқ қаны қара қарақшы! — дедім ақырып. Сөзім шымбайына батты білем, көзінен ашу оты жарқ етіп шыға келді. Артына бұрылып қолын бір-ақ сермегенде екі жүз шақты адам атына қонып үлгірді. Мен: «жеке-жеке!» деп айғайладым. Сол сәтте қарасұр атты біреу майдан тартты. Шауып келе берген сәтте найзасынан шап беріп жұлқа тартқанымда ат тебінімен алдыма келіп қалды. Сол сәтте қанжарын суыруға келтірмей атынан жұлып алып, жалпақ тасқа қойып кеттім. Атымның тізгінін тез тартып: «жеке-жеке!» деп тағы да айғайладым. Бар ойым пәле басы — бағанағы сарыда. Онымен сілкілеспей ашуым тарап, кегім қайтатын емес.

Жуан сары шапанын шешіп тастап артына бұрыла бергенде, тұлпар атын екі адам жетектеп келіп ииле қалды. Атына міниіп найзасын серт ұстанған, ол әуелі менің жүрегімді алғысы келді білем, ашулы отты көзімен түйіле қарап келіп, майдан тартып шаба жөнелді. Ағызып келіп атының тебіні, қолының бар пәрменімен кіндігімнің басынан найза салды. Мен қалқанымды тоса қойдым.

Тізгін тартқанда көнігі болған сары тұлпар тік секірді. Осы кезде ол өте шапшандықпен жанды жерімнен әлде неше рет най-

за салды. Мен де қалт кетірмей тостым. Ақыры ол кезек беруге мәжбүр болды. Мен де ағызып келіп найза салдым. Шіркіннің күштілігі мен шапшаңдығы-ай! Өзім-өз боп найзамның қатты қағылғаны осы еді. Кезек тағы бір айналып маған келді. Мен ойқастатып шыға бергенімде серіктерімнің ұран салған дауыстары естілді. Менің басыма «бір қарақшыны ала алмағаным ба?» деген намыс орала кетті. Қалай келгенімді білмеймін, қылышпен қатты ұрғанда қалқаны қолынан ұшып кетті. Қайта қайырылып, қылышын қағып, ұшырып жібердім. «Басын шауып тастаймын» деп қайырылғанымда, менің екі батырым да келіп қалған екен.

Ақ боз үйден еңірей жүгірген әйел заты келген беті үзеңгімді сүйіп, жалынып:

— Жанын қиып кет, батыр! — деп өтінді. Бөгенбай мен Қабанбай осының тілегін бер деп сұрады.

— Ал бердім, — деп майданнан шыға бергенімде:

— Мені өлтіріп кет! — деп айғайлап маған қарай тұра шапты әлгі батыр, — мен елсіз, мекенсіз едім, енді серіксіз қалдым. Басымды сүйер жан қалмаған екен, енді қаңғытпа, мені өлтіріп кет! — деп ұшыртып келеді. Көзінен от шашырайды, ашу-кектің ұшқыны ма, әлде өкініштің қамырығы ма, кім білсін оны. Сонда байқадым, қасында қорғап, қоршап жүрген екі жүздей жолдас-шорасының бәрі қашып кеткен екен.

— Бердім жаныңды мынау үшеуіне, — деп қайта қайталадым мен. Осы кезде жаңағы әйел жан ұшыртып келіп оның шылбырына оралды. Батыр әйелге бұрылып:

— Біткен екен менің уақытым, сүйенер елім де, жанкүйер жолдасым да жоқ. Енді мен үшін өмір сүрер жер де жоқ, құрыдым, мен құрыдым! — деп атын ұра жөнелді. Тықыршып тұрған тұлпар сауырына қамшы тигенде шылбырға оранған әйелді етбетінен түсіріп кетті. Жан ұшыра түрегелген әйел:

— Өлтіріп кет мені! — деп айғайлап тұра жүгіріп екі-үш қадам аттай бере құлап түсті. Жаңағы ашу-кектің қан майданын енді сорлы әйелдің мұң-наласы басты. Оның жан дауысы құлағына жеткенде ғана ес жиды ма, қалай, әлгі батыр қайта ағызып келді де, орнынан тұра берген әйелді іліп алып шатқалды өрлей тартты. Біз соңынан қарап тұрмыз, әйелдің білегі оның мойнына орала кетті. Олар тау айналып кеткенде ғана Бөгенбай маған бұрылып:

— Мынаның кім екенің білесің бе? — деп сұрады.

— Білмеймін! — дедім мен.

— Білмесең, жоңғар хандығының ең білікті жас батыры. Осы қайтер екен дегізіп, жүрек шайлықтарып келіп еді. Жоңғар хандығына бір қылығы жақпай, қағажу көрген соң кеудесін бастырғысы келмеген асау жүрек жас батыр ақыры бой көрсетіп шығып кеткені осы екен, — деді.

— Бақ қайтудың басы осы сұлу әйелден басталса керек, — деді Қабекең сөзге араласып.

— Бұл сұлу әйел ханның қызы ма, әлде жесірі ме онысын біле алмадым, әйтеуір осы батыр жігітпен көңіл қосыпты, сол себепті хан ашық жазалай алмай, орда төңірегінен жылжытып жіберіпті. Ол өзіне қарасты әскерін бастап, осы әйелді жапан дүзге алып шығып кетіпті. Хан әскері қуа келіп соғысып бұны ала алмапты, — деді жол бастаушы.

— Біз сенің білегіңді бір көрсетіп қоя берейік деген едік, — деді Бөкең сөзін жалғап, — себебі мынау тірі кетсе, Жоңғар хандығы екі ұдай болып тозғындай берер еді. Бірақ мынау тірі кетпейді. Менің адам танитыным рас болса, оның жаңағы әйелін ала жөнелгендегі бейнесі өлім есірігі басқан кісінің кейпіне ұқсайды. Ендігі өліп те болған шығар-ау!

Осыдан кейін біз бір-бірімізбен сөз байласқан адамдай әлгі тұлпардың ізімен жүріп кеттік. Көп ұзамай олардың өліп жатқанын бір жартастың басында тұрып көрдік. Олар жартастың ұшпа жеріне бір келіп (тегі жатын орындарын көрсе керек), атты қыздырып айнала шауып, жартастан қарғытып кетіпті. Батырдың бір қолы атының тізгінінен айырылмапты да, әйел батырдың мойнынан құшақтаған беті түсіпті. Талай-талай соғыста болғаныммен, осы батырдың өзін-өзі өлтіруі мені көбінде ойландыра береді. «Халқынан айырылған қан құсады» деген осы болар.

3. Жиырманың жуан ортасына келіп батыр атағым жұртқа таралып, ел басқарып, қол бастап, жұрт ағасы болып қалған кезімде қайныма ұрын бардым. Қайын жұртым аса бай ауылдар еді. Үлкен көгал жазыққа тойға бола топтала қоныпты. Бізді бастап келе жатқан ел жағымыздың үлкендері әлгі ауылдарға таяй бере іркілмей жүріп кетті де, екі жолдасыммен мені қарсы ала шығатын жеңге, балдыздарды күтіп тұруға бұйырды. Бір кезде ақ шылауышты жеңгелер мен қызылды-жасылды киінген

қыздар ауылдан бізге қарай жүрді. Сонда: «Алысатын жау емес, айтысатын дау емес, мыналар нені сұрап, мен не айтармын?»- — деп көрген жолдасымнан сұрай берсем керек. Жолдасым:

— Бәрекелді, Жәнібек, жарақты жауға шабарда ақыл салмағанда, мына елдің қыз-қатындарының жүзін көрмей, қарасынан-ақ ықтай бердің ғой, — деді.

— Бәлі, жігітім, олар төбесін көрсетпей жатып-ақ бізді аттан түсірмеді ме, қамалы берік алып батырың, алдырмас шешенің дәл осылар болмағай?! — дегенімде, жолдасым күліп:

— Бұл да ер азаматтың бір кешуі. Ер азаматтың туада нағашы жұрты, ата жұрты дейтін екі жұрты болса, қайын жұрты өсе келе, жүре келе өзі тауып алатын жұрты емес пе? — деді.

Елден ерекше мен мұндалап, шошақ төбелі, үкілі тымақ киіп мен тұрмын. Менің жел шықпаса, басқа жан жықпаған тұлпарыма екі-үш бала мінгесе ойқастата жөнелді.

Жаңағы теңге-моншағы сылдырап келген жеңгелер бізді ақбоз отауға бастап кіріп, шымылдығы құрулы қайқыбас төсек алдына әкеліп отырғызды да, екі жолдасымды менен бөліп, төр алдына алып кетті. Әзіл-қалжыңға өткір, ашық-жарқын жеңгелер де, аз сөйлесе де, ақырын сөйлесе де, ұтып сөйлейтін зейінді бойжеткендер де бар екен. Бұлар қан майдандағы батырлықтан арман сынайды, сынағанда да қандай, сенің дәп бір әлсіз жеріңді ұтылап тиіседі. Қалжың шіркін бұндайда ығына келіп, жараса беретін көрінеді. Бірі сенің жүзіңді көргісі келіп тымағыңды шалқайтып кигізіп кетсе, бірі: «қасқаюын батырдың, мынауың жоңғардың майданы емес, құдайдан атаңның ауылы» деп еңкейтіп, қайтадан нұқи кигізіп кетеді. Біреуінің қабырғасынан мытып қалайын десең, ол майдандағы батырдың білектей қабырғасы емес, қатты тиіп, қате кете ме деп және қорынасың, сен қорынған сайын олар басынады, күледі, ішек сілесі қатқанша күледі. Үлкендерді де өздеріне еліктіріп қоса күлгізеді. Ыза болайын десең, олар қандай байқағыш, үшеу-төртеуі бас қоса қалып: «Қой деймін, Жамал, батыр атқа мініп ұран салып шығып кетпесін», — деп қитығыңа тие, одан сайын сыңғырлай күледі. Ақыры осылар жеңбей қоймайды. Иілдірмей, тізе бүктірмей, шаршатпай тынбайды. Өмірімде қысылып-қымтырылып, адам еркіне көнген бір кезім сол екен. Үлкенсимін дегенмен, үлкенси алмайсың. Өйткені ата салты бәрінен үлкен. Оған халықтан басқаның дәрмені жетпейді.

64. Жәнібек бастаған Абақ елінің Шыңғыс тауынан көшуі

Жәнібек батырдың Алтай, Тарбағатай, Еренқабырға, Құмыл қатарлы кіндік кесіп, кір жуған байырғы мекеніне елінің іргесін қайта жәйіп, күлін төгуі — өз өміріндегі аса ұлы, ізгі арманы еді. Бұл тек Жәнібектің ғана емес, хан Абылайдың, Қабанбай, Бөгенбай бастаған қазақ қолбасыларының, бүкіл қазақ халқының ортақ тілегі еді.

Ол тұста Абақ елі Шыңғыстауы, Көксала, Бақанас деген жерлерді мекендеп, арғын руларымен қанаттас отырады. Өсіп келе жатқан рулардың жерге, қоныскa таласуынан шыққан ішкі бақастық — керей елінің шығысқа қарай көшуіне тікелей себеп болады.

Жәнібек батыр Абақ елін бастап, қоныс аударып кетуге талпына бастаған кезде қанаттас отырған рулармен сөз сайысына түседі:

— Күлтелі күрең тұрғанда,
Тұлпарыңа жалынбаймын.
Ер азаматым тұрғанда,
Көптігіңе бағынбаймын.

Атаным сай, атым сай,
Балтам сай да, тесем сай.
Ұлы Ертістен көпір салсам да өтем,
Кеудемнен жаным шықпаса,
Ежелгі жерге жетем, —

дейді. Батырдың бұл сөзінде өкпе-назы да, көкейтесті арманы да жатыр еді. Сол кезде қартайып қалған нағашысы Қазыбек биге де Жәнібек өкпелі екен. Жәнібек батыр елін бастап көшетін болғанда, жасынан қасында өскен жақсы көретін жиенін қимай: «Жиен назары қиын деуші еді, үйімнен дәм татырып, батамды беріп жіберейін», — деп ойлаған Қазыбек би шақырушыларына:

— Жәнібектің мінезі қатты, мен шақырады демеңдер, нағашының үйінде дәм-тұз шақырады деңдер, — деп ұқтырады, — бір оралса, сонда оралар, егер асты сыйламаса, жолы да

бола қоймас, — дейді. Жәнібекке барған шақырушылар бұл сөзді бұлжытпай жеткізеді. Жәнібек батыр:

— Нағашым болса қайтейін, бармай-ақ кетейін деп едім, дәм-тұз депті ғой бармасам, жолым болмас, — деп жолдас-жораларымен аттанып, нағашысының ауылына келгенде, Қазыбек би алтын тонын жамылып, есік алдыда күтіп тұр екен. Жәнібек нағашысымен сәлемдесіп үйге кірерде:

— Кірейін, кірейін, күлдіреуіші қисық болса да, түтіні тұзу ұшып тұр екен, — деп нағашысын құрметтеп үйге кіргізіп, соңынан өзі кіреді.

Батырдың келгеніне разы болған қарт би жайланып отырып:

— Жауға жарақты қолмен шығушы едің, бүкіл қазақ болып тілеуіңді тілеп тұрғанда жаудан жасқанып көрген жоқ едің. Енді ел басқарып, би болып, ел көшіріп, ер болып, ел шетіне шығып барасың. Жұрт көңілін қалдырма, дұспаныңның ойын асырма! — дейді.

Сонда Жәнібек нағашысының сөзіне ризалық білдіріп, жауап қайырады:

— Тілге келсе, елу бесте болып,
Тілдесуге шыдаймын.
Дауға келсе, қырық бесте болып,
Белдесуге шыдаймын.
Жауға келсе, жиырма бесте болып,
Жауласуға шыдаймын, —

деп нағашысын сүйіндіреді. Тәуекелге белін буып, бетін суыққа бұрып, тұрған жиеніне би тағы бүй дейді:

— Жерге таласып іргелі монғолмен қандаспа, ел ішінде қоныс таңдаспа. Әділдікті ойласаң, халқың қадыр тұтады.

Нағашысының ақылия сөзін алдыға ұстай сөйлеген батыр:

— Сыйласқанға без беріп,
Шындасқанға сөз беріп,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төсті алып,
Еселі істі терісіп,
Есесі кетсе берісіп,

Келген өзіңізден қалған
Ата салтымыз ғой, нағашы, —

дейді. Сонымен Қазыбек би шын ықыласын беріп, ақ жол тілеп аттандырады. Жәнібек батыр елін бастап, Қалба тауына жетіп тұрақтайды, Алтай, Тарбағатай, Еренқабырға секілді байырғы мекеніне өту үшін алда көп кедергі жатады. Алтайды иелеп алған жеті тайпа ұранқай мен дөрбіттердің, Тарбағатай аумағына жаңадан келіп орын тебе бастаған торғауыттардың күші өте мығым еді.

Ел Қалба тауын бірнеше жыл мекендейді. Бұл кезде Жәнібек батыр Өр Алтай, Тарбағатай және Еренқабырға тауларына дейін барып, ондағы халықтармен бітімге келіп, тыныштық орнатады. Қалбада мекендеп тұрған кезінде Жәнібек батыр Алтайдың Ақтау төңірегіндегі бір асудан жол салып асып, бергі бетін шолып қайтады. Кейін осы маңды найманның қаратай рулары мекендегендіктен, ол «Қаратай жайлауы» деп аталады да, әлгі асу «Жәнібек батырдың асуы» делінеді.

Қазақ халқы бұл батырды айрықша қастерлеп, «Ақыр Жәнібек» деп атаған. Бұдан былай бұндай жүректі, аруақты адам болмайды деген сөз екен ол. Сондықтан халық Жәнібек батырдың туын бертінге дейін сақтап, жаугершілікте көтеріп шығып отырған. Шымырақ торғыннан жасалған бұл ту — қазақ батырларының ең соңғы туы еді.

Жәнібек батыр 1792 жылы сексеннің үстіне шығып қайтыс болады. Қайтыс болған хабары үш жылға дейін құпия сақталады. Үш жылдан кейін Үш жүздің баласына сауын айтылып, ас беріліп, зираты тұрғызылады. Жәнібек батырдың бейіті сол Қалба тауының Жалама, Қызыл Су-шәр деген жерінде.

65. Қошқарұлы Жәнібек

Қазақта атақты Жәнібек үшеу: ноғайлы жұртының ханы — әз-Жәнібек, Абылайдың қолбасшыларының біреуі — Шақшақ Жәнібек және Ер Жәнібек. Кейінгі Жәнібектің руы — керей. Әкесі Қошқар деген кісі үйіне Шақшақ Жәнібек келіп қонған түні әйелі босанып ұл тапқан соң баланың атын ырымдап Жәнібек қойған.

Осы Жәнібектің бастауымен Керейдің абақ руы ...Зайсан бекінісінің солдаттарымен атысып, Моңғолия жеріне өтіп кеткен. Сондықтан оларды «Бодамсыз Керей» деп атайды. Қазір олардың ұрпағы Моңғолияның үш аймағын алып жатыр.

Жәнібек Абақ руын Моңғолияға апарып қоныстандырған соң, енді қазіргі Семей облысының Шұбартау ауданын мекендейтін Жобалай керейлерін көшіріп әкетпек болып келе жатқанда, жолда ауырып қайтыс болыпты. Зираты Семей облысының Жарма ауданындағы Шар өзені бойында, «Орта бұлақ» деген жерде.

Менің айтпағым — осы Жәнібек бастаған керейлердің Моңғолияға шеру тартуына байланысты туған «Ердің құны бір атым насыбай» деген мәтел туралы.

Керейлер Зайсанға бара жатқан жолда Қалба тауына бір жұмадай аялдайды. Шыңғыс тауынан тобықты руы ығыстырып шығарған матай руының да Қалбаға жаңа қоныстанған кезі екен. Матайлар керейлерді «Қалбаға мүлде қоныстанып қалады» деп есептесе керек, үркіту мақсатымен Керейдің бір ауылына соқтығады. Ұрыс кезінде Керей жақтан бір адам өледі. Мұны естіген Жәнібек барлық ауылдарды бір жерге шоқтай иіріп, қарулы қолмен Матай елін шабуға дайындалады. Соқтығуын соқтыққанмен, Матайлар қатты сасады. Керей ауылдарына астыртын жансыз жіберіп, Жәнібек батырдың мінез-құлқы туралы мәлімет жинайды. Жансыздардың әкелген мәліметіне қарағанда, Жәнібек — құралайды көзге ататын мерген адамды ұртынан түйреп түсіретін найзакер. Жалғыз-ақ осалдығы бар. Ол — насыбайға аса құмарлығы.

Мұны білген матайлар әдіс қолданады. Бір шеберге күміспен шытырлатып, құны бір бестілік мүйіз шақша жасатады. Ішіне жалбыздың суы себілген қоңыр бұйра насыбай толтырады. Сөйтеді де, Матай ішіндегі Жәнібек есімді жас шешен жігітті батыр Жәнібекке елшілікке жөнелтеді.

Елші жігіт Жәнібекке келіп, Матайлардың ұйғарымын естіртеді. Матайлар: «Кісі құны жүз жылқыны алып тоқтасын», — деген екен. Батыр бұл ұсынысқа міз бақпайды. Сазарып отырып қалады. Сол сәтте елші жігіт қойнынан күміс шақшаны суырып алып батырдың алдына тастайды. Батыр қызығып кетіп шақшаны алып көреді де, насыбайдан

ұртына тастап жібереді. Сәлден соң қабағы ашыла бастайды. Ақырында:

— Болмас, болмас, еркек тоқты құрбандық. «Судың түбін шым айырар, даудың түбін қыз айырар». Жығынды ауыл құдаласып, қыз беріссін! — дейді. Ал ұрыста өлген жігіттің құнын біржола салауат етіп, кешіріпті.

66. Жәнібек батыр туралы аңыз

Күндердің бірінде Әкесі Бердаулет ел аралап жолаушылай кеткен бір орайда Жәнібек түйе жаймауға белін бекем байлап, он сегіз атанды шөгеріп, қылтасын қиып тастап үйіне келіпті. Ана баланың сырына қашанда қаныҚ емес пе? Уақытсыз уақта көзі қанталап, өңі қашып, сұрланып келген ожар ұлы туралы кәдік ойлай қалған шешесі:

— Қалқам, бүгін неге ерте келдің, өңің бір түрлі, түйеңнен айрылып қалдың ба, сығыр? — депті. Сонда Жәнібек:

— Жоқ, түйенің барлығын кетпестей етіп тастадым, күнде-күнде шелектердің соңынан ергенше, нағашыларымды іздеп кетемін, — депті.

Сұңғыла, ақылды ана мән-жайын ашалап сұраса, түйелердің қылта тарамысын қиып, тұрмастай етіп тастағандығы аян болыпты.

— Қарағым балам-ай! — деп кейістік білдірген шешесі ойлана келіп:

— Әкеңнің мінезі жаман, келгенде үлкен ойран басталып, бітпес кесел шығады. Мал күйігі жан ашуын қозғап, қатал мінезі ұстап сабайтын болса, бата тимей, қата тиіп, жазым болып қалуың ықтимал. Нағашыларыма кетем десең, кетіп қал, — деп рұқсатын беріп, нағашысына баратын жол-жөнін ұқтырыпты да, жолға шығарында мынадай кеңес айтыпты:

— Балам, нағашы атаңның үйіне барғанда сәлем беріп амандасқаннан кейін, абайласаң, үйдің оң жағында ақ тұқым жатады, тұқымнан әсте төмен отырушы болма, тұқымнан төмен отырып қалсаң, «мынау дүние босағадан бой озбайтын, аттап басып алдыға шыға алмайтын жасық, жаман болады-ау!» деген нағашы атаңның тұжырымы болар. Онда өлез болып қаларсың. Ал ақ тұқымнан жоғары шығып кетсең, нағашы атаңның көзі

ерекше түсіп, таңданып кетер. Асыра таңданып кетсе, өліп қалуың да мүмкін. Сондықтан нағашы атаңның үйіне барғанда, отыратын да, жататын да орның сол тұқымның үсті болсын! Мұны ұмытпай есіңе сақта! — деп ақыл көрсетіпті.

Жәнібек шешесінің кеңесін ықылас қойып тыңдап, ұғып алыпты да, аялдамастан нағашысын іздеп жолға шығыпты:

«Өжет өскен жас бала,
Он екі жасқа жетеді.
Нағашыма барам деп,
Жәнібек қашып кетеді.
Сырылмалы кепештен,
Бір тұтам түк өтеді,
Ай сегіз күн жол жүріп,
Сары үйсінге жетеді».

Ай сегіз күнді суыт жүріп, ел аралап, жер көріп, нұрлы жүзі күнге тұтығып, аңызғаққа ерні жарылған Жәнібек нағашысын іздеп тауып, сәлем беріп, амандық айтысты.

Шешесінің айтуы бойынша, ақ тұқымның үстін алғашқы таныстықта отырып жатқанда, сонда жатып нағашы атасына жағыпты.

«Нағашы тегін сұрасаң,
Досынбек пен Өмір-ді.
Жау дегенде кигені,
Көкпеңбек ылғи темір-ді.
Жиенім менің келді деп,
Көңілі тасып семірді.
Жиенді көріп сынады,
Жиенге көңілі толады.
«Бір ай жатып, қайтам» деп,
Алыстан келген жиені,
Көк дөненді сұрады.
Нағашы атасы берсе де,
Балалары бермеді.
Әкенің тілін алмады,
Жиенді қабыл көрмеді,
Жәнекең көк дөненді,

«Сірә, алмай кетпен» деп,
Онан ары өрледі».

Бір күні көк дөненді бермедің деп нағашы ағаларына ренжіген Жәнібек, нағашы атасы үйде жоқта аттанып кетіпті. Айшылық жолдан арып-шаршап іздеп келгенде, сырты түк, іші боқ бір шолағын қимады деп ызаланған Жәнекең маңдайын сүйген күн нұрының маужыратуында атын отқа қойып, жол шетінде иін тірескенді жастанып жатып ұйықтап қалыпты. Қанаттас ауылдарда аз аялдап, бұйымтайын бітірген Жәнібектің нағашы атасы үйіне келгенде, бәйбішесі:

— Жиенің көк дөненді бермедіңдер деп ренжіп, нағашы атаң келсін дегеніме қарамай, аттанып кетті, — деген соң, ақсақал балаларына:

— Әй, ақымақтар-ай! — деп кейіп, — жиеннің назары қатты болушы еді, — деп атқа мініп, Жәнібекті артынан қуыпты.

Үлкен бесін ауғанда қалың теріскенді бұйратта, жол шетінде ұйықтап жатқан Жәнібекті анадайдан көзі шалыпты. Екі иығына екі қасқырдың көзі от боп жанып Жәнібекке төніп тұрғанын көріп, нағашы атасы қапелімде сасқалақтап, атын борбайға салып жіберіп ұмтылыпты. Жәнібектің қасына келсе қасқыр жоқ, Жәнібек қаперсіз ұйықтап жатыпты. Қуа келген нағашы атасы Жәнібекті оятып, балалардың ақымақтығына ыза болып:

— Сен де ақымақ болушы ма едің, жүр үйге! — дегенде, Жәнібек:

— Айлық жолдан мені ешкім шақырмады,
Нағашымда қырық серкеш хақым қалды.
Көк дөненді бермесең, асыңа сой,
Не қылсам да әкетем деп жатып алды, —

дейді. Көпті көрген айлалы ақсақал жиенін ақыры ақылына көндіріп, үйіне алып кетіпті. Кетіп қалған Жәнібекті қайта алып келгенін жаратпаған балалары:

— Жарықтық алжыған ба? «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген, керейден қаңғып келген балаға жалбарынып, оны несіне қайтадан әкеліп жүр, — деп жаратпапты. Сонда әкесі балаларына:

— Ой, шырағым, балалар,
Жиенді қабыл көріңдер.
Көк дөненді беріңдер,
Аш арыстан тек қайтпас,
Еліңді шауып кетеді,
Тақ түбіңе жетеді.
Он екі жасар жас бала,
Сөйлесе сөзге дап-дана.
Көк дөненді бермесең,
Елді бір қылар масқара.
Біреу болса өзі екен,
Көк шолақтың көзі екен.
Өне бойын кептеген,
Қызыл желді сөз екен.
Иығында шам-шырақ,
Заулап жанып тұр екен,
Көк бөрі дарып жүр екен, —

деген екен. Көк дөненді беруге көндіре алмаған нағашы атасы Жәнібекке:

— Көк дөненнің інісі көк құнан бар,
Ренжіме, қарағым, сен соны ал.
Келер жылы Абылай хан жауға аттанар,
Тілімді алсаң ер дағы сен соған бар, — депті.

***

Керейден Досымбектің үйіне он екі жасар жиені келіпті. Ойға көсем, тілге шешен, қайтпас қайсар жүректі бала екен, нағашысынан көк дөненді сұрапты. Бірақ иемденіп міниіп жүрген Досымбектің балалары бермепті. «Көк дөненді бермедің» деп өкпелеп кетіп қалған жиенін ақ сақалды Досымбектің өзі қуып барып, жолдан әрең қайтарып алып келіп, көк дөненнің інісі көк құнанды беріпті дегенді естіген сол елдің биі Табансары Жәнібекті шақыртыпты. Би шақырды деген соң «Шақырғанға бар, шаққаннан қаш» деген деп жүргелі тұрған жолынан ерулеп Табансары бидің үйіне келіпті.

«Қабағынан қар жауған, алдынан жан көлденең өтпеген Табансары би керейден келген он екі жасар балаға не дер екен,

ал он екі жастағы керейдің жас баласы Табансары биге не дер екен», — деген жұрт ауылды анталай жүріп құлақ түріпті.

Жәнібек келіп қалды деген хабарды естіген Табансары би төрінде отырып қоразданыпты. Ауылға келіп түскен Жәнібектің атын еш адам ұстап, құрмет көрсетпепті. Жәнібек Табансарының ордасына сәлем беріп кіргенде, Сары сәлемін алмастан, көз салып қарамастан:

— Е, сен неме, кімнің баласысың? — дегенде, Жәнібек:

— Мен Бердәулеттің баласымын, — депті. Сонда би:

— Үй, сенде бір Құдайдың құлы екенсің ғой, шық үйден! — деп ақырыпты. Сонда тізесін бүкпеген Жәнібек:

— Е, қазақ салты шақырып алған
Итті де басқа теппейді.
Шақыраңдаған тұрпайылық
Саған бақыт екпейді.
Астыңа құла жорға ат мінгізсе,
Алты ай мініп арытпассың.
Жаныңа мың тал оқ салса,
Біреуін де жауға дарытпассың.
Қарны кебежедей кәлтиген сары неме,
Сен де еліңді би болып жарытпассың! —

деп шығып кетіпті. Сонда Табансары:

— Амал жоқ, бекер соқтыққан екенмін, болса болғандай ерім екен ғой! Керейде қамалға қарсы шабатын ұл туған екен, бұдан былай сені керей алар! — деген екен.

***

Нағашы атасының ықылас батасын алып, көк құнанды мініп, көңілі қош болған Жәнібек аман-есен еліне оралыпты.

Бердәулет ожар ұлының өзі туып көрмеген жер түбіндегі нағашы жұртын іздеп тауып, нағашы атасына сәлем беріп, амандық біліп, ат мініп, аман-есен оралғанына, адам болғаны осы деп сүйініпті де, тіс жарып ештеңе демепті.

Тентек ұлын не болды деп уайым аралас сағынған Бердәулеттің әкелік мейірі, мал қайғысы мен ашуын баяғыда-ақ жойып кеткен тәрізді.

Бұл заман қазақ-қалмақ арасындағы қанды шайқас қара жерді қаннан жиіркендірген, қазақтың ең соңғы ханы Абылайдың ел билеп тұрған заманы екен.

Хан жарлығымен қазақтың батыр, бағлан, білікті, жіліктілері өзіне қарасты бұқаралына хан әмірін атқарып, алдағы күндерде қалмаққа қарсы жасайтын жорықтарына шұғыл дайындық көру жөнінде жарғақ құлақтары жастыққа тимей жар салыпты.

Бұл хабарды естіген Жәнібек, нағашы атасының айтқан ақылы есіне түсіп, Абылай ханның әмір жарлығы бойынша жорыққа дайындалу ниетіне мықтап бекіпті. Бірақ жорыққа дайындалу үшін әке бекімі, ана разылығы болу қажет. Онысыз сауыт-сайман, азық-түлік, керек-жарақ сияқты қажетті қамдап алуда, тіпті, жорыққа бару да қиын. Осыны толық аңғарған есті, парасатты, ожар бала Жәнібек әкесіне төте айтуға батына алмай, бұл ойын шешесіне айтыпты. Баласын қырғын соғысқа қолдан жіберуге қимаған шешесі, Жәнібектің жорыққа бармауы жөнінде ұшан-теңіз негіздерді алдына көлденең тартып кеңес беріпті. Бірақ ұлының алған бетінен қайтпайтынын көріп, әбден түңілгеннен кейін Жәнібектің осы талабын әкесіне айтыпты.

— Ұлың жібермеске көнер емес. Біз қосылмағанымызбен, нағашысын іздеп кеткені сияқты жорық басталарда дайындықсыз жүріп кетсе, қызыл жұдырықтан өзге қайрат қылар қару-жарағы жоқ, қалмақтың қан жалаған қанжарының астында арманда кетпей ме? Онда шерге арманымыз өлгенде бітпес, одан да тілегін қабыл көріп, жабдықтап ықыласымызбен аттандырсақ, өлсе, шейіт деп көңіліміз тынып, тірі болса, ісіне риза-қош болып отырмаймыз ба? — депті.

Қабағын ұзақ түйіп ойға кеткен Бердәулет үнсіздікті бұзып, ақыры әйелінің көзқарасына қосылып, баласының жорыққа аттануын мақұл көріп, жорықтың дайындық жабдығына кірісіпті.

Алдыңғы соғыстарда кеткен есесін қайтарып алуға кәрін төккен хан Абылай жыл бойы бүкіл елі бойынша дайындық көріп, қоңыр күзде қалмаққа қарсы тұқиыл шабуыл жасап, қынадай қырып, есесін алып, жеңіс табу ниетімен өзі бас болып, атқа қонып жорыққа шығыпты.

Хан атқа мініп, жорыққа аттанғаннан кейін патша десе бәрін төгіп, басын бәйгеге тігетін ақпейіл қазақтың тайлы-таяғына дейін қалмай аттаныпты.

Жер қайысқан қалың қол батырлар мен бағландардың, билер мен біліктілердің атаулары бойынша қоғамдалып, қолбасының қолы болып аттаныпты.

Ол кезде сол өңірде керейде атағы бар білікті адамдар болмағандықтан, арғын, найман, тобықты сияқты мықты рулар керей ауылдарын «келімсек керей», «шұнақ керей» деп кемсітетіндіктен, келемеж еткендігіне кектеніп, ала көңіл болып, Абылай ханның жорығына қосылған керей тобы болмапты.

Уақтан шыққан Бармақ деген батыр жорық дабылы қағылып, қол соғысқа аттанғанда ғана бүйірі қызып, шыдап үйде жата алмай уақ пен керейден атқа мінгендерді топтап, бір қос болып Абылай ханмен бірге аттаныпты.

Құмырсқадай құжынап жер қайысқан қалың қол, кейде бірінен-бірі жете қонып, кейде біріне-бірі аса түнеп, алмакезек шеру тартып, айқасып қалып келе жатқанда, жорыққа қолбасшылық істеп ортада келе жатқан хан ордасының біліктілерінің бірінің көзіне он үш жасар бала мініп келе жатқан көк дөнен түсіпті:

Тас төбеде құлағы,
Ләмбіріктей қара көк дөнен.
Ауыздықпен алысып,
Қаз мойыны көк таласып өрлеген.
Биік қабақ шара көз,
Бөкен танау шелектей.
Саптаяқтай салпы ерін,
Ырыс толы көнектей.
Шоқпар кекіл, құлан жал,
Құлын сауыр, қақпан бел.
Шоқтығы биік ой желке,
Жазық бауыр, шапсаң жел.
Тұрасы биік дөңгелек,
Шашасы биік сыпырған,
Бура санды елгезек,
Аяңы желіс ұмтылған.

Ұйтқып, шалқып келе жатқан көк дөненнің жайын Абылай ханға баяндай келіп:

— Көк дөненге мініп ана сүті аузынан кеппеген бір жас бала келді. Жау шетін көргенде-ақ үрейі ұшып өлер-ау, анау. Сонда, шіркін, көк тұлпар көрінгеннің қолында кетеді ғой! Тақсыр! Нағыз батыр мінетін сізге лайық ат екен, — деп бас игенде маңдайы жерге тиіпті. Сонда Абылай хан:

— Алдыңғы шолушыдан келген хабарға қарағанда, ертең қалың бейіті бар қойнауға барып түнейміз. Сол жерге барғанда екі мықты батырды бет ағашы түскен көрге ақ жейде, дамбалмен кіргізіп қойыңдар, ақшам үйірілгеннен кейін баланы шақырып алып, бейіттен тамақ пісіретін отын әкелуге жұмсаңдар, бала барып көрдің бет ағашын алып жатқанда, тұтқиылдан екі батыр бас салып: «бет ағашымды қайда апарасың?» десін, сонда ол дүрмекке ілескен өлездің бірі болса жүрегі жарылып өледі. Онда таңертең арулап көміп, атын додаға алса болды, — депті. Әлгі құлдықтың құлы жерден алтын тапқандай айқұлақтанып, екі батырды ертемен сығайлап, барлық істі орналастырыпты.

Ертесі жайымен аттанған ханның қолбасшылық ордасы бейіттің жанына жайырақ келіп орналасыпты. Алакөлеңке, көзден ғайып болар кезде Жәнібекті орналастыру бойынша отынға жұмсапты. Отын алуға бейітке келген Жәнібек көк дөненнің шылбырын шұбата салып, бет ағашы түсіп жатқан көрге келіп, топырағы ашылып, қай заманғы шіріп кеткен бет ағашты суырып жинай бастағанда, кенет көрден шыға келген ақ киімді екі аруақ Жәнібекті бас салып:

— Ей, адамзат, біздің үйіміздің төбе ағашын қайда апарасың? — депті. Сонда Жәнібек аяқ астынан сап ете түскен екі аруаққа титтей де селт етпей:

— Өлі аруақ, сен түгіл, қол бастап, шеру тартқан тірі Абылай хан аштан өлгелі жатыр, — деп екеуін екі жаққа лақтырып жіберіпті де, асықпай ағаштарды жиыстырып, қағып-сілкіп, шылбырына мықтап буып, көк дөненге өңгеріп алып келіп, хан ордасының алдына шарқ еткізіп тастай салыпты. Аттан түсіп, шылбырын шешіп алып, атына мініп қосына қайтыпты.

Ордасына отырған хан да, күндізгі көрген сұмдығын ханға жеткізген бағанағы сұмпайы да орда есігінің алдына келіп

саудыр ете түскен ағаштың дауысынан секем алыпты. Әлгі білікті:

— Бұл шербақа зираттың бағанағылар орналасқан жағынан емес, басқа жерінен әкелген болды ғой! — депті. Іштей: «әттегенай, бірнеше батырды зираттың қай жағынан барса да, құтыла алмайтындай етіп орналастырмаған екем» деп өкініпті.

Әлден уақыттан кейін көрге кірген екі батыр өне бойы топырақ, бет-аузы жараланып, бас-көзін шаң қауып хан алдына ентіге жетіпті.

— Ойбай, Құдай сақтасын! Ғали арыстан ғой деймін өзі! «Өлі аруақ сен тұр ғой, тірі Абылай хан аштан өлгелі жатыр» деп, бізді екі қолымен екі жаққа лақтырып жіберді, лажысыз қалдық, — депті.

Хан жанындағы сенімді біліктісіне қарапты. Ол сүлкіні түсіп жерге қарапты. Сәлден соң:

— Болды, жарақаттарыңды жуып, демалыңдар. Бейнетке — қайрат, ажалға төтеп беретін, адам болатын неме ғой тегі, оған енді тиіспеңдер! — депті Абылай хан.

***

Жорық қолы дағдысынша шеру тарта беріпті. Ханның қолбасшылық ордасындағы әлгі әккі Жәнібектің ханға сүйеніш болатын қолбасшылардың адамы еместігін ұғып, шеру тартқан қолды тәртіппен жүруді, атақты қолбасшылар қосыны алда жүруді, әлсіз жіктер мен керей, уақ бытырандыларын ең артта жүруді белгілеп, ұқтырыпты. Бұл тәртіпке бойсұнбай бұзғандар жазаға тартылатындығын жариялапты.

Жалғасты жүрген бірнеше күнгі жорықтан кейін бір ұлы тау кезігіпті. Тауды кесіп өтетін қысаң жолға келгенде жол аузында бір айдаһар пайда болып, аузын арандай ашып, басын қайқайтып, тілін жаландатып тұрып алыпты. Бұдан сескенген алдыңғы топ өте алмай Хан ордасы ішінде қалың қол ұйлығып тұрып қалыпты. Батыр да, бағылан да, білікті-жілікті де, молла-қожа да бұған амал таба алмапты. Осы кезде арттағы топ та үдере тартып жетіпті. Алдыңғы топтағылар торығып тұрғанда, Абылай хан келіп айдаһарды көріп, басқа жақтан жол іздеп өтпекші болып кетіпті. Уақ Бармақ батырдың қолы дәл осы кезде келіпті.

Жәнібек қалың қолдың қамалып қалғандығын көріп, себебін ұғып, қаһарланып көк дөненге қамшы басыпты. Айғай салып ақырып алға шығып, қылышын қынабынан суырып айдаһарға ұмтылыпты. Сонда:

— Көк дөнен көкке ыршыды қамшы батып,
Абылай неге қашты босқа шатып.
Баланың айбатына шыдай алмай,
Айдаһар мысықтай боп қалды жатып, —

дейді. Айдаһар бұғып қалғаннан кейін, Жәнібек іркіліп тұрған қолға: «Отырыңдар!» деп бұйырыпты. Қайысқан қалың қол іркес-тіркес, умақ-шумақ өтіп болғаннан кейін артынан Жәнібек өтіпті. Айдаһар бұққан басын көтермеген соң, Жәнібек қол жұмсапты.

***

Айдаһардан өткеннен кейін қолбасшылық орданың алып-соқтары орналастырған белгілеме бойынша қалың қол тағы ілгерлепті.

«Қазақтың Абылай ханы бас болып аттанған қалың қол қалмақты жайратқалы келе жатыр» деген хабар тарап, қалмақ елі де шұғыл дайындық көріп, күндік жерден жасауыл орналастырып, қарауыл қойған екен. Ел шетіне кіргізбей-ақ қазақ қолының бетін қайтару үшін қалмақтың атақты батыры Садыр күндік жерден қазақ қолының алдынан шығыпты.

Ұзақ шеру тартып, жолшыбай шаршап, қалжыраған жасақтан күтініп тұрған жасақ әлде қайда мықты болмай ма? Жер жағдайы өзіне қанық болғандықтан, Садыр кілтең жерден тосып, үдере тартып келе жатқан Абылай жасағына қапелімде тап беріпті. Алдынан да, бүйірінен де аш қасқырдай араласқан Садыр қолы Абылай қолының әпсәтте-ақ тоз-тозын шығарады. Абылайдың басына күн туып, мұң түсті. Астындағы Ақтанкер атқа оқ тиді.

«Қазақтың қолы қашты ғой,
Кәпірдің қолы басты ғой.
Ақтан кер атқа оқ тиіп,
Абылай жаман састы ғой.

Дуылғасы басынан түсіп,
Үш аяқтап жатты ғой», —

дейді. Дәл осы қалмақ қазақтың қанын судай ағызып, қырып келе жатқанда Жәнібектердің тобы майдандасқан жерге жетіп үлгерген екен. Долан жиренге мінген Садыр батыр атойлап алға шығып, көлденең кезіккенді қылышпен шауып, найзамен түйреп, қырғидай іліп келе жатқанда:

«Көріп жауды Жәнекең,
Көк дөненмен жосылтты.
Екпінінен тұлпардың
Жер қыртысы көшіпті.
Қақпақтай жалпақ тұяғы
Қазандай жерді ояды.
Ауыздық басып алысып,
Қарғып кетіп барады.
Құбамен жарысып,
Орғып кетіп барады.
Асқар келсе алдына,
Аттап кетіп барады.
Ұра-жыра дөңдерді
Таптап кетіп барады.
Алда тұрған бұлдыр тау
Артта лезде қалады.
Кеудесі асқан Садырдың,
Арыстандай атылып,
Алдына жетіп барады.
Жәнекеңнің мінгені —
Бөктергілі көк дөнен.
Келе жатқан Садырға
Қарсы тұрды көлденең.
Ителгідей ілісті,
Түрікпендей тұрысты,
Қаршығадай қағысты,
Айғырдайын алысты,
Бұқадайын тіресті,
Бурадайын шайнасты,

Қошқардайын қойысып,
Шарт-шұрт етіп қалысты», —

дейді. Ол кезде жекпе-жекке келгенде, шайқасып қалған екі адам ақырына дейін өздері ғана күш сынасады екен, қосалқы көмек талап етпейді. Мұсылман қауымының әдеті — кезекті алдымен кәпірге береді екен. Осы салт бойынша Жәнібек бірінші кезекті Садырға береді.

«Садыр сонда ілгізді,
Ерлігін елге білгізді.
Көк дөненнің сауырына,
Жәнекеңді мінгізді», —

дейді. Қызыл шашақты, қара тамақты найзамен Жәнекеңді шаншып итергенде ердің артқы қасынан асырып, көк дөненнің сауырына мінгізген екен. Өз кезегі келгенде қаһарланған Жәнібек:

«Ақырып сонда қалады,
Айғайлап ұран салады.
Қызыл найза қолында,
Шұрқылтайдан салады.
Садырды жерге түсіріп,
Долан жиренді алады.
Көк дөненді жетелеп,
Абылай ханға барады», —

дейді. Бір аяғына оқ тиген Ақтанкер атпен қашқан Абылай жау қолында қалып қоя жаздайды. Ақтанкердің жүруге халі кетіп тұрған кезде, Абылай ханды көзі шалып қалған Жәнібек долан жиренге өзі мініп, көк дөненді жетелеп, Абылай ханның алдына барып, көк дөненді көлденең тартыпты.

Абылай хан мінуді ар көріп, мінгісі келмепті. Сонда Жәнібек:

Хан Абылай — сен, — деді,
Бердәулеттің баласы
Ер Жәнібек — мен, — деді.
Қазақ ханы Абылайды

Қалмақ өлтірді дегенше,
Өзім өлтіріп кетейін.
Өлмей тұрған кезінде,
Көк дөненге мін, — деді.
Деді дағы Жәнібек,
Абылай ханға қарады.
Бөкен найзаны алады,
Тап бергенде, Абылай хан
Қорыққанынан дөненге
Қарғып міниіп алады, —

дейді. Хан Абылайды көк дөненге мінгізіп:

— Қалған жауға мен бар, қашқан қолыңды тоқтат, бір жерге жиып, ес-ақылын жиғыз, кім бар, кім жоғын түгендетіп, өлгендердің сүйегін тауып, кебінін кигізіп, кетпендетіп қойдыр, ақыл-есіңнен айрылма, ханым! — депті. Қайтадан артына қайрылып қалған жауға қырғидай тиіпті. Жауды қынадай қырып, қуа соғып, Садырдың қолын Жәнібек өзіне қаратыпты.

Көк дөненге міниіп, ес-ақылын жиған Абылай хан қашқан қолдарын тоқтатып, бір жерге жинап, соғыста қаза болғандарын жерлетіп, Садырдың елінен түскен олжаларды батырларға бөліп беріпті. Сол кезде көк дөненнің иесі есіне түсіп, атарман, шабармандарына:

— Қысылтаяң кезде осыны маған біреу мінгізген еді, осының иесін тауып келіңдер, осы дөненді жетелей жүріңдер, — депті. Бұны естіген пысықтардың бірталайы: «Қырғын соғыс үстінде басына қысым түскенде кім келіп көк дөненді мінгізгенін хан қайдан білсін, мүмкін, ол адам соғыста өлген шығар, «менмін» деп барайын да, ханның шапағатына ие болып, мол сыйлық алып ырғынға батайын» деп ойлап атарман, шабармандарға:

— Ой, Алла тағала абиыр берген мейірлі жандар! Қысылтаяң кезде Алладан хан үшін тілек тілеп, астымдағы атымды көлденең тартқан мен едім, ханға айтып мейір-шапағатына іліктіре көріңдер! — деп қол құсырып тағызым қылыпты. Олар хан алдына да келтіріліпті. Өтірік айтып, алдына келіп тұрған жандарды көріп, Абылай хан бас шайқапты. Ел ортасы емес, ел шетінде, жау бетінде қансырап барып ес жиып отырғанын ойлап, ашу шақырып, қаһарына мінбепті.

— Бұлар емес, бәрін де қайтарыңдар! Тағы қос қалдырмай іздеңдер! Қапылыста өңіне қарағанымда, түсі түнеріп кеткен екен, көзі от болып жанып тұр, көзі көзіме түскенде ту сыртыма өтіп кеткендей болды. Жасамыс адам емес, жас бала еді, не қылсаңдар да табыңдар! — депті. Сонда атарман, шабармандар:

— Тақсыр, қостың бәрін арылттық, тек біз бармаған уақ батыры Бармақтың қосы ғана қалды, — депті.

— Онда сол қосқа барыңдар! — деп бұйырыпты.

Хан жарлығын атқаруда өзін барынша адал көрсетуге тырысатын атарман, шабармандар тізгін ұшымен Бармақтың қосына барып:

— Соғыс үстінде ханға көк дөненді мінгізген адам бар ма? — жар салыпты.

Салқын қандылық істеп, сабырлылық сақтаған Жәнібек айғайды естігенімен, мен едім дей қоймапты. Шатырларды жағалап бірден айғайлап келе жатқан атармандардың көзіне бір шатырдың іргесінен ұзындығы кездей сойдиып шығып жатқан жалпақ табанды сирақ көріпті. Көк дөнен көсілген аяқты иіскеп оқыранып жіберіпті.

Алып аяқты көріп: «ойпырай, осы болмасын» деп таңданып қалған ханның әлгі атармандары:

— Ой, бұл қоста көк дөненнің иесі бар ма? — депті.

Демін алып жатқан Жәнібек:

— Бар! Менмін! Қайітпексің? — депті.

— Дөненіңді алып келдім, Абылай хан сені іздеп жатыр, — депті атармандар.

— Мен атымды Абылай ханға бергенмін, ханға айта бар, бергенім берген, алмаймын! — деп Жәнібек баяғысынша орнынан жылжымай жата беріпті. Көк дөненнің иесін тапқан шабармандар екі езулері құлағына жетіп, қуанып, ханға барып:

— Көк дөненнің иесі табылды, атымды алмаймын деп жатыр, — депті. Хан:

— Қайта барып қасыма шақырып әкел! — деп бұйырыпты.

Шабарман қайта барғанда Жәнібек:

— Абылай ханға айт, оң тізесінен орын берсе, барамын, әйітпесе, бармаймын, — депті.

Жәнібектің сәлемін көтеріп барған шабарманға хан:

— Мақұл, оң тіземді бердім! — депті.

Сонымен Жәкең Абылай ханның оң тізесіне отырыпты. Мұны көрген қолбасы мен орда маңындағылар арқылы бұл хабар қалың қол ішіне тарап, арғын, найман жағы:

— Хан оң тізесін тіректі ел арғын мен найманға бастырмай, керейдің қаңғыған бір жас баласына бастырғаны несі, — деп намыстаныпты.

Сол кезде арғында атағы жер жарған тілді, ауызды Тіленші деген биі сыбанып шығып:

— Оны мен ханның оң тізесінен ығыстырамын, — деп өңештеніпті. Көпті көрген жасы үлкен ақсақалдар жағы Тіленшіге:

— Қысылтаяң кезде Абылай ханның жанына төнген ажалға арашашы болған, қазақ қолының үстіне төнген қанды қырғында ерлік көрсетіп, Садырды өлтіріп, қалмақты қынадай қырып, қазаққа жеңіс әперген ер ғой ол, оған қақпақ көрсетуге болмас, — деседі. Бой бермей екілене түскен Тіленші Абылай ханның соғысқа қолбасшылық ету ордасының сотына атпен келіп, тебітіп:

— Ой, Абылай, оң тізеңді бастырған немең кім өзі? — деп айғайлапты. Сонда Абылай:

— Ой, менің өзі серім ғой,
Қамал бұзар ерім ғой.
Тіленші би нең кетті,
Еркелеткен өзім ғой, —

депті. Хан жауабына риза болған Тіленші:

— Көрсетші маған еріңді,
Бір мінейін беліне.
Қызыл тілім кесілмесе,
Жіберейін шұнақ керей еліне,

деп өкіректепті. Хан қайталай салмақтылықпен:

— Мұның өзі еркем ғой,
Ел бастаған серкем ғой.
Еркелесін, ерім ғой,
Қамал бұзар серім ғой.

Тіленші би нең кетті,
Еркелеткен өзім ғой, —

деген екен. Сонда өр көкірек Тіленші алкеуделік істеп айғайлап:

— Келімсек, шұнақ керей Хан ордасына кіруге болмайды, ханның оң тізесін басуына болмайды, шығып кетсін! Кім өзі? — деп елеурепті. Сонда:

Жәнекең шырт-шырт түкірді,
Шынтақтап басын көтерді.
— Менің жөнімді сұрасаң,
Он екі керей арыспын,
Азуым кере қарыспын.
Тезге салсаң, түзелмес,
Ағаштан туған шалыспын,
Жылқыдан туған мүкіспін.
Пышақ салдың, жетесіз,
Жөнімді сұрап нетесіз.
Өз әкеңді сұрасаң,
Бекболат деген құл еді.
Шешеңді сенен сұрасаң,
Сары үйсіннің қызы еді,
Солым сары күң еді.
Олжалап әкеп нағашым,
Сауғалыққа беріп еді.
Содан туған Тіленші деген сен едің,
Сен келіп сонша маған неге шірендің? —

депті. Сонда хан алдында, шырыштай ел ортасында тарихи қазбаланған Тіленші шыдай алмай, атын борбайға тартып-тартып жіберіп, елінің ішіне еңіреп барып, етпетінен құлап түсіпті. Сонда «барма!» деп ақыл айтқан қариялар Тіленшіге:

— Е, бәлем, барма десем, бардың ба,
Қара төбет қапты ма?
Ата-анаңды таптың ба,
Жер бауырлап жаттың ба?! —

деген екен.

***

Соғыста жеңіске жетіп, көңілі орныққан Абылай хан шейттерін жерлеп, тірілерінің басын құрап, олжаларын бөлісіп болғаннан кейін, ұзақ жол жүріп, дамыл алмай қиян-кескі соғыс жүргізіп, арып-шаршаған қалың қолына бір жеті дамылдап ес-ақылын жиып, соғыста қаза кеткен намаздарын өтеп, Құдайға құлшылығын істеуді бұйырыпты.

Ханның оң тізесін басқан Жәнібек Уақ Бармақ батыр бастаған өз қосына келіпті. Барлық адам ғибадат істеу үшін су бойына барып, тазалық жүргізіпті.

Жәнібек жұртпен бірге су бойына барса да, көппен бірге суға жуынудан иба сақтап, бір бұрым айланып барып жеке жуыныпты. Жуынып болып жағаға шығып, киімін киіп отырып, су бетінің дірілімен ойнап тұрған сағымды көріпті. Абайласа, судағы сағым ай мен күндей бір сұлудың бейнесі. «Бұл қай жақтан келіп түсіп тұр» деп аспан әлеміне көз қыдырта қарап, көк жиекті сүзе бақылап, жер бедеріндегі ұлы тау, алып шың, биік құз, еңселі шоқыларды бірден көз аясынан өткізіп отырғанда, таяудағы қара шоқының ұшар басына биік етіп орнатқан мұнарада тұрған перизат көзіне шалыныпты.

Бұл соғыста Жәнібек өлтірген қалмақтың атақты батыры Садырдың қалыңдығы екен.

Бұл мұнара әдеттегі уақытта Садырдың қалыңдығымен кездесіп, екеуі бірлікте бейбіт жатқан ел-жұртын, жасыл пүліске оранған көк орай шалғынды жерін тамашалап көз құмарын қандыратын ләззәтті мұнарасы екен.

«Бұл соғыста Садыр сөз жоқ қазақты қырып жатқан болу керек» деп, Садырдың жеңісін көруге салтанат қып мұнараға шыққан қалыңдық, Садыры өліп, қалмақтың қолы қайта қашып, қызыл жоса болып, ат тұяғынан ұшқан ақ түтін шаңның астында қалған жағдайдың себебінен мұнарадан түсіп, ордасына қайта алмай қалыпты. Қазақ батырларының әлеуетті қолдары жағынан тоз-тоз болған өз елінің мал-жанын, өзінің ордасын кейде мұнарадан көріп, кейде налып, кейде жанып отырыпты да: «Ерегесте ердің ері сыналады, маған бәрібір, ел хан көтерген ердің етегінен ұстасам болды», — деп өзінің сенімді батырының мойнын қылша бұраған батырмен дидарласудың орайын күтіп мұнарада бақылап отыра беріпті де, Жәнібек батырдың оңаша суға түскен орайын пайдаланып, түр-тұлғасын көріп құмар-

лығы артыпты. Нәпсі бойын балқытып, жүрегін талдырып, сілекейі шұбырыпты. Ақыры жан құмарының жебеуінде сағымын суға түсіріп, Жәнібектің көзіне көріпті.

Сағымын көріп әйел затына тұңғыш саңы ауған Жәнібек батыр өзін балдан тәтті, оттан ыстық махаббат жалынының алауында тұрғандай сезініпті. Мұнараның алдына барып, қызға мұнарадан түсуді айтыпты. Мұнара төбесінде тұрған қыз:

— Мені өзің алатын болсаң, түсемін, — депті.

Қыз Жәнібекпен осы уағданы үш рет серттесіпті. Қыз мұнарадан түсіп, Жәнібектің алдына келіп, иіліп тағзым етіпті. Жәнібек қызды Уақ Бармақ батырдың қосындағы өзінің шатырына алып келіпті.

«Жәнібек Садырдың аймен-күндей сұлу қалыңдығын олжалап алып, неке қидырғалы жатыр», — деген хабар хан Абылайға жетіпті.

Хан қыз дегенде қызынып, іші удай ашып: «Бас олжаны маған ұсынбай, оң тіземе отырмай жатып басына ма бұл мені», — деп буырқанып, аялдамастан, шақыртуға тақат қылмай арып-талып жетіпті де, Жәнібекке:

— О, батыр, батырдан сауға, — депті.

— Алыңыз, хан, мыңы сіздікі болсын, бірі біздікі болсын! — депті Жәнібек.

— Жо, жоқ батыр, батырдан сауға, жол менікі, — депті Абылай хан.

Ойлана қалған Жәнібек: «Көре алмастықпен құқай көрсетіп жүрген іргелі ел анау, бастап жүрген өз алдыма қолым жоқ, жат ел, жат жерде Абылай мен Жәнібек қалмақтың қатынына таласып қызыл шеке болыпты, қырқысыпты» деген атаққа қалармыз. «Ұлығың сайтан болса да, әмәрән тұт» деген қорытындыға келіп:

— Алыңыз! — депті. Сонда қыз:

— Дат, тақсырлар! Бірнеше ауыз сөзім бар рұқсат болса, шыдаса, хан мені алар, — депті.

— Айтарыңды айт, — дегенде, қыз:

— Ой, Садырым, Садырым,
Сен өлдің, кетті қадірім.
Садырымның найзасы
Қарағай болды, морт болды,
Жалынған Құдай сарт болды.

Жәнібектің найзасы
Қайың болды, берік болды,
Жалынған Құдай серік болды.
Қашып едім бытқылға,
Қашсам дағы қоймады.
Қайрандады мықты да,
Қайран басым қор болды,
Абылай деген ит құлға, —

депті. Сонда Абылай хан Жәнібекке:

— Бұл немеңе менің қай-қайдағымды қаздырайын деп пе едің? — деп, бұйыра пышағын суырып алып, қыздың санына салып қалыпты. Абылайға ашуланған Жәнібек:

— Ендеше Садырына тие берсін! — деп қыздың басын қанжармен шауып тастапты.

Кешінде тұңғыш рет сезімін қытықтап, құмарлығын қоздырған сұлудың ашкөз ханға ашуланып, басын шауып тастағаны есіне түскенде денесі бір ысып, бір суып, жүрегі түршігіп, ойлаған сайын өкініп, дөңбекшіп жатып әбден қалжырағанда ұйқыға кетіпті де түс көріпті.

«Ел іргесі тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, майрағайдай-тайрағай заман болып, жасыл шалғын кілемнің түгіндей майсаға оранған сары жайлаудың үсті. Жәнібекке әкесі Бердәулет қалыңдық айттырып жатыпты. Күйеудің қайынға ұрын баратын уақыты болып, ел-жұрт болып ақсарбас сойып, Жәнібекті аттандырмақшы болып жатқанда ауыл сыртында Жәнібекке ақ киімді, ақ сақалды қария кезігіпті. Ол Жәнібектің қиылып тұрып, иліп берген сәлемін жақсы қабылдамай, күрең қабақ рай білдіріп:

— Әй, Жәнібек! «Батыр аңғал» деген, аңғалдықтан жастығың жамандыққа итеріп, ақыл таппай ақымақтық істедің. Оң қолыңа сол қолың арашасы болмады. Ол ару әуелде-ақ Садырға емес, саған жазылған адам еді. Абылайға ашуланып аяулыңнан айрылдың! Сен ұрын барасың, жар құшасың, ұрпақ көресің, ұл көрмейсің, ұрпағыңнан өзіңдей батыр да шықпайды. Бұл өкінішке ожарлығыңнан өзің кіріптар болдың, батырлығың өз басыңмен аяқтайды!» — дегенде, ашуға мініп, ашынған Жәнібек ақырып түрегеліпті. Ақ сақалды адам ғайып болыпты.

Ертесі түсін Бармақ батырға айтқанда, ол: «Түс — түлкінің боғы ғой», — депті.

Жәнібектің батыр даңқы әлемге жайылып, дүниені дүр сілкіндіруі осылай басталыпты. Ожарлығы мен аңғалдығы алғаш рет Жәнібекке өкінішті осылай арқалатқан екен.

Жәнібек өмірінде сан рет жойқын жорыққа аттанып, жеңісті соғыс жүргізіпті. Жаудан беті қайтып көрмепті. Ел үшін ерлігін аямапты.

Өз тұсында арысы — қазақтың, одан қалса, керейдің жоғын жоқтап, жауына кеткен есесін мүлт кетірмей қайырып алып отырыпты. Өзі олжа алып, дүние мүлік жинамапты, байлық та іздемепті. Өз отбасында шәкене ғана мінер ат, киер-киім, ішер тамақтық дән-дәулеті болыпты. Жәнібек тұрмыста соны қанағат еткен.

***

Жәнібек алғашқы жорықтан келген соң соғыстағы батырлығы елін сүйіндірген ұлының атағына Бердәулеттің төбесі көкке жеткендей болыпты. Ұлына дән риза болған ата-ана шұғыл әрекеттеніп, қалың мал жүргізіп, қалыңдық айттырыпты.

«Жорыққа аттанып жолы ашылып алған батырға, ауылда аялдауға алданыш болсын! «Жаман айтпай, жақсы жоқ», «Бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деген, тезірек қызығын көрсек», — деп, көп ұзатпай Жәнібекті қайынына ұрынға жіберіпті. Қайын атаның ауылына жақындағанда, салт бойынша Жәнібекті қара адырдың арасына жалғыз қалдырып кетіпті.

Бұрын күйеулікті басынан кешірмеген Жәнібек: «енді не хикмет болар екен» деп толқыған оймен иек артпа кезеңшеге шығып отырыпты. Отырып ойға кетіпті. Түсіне кірген ақ сақалды қартты, оның айтқан сөздерін есіне алыпты. Абылай ханға ашуланып басын алып тастаған қыз көз алдына елестепті. «Ол мұнарадан түсердегі уағда қылған шартты сөзде тұрмадың» деп жазғырып тұрғандай сезіліп, сондағы жағдайлар бірден-бірден көзінің алдын кес-кестеп өтіп жатқан кезде, мұшыға келіп, өзіне қарай тура ұмтылған ақ кимешек-шылауыштары жер соғып, қос етекті көлбіреген көйлектері гүлдің басын жапырып, теңге-моншақтары күнге шағылысып жарқылдап, ақ құрт толы табақтарын көтерген қалың әйелді абайсызда

көргенде жүрегі лүпілдеп, атына мініп, жалт беріп артына қарай тұра жөнелгісі келіпті.

Жәнібек қайтерін білмей ойланып, қамданып үлгергенше, кілтең жерден ұмтылған жеңешелері ақ жарманың астынан алып, арадай шулапты. Жасанған жауды қынадай қырып, қылышпен жайпаған батырдың ақ шылауыш астындағы айғайшудан тұңғыш рет сескенуі деп те атайды.

***

Жәнібек Садырдың қалыңдығын серт беріп, мұнарадан түсіріп алғаннан кейін, Абылай ханның іштарлық істеп басымдылық жасағанына наразы болыпты.

Абылай хан Жәнібектің бас олжаны тапсырмағанына, қыздың сөйлеуіне рұқсат беріп, өзі янаттағанына ол қызды тірі қалдырып, сазайын тарттырып, өзінің үкім кесуіне қаратпай басын кесіп тастағанына наразы болыпты. Осындай себептердің нәтижесінде бір-біріне ашық айтпағанымен, Абылай хан мен Жәнібек батырдың арасында қырғи қабақтық өмір сүріпті.

Жәнібек балалықтың табы кетпеген балаң оймен әкешешесінің қалыңдық айттырып, келін түсіріп, отау тігу армантілегінің қызық думанында жүріп, өзі бастап жорық жасайтын қол ұйымдастыра алмаған кезінде Абылай хан екінші реткі соғыс жорығын бастапты.

Айғай шықса, делебесі қозатын, жорық десе, жойқын күш денесіне сыймайтын Жәнібек батыр тағы да көк сауытын киіп, көк дөненін мініп, ақ алмасын жарқылдатып, қара тамақ найзасын қолына алып, садағын мойнына асып, қорамсағын салпылдатып аттаныпты.

Жыл бойы қызды ауылға қырындап, қалыңдық ойнап, қатын алу жолында қайтауылға түсіп, сарпалдаң көрген көк дөненнің күйі тым төмен болғандықтан, айлық жолға жете алмай арықтапты. Абылай хан Жәнібектің атының арықтағанын көре тұра, аялдайтын рай білдірмепті.

Абылайдың ниетін таныған Жәнібек:

— Бақ қонып, таққа мінген қадірлі ханымыз Абылай, «Қара қазан, сары баланың тілеуі бір», іргеміз бөлінбеген, қанымыз бір қазақпыз. Дәм-тұзымыз — тірлігіміздің кепілі. Менің атым арықтады. Сен кемді күн тосып, күш-көлікті тыныктырсаң бол-

май ма? Көк дөнен бірнеше күн оттаса, бір жорыққа жарар еді. Бірге жүрсек болмас па еді, — деп талап қояды.

Сонда Абылай маңғаз отырып, маңыздана сөйлеп:

— Көз ұшында көрінген ана шоқ қамысқа барсаң, сол жердің раноты күшті. Оған барып оттаған ат үш күнде қабырғасын жабады, үш күннен асса, семірген ат құланға ілесіп кетеді. Уақып бол! Атың семірген соң артымнан келерсің, — депті.

Сонда Жәнібек жер қайысқан Абылай ханның жасағы қалың қолға айғай салып:

— Ұлыңның ұлы, қызыңның қызына айтыңдар! «Төреге ерген ерін арқалайды», — деген екен.

***

Жорыққа аттанған қалың қолдан Жәнібектің қасында қалған өзі шамалас мықты, ақылды, ойлы, шешен аталып жүрген бір ғана жігіт екен, сол екеуі шоқ қамысқа таяғанда көк дөненде Жәнекеңді алып жүрер қауқар қалмапты. Жәнібек жолдасына: «Мен осы жерде қалайын, сен көк дөненді жетелеп, шоқ қамысқа бар да аттарды оттат, бірақ мықты бол!» — деп біткен сауыт-сайманын атымен бірге жіберіп, садағын ғана алып қалыпты. Жәнібек жаяу тұрғыларға шығып, жан-жағына көз жіберіп, жер таза деп межелеп, бір тұрғыға келіп жатып ұйықтапты.

Жорыққа аттанған шын батырдың жарғақ құлағы жастыққа тимейтіндігі, күндіз күлкі, түнде ұйқы ұмыт болатындығы табиғи емес пе?! Жәнібек ұзын күндерден бергі ұйқыны жиып бір қандырып алмақшы болып жантая қалса, төтенше тәтті, қатты ұйқыға кетіпті. Сол ұйықтағаннан мол ұйықтапты. Ұйқыдан оянып жан-жағына қараса, бір үйір құланның артында бір көк тұлпар еріп бара жатыпты. Қатты ұйқыдан былшық басқан көзін жуан жұдырығының сыртымен сүртіп-сүртіп жіберіп нақтап қараса, айна қатесі жоқ өзінің көк дөнені, қалар емес құланға еріп барады. Шыдай алмай кеткен Жәнібек: «дыр-дыр!» деп айғай сала ұмтылыпты. Еңістей жүгіріп бір талай жерге барған Жәнібек алқына дем алып, аяңдапты. Адырлы бұйратты құмайтты осылтып көлденең өткен бір жаяудың ізі кез келіпті. Ізді көріп таңырқаған Жәнібек абайлап қарап, жаяудың ізіне өз табанын салып көрсе, әлгі өз табанынан ұзыны бір кез, көлденеңі жарым кез артық болып шығыпты. Осын-

дай алып табанның ізін көргенде Жәнібектің жүрегі лүпілдеп, бұл қандай ғаламат, ертеректерде айтылатын дию деген осы болмасын деп сескеніпті. Бұны халық аңызында: «Жәнекеңнің екінші сескенуі» деп атайды.

Ақыры Жәнібек «Аллаға тәуекел!» деп жүрегін тоқтатып, аңғалдықты ақылға бұйсұндырып, жойқын ізді өкшелей қуып келе келсе, бір төбенің үстінде алдыңғы жағына күн салып қарап отырған «бір түбені» көріпті. Не болса да тәуелкелге басқан және кең өзі шыққан төбеде тұрып, «жауырын ортаның төсі, өлер жерің осы ғой» деп, құлаштасып тұрып садағын тартып қалыпты. Сонда әлгі жапанды көңірентіп, жерді тітір еткен ішті бір үн ішінде ыстығы төбеден аса, үстіңгі «төбе» етбетінен құлап түсті. Сәлден соң барып, құлаған «төбенің» қару-жарағын алып, маңдай терін сыпырып, ауыр демін алыпты. Басқа айдарын ісемедеп өрген, маңдайы кезге таяу, екі көзі тостақандай алып денелі қалмақ батыр екен. Сескенген көңілі орныққан Жәнібек көк дөнен кетіп бара жатқан бағанағы бағытқа қараса, құланменен бірге қызыл қақтан су ішкен көк дөнен шалғынға оттап кетіп бара жатыпты.

«Япырай, бұл ит құланға еріп, жаяу тастап кететін болды-ау!» деген Жәнібек, үш рет «дір-дір» деп қатты ақырыпты. Бірақ оны көк дөнен елең құрлы көрмеген соң, ызаға булыққан Жәнібек:

«Ең жаманы — жауға бара алмай қалармын, жаяуласам да керейді тауып алармын, Жәнібектің аты құланға ілесіп кетіп, өзі жаяу қалыпты дегізгенше», — деп, көздеп тұрып садақпен тартып қалыпты. Садақтың оғы қос өкпеден өте шыққан көк дөнен ышқынып барып екпетінен түсіпті. Атарын атса да, көк дөненге іші ашып кеткен Жәнібек өшіртіп келіп, бас салып басын құшақтапты да:

«Нағашы атам ықыласымен берген жануарым-ай! Сен Алжастың ба? Мен қателестім бе?» — деп көк дөненді қимай, ішін жарып, ішек қарын, өкпе-бауырын алып тастап, қос кеудесіне кіріп үш күн жатыпты. Ақыры көк дөненді бағуға кеткен серігі есіне түсіп, «бишара айрылып қалып жүр-ау, бүйтіп жатқаным болмас, оны тауып алып, ақылға келейік», — деп ойлапты.

Көк дөненнің кеудесінен шығып, басын көтеріп алып шоқ қамысқа келіпті. Келсе, жолдасы өз атына қосып көк дөненді бағып жатыпты. Көк дөнен жыра салып, бауырынан жарап тұ-

рыпты. Бұны көрген Жәнібек төтенше қуанып, көк дөненнің басынан құйрығына дейін сылап-сипапты. Көтеріп келген көк тұлпардың басын, көк дөненнің басымен салыстырғанда орындығы бір кез, шықшыты жарты кез артық шығыпты. Сөйтсе, құланға ерген көк тұлпары Жанекең көк дөненім деп қата таныпты. Ол Жәнібек өз қолымен келмеске кетірген қалмақ батырдың керігі екен.

Аман-есен серігімен ұшырасып, бауырынан жараған көк дөненіне тақымы тиген Жәнекең әрқилы ойға кетіп, ақыры: «Жәнібек аты арықтап Абылай ханның жұртында жолда қалыпты, содан аяқсыз өз өбеті қайтып келіпті дегізгенше, Абылай ханға ерлігімді бір көрсетейін», деген бекімге келіпті.

Бірқанша күн шеру тартып ұзап кеткен Абылай ханды жолды етіп, суыт жүріп Жәнібек батыр қуып жетіп, қарасын көрген соң, аялдапты.

Абылай хан қалың қолмен күндіз шеру тартып, түнде жатады. Жәнібек түнде жүріп, күндіз дем алады. Абылай ханның таңда аттанған жұртына Жәнібек күн шыға келіп дем алады.

Бір күні шоқпар тастың асты, шилі өзектің басы қышмалы бастауға келіп түсіп, шайланып алып, аттарын бекітіп отқа қойып, ер-тоқымын жастанып, киімін шешіп астына салып, жейдешең, дамбалшаң шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан Жәнібектің аяғынан өрлеген оқтаудай суық дене шырт ұйқының шырқын бұзып, кеудеге келіп тоқтағандай болады. Ұйқы ішінде сезімі секем алған Жәнекең өзін қозғалтпауға барынша тырысып, ақырын ғана кірпігін ашып, саңлау шығарып қараса, жоян қара шыбар жылан басын қайқаңдатып, тілін жалаңдатып тұрғанын көрді де, «мына кәпір жазым ерте ме екен?» деген ойға келіп денесі түршігіп, жүрегі құбылып қалды. Мұны халық аңызында Жәнібектің 3-сескенуі деп атайды.

Қалт ойлана қалған Жәнібек: «Ыстық күнде сусап келген хайуан бастаудан су ішіп, шөлін қандырғаннан кейін дамылдайтын інінің ауызына мен жатып алған сияқтымын. Ауызымды ашып, тыныш жатайын да, кіре бергенде шайнап, бүркейін», — деген бекемге келді де, ауызын ашады. Нақ Жәнекеңнің ойлағанындай жылан тілін тартып, аузын жауып, еңкейіп келіп ауызына басын сұққан заман, ашулы Жәнекең қарыш еткізіп жыланның басын мойынынан тісімен қырқып,

бүркіп жіберіпті. Жан үзерде жыланның сабалаған құйрығы тиіп Жәнібектің серігі шошып, атып түрегелді.

Жәнібек те басын көтеріп:

— Шошыма, атыңды әкел! Абылайға жау қара шыбар жыландай қадалған екен, тез баралық! — дейді.

Жәнібектер атқа мінгенде түс қайтып қалған екен. Айтқандай, екі бел асқан соң-ақ екі төбеге жиналған қалың қара шұбыр жасақты көрді. Андайдан жақындап келген аралыққа дейін жекпе-жектің майданына шыққан жалғыз адамға екінші топтан жан шығып қарсы бара алмайды. Жәнібек жақындап келгенде, жекпе-жектің майданында айқулақтанып есіріп тұрған, ісмедеп тұрып алтын мен айшықтап, күміспен ноқалап тастаған, күнге шағылысқан сауыттың сағымы көзді тайдырып, бет қаратпай жасқандырып тұрған қалмақтың батыры екен.

Жүрегі ұстамның қашанда сөзі өктем келеді. Қазақшылап қазақты барынша ғиянаттап жатқанын естігенде, қаны қызып, қайраты тасып, қаңтардағы бурадай бұрқылдап, өзін тоқтата алмаған Жәнібек аялдауға мұрса қылмай, «Абақ! Абақ! Қазақ! Қазақ!» деп айғайлап ұран салып, жекпе -жекке барады.

Сөйтсе, Абылай хан бастаған қолдың ішіндегі батырлардың атақтылары жекпе-жекке шығып, өмірге мәңгі қош айтыпты. Қалғандардың ішінен жекпе-жекке баруға батылдық ететін ешкім болмай, Абылай ханның басына күн туып тұрған кезі екен.

Апат төнгенде Абылай ханның маңдайынан аққан тер пұшпағын жуып тұрыпты.

«Қалмақтың батырына «Қазақ!» деп қарсы жақтан біреу келіп сайысып жатыр, Жәнібек батыр ма екен? — деген хабар Абылай ханға тигенде, Абылай хан қарығып түсіп:

— Ия, Алла! Қазаққа жеңісті нәсіп қыл! Жәнібектің жанына жар бола көр! — деп астындағы атын айтып, бауыздап жіберген екен.

Жәнібек қалмақтың қанқұйлы батырын жер түбіндегі жеті өкесіне жіберіп, «Қазақ!», «Абақ!», «Жеке!» деп аспанды жаңғыртып айғай салғанда, жекеге шыққанды қойып, қалмақтың қалың қолы қалтырап-дірілдеп, артына қарай алмай, тырым-тырақай қаша жөнеліпті.

Ақ туын аспанға көтеріп, ақ алмасын жарқылдатып, қара тамақ, көк найзасын көлбей бұлғап, қалмақты қынадай қырып,

қанын судай ағызып, «Ата-бабамыздың қалмаққа кеткен кегін алайық!» — деп айғай-сүрен салыпты.

Жәнібектің дауысы жеңіс дабылын қағып, бүкіл қазақ қолы қалмаққа қарай ат қойып, лап беріпті. Қол құрышы қанып, қанды кегі тарқағанша қалмақ жасағын қырып, елін бағындырып, қарусыздандырып, бұл өңірдің қалмағын қазақтың бетіне қарай алмайтындай етіп барып, тоқтапты.

67. Жидебай батыр

(I нұсқа)

Қартайған кезінде жастық шағындағы жолдасы Қараменде есіне түсіп, жас кезіндегі сәттерін және қартайып, қажыған шақтағы өзгерістерін айтып, пікір алыспақшы болады. Ол кезде ел арасындағы қатынас тек атпен ғана болғандықтан өзі бара алмайды да, ел танып, сөз мәнісін білетін бір жас жігітті шақырып:

— Шырағым, тобықтыда Қараменде деген досым бар еді. Көрмегелі көп жылдар болды, сағындым. Өзім іздеп баруға шамам жоқ, ол да қартайды, мені іздеп келе алмайды. Оның айтқан сөзін жігіт жаттап алады. Сондағы Жидебайдың бес ауыз бір сөзі: «Төрт нәрседе үміт бар, бір нәрседе үміт жоқ», — осыны айтасың. Алты ауыз бір сөзі: «Мұсылман жаудың қолында қалдым, бес атаның малын іздеп әуре бодым. Алпыс ат үйір бермейді, жетпіс торғай шырылдайды, сексен балапан ұя басып жатыр, тоқсан жұмыртқа қашан жарылары белгісіз».

Жаздігүні жайлауға қонған қалың елді аралап, бірнеше күн жол жүріп, манағы жігіт тобықтығы жетіп, Қараменде-ге келеді. Біраз күн жатып тыныгып, ел жайы мен амандығына әбден көзі жеткеннен соң, жігіт қайтпақ болады. Сонда Қараменде:

— Жидекең тірі болса, маған басқа сәлем айтпады ма? — деп сұрапты. Сонда жігіт батырдың сәлемін айтыпты. Қараменде көп толғанып, ойланып біраздан кейін:

— «Төрт нәрседе үміт бар» дегені — адам баласы төрт үмітпен жүріп өтеді екен-ау, яғни, «жас өсемін деп үмітті, жалғыз көбейемін деп үмітті, жарлы байимын деп үмітті, ауру жазыламын деп үмітті».

«Бір нәрседен үміт жоқ» дегені — шіркін, көктемі мен жазы өтіп, жапырағы қураған ағаштай тәтті өмір сүрген, бір-біріне иістері сіңген жастық шақтағы жұбайы қайтып, келін баласының қолында қалған екен ғой. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қойса, балаға сонда ғана сыйымды болады, — деген екен.

«Бес атаның малын іздеп әуре болдым» дегені — қайран батыр қартайып, көзі соқыр болған кезі екен, жастан серік болған бес жолдасы мүсуақ, тәшпық, орамал, бәкі, қамшы болар. Осылардың басын қосып жинау үшін жан-жағын сипалап, іздеп тапқанша, түске дейінгі уақыт өтеді екен. Жанына жанқалта, төсіне төс қалта салсын, — депті. Ал «Алпыс ат үйір бермейді» дегені — алпыс жас ағайынды жауға бермейтін қайрат-күштің қайтпайтын кезі ғой, «жетпіс торғай шырылдайды» дегені — «жетпісте торғайдай ғана қуатың қалады» дегені. «Сексен балапан ұя басып жатыр» дегені — «сексенде ұяда жатқан балапандай төсек тартып жаттым» дегені. «Тоқсан жұмыртқа қашан жарылатынын білмеймін» дегені — «тоқсаннан асқан жасым бар, бір аяғыммен қабірдемін, ақ өлім қашан жетеді деп күтудемін» дегені екен ғой, — дейді.

68. Жидебай батыр

(II нұсқа)

Жидебай әулие де, ақын да, жұлдызшы да болған. Батыр жорыққа шығарда қол жинап, қойдың тіс тимеген жауырынына қарап (кейде отқа жағып, күліне қарап та) жорықтың қандай нәтижемен бітетінін алдын ала айтып отырады екен. Алдағы істі болжағыш, көріпкел, қолбасшы болған. Абылай хан Жидебай батырға Балқаш-Ақмола өңіріне жауды кіргізбей, сақшы болуды тапсырған екен. Жидебай батыр жүзден асқанда қайтыс болған. Өзінің бір өлеңінде:

Жидебай батыр болғаным —
Абылай ханның батасы.
Жоңғар ханды жеңгенім —
Қабанбай мен Бөгенбайдың арқары.
Жасымның жүзге жеткені —

Мұсылманның алғысы.
Екі көзімнің кеткені —
Жоңғарлардың қарғысы.

Елдің айрықша бір айтатыны — Жидебайдың әділеттілігі. Ол бірде соғыс арасындағы шабуылдан соң ат тынықтырып, ер-тоқым кептіруге еліне келіпті. Бір замандасының үйіне барып, ас ішіп, әңгіме-дүкен құрып отырса, ауыл іргесінде жайылып жатқан малға қасқыр шауыпты. Жидебай тоқтаған үйдің бұзауын арам өлтіріп кетіпті. Бұл болмашы оқиғаға үй иесі реніш білдірмесе де, батыр ойланып отырып былай депті:

— Апыр-ай, мен осы үйге келмесем, қасқыр бұзауды жемес еді! Үй иесі маған алаң болып, бұзауын қасқыр жеді. Бұл қиянат қой, — депті де, қосшы жігітті өз ауылына жіберіп, бір бұзау алдырып беріпті. Осыны естіген ел қатты таңданып, Жидебай батырдың әділеттігін сөз етіп, бұдан былай жүгініске осы кісінің алдына келетін болыпты. Батыр билік айтып, халықты бірлікке, адалдыққа шақырып, ішкі жаудан да, сыртқы жаудан да сақ болуды үйреткен.

69. Жидебай батыр

Жидебай халқын жаудан қорғаған батыр әрі өткір тілді шешен адам болған.

Бірде Абылай хан аң аулап жүріп бір төбенің басында ұйықтап жатқан адамды көреді. «Бұл неғылған жан?!» деп таңқалған хан әлгі адам орнынан тұрған сәтте:

— Уа, батыр, үйге сыймай далада жатқаның қалай? — депті. Сонда әлгі кісі:

— Демалуға қазақтың кең даласын қимай қызғанып тұрған өзің кім боласың? — депті. Жолаушының сұсынан сескенген Абылай хан сонда:

— Қазақтың Абылайы мен боламын. Енді өз жөніңді айтшы, — деген екен. Сонда атына ырғып мінген жолаушы:

— Өзіңнің қара басыңның қамын ойлап хан болсаң, қас дұшпаның болармын, қамыққан халқыңның қамын ойлар болсаң, айнымас асыл серігің болармын, — деп сөзге келместен жүріп кетіпті.

Абылай хан нөкерлерін ертіп ордаға келгеннен кейін жаңағы адамға сұрау салады. Сөйтсе, ол Жидебай батыр екен. Сонан хан батырды өзінің әскербасыларының бірі етіп алыпты.

Бір жылы жоңғарлармен болған бір ұрыс кезінде Абылай ханның әскерлері жеңіске жетеді. Жеңіс құрметіне той жасаған хан өз әскерлерінің күшін мақтан етіп, асқақтай сөйлейді. Сонда Жидебай былай деген екен:

— Уа, хан, аяғың алшақ, маңдайың шалқақ екен, күшіңе қарап мақтан. Найзаң тұқыл, садағың тұқыл екен, қамаған жауыңнан сақтан.

Жидебай батырдың тауып айтқан тапқыр сөзінен тосылған хан үнсіз қалыпты.

70. Жидебай батыр

Орта жүз, арғын, бес мейрамның біреуі қаракесек болады. Қаракесек деген кісі аты емес, шын аты — Болатқожа, Болатқожадан Ақша, Түйте туады. Түйтесінен Майқы, Танас. Майқыдан Әлтеке, Сарым. Сол Әлтекенің баласы — Дос батыр. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназармен қалмаққа қолға түседі. Қалмақ: «Қазақты өлтіріп тастайық» дегенде, кейбіреулері: «Әкелі-балалы екеуін бірдей өлтірмейік, тұқым құртпайық. Ежелден қазақ-қалмақ арасында соғыста бірін-бірі өлтіргені болмаса, қолға түскенді өлтіру жоқ еді ғой», — деседі. Қалмақтың сыбыр-сыбырынан сескеніп, жаны шошып, Дос батыр былай деп жырлапты:

— Сыбыр-сыбыр етеді,
Сыбыр құлақтан өтеді.
Сыбырласпаған жан шіркін,
Әлде нетіп кетеді.
Өзім өлсем бұғым-ай!
Қожаназар құлыным-ай! —

деп жылай беретін болыпты. Қалмақ мұнысын көрген соң: «Әкелі-балалы өзді-өзі кеңессін, бірін бізге олжаға қалдырсын, бірін еліне баруға бастайық», — депті. Сонда бала ұшып тұра келіп: «Әкетай мен көк лағың болайын! Мені Құдай жолына

құрбандық қылып, ел-жұртыңды тапсаң», — деп жылап қоя бергенде, Дос батыр айтыпты: «Қалмаққа шал зәру емес, жас ұлан зәру, жас ұланды өлтірмей, өздеріне бағындырып, ел-жұрт қылып алады. Мен елге тірі барғанда не бітіремін. Қаздың етін асадым, жетпіс сегіз жасадым. Сені қалдырып мен елге барсам, екінің бірі, егіздің сыңары айтады. Алысым былай тұрсын, жақыным айтады. Дұшпаным былай тұрсын, досым айтады. Мына жалмауыз таладың басын жалмаған жалмауыз емес пе? Жалғыз баласы Қожаназарды жалмап қойып, жылт-жылт етіп келуін қайтерсің», — дейді.

«Сен барсаң «Дос деген жоқ, міне, тірі» деп қуанады. Және қатын алып, балалы болсаң, сенен туған менің кегімді қалмақтан сол алады», — деп батасын беріп, баласын қайырып, өзі қалмақ қолында қала береді. Қожаназар ел-жұртына аман-есен келеді, қатын алады. Қатыны бір ұл туды, ұлдың атын Жидебай қойды.

Жидебай құрттай бала күнінде тапқан шешесі өліп, Қожаназар бір тоқал алады. Тоқалдың аты Апар еді. Апардан алты ұл туды. Апардың бойы бір қарыс деген өтірікші болмайды. Алты туып жүрген Апар бес қанат үйдің уығын байлауға бойы жетпей, Жидебайды аяғының астына жатқызып, уық байласа, сөйтіп байлайды екен.

Ол заманда жаугершілік, ел жалшы жалдауды білмейді. Біреуге біреу бұрылмайды. Апардың түрін танитындар, бір үйге қараған бейнет Жидебайда болмақ қой. Алты бала иттің күшігіндей, арасына жыл салмай туа берген немелер. Оның жалғызы Жидебайға бұрыла ма, тезек, су, от жағу — бәрі Жидебайдың мойнында болды. Ол кезде көшірушілік қандай көп, күнде көш, күнде көш. Көшкенде үй тігіп, уық буып байлайтын болса, аяқ астына төсеп, бой өсіруге Жидебай дап-даяр. Құрттай бала күнінде Жидебайдың аузынан шыққан бір ауыз сөз бұның бәрін қозғап, тербетіп, балалатып, жаздырып отырған. Қатын-қалаш: «Шырағым-ай, көзің ашылмады-ау, өзің шешең тірі болса, үйі құрғыр тігілмей қалса да, сүйтпес еді-ау!» — дегенде, Жидебай айтады екен: «Ол қылып жүргені маған қастық емес, достық қой. Жасынан пісіп-қатсын, көнтерілі, шыдамды болсын дегені».

Сүт пісіргенде, алтауының алдына алты аяқ, алтауының қолында алты қасық, бас-басына бөлек-бөлек көбік қалқып

құйып береді де: «Мынаны жалай отырыңдар», — дейді екен. Ал Жидебайдың қолына тезек салған шанаш қапты беріп: «Отты қарай отыр», — деп нұқып, түртіп қояды екен. Жидебайдың құлағы жеті-сегіз жасқа жеткенде еститін болыпты. Бір күні Жидебайды бабасы Дос батыр түсіне кіріп оятады: «Қаракерей Қабанбай батыр бүгін түнде Алмұртбайдікіне қонып жатыр. Балам, барып Қаракерей Қабанбайдан бата алып кел», — дейді. Түсінде сөйтіп Жидебай тұра келіп, үстінде жаға-жеңі далба-дұлба боз көйлек, Қабанбай батырды іздеп құстай ұшып келе жатса, Қабанбай батыр жаңа ғана аттанып кетіп бара жатыр екен. Әуелі алыстан немене екенін де айыра алмады. Еліктей ұшып келе жатқан бала екенін таныған соң, батыр тоқтап тұра қалды. Көп кісімен жорыққа кетіп барады екен. Бала жетіп келіп: «Ассалаумағалайкум!» деп сәлем берді. «Уағалайкумассалам, жолың болсын, сәлемші балам! Қайда барасың?» — деді батыр.

— Атыңыз шыққан атамыз едің, бата алып қалайын деп едім! — деді бала.

— Бата-сата не береді дейсің, төрт алма жайым бар еді, біреуін саған бердім, ал, балам! — деп жүре береді. Сөйтіп төрт алма жайының бірі — «қызыл түлкі» деген болады екен, батыр сонысын беріп кеткен екен.

Абылай үш жүздің бүкіл қазаққа хан болған күнінде Әлтеке, Сары, Жидебай атақты батыр аталып, Абылай ханға қолбасшы болған екен. Бір жаққа аттанарда, қосын жүргізерде Үйсіннен алған шабдар атты алғызып, Әлтеке, Сарым, Жидебай батырға мінгізеді екен. Жидебайға айсыз қараңғы түн тал түстей, боран-судан ашық күндей, жан таба алмаған жерді көріп қойғандай екен. Біреудің пышақ-шақпағы далада келе жатқанда, бір жерде қалып қойса, айсыз қараңғы түнде болса да, жауын-шашын, боран болса да, жүріп келе жатып найзасын тіреп тұрып қалып: «Ал, осы жерден түсіп қарай ғой», — дейді екен. Қалдырған адам жайлап тауып алады екен. «Сен осыны қалай табасын?» дегенде, ханға сырын айтпайды екен. Жалғыз-ақ Абылай хан айтып жүреді екен: «Осының қызыл түлкісі бар» — деп. Сол адам аңдып жүріп, қарауылда жүрген жерінде, ұйықтап жатқан, ақырын басып барып қараса, өңірінің астында, төсінің үстінде жатқан қызыл түлкіні көріп қалады. Түлкі жалт қарағанда, үрейі ұшып қаша жөнеледі.

Ханға келіп көргенін айтады. Көргені бар болсын, көзінен айырылады.

Жидебай батыр жеті қатын алған, жасы жүз беске келіп өлген. Алатау жақта, дәл қай жақта екені белгісіз. Адам таба алмайтын елеусіз жерде бір старшын ел жаудан, жұттан есен-аман жатады екен. Сол елді Жидебай тауып, шауып алыпты. Сол елде бір Сарықожа дейтін қожа бар екен. Бұл жерді ешкім көрмеген жер. Өмір бойы адам таба алмайтын-ақ жер еді. «Дәуде болса көзі ағарғыр Жидебай, қор болғыр Жидебай ғой!» — деген екен. Сол Сарықожаның аузынан шыққан лепесі қабыл болып, Жидебай көзден ерте айрылыпты. Барып қожаның аяғына жығылған екен, болмапты. «Ауыздан шыққан түкірік, қайтып жұтса — макроп» деген, ауыздан шыққан соң болмайды», — деген екен. Әлтеке, Сарым, Жидебай тамы Қарқаралы сыртындағы Қызылтау деген тауды басып ағатұғын Нұра өзенінің бойында, Мәшрүп күңнің моласының қасында. Осы Мәшрүп өзі күң, көп ұлтқа мазар басы болып аты аталып қалған.

71. Жасыбай батыр

Жасыбай батыр жас кезінен батыл, ешнәрседен тайсалмайтын ержүрек болыпты. Он сегіз жасында батырлық атағы шығыпты.

Бір күні біреулер Ақбет тауының бір аңғарына жиналып, Жасыбайдың батырлығын сөз етіпті.

— Жасыбай тірі жаннан қорықпайды. Бұл өңірде оныменбатырлық салыстыратын жан жоқ. Оның әруаққа батылы бара ма соны көрелік. Ол үшін жер қазып, бір адамды ішіне жатқызайық та, үстіне ағаш қойып, Жасыбайды соған жұмсайық, — дейді.

Кеш болады. Әлгілер бір жылқы сойып, етін тайқазанға салды да, Жасыбайды шақырады:

— Жасыбай қарағым, мына жылқының етін пісіруге отын керек. Баянауылдың жасыл шыршаларын кесуге қимай отырмыз. Анау қос қайыңның түбіндегі бай моласының қасында қу ағаш жататын еді. Сенен ыңғайлы ешкім жоқ. Соны алып кел, — депті үлкен кісілер.

Жасыбай отынға кетеді. Түн қараңғы екен. Жасыбай қабір басындағы қу ағашты бір-бірлеп ала бергенде, ішінен ақ кебінді біреу атып тұрады.

— О, Жасыбай, тірі жүргендермен күш сынасып болып, маған келдің бе? — дейді үрейлі дауыспен. А дегенде Жасыбай сескеніп қалса да, бойын тез жиып:

— О, жексұрын, тіріңде ештеңені адамға қимаған дүниеқоңыз едің, көрде жатсаң да, мына ағашты қимай жатырмысың? Енді сен әміріңді жүргізе алмайсың, тыныш жат! — деп ағашты алып жүре беріпті.

Сөйтіп, сыннан сүрінбей өткен Жасыбайдың батырлық даңқы арта түсіпті.

72. Дәулетбай батыр

Ел аузындағы аңыз-әңгімеге қарағанда, Дәулетбай батыр қапсағай денелі, ақ сұр жүзді, тік иық, өткірді жанарды адам болған. Қалмақтың Долаңқара бастаған елу-алпыс адамы Сауырдағы Меркіт елінің көп жылқысын барымталап, оларды Қабанбай мен Дәулетбай бастаған 40 жігіт Ертістен өте қуып жетеді. Сол жерде Долаңқараның өзі білегін сыбанып тастап атып шығады да, Қабанбайды жекпе-жекке шақырады. Қалқанының быт-шытын шығарып, қалмақ батырын әп-сәтте жайратып салған қазақ қолбасына енді «Долаңқараның кегін аламын» деп атан өгіздей Түркеш батыр елеуреп тұра ұмтылады. Жағдайды аңдып тұрған інісі Дәулетбай қайратын жиып алып, тортөбелге қамшы басып, ойнақтап топ ортасына шыға келеді. Жекпе-жекте Түркешті найзасымен шаншып өлтіреді.

Дәулетбай батыр сексен күнге созылған Шорға соғысына да, Маңырақ маңындағы ұрысқа да белсене қатысып, жау ортасын қақ жарып, арттағы әскерге жол ашып отырды.

73. Әжібай атының ұранға айналуы хақында

Қазақтар қалмақтарды Аяққалқанға түріп тастап, әскерін алып қайтып Шелекке келіп тоқтапты. Қол бастаған батырлардың қатарында Жалайыр Ескелді, Балпық, Дулат Шеруке,

Өтеген, Сегізсарыдан Биеке батыр, Қаракерей Қабанбай батыр, Алжан Райымбек батырлар болады. Өткелдің аузында әскерін тоқтатып қойып, елдің алдын шегереді. Үлкендері Шеруке сол түні түс көреді. Таңда Шеруке:

— Мен түнде түс көрдім, Райымбектің басында екі шамшырақ жанып тұр екен. Біздің болашағымызды сол болжасын, — дейді.

Райымбек:

— Алланың көзіме көрсеткенін айтайын ба, әлде, алланың аузыма салғанын айтайын ба? — депті.

Шеруке:

— Алланың аузыңа салғанын айт, — дейді.

Райымбек:

— Ата, бізге енді қалмақ шаппайды. Бірақ, Сіз дүниеден озғаннан кейін, тәніңіз көрден алынады, — дейді.

Қабанбай аға, Сіздің атыңызды «Қабан» қойды елің. Көріңіз үш күннен кейін шулайды, тәніңізді ұрпағыңыз таппайды.

Өтеген, Сіз Ұлы жүздің басы қосылған ұлы тойда менің есімімді ұранға айландырасыз. Сол тойдағы бәйгеге алты ат қосасыз. Алтауына алты бала мінгізесіз. Мінгендерге: «Айт, Бозымның баласына «Әлмерек» деп, Алжан, Сегізсарының баласына «Райымбек» деп, Қызылбөрік, Қоңырбөрік баласына «Әжібай» деп ұрандап шап!» — дейсіз. Содан алтауы Сіздің айтуыңыз бойынша ұрандап шабады. Алтауы да бәйгеден келеді. Сол қуаныштан сіздің жүрегіңіз жарылып, бақи дүниеге аттанып кетесіз.

Райымбек батырдың айтқаны келіп, осы дүбірлі тойда үш жүздің баласы жолды Ұлы жүзге, Ұлы жүз Албанға, Албан балалары Алжанға берген екен. Сол күннен бастап Айт-Бозымның ұраны — «Әлмерек», Алжан, Сегізсарының ұраны — «Райымбек», Қызылбөріктің ұраны — «Әжібай» болыпты.

74. Әжібайдың қалмақ досы

Әжібай батыр сарбаздарымен қалмақтарды ысырып тастап келе жатса, алдынан өгіз мінген қалмақ шығады.

— Қол бастаған Қора деген батырың қайда? — деп сұрайды Әжібай. Анау айтпай жалтарады. Әжібай:

— Айтпасаң басыңды аламын, — деп қылышын суырғанда жанынан қорыққан өгіз мінген қалмақ тұра қашады. Қазақтар тұра қуады. Қалмақ ат жүре алмайтын бұралаң жолмен қашып отырып аулына бұрын барады. Барады да, Қора батырға хабар береді. Қалмақтар шалмаларын дайындап, Әжібайлардың жолын күтеді.

Қалмақтардың жол тосқан кілең шалмашылары келген қазақтарды аттан аунатып тастап, шетінен түйрей бастайды. Әжібайдың мойнына шалма ілінбей, қылыш көтерген қолын буып, қарсыласуға шамасын келтірмей найзамен түйреп-түйреп құлатып кетеді. «Қазақтарды жеңдік» деп қалмақтар аулына қайтады.

Қол бастаған Қора батыр: «Осылардың арасында Әжібай досым жоқ па екен?» — деп қайта айналып, сұлап жатқандардың тұсына келеді.

— Әжібай, Әжібай, — деп дыбыстайды.

Ыңырсып жатқан Әжібай:

— Оу, — деп белгі береді.

Қора батыр Әжібайды көтеріп үйіне әкеледі де, семіз тай сойып, терісіне салады. Денесіндегі жарақаттарды емдейді. Үй астынан ұра қазып, сонда көктемге дейін жасырын ұстайды.

Қалмақтар көктеуге, күнгейге көшетін кез болғанда, Қора Әжібайды еліне қайтарудың амалын ойластырады. Жылқысындағы тұлпар текті көк биесін ұстап, Әжібайды мінгізіп жолға салады.

75. Көк бие мен көк төбет

Әжібай қалмақ досы берген көк биені мініп ұзақ жол жүріп еліне келсе, аулы орнында жоқ. Қалмақ шауып, жұртта қалғандары басқа жаққа қоныс аударуға дайындалып жатса керек. Өрістегі жылқыны айдап келетін адам жоқ.

— Жылқы қайда жатыр, — дейді Әжібай.

— Көк төбет біледі, — дейді ауыл.

Әжібайдың күшік кезінен асыраған арлан текті, Бөрібасар атты көк төбеті бар екен. Жылқыны сол қасқырға бермей, қыс бойы бағып жүреді екен де, анда-санда ғана ауылға бір соғып кетеді екен.

Әжібайдың келгенін алыстан сезген Бөрібасар көп ұзамай жетіп келіп иесінің аяғына оралады да, қайта тұра жөнеледі.

Әжібай неше күн жол жүріп шаршаса да, көк биені тебінеді. Көк төбеттің ізімен жылқыны тауып, ауылға айдап келеді.

Көк биені Әжібай үйірге қосады. Сол көк биенің тұқымынан көк қасқа тұлпар туыпты дейді.

Көк төбет Әжібай дүние салған соң бейіт басында ашығып өліпті.

76. Қожамқұлдың көк қасқа аты

Әжібайдың әлгі көк қасқа тұлпарының тұқымы ұрпақтарына мұра болыпты. Немересі Қожамқұлға бәсіре болған көк қасқа құлын жиырма екі жыл бойы бәйгенің алдын бермепті.

Ең соңғы жиырма екінші жылы, қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен аста ақырғы рет бәйгеге қосылған екен. Асқа келген қырғыздың сыншысы: «Қожамқұлдың көк қасқа аты бәйгеден келеді екен, келген соң өледі екен», — депті. Айтқандай бәйгеден көк қасқа ат бірінші келеді. Әжібайдың аруағы сол жолы тағы да ұран болыпты. Қожамқұл бәйгеден келген кәрі тұлпарды жетелеп Жіңішкенің шатына келгенде болдырғандықтан жүре алмай қалады. Жігіттер белбеулерін жалғап, атты баулап көтеріп, таудың басына шығарады. Ат бәрібір жүре алмайды. Үстін жабулап сонда қалдырып кетеді.

Кешкісін адам жіберсе, ат орнында жоқ болып шығады. Таң ата барса, қасқыр жарып жеп, басын дін аман қалдырып, құйрығын жерге шаншып кетіпті.

Қожамқұл көзіне жас алып:

— Атам Әжібайдан жеткен тұлпардың тұқымы ең, 22 жыл бәйгенің алдын бермедің. Басың ит-құсқа жем болмасын, — деп қарағайдың балашығына басын іліп кетіпті. Бас зәулім қарағай болып өскен баяғы балашықтың ұшында әлі тұр екен. Бәйгеге ат қосатындар соған тәуіп ететін көрінеді.

77. Райымбек батыр

Атасы Хангелді батыр, ...Ұлы жүздің атақты адамдары Қодар би, Төле би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қоластына алуын өтінген. Райымбек бес жасында өз атының басын өзі алып жүріп, жылқының соңынан ере бастаған. Жеті жасқа толғанда асау жылқыны үйретіп, міне бастаған. Райымбектің нағашысы Жалайыр Орақты батырдың тұқымынан екен. Нағашы атасы Райымбек жеті жасқа толғанда ат етіп міну үшін бір еркек тай және садақ, қылыш, найза, айбалта, қалқан әкеп береді. Нағашы атасы Хангелді батырға: «Менің жиенім он алты жасқа толып жігіт болғанда, көк тайы ат болады. Және мен алып келген соғыс құралдарын таза сақтап, өзі ұстауға шамасы келгенде, қолына тапсыр!» — депті.

Қ.Сауранбаевтың шежіресінде: «Райымбек он бес жасқа келгенде атасы Хангелді жауға жасақ жинап, аттанып кетіпті» дейді. Жас бала жылқышылармен бірге қалып қойса керек. Артынан сарбаздардың қалмаққа аттанып кеткенін естіп, анасынан, ауылдағы қарттардан бата алып, ішінен: «Атам Сырымбет батырдың аруағы қолдай гөр, жаудан қайтпасқа мен серт беремін, жәрдемдеріңізді сіздер бер!» — деп жорықшылардың артынан жүріп кетіпті делінеді. Райымбек Қараталдың бойында шұбырып жүрген қалың сарбаздың ішіне келіп кіріп кетеді. Бұлардың бәрі жүріп отырып Іле суының бойына келіп, одан әрі өте алмай, тек Райымбек қана өтеді.

Іленің тасып, күркіреп-сарқырап арнасына сыймай жатқанына қарамай, өзеннен әрі өтіп кетуі жұрттың бәрін таңқалдырды. Райымбек батырдың бойындағы тамаша қасиеттері — кісілігі мен парасаттылығы, табандылығы, өзінің қасындағы батырлары мен сарбаздарын ұйымдастыра білетін ересен шеберлігі. Райымбек он жеті жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанған. Торайғыр мен Сөгеті тауларының аралығында кең жазықта жоңғарлармен соғысқан жері «Ойрантөбе» деп аталады.

Райымбек батыр жер жәннаты Таушелек пен Жалаңашты мекендеген Ағанас пен Арыс ханды да орнынан аударып, халықтың ата-қонысын босатып беріпті. Қалмақтар үйір-шүйір болып, отырған жерінен кеткісі келмей, жылап-еңіреп айырылыпты.

— Қош Таушелек, Жалаңаш,
Түңілді ханың Ағанас.
Райымбек тұрғанда
Біздікі болмас мал мен бас, —

деп, құмда ізі қалмай жөнепті қалмақтар.

Ел ауызындағы аңызға айналған Райымбек батыр көз жұмар сәтінде ұрпақтарына: «Денемді ақтүйеге өңгеріп, бос жіберіндер. Түйе қай жерге шөксе, сол жерге жерлеңдер!» — деп өсиет айтқан.

78. Хангелді немересі Райымбек туралы

Айтушы қарттар, Хангелді немересі Райымбек үш жаста ат басын алып жүрді, бес жаста өзі ат ұстап мініп, жылқы айдапты. Жеті жасында белгілі бір жігіттің сапында жылқы бағуға жарамды еді.

Райымбектің нағашы атасы Жалайыр Орақ батырдың тұқымынан екен. Райымбек жеті жасқа келгенде нағашы атасы бір көк тай, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат, семсер даярлап алып келіп Хангелді батырға тапсырады. «Мынау менің жиенім Райымбектің жорыққа аттанғанда өзі жігіт болады, көк тайы ат болады, сонда мінетін аты, асынатын құралдары», — деп тапсырды.

Райымбек сол заман көк тайды өзі иеленіп, жүгендеп сол күннен бастап өзі меншіктеп бағуға, күтпекке алды. Тапса, төк тайға биенің сүтін береді, бие сүті табылмаса, ешкі сүтін береді, жетелеп жүріп оттатып, өзі білгенінше көк тайға өнер үйретеді, өзіне «Көкөйнақ» деп ат қойды.

Көкойнаққа берген тапсырма

Бірінші — қарғып секіру; екінші — жат десе жатып, хабар бермей, тұрмау; үшінші — қылышын алысқа көрсетпей тастап, тапқызып алып келу; төртінші — сумен жүзу, өзі жеке мініп те өту; бесінші — төрт атты қатар тұрғызып, өзі мініп тұрып, төрт аттың сауырына төрт аяғын қойып, сол орында рұқсатсыз жерге түспеу; алтыншы — алысқа жатқызып

қойып, хабарламай басын көтермеуді тапсырды. Осы білімді Көкойнақ сегіз жасар болғанға дейін үйреніп болды. Райымбек өзі он бес жастан асқанша өзін-өзі садақ тарту, қылыш шабу, атпен ойнау әдістерін де, судан жүзу, атпен жүзу, жеке өзі суға сүңгіп малтып өту әдістерін де толық білді. Қасында жүрген өзі теңді балаларға да үйретіп, мұнымен ілес үйренгені де болды, кейбіреуі ілеспей қалды.

Халық Қараталға жиналып, жорыққа аттануға даярланып жатқанда Райымбек ауылда жоқ еді. Мінуге жарамайтын ақсақ жауыр атымен жұмысқа, жорыққа баруға жарамайтын бірсыпыра қарт адамдармен алыста бағуда еді, Райымбек сол қарттармен бірге Көкойнақты бағу, баптаумен бірге жүр еді. Райымбекке кейбір қарттар айтар еді:

— Ай, балам, қайдағы жоқ сұмдықты шығарып жауға барамын, жау келіп қалды деп зәрені кетіріп болдың ғой, — дер еді. Кейбір қарт:

— Балам, дұшпаңды шауыш келгенде олжа бермей, мені ұмытып кетпе, — дер еді. Бұл сөзге Райымбек:

— Ата, тілектес бол, — дер еді. Бір күндерде Сәді деген қарт елге барып келді. Әлгі келген хабарын «Ұлы жүз болып бас қосып Қараталға жиналып, «ақырғы жорығымыз — осы» деп, қайтсек те дұшпаннан кек аламыз, жау қолында кеткен ұл мен қыздарды қайтарып аламыз, мал-мүлікті ала алмаған күнде кеткеннен артық емеспіз», — деп уәде жасап, аттанғалы жатыр деп хабар алып келді.

Бұл сөзді кейбір қарттар Райымбекке айтпалық десті. Сәді қарт:

— Олай емес, мұнан жас кезінде мен қалмаққа аттанамын дегенде, әкесі Хангелді: «батыр Көкөйнағың ат болсын, өзің азамат бол» деді. Биыл ел жорыққа аттанатынын өзі де айтып жүрген, талабын қайтаруға болмайды, — деді (Сәді қарт).

Кейбір қарттар күлкі қылып: «саған жау шауып олжа алып кеп беремін деген соң, барсын деп отырсың ғой» деп күлді. Сәді қарт:

— Ондай ой да, тілек те бар ғой, Райымбек мұнда тұрғанда оны біреулер мал іздемейсің, қаннан-қаперсіз ұйықтайсың, «құланды да жыландай жігіт атады» деген. Райымбек айсыз қараңғы түнде күндізгі қалың шөпке түсіп қалған қамшысын тауып алады. Атпен ойнатып Райымбек сияқты қайсы бала-

лар жүреді? Садақ тартуы, қылыш шабуы, шын бір өзі тендестер түгілі, онан үлкендер де істей алмайды, — деп Сәді карт та Райымбекке естіп, көріп келген әңгімесін айтты. Сонда Райымбек сол жердегі қарттардың батасын алып, елге қарай жүріп кетті. Елге келсе, жорықшылар жүріп кеткен. Келіп анасынан жорықшылар қашан кеткенін білді, анасына «мен де жауынгерлердің артынан барамын» деп рұқсат сұрады. Шабуылға баруға жасы келмеген — деді сонда анасы. Сонда Райымбек:

— Жоқ, апа, атамның бұрын айтқан сөзі бар: «Көкөйнақ ат болсын, өзің азамат бол» деген. «Жауға барып өзіңді-өзің байлап бермейтін бол, өзің мен атың бірдей әдісті болып, қайратың толсын» деген. Осы тапсырманың бәрін орындадым, жаумен шайқасуға даярмын, — деп анасына жауап берді. Анасы тоқтамасына көзі жеткен соң, баласының азығын даярлап, рұқсатын берді.

Райымбектің бірінші сапары

Райымбек анасынан рұқсат-батасын алып жорықшылар артынан жүріп кетті. Қару-жарақтарын түгел асынып Райымбек жолға шығып Көкөйнаққа қамшы басып:

Иә, жорықшылардың жолбасшысы — нағашы атам Орақ батыр, өз атам Сырымбет батыр қолдай гөр! Жаудан қайтпасқа серт беремін, жәрдемдеріңізді сіздер бер! — деп өзіне-өзі қайрат беріп келеді.

Атына: «шаршама, шалдықпа, Көкойнақ, сені мен жас жүрек табынды тартпасаң да пірің бар, Қазіреті шерінің дүлдүлі сен де піріңе сыйын!» деп жауын кері кетпес жолменен түн демей, кезекті жерде тамақтанып, ат шалдырып, тоқтамастан жауынгерлер кеткен жолын болжап келеді. Арада қанша бел-белестер қалды, таулар қалды, бірде-бір рет саспай, тоқтамай ұлы сәске болғанда Ұлытаудың басына шығып көп жауынгерлердің қарасын көреді. Бұларды көргенде жауды қиратып алғандай қуанышы қойнына сыймай шаттанып Көкойнақтың басын бұрып, сансыз қаптаған қалың қолға қарай ат қойып келеді.

Келе жатып тағы Райымбек мынаны ойлайды: «атам Хангелді батыр мені көріп қойса, анам айтқандай, «әлі жассың» деп жауға жібермей қояр ма екен, жауға кіргенде көп адамның арасымен жүрейін» деп ойлайды.

Сол кезде Райымбек он бестен асқан кезі, 16 жасқа толмаған, көп жауынгердің ортасына кіріп, аралап келсе, өзен бойында көп халық жиналған, өткел іздеп, көзер таба алмай аттарын өлтіріп алғандар бар, ат салып, суға атпен жақындай алмай жатқандар бар. Сол жерде Райымбек өзіне-өзі кеңес беріп, бел шешіп ағыны қатты суға түсуді мақұлдады. Қараса, суға түскен адамдар өз атын өзі атап айқайлап түсіп, шығып жатыр. Жиналып тұрған көпшіліктен рұқсат алып шығып жатыр. Райымбек мұны көріп: «тәуекел, осы суға мен де түсейін» деп, жиналып тұрған көпшіліктен аттан түсіп, қол қусырып: «осы суға мен түссем» деп рұқсат сұрады. Кейбіреулері: «белі қатпаған, әлі шикі жас бала екен, қиындау болар» деді. Көпшілігі: «жас талабын қайтарма» деп рұқсат берді. «Бақытты бол, балам!» деген көптің рұқсатын алып, Көкойнақтың айыл тартпасын қайта тартып, өз атын өзі ұран етіп айқайлап суға түсті. Көкойнақ су бетінде өзін суға батырмас әдісімен судың арғы бетіне шығып, сумен жарға қалай жақындайтынын болжап, қайта өтіп келіп халыққа айқайлап тұрған көп басшы батырларға мынадай тілек қойды:

— Айбалта, қылышымен отыз адам беріңіздер, су таяз, ертеңгі азанда өтеміз, бүгін сарбаздармен өтуге күн кеш болады. Таңда халық дайын болсын, бүгін жайланып жатсын, — деп хабарлады. Мұны естіп көп батырлар өздерінің қостарына қайтып, сұраған отыз адамын берді. Ел жайланып болған соң Райымбек бұл отыз адамға қамыс шыбық орғызып сал етіп, жуандығын құшақ толғандай етіп жалғастырып буғыза берді. Өз мөлшеріне толғанда жігіттерге тапсырды.

Райымбек Көкойнақты ойнатып келіп:

— Ал, жігіттер, маған қамыс пен шыбықтың басынан арқан байлап бер, суға итеріп кіргізе беріңдер, мен ар жақта судың шетіне шығып, мықтап байлап келемін. Жібермей берік ұстаңдар, — деп, Көкөйнақпен суға кірді де кетті. Бір заманда Көкойнақты ойнатып келді де, мына басын жуан терекке байлап қойды.

Райымбек:

— Ал енді батырлар, демалайық, тек күн шықпай халықты хабарлап, әрбір батырлар өз-өздерінің жауынгерлерін қатарлап сапқа тұрғызып, ретімен судан өтетін болсын. Мына белгіден төмен кетпесін, төрт-бестен қатары көп болмасын. Жігіттерге тапсырды, — мен өзім алда бастап жүремін, — деп. Жігіттер

бұл тапсырманы орындауға міндетіне алды. Түнімен Райымбек отыз жігітпен көзер басында болды.

Райымбек көзерді түнімен тексеріп шықты. Таң шыға Райымбек жігіттері мен сансыз жауынгерлерге көзер дайын, сапқа тұруды тапсырды айқайлап.

— Әрбір батырлар өз жауынгерлерімен қатарға сапқа тұрыңдар! — деп Райымбек Көкойнақты ойнатып, көп, сансыз қолды аралап, өз атын өзі атап, «көзер дайын» деп сансыз жауынгерлердің алдына көзермен өзі бастап, ақ найзасын көтеріп, өз атын өзі ұран етіп шақырып алды. Райымбектің артынан сансыз қол шулап, бес адам, онан артық емес, саппен жүріп, аман-есен суға жығылмай, сүрінбей көзерден көпшілік алға қарай өте берді. Судың ағысына қараса, сығылысқан сеңжүріп жатыр. Суға батқан ат жоқ, қалай өткенін ел білмей қалды. Көзерден аман өткен соң кейбіреулер былай деп те түсінді: «бұрын-сонды «Райымбек» деген атты батырды көрген де емес, есіткен де емес еді. Бұл кім, адам ба, пері ме, періште ме?» — деп те ойлады. «Өзі адам болса, аты бөлек, бұл күндегі жылқыға ұқсамайды. Жүруі құсқа лайық» деп кеңес жасап, таң қалыпты. Көп жауынгер аман өткеннен кейін Ұлы жүздің көп қолбасшысы, батырлары бастарын қосып, бірігіп: «бізді судан бастап өткізген кім, сол адам болса, таныссақ екен» деп сұрады сонда. Райымбекке хабар берді. Райымбек Көкойнақты ойнатып, жиналған Ұлы жүздің көп батырының алдына келіп төрт атты қатар қойып, Көкойнаққа мініп, тақымын бір қағып қойғанда қатар тұрған төрт аттың сауырына төрт аяғын қойып тұра қалды. Өзі ерге шығып тұра кеп тік тұрып, халыққа өзін таныстырып, айқайлап, Ұлы жүздің жиналған көп халқымен, жауынгерлерімен қолбасшы батырларша сөз тастады.

— Мен Ұлы жүздің Албаны, оның ішінде руым — Алжан, Хангелді батырдың немересі, атым Райымбек, — деді. Осы сөзді айтып Көкойнақты ойнатып жерге түсті.

Сонда Ұлы жүздің батырлары Хангелді батырға:

— Батыр-ау, кешеден бері бізге қалай айтпадың, Райымбек сіздің балаңыз екенін, — деді.

Хангелді батырдың батырларға берген жауабы:

— Батырлар, Райымбек көптің баласы, Ұлы жүз үшін туды. Ұлы жүз үшін еңбек етуге тиісті, — деді.

Сонда Ұлы жүздің қолбасшысы, көп батырлары тұрып: «бүгіннен бастап Райымбекті қолбасшы етеміз» деп айқай көтерді. «Осы соғысты бүгіннен бастап Райымбек бастасын!» — деп айқай көтерді. Осы жауынгерлерді бастап алып келе жатқан батырларды қосқанда Ұлы жүзде бір жүз он батыр бар еді Райымбекті қоспағанда. Ол батырлардың кейбіреуінде жүз, кейбіреуінде елу, яки отыздан кем емес екен, көп жауынгерді «сансыз қол» дейді екен...

Хангелді батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, Бөлек батыр, Ырыскелді батыр, Аралбай батыр, Бердіқожа батыр, Ердес батыр, Тілеуке батыр, Барақ батыр, Бақай батыр, Биеке батыр, Райымбек батыр. Сол уақытта осындай Ұлы жүзде батырлар болған мыналарды бас батыр деп атайды екен, көп батырлардың атын ұмыттық дейді. Жүздік батыр, елулік батыр, отыздық батыр деп атайды екен. Онда да өздерінше тәртіп қатты екен. Бағынушылық, қайта сөз қайырмай, тапсырманы орындауға басы кетсе де, қайтпайды екен.

Осы батырлар бастап Райымбекті бүгіннен бастап қолбасшы етуді қабылдады. Сонда Ұлы жүздің көп батырларына тілек қойды:

— Мен әлі жаспын, бұрын соғыста болған жоқпын, соғыс әдісін білмеймін, қайта жүмсасаңыздар мен дайын, — деп жауап күтті. Сонда қолбасшы батырлар:

— Соғыс жағдайын біз айтамыз, мынадай заңдарды біл, — деді. — Бірінші — ол жақтан дұшпандардың жауы келеді. Соғыс қашан басталады, мезгілі көрсетіледі. Сонымен бірге соғыспай, келіс жұмысы тоқталмас.

Екінші — жекпе-жекке адам шығады. Ол шыққан батырлар өз аттарын баяндап ұран айтып шығады, бірден бес ретке дейін, егер екі жақтың бір жағы бес рет жеңілсе, ақыр жеңбесіне көзі жетсе, туын жығып, жеңіліс бітімге келеді. «Жоқ, біріміз қалғанша соғысып, жеңіс аламыз» десе, туын жығып, қолбасшысын өлтіріп, жеңіп алады. Сонда анық жеңген сол болып табылады, — деді батырлар.

Ұлы жүздің қолбасшы батырларының сөзіне түсінгеннен кейін Райымбек:

— Ақыры сіздер мақұлдаған істеріңізге мен разымын, — деді. — Менің ұсыныс тілегім ұран біреу-ақ болсын, кімді ұран етіп алсаңыздар да.

Жекелеп соғыс болмасын. Барлық соғысқа хабаршы болсын, — деп тілегін білдірді.

Ұлы жүздің қолбасшы көп батырлары: «Бүгіннен бастап Райымбек батыр Ұлы жүздің көп жауынгеріне, көп батырларына қолбасшы деп саналсын. Бүгіннен бастап Райымбек батырдың бастауымен соғыс болсын. Райымбек батырдың бастауына қарсы болса, көп ортасында басы алынсын!» — деп айқай көтерді.

«Соғысқа кіргенде ұран біреу-ақ болсын. Ол ұран «Райымбек» деп жауға шапқандар ұрандап кіретін болсын!» — деп Ұлы жүз көп жауынгерлері мен батырлары серт жасады.

Көп жауынгерлер арық ат, бие, байталға мініп, кейбіреуі жабағы тайға ертоқыммен ерттеп келгендер болған болар, сол сарбаздар қыстаққа түскен қалмақтарды шауып алды. Тұлпарын, арық-семіз аттарын мініп, соғысқа түсу кезін, еркек қойын азыққа даярлады, бар жерден соғыс құралдарын түсіріп қамданды, көп жауынгерлер тыныс алып, соғысқа қамданып жатыр.

Енді Түргендегі Қорын ханынан хабар келді.

Осы келе жатқан көп жауынгердің ішінде бұрын, жасында қазақ қолына түсіп қазақ болған қалмақтар бар, қалмақтармен байланысты болып жүрген ниеті бөлек қазақ бар және қалмақтармен байланысты болып жүрген одан басқа да қазақтар бар. Бұлардың бір тобы бастары қосылып, кеңесіп: «Бәрібір қалмақ күшті қазақты жеңеді, одан гөрі Түргендегі Қорын ханына барып хабар берелік, ол бізді сенімді адамы етіп, бұл қазақты жеңген соң әрқайсымызды билеуді мансабына қояды», — деп, баруға бел байлады. Бұлар ел орынға отырғаннан кейін он бір адам, Шаньшқылы Кенжеғұл деген бастап түн қатып жүріп, ешбір жерге тоқталмай, Қорын ханның алдына бастарын ханның аяғына қойып жылап, асығыс келген жұмыстарын баяндады.

Кенжеғұл жол бастап шулап:

— Тақсыр хан, қазақтың көп жауынгері келе жатыр сіздің еліңізді шауып, ордаңызды ойран етіп, мал-мүлкін талап алып, қатын, қызын күндікке, еркегін құлдыққа аламыз деп. Іленің сығысқан сеңін тоқтатып тастап, көп жауынгерін суды тоқтатып, құрғақпен өткізіп алды. Райымбек деген жас сиқыршы батыры бар екен. «Қорын хан өзі бағынса, ұрыс ашпаймын, көнбесе, таудағысын тау мен тасқа соғып, ойдағысын

Іленің суын қаптатып мұз қып қатырамын!» дейді. Тақсыр хан, ерте қамданбасаңыз, өте қауіпті.

Қорын хан мұны естіп, бірінші бас уәзірі бір жағынан жауынгерлерінің қолбасшысы Серке дегенді шақырды.

— Мына иттер нені айтып оттап отыр, сен он бес адам алып барып тексеріп қайт! Бірінші, Іленің мұзы қатты ма екен, қазақтың қолы келгені рас па екен, мұз қатпаса, қайтып өтті екен, Райымбек деген сиқыршы бары рас па екен, соны тез барып тексеріп қайт! — деп бұйрық берді.

Серке Қорын ханның бұйрығын алып, қасына он бес адам алып жүріп кетті. Жол бойы жолыққан қалмақтар көздері жасқа толып Серкеге арыздана шулап: «Қазақтың көптігіне көз жетпейді. Көп жауынгері келіп жылқыны отармен айдап кетті, сиыр, қойды қырып, сойып жеп жатыр. Іленің сықасқан сеңін бұзып барлық жауынгерін құрғаққа өткізіп алады.

Райымбек деген жас сиқыршысы бар екен. «Айтқаныма көнбесе, ойран етемін» дейді.

Серке жерге түсіп, аралап қарады. Мұз қатпаған. Іленің сеңі сықасып жүріп жатыр. Қорын ханның сенімді тұлпар баққан Әжіке деген мініскері бар еді. Сол Серкеге келіп жолығып:

— Тақсыр, мен жасымнан тұлпар бағамын, талай тұлпарды сынап та көрдім, мен мына Райымбек мінген аттай атты көрген емеспін, қанатты құсқа ұқсас. Өзі адам баласынан бір өзгеше барлығы да, оған біткен жүрек әр адамға біте бермейді, суды сеңімен тоқтатып тастап, барлық жауынгерін өткізіп алғаны рас, — деп Серкені сендірді: Осы мәселелерді анықтап, қайта жүріп Түргендегі Қорын ханға келіп, көрген білгенін баяндап өтті.

Қорын хан сонда ашуланып, жендеттерін шақырып алып, қасындағы он бес жолдасын дарға асып, Серкені «сен Райымбекпен тілектес болып келген екенсің, Райымбекті байлап алып келіп, екеуіңді біріктіріп дарға бір-ақ тартамын», — деп Серкені темір торға салып, аузын бекітіп тастады. Қалған жауынгерлердің бастықтарына жарлық берді:

— Өздері бастап, өзіне ажал іздеп келген қазақтарды елге әурелетпе, тез көзін жойыңдар, жорыққа жарайтын бірде-бір адамды қалдырмай қазақ жауынгерлерін ел аралатпай, алдын тосып тұру керек! — деп бұйырды. — Екі күннен қалдырмай алдынан шығамыз, — деді.

Қорынның орталық ханы Секерге жазғаны:

«Тақсыр, бас иеміз, әмірі күшті ханымыз Секер! Сізге қуанышты сәлеммен алдыңызға мына адамды жіберіп отырмын. Қуанышымыздың себебі мынау: мына қазақтарды ажал айдап, көп жауынгерлерімен келіпті. Атсыз, жаяу, құралсыз, қолындағы ұстағаны — бақан, өздері азықсыз, аш келіпті. Сізден тілегім, «ажал айдап келгендерді өлтіріңдер!» деп ашу шақырмаңыз, өз обалы өзіне және айтарым, олжаның ең алды өзіңіздікі және олжа алар адамдарыңызды, олжа қояр жеріңізді даярлаңыз деп жәрдем сұраймыз, өзіміз-ақ ойнап жүріп қызығын көрелік. Хат Қорыннан. Қыстақ Түрген».

Хан Қорын атқа мінуге жараған еркек адамын бірде-бірін қалдырмай соғысқа баруға жарлық беріп, қазақ жауынгерлерінің алдынан шықты. Қазақтың сансыз қолы жауға кіруге даярланып жатқанда, Қорын екі адам қазақ қолбасшыларына елші жіберді. Ол екі адам келіп қазақ қолбасшыларына ханның тапсырмасын баяндады.

— Қорын хан сіздерге жіберді, қырылмай, бастарын олжа қылып, аттарын тастап, жүзден бес адам құлдыққа беріп қайтсын, — деді. — Оған разы болмаса, бірде-бір адамы тірі қалмайды, — деп айтты. — Соған жауап күтеміз, — деді елшілер.

Райымбек батыр екі елшіге жауап берді:

— Елшілер, ханың Қорынға айтып барыңдар, бұрынғы уәдесіз, опасыз елімізді бес рет шапқан атамекен жеріміздан кетсін, тез арада алып кеткен ұл, қыздарымызды осымен қайтарсын, алып кеткен малымызды осымен қайтарсын, опасыздық істегені жөнінде адаммен, малмен айыбын тартсын! — деп, Райымбек екеуін атымен қатар тұрғызып қойып, Көкойнақты ойнатып, тақымын қағып қалғанда қабат тұрған екі елшінің атынан қарғып ар жағына түсті. Елшілерге Райымбек батыр:

— Тез барып хандарыңа айт! — деді.

— Тақсыр хан, жарлығыңызды айттық, Райымбек деген жас батыры бар екен, адам баласына бітпеген түрі бар екен. Мінген аты бұл заманның жылқысы емес. Садақ тартқанда, екеуміздің атпен тұрған басымыз одан тең тартып, садақ алысқа түсті. Сол батыры Райымбек сізге айт деп бізге тапсырғаны: «Уәдені бұзып бес рет шапқан, сондағы алып кеткен ұлы мен қыздарымызды, мал мен мүліктерімізді осымен қайтарсын. Оған көнбесе, өзінің өлмесін ойласын!» деді, — [дейді] елшілер. — Және еркімен көшсін деді.

Хан Қорын бұл сөзді естіп ашуланып, жауынгерлеріне:

— Тез жиналыңдар! — деп бақырды. — Менің жарлығымды естіңіндер ме? — деп, өзі ортада тұрып жауынгерлерін жарлық шашып батыра сөйледі.

* * *

Райымбек сол қалмақтар жиылып жатқанда Ұлы жүздің қолбасшы батырларына мынадай мәселе қойды:

— Мына Қорын жауынгерлерін жиып жатыр, нендей мәселе болар екен, осыған мен барайын. Менің жаныма екі адам беріңдер, ол адамдар қалмақ тілін толық білетін болсын. Оларды қалмақ киімін кигізіп, ат-тұрманы қалмақша болсын. Қалмақтың айдары болсын, қара қалпағы баста, әйдері тоқымы болсын, мен өзгермеймін, — деді Райымбек.

Бас батырлар бұл сөзді қабылдап, екі адамды даярлады. Қалмақ тілін білетін, қалмақ үлгісінде, біреуі — Дулат Бүйембай деген.

Райымбек батыр сапар хабаршыға жүрді қасында екі жолдасымен. Сонда Райымбек батырларға мынаны айтты:

— Бізден хабар болмай жауынгер тарамасын және де өз жауынгерлері мен батырлар дайын болып тұрсын. Жол болып басшысы өліп, туы жығылса, жауынгерлерді өз батырлары бастап соғысқа кіріседі, — деп жол тартты батыр.

Райымбек батыр соғысқан Іле бойындағы жауынгерлердің ортасынан итермелеп, қысыла жүріп Қорын ханға жақын жерге жетті. Сонда Қорын хан сөйлеп жатты. Түгін сыртына алып жауынгерлерін боқтап қояды.

Райымбек батыр қасындағы жолдастарынан сұрады: «Қорын не айтып жатыр?» деп. Қасында тұрған Бүйембай ханның сөзін баян етті.

«Мына ажал айдап келген қазақтарды тұрған жерінде қыру керек, бұған аяушылық болмасын! Бұрын қазақты шапқанда алдыңғы олжа — хандікі, екінші олжа — жауынгер басшынікі, үшінші олжа — соғысқа қатысқан жауынгердікі еді. Енді олай емес, кімде-кім тапқанын өзі алсын, адамын құл қылып пайдалана ма, өлтіре ме — әркімнің өз еркінде. Және Райымбек деген жас батыры, өзі сиқыршы екен, соны тірі ұстап бергенге күттірмей тұқымына мәңгіге хандықты беремін. Осы келген қазақтарды бітірген соң, артында қалған еліне барып көнгенін

құл етіп, қызын күң етіп аламыз. Олжа мұнан артық бола ма, менің жарлығымды сөзсіз орындау, жалтарғандарға қауып жазасы», — деп хан бақырып жатыр деп Бүйембай баяндады.

Райымбек батыр мына сөзді толық естіген соң, жолдасына:

— Қамданыңдар, қарап тұруға болмайды, енді мен ханның басын шабуға ұмтыламын, сіздер де айқай, ұран қосыңыздар, — деп Көкойнаққа қамшыны басып, өз атын өзі атап, ұран етіп: «Райымбек! Райымбек!» деп айқай салып, ұмтылды. Көкойнақ қатар тұрған көп аттың үстінен секіріп, Қорын ханның қасына жетті, алмас қылышпен ханның басын доптай ұшырды. Қасындағы ту ұстағанның басын алды. Ту жығылды. Қалмақ быт-шыт болып қашуға кірісті. «Райымбек!» деп ұран шақырған басында жалғыз адам болса, енді «Райымбек!» деп ұран шақырушылар көбейіп кетті.

Бұл — ұранды көбейту, бұрын басында қалмаққа түсіп кеткен қазақ балалары және ниеті қазақта болып жүрген қалмақтар да бар. Солармен дауыс көбейген.

Міне, арттағы көп жауынгерлер қалмақтың туы жығылып жатқанын көріп әр батырлар өздерінің жауынгерлерімен соғысқа кірді. Қалмақтар оңтүстіктегі тауға бет ала қашып, босып берді Ағанас пен Секер ханды бет ала. Осы кезде қасындағы жолдастары:

— Батыр, мына жерде «мені өлімнен құтқарған Райымбек батыр» деп зарлап жатыр, — деді. Айтқан жеріне бұрылып барса, темір торда жатқан әлгі Секер екен. Темір тордың аузын алмас қылышпен қағып тастап, босатып алды.

— Мен осы Қорын ханның бас уәзірі едім және жауынгерлерін басқаратын қолбасшысы едім, менің осы халге түсуіме сіздер Іле суынан өтіп келгендеріңізде Қенжеғұл бастап он бір адам барды. «Соғылысқан сеңді тоқтатып, көп жауынгерін Іле суынан өткізіп алды, Райымбек деген батыр бар, өзі сиқыршы», — деп баяндады. — Сол уақытта хан мені жұмсады, барып біліп келуге. Анығын тексеріп, қасыма он бес адам алып Ілеге түстім. Іленің мұзы әлі де қатпаған екен, сықасқан сеңжүріп жатыр. Сіздердің жауынгерлеріңіз бірі қалмай арғы бетке тасқын судан аман өтіп алған. Іле суынан, сол Іле бойында отырған халық шулап, арыз болды: «Райымбек деген өзі жас бала батыр бар екен, өзі сиқыршы екен, мінген аты да бұл күнде адамнан бөлек» деп. Ханның

жасынан тұлпар баққан сенімді Әжіке деген адам бар еді, ол да анықтады бұл сөзді.

Мен келіп ханға баяндадым көрген, естігендерімді. Хан ашуланып он бес жолдасымды дарға тартып өлтірді. Мені «сен Райымбекпен шарттасып, бірге болмақ болып келгенсің, Райымбекті тірідей ұстап, сен екеуіңді қосақтап дарға бірге тартамын» деп торға салып, мені де осында алып келді. Менің ішім ақ, тілегім дұрыс екен, сізді өлмей тірі көрдім, енді менің өлсем де арманым жоқ. Сізден рахым болса, жолыңызда өлуге серт беремін, қылышыңыздың дүзін қайда салсаңыз да, мен даяр, бірге туған бауырыңыздай болайын», — деп Серке Райымбек батырға ойдағы зарын айтып зарлап, басын ииіп тағзым етті.

— Серке, сен бүгіннен тартып менімен бірге тудым деп есепте. Өзіңді Хангелді батырдың баласымын деп сана, сенің атың бұрын Серке болса, ендігі атың Аманжол болсын, қазірден тартып соғыста менімен бірге боласың, бір бүгін емес, кеудеден жан шыққанша бірге боламыз. Екінші, саған қоятын менің сертім бар, маған садақтың оғы тиеді, қылыш шауып, жаудың салмақты қолының зардабынан найзаның ұшы тиеді, сонда менің денемнен қан кетуімен күн мен таң асыра әлсіресем, маған айтқайсың, «қан көп кетті, әлсіредің деме», соғыс біткен жоқ, — деп Райымбек батыр Серкені атпен, қару-жарақпен толық қамтамасыз етіп, астына тұлпар мінгізіп, алмас қылыш, садақ, сауыт кигізіп, қолына найза, басына Қорын ханның «Тас жарған» деген алмас қылышын белге байлап, Серке Райымбек батырдың қасына еріп, жауға шабуға кірісті. Серке бұл халықтың елін, жерін, адамын толық білетін еді.

Хабар күтіп отырған арттағы Ұлы жүздің жауынгерлері, көп батыр қолбасшылары қалмақтың көп жауынгерлерінің ыдырап қашқанын көреді, әр батыр өз қарауындағы жауынгерлерін бастап баршынның толық хабарын алып, шабуылға кірісті.

«Ел ортасынан үркеді» деген мақал рас дейді. Жоңғарларға сол күні түннен қалмай хабар жетті. «Қазақтың көз жетпейтін сансыз қолы келіп, Райымбек деген жас бала батыры бар екен, өзі сиқыршы екен, Қорын ханның басын доптай ұшырып, қылышпен шауып, қасқыр қуған қойдай жусатып, қуып қырыпты, қаптаған қол жоқ, шабысып жүрген жауынгер жоқ, әйтеуір Райымбек деген айқайшы ұранды. Көрнеу шабысып

жүрген халық жоқ, қазақтың сансыз жауынгері кейін туралап соғысқа да кірген жоқ», — деп хабарлады.

Бұл сөзді естіп көпшілік жоңғар халқы, ауылда қалған қарттары мына мақалды айтып, жолдас болады десті. «Мың асқанға бір тосқан бар» деген, бейбіт, тыныш жатқан қазақты қайта-қайта шауып ұл-қыз, мал-мүліктерін талап, жерінен қуды. Қазақтың Құдай жар болып халқын қорғайтын, халқы үшін бір әулие туған болар».

«Жаудан қашқан құтылады» деген ғой, қой, сиыр байлау болады, жылқы, түйемен кетелі. Ата-анасымен Секер ханның еліне қосылады деп күн-түн демей қой, сиырды тастап, жүре алмайтын мүгедек, кемпір-шалды, көшке ілесе алмайтын ауруларды тастап Жалағаштағы Ағанас хан мен Көкпектегі Секер ханның еліне қарай күн-түн демей жөнелді. Осы сарынмен Жоңғар халқы қашуға кірісті.

Ұлы жүздің барлық батырлары, қолбасшылары бастарын қосып, енді соғысты қалай жүргізу жоспар-үлгісін жасады. Әуелі — Райымбек батыр бастап Түргендегі Қорын ханның ордасын алу, онан кейін күнбатыс шетінен Райымбек батыр, Бақай батыр, Шанышқылы Қожамберді батыр, Барақ батыр, Ердес батыр бастаған және қанша жауынгерлермен күнбатыс шетінен бері қарай қуу. Сатай батыр, Ырыскелді батыр, Өтеп батыр, Ақбас батыр, Тілеуке батыр қанша жауынгерлермен Алматыны асты, Іле бойын тазалауға кірісті. Хангелді батыр, Аралбай батыр, Қапай батыр, Биеке батыр және қанша батырлар бар, көп жауынгерлермен Сарықамыс шаһарының күнбатыс жағын тазалап шығу міндетін алды, соған қарай жол тартты.

Райымбек батыр Түргендегі Қорын ханның ордасын алып, ол араға өздерінің халсіз жауынгерлерінен адам қалдырып, Алматы, Қастектен өтіп жоңғардың арғы шетінен көп қалмақты түре қуып, әр жерге қалған 3-5 шалдардың басын қосып, қолға түскен мал-мүлікті соларға баққызып, өздерінің жауынгерлеріне бас етіп адам қосып, тез арада Түргенге жетті. Қолға түскен қатын-қыздарды, басқа адамдар мен мал-мүліктерін алып екі айдан асқанда осы күндегі Байсейіт мекеніне келіп бас қосар еді. Бұл жердің иесі Байсейіт деген мықты батыр деп жүрген сарбаз бар еді. Жасы егделеу. Досалы табынан еді өзі.

Райымбек батыр келсе, мұнда бірсыпыра батырлар да келген екен. Сол жерге өлмей, тірі қалғандар үш айда толық бастарын

қосты. Барлығы да жеңіске ие болған, жоңғарлардың қолға түскен адамдарының, малдарының, мүліктерінің есебін алуға адам даярлады.

Ұлы жүздің барлық батырлары мен қолбасшылары соғыс болған жерде өлім болмай қоймайды, әрбір батырларға тапсырды.

Бұрынғы шабындыда қалмақ қолына түсіп кеткен қазақтың ұлдары мен қыздары қойдай жамырап, қозыдай шулап, табысып жатыр. Жас шағында түсіп кеткен ұлдары мен қыздары балалы болған. Солар да қазақ екенін ұмытпаған, таныған-дары қуанышы қойнына сыймай, шаттанып жатыр, танымағандары да «қазақпын» дегеніне қуанысып, құрметтеп жатыр. Осы жеңіске жетіп, жоғалғандары үйіріне қосылғанына Ұлы жүздің батырлары мен қолбасшылары үлкен той жасауды қолға алып, әр батырдың жауынгерлеріне қанша малдан берілуін белгілеп мөре-сәре той болды. Осы шабыста қазақ қолына өз елдерінде батыр атағын алған көп жігіттер тірідей қолға түсті. Бұларды өздерінің қалауына берді. «Қай батырмен, болмаса қайсы сарбазға бауыр болуына өзі ерікті» деп Райымбек батыр айқайлап жариялады. Көпшілік бұл сөзді мақұл көріп, қолдады.

Сонда тұрып қазақ болған бір батыр мынадай бір әңгіме айтты.

— Менің атым — Арыстан. Бұл атты әкем қойған ат емес, Қорын ханның қойған аты, — деп. — Бұл атты маған қою себебі, мен ешкімнен қорықпаймын және де аянбаймын. Бұйырған жұмысын мезгілінен бұрын орындаймын. Сол себепті маған «Арыстан» деп ат қойған еді.

Менің өлмей, тірі сіздерге беріліп, қолға түсу себебім, мына кісінің бұрынғы аты Серке еді. Қазіргі аты Аманжол болған екен, Райымбек батырдың бауыры бізге басшы болған. Мұның басқаруы, істеген жұмысында ешбір кемшілік болған емес. Қарауындағы жауынгерлерге ізет, құрметі Қорын ханнан артық еді. Қорын кейбірде: «осының ақылыменен істе» деп айтқан күндері болды.

Міне, хан бізге тапсырма берді: «Райымбек батырды тірі ұстап берген адамның тұқым-тұқымына хандықты тапсырамын. Ол Райымбек өз атын өзі атап жауға соғысқа кіреді. Соғысқа қарасаң, соғысып жүргендер бәрі де «Райымбек!» деп ұрандап

айқасады, шабысады. Оны көзім көрді. Оның қасиетінен бұрын өзім өлім жазасына бұйырған Серкенің өзі туған бауыры болып кеткен. Міне, сол Серке қазір атақты Райымбек батырдың жолдасы болып отыр».

Қорын хан осылай бұрынғы қолбасшы адамын езгілеп, өлім жазасына бұйырып отыр. Бұл мейірімсіз бетбақтардан не жақсылық күтуге болады, — деп, — мен Райымбек батырдың мейірлі, рақымдысына қызығып және жолдасым Серкемен бірге мына опасыздарға қылыш шауып, Ұлы жүздің қолбасшыларына, Райымбек батырға қызмет істеп берейін, кеудемнен жаным шыққанша, сертім — осы, — деді.

* * *

Төле бидің әбден қартайған кезі еді. Бір жағы саулығынан, алдағы шабындыда бір жақсы баласы өлген екен. Ұлы жүздің батырлары, қолбасшылар: «Төле бидің баласы болсын» десіп, сол ұсынысты бірден қабылдады. Бүгіннен бастап Арыстан Төле бидің баласы атанады. Осы сияқты қазақ қолына түскен батырлар туысқан-ағайындар тауып алды, осы жасалған той қуанышты, жақсы өтті.

Осы тойда Ұлы жүздің қолбасшылары, жоңғарлардың қолға түскендері Жалағаштағы Ағанас хан мен Көкпектегі Секер ханға барды. Бұл жаққа, артына қарамайтын болды. Бірақ мұнан былай әлі де үш хан бар. Бұлардың үлкені, ел билеу ханы — Секер хан. Енді мұның қарауында екі хан бар. Жалағаштағы Ағанас хан, ол — диқанға бай. Көмірші мен Темірлікте — Арысхан. Бұл соғыс құралын жасап шығарушы, бұл да өте мықты хан.

«Енді Көкпектегі Секер ханды жоймай, бұл жеңіске жатпайды, — десті. — Соның үшін қолға түскен мал-мүлікті үлеске салуға болмайды. Көкпектегі Секер хан бір жайлы болсы», — деп ұйғарды қолбасшы батырлар.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары кеңесіп, ортасынан алыстағы елге барып қайтуға Дулат Бүйембайды даярлады. Бір қанша жауынгерді алып, қасына сенімді адамдар қосып елдегілерге ауылдан шыққаннан бастап бүгінге дейін қандай жұмыстарды толық айтып, халыққа қуанышты хабарды толық жеткізеді. Бұл батырлар оған сеніп, оны жүргізуге даярлады. Бірінші рет Төле биден «үлкен балаңыз тірілді» деп, «аты — Арыстан» деп сүйінші сұрап, сонымен бірге соғыста шейіт

болғандарды естеріне түсіріп көңіл айту, бұрынғы шабында қолға түскендердің бірқаншасы қайтып, ұл-қыздардың елге қосылуы жайлы тапсырды Бүйембайға. Қанша мал-мүлікпен елге сәлемдемесін алып Бүйембай елге тартты. Қалған ел қолбасшы батырлар өздерінше кеңес жасап, Секер ханға жол тартты.

Көп батырларға Райымбек батыр:

— Осы топта Секер ханды алмасаң, күш бермейді, кейін қатты даярланып алады, алдымен Секер ханның ордасына жету үшін Көкпектіні басып өту керек. Жол жалғыз аяқ, екі жағындағы Ұлытау басында қойған қарауылы бар. Алдымен ол қарауылдарды қолға түсіру керек. Сонда ғана Көкпектегі Секер ханның ордасына жетеміз. Сондықтан мен жиырма адаммен Күнбатыс жақтағы таудағы қарауылына барайын. Күншығыстағы тау басындағы қарауылға қасына жиырма адам алып Сатай батыр барсын. Бұлардың көпшілігі қалмақша тіл білетін болсын, қалмақ түрімен киініп, айдарын тағып, ертоқымы мен қалпағы ұнасымды болсын. Менің жанымда Аманжол болсын, Бақай батырдың жанында Арыстан болсын, серігі бүгін түнде орындап, күндіз қозы түсте осы орында болуға серт болсын, — деді Райымбек батыр.

Райымбек батыр қасында Аманжол бар, бірқанша батыр жауынгерлер бар, жиырма адамды қалмақ нобайында жабдықтап, қалмақ тілін білетіндерді алып, күн батыстағы тау басындағы қарауылдарға баруға жолға шықты.

Күншығыстағы тау басындағы қарауылға қасында Арыстан бар, қанша батыр жауынгерлерді алып жиырма адам мен Бақай батыр жол тартты, барлық жауынгерлерді қалмақ үлгісімен жабдықтап, қалмақша тіл білетіндерді алды. Уәде — ертең Қозы таста болуға.

Жорықшы батырлар осы тапсырманы алып, сапарға шықты. Бұлар бір-біріне байланысты жасап тұруға ортақ адамдар болды. Тау басына шықты. Қараңғы түнде бұл қарауылшыларға айқайламақ болып уәде жасады. Райымбек батыр алдымен Аманжолды қасына алып, басқа жолдастарын артқа жүргізіп, қарауылшының кезекте тұрғаны бұларды көріп, тіл қатты. Бұл күзетшілерге Аманжол өз тілімен жауап берді: «Сіздерге жәрдем беруге келе жатырмыз» деп. Сол кезде аттағылар қалмақша өлең айтып, сырнайларын тартып, бұлар да жетті.

Бұл күзетші қуанғаннан ұйқыда жатқандарды да оятуға дегбір таппады. Бұларды жатқан орындарынан тұрғызбай:

— Сіздер өз жандарыңа жандарың ашыса, сөзсіз бағыныңыздар, болмаса түгел қырыласыздар, — деп Аманжол бұларға түсіндірді. Жатқан қарауылдың бастығы Аманжолды танып:

— Серке, осы тірі екенсің ғой, сіз қайда болсаңыз, мен де бірге боламын, жан сауға, — деп Аманжолдың аяғына басын қойып жылады. Осы жерде сөзсіз барлық қарауылшылар қолға түсті. Бұлар Райымбек батырға өздерінше кішілік жасап, бағынды. Қырық шамасында адамды толық алып, мұның ішінен әлгі қарауылшының бастығы Байсерке:

— Мына адамдардың ішінде түбі-ниеті түзелмейтіндер бар,- — деді. Бұл адамдардың орнына жаңалап адамдар қойып, қолға түскендерді алып қайтты. Бақай бауырындағы қатынасы арқылы хабар алды. Бұлар да отыз адамды тірідей қолға түсіріп, көп адам алып қайтты. Көнбегенінің басын алып, орындарына қарауылға адамдар қойып, бұл Бақай батыр да мезгілді уақыттан қалмай, Қозытаста Ұлы жүз көп жауынгерлерімен батырлардың алдына келді. Райымбек батыр мен Бақай батыр көп табыспенен келіп қосылды қанша соғыс құралдармен. Ұлы жүздің жауынгерлері мен қолбасшы батырлары қатты қуанышта болып, Райымбек батыр мен Бақай батырға Ұлы жүз атынан мәңгілік рахметін айтып, өздерінше «даңқы зор атақты батыр» деген атақ берді.

Енді көп батырлар кеңесіп, Секер ханға жол тартуға қам жасады. Қолбасшы Райымбек батыр мынадай тапсырма айтты:

— Енді, — деді Райымбек батыр, — Секер хаңды аламыз. Ордасын бұзамыз. Оған себеп — бізге енді жауынгерлерді үшке бөлу керек. Күнбатыс жақ Шілік суын өрлетіп Бақай батыр бастағандарды Суықтоғай айланып Көкпекке келіп қосылу. Күншығыс жақтан Шанышқылы Бердіқожа батыр, Ердес батыр, Тілеуке батырлар, бұл жаққа Сарықамыс басып, екі Бұғытыны айналып Көкпектіде, Секер ханның ордасында кездесетін болсын!

Ұлы жүздің бұрынғы қолбасшысы қарт батырлары мені жанына алсын, Көкпектің өзенімен жүріп Секер ханның ордасына кіреміз. Қарттар айтады: «қорыққан жау алмайды» деп. Жоңғардың алдыңғы беті тойтарылды. Дегенмен, әлі ерте. Енді өзіміз қорықпасақ, ендігі жауды алу онша қиынға түсе

қоймас, — деді Райымбек батыр. Сарбаздарын, қосшыларын ширата түсті, — сақтық керек , — деді.

— Мына алдағы Қорын ханның ордасын бұзып, елін шапқанда мына Барақ батырдың алдынан атысып оғымен, шабысып қылышымен бес жүздей жоңғардан адам өлген, «Серіктің асуында» аш-жалаңаш, бұралқылар үсіп өлген әр жерде, «қашқан жауға қатын ер» деп бұрынғы қарттар айтады. Қатын, бала кінәлі емес, қазақты атамекен жерінен көшіріп, мезгілсіз шабуыл жасаған жоңғардың ханы мен байлары. Енді мұнан былай батырлар қатын-баланы сақтау керек, — деді Райымбек.

Сонда қолға түскен Байсерке деген Секер хан жайында айтты.

— Секер хан өзінше мықты хан, ордасы берік, оқ-дәрі соғады, құралы көп. Осы Түргендегі Қорын хан, Жалағаштағы ата-анасы, Көмірші, Темірлікте — Арыс хан осы Секер ханға бағынышты (көмірші). Темірліктегі Арыс хан соғыс құралын жасап шығарады. Секер ханның Барақ деген батыры бар, атақты жауынгер.

«Қазақты тоқыратып, өзім-ақ шауып аламын, бірінші әбиірді өзім аламын», — деп ойлаған Қорын хан. Екінші, «олжаға жекелеп қарық боламын» деп те ойлады. Жоқ, мұның ойы қараң қалды. Осы Қорын ханның елінен Секер ханға қашып барғандар ханның аяғын құшақтап, жылап зарлады. Біз Қорын ханның ақымақтығы деп осыны айтамыз.

Ханға жылап барғандар мынадай арыз, армандар айтты:

— Алматыдан айырылдық — алмасы бар жүректей,
Балдырғаны білектей, Түргенді тартып
Мұны алды, өзені — төлді үліктей.
Райымбек тұрғанда ешкімді қоймас,
Жоңғардың түгел күні өтпей.

«Райымбек батырдың дабысы, батырлығы, айлакерлігі көп айтылады. Жүрген жүрісін адам білмейді. Аты мен өзінің өнерін, Райымбек батырдың батырлығы мен айлакерлігіне де сүйінемін, кеудемнен жан шыққанша бұйырған тапсырмасын орындаймын», — деді Байсерке.

Райымбек батыр бастап Көкпектің қысаң сайына жолға шықты. Үшке бөлінген жауынгерлер мен батырлар өзі алған

міндетті жұмысымен сапарға шықты. Жолға шығып Ұлы жүздің барлық қолбасшыларымен Райымбек батыр ақылдасты.

— Көкпектің ойраны шықты. Мына Секер ханнан алынған хабарға қарағанда, Ағанас хан мен Арыс хан жауынгерлерді көп жинап жатқан көрінеді. Ертең сәскемен халқына, жауынгерлері мен қолбасшы батырларына бұйрық беретін күні екен, қалай да болса сол бас қосқан тобына мен баршы (жаушы) ретінде барып қатынасып, айтқан бұйрығын біліп келуім керек. Сол сапарға бару үшін он бес адам даярлану керек. Бестен үш бөлек болып жүру тиісті. Бес адам алдағы сапта, менің жанымда болсын, артқы он адам бірінен бірі қатынасып хабар алып тұратын жерде болсын, — деп, он бес адам даярлап алды. — Қалған қарт батырлар бар, әр батыр өз жауынгерлерімен бізден хабар келмейінше орындарында болсын, — деп бұйырды.

Райымек батыр бес адамды қалмақ үлгісінде киіндіріп, жабдықтап, Аманжолды өз жағына алып, басқа адамдар да бірге жүріп, жер қайысқан жиналған халықтың арасынан қыстақта тұрған Секер ханның жанына жақын жерге келді.

Секер хан мұнараның басынан орын алды. Қасында атақты Барақ батыры бар, жер қайысқан халыққа Секер хан мен Барақ батыр жарлық берді.

Сөзінің бастамасында Түргендегі Қорын ханды жамандап сөйледі.

— Қорын анық оңбаған, өзінің жауынгерлерін жөндеп басқара алмай, өзін-өзі опат етті. Онымен қоймай халқын ойран етіп қырғызды, енді өзін-өзі ажалға айдап, келген жаяу шұбап, өзі аштықтан қырылғалы келген қазақтардан жеңіліп отырған, бұл масқарашылық. Енді біздің мына Барақ батырдай дүниеге адам келе бермейді. Барақтың атын естіген қазақ ішкен асын жерге қойып, өз төсегінде жата алмайды. Енді менің жарлығым мынау: мына ажал айдап келген қазақтарды аяушылықтың керегі жоқ болады, ес алдырмай қыру керек болады. Бұл жерде дыбысын шығармай қырып, артындағы еліне барып қызын қатын, қатынын күң етіп, ұлын құл ету керек. Бұл қазақтан атам Қоңтажыдан тартып жеңіліп көрген емес, осы келген жауынгерлерін бастап жүрген бір сиқыршы Райымбек деген бар дейді. Соны өлтірмей, тірі ұстап алып келген адамға тұқым-тұқымына дейін хандықты тапсырамын.

Біздің халық қазақтан батыр болады. Оның дәлелі мынау: бізде соғыс құралын өзіміз жасап шығарамыз. Жылқының тұлпары да бізде, жүз адамға бір-ақ митың жауап береді, жүз шабан атқа бір-ақ тұлпар татиды. Міне, осындай соғыс құралы бар жерде, ұшқан құстай тұлпары бар елде батыр көп болады. Жауға тайға ерін ерттеп, қаруына қарамай найза ұстаған қазақта батыр көп болмақ па? Бұл жарлықты орындамағандар өлім жазасына тапсырылады, — деді Секер хан.

Райымбек батырға қасындағы қалмақ тілін білетін батыр түсіндірді. Секер ханның халқына және жауынгерлер мен батырларына берген жарлығын бастан-аяқ түсіндірді.

Райымбек батыр бұл ханның жарлығын толық түсінгеннен кейін жолдастарына айтты:

— Ендеше, менің де жарлығымды орындаңдар. Енді қарап тұру болмайды. Төртеуің қатар тұрыңдар, мен анау мұнараның басында тұрған Секер хан мен Барақ батырын көздеп садақ тартамын. Сонан кейін «Райымбек!» деп ұрандап, қылышпен жауап беріңіздер, — деп.

Райымбек батыр аттарды қатар қойып, мұнарада тұрған Секер хан мен Барақ батырды көздеп: «Нағашы атам Орақ батыр, өз бабам Сырымбет, Хангелді батырлар қолдай гөр!» — деп садақты бар күшімен тартқанда Барақтың садағының оқ мойнын жұлып өтіп, Секер ханның оң иығын қақыратып жіберді. Сол заманда Райымбек ұран шақырып, жалаң қылышпен кірісті. Райымбек батыр Көкойнақты ойнатып, атын қарғытып, ту ұстаған батырдың басын алмас қылышпен алмадай ұшырды. «Райымбек! Райымбек!» деген ұран көбейді.

Сонда Секер хан өлмей қалып, жауынгерлеріне жарлық берді. «Қазақ қолына түспесін, соғыс құралдары: оқ дәрі, өрт қойыңдар!» — деп жарлық берді. Сол жарлықты орындап, қоймаға өрт қойып жіберді. Бүткіл қойма өртеніп, оқ-дәрі атылып, жол қопарылып, атылған оқ-дәріден көп қалмақ қырылды.

Секер хан тірідей қолға үсті. Секер ханның басын шауып, оның қанын Аманжол ішті. Артта тұрған Ұлы жүздің батырлары жауынгерлерімен қаптап, тұс-тұсынан қолма-қол қан майданға кірісті. Бұл соғысты кешегі Зәрезұм соғысынан қейінгі зор майдан соғысы деп есептеді. Күн-түн демей, жеті күн соғыс болды. Қалмақтан зор дауыс естіледі: «Райымбекті тірі

ұста!» деп. Райымбек [тің] кім екенін білмейді. Соғыста жүрген барлығы «Райымбек!» деп ұран шақырды.

Күнбатыстағы Шелек өзенін өрлеп кеткен Бақай батыр жауынгерлерімен жол бойы жауды тазалап болды, осы соғысқа кірісті. Күншығыс жақтағы Сарықамысты өрлеп, екі жақты айналып Шанышқылы Қожамберді батыр да барлық жауынгерлерімен жол бойы дұшпандарын тазалап, аман-сау олжасымен осы соғысқа келіп қатынасты. Бұл күшті соғыстың зардабына шыдай алмай жоңғарлар Жалағаштағы Ағанас хан менен Көмірші, Темірліктегі Арыс ханның қол астына барып тығылды. Қалмақтардың үйі тігулі бойымен, [малы] қорада қалды, елсіз кемпір-шалдары жұртта қалды. Жалағаштағы Ағанас хан, Көмірші, Темірліктегі Арыс хан тірі қалған жауынгерлерімен өз жеріне қайтты. Сондағы қалмақтардың айтқан зары:

— Ойран төбе ойылды,
Секер, Барақ жойылды.
Райымбек келді де
Алмадай үзді мойынды.
Жалағаш [ты] жау алған.
Қазақтар ат мініп,
Қарны тойынды, —

деп зарлаған, қашқан Ағанас хан мен Арыс хан өз ордаларына барып барлық халқы мен жауынгерлеріне жарлық берді. «Тірі жан қалмай, біріміз қалғанша соғысамыз. Енді қазаққа бодау бола алмаймыз, — деді. — Егер қазақ бітімге келсе, біз де мақұл дейміз», — деп өздерінше соғыс дайындығын жүргізіп жатыр, шепке тірі жанын, ер адамдарын шығарды, өздерінің бәрі дайындауда болды.

Ұлы жүздің жауынгер, қолбасшылары болып мына екі хандықты шауып талқандағанына зор қуанышта болып, қорытынды жасауға кеңесті. Бұл жөнінде әрбір қолбасшы өз пікірлерін айтып, ортаға салып кеңесті.

— Ұлы жүздің жауынгер, қолбасшы батырлары, менің ойымша, бұл соғысты тоқтатпай жүргізу себебі — дәл осы уақта өздерінің күші азайған кезі, жүрегі қайтып тұрған мезгілі. Оларға қарағанда біз күшейдік, алғашқы келгенімізде бізде не бар еді,

мінгеніміз — алды ат, арты жабағы тай еді. Соғыс құралдан: жүз адам болсақ, он бесінде ғана соғыс құралы бар еді, азығымыз — жарма, тары еді. Ал енді барлық жауынгерлерде соғыс құралы толық бар. Барлығының мінгені — алды тұлпар, арты атақты ат болды. Азық та қыжалат емес, осы қызуымен Ағанас хан мен Арыс ханға кірісу керек, — деді Райымбек батыр.

— Қолбасшы Райымбек батыр, сіздің айтқан ұсыныстарыңыз дұрыс-ақ, біздің жауынгерлердің табысы — бұрын-соңды болмаған табыста, қуанышта. Анасынан айырылған қозыдай маңырап, қалмақ қолына түсіп кеткен жетім-жесірлеріміз қайтып келіп ата-ана, бауыр-туғандарын тапты, қалмақтан көп жетім-жесірлер түсіп қолымызда тұр. Есепсіз соғыс құралы мен мал-мүлік түсіп отыр. Мына жауынгер батыр Аманжол сияқты қанша батырлар бауар (бауыр) бала болып отыр. Мына Аманжолдың шыдамды, табандылығы сол емес пе, Райымбек батырға қадалған садақтың оғын өзі тартып алып, өзінің қалтасына жинап, кешегі демалыста: «сізге қадалған, тиген мынау еді» деп алдына саудыратып тастады.

Батыр Аманжол бір ғана Райымбек батыр емес, басқа да: батырларға оқ-дәрі тиген болса, оның іріңін суырып, тазалап жазады, мұндай дәрігер бола бермейді. Сол сияқты арыстай батырлар бізге түбелікті бауыр, мына табысымыз зор емес пе?

Біз енді біраз уақыт дем алсақ, соғыс басталғалы қаза тапқандарды анықтап, санын алып, олардың арттағы балашағаларына жәрдем берсек, мына қолға түскен кемпір-шалдардың есебін алып, оларға жандарын бағатын мал беріп, тұрмыстарын жөндесек, түскен мал-мүліктің есебін толық алып, әр жерге кетіп тасыған малдарды бірыңғайласақ.

Міне, Ағанас хан мен Арыс ханнан хабар алсақ, егер олар бітімге келсе, уақытылы бітім жасасақ, ар жақтағы елді бері орналастырып, орын берсек, — деп батырлардың атынан, көп жауынгердің атынан Сатай батыр айтып өтті.

Бұл тілекті Райымбек батыр да мақұлдап, бірінші соғыс басталғалы үлкендердің жұмысқа жарамайтын, ауыр жаралы болғандардың есебін алу әр батырға міндеттелді. Қолға түскен адам, мал-мүліктің есебін алуға адам белгіледі. Бұрын қалмақ қолына, жетімдікке, күндікке түсіп кеткендерден қанша адам қайтып елге қосылды, оның да есебін алу тапсырылды.

Осы Секер ханның соғысында берік салған қамалын, оқ-дәрі қойған қоймасын Секер ханның өз бұйрығымен өрт қойғызып, өртеп жіберді. Алты жүз құлаштан шығарып алған құдықты да топырақ басып, адамның өлігі тасталып, бұзылды. Ауыз суы халыққа жетпей, судан қатты тарықты. «Ұлытау» — осы күнде Торайғыр тауы еді. Сол тау түбінен Райымбек батыр қазып, бастау шығарып, сегіз ай сол бастау басында қоныстап, қосын тігіп отырған екен. Осы күнге дейін «Райымбек бастауы» деп атайды сол өңірді жерлеген халық. Ал кейбір діншілер қоспа сөзбен: «Райымбек батыр тасқа найзасын шаншып, тартып алғанда су шығыпты» деседі.

Ұлы жүздің жауынгерлері мен қолбасшы батырлары кеңесіп: «Ағанас хан мен Арыс ханға елшілікке адамдар барсын. Оған мына адамдар барсын. Жалағашқа, Ағанас ханға, бас батыр қасына бес жолдас алып барсын. Көмірші, Темірліктегі Арыс ханға Қапай батыр барсын, қасына бес адам алып. Бұлар анығын біліп, сөздің тиянағын шешіп келсін. Соғысқа дайын болса, онысын анықтап, жоқ, болмаса, бітімге келсе, қайсы уақытқа жолдарын, мезгілін анықтап келу жіберілді.

Хангелді батыр мен Қапай батырлар ханға баруға жолға шықты. «Біз, қазақтан келе жатқан елшіміз» деп хабар берді хандарға. Бұлар асып-сасып екі ханның орталық жеріне үй тігіп қарсы алды. Батырларды Ағанас хан мен Арыс хан бастарын қосып, «батырларға беташар тартуымыз» деп, ер-тоқым сайманмен екі тұлпар ат тартты. «Ал енді батырлар келгендеріңізге құлдық айттық», — деді. Сонда, Хангелді батыр келген жұмысын айтты:

— Қалай сіздерден, соғысуға әзір болсаңдар, біздерден бітімді қаласандар, оны айт, — деді. Сонда Арыс хан:

— Тақсыр батырлар, жамандасамыз деп бірталай халқымыздан айырылдық. Енді жамандық-араздықтың керегі жоқ. Қазақ-қалмақ түбіміз бір, сондықтан тату болып тамырластықты күшейтелік, — деді. Қапай батыр:

— Тату болу үшін бұрынғы өз айыбынды білесің бе? — деді. Арыс хан:

— Айыптымыз, не десеңіздер де мойнымызда.

Арыс хан кешікпей:

— Хабар өзімізден болсын, — деді. Хан мен батырлар мейірлесіп қоштасып, аттанды. Екі батырды қошеметтеп Көр-

тоғайдың суынан өткізіп, қанша жауынгерлерімен қош айтысып қайтты.

Хангелді батыр мен Қапай батыр қасындағы жолдастарымен Ұлы жүздің көп жауынгерлерімен қолбасшы батырлардың ортасына келді. Барған жұмыстарының баянды болғанын айтты. Бұл жұмыс [қа] көп жауынгерлер мен батырлар өте қуанышты болды. «Енді халықтың үлесін бітім соңын береді» деп уәде жасады. Тапсырылған есептер де дайындалды.

Көп кешікпей Арыс хан мен Ағанас ханның елшілері келді. Бітімге шақырып екі ханның орталық шетіне Көртоғайға жақын кең сайға үй тігіліп, екі хан бірігіп Ұлы жүздің жауынгерлері мен қолбасшы батырлары, әрбір адамдары келді. Елшілердің сөзі: «Бітім қонағына көп келсе, көпсінбеймін, аз келсе, азсынбаймыз. Бір-ақ тілегіміз, Райымбек бастаған қолбасшылар толық келуін сұраймыз» деген хан тапсырмасын айтты.

Ұлы жүздің жауынгер қолбасшылары кеңесіп, бес жүз жауынгер, батырларды жіберуді ұйғарды. Райымбек батыр мен Аманжолды қалдырды.

Ұлы жүздің жауынгер, батырларынан Жалағаштағы Ағанас хан мен Көмірші, Темірліктегі Арыс ханның шақыруына қазақ, қалмақтың мұнан былай тыныштықпен өмір сүруіне бітім жасау туралы Хангелді батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, Бөлек батыр, Аралбай батыр, Ырыскелді батыр, Шанышқылы Қожамберді батыр, Бақай батырлар бастаған бес жүз адам бітімге жүрді. Бұлардың келе жатқанын Арыс хан мен Ағанас хан қанша батыр, жауынгерлерімен қарсы алды.

Арыс хан мен Ағанас хан: «бұрынғы өткен айыбымыз үшін» деп тоғыз атанға кілем жауып алға тартты. Тұлпар, арты тоғыз атқа ер-сайман мен тоғыз қызды мінгізіп Ұлы жүздің батырларының алдынан шықты. Жол бойы [аттан]түсіп құшақтасып көрісіп, танысты.

Сонда Ағанас хан мен Арыс хан:

— Қолбасшы Райымбек батыр қайда, бізбен достыққа қосылмай ма? Біз де батырды көріп танысуымыз керек еді ғой, — деді. Бұл хандарға Сатай батыр жауап берді:

— Райымбек батыр да келеді, — деп. Ұлы жүздің жауынгер қолбасшы батырларын даярлаған үйлеріне түсіріп, күтушілермен қамтамасыз етті. Сойысқа алды ту бие, өгіз, еркек

қойлармен қамтамасыз етті. Өздерінше қонақ сыйын көрсетіп жатыр. Сырнайшы, домбырашы, бишілерін ойнатып, сыйлық етіп жатыр.

Екі жақ әртүрлі сөздер айтып мынадай қорытындыға келді: «Бұрынғы шабындыда қалмақ қолына түсіп кеткен қыз-қатын және еркектер бала жасынан қолға түсіп, осы күнде еркек болсын, қыз болсын, үш балалы болса да қазақ өз қазағына, қалмақ өз қалмағына қайтам десе, ерікті болсын, өз қолдарымен айыпқа берген тартуға тарыққандардан басқалар. Бұрын уәде бұзып, жай жатқан елді шауып алғандағы мал-мүліктер қайтарылсын!

Сол шабындыда өлген адамдарға құнын төлеуге деп екі жақ та разы болып, хандар мен батырлар бітім-құжаттарға қолдарын қойды қайта серттесіп.

Жер шебін белгілеу туралы көп айтыстар болып, кейбір жоңғарлар: «бұл жерден кетпейміз, қанымызды төгуге дейін» деп айтқандары болды.

Бұл сөзге қазақ қолбасшылары да қатты ашу шақырып, Райымбек батырға адам жіберді қалмақтың жер шебі туралы: «қалай бөлінеді?» деп. Мұны естіп сол заматта қасына Аманжолды ертіп, Аманжолға Секер ханның Көкшұбар тұлпарын мінгізіп Қозытастан, Көртоғайдан өтіп қалың тікен, қонақ күтушілердің тұсында Ақтау, Ешкі жолымен Көкойнақ пен Көкшұбарды ойнатып келіп, қалың жиналған қалмақ пен қазақтан жиналған, келген бес жүз жауынгерлер барлығы тұрғанда айқайлап:

— Мен, Райымбек! Достық бітім болды ма? Разы десендер, әр қолдарыңды көтер, разы болмасандар, соғыс бастаймын, — деді. Жалаңтаста Көкойнақты ойнатып, қылышын жарқылдатып ақырды.

Сонда:

— Не істесең, істе, Райымбек батырды тоқтат! — деп хандар өрекпіді.

— Онда қол көтеріңдер! — деп Ұлы жүздің батырлары айтты. «Мақұл!» деп, барлық жоңғардың хандары мен жауынгерлері қолдарын көтерді. Кейбіреуі екі қолын тең көтерді. Халық қарсы алып келуді сұрады. «Ортаға Ұлы жүздің батыры келмесе екен, бір дұшпан жамандық істеп қояр ма екен?» — деп қауіптенді. Райымбек батыр:

— Жақсылықтың біз де ішіндеміз, егер соғыс болса — басындамын, жақсылықтарың қабыл болсын! — деп жар тастап, аттарын ойнатып Көртоғайдың суына кіріп жөнелді. Мұны көрген хандар, халық айтса сенбеген, өз көзі көріп жер шебі туралы мынадай бітімге келді.

«Аяғы Шарын суының күншығыс жағы, Тастықараның желкесінен Қаратақыр Қалжат дейді. Қаны жақын қалмаққа мына жағы Сарытоғай суы мен Ақтоғай суынан өтіп, Үлкен Қарқараның суымен жүріп тауға шығады». Күншығыс жағы — қалмаққа, күнбатыс жағы қазаққа қалды. Сөйтіп, келісімге түгел қол қойды.

Ағанас хан мен Секер ханның халықтың тілегі бойынша Аласаның тау тұмсығынан сол таудың терісімен жүріп, Суықтоғайға түсіп, Жіңішке, Таушілік, Қарабұлақ, Жалағаш, Үш Меркі, Көктөбені жерлеген Ағанас ханның елін өз еркімен жерді босатуға үш жылға дейін рұқсат берілді. Екі жақ келісімге қол қойды. Қолға түскен адамдар қайтыс болды, келісім бойынша жұмысты даусыз шешіп алды. Үш ай шамасында адамдарды қайтаруда қазақтан да, қалмақтан да қалушылар болды. Қалмақтан қазаққа көп қалды. Солардың ішінде Аманжол, Арыстан, Байсерке сықылды батырлар қалмаққа қайтпады. «Адам болып тудық, жан — біреу, серт — біреу», — деп, бұлар қазақ болып кетті. Бұл үшеуінің де Ұлы жүзде тұқымы бар.

Мысалы, Аманжол: «Райымбек батырмен бірге тудым, Хангелді ұрпағымын» деп атанып, бұл Аманжол болып атанбайды, «Емеген» болып атанады. Хангелдінің бір баласы болып кетті.

Аманжолдың аты өзгеріп Емеген болу себебі — батырларға тиген оқ шықпай қалса, оны сорып тартып алады екен және де тоқтап қалған іріңін сорып тастайды екен. Құрбы-құрдастары қалжың ретінде қойған аты «Емеген» деп, сол қойылған ат аталып кетіпті. Қазір Әлжан да Хангелді ұрпағы деп аталады, Емеген деген бір ру ел бар.

Ұлы жүздің бұрынғы қолбасшы батырлары мен жас қолбасшы Райымбек батырлар болып кеңесіп, олжа бөлісті мына тәртіппен. Олжа тартуға келген ұл мен қыздарды Ұлы жүздің әр батырларының орнына қарай бөліс болды.

Түскен мал-мүлікті Ұлы жүз бойынша бұрын шабындыда қолында малын қоймай алып кеткен малсыздарды тексеріп, жорықта қайтыс болған адамдарды есептеп, мал-мүліктерді

бөлді. Қалмақтан қазақ болғандарға да бөлді. Сонда есеп бойынша соғысқа қатынасқан жауынгерлер басына елу жылқыдан тиіс есеп болды. Өлгендердің құны да шығарылды.

Бұрын Ұлы жүз бойынша қолбасшы жүлгесін Жалайыр алады екен. Себебі: «Орақ батырдан бері ендігі жүлгені Райымбек батыр алуға тиісті» деп ұйғарды. «Ұлы жүз бойынша мұнан былай олжа бар жерде ешбір Ұлы жүз той бастап олжа алмасын, қашан да болса алдыңғы олжа — Алжандікі болсын, — деп, жүздің қолбасшы батырлары мен сансыз жауынгері: «мәңгі артындағыларымызға бірден-бір өнеге қалсын!» — деп серттеседі.

Әр қостан бір жылқы қолбасшының жүлкесі болады екен. Сол ереже бойынша әр қостан бір жылқы жинағанда үш жүз жетпіс бес жылқы болды. Ұлы жүздің батырлары соны ап келіп, Райымбек батырдың қосына келді. Сонда Райымбек батыр Ұлы жүздің көп жауынгерлеріне:

— Маған деген жүлкелеріңізге разылық, рахмет айтамын. Бұл жүлкені үшке бөліңіздер. Бұрынғы жеріне жүлке алып жүрген қолбасшы батырлар, қан соғыста қатысы болғандардың бала-шағасына, ауылдағы мүгедек болған кемпір-шал, жетім балаларға менің малымды, сол баталарыңызға бер! Райымбек батыр: менің қалауым — Секер ханның Көкшұбар тұлпарын, ақ тайлағын, болат семсерін, сары қылышын, көк мойын дүрбісін беріңіздер», — деп тілегін білдірді. Ұлы жүздің көп батыры Райымбек батырдың сөзін мақұлдады да жүлгені үшке бөлді. Халқы қатты қуанышта болып той жасады, атамекен жерін жаудан босатты, өткендегі көп шауып қорлық еткен дұшпанынан кек алғандығына.

Ұлы жүздің қолбасшы жауынгер батырлары болып өріс алу туралы кеңесті. Бірінші, Жалайырдың балалары: «Бұрын Ұлы жүз жерге орналасқанда атамыз Орақты батыр Қараталдан тартып орналасқан екен. Ірі суларды санап, Жетісу деп есептепті. Бір шетінде мен болайын депті. Осы атамыз Орақты батыр алған мекенінен тартып біздің Жалайыр өріс алады, — десті. Сонан тартып суан, албан, шапырашты, сарыүйсін, дулат, ошақты, бұрынғы қаңлылар болып Жетісудың қалған жеріне тарап, өріс алды.

— Ал біз ата қонысты алып болғанымыз жоқ, дұшпанды толық жеңгеніміз жоқ, қашан атам Орақты батыр санаған, Орта жүз бен Кіші жүз атам бөліп берген қонысын түгел дұшпан қолынан алмай бізде тыныштық болмайды да, көңіл орнына

түспейді. Ендігі Ұлы жүз батырларының жауынгерлері мен жас балаларынды баулып, айлакер жүректі етіп дайындау керек. Соғыс құралын дайындау керек. Жылқыдан тұлпар туғызып, ат даярлау керек, — деп, Райымбек батыр жарлығын жариялады, — жер шебінде отырғандар мықты болу керек, ел ортасына жау келмесін, — деп. Жер бөлісте Албан шығысқа қарай түсті, жер шебінде Райымбек батыр өзі өріс алды.

Райымбек батырдың бірінші сапары қысқаша осылай аяқталды.

Райымбек батырдың екінші сапары

Ұлы жүз халқы ата қонысынан өріс алып, мал өсіріп, еркін байтаққа кірді. Қазіргі Бақайтау деп атанып жүрген Талғар басындағы Бақай батырдың өрісі болған. Бақай атында қалғаны осы екен. Ұлы жүз халқы бұрынғыдай емес, жауын жеңіп, көңілі өсіп, соғыс құралы көбейіп, соғыс құралдарынан садақ қана болса, енді дәрісімен айдап ататын мылтық пайда болды. Дәрі мен оқты өздері жасап шығаратын халге келді. Жас жігіттер жауынгер болуға өнер үйренді, аттан тұлпар ұстау, биеден бедеу бағуды үйренді.

Бұл дайындық мынадан: қазақ, қалмақтың, Ұлы жүздің қолбасшы батырлары бастаған Жалағаштағы Ағанас хан мен Көміршідегі Арыс хандар қол қойып, Көртоғай Күншығысындағы сайда бас үй тігіп, көп мал сойып, малдың аққан қанымен, оның майын ат кешіп жүрген екен. Сол жердің атымен Бұлақ атанғаны әлі күнге дейін сол — «Майбұлақ» деп атайды. Сондағы келісімді орындамай өз еркімен көшіп, жерді босатпай көшу серті үш жыл болса, кейін жеті жылға кетті. Жіберген елшіге беретін жауабы: «Қалмақ пен қазақ түбіміз бір туған, тату отырсақ жер жетеді», — деп қайырады.

Астыртын елшілердің айту хабарына қарағанда, Жаркент, Көкталдағы торғауыттың қорғаны тұр, ханмен келісе шарт жасаған болуынан қозғалмауға, «Енді қазақ қумайды, егер күштімін деп, зорлаған күнде біз де саған жәрдемдесеміз. Бұл қазақ шабуыл жасап сендерді алса, бәрібір бізді де шабуға шығады, онан да осы бастан соғыс құралды кебейтіп, адамдарды іріктеп, даярлық жасау керек», — деп кеңесті. «Өзара келі-

сім жасасып жатыр» деген хабарлар болып жатыр. Күнделікті қатынасушылардан Ағанас хан көшіп, жерді босатудың орнына күннен-күнге өріс алып, диқаншылығын көбейтуге кірісті. Бұрын Қарабұлақтан тоған қазып, диқанды көбейткен, айдағаны — көпшілігі онда тары еді.

Меркіден тоған шығарып көмейін бекіткенде, көмейі бұзылып тоқтамағанда, қолындағы қазақтардан «осы тоғанға су жүрді» деп атасынан қалған әдет-ғұрып бойынша үш адамды бауыздапты. Оны есіткенде қазақтардың қаны қайнап кетті.

Ұлы жүздің қолбасшылары басты қосып, енді мына Арыс хан мен Ағанас ханға елші жіберуге үйғарды. Уәделі уакыттан төрт жылға жуық асты. «Енді шатақсыз жерді босату, күнбекүнде жеңгеніміз отыруға шарт, елім есептелмейтін майдан соғысы болады», — деп, жіберген елшіге тапсырды.

Елшіге Барақ батыр бастаған алты адам барып, толық жұмысын айтты. Оған екі хан көшіп, жер босатуды қаламады. «Бір ай мерзім ішінде жауап береміз», — деп елшілерге жауап берді.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары бас қосып: «Ағанас ханға жаугермен барып көшіру, көнбесе, аяусыз соғыспен жауап беріп, жерден айдап шығуға деп және де «Арыс хан, Ағанас ханға қосылып бірге қарсы шабуылға шықсаңдар уәдесін бұзып, Арқан тасы, тағы Орта таудан асыра қуып, мына жағын Көксу, Мұзарттан өткізу керек», — деп қорытынды жасады.

«Бұл Ағанас хан мен Арыс хан соғысып, жеңілмей жерді босатпайды. Алынған хабарға қарағанда, соғысқа дайындығы мықты, соның үшін қолбасшы батырларын үшке бөліп, жауынгерлерді бастап үш жолмен кіріп соғыс ашу керек.

Бірінші, Ағанастың ордасына Таушіліктің тауы мен Жіңішкенің тауы, Жалағаш, Мерке мен тау қорын тазалауға Райымбек батыр, Бақай батыр, Барақ батыр, Бердіқожа батыр, Сатай батырлар бастаған жауынгерлер барсын.

Екінші, Суықтоғай, Бартоғай, Торыайғыр тауынан тартып Қапай батыр бастаған Ердес батыр, Тілеуке батыр, Ақбас батыр, Аралбай батырлар бастаған жауынгерлерімен барсын.

Үшінші, Сарытоғай, Бөрітескен, Көртоғай, Сарқоршын, Қарадала осы жақтан Хангелді батыр бастаған Ырыскелді батыр, Биеке батыр, Бекбас батыр, Палпанбай батыр, Өтеп батырлар жауынгерлерімен шебіне алып, осыдан Құлық тауының Көкиірім судың құйғанында бас қосатын болсын! Осы

жарлықты Ұлы жүздің көп батырлары мен қолбасшы батырларына, жауынгерлеріне тапсырып, әр батыр жауынгерімен өз орындарында болсын. Ағанас ханды өз еркімен көшіреміз. Көшпесе, соғыс бастау біз жақтан басталады да, арада хабаршы жүріп тұрады. Қатынас болсын», — деп Райымбек батыр, көп батыр жауынгерлермен Ағанас ханға жол тартты.

Райымбек батыр Ағанас ханға елші жіберді: «Өз еркімен көшсін» деп. Елшісі барса, Ағанас хан: «Қазақтың Райымбек батыры бастаған көп батырмен жауынгерлік шабуға дайындалды» деген хабарды оқып, соғысқа дайындалып, Арыс хан мен Жәркенттегі Көкталдың қорғанын қорғап тұрған Төрехан көмектесуге келе жатқаны бұл сөзден анықталды.

Райымбек батыр бұл сөздің анығына көзі жеткеннен кейін, Барақ батыр бастаған көп жауынгерін Таушілік басына жіберді. Сондағы көшпелі елді көшіруге Райымбек, Бақай батырлар Ағанастың ордасына тиюге даярлануда болды.

Райымбек батыр «Ағанас хан осы топта не істеп жатқанын» біліп қайтуға Бүйембайды жіберген еді, бұл тапсырманы алып қайтқан ол көп қалмақтың арасына кіріп, араласып жүрді. Сол күні түнеп жатты. Ағанас хан халқына хабар жіберіп: «Қазақтың қалың қолы бізді шабуға дайын болды, бір адам қалмай атгануға шығу керек!» — деп жарлық берді. Бұл жарлықты алған соң, Ағанас ханның елі қаруланып, жиналып ордасына келген кезі еді. Бұл қалмақтар арасына мынадай аңыз-әуез тарады: «Қазақтың бір батыры бар екен Райымбек деген, өзі сиқыршы екен, алдағы Түргендегі Қорын ханды қиратқан, Іленің сығысқан сеңін тоқтатып, жауынгерін құрғақ жермен өткізіп алған адам сияқты дейді, атының қанаты бар дейді, жылқыға ұқсамайды дейді. Өзі қалай жүргенін адам білмейді дейді. Түн емес, күндіз де көрінбейді екен. Сол соғыстың ішінде болған адамдар айтты. Сонда оқ барса да, қияр қылыш бар, әйтеуір өліп жатқан адам көп, сонда өлмей калған адамдар айтады: «Біз де «Райымбек!» деп ұран салдық, қылыш тимей, оқ тимей аман қалдық», — дейді. Көпшілік бірін-бірі қоштай, расқа айнаддырды.

Ағанас хан Меркінің тоғанын шығарып, егін айдаған кезі еді. Тоғанның көмейін сонша биіктен шығарған. Меркенің арнасына су жібермей, тоғанның өр жерінен жол тауып өтуге болмайды, иінді жерден салған көпір бар, сонымен өтуге болады.

Ағанас хан «Райымбектің жауынгері келіп тұлпарларды айдап кетпесін» деп Меркінің аузына көп елді киіз үймен отырғызып, жылқыны Меркенің сайын өрлетіп бақ қызды. Сонда бір жылқышы бір ала биені асаудан үйретіп, арқанын шуатып, жылқының ішіне қоя береді. Әбден шаршаған жануар жатып-тұрып, ұшып тұрып, үстінен де, басынан да, астынан да арқан оралып, шабына тиіп, мөңкіп тұрып шыңғырып жусап жатқан жылқыға барып, жусап жатқан жылқы шошып үркіп, еңіске жосып жүріп береді. Көп жылқы тоқтамай, алдында бейқам ұйықтап жатқан жылқышыларды баса-көктеп, кейбір жылқышыны жылқы басып, жаншып та кетеді.

Баяғы өздерінің айтқан аңыздары бар: «Райымбек» десе, өлмей тірі қалады» деген сөз ойларына келіп, Райымбектің жауынгері, Райымбек бастаған қол келіп қалған екен деп: «Райымбек!» деп жеті ұран шақырып, ерген жылқымен бірге қашты. Айқай-шу «Райымбек» деген ұран тау жарып, жерді жаңғыртты. Қорада қой, сиыр қалды, үйлері жығылмай қалды. Алдынан түскен жылқы. Кейбіреуі ат ұстап мінген, біреуі — жаяу, кейбір адам киім киюге де мұршасы келмей, жан сауғалап қаша берген. Осы қашқан бетімен Ақтоғайдың өзеніне түсті. Бір топ адам зарлап жылап Ағанас ханға жетті. «Райымбек бастап кеп жауынгермен келіп Меркеге шабуыл жасап, көп адам қырылды. Жылқыдан қанша алып кетті белгісіз, халқыңыз бүлінді. Мерке, Шуға дейін Райымбектің жауынгерлері қаптады», — деп аяғын құшақтап, Меркі жерлеген халқы зарлады. Осы кезде Бүйембай осы қалмақтардың арасында жүреді.

Ағанас хан шулатып: «Райымбек сол жақтан келіп тисе, мына жақтағы қазақтардың жауынгерлерін аяусыз қыру керек, тез Арыс ханға хабар жеткізу керек, енді қазақтан қорқатын уақыт өтті, соғыс туралы жеткілікті батырлар көп. Жаркент, Көкталдағы қорған Төрехан да, бізбен тілектес, қанша керек десек, адам, соғыс құралын аямайды. Енді аяудың керегі жоқ. Қазақ осы күнде шашқын кезі, олар басын қосқанша бір шетінен кіріп қуа беруіміз керек!» — деп Арыс хан жарлықты қатты беріп, халқына айғай салды.

Бүйенбай батыр осы хабарды өз құлағымен естіп, қайыра тартып Райымбек батырға келіп, есіткен, көргенін баяндады. Бұл хабарды есіткен соң Райымбек батыр тоқтамай Аманжолды қасына алып, топтасқан қалың қалмақтың арасына кірді.

Бір жағынан Бақай батыр кірді. «Райымбек!» деп ұран шақырып кеткенде, қалмақтар кіммен соғысарын білмей де қалды. Қазақтың қалың қолы тұс-тұстан кіргенде калмақтар быт-шыт болып, қашуға айналды.

Ағанас хан уәзірлеріне, батырларына: «Мерке тоғанының көмейін бұз, онда қазір Райымбектің батырлары, жауынгерлері жоқ, ақыры тоғанның пайдасын қазақ көрмесін. Тарының қоймасына өрт қойып жібер, қазақ пайдасын көрмесін!» — деп бұйрық берді. Бұл жарлық қолына тиген соң Жалағаш өрлеп барып, Меркідегі тоғанының көмейін бұзып жіберді.

Тары қоймасына қалмақтарды жібермей, қазақ жауынгерлері оны қоршап алды. Ағанас хан көп қайрат етті. Көпке дейін берілмей Райымбек батыр қасында серігі Аманжол бар, Көкөйнақпен қарсыласып, Көкөйнақ тақымын қаққанда қарғып қылыш тигізбей ар жағына түсті, бұрылғанша Ағанас ханның басын Секер ханның ақ алмас қылышымен қағып жіберді. Ағанас ханның басы алынған соң қалмақтар қашып берді. Арыс ханның елін көздеді.

Ұлы жүздің көп батыры мен жауынгерлері өздерінің міндетіне алған серті бойынша жүріп берді. Ұлы жүздің ұраны — біреу. Барлық батырлар, жауынгерлер соғыста «Райымбек!» деп ұрандады. Жіңішке, Таушілік тауына жол тартып кеткен Барақ батыр да келді. Батырлардың арты Суықтоғайдан Жіңішке, Таушілік, Қарабұлақ, Жалағашқа, Меркі, Кеңсу, Көктебе, Үш Қарқарадан тартып кірді. Ақтоғайдың суы тасып жатқан мезгілі еді. Аты әлсіздерден, қашқандардан суға кеткендер де көп болды. «Бұл соғыс ең ақырғы соғыс, сол үшін жайбарақаттық болмасын», — деп Райымбек батыр барлық батырлар мен жауынгерлерге жарлық берді. «Шапшаңдап, тездікпен Арысханның ордасын алмасақ, елінің арғы бетінен Төреханның жауынгерлері келіп қалды ма екен?» — деп, Көкөйнақты ойнатын Бақай, Барақ батырларды, көп жауынгерлерін ертіп, Арыс ханның ордасына тартты.

Бастапқы уәде Кегеннің жағасы, Иірсудың қосқанында табыспақ еді. Енді олай болмай шықты. Себебі Арыс хан көп жауынгерлерін құралымен соғысқа қосты. Сол үшін Райымбек батыр, Бақай батыр, Барақ батыр Арыс ханның ордасына тура тартқаны — осы болды.

Райымбек батыр Арыс ханның ордасына шабу туралы ойларында, батырлар әр тұстан қоршап кіруге уәде байласты. «Төңірегі тау-тас, бекініс көп, тура ат қою қиын болар», — деп, Бақай батыр мен Барақ батыр Райымбек батырмен кеңесті. Райымбек батыр: «Ажалдымыз өлерміз, жауынгерлер бір жағынан ұрандап кіру керек, сонда жол ашылмаса, аспаннан түспесек, төңірек тау-тас, ашық жерінде сығысқан жауынгері тұр. Сондықтан жауынгері болса да, мен бір топ жауынгерлер мен ұрандап араласайын, сіздер де артымыздан үн қосарсыздар!» — деп, Райымбек батыр Арысханның көп жауынгеріне ат қойып, араласпақ болды.

Дәл осы уақытта Арыс хан: «Бұл Райымбек батыр бұл жерге келеді» деп қауіптенген жоқ еді. Себебі Ағанас ханның елі де жер шалғайда, мол жауынгері бар еді, оның үстіне Арыс ханнан жіберілген көп жауынгерлер бар, олар бүкіл қазақты тойтарып қайтарды. Егер де шамасы келмесе, тағы жәрдем сұрайды. «Біздің шамамыз жетпейтін болса, Жаркент, Көкталдағы қорғанда отырған Төре ханнан жәрдем алатын уәде, серт бар.» Сол оймен жайбарақат, хабарсыз еді. Хабарға келе жатқан адам Райымбек батырдың жауынгерлерінің қолында еді. Орта жолда қатынас болмағаны осы еді. Арыс ханның соғыс құралын жасайтын өзінше шойын, темір, қорғасын ерітіп, қолменен түрлі құрал жасайтын ошақтары бар еді. Тек өзі құралсыз отыратын.

Арыс хан халқына жарлық беріп, еркектен жараулысын атқа мінгізіп, құрал беріп топтастырған еді. «Орданың шенінен жан жүрмесін» деп адамнан шеп жасап қойған еді. Бұл Арыс ханның жауынгерлерінің ішінде бұрынғы Қорын хан мен Секер ханның қиратылған соққысында болғандар да бар. Сол адамдар арқылы естіп, болмаса ел аузынан есітіп: «Райымбектің жүрісі сай екен, қайдан келгенін білмейсің, «Райымбек!» деген дауысты, қырылып жатқан адамды бір-ақ көресің» деп. Өзара жауынгерлер дәріптеп, тұрған біреулері: ««Райымбек» деп қашса, өлмей аман қалады екен», — деп айтты. Біреулері: «онда Райымбекке келіп тиіссе, есінде болатын сөз», — деп өзөздерінше шуылдасып тұр еді. Түнде, айсыз қараңғыда Райымбек батырдың өзі бастап тоқсандай жауынгері сырт киімін ақтан киіп, «қараңғыда бір-біріміздан адаспасқа» деп, жауынгер қалың тұрған жер болса да, «Райымбек!» деп ұрандап,

қалың жауынгерлерге келіп араласты. Қасқыр шапқан қойдай быт-шыт болып қашты.

«Райымбек! Райымбек!» деген шу көбейді. Алдағы айтқан сөздері расқа айналды. Қалмақтар да «Райымбек!» деп ұрандап жатты. Қаптаған қалың қолдың арасынан сығылмай кеп ай-қай-шу, ұрандармен Бақай батыр мен Барақ батырлар да келіп қосылды. Тар өзенге таласып, бір-бірінің өлгеніне қарамай қашқан ел жол бермейді. Бұл қысымға шыдай алмай ордасына өрт қойғызып, Арыс ханның өзі де қашып құтылды.

Ағанас ханның елі алдында Арыс ханнан жәрдем күтіп, «қазақтың көп батырларын өлтіріп, көп жауынгерлерін қырып, кек алып береді» деген Арыс ханның ордасы өртеліп, өзі қашты» деген хабар алып, күн-түн демей қолына жылқы мен түйе тигендері тау бөктері, көк құз-құзартты көздеді. Арыс ханның елі Шелкөдеге қарай Айғайтасты көздей жөнелді. Таудың төріскейі Қалжат көздей жөнелді. Ұлы жүздің батырлары бастапқы сертінен қайтпай, артына түсті. Жан аямай соққы болған жерде өлім болмай ма, осы соғыста көп жауынгерлер қайтыс болды, бірқанша батырлар өлді, жаралылар саны да аз емес.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары Көміршіге бастарын қосу жайлы хабарласып, сол Көміршінің суына үй тігіп, бастарын қосуға жиналды.

Өлгендерін көміп, жаралыларды емдеп, аз да болса тыныығуға сабыр етті. Ұлы жүздің батырлары жауынгерлерінің есебін алып, артта қолға түскен адам, мал-мүліктерді жинастыруға адам бөліп, демалысқа кірісті.

Таушілік, Жалағаш, Көктөбе, Үш Қарқарадан қашқан қалмақтардың арманы:

— Қош, Таушілік, Жалағаш,
Түңілді ханың Ағанас.
Райымбек тұрғанда,
Біздікі емес мал мен бас.
Үш Қарқара, Көктөбе,
Бұрын Бұрқан жақсы еді.
Енді бізге өкпелі,
Райымбек тұрғанда
Енді бізге жоқ төбе, —

деді. Көмірші, Темірліктен қашқан қалмақтардың арманы:

— Көмірші мен Темірлік —
Берік еді ордамыз,
Біз қазақты шапқанда,
Еркін еді олжамыз.
Райымбек келгенде,
Таба алмадық қорғаныс.
Елін тастап қашқан-ай,
Қарсыласпай хан Арыс!

Осындай зарларын айтып, бет алған жолынан қайтпай кете берді. Шалкөдеге барғанда артынан түскен қуғын болмаған соң, Арыс хан өз елінің қалғанын жинастыра бастап, хабар алды. Теріскей жағын Қалжаттан өткенінде анықтады. Өздерінің алды Құмбел, Айғайтастан асқан, арты Шөлкәдеде. Ағанас ханның елінің алды Ақиязға барған, арты Текесте екен.

Ағанас хан екі ханның елінің қалған батырлары мен басшыларын жинап алып: «Әлі де қазақ бізді қуғанын қоймайды, қуып жүріп қырғанын да қоймайды, өзінің жерін босатып беріп, тыныш отыруға шарттасалық. Онан гөрі енді бері жібермей, алдынан «Хан жосын» тарту алып барып өтініш жасасын, оның үшін, алдымен, елші жіберелік», — десті. Бұл Арыс ханның сөзін барлығы мақұлдап, алдынан Ұлы жүздің батырларына, жауынгерлеріне елші жіберді.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары, көп жауынгерлері тыныштық алып, өлі-тірілерінің есебін алып, қолға түскен адамдар, мал, көліктердің есебін алып болып қалған кез еді. Үш адам елші келді Арыс ханнан. Келген елшілерді қол қусырып, батырлар жай сұрасқанда, Арыс хан жіберген елшілері болып шықты. Елшілердің тілегі: «енді мұнан былай тату тұруға, біз өз кінәмізді мойнымызға аламыз, Ұлы жүз батырлары мақұлдаса, уақыт қашан, қай жерде болуын анық біліп қайту», — елшілердің өтініші.

Райымбек батыр: «Келіссөзге бармалық», — деді. Себебі Арыс ханның жерінде көп жауынгер мен бірталай батырлар қаза тапты және де көп адамдар жаралы болды. Соның үшін әлі де соғысты тоқтатпай, сол үлкендердің қанын қайтару керек. «Арыс ханның басын кеспей, кегім бітпейді», — деп кідіріп оты-

рып алды. Бұл сөзге барлық батырлар мен жауынгерлер Райымбек батырдан сұрап: «Біздің бастағы тілегіміз жеңу еді ғой, сол тілек орындалды, өлгендер — шейіт, халқы үшін жанын киған», — деп Райымбек батырды мақұлдатты.

Сол кезде көп батырлар жаралы болып қалып еді. Райымбек батыр өзі де жаралы еді. Бірақ батыр жаралы екенін көп адамға сездірмейді. Бір санынан садақтың оғы тиіп, оғын ала алмай, асқынып іріңдеп тұрған кезі еді. Оны Аманжол іріңін суырып емдеп жатыр еді, бірақ батыр оны ауырсынып тұрған жоқ еді.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары мен жауынгерлері кеңесіп, келісім жасауға келісті. Келген елшілерге жауап берді. «Арыс ханға тез жетіп айтқайсың, келісімге біз де мақұл, өз айыбы болса, тездеп хабар айтсын. Шәлкөде өзеніне үйін тігіп, өзіне керекті адамдарын жинап, бізге тездеп хабар етсін», — деп елшілерді қайтарды. Осы тапсырманы алып, елшілер Арыс ханға келіп баян етті.

Арыс хан бұл хабарды есіткеннен кейін, екі ханның елінің басшы адамын шақырып: «Енді біз келсек-келмесек те, ел болудан кетіп, қазаққа бодау боламыз, қалмақтың кейбір батырлары: «осы соғыста Райымбек өлді, оны көзіміз көрді», — деген еді. Олай емес, жалған болып шықты, өлмек түгіл, жаралы да болған емес, оны барғандар көздерімен көріп келіп отыр. Енді бұл қазаққа өз айыбымызды мойынға алып, қалауын істеуіміз керек. Бастапқы келісім бойынша уәде қылған жерін босатып берсек, бұл күнге қалмас ек, екі-үш хан бірігіп қазақты жеңеміз деп, құр құрғақ сөзге мәз болдық. Төрехан бізге жәрдемдеспек түгіл, хабарласпай қалды. Енді қалған елді құрап, керек десе, жерін де босатып берелі, әлі де бос жер жетеді», — десті.

Бұл сөзді барлығы мақұлдап, Шәлкөденің өзенінің бойына үй тігіп, күтушілерін, сойыс малдарын, беташар тартуын даярлап, өздерінше «Хан жосын» деді.

Ұлы жүздің батырлары елші жіберді. Елшілер келіп қазақ батырларының аяғына бас қойып, өздерінің заңдарынша ізет еткен екен. «Тақсыр, Ұлы жүздің батырлары, біздің ханымыз сіздерді шақыруға жіберді. Сіздер үшін үй тігіп, сойыс даярлап күтушілерімен дайын тұр», — деп өтініш айтты.

Ұлы жүздің қолбасшы батырлары кеңесіп, бес жүз жауынгермен сәулетпен тіккен үйіне келе бергенде, алдынан қанша батырларымен Арыс хан өзі бастап тоғыз атан, тоғыз ат, алды

тұлпар алып шығып, жол үстінде жаяулап, төжім жасап батырлармен көрісті. Алып шыққан малдарын тапсырып, Арыс хан өзі бастап тіккен үйге түсірді. Екі жақ көп кеңесіп, мынадай бітімге келді:

1. Қазақ қолына түскен мал қайтпасын.
2. Қолға түскен адамдар қайту-қайтпауы өз еркінде.
3. Қалмақтан өлгендер құнсыз болсын.
4. Қазақтан өлгендерге бұрынға қазақ-қалмақтың кесімі бойынша құн төлесін.

Осы себептен, тездеп алыс-берісті бітіруге қазақ пен қалмақтан адамдар шықсын.

* * *

Ел бойы қайырылғанына тура шығып, Қарасаздан Қаракүнгей мен Сарытауға шығып, Сарытаудың күнгейі, Сүмбе суының Күншығыс қырымен Текеске түсіп, шапқан жол мұзартқа тік шығып, Күнбатыс — қазаққа, Күншығыс — қалмаққа деп, екі жақ ризаласып қол қойды. Бұл шартқа екі жақтың батырлары толық қол қойды. Осы шекарадан енді соғыссыз, қуғынсыз қалмақтар бес жылда өтіп болуына ерік берілді.

«Енді мұнан былай екі жақтан да ел шауып, бұзықтық істегендер өлім жазасына бұйырылсын!» — деп шартқа қолдарын қойды.

Бұл соғыстың басталуына бір жыл толды. Екі ел алыс-берісін алып отырды. Ұлы жүз халқы кең өріске ие болып, әр руға жер бөліп алысты. Ағанас ханнан түскен қырық мың пұт тарыны халыққа үлестірді, тұқым етіп егін айдауға. Мерке тоғанының көмейін үш жерден бұзған, бекітуге келмей қалды.

Райымбек батырдың үшінші сапары

Ұлы жүз халқы кең байтақ өріс алып, өз руларына тиген жерлерге ие болып, жаз жайлауын, қыс қыстауын, көктем көктеуілігін, күзде күздеуменді байтақ, еркін ата қонысына ие болып, беймарал мал өсіруге кірісті. Көмек күткен патшадан әскер келмеді. Сондықтан Ұлы жүздің батырлары кеңесіп: «Әлі де біздің қазақ шамасы келсе, қарап отырмайды. Себебі атақты Жаркент, Көкталдағы қорғанда торғауыттың ханы бар, кешегі

Қоңтәжінің ескі қазынасы, соғыс құралдары бар, сонан қалған жауынгерлік әдісі бар. Жауға қарсы жұмсайтын сиқыршылары да бар деп айтылады. Бұл — өнерпаз, мықты хан деп санайды. Бұл өткен соғыста Ағанас хан мен Арыс ханға көмекке шықпай қалды. Оның себебі — Арыс хан мен Ағанас хандардың тығыз байланыс жасамайтынында да болды.

Төреханның Тарбағатай, Шәуешектегі Жоңғар хандарымен келіскен сөзі бар дейді. Осы күнде Тарбағатай, Шәуешектегі жоңғарлар Орта жүзге тиісіп жатқан көрінеді. Міне, Төрехан соған жәрдемдесетін болуы керек.

Төрехан оған жәрдем беруі үшін орта жолдағы біздің Ұлы жүздің Өлең арығы бойында екі елімізді шауып, жолымызды тазалап, сонан кейін Тарбағатай, Шәуешекке қосылады. Бұл тек тыныш отыра алмайды. Сондықтан мына Ағанас хан мен Арыс ханнан ажыратып алған қоныста, енді ту биелік тұқымға қалуды мақсат етеді. Мына екі ханнан түскен еркек, қыз-қатындарды иеленіп алған батырлар өз қол астына қараған жауынгерлерді өздерімен бірге туғандай көрсін, енші бергенде өздерімен бірдей беретін болсын!» — деп тапсырды.

Түскен мал-мүлікті, өздерінің бұрыннан бөліп алуға реттелген ережесі бойынша бөлістің бас бөлгенін Райымбек батырға бөлді. Қос басына бір жылқыдан бөлгенде, төрт жүз жылқыдан артық болды. Мұны да Райымбек батыр... өзінше үшке бөлінуін сұрайды. «Бірінші бұрынғы жүлде алып жүргендерге; екінші соғыста өлгендердің бала-шағасына; үшінші ауылдағы жетімдерге, кемпір-шалдарға болсын!» — деп тілек етті. Көпшілік бұл сөзін батырдың қабылдады. Қолға түсіп, қазақ болған қалмақтан батыр жігіттер бар, бұлардың қалауына берді батырмен бауыр болуына.

Ұлы жүздің барлық кәрі-жасы батырларына: «Бүгіннен бастап алда әлі де біздің елге дұшпан көп, қауіпсіз болмай, жастарды: «Ата, мен еркіммен жауға барамын!» — деп даярлау керек. Біздің Ұлы жүз жабағы тайды жауға мінуден құтылды. Қарағайдан найза ұстау да жойылды. Мына жылқылар тұлпар болды. Соғыс құралдары көбейді, соғыс әдісін толық білдік, жас батыр, жаңа бауырлар көбейді.

Бүгіннен тартып Қабанбай батырдың еліне елші адам жіберу керек. Осы тобымыз тарамай, толық хабар алу керек», — деген шартты ұсынды Райымбек батыр.

Батырлар кеңесіп, Бүйембай басшы болып бес адам жіберілді. Бұларға тоқтамай тез барып, тез қайтуды тапсырды. Бүйембай көпшіліктен бата алып, жүріп кетті. Мұның артынан бірсыпыра жаралыларды алып, көп мал айдатып, Қапай батыр мен Сатай батыр жүрді. Бұрынғы қарт батырлар да, көп мал, көп адамдар, қалған батырлар елдеріне адам мен мал жіберсе де, көпшілігі Қабанбай батырдың еліне кеткен Бүйембайды тосып, тобын жазбай тосты. Шабыс ат, сынау. Жігіттерді кездестіріп шаптырып, сынау тамашасымен жата берді тарамаған халық күн сайын сауық етіп.

Бүйембай сол жүрген бойымен тынбай жүріп, жолдағы елге барды. Елдегі жаңалық, бір ауылды қалмақ шауып кеткен, он бес үйдің малын түгел алып, бейқам жатқан елдің жарамды мүлік, бой жеткен қыз, бірқанша жігіттерді алып кеткен.

* * *

Қабанбай батырдың елі де қалмақпен шабысуға кірісіп жатқан кезі екен. Осы шабуға келген қалмақтың ішінен бір жас жігіт жығылып, өзі аттың астында қалып, аяғы сынып, атына міне алмай қалып, атымен қолға түседі. Бұл бір қалмақтың мықтысының баласы екен, батырсынған жалқы бала екен. Мұны қолға түсіріп алып, бір қарт аяғын орнына салып, бағуда екен. Бұл жердегі халық жиналып екі адамды хабарға жіберуге Ұлы жүздің жорықтағы батырларына даярлап жатқан кезі екен. Мұның үстіне Бүйембай кез болды. Мына қолға түскен адамнан Бүйембай ішінде, жол сұрады.

«Мен — қалмақтың Төреханының қарауындағы бір тайпа елін билейтін бектің жалғыз баласымын. Әкемнің аты — Көгершін. Өз атым — Ақбол, біз бұл жаққа аттанып келгенбіз, он бес адамбыз». Бұл адам бастап келген Төреханның белгілі батырының бірі еді. Бұған берген ханның тапсырмасы: «Осы күнде қазақтардың жауға аттануға жарайтын барлық ер адамдары Ағанас хан, Арыс хандармен соғысуда, мұнда бас көтерер еркек қалған жоқ. Оның үстіне бір қуаныш — сеніп жүрген қолбасшы батыры Райымбек осы Арыс ханның ордасын бұзамын деп қолға түсіп, қылышпен шапқылап өлтірілді. Соғыс биыл басылар емес, — деді. — Енді олар сол жақпен әуреленіп жүргенде, бұл жақтағы елін шауып орнына орналасып алып, Тарбағатай, Шәуешекпен батыл іс жасап, қазақтарды қайта шауып, өзімізге

бодауға аламыз», — деп Төрехан жарлық шығарыпты, бізді алдымен жіберді. «Халқында күші қанша екен, жорыққа кеткендері қайтып келіп пе, Райымбектің өлгені рас па екен, қанша жауынгермен барса, тез бітіріп алады екен, соны тексеріп, еліне біздің күшіміздің көп екенін көрсетіп қайтыңдар, шетінен бір ауылды ғана шауып қайтыңдар!» — деп жарлық берді.

Енді олар барып ханға хабар берді. Кешікпей бұл елді шабуға келеді. Хан қарсы шығар жауынгерлер жоқ екенін көзі көріп кетті, тегін жатқан елін шауып алып, көңіл қосып кетті. Бізбен қарсыласып шыққан аздаған адамдарды байлап алып кетті.

Менің қолға түскен себебім — өзім қолға түсейін дегенім жоқ. Қалың дүбірде ел мал айдап, ел шауып, көңілі тасып жатқанда қатын, бала шулап жылап, бірқанша адамдар «Райымбек!» деп ұран шақырып бізбен араласқандай болды. Сонда мен елдің шет жағында келе жатыр едім, Райымбек те келіп ту сыртымнан найзамен ұрғандай болды. Сонда атым да жығылды, өзім де ессіз болдым. Қанша уақыт жатқанымды өзім де білмеймін, бір мезгілде көзімді ашсам, қасымда атымды ұстап бір адам тұрғанын көрдім. Ол адам тұр демеді, менің тұруға өзімде дәрмен жоқ. Жата бердім. Күн шықты, ел жайланғанда бір әйел адам келді, мені көріп: «Неғып жатырсың?» — деп сұрады. Бағанадан бергі қасымда тұрған адам қайда кеткенін білмей қалдым. Мына келген жас қатын мені орнымнан тұрғызып, қозғап, атым аяғыма оралып қалыпты. Атымды шешіп, сауыт-сайманымды алып, өзімнің аяғымды өз белбеуіммен орап таңып: «Бізден де жау қолына түсіп кеткендер бар, соның да басын аман сақтармыз, сені сақтау, тым қадірсіз кісінің баласы емес шығарсың, себебі мінген атың — тұлпар, сауыт-сайманың бар, жарқыраған асылдар, сені атама алып барып, аяғыңды орнына салып, атам бақсын», — деп сонда алып келді.

Міне, атам ісіп кеткен аяғымды таңып, қазір жаным тынышталды. Енді мен жазылған күнде де қайтып қалмаққа бармаймын, барған күнде де мені тірі қоймайды хан. Себебі қаптаған соғыс жоқ, қолға түсуім мүмкін, мінгенім құспен жарысатын тұлпар еді, соғыс құралым мықты, сол себепті бармаймын. Сол мезгілде Қапай батырлар мен Сатай батрлар да келді. Бұл батырлар Төреханның жауынгерлері шауып кеткенін және мына қолға түскен жігіттің сөзін толық естіп, енді асығыс түрде Ұлы жүздің батырларына хат жазуға кірісті.

«Мыңдаған Ұлы жүздің елінен (шетінен) Төреханның қанша жауынгері келіп бір ауылды шауып, ұлы мен қыздарын алып, аяқты малдан қалдырмай кеткен. Бір адам қолға түскен аяғы сынып, соның айтуына қарағанда, тез арада Төреханның қалың жауынгерлері біздің елді шауып, Тарбағатай мен Шәуешекке қосылмақ, Төреханның жарлығы солай», — деді.

Райымбек батыр сондағы батырлармен кеңесіп, ол жақтағы Ұлы жүздің халқына тездеп хабарлап, «қазір қыс түсіп қалды, қыс бойы қамданып, қозы аяқтана, толық Төреханның еліне аттанатын болды. Жауынгер батырлар мұнда тез жинала бастасын, Төреханның елшілері «Райымбек батыр Арыс ханның қолынан қаза тапты» деп оқыпты. Қолға түскен адамның айтуына қарағанда, Қабанбай батырдың да Тарбағатай, Шәуешектегі қалмақтармен айқасып жатқаны анықталды.

Райымбек батыр, өзіңіз бір қанша жас жауынгер батырларды мұнда бастап келе жатырсыз, ел өте сасқалақтамасын, бұрынғы уақтағыдай емес, бәрі жеткілікті, жасы өсіп жігіт болды, тайы ат болды», — деп хатқа қол қойды Сатай батыр мен Қапай батыр.

Хатты беріп, Бүйембай бастаған бес адам жолға түсті, күнтүн демей кезекті жерде ат шалдырып, Ұлы жүздің көп батырларымен жетер жерге келіп, бір-бірімен көрісті.

«Осы бүгіннен бастап Ұлы жүздің барлық батырлары жауға барып, жоңғармен шайқасуы керек», — деген Райымбек шешім алды.

«Біз бұрын Қорын ханның еліне шабуыл жасағанда, қарлы боранда да шабуылда жүргенбіз. Алды шабуылға кірісе берсе, арт жағынан жауынгерлер келе береді. Төрехан тыныштықты өзі бұзды, — деп айтты батыр. — Соғыстан қажалып шыққан жауынгерлер аз уақыт болса да демалсын. Райымбек батыр, Бақай батыр, Бердіқожа батыр, Ердес батыр, Барақ батыр, тағы бірқанша батырлар бүгіннен бастап сол Қапай батыр мен Сатай батырдың жанында болсын. Егер Төрехан қалың жауынгерін қаптататын болса, күнделік хабарсыз болмаймыз», — деді. Бұл сөзге Райымбек батыр да мақұлдасты. Осы ұсынысқа қосылып Райымбек бастаған көп батырлар Қараталға жүріп кетті. Жаралы болған батырларды, қарт батырларды қалдырды.

Райымбек батырдың жарақаты жазылмаған кезі еді. Бірақ батыр мұны ауырлап та жүрген жоқ еді. Ұлы жүздің қарт батырларының соғысты жаз шығуға қалдырып жүргені — Райымбек батырдың жарақаты жазылуын күтті. Бір ғана Ра-

йымбек батыр емес, бірқанша батыр жігіттер көп жауынгерлер де жаралы. Солар қатарға келуін күтті. Райымбек батырды «Қараталға барма» деуге өзі де болмайды. Екіншіден, Төреханның елі: «Райымбек батырды Арыс ханның қолында қаза тапты» деп өсек жасаған.

Бұл өсектің тарауы, Арыс ханның ордасын бұзғанда бір Андас деген батыр тірідей қалмақ қолына түседі. Халықтың бәрі «Райымбек!» деп ұрандап жүрген сонда. Андас та «Райымбек!» деп ұран салып жүрген жерінен қолға түсті.

Андасты қолға тірідей түсірген Арыс ханның батырлары: «Сен Райымбек батырмысың? Шынынды айт!» — деп қысады. Андас: «Мен емес» десе де болмай, «біз Райымбек батырды қолға түсірдік» деп халқына жариялады. Артынан: «Расын айтпай, өзін-өзі қазаға тапсырды», — деп жариялады. «Сол ұшқын өсекті шын оқиға деп түсінген Төрехан да мұны еліне жариялаған болу керек» деп, батырлардың ұйғаруы осы болды.

Қыстың қысып тұрған кезінде Ұлы жүздің Райымбек батыр бастаған батырлары Қараталға жиналды. Бұл батырлар жиналып келгенше, Төреханның елінен тағы да бір топ жауынгер келіп, елді толық шаба алмай, аздаған жылқы алып кетті. Ол жауынгерлер бір малшыны ұстап алып, қолға түскен жігіттің аман, тірі екенін білді. Райымбек батырдың өлмегенін толық естіп білді. Жақында Ұлы жүздің батырлары Қараталда бас қосатынын айтты. Бұл сөзді есіткен жауынгерлер Төреханға хабарлады.

Ұлы жүздің Райымбек бастаған батырлары Қараталға жиналды. Барлығы бас қосып, қалмақ жаққа қарауылды мықтап қойды. Қалмақ жасырын елші жіберді Төрехан қандай пікірде осы тапта, жауынгерін даярлап қазаққа көп жауынгерлермен шабуға дайындалып шықпақ па екен, шықса, қай мезгілге даярланып жатыр екен, күші болғанда, күші қандай екенін анықтап келуге. Бүйембайдың туған баласы ...дегенмен, қалмақтан қазақ болған Төле бидің баласы Арыстан екеуі кетті.

Арыстанның баруына бірқанша адам пікір туғызды, оған Райымбек батыр болмады, баруын қалады. Арыстан өзі де барып қайтуды сұрап отырып алды. Райымбек батыр Арыстан туралы батырларға айтқаны:

«Батырлар, менің жан жолдасымдай екі бауырым бар, Аманжол мен Арыстан. Бұл екі бауырымды мені қандай көрсеңіз-

дер, сондай көріңіздер. Бұлардың жүрегі күшті, айлакерлігі сенімді», — деді батыр. Екі батыр тапсырманы алып жолға шығып кетті. Басқа батырлар халық ортасында сауық істеп жата берді.

Екі батыр жолға шықты көп батырлардың батасын алып. Сол бетімен жүріп, тура жат еліне барды. Түрлі әдістермен елді аралап, халықтың пікірін көрді. Ханның кіресіне кіріп, күш құралдарын көрді. Бір мезгілде құмалақ тартатын бақсы да болды. Мұны қалмақтар естіп, «бір құмалақ тартатын әулие бар екен» деп әркім де келіп құмалақ салдырып, «заман тыныш бола ма» деп, «Райымбек біздің елді шаба ма, өзінің өлгені рас па екен? Біреулер өлді деді, біреулер тірі деді. Рас па? Соны анық айт», — деп, алтын, күмістен бергені де болды. Арыстан да «бақсы келді» деп өздерінің заңынша, қос құмалақты шашып жіберіп, бұрқырап келіп сөйледі. «Райымбек тірі, өлген жоқ. Төрехан тыныш жатқан елге бүлік салыпты. Райымбек шабады екен» деп, «шатыры болмайтын күн туады екен» деп көпке көріпкел әулие болды. Мұны естіп, жалғыз баласы қолға түскен қалмақ келді әулиеге құмалақты салғызып. Қату қабақтан әулие баласының аты-жөнін, мінген атының өңі, түсін, ұстаған құралын көргендей толық айтты. Аяғы сынып түскенін, мұны естіп әлгі қалмақ көзінен жасы ағып, мұрнынан боғы аққанша жылап, әулиенің аяғын құшақтап жылап-жылап:

— Мен қазақ болсам, Райымбек жалғыз баламды өлтірмей, тірі қоя берер ме екен? — деп сұрайды әулиеден. Әулиенің айтқаны:

— Бала өте жақсы, Райымбектің қолында осы күнде, аз уақытта балаңнан хабар болады», — деді.

Бұл да өзінше бір тайпа қалмақты билеген мықтының бірі екен.

Бұл отырып ханның бұзылғанын айтты:

— Түбі қазақпен шабысуға даярланып жатыр. Қазір қыс суық болды. Жаз шыға қазақпен шабысуға дайындалып жатыр. «Қазір Ұлы жүз шашқын болды. Олар басын қосып, жиналғанша бұл жердегісін тез бітіріп, Тарбағатай, Шәуешекпен Орта жүзді жаулауымыз керек» деп даярлық жүргізіп жатыр, — деп, сол ханның жарлығын: «Райымбек батыры өлген, өлмеген күнде соғысқа шығуға жарамайды, жорыққа жарамсыз» деп бізге хан қатты ұрысты. «Алдыңғы Райымбектің күшін мақтаған бірқанша адамды дарға тартты, — деді.

Арыстан мен Талас батырлар аман-сау Ұлы жүздің Райымбек батыр бастаған батырларының алдына келіп, үйден шыққаннан көрген білгенін баяндады. Мұны естіп Ұлы жүздің төңірегіне адамдар жіберіп, қозы аяқтанбай үш түбек толық жиналуын күтті. Осыменен жаз да шықты. Ұлы жүздің жауынгерлері толық жиналды.

Ұлы жүздің батырлары Қабанбай батырдың елінен хабар алып, Төреханмен Тарбағатай, Шәуешекті бірін-біріне қатынастырмай қоюға уәде жасап, қамданды. Ұлы жүздің батырлары соғыс үлгісін төмендегідей тәртіппен жүргізуге — жауынгерлерді үш топқа бөлуге келісті. «Бағай жас батырларды бастап барсын, қалған қарт батырлар артта, орталық ордамызда болсын, Хангелді батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, Өтеп батыр, Аралбай батыр, Ырыскелді батыр сияқты қарт батырлар орталық ордада болсын! Себебі соғыс жүретін жерге көпшілігі таумен жүреді.

Сарытаудың күнбатыс сыртынан тартып Райымбек бастаған жауынгерлермен, көп батырларымен кірсін Тарбағатай, Шәуешекке! Жол қатынасын жібереміз. Райымбек бастаған батырлар мен жауынгерлердің міндеті — таудағы шашқындаған елді Сарытауды айналдырып Үйгентас пен Кең жайлаудан айдап Өсекке түсіруге міндетті.

Райымбек батырға жалғас орта белден Бақай батыр бір топқа басшы болсын. Қасындағы қанша батырлары мен бұлардың міндеті — Орта таудағы шашқын елді тазалап, Өсекке түсіруге міндетті. Райымбек батырмен байланысы мықты болсын. Жауынгерлер сергек болсын!

— Елді бойлап аралап, тазалап, шашқын елді Өсекке дейін апаруға міндетті. Мына атақты Шанышқылы Бердіқожа батыр — көп батырларымен, көп жауынгерлерімен бір топтың бастығы, бұлар бір-бірімен байланыс үздіксіз болсын. Орталық ордада отырған батырлардың қолында көп жауынгерлер болсын. Керекті жағына жұмсап отыратын бұл үш топтың қолға түсірген адам, мал-мүліктері болса, осы орталық ордадағы батырларға жеткізіліп отырсын. Осы бұйрықты орындамай соғыстан бас тартушыларға Ұлы жүздің қолданған ережесі бойынша ауыр жаза берілсін! — деп Райымбек батыр, барлық батырлар мен жауынгерлер бір-бірімен «жол болсын!» айтысып, өздерінің міндетіне, алған сапарларына қарай жол тартты.

Бірінші жолға Райымбек батыр шықты. Көп жауынгер, батырларымен, екінші жолға Бақай батыр шықты. Үшінші жолға Бердіқожа батыр шықты көп жауынгер батырларымен. «Бір-біріне қайрат беріп, жеңіске жетіп, жемісті болалы. Атамекенімізді толық жаудан босатпай, тоқталмалы», — деп өздерінше уәде жасап аттанысты батырлар.

Артта, ордада қалған қарт батырлар қолдарындағы жауынгерлерін өздерінше кеңесіп, тұсындағы жолдарға шығарып, өздері тиісті орталықта шатырларын тігіп, жайғасып отырды.

Райымбек батыр тау жақтан соғысты бірінші рет бастауды міндетіне алған еді. Сол алған міндетін атқаруға Тарбағатай, Шәуешекке катынасатын жолдан тартып жауынгерлері мен батырларын сап құрып, «Райымбек!» деп ұран шақырып кірісті. Бұл соғысты бұл жақтан бастауы — Тарбағатай мен Шәуешектің байланысын үзу еді. Айтқанындай, бұл өңірді жерлеген жоңғарлар Ұлы жүздің көп жауынгерлерінен жосып көшіп, қашып берді. Мұрсалары келгені қой, сиырын алып, мұрсасы келмегені қойын, сиырын тастап қашты. Қашқан елден шабуыл барып Төреханға хабар жетті. Райымбек көп жауынгермен келіп: «Еліңді шауып, қатын-бала, кемпір-шал, қой, сиыр жұртта қалды», — деп хабарлады.

Төрехан мұны естіп барлық қолбасшыларына бұйрық берді.

— Бұрынғы дайын тұрған жауынгерлердің үстіне елде қалған, атқа мінуге шамасы келетін еркек адам қалмай аттаныс жасасын! Осы күнде бұл қазақтар әлсіреп тұрған кез еді. Себебі, қанша жылдан бері соғыстан көз ашпай келеді. Өлгенінде есеп жоқ. Тірісінің жарасы жазылған жоқ. Егер күш мықты болса, өзіне-өзі сенімді болса, берік қорғанды қалмақ кіріп бұзбай ма, сырттан тие қашып, мал ұрлап жүрген ұрыдан да үрейленіп қорқуға бола ма, бізде құрал да көп, батыр да көп, қазақтардан жаралы, әлсіз емес. Енді өздерін өзі ажалға айдап келген қазақтарды аяусыз қырып, тез күннің ішінде бітіру керек. Біздің халық жауынгері атам Қонтажіден тартып қазаққа кегін жіберген емес, қазақты ес таптырмай қырып, басшы батырларын тірідей менің алдыма келтіріңдер. Бізде түрлі соғыс құралы көп, айлакерлер де бар, құстың тілін білетін, күн жауғызатын, көз байлаушы да бар. Соларды түгел осы соғысқа пайдаланып, бұл соғысты тездетіп бітіру керек, — деп, — көп жауынгер батырларымен қаптап қазақтың

алдынан шығып қыру керек, — деп Төрехан жарлықты қатты беріп, жолға салды.

Бұл Төреханның жауынгерлері басы Сарытау, аяғы — елі, шеп құрып қазақтың көп жауынгерлерінің алдынан шықты. Әр батырлары өзінің бөлімдерімен хан жарлығын орыңдауды міндетіне алды.

Қазақ батырлары бірі қалмай, тас түйін бекініп бұл Төреханның жауынгерлеріне қарсы тұрып, майдан-соғысқа кірді. Райымбек батыр мен Бақай батыр біріне-бірі жалғасып, күн-түн демей қан майдан соғыс болды. Төреханның жауынгерлері сын таппай: «Райымбек қайда, мұның бәрі «Райымбек!» деп айқайлайды, көптен де қорықпайды, көбісі қылыштан да қорықпайды», — деп, бұлар сын таппай Өсектің жазығынан түсуді мақұлдай, тау басындағы, орта таудағылары бірігіп Үсек бойына түсіп, бас қосты. Сол күні Іле бойлаған Бердіқожа батыр да келіп бас қосты. Батырлардың басын қосып алып Райымбек батыр мынадай ұсыныс айтты:

— Бүгін бұлар қандай кеңес құрып жатыр екен, мен барып қайтайын, — деп, қасына Аманжол, Арыстан, тағы басқа адамдарды алып қалың қаптап жатқан Төреханның жауынгерінің ортасына барып, сөйлесіп жатқандардың жанына барып, Аманжол бірге отырып әңгіме айтып, сөздерін тыңдап отырды. Сонда бұл жауынгерін бастап келген батыры әңгіме жасап отырды. Оның кайда тұратынын, қанша жауынгер бағатынын толық біліп, Райымбектің қандай айлакер екенін айтып отырды. «Өзіне оқ тимейді дейді, жүргенін де адам білмейді дейді. Ағанас хан мен Арыс ханның соғысында болғандардан естідік» деп соқты. Бұған қосымша Аманжол да зәресін алып, бірталай Райымбек батыр туралы әңгімелер айтып, қарауылдағылардың зәресін алып, Аманжол Райымбек батырға келді. Арыстан да бірталай жерді шарлап келіп отыр екен. Сонда Райымбек батыр жолдастарына айтты:

— Енді қорқу болмайды, жауынгердің қолбасшысына баралы, жөні келсе, соны қолға түсіріп алып, мүмкін болса, сол жерден ойран салып, соғыс шығаралы, — деді.

Бұл сөзді жолдастары мақұл көрді. Бұлар өздерімен атын алып жауынгерлердің қолбасшысы жатқан ордаға келді. Келсе, айналасын алған жауынгерлер күзетте, күрзі, ауыр

құралдар да осында тұр, қанша тұлпарлар ер-тоқыммен байлауда тұр. Мұны көріп Райымбек батыр:

— Мен бастығына кірейін, сіздер сыртта дайын бол! — деді. Сонда қарауылда тұрғандар біріне-бірі айтады: «Райымбек келіп қалып жүрмесін, сақ қарандар!» — деп. Сонда Райымбек батыр басшының ордасына кірді. Қараса, қасында айдан сұлу, сүттен ақ бір қызды құшақтап жатқан, алмас қылыш, ақ семсер, түрлі құралы тұр. Мұны көріп Райымбек батыр алмас қылышты қолына алып, үнін шығармай киіндіріп, қол аяғын байлап, «Мен — Райымбек, үнің шықса, өлесің!» — деп есікті тарс бекітті. Сонда қыз өксіп жылап, Райымбек батырға қарап сөйлеуге ауыз буулы, сонан соң аузын шешті. Бұл қазақ қызы екен, «тілегім дұрыс» деп, қыз батырға жағдайын айтты. Сонан соң қызды босатып, «басшы шақырып жатыр» деп атақты батырларынан байлап алып, күрзі, қанша құралын, көп тұлпарын алып бұларға баяғы батырларына ие етіп, «Райымбек!» деп таң алдында кірісті. Төреханның көп жауынгерлері қараса, көтерілген ту жоқ, жарлық берген басшы жоқ, бет-бетімен қашуға кірісті. «Райымбек!» деген дауыс көбейді. Осы қашқан бетімен сейпілдегі ханның ордасына кірді. Арты созылып, кейін қалғаны қазақ жауынгерлерінің қолына түсті. Қолға түскен адам, мал-мүлікті ордада қалған батырға жеткізіп отырды.

Төреханның жауынгерлерінің көбі қашып кетті, Іле бойындағы Қорғасқа дейін барды.

Алды Айнабұлақ, арты Алтынемел күншығыс жағына дейін, орда бағушылары Қалқан деген созылған таудың жағына орналасты. Қалқан деген ат сонан қалған. «Екі белес — Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан» дейді айтушылар.

Осы жерде қазақтың ең көп жауынгерлері мен батырлары басын қосып, қолға түскендердің сенімдісін өздерімен бірге ала жүрді. Бірсыпырасын орталық батырларына тапсырды. Сол кезде жаңбыр араласа қар жауып» бірқанша күн қиыншылық көрді. Жауынгерлерге сол уақытта бір адам келіп, қазақ жауынгерлеріне қосылды. Бұл адамның мінген аты — тұлпар, соғыс құралы өте көрнекті адам. Мұның жағдайын сұраса,

— Мен Райымбек батырды іздеп келемін. Маған Райымбек батырды көрсетіңіздер, жағдайымды сонда айтамын, — деп өтініш жасады. Батырлар Райымбек батырдың қасына алып барды. Атын, құрал саймандарын алып бөлек атқа мінгізіп,

бұл жігіт Райымбек батырға өздерінше бас иіп, тағзым етіп, өз жағдайын айта бастады.

— Мен — Төреханның белгілі бір тайпа елін билеген батырдың баласымын. Бірақта бұрынғы өзімнің туған әкем қазақ екен, аты — Бүйембай. Ол алты жасында шабында қалмақ қолына түсіп кетіп, бір атақты қалмаққа бала болып, он алты жасында асырап алған. Әкесі таңдап жүріп Құралай атты бір сұлу қызды алып береді, үш жыл бірге тұрады. Бүйембай өзі өте мықты жігіт болып өседі. Өнерпаз, айлакер, атқыш, палуан, өткір жігіт болады. Асырап алған әкесі де өте жақсы көреді. Ханға да белгілі жігіт, елге де сенімді болады. Сөйтіп жүрген кезінде шешем екі қабат болып, уақытында мені туады. Мен тоғыз айлық кезім екен, Төреханның інісімен ойнап жүріп қасқа тісі сынады. Сонда бұл ашуланып, мені: «түбі — қас, қазақ, қастығын істеп тісімді сындырды, бұл түбі дос болмайды» деп әкемді дарға тартуға бұйырады. Бұған халықтың барлығының да жаны ашиды. Мұны естіп әкем Бүйембай қазағына қашып кетеді. Әкесінің қолынан келер нәрсе жоқ, қала берген. Не істесін? Шешем байға тимей үш жыл тосыпты, «бір айланып келіп алып кетер» деп. Келмеген соң шешем сұлу, ақылды адам, тағы бір ханның сенімді адамына тиеді. Онан екі ұл бар. Сонда бір шешеден үш ұл бармыз, аз уақыт болды әкеміз өлді осы соғыс алдында, шешем Құралай әлі тірі.

Осы жақында хан жарлық шығарып, жасында қазақтан түсіп, қазақ болғандарды, қазақпен тілектес болып жүрген қалмақтарды түгел ұстап зынданға салады. Сонда мен ханның қарауындағы бір бектің қойшысы едім, мына хабарды естіген соң үйге келдім. Осы сөзді шешем де, бауырларым да есітіп, қайғырып отыр екен. Мен келген соң қатты қуанысып қалды, «Сені жамбылға салып қойған шығар деп едік, енді аман келдің», — деп, анам ақыл айтып, жол көрсетті. «Сен, балам, қазірден бастап атқа мін, Райымбек бастаған қазақ жауынгерлеріне жет! Аман жетсең, Райымбектен басқа адамға сыр айтушы болма. Әкең еліне тірі барған болса, бұл сыр ашылмай қоймайды, әкең өлген күнде де аты жойылмас, егер өлсе де, Райымбек білмей қоймайды. Егер әкең тірі болса, сол батырлардың ең болмаса атын бағуға, есігін бағуға жарайсың», — деді. Анам менен басқа адамға сыр шашпайды, сізге айтып отырғаным осы. Өз атым әкем қойған — Құткелді, өзімде екі ұл, бір қыз бар. Шешем мен

бауырларым: «тілегім жай тапса, мұнда қалдырма» деп жылап қалды, — деп жігіт сөзін бітірді.

Райымбек батыр сол сөзді естіп жігітті құрметтеп, кілемге салып жігіттер көтеріп, қуанышта болды. Бүйембай бұрын да баяндаған, өзі қалмақ қолынан қашып келгені рас, Құралай деген сұлу қатыным қалды дейтін. Бір ұлым қалды деп айтар еді. Құрбылары «Құралай сұлудың күйеуі» деп атар еді.

Бүйембайға сүйінші сұрап хабарға адам барды. Бүйембай бұл адамға астындағы атын берді. Бүйембай келіп баласын құшақтап, өксігін баса алмай жылап тұрып: «Құралай бар ма?» — деп сұрады. Халық жігітке үлкен той жасады. Бүйембай баласымен сырласып, мейірін қандырды.

Төрехан ханның үш сиқыршысы бар деп айтады. «Бірі — күн жауғызады, екіншісі — көз байлаушы, үшіншісі — құстың тілін білетін», — дейді. Оны басқаратын Төрехан ханның туған інісі Кенжеқұл деген. Осы күнде бір бұрышта, елден аулақ жерде тұрады» деді. Мұны естіп Райымбек батыр жиырма адаммен жүрмек болды. Ішінде Аманжол, Арыстан бар, Бүйембай баласымен жатқан жерін көрсету үшін, сиқыршыларды және ондағы балаларын алып қайтуға жіберді. Айсыз қараңғы түн, үш үй оңаша жерде, қаулап жатқан қанша құралы мен көп жауынгерлер күзеткен елу адамның үстінен түсірді Құткелді.

Райымбек батыр жауынгерлерін сыртқа қойып, Аманжолды қасына алып, үңгірге келіп кіріп: «Көтер бастарыңды, мен — Райымбек!» деп ақырды. Ешбірі үн шыкпай қолдарын көтерді. Құралдары бөлек бұрышта еді. Оған Аманжол ие болды. Қалған адамдарды, құралдарды жинап алып Бүйембайдың балаларын қоса жинап алып, бұлардың көнгенін бос алып, көнбегенін қолаяғын байлап алып, Іле жағалап, түсте аман-сау көп олжамен жауынгерлерге келіп қосылды.

Бүйембай Құралаймен қайта қосылды. Балалары қазақ болды. Қолға түскендердің көбі серт беріп, қазақ болды. Төрехан ханның інісі Кенжеқұл көнбеді. Сонда да өлтірмей бағып тұра берді. Қалған үш сиқыршы барлығы қазаққа берілді. Бұларды қарт батырларға тапсырды. «Еңді өнерің болса, Төреханның ордасына күн жауғыз!» — деп бұйырды Райымбек батыр. Бұл сөзді «қабыл» деп, шебер тасын жинап алып, аузына келген бір нәрселерді айтып жатыр. Күн ашы-

лып жер сергіп, ел жадырап қалды. Бұларды Қапай батырдың қарауына берді. Қапай батыр қарауына алып, қалай жұмсау өз билігінде болды.

Қазақ жауынгерлері үш топқа бөлініп Төреханның ордасын бұзулары керек. Айтушыларға қарағанда, екі есікті, қос дарбазалы дейді.

— Екі бөлім екі дарбазаға ие болып, соны бұзуға міндетіне алсын, қалған бір бөлім сырттағы Төреханның жауынгерлерімен айналыссын. Соны алуға міндетіне алсын! Бұған кеш бата кірісу керек. Бір дарбазаға Райымбек бастаған батырларымен көп жауынгерлер барсын. Екінші дарбазаға — Бақай батыр мен Тілеуке батыр бастаған батырлар көп жауынгерімен барсын.

Қорған сыртындағылармен Бердіқожа бастаған көп батырлар мен көп жауынгерлер соғыс жүргізсін, лажы болса, ордасын бұзбай қолға түсіруге. Біздің ақырғы соғысымыз — бұл. Қорғанды бұзып тұрып, ханды ала алмасақ, біздің ұтылғанымыз, өткен соғыстарда берік қамал құрған жоқ еді. Мынау өте берік, сондықтан жан аямауға керек. Өлсек, шейітбіз, атамекенімізді кейінгі ұрпақтарға иелендіріп кетсек, ұмытылмайтын болады. Есік ашыла қорғанға кернеп кірмей, жауды ала алмаймыз, жау да сескенбейді және де қашпайды, — деп Райымбек батыр сөзін ұқтырды көпке.

Райымбек батырдың айтқанын көп батыр, көп жауынгерлер бір ауыздан қабылдап, әр батыр өз тобымен өздерінің міндетіне алған жолына түсті. Біріне-бірі қайрат айтып: «бүгін түнімен қорғанның іші-тысын тазалап, ертеңгі күн бас қосып жауды жеңіп, тойлауға» деп бір-біріне жауап беріп аттанысты.

Райымбек батыр мен Бағай батыр жауынгерлерін атқа қойып, дарбазаға жақын келді. Жандарында үштен ғана адамдар бар. Райымбек батыр дарбазаның есігіне жетіп келіп еді, білектей қара құлпы екі жерден салған, алдында төрт адам сайманымен, «Сіздер кім боласыздар?» — дейді.

— Ханға бару жолы қайда? Өте тығыз жұмысымыз бар, — деді Аманжол.

— Бізде кілті болмайды, біз сонда хабарлаушы күзетшіміз, — деді.

— Кілті кімде болады соны айтыңыз? — деді Аманжол. Бұл турасын айтпады. Аманжол оның басын ақ алмас қылыш-

пен қағып тастады. Қалғаны: «Тақсыр, сіздер Райымбексіздер ме?» — деді. Аманжол:

— Міне, Райымбек, — деді.

— Енді біз ханға сіздер келді деп хабарламалы, құралдарың болса, ашып кіріңіздер, ханның қорған жайын көрсетіп береміз, құрал қойған орындарын, — деді. Ол адамдарды өзі тұрған кішкене үйіне кіргізіп аузына құлып салып, өздері құлпын қарап таппай қойды. Райымбек батыр алмас қылышпен шауып, құлпын лақтырды. Екі құлпын қиратып, артқы жауынгерлерге хабарлап, қорғанның ішіне кірді. Бұларды Төрехан, ханның жауынгерінің бастығы біліп қойып, дарбазаға кернеп келіп, қазақ жауынгерлерін кіргізбеуді ойлап, күш шығарды. Райымбек батыр дарбаза қасында, Аманжол бар, бірқанша батырлар мен жауынгерлері бар қорғанның ішіне кіріп кеткен. Райымбек батыр дарбаза баққан күзетшіні алып, ханның ордасына тартқан. Бұлар ханның ордасына жеткенше, дарбаза жақтан қалмақша шу шықты. Қазақша «Райымбек» деген айқай, ұран шықты. Ханның ордасын баққан жауынгерлердің көпшілігі, о шеті мен бұ шетіне айқай жетпейді. Арасынан адам түгіл, оқ өтпейді.

Райымбек батыр Аманжолға айтты:

— Енді қарап тұру болмайды. Біз де ұрандап жалаң қылышпен кіріселік, — деді де, өз атын өзі ұрандап сығысқан қалың жауынгердің ортасына кірді. «Райымбек!» деген ұран көбейді. Кіммен кімнің соғысып жүргені белгісіз. Жылап жатқан, ұлып жатқан адам көп. Сырттағы Бердіқожа батырлар не болды, Бақай батырлар қорғанға кірді ме, бұл қалай? Өзіммен бірге батырлар, жауынгерлер түгел қорғанға кірді ме, бұл да белгісіз. Мұнша өліп жатқан адамдар қазақ па, қалмақ па? Райымбек батыр әр ойға кетіп, қайраттанып, ақырып, бір сығысқан қалың адамның ортасына кірді. Бұл адамдар ханды қорғап, Төрехан қашуға даярланып тұрған беті екен. Бұл жауынгерлер: «Мынау Райымбектің өзі сіздің мұнда тұрғаныңызды біліп келді», — деді. Төрехан алды-артына қарамай қаша берді бірқанша батырлары мен жауынгерлерін алып.

— Енді қырылмай, жан сауғалаңдар, қазақ қолына түсіп кетпесін ордаға, өрт қойыңдар! — деп жарлық берді Төрехан.

Бұл жауынгерлер басын қайда қоярын білмей тұрғанда, естіген заман, ордаға өрт қойып жіберді дейді. Атылып, тар-

сылдап, бүткіл қаланың іші түтін-тұман болып бірді-біреу білмейді. Қалмақтың көп жауынгерлері Төреханның өлі-тірісін де білмейді, қашқанын да білмейді, сонымен таң атып, күн шықты, қалмақтың көп жауынгерлері мен батырлары қолға түсті.

Бағай батыр да екінші дарбазаны бұзып, қорған ішіне кіріп алып ойран салған, сырттағы Бердіқожа батыр да қосылған. Бағай батыр, Райымбек батыр қорған ішіне кіріп, ұрандап жүргенін естіп қора құлпысын бұзып, қарауылын өлтіріп, қорғанға кірген бірнешеуін ұрандап жалаң қылышпен кіріскен, бұлар таң атып, күн шыққанда табысып, қалмақтан көп жауынгер қолға түсті. Құралдары мен Төреханды өзі шығарысып салған қалмақтың бір жауынгері анығын айтты.

— Орда мен қоймаға өрт қойғызған, жарлық берген Төрехан ханның өзі, қазақтың пайдасына қалмасын, — деп.

Төреханның қашқанын қалмақ жауынгерлері мен қазақ жауынгерлері сонда ғана білді. Мұның анығын естіп, қазақтың қолбасшы батырлары мен көп жауынгерлері қолға түскен адам мен мал-мүліктерді қалған батырларға жіберіп берді. Мұнда өздері, әр батыр өз жауынгерлерінің өлі-тірісінің, жаралыларының есебін алып, тез арада Төреханның өзіне қосуды мақұлдап жұмысқа кірісті. Қолға түскен адам мен мал-мүліктің есебін алуды әрбір батырлардың өзіне тапсырды.

Бұл қорғанды алуда қазақ жауынгерлерінен де көп адам шығын болған. Атақты батырлардан қаза тапқандары болған. Батырлардан көп батыр жаралы болған. Райымбек батыр, Бақай батыр, Ердес батыр, Тілеуке батыр, сол сияқты батырлар жаралы болған. Биеке батыр, Бердіқожа батыр сияқты батырлар қаза тапқан. Аманжол батыр ауыр жаралы болған. Бұл шығын, жаралылар өте көп болды. Тар қорған, ұзын түнде кімді кім өлтірді соғып, қылыш пен найза салды.

Райымбек батыр мына қаза тапқан жолдас батырларын және қаза тапқан көп-көп жауынгерлерді естіп және жаралы болған батырлар мен жауынгерлердің санын көріп Төреханның тірі қашып құтылғанына ыза болып, көп батырларға:

— Бұл соғысты тездетіп жүргізіп, қалай да болмасын Төреханның басын алмай бұл соғысты тоқтатуға болмайды, мына қаза тапқан батырлардың қанын сонымен қайтармай жүрек орнында болмайды, — деді.

Төрехан Қорғасқа жетіп, елінің сол маңға жеткенін жинап алып, ел басқарған қалған адамын шақырып:

— Мына Райымбек бастаған қазақ жауынгерлері біздің түбімізге жетпей, тоқтамайды. Өйткені бізде айлакер, сиқыршы көп, адам жеңбес батыр көп деп мақтанар едік. Айлакер, сиқыршымызды қанша жауынгерлерімен, құрал-саймандарымен үнсіз, тілсіз байлап алып кетті. Күші де, айласы да мықты деп жүрген жауынгер бастығы қанша батырмен өзі де Өсекте байлауға қолға түсіп, қанша жауынгер қырылды. Міне, адам баласы бұзбақ түгіл, шеніне келе алмайтын қамалды бұзып, өзіне қарсы шығатын адамын қырды. Енді аз болмаса, менің басымды алмақ еді. Аты атты адамдардың үстінен қарғып, менің басымды алуға келгенде, жауынгерлердің арасымен қашып құтылдым. Қазақ не айтса да қалған жанның тілеуін тілеп, соның үшін қазаққа елші жіберелі. Бұған кім барсын, — деді қалмақ басшыларымен кеңесіп. «Мөңке шешен барсын» деп ұйғарды Төрехан. Ханның атақты ақыны, шешені еді Мөңке. Мұның қасына үш адам қосып, «Хан жосын» тартуымен жүргізді. Мөңке жолдастарымен қазақ батырларының алдына келіп өздерінше бас иіп, сәлемдеді.

— Ұлы жүздің қолбасшы батырлары мен көп жауынгерлері сіздердің алдыңызға көпшілік Торғауыт қалмақтың атынан және ханымыз Төреханның атынан бас иіп, құлдық айтып, алдыңызға келдік. Атақты батырларымыздың бес сұлу қызын алып, тоғыз тұлпар — қанды атымыз ер-тоқымымен, тоғыз атан түйе, қара кілем жіберді. Кессең, басымыз дайын, құлдансаң, еліміз дайын, аталарымыздан қалған сөз рас екен: «Күндестің күлі де күндес» деген. Қазақ, қалмақ бір кісіден айырмасы — шешенің бөлектігі ғой. Ендеше бізге жер жетпей ме, мал жетпей ме? Мұнда елді қырып әбігерге салған оңды тұрмыс емес, тыныш жатқан елді соғысып азаптағанына себепкер болғанын мойнына алып, Төрехан айтты: «Сондықтан атамыздың айтқаны бар: «Судың кемерін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деген. Атаулы жердің адамдары бес сұлу қыз жібердім, қоршаласып құда болып, құшақтасып дос болалы», — деп Мөңке шешен сөзін бітірді.

Райымбек батыр бітімді қаламай айтқаны:

— Қаза тапқан батырлардың қанын қайтару керек, сонда ғана кек бітеді Төреханның басын алсақ, — деп еді, Ұлы жүздің

батырларының Райымбек батырға өтініш жасап айтқаны: «Ажалды адам үйде отырса да, өледі, халқы үшін еңбек істеп, соғыста шейіт болды. Ақырғы күшті бізге, дұшпанды жеңуге жұмсады. Арманы жоқ, келешек ұрпақтарға ұмытылмайтын ата қонысына ие болатын болды. Мына соғысу жолы жиырма бес жылдай болды. Халық та қажыды. Ақырғы бітім осы болар. Атаң Хангелді батырдан бастап көп батырлар қаза тапты. Біздің елдің жеңуіне көзі жетіп кетті. Енді қалған Ұлы жүзді өздерінің қалаған жерлеріне қоныстандыру болсын. Міне, Төреханмен бітім жасасу», — деді батырлар. Бұл сөзді Райымбек батыр да мақұлдап, елшіге жауап беруге батырлар кеңесіп, елшіні ортаға шақырды.

«Бас қосу орынды. Мөңке шешен, сіздің қалаған жерлеріңіз болсын!» — деді.

Ұлы жүздің батырлары Жаркенттің күншығыс жағы деп айтты. Мөңке жиырма күн уақыт сұрады. Үй тігіп, сойыс дайындау, күтушілермен қамтамасыз етуге деп тіледі.

Ұлы жүздің батырлары бас қосар жеріне де, сұраған уақытты, күніне де мақұлдасты.

Мөңке шешен қош айтып, қайтты. Мөңке шешен:

— Бас қосу, қонаққа мың адам да аз, көп келсеңіздер, көпсінбейміз, жүз адам келсеңіздер, азсынбаймыз, — деді.

Ұлы жүздің батырлары кеңесіп үш жүз адам баруды мақұлдасты. Қолбасшы батырлар онда барғанда келісім бітімді көпке созбай, тез бітіру жайын ойластыруды мақұлдасты. Себебі ауыр жаралылар көп, елге қайтару жағы да тезірек болуын ойлады. Қолға түскен адам, мал-мүліктерді бөлу, бітім артынан болсын деп қабылдады. Райымбек батырдың жарақаты айықпай, көпке созылды. Себебі оғын сорып алып тастайтын Аманжолдың өзі жаралы болып жатыр. Осы халде болған себепті Райымбек батыр бітімге баруға лайығы келмеді. «Көпшілікке өте қажет болса, көрерміз», — деді. Ал Райымбек батыр бұл жарақатты ауырлап отырған жоқ, соғыс десе, әлі де алдымен жүргісі бар. Басқа көп батырлар Райымбек батырға: «Сіз дем алыңыз, өте керек болған күнде өзіміздің батырлар келіп, көп батыр, жауынгерлеріңізбен бірге барасыз», — деп мақұлдасты. Уәделі күнде Ұлы жүздің батырлары үш жүз адаммен жүріп тіккен үйлеріне жақындаған кезінде, Төрехан көп батырларымен алдынан шығып қарсы келді. Төрехан:

— Түбіміз достықпен өтсін. Достық кейінгі ұрпаққа қалсын! — деп Ұлы жүздің батырларымен кезек-кезек құшақтасып көрісті. Төрехан көрісіп болып, жан-жағына қарап:

— Қолбасшы Райымбек батыр қайда, біздің бітімді қаламай ма, елдің достығы мәңгілік жақсылық бітіміне неге келмейді? Біздің тілегіміз — Райымбек батыр қатынасқаны дұрыс, — деп Төрехан тілегін білдірді.

Ұлы жүздің батырлары бұл тілегін дұрыс көрді. Көбі ақылдасып: «Райымбек батырдың халі қалай екен, бірқанша батырларымен Бердіқожа батыр барып қайтсын», — деп ұйғарды да, Бердіқожа жүріп кетті. Бердіқожа батыр келсе, Аманжол оғын суырып алып, іріңді тартып жатыр екен. Батыр сау адамдай болып, қарғып тұрып Бердіқожаға сәлем беріп, қолын алды. Бердіқожа қуанғанынан көзінен жасы ағып:

— Қолбасшы жас бауырым, айықтың ба? — деді.

Райымбек батыр:

— Батыр аға Бердіқожа, жас бауырым Аманжол батып тұрған тікенді алып тастады, — деп қуанышын білдірді.

Бердіқожа батыр:

— Сізді Төрехан өзі, бүткіл халқы сұрайды, баруды қалай кересіз?

Райымбек батыр:

— Мен дайын, — деп жауап берді.

Сол заман Бердіқожа сауыт-сайманын даярлап, атын жабытып, бірқанша жауынгерлер ортасына алып, жүріп берді. Көкойнақ сегіз жасар күйіне келді. Райымбек батыр соғыста жарақат болмағандай түрленді. Төреханға «Райымбек батыр келеді» деп хабар жетті. Қанша батырымен алдынан шығып, ізет жасап, құшағын жазып көрісті. Қайтадан Ұлы жүздің батырлары екеуіне де құрмет етіп, аттарына көтеріп мінгізді. Бұл себебі — Райымбек батырдың оқ жамбасынан тиген, соны ауырламасын және қалмақтар жаралы екенін білмесін деп, Төреханға қоса қорған жасап жүрген еді. Түсіргенде де құрметтеп, аттан көтеріп алып түсірді. «Райымбек батырды көреміз» деп торғауыт қалмағы, көпшілік тілек етті. Бұларға Бердіқожа батыр тұрып жауап берді.

— Райымбек батыр осында болады. Тойдың артынан өз іштеріңе барады, сонда көресіз, сөйлесесіздер , — деп жауап қайырды. Дүниеге қызықпайтын кішіпейілділігі, жан адамға

тура келмес және жолдас сақтауды алғашта ойлаған Райымбек: «кейбіреуді қорқытып алған шығармын» деп, «Адамға бақ қонса да, кішіпейіл мінез-құлқы серік» деген сөз рас екен деп бағалайтын болды. Өз пікірі — Райымбектің алдына соғыста өзі өлуіне разы болатын болды. Соғыста да бірнеше қатарлы жерден алып қалып өзі кетіп, өзі ойрандап келді. Осы табысты, Ұлы жүзге осы бақытты Райымбек батыр алып берді деп есептер еді. Осы соғыста ауыр жаралы болғанда қатты қайғырды. Жамбасынан тиген оқ шықпай, оны алатын Аманжол өзі ауыр жаралы еді. Төреханның бітіміне бара алмауы сол еді. Төреханның сұрауы бойынша Райымбек батырдың бітімге қатынасуға шақырып Бердіқожа батырдың өзі баруы — Райымбек батырдың өз көзімен халін білу еді. Оғын «Аманжол алып, секіріп тұрды» дегенде қуанып қалды. Райымбек батыр тұрып келіп қол бергенде, қуанғанынан көзінен жасы тоқтамай аққаны осы еді.

Екі елдің басшылары мейірлесіп, кеңесіп мына төмендегі бітімге келді.

Қазақ қолына түскен мал-мүлік қайтпасын. Екі елдің қолға түскендері еліне қайтуға рұқсат. Қайтпай қаламын деушілерді зорламау, қала бсрсін. Мұның сыртында қазаққа алты батырдың құнын төлеуге төрт жүз жылқы есебімен деп те келісті.

Ұлы жүз батырлары: «Атамекеніміз Құлжаға дейін болсын», — деді. Бұған Төрехан өзі бастап, көп батырлары халқымен шулап бас қосып, тілек қылып жатып алды. Ұлы жүздің батырлары мен жауынгерлері кеңесіп: «Жер шебі — тау жағы Талкыға айқасатын таудан Алмалы суы, Қорғасқа түсіп, тура өтіп, елден Қаракемер, Қарамолаға қосылсын. Мұның күншығыс жағы жоңғар халқына тисін. Күнбатыс жағы қазаққа тисін», — деп екі жағы разыласып, бітімге батырлар, хандар қолдарын қойды.

«Алыс-беріс бір айдың ішінде бітсін!» — деді. Төрехан халқымен тілек етті: «Қашпай, қумай бір жыл мерзім ішінде белгілеген шептен өз еркімізбен өтіп боламыз», — деп тілек етті. Бұл тілегі де берілді. «Енді мұнан былай ел шауып, мал ұрлаушылар болса, өлім жазасына тапсырылсын!» — деп екі жақ қолдарын қойды.

Адамды өткізу, алыс-беріс екі айдың жүзі бір жарым айға созылды. Бұрын балалы болып қалған қазақ әйелдерінен де қалмақта қалды.

Бірен-саран еркектен де қалды. Қазақта көп қалмақтың әйел, еркегі қалды. Атақты Төреханның кішісі Кенжеғұл еліне тірі қайтты. Атақты үш сиқыршы Қапай батырдың бауыры болып, жалайырда қалды. Сол сияқты көп адам қалды қазақта, бітім осымен аяқтады. Ел араласып, алыс-беріс жасап, тамыр, дос болып, татулыққа көшті. Сол кезде Орта жүзде Қабанбай батырдың елі өз тұсындағы қалмақпен жауласып, жер шебін белгілеп алды. Қаракерей, сарыкерей деген Орта жүзден ел кері барып жер алып, сонда қалды дейді айтушылар, сол кеткеннен сол жақта дейді.

Олжаға түскен мал-мүлікті есептеп, өлгеннің құнын шығарғанда, жауынгерлер есебіне алпыс жылқыдан тиді дейді. Олжаға түскен жастарды басшы батырлардың желкесіне берілді. Қолбасшы желкесін қос басына бір жылқыдан жинағанда, төрт жүз жылқыдан асты. Мұны Райымбек батырдың қосына айдап келіп еді, Райымбек батыр бұрынғы бөліс бойынша көп батырларға берді. Бұлар үшке бөліп таратты. Ауылдағы мүгедек кемпір, шал, жетім бала, жесір әйелдер, соғыста өлгендердің бала-шағасына, бұрынғы желке алып келе жатқан батырларға бөлді.

Ұлы жүз жерге орналасуды бұрынғы өздерінің бөлісі бойынша орналасты. Сонымен әрбір батырлар өз жеріне қайтты. Қорғасқа жақын Сатай батырдың бастауымен өріс алды. Осыменен Ұлы жүз кең байтақ жерге ие болып, өрістеп көшіп, мал бағу әдетімен көшіп-қонып жүре берді.

Райымбек батыр Темірлік, Кегеннен келіп өріс алды. Жарақаты жақсы оңалды. Аманжол толық айықты, осымен бірталай уақыт өтті.

Патшадан бірлеп уәкілдер де келе бастады. Ол патшадан келген уәкілдер басшы батырлармен кеңесіп қана кетті. Олардың берген жауабы: «Сіздердің жер шептерің белгіленген, енді ешкім ала алмайды, менен де үлкен ұлықтар келіп сұлтан, би сайлайды», — деп айтып кетті.

Ұлы жүз толық жерге орналасып болды. Алды Сырға дейін, мына жағы Қаратал, Күншығыс жағы Алмалы қырқасы, Қалжат, Сүмбе, Көксу тауға дейін. Бұл жақта қалмақ, қазақ аралас отырды. Мына Қордай көлдің күнгей жағы Қырғыз Алатауының осы күндегі Қызылқия жер шегі, бірақ қоныс аралас болды. Өзбек жағын Хиуаның ханына шектес Шанышқылы Бердіқо-

жа батыр алды. Бірақ Ұлы жүз болып Жетісуға орналасқанмен, әр руға жердің шегін белгілегенмен, руларына қосылмай, араласып отырғандары болды. Бірақ өрісі еркін, молайды. Елдің әдеті там салып бір жерге қоныстанбаған. Жазы-қысы көп мал бағумен күн көрген ел еді. Осы уақытқа дейін мына шекарада қазақ, қалмақ араласып отырар еді. Мысалы, Нарынқол, Шәлкөде, Қалжат, Қорғастың күнбатыс жағында қалмақтар болды.

Қазақтар алды Жұлдызға, Құлжаның басы тауға шығып, теріскей жағы Алмалы, Суасуға дейін өрістеп мал бағып қайтар еді. Сол өрістеп мал бағумен мына қызай деген ел сонда қалып қойды дейді айтушылар. Орта жүзден мына рулар: қаракерей, сарыкерей деген рулар қалды дейді. Кейін патшаның екілі келіп жер шебін белгілегенде, мекендеген өрісінен қайтпады. Оларды «көш!» деп жоңғарлар қоймады.

Ұлы жүзде бұл кезде қарт батырлардың көпшілігі қаза болып, жас батырлар өсе бастаған кезі еді. Осы уақыт Райымбек батырдың жарақаты оңалмауы салдарынан ауырлай бастады. Сонда Райымбек батыр жақындағы ағайын, жолдастарын шақыртып алып:

— Мен көп ұзамай дүниеден қайтуым тура болғалы тұр. Мүмкін болса, Ұлы жүздің батырларына хабарласаңыздар, қош айтқаным дұрыс шығар. Қанша жолы қатерлі қан майданнан аман шықтым. Сол қиян-кескі соғыста аталарым да, қанша бауырларым да қаза тапты. Бүгінде соларды да, Ұлы жүздің батырларының бастарын қоспай, жайбарақат тыныштық, хабарсыз кеткенім дұрыс болмас, қозы аяқтана осында бастарын қоспақпын, осылай хабар жеткізсеңіздер, — деп Райымбек батыр халқына айтты.

Жиналған халық ақылдасып, батырдың мына сөзін естіп, «Ортамыздан батырдың кетуге уақыты жақын болыпты. Бұл айтқанын орындалық, Ұлы жүзге түгел хабарлалық, қазір айтуына қарағанда, уақыт жетеді. Әлі толық үш ай бар», — деп жарамды жігіттерді сайлап, қолдарына хат жазып, Ұлы жүздің ру бастығы батырларға жүргізді. Қастарына жолдас қосып, жарамды ат мінгізіп, көп адамдар жіберді. Бұларға тапсырды тез жетіп, хабарлауды. Көп адам Ұлы жүздің алыс жердегісіне бұрын жетуді қам етті. Бұлар толық бір айда Ұлы жүздің шетіне шықты, Ұлы жүздің көп халқы, батырлары бір-біріне хабарлай-

ды деп, қой коздап аяқталмай жиналып болды. Келгендер батырмен қоштасып, амандасып жатыр. Халық кернеп, көп жиналды. Келгені шетінен амандасып жатыр, көп үй тігіп, кәдімгі соқта қосымен жүргендей тамақтанып жатыр.

Райымбек батыр Бақай батырды шақырып алып:

— Көңілдегі елің, азаматтарың келіп болды ма? — деп сұрады. Бақай батыр:

— Көпшілігі келді, — деді.

— Олай болса, батыр, мені далаға шығар, биік жерге отырып халықпен қоштасайын, — деп айтты. Халықтың ортасына сөре жасап отырғызды. Батырды көргендер кейбірі: «Осымен батырдан ажыраймыз ба?!» — деп көздерінен жасы парлап тұр, халықта қайғырушылар көп болды.

— Ұлы жүздің көп батырлары мен халықтары, менің сіздерге ақырғы жолығуым болу керек. Сіздерге айтарым — мен дүниеден сапар шегемін пәни дүниеден бақи жайға, айтарым, менде арман жоқ, жауын жеңіп Жетісуға орналасып, өріс алғанын көзім көрді. Бұл дәуірді көрмей кеткен батырлар көп, енді қарттар кетіп, жастар өсіп, еліне ие болу — бұрыннанақ Құдайдың жазуы солай, барлығыңа жекелеп қоштасуға уақыт аз, аталарың Ұлы жүз үшін туып, өмірін осы Ұлы жүзді атамекені Жетісуға орналасуға, соның жолында соғыспен, дұшпандармен қарсыласып соғысумен өмірін бітірді. Көбі соғыста қаза тапты, міне, мені өз қолдарыңызбен жөнелткелі отырсыздар. Ал маған рұқсат етіңіздер, ауылда қалғандарға да менен қоштасу сәлем, — деп үйге кіруді сұрады. Бақай батыр, Бердіқожа батырлар көтеріп үйге алып кірді. Аз дем алуды сұрады. Сол мезгілде Ұлы жүздің батырлары, келген халық болып кеңеске кірісті.

Ұлы жүздің батырлары жиналған халықтар кеңесіп, батырды жерлеу, қою орнын белгілеуде Ұлы жүз үшке бөлінді. Бірінші, Албан батырлары мен халқы: «осы қайтыс болған жеріне қоямыз» дейді. «Көп батырлар қаза болған жеріне қойылды. Сондықтан Райымбек батырды да осы қайтыс болған жеріне қоямыз», — деді. Жалайырдың батырлары, келген адамдары: «Жоқ, олай болмайды, себебі бұрынғы батырлар көбі соғыста қаза тапты. Қысталаң уақытта алысқа апаруға мүмкіндік жоқ уақыт еді. Бұл күнде олай емес, халық кең, бейқұт уақытта жаудан құтылып, ел жайбарақаттыққа келіп тұрған кезі. «Ба-

тыр дүниеден қайтса, қайта айланып келмейді. Жауласқан ел қайта бас көтермейді деуге болмайды. Сол себепті жауласқан елдің жер шебіне — сүйегін қойғызуға, Қараталға қоюға рұқсат етіңіздер», — деп басқа Ұлы жүзден тілек етті.

Дулат, шапырашты, сарыүйсін, шанышқылы, ысты, ошақтылар батырдың көп еңбегі сіңген алғашқы жас кезіндегі босатқан жері еді. Қастекке қоюға Ұлы жүз батырларынан сұрады.

Бірі-біріне келіспей отырып еді, Бақай батыр Ұлы жүздің батырларына, жиналған халықтарына ұсыныс жасады.

— Сіздерге лайық келсе, Райымбек батырдың өзіне кеңесімізді айтсақ қайтеді, — деді. Сонда кей адамдар айтты: «Өзі қоштасып жатқанда, қалай айтуға болады?» — деді. Көп батырлар өзіменен ақылдасуды мақұл көрді. Осы сөзді мақұлдап, келісу сөзін естіп шығуға үш жағынан үштен тоғыз адам батырдың үстіне кірді. Бұлар келісіп Райымбек батырға айтуға Бақай батырға сөз берді. Бақай батыр Ұлы жүздің пікірлерін толық түсіндірді үш жерді көрсетіп отырғандарын.

— Жан серігім Ұлы жүздің батырлары, сіздерге айтарым, арғы атам Сырымбет батыр, бергі атам Хангелді батыр дүниеге келгеннен Ұлы жүз үшін туып, Ұлы жүз үшін еңбек істеп, өмірін өткізді. Солардың жолымен мен де тудым. Ұлы жүз үшін еңбек еттім. Бұрынғыдай соғыс уақыты емес, халық жайбарақат. Соның үшін менің сүйегімді қайда қоюын Ұлы жүз білсін. Жанталаспаңыздар, бірақ мынаны ескеріңіздер: Алматы — Ұлы жүздің ортасы, Кең жайлауың — Қарқарасы. Ұмытылмайтын Алматы — судың басы, ақылдылар, айтарым осы, — деді Райымбек батыр. Райымбек батырмен халық қоштасып болды, сонда Райымбек батырдың тоғыз ұлы бар екен. Алды ержеткен, арты жасы кіші әйелінде, басында үй де, жеті асқан қазан-ошағы да жоқ екен. Бар малы бір ат, бір атан түйе, бір саулы інген түйесі бар екен. Жауға асынар құрал, сайманы түгел екен. Сонда мына әйелі Райымбек батырмен қоштасып отырып айтқаны:

— Батыр, менде бір арман бар, — дейді. — Арманым, сізден шаңырағы бар үй де қалмай барады және сізден қалды деп ұстайтын қазан, ошақ жоқ, — деп арманын айтты.

Райымбек батыр сонда Ұлы жүздің батырларынан сұрады:

— Менің жайым қай жер болды? — деді.

Бақай батыр:

— Келістік, Алматы суының күн батысы болады, — деді. Осы батырларды, алдына бәйбішесін қосып, тоғыз ұлын шақыртып алды. Сонда мына балаларына:

— Менің жолымды ұстап, Ұлы жүзге қызмет етерің бар ма? — деп сұрады. Қожағұл сонда тоғыз жастағы кезі екен, ұшып тұрып:

— Мен сіздің жолыңызды ұстап, Ұлы жүзге қызмет істеймін, — деп қолын қусырды. Сонда Райымбек батыр бәйбішесіне айтты:

— Менен қалған мұра мынау емес пе, сіз, бәйбіше, менімен бірге жауға бардың, дұшпанды жеңгеңде бірге болдың, арман етер жеріңіз жоқ, — деді.

Ұлы жүздің батырларына айтты:

— Мені қойғанда, жерді терең қазсаңыздар дұрыс болар. Себебі түрлі заттар шығуы мүмкін, бәйбішеге бір белгісін алып келіп берерсіздер.

«Менің сүйегімді көк шөпке орап, қапқа орап тігіп, ақ атаныма артып алып барғайсыздар. Қынжыла қоймасын халық. Ақ атанымды сойып жеңдер, басын қойып кетерсіздер, — деп Райымбек батыр қош айтып, жүзін сипап, қаза болды.

79. Балағаз батыр

Еламан баласы — Тұрсынбай Едіге баласы Шоңның заманында «Ащы» деген өзеннің бойында, «Күңгірлек» деген күзекте отырғанда, Жанқозы жылқысын жау алды. Сонда айтып алыпты:

— Қарашорыңмын, Құдайдан соңғы зорыңмын: Таубай, Борай, Балағаз! Мына менің атым — Балағаз батыр. Шоң мен Тұрсынбайыңа сәлем де! Ертең Найзақараның түбінде төрт ту бие сойып тосамын, дәмесі болса, келсін, жылқысын айырып алсын! — деп.

Ол заманда Олжабай батырдың өліп, Жанқозы деген елдің қараң болып қалған күні екен. Тұрсынбай мен Шоң Олжабай батырдың тұңғышы Есенаман батырға кісі шаптырды:

«Бұл екеуміздің батырлығымыз, билігіміз қазанның басында, қатынның қасында ғана отырғанда еді. Кеше әкесі үш

жүзге ұран болған ер Олжабайдың баласы еді. Ту ұстап, тұлпар мінгеннің тұқымы еді. Бара көрсін, мына малды жаудан айыра көрсін», — деп.

Сонда Есенаман аттана шауып: «Есенаман! Есенаман!» деп жетіп барғанда, Балағаз батыр доп қаққаннан оңай қағып, Есенаманды мұрттай ұшырып, найзасымен батыра тіремей, қалыпты шаншып тұрып сөйледі дейді:

— А, ит, Құдай сенің аузыңа «Олжабай» атын салмай, шайтан-ау, сені «Есенамандатқан!» Егер сен: «Олжабай, Олжабай!» деп келсең, біз тағалы торы тайыңа тимей, беріп кететін едік, неге десең, әкең Олжабай батыр: «Олжабайлап» тиіп, біздің Қарашордың жылқысын түп көтере алып жөнелгенде, он екі жасар бала күнім, «Мен — Балағаз!» деп қуып жетіп, алдын орап, сәлем беріп едім. Сонда:

— Уағалайкумассалам, жолың болсын, балам, — деп еді.

— Атың шыққан ер едің, «жолың болсын!» деген лепесің маған қабыл болсын, — деп жылқы айырумен жұмысым болмай, тойып қайтып кете беріп едім. Сол Олжабайдың батасымен Балағаз болып, өмір бойы пендеден бетім қайтқан жері жоқ еді. Осы өзіңді аман-есен тастағаным да әкең Олжабайдың аруағын сыйлағандығым. Болмаса сені мен не аман-есен тастайын, — деп, Есенаманды өлтірмей, тірі қалдырып, жылқыны алып кете берген.

Сол малдың артынан Қаржас Айту, Байтуды ертіп алып, Шонты-Қосқұлак Андрей молданы ертіп алып, Торайғыр қасында, қосшы-қолаңшыларымен барған. Барған соң Таубай, Бозай, Балағаз батырлар: «Атыңа-тай, тайыңа қой алсаң, бітім береміз. «Жоқ, тұяққа — тұяқ, құлаққа — құлақ аламыз» десеңдер, бие — кәрі де, құлын — жас, еліңе барып, жасанып кел де, ала бер, қолың бос, ізіңше қайт та, жүре бер! — деген.

Сонан соң Айту, Бату Шонтыны оңаша алып шығып, сөзге түсіріпті:

— Қой болар, қозы болар, келер жыл дәл өзі болар. Биыл ұрғашы тай алып кетсек, бір-екі жылда құлынды бие болады. Өкпелегенде, не қылмақшымыз? Ауылда айырып ала алмай қалған малды қолынан бергенін алмасақ, жолынан қалай алмақшымыз?! — деген соң, Шонты Еламанға қараған

малға, айтқанына көніп, айдауына жүріп, бітім алмақ болды. Торайғыр:

— Осы Шонты не қылса, біз де соны қылайық, — деген екен. ҚосбұлақАндрей молда басы қақиып алып:

— Айтқанға «болады» деген не? Бермесе, бермесін, ақыретте аламыз, — деп, болмады дейді.

Сонан соң бұл жолаушыларды екі бөліп, күтпекші болды. Айтқанына көніп, айдауына жүрген Шонты мен Айту, Байтуды ақбоз үйге кіргізіп, аппақ майды жегізіп, күйеу, құдаша сыйлап, Қосқұлақ Андрей молда мен Торайғырды қара құрым үйге кіргізіп, жылқының қара құмақ тезегімен ыстап, білгенінше қинады, сөйтті де оларды қайырып жіберді:

— Бар, жеңген жеріңде аласың! — деп.

Сонан бұл күнге шейін бір тал қылын да көре алмай кетті Шонты мен Айту. Байтуға тұяғын түгел борыштай қылып, атына — тай, тайына қой төлеу беріп және бұларға риза (ырза) болғандығы сондай:

— Сендер біздің тілімізді сыйладың, айтқанымызға көндің, айдауымызға жүрдің, басымызды сыйладың! Біз де оның қадіріне жетейік, келген жолдарыңа екі қыз сыйлаймыз: бірін жұдалымыздан береміз, жұдалыңа қос, бірін жұрынымыздан береміз, жұрыныңа кос, — деп, екі қыз беріпті. Бірінің аты — Жібек, оны аталы, текті жерінен берген. Бірінің аты — Жанбике, оны құл-құтаннан берген.

Елге алып келген соң Төлебайдың тоқалынан туған Елкелді батыр сынап:

— Мына Жібек деген бала жібек десе, жібек екен. Мұны, Шонтыжан, өзіңнің бірден соңғы балаң Байбақыға қос, бабам Төлебайдың дүкенін ұстайтұғын бала туар, — деп, Байбақыға қосыпты. Сол Жібектен туған бала кешегі көз алдымызда өткен Құлмұхаммед ұста. Оның баласы — Жәми, оның баласы — Мәншүк. Ұсталық мирасы (мұраты) бұл күнгеше үзілген жоқ.

Жанбикені Темірбай дегенге қосты, онан туған Асылбек, Әлжаппарды жұрттың көзі көрді. Бұл Жанбикенің өзі баяғы Есен тентектің Қожан тентекке берген Жолдыбай құлдың қызы екен.

80. Байқозы батыр тапқырлығы

Тарақты-Байқозы ірі атақты кісі болған адам. Бір жылы жұт болып, жылқысы ығып, Ертістің мұзына барып бір-ақ тоқтапты. Байқозы жылқымен бірге Ертіске түседі. Жылқысын тоғайдан қайырып, күн ашылған соң, еліне қарай айдайды. Кешке жақын қонуға бір бәсентиіннің үйіне сәлем беріп, кіріп келсе, төрдің алдында бір ақсақал отыр, жас шамасы сексеннен асқан сияқты, оң жақта сүйекпен оюлаған ағаш кереует тұрады. Соның алдында қолында домбырасы бар, үкілі кәмшат бөрік киген, үстінде бүрмелі етекті ақ көйлегі бар бір қыз ән салып, өлең айтып отыр екен.

Байқозы кіріп келгенде, қыз әнін тоқтатып, домбыраны жүктің үстіне қойып, қонақтарға әбден иіліп орын береді. Ақсақал жөн сұрап:

— Жылқыны қай жерден ықтырдыңыз? — дегенде,

— «Жалған» деген жерден, — дейді Байқозы. Бұл сөзді естіген қыз:

— Ауылың, елің жалғанда,
Жалғыз жарың қалғанда,
Жылқымен ығып жүргенде,
Қойнына біреу барған да, —

дейді. Байқозы:

— Бедіректі бетпақтың
Бадырайтып айтқан сөзін-ай,
Ұялмай-ақ атасының жүзінен-ай!
Кім қолмен басады дейсің, шырағым-ай,
Құдай нәсіп бермесе,
Көт иесінің өзіне-ай! —

депті. Әкесі:

— Қарағым, жеңдің, шапан жап! — деген екен.

81. Тарақты Байғозы батыр туралы

Ресейден қашқан торғауыттарды қуалаған қырғыздар (қазақтар) ашық далада дамылдап, қазанға сүрленген жылқы етін асып, торсыққа құрт езіп, күні бойына нәр болатындай етіп таңғы астарын ішіп отырады. Бір шатырда Абылай, келесіде өзінің тәкаппарлығымен танымал арғын Шақшақ Жәнібек батыр отырады. Батыр насыбай атып отырғанда, бір жас қырғыз жігіт шатырға келіп, атынан түспей қолын созып: «Жәнібек батыр, шақшаңды таста!» — дейді. Жәнібек оған еш назар аудармайды, бірақ оған өзінің менсінбегенін көрсетіп, асықпай шақшасындағы қалдықты қызыл етігінің өкшесіне қағып, баптап қалтасына салып қояды. Көп ұзамай жасақ қозғалып, әрбір ру өз туының астына жиналады, батырлар садақ-жебелерін асынып, шеңбер құрып ханды қоршап тұрады. Кеңесіп, жаудың көптігіне қарамай, шабуыл жасауға шешім қабылданды. Бірінші қарауыл жіберіп байқап алмақ үшін еріктілерді шақырады, алғаш болып бағанағы Жәнібектен шақшасын сұраған жігіт шығады.

Шолғыннан оралған соң, Жәнібектің сұрағына жігіт: «Аз да емес, көп те емес» деп жауап береді. Шабуыл басталады, қалмақтардың саны он мың, қырғыздар көп шығынға ұшырап, ақыры шыдамай қашуға мәжбүр болады. Ең алдыда ту ұстаған, қара атқа мінген ұзын бойлы қалмақ, қырғыздардың қатарына кіріп, бірнешеуін аттан түсіріп кетеді. Жәнібек те шегінгендердің арасында болып, қатты қапаланып, бар дауысымен: «Әттең, мына дүлейді өлтіретін қырғызда бір азамат тумағаны ма?» — деп айғай салады. Осы кезде бағанағы жас жігіт садағын қолына алып, бар күшімен тартып, көздеп тұрып жіберіп қалады. Жебе зулап барып тура тағдыр-тесікке қадалып, қалмақ жерге домалап түседі. Жас батыр жебесінің дәл қадалмай ирек жасағанына өкініп: «Бұл өзі Алланың назарындағы біреу болды ғой», — дейді. Батырларының өлімін көрген қалмақтар абыржып қалады, осы сәтті пайдаланып қырғыздар қарсы соққы беріп, жеңіске жетеді. Сонда Байғозы (бағанағы жас қазақ) шақшасын атып Жаныбайға жақындап: «Батыр, енді міне шақша атуға болады», — дейді. Тарақты Байғозы батырдың есімі елге осылайша танылады.

82. Байғозы батыр

Хантауындағы бекінген Үсен-Серен деген қалмақ қонтайшысының шапқыншылары Арқадағы қазақ ауылдарының адамдарын байлап, малдарын айдап әкетіп, маза бермейді. Сонсоң Байғозы батыр мен Керей Жарылғап батыр Көкшетаудағы Абылайға барып, жағдайды айтыпты.

— Хантауында қалмақтың күшті қарулы әскері жатыр. Оған тиісу үлкен соғысқа ұласады. Одан гөрі шағын қолмен қалмақтардың ордасын қамап алайық. Қолды дұшпанның көзіне түсірмей, соған кім бастап барады? — депті Абылай хан.

— Көзге түсірмей мен бастап барамын, — дейді Байғозы.

Абылай хан үш жүз кісілік қолымен Арқадан аттанып-ты. Әскері бірінің артынан бірі түнде жүріп, күндіз жатады. Жарылғап батыр — әскердің алдында барлаушы. Байғозы батыр артында бакылаушы болып, қолды Хантауында бейқам отырған қалмақ ордасының үстінен түсіріпті. Абылай хан қалмақтың қолбасшысы қонтайшының үрейін ұшырып, айдап әкеткен адамдарын, малдарын қайырып, қонтайшы айыбына ханға қызын береді. Бұдан былай бір-біріне тиіспеуге бітім жасап қайтады.

«Қазақтың ордасы Ұлытауға қалмақтар келді» деген хабар Байғозыға жетеді. 1743 жылы Байғозы батыр сауыт киімдерін киіп, қолына шашақты найзасын алып, жасақтарымен Ұлытауға аттанып, қалмақтарды жеңіп қайтқан. Ел арасында Байғозы батыр туралы:

Тарақтыда Байғозы,
Бұ да асқан ер еді.
Ел шетіне жау келсе,
Мен барайын дер еді!

Байғозы батыр — қазақ халқының тарихындағы ірі тұлғаның бірі.

83. Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме

XVII-XVIII ғасырларда бұл төңірек Қоқан ханының қоластында болған екен. Қоқан әкімдерінің бұйрығы бойынша сол жердің тұрғындары күн сайын салық ретінде бір қыз және бір түйе жоңышқа мен астық әкеліп әкімдерге тапсырып отырған. Бұл кезек Түлкібай үйіне де жеткен. Түлкібай — Алаша руының ел намысын қорғайтын батыры болған. Қоқан уәзірлерінің бұйрығын орындауға келген жендеттерді Түлкібай қайтарып жіберген. Қарындасын және өзіне тиесілі салықты «өзім апарамын» дейді, бірақ ол таң сәріде сауыт-саймандарын асынып алып, ордаға жалғыз өзі келеді. Бұл ордада Түлкібай батырдың Қоқан хандығына сатылып кеткен ағасы болған. Ол дарбазаны ашып Түлкібайдың ордаға кіруіне мүмкіндік береді. Ордаға кірген соң Түлкібай әкімдерінің барлығын өлтіреді, бірақ сол әкімдерінің бірі қашып құтылады. Ол қашып, Қызылордаға барып хабар береді. Бұл кезде Түлкібай елінен пана іздеп, басқа жерге қашып шыққан еді. Қоқан ханының уәзірлері Түлкібайды Қармақшы көпірінің тұсында тұтқынға алып, басын шапқан. Содан олар Түлкібай батырдың басын найзаның ұшына іліп, еліне көрсетпекші ниетпен алып келген. Бұны көрген жары дауыс шығарып жылайды. Сол мезетте батырдың шешесі былай деген:

— Қарағым, босқа көз жасыңды сарқыма. Ол — жері үшін, елінің намысы үшін құрбан болған батыр. Өзі өлгенмен де, ерлігі сақталады, — дейді.

Қалмақтар Қызылордаға кеткен соң, қазақ жігіттері Түлкібай батырдың кегін алуға аттанады. Ордаға жетпей қалмақ (қоқан) жендеттерінің күл-талқанын шығарған.

84. Саркөз бен Жәнібек

«Ұлы жүз Үйсін Саркөзге бағынады, Саркөз қатынға бағынады». Осынау мақалдың шығуына мына оқиға себепкер болған. Құба қалмақ заманы бір соғыста Ұлы жүздің Саркөз батыры қалмақтың қамалын бұзып, ерекше ерлік көрсетеді. Майдан аяқталып, әр елден жиналған батырлар жер-жеріне тарқай бастайды. Саркөздің қайратына риза болғандардың біреуі

Орта жүз Арғын руынан шыққан Шақшақұлы Жәнібек еді. Ол Саркөзді ауылына қонаққа шақырып, неше күндей сый-сияпат көрсетеді. Төс соғысып дос болады.

«Еруліге қарулы» деген қазақ әдетінше Саркөз де өз тарапынан қонаққа шақыруы керек емес пе? Бірақ ол өйтпеген. Қоштасарда Жәнібекке мына бір шумақ өлеңді айтқан да кеткен:

— Хан алдына барғанда,
Хан кеспеді тілімді.
Халық алдына барғанда,
Халық таппады мінімді.
Өз үйіме барғанда,
Итке берсін күнімді.

Бұл жұмбақтың шешуін табу үшін Жәнібек батыр келер жылы сол уағында қасына жолдас-жораларын ертіп, Ұлы жүз еліне аттанады.

Жолшыбай Жетісудан өткен соң малы қалың бір ауылға кезігеді. Қойшыдан сұраса, Саркөз батырдың бір баласының ауылы екен. Осы жолы жолаушылар он сегіз ауылдың үстін басып өтеді. Сұрастыра бәрі де Саркөз батырдың балаларының ауылы екен. Ақырында бұлар Саркөз батырдың өз ауылына жетеді. Ордадан жарты шақырым мама ағашқа аттарын байлайды. Жәнібек күн салып қараса, ақ орданың алдындағы оты жағулы тай қазанның басында біреу жүр. Сырт тұлғасы Саркөзге ұқсайды, төрізі құрт қайнатып жүрген сияқты. Қолында былғауышы бар. «Қой, — дейді Жәнібек іштей, — соған ұқсас басқа біреу шығар. Еркек адам әрі батыр адам құрт қайнатып неге жүрсін?» Алайда, Жәнібек қателеспепті. Жақындап келсе, Саркөз екен үстіне тайжақы киген. Басында бөрік, қолында құрт былғауыш. Сондайдан Жәнібекті тани сала құшағын жая ұмтылады. Екі батыр төс соғысып амандасады. Есендік-саулық сұрасады.

Сол мезетте ақ орданың ішінен күндей күркіреген дауыс шығады:

— Ау, мына қазанның түбі күйіп кетті ғой. Келген қай немесі, алжыған шалдың оған жүгіргені несі? — деп, аузынан ақ ит шығып, көк ит кіреді.

Төбеге ұрғандай тоқтап қалған жолаушылар есік жаққа аңтарыла қараса, ақ үйден маңқиған бір бәйбіше шығып келеді екен. Өзі — ажарлы, сұлу. Жәнібек түкке түсінбей Саркөзге қарайды. Саркөз кібіртіктеп жерге қарайды да бәсең үнмен:

— Батыр, былтырғы айтқан сөзім есіңде шығар. Сондағы жұмбақтап, ишаралап айтқаным осы еді. Айтшы, бұған не дауа бар? — дейді. Сонда Жәнібек батыр қылышын қынабынан суырып алып, «мұның дауасы мынау» деп, басын шауып тастайды.

Сол бәйбішенің құны үшін Жәнібек батыр үйіндегі қарындасын Саркөзге қалыңсыз ұзатыпты. Жоғарыдағы мақал осы оқиғаға байланысты шыққан.

85. Түгел батыр

Түгел батыр қатысқан бір соғыста жоңғарлардың быт-шыты шығып, жаудың мал-мүлкі олжаланып, адамдары тұтқынға түседі. Мол олжаның ішінде қалмақтың атақты бір бегінің бойжеткен сұлу қызы да бар екен. Ондай текті сұлуды батыр өзгеге қия қойсын ба? Әрі бай, беделді, әрі асқан батырға неше әйел алса да айып па? Тұтқындағы қызда билік жоқ. Бұған дейін бірнеше әйелі болса да, мына сұлуды да әйелдікке алуға батырдың көңілі кетеді. Ал қыз болса, көнгісі келмейді.

— Менің жаным соғыста өз қолыңнан мерт болған туыстарымнан артық емес, — дейді қыз. — Менің де басымды шауып тастай сал!

Батырдың сөзі де көкейге қонымды:

— Сен жассың, сұлусың. Біздің елден де лайықты серік тауып, бақытты өмір сүру мүмкіндігің бар.

— Бұрын мен кім болсам да, қазір тұтқынмын. Ертеңгі күнім — күңдік. Бауырларымды жайпап салған жау қолында күң атанғанша, өлгенім артық.

Текті жердің қызы екен. Мейлінше намыскер, сұлулығы — анау. Бұндай қыр әрбір батырдың-ақ асыл арманы болар. Түгел батыр да бұл қызды қандай жағдаймен болса да өзіне жар етуге бекінеді. Өзінің ыстық ықылас-ниетін, махаббатын білдіреді.

Түгел батыр жайында қыз бұрын да естіген екен. Өз халқының асқан батыры ғана емес, ақыл-гөй көсемі де. Дәулеті де

мол, сымбаты да көз тартарлықтай. Бұндай ерге серік болу әрбір сұлудың асыл арманы шығар.

— Онда былай болсын, — дейді икемге келгендігін білдіріп қыз. — Тек менің дәрежем өзге әйелдеріңнен кем болмасын. Өзіме жеке үй тігілсін, өзімнің көмекшілерім болсын. «Күң», «тұтқын» деген масқара сөзді естімейтін болайын.

Батырдың әйелі әлденешеу. Оған қарамай, осыған екеуі уәделеседі.

Ал қыз болса:

— Бұл уәде бұзылса, мен елімді табамын, — дейді. Оған қарсы болмайсың. Бұған батыр келіседі. Қыз мұсылман дініне кіреді. Некесі қиылып, оған қазақша «Қаракөз» деп ат қойылады.

Арада біренеше жыл өтті. Қалмақ бегінің қызы тектілігін көрсетті. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жақсы меңгерді. Ізгілік, адамгершілік, әділдіктің өнегесін танытты. Батырдың ықылас, ниеті осы тоқалға ауып бара жатыр ма қалай? Өзге әйелдерінің кейбірі қызғанғанымен, күндегенімен қолдан келері жоқ, ретін тауып араларына от тастамаса...

Ақыры Қаракөзді оңдырмай мұқатудың реті келіпті. Батыр ұзақ күндер жорыққа жүріп ауылына оралғанда, әйелдерінің алдынан шығып аттан түсіріп алуы әдетке айналған ғой. Бірде өзге әйелдері алдынан шыққанда, ішінде Қаракөз жоқ екен. Оған хабар тимесе керек. Бірақ батырға басқаша жеткізілген бе, әйтеуір Түгел іштей ызаға булығыпты.

Кешірек хабарланып, Түгел түскен бәйбіше үйіне кейіндеу жеткен Қаракөздің басына ақыр заман орнағандай болады. Оның тексіз халықтан шыққан «надандығы», «күндігі», «семіздікті көтере алмаған» ақылсыздығы бетіне басылса керек.

Бұл кезде Түгелдің Қаракөзден туған ұлдары үшеу екен. Соңғысы — емшекте. Қанша жәбірлегенімен, үш балалы әйел елін табуды қаперінен шығарған болар деп ойласа керек батыр. Әйелінің ар-намысы, өз еліне, өз халқына деген сүйіспеншілігі атақты жұбайынан да, өзегін жарып шыққан перзенттерінен де жоғары екен деп ойласын ба?

Таңертең батыр ұйқыдан оянса, Қаракөз үйінде жоқ болып шығады. Кеш бойы үш баласымен қоштасқандай, беттерінен кезек-кезек сүйіп отырып, ұйықтатыпты да, түн ортасы ауа буып-түйген азық-түлігін желмаяға теңдеп, өз елін бетке ұстап аттанып кетіпті.

«Ашу — алдында, ақыл — соңында». Кеше кешке ашу үстінде тым артық кеткенін түсінбесін бе? Түсінді. Айтылған сөз — атылған оқ. Ол енді орнына келмейтін жайт. Бес-алты жыл серік болған әйелінің сыры өзіне мәлім. Ойланбай істемейді, беттегенінен қайтпайды. Дегенмен қуып жетіп, тілдесіп қалу жөн.

Бәйгеде алдына қара салмаған, қуса жететін, қашса құтылатын жүйрік тұлпарын батыр оңтүстік батысқа қарай көсілтті. Бағыты мәлім, желмаяның да жүрісі суыт. Дегенмен батыр оны тоғыз жолдың тоғысатын тұсында қуып жетіпті. Осы жерде Қаракөз желмаясын тыныстатып бір төбенің үстінде отыр екен.

Батырдың оны өзі жорыққа аттанған үш-төрт айдан бері көріп тұрғаны осы. Өңі сәл жүдеулеу тартқанымен, тым ажарлы. Қарақаттай қара көзіне жас тамшысы үйірілгенімен, байсалды қалпын сақтап, ішкі сезім толқынын білдірмеуге бел байлаған. «Неткен намыскерлік, өжеттік» деп ойлайды батыр. Кеше істің ақ қарасына жетпей, орынсыз «жерден алып көрге салғандай» әбестік жасағанына өкінеді.

Алғаш Қаракөзге көңіл білдіргенде не деп еді? «Уәде — Құдай аты». Бұл уәде әлдеқалай бір ездің аузымен емес, ердің аузымен, қазақ батырының аузымен берілді емес пе? Не болды? Қой, мен әлі де болса ерлігімді танытайын деп түйді батыр.

— Мен сені қайткенде де қайтарып әкетейін деп келгенім жоқ, — деді Қаракөзге, амандасқаннан кейін сабырмен батыр. — Көңіл күшке бағынбайды. Ашуға дес беріп, ағаттық жасағаным рас. Өкпең сол ма? Әлде басқа ма? Тілдесіп қалайын, — деп келдім.

Батырдың өзін құлай сүйетінін Қаракөз білетін. Сондықтан да оны өзге әйелдері жабыла күндесе де, кекету, өсектеу сияқты пәле-жаланың бәрін оған үйіп төксе де, Қаракөз елемей, тек Түгелдің өзінің әділдігін, адамгершілігін, өзіне деген ілтипатын бағалағандықтан бәріне көніп, төзіп жүре беретін еді.

Қаракөздің ата-тегі — батырлық пен бақ-дәулет қатар қонған атақты адамдар. Нағашы атасы көріпкел ірі бақсы еді. Табиғаттың ерекше қасиеттері дарыған сол нағашысы сияқты Қаракөз де көріпкел, сәуегей, азаттық пен еркіндікті сүйетін айрықша тұлға еді. Оны үш баласынан, атақты жұбайынан, бес-алты жыл бауыр басқан ортасынан ажыратып әкетіп бара жатқан тылсым күш бойындағы осындай қасиеттер болатын.

Соңынан қуып келген Түгелді Қаракөз байсалды қалыппен қарсы алыпты.

Қазіргі ұрпағына белгісіз бір төбешіктің басына отырып, атақты батыр мен парасатты сұлудың аузымен айтылған ұлағатты сөздері бірнеше ғасырдан кейін үрім-бұтағы қайталап жүретін өнегеге айналатын бұлар қайдан білсін.

— Уәдеміз бойынша, — дейді Қаракөз жайлап қана, — менің күндігіме, тұтқындығыма жетіп жәбірлеген жағдайда елімді табуға тиіс едім. Уәде бұзылды, мен кеттім. Мені ата-бабаларымның аруағы шақырып тұр. Менің де туып-өскен елім бар, жерім бар, туған-туысқандарым бар. Бәрі де жүрекке қымбат, көзге ыстық. Түгел батыр оның осылай дейтінін сезген. Қалмақ жеріне тұтқын болып барып, еріксіз тұрмыс құрған қазақ қыздарының да талайы қашып, елін тапқан. Оларға елі дән риза болып, құрмет көрсететін. Туған жеріне шын берілген асыл перзенттер, міне, осылар. Ендеше қалмақтың бұл әрекетін неге сөгеміз?

— Ал менде қалған перзенттеріңе жүрегің ауырмай ма? Батырдың соңғы әрі салмақты сауалы осы болды.

— Ауырғанда қандай. Соларды өзіңе аманат етіп тапсырып кетейін деп тостым ғой. Егер көріпкелдігім алдамаса, бұл перзенттеріме даритын қасиеттерді айтайын.

— Аңқоймасым. Бұл есім оған тегін берілмеген, ол әрі аңшы, саясаткер, еті тірі батырлау болмақ. Шуағым, күннің жайма шуағындай рахатты тыныш өмір сүреді. Құт иесі болады. Ал Таймасым.... Міне, сенің абыройыңды көтеретін, мақтанышыңа айналатын ұлың сол болады. Менен ауысатын көріпкелдік, емшілік қасиет соған қонады. Ол тіпті сасымаған өлікке жан да салатын болуы мүмкін. Менің екінші елім болған қазақ халқына, сол халықтың бір батыры — өзіңе сыйлап қалдырған асылдарым осылар.

86. Итеке батыр

Итеке батыр бала кезінің өзінде-ақ ат құлағына ойнап, құралайды көзге атқан мерген болыпты, күреспен аты шығыпты. Көздері танадай от шашып тұрады екен. Осыдан ба қаймығып, бетіне жан қарай алмайтын көрінеді. Итекенің аулы көбі-

несе құм ішіндегі сексеуіл арасын, жаз Хан тауының бөктерін, кей жылдары Балқаш жағалауын қыстайды екен.

Сол жолбарыспен кездесетін жылы шағын ауыл Балқашты қыстапты. Бұл кездесу былай болған екен. Итекенің жақсы көретін айғыры болыпты. Бір күні таңазанымен тұрып, аттарын көруге қораға барса, айғыры жайрап жатыр. Сөйтсе, жолбарыс жарып кетіпті. Ашуға мінген Итеке сол жерде биесін ерттеп, қамшыдан басқа қару алмастан жолбарыстың ізіне түсіп берді. Осының алдында қарпық қар жауып, күллі аңның ізі сайрап жатса керек.

Итекең ауылдан біраз ұзап шығады. Аз жүрген соң алдындағы ши түбінде бүктүсіп жатқан айбатты аңды көреді. Жолбарыс та аттылы адамды көреді, бірақ орнынан қозғалмайды, көз алмай жата береді. Итекең де жыртқыштан көз алмайды. Ашу қысылған отты көздері ұшқын шашып, жақындай түседі. Бұл жерде күш емес, көз аңдысады. Көзді құдірет тұтатын жүректі аңның жанары сола береді. Осы кезде Итекең жанынан өтіп бара жатып, қамшымен басын ала салып өтеді. Жолбарыс мыңқ демейді. Қайта оралып, биесінен түсіп, жанына келіп қараса, аң атаулыны тітіренткен айбынды жолбарыс сол бүк түскен қалпында жатыр. Бастан тиген қамшы жолбарыстың бас сүйегін қақ айырып, миын шығарып жіберіпті. Білектей боп қамшы ізі және қалған. Бұл Итекең батырдың көп ерлігінің бірі екен.

87. Берден батыр

Жолбарыс, шошқа және басқа жыртқыш аңдар жаңа қонған ауылдың мал-жанына шаба беріпті. Қалың жұрт жолбарыстарды Үшарал жерінен Шу бойына қуып тастау үшін қамысты өртеуге кіріседі.

Бір күні Алтаңатар ауылының Берден деген батыр жігіті қамыс ішінде ұйықтап жатқан жолбарысқа тап боп қалады. Қашып құтыла алмайтынына көзі жеткен ол жыртқышты тарпа бас салады да, тізерлеп басып алқымынан алады. Балғадай берік қол оның мойнын құрсаудай қатты қысқаны сонша, жыртқыш аң аяқ серпе алмай өліп кетеді. Осы кезде қамыс өртеп жүргендер Берденнің мұнысын көріп қалады.

— Тәңірім-ау, мысық па десем, мынау жолбарыс па еді? — депті сонда Берден таңырқаған болып.

Сол оқиға болған жер қазір «Берден батыр шабындығы» деп аталады.

88. Нұрбай батыр

Нұрбай атан түйедей ірі кісі болыпты. Денесіне сай күші де керемет болған көрінеді. Батыр атану үшін, дененің үлкендігі мен күштің молдығы, әрине, аздық етеді. Ең бастысы, ерлік жасайтындай жүректі болу — шарт.

Өмірдеректеріне қарағанда, Нұрбай бабамыз ол жағынан да айтулы екен. Ол ата-бабалар өнегесімен жастайынан ерлік дәстүрлерге сай тәрбиеленген. Ол кезде он үште садақ тартуға жараған ұл жорық атын баптай бастайтын болған.

Нұрбай батыр тік денелі, қимылына көз ілеспес, шапшаң кісі екен. Жекпе-жекте, бір-біріне найза шаншып, қылыштасқан шабуылда ол көз ілеспес шапшаңдықпен оңнан солға, солдан оңға ер үстінен ат бауырына түсіп, дөңгелене айналады екен. Нұрбайдың осы қимылына найзасын кімге түйрерін, қылышын кімге сілтерін білмей, аузы аңқиып қалған қарсыласы жалт бере қашады екен, қашпаса оп-оңай мерт болады.

Ол қазақ дәстүріне сәйкес бозбала шағынан жоңғар қалмақтарынан қазақ жерін қорғау жорықтарына қатысқан.

...Тобылдан ығысқан қалмақтар Еділ мен Жайыққа келіп, Кіші жүз қазақтарына күн көрсетпейді. Есім хан жиырма мың қолды басқарып, Жайыққа аттанады. Қазақ жауынгерлері жоңғарларға қарсы аттанғанда осы сапта он жеті-он сегіз жастағы Нұрбай да болған екен.

Ол кездегі заманның салты бойынша жалпы соғыс басталардан бұрын екі жақтың батырлары үш кезек жекпе-жекке шығарылады екен. Кейбір жекпе-жектер ол кезде ертеден қара кешке дейін созылады екен.

Өкінішке орай, жекпе-жекте қазақтың екі батыры жеңіліске ұшырайды. Қазақ халқының болашағы бір қыл үстінде тұрғанда, он сегіз жастағы ақбоз атқа мінген Нұрбай қалмаққа топтан шыға шапқан.

Сонда топтан шыға келген жас жігітті менсінбегендей қалмақ батыры:

— Алдымда тұрған жас бала,
Бола берме мас бала.
Үмітің болса жаныңнан,
Қарсыласпай, қаш, бала, —

деген екен. Нұрбай жұлып алғандай:

— Төгейін деп келемін,
Кәпір қалмақ, қаныңды.
Жіберуге келемін
Жеті тамұқ түбіне
Бір шыбындай жаныңды, —

дейді. Сөйтіп, шайқас басталып кетеді. Ойрат тайпасы көсемдерінің бірі Қоту-Қойсының інісі Барғай батыр Нұрбайды маңдайынан шаншады. Ал қазақ батыры бұл жолы асқан ерлік жасап, қалмақтың асқан мықтысы, құралайды көзге атқан мергені Барғайды найзасымен өңменінен шаншып, ту сыртынан шығарады. Қалмақ батыры сол жерде өледі де, Нұрбай әрі қарай шайқаса береді. Есім хан анығын білмек болып:

— Нұрбай қай жерінен жараланды? — деп сұрайды. Ханның қасында тұрған бір нөкері:

— Ол тұп-тура маңдайынан жаралы болды, — дейді. Сонда Есім хан:

— Онда Құдай берген екен, даңқты батыр болайын деп тұр екен», — дейді. Бетке ұстаған батыры өлгесін қалмақтың маңдайы тасқа тигендей болып, белі сынып, жалпы соғысқа кірісіп кетеді. Жалпы алғанда қалмақтармен соғыс сексен үш күнге созылды. Оның бір жарым айы жекпе-жекпен өтті. Бұл сол кездегі соғыстың өзіндік ерекшелігі еді.

...Ұлы жорық нәтижесінде Еңсегей бойлы Ер Есім хан Ойрат Одағын екі жүз жылдық соғыс тарихындағы ең ауыр жеңіліске ұшыратты. Есім ханның соққысының ауырлығы сондай — бір байрақ астына ұйысып, үлкен күшке айналған Ойрат ұлысы шылпара ыдырайды.

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Есім хан Нұрбайдың соғыста көрсеткен ерлігіне өте риза болып, қол жайып батасын береді. Хан жас жігітке ақсауыт, дуылға, алмас қылыш, алты қанат ақ киіз үй сыйға тартады.

Қалмақтың Барғай деген батырымен болған жекпе-жек — Нұрбайдың жас кезіндегі алғашқы ерлігі. Сол жағдайды еске салатын:

«Қара қалмақ Барғайдың басын кесіп,
Бақ алған Нұрбай батыр он жетіде жекпе-жектен.
Ерлігі Үш алашқа мағлұм болып,
Ұранға аты шыққан сол себептен», — деген

89. Шерубай батыр

Шерубай Биболдыұлы он жеті-он сегіз жасынан бастап туған жерін қалмақ басқыншыларынан азат етуге қатысып, Отанын қорғауға кіріседі. Ол бірде шаршап-шалдығып келе жатып, бір ақбоз үйге тап болады. Ішінде жалғыз бойжеткен отыр екен. Ол бөтен адамнан сескеніп қалады.

— Менен қорықпаңыз, зияным жоқ адаммын, — дейді оны сезген Шерубай. Сөйтіп, шай қайнатылып, дастархан басында отырады да, оның көзі кереге басына ілінген садаққа түседі. Батыр оны алып көреді де, 1-2 рет шіреніп созады. Мұның бәрін қыз тойдан келген әке-шешесіне айтады. Үй иесі Шерубаймен танысып, қонақ етіп, кетерінде сол садақты сыйға тартып, ат мінгізеді. Сөйтсе, ол садақ қалмақтардан түскен олжа екен. «Сол үшін де иесіз садақты үй иесі Шерубайдың тегін адам емес екенін біліп, тарту еткен» дейді көнекөз қариялар.

90. Жалаңтөс батыр

Қазыбек бидің бес ұлының ортасында ерке өскен ақылды қызы Манқан Жалаңтөсті ұнатады. Қалмақ еліне барған сапарынан мінезіне қанық, батырды жақсы білетін Қазыбек би қызының теңін тапқанына ризашылық білдіреді. Манқан

Жалаңтөстен Бәйгел, Берістен, Белтей, Серке деген төрт ұл көтереді.

Жалаңтөс Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтқан. Баһадүрдің қасында жүріп сан жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландыра білген.

Бір жылы Сарыарқаны емін-еркін билеп-төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға күш жұмсайды. Жауға Түйте, Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төлеңгіт Қасабай, Қожағұл Торақ, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шабуылға шығады.

Осы майдан төсінде Жалаңтөстің көзіне қалмақтың дәл атқан жебесі қадалады. Батыр көзіндегі жебені өзі суырып алады. Бірақ соғысты тоқтатпайды. Қазақ қолы жеңіске жетеді. Жалаңтөстің бір көзі шыққан өзенді жұрт бұдан былай «Соқыр өзені» дейтін болған.

91. Көкбөрі Керней Жарылғап батыр

Байғозы бабамызға Жарылғап батыр жиен екен. Байғозы бабамыздың бір әйелі Жарылғаптың нағашы апасы болса керек. Байғозы жауға тигенде, үндемей тұтқиылдан килігеді екен. Жарылғап аюша ақырып, айдардан от шашырап, жыланның құйрығындай жауға үрей сап, құбыжық болып көрінеді екен. Сүңгіше қадалған көзінен жанып және жаудың үрейін алады дейді. Кейбір дерекке жүгінсек, Жарылғап батыр Байғозы батырдан кіші. Бір деректе былай делінеді: Жарылғап батыр Байғозының ауылына бара қалса, жеті жерден жер ошақ қаздырып, Байғозы батыр құрт қайнатып жатыр екен дейді. — Уа, байеке, жер ошақ күзетіп жүргеніңе жол болсын? Ауылыңнан шөміш ұстайтын қатын шықпады ма? — депті.

Сонда Байғозы:

— Сен екеуімізге қатын-қалаш қайнатқан құрт ас болушы ма еді, — депті. Сонда Жарылғап:

— Қыр астында қысық көз жау жатқанда алты малта ас болған күндерді ұмытып маған не көріпті. Қоржындас болармын, — деген екен.

Хантауында мекендеген Усан Серен деген қалмақ қонтайшысының шапқыншылары Арқадағы қазақ ауылдарының адамдарын байлап, малдарын айдап әкетіп маза бермепті. Сосын Байғозы мен Керней Жарылғап батырлар Көкшетаудағы Абылайға барып жағдайды айтыпты.

— Усан Сереннің бергі жағында әскер жатыр. Оған тиісу үлкен соғысқа ұласады. Одан гөрі шағын қолмен Қонтайшысының ордасын қамап алайық. Соған қолды дұшпанның көзіне түсірмей Бетбақ шөл арқылы кім бастап барады? — дейді Абылай хан.

— Көзге түсірмей мен бастап барамын, — дейді Байғозы батыр.

— Шөлдетпей мен бастап барамын, — дейді Жарылғап.

Абылай хан бес жүз кісілік қолмен Арқадан аттап өтті. Әскері бірінің артынан бірі шұбырып, түнде жүріп, күндіз жатады. Жарылғап батыр әскердің алдында барлаушы, Байғозы батыр әскердің артында бақылаушы болып, қолды Хантауында бейқам отырған қалмақ ордасының үстіне түсіріпті. Абылай Қонтайшының үрейін ұшырып, қан төкпей айдап әкеткен адамдарын, малдарын қайырып, айыбына қызын алып, бұдан былай бір-біріне тиіспеуге бітім жасап қайтады.

Байғозы батырдың жасы ұлғайған кезінде қалмақпен тағы бір қырғын соғыс болады. Қазіргі Мыңбаев атындағы кеңшарда «Сасық жартас» деп аталатын алаңқайда қалмақтар мен қазақ жасақтарының бетпе-бет келген қырғын ұрысы болғаны ел аузында сақталған аңыздардан белгілі. Бейқам ауылды басынып, қалмақтар еркінсіп, ішке ене бастайды. Бірақ Байғозы абдырамай, қолайлы сәтті күтіп, жасағын тау ішіне жасырып, Жарылғапқа хабар жібереді. Тоқа Күшікбай батыр науқастығы салдарынан бұл ұрысқа қатыса алмаған. Қашан да томағалы бүркіттей сергек Жақаң жасағын бастап уақытында жетеді.

— Батыр, қартайғанда еліңді жауға шаптыртып, жайбарақат отырғаның қалай? — дейді Жақаң.

— Сәт аусын, Жарылғабым! Қартайғанда саған бір кереметімді көрсеткелі отырмын, — дейді Байғозы.

Сөйткенше болмай маңайды қара тұман басып, дүниені көрсетпей жібереді. Сол-ақ екен, Жақаң айқайды басып, жауға тиіп кеп береді. Шайқас сәтті аяқталып, қалмақ жасағы ой-

сырай жеңіледі. Шажағай бойындағы сол қырғын болған жер күні бүгінге дейін «Сасық жартас» деп аталады.

Жақаң дүниеден озған кезде тұрғылас ағасы Байғозы батыр: «Жау айбарыңнан ығушы еді. Айбарлы арыстаным-ай!» — деп жылаған екен.

Өзінің көзсіз ерлігінің арқасында Қаракесектің ғана емес, қазақтың Жарылғабы атанған.

92. Ораз туралы

Қарашық шаһарында Жүсіпәлі, Зорасыбан деген ағайынды екі адам Түркістан маңайында болды дейді. Зорасыбаннан Абылайдың шешесі туады. Жүсіпәліден Ораз туады.

Абылай еліне «хан сайламадың» деп өкпелеп астына көк тұлпар ат мініп, елінен қашып шығып кетеді. Артынан баратын адам болмай жалғыз кеткен соң, Абылайдың шешесі төркіні Оразға барып: «Қыздан туғаныңа қиығы жоқ, Абылай қыздан туса, сен ұлдан тудың. Қасына ешкім ермеді, артынан да ешкім бармады. Сен барып алып кел!» — деп Оразды жібереді.

Ораз Абылай мінген көк тұлпар аттың қарындасы көк тұлпар биемен қуып, елдің шетіне шыққан соң қуып жетіп Абылайды «елге қайт» дейді. Абылай:

— Мен елден шықпауым керек еді, елге барудың лайығы жоқ, бармаймын! — деп бетінен қайтпайды. Ораз:

— Мен сені алып қайтуым керек еді, сен қайтпасаң, мен де қайтпаймын», — деп бірге еріп кетеді.

Содан Бұқар, Тәшкенді аралап бір-екі жыл өткен соң, Ұлы жүзге келіп жеткен уақыттарында бір үлкен асқа кез келіп, «әрбір ру бөлек отырыңдар» деп даяғашы айғай салған уақытта болар, қазақ жөнін білмей бір адамнан сұрайды. Ол адам бұларға түсіндіріп, «әрбір руға жол-жол береді» дегенді айтқан соң, бұл екеуі бөлек отырады. Сол уақытта қазақтың бір ақыны жағалап өлең айтып, отырған екі адамға келіп аты-жөнін сұрап, мақтап өлең айтқан. Берейін десе, пұлы жоқ, үстерінде беретін бүтін киімі де жоқ. Басқадан ат алғаннан ат, пұл алғаннан пұл, киім алғаннан киім алып келгенін Абылай көріп отыр. Енді Абылайға жұрт қатарынан қалу үлкен ар болды да, астындағы атын бермек болды. Ораз тұрып:

— Ат берген дұрыс болмас, екеуара қалса да, белді ат қалсын, менің мына биемді бер» — дейді. Абылай:

— Жоқ, нағашы, бие болса да сіздің астыңыздағы атты беру лайық емес, — деп болмады. Өзінің астындағы атын ақынға беріп, екеуара бір биемен Ұлы жүзге келген. Ел аузында: «Абылай Ораз ауылынан көк байталға мінгесіп келген» деген сөздің себебі осыдан қалған.

Төре тұқымдары Ораз ауылын «Бабам ауылы» деп, Оразға Көкшетаудың ық жағынан Бурабайға он екі шақырым жерден қоныс берген. Сұлтанғазы төре келгенде, «бабамның зираты» деп, Ораздың тамына келгенде, қоңырауының тілін байлап, жаяу өткенін сол күнгі ақсақалдар тегіс айтады. Басқа төре тұқымдары да «бабамның зираты» деп жаяу барады екен.

93. Елшібек батыр туралы

Бірде қалмақтар бір үңгірге бекініп алыпты. Үңгірдің аузында сол уақытта атақты қорама қара қаруымен (қалмақтар онымен Ертіс асырып сайғақ атқан) мерген отырып алыпты. Бірнеше батырдың өлімінен кейін ешкімнің баруға дәті бармайды. Осы сәтте Сіргелі Елшібек батыр құлагер атымен қалмаққа қарай жорғалап жөнеледі. Арттағылар: «Бұл да өлді-ау!» деп тұрады. Елшібек оған жақын келеді де, атой салады. Қалмақ білтесін тұтады, мылтық атылмай қалады. Екінші рет дайындап үлгергенше, батыр шауып тастайды.

Кейін одан неліктен жорғалатып барғанын сұрағанда, ол: «Қалмақ менің атымды алғысы келді, сондықтан менің жақын келуімді күтті, ал мен оған жеткенше мылтыққа үлкен күйік жиналып, артынан атылмай қалатынын білдім», — деп жауап береді. Осыдан кейін қырғыздардың арасында «Қорым білтесінің күйігі» деген сөз қалды.

94. Томаш батыр туралы

Орта жүз қырғыздары (қазақтары) қара қырғыздарды шабады. Қырғыздар мұны біліп қойып, соғысқа дайын отырады. Қайсақтар (қазақтар) қашады, жау оларды Ілеге дейін қуып

келеді. Қазақтар өзенді жалдап өтеді. Қырғыз Теміржан батыр шайқастың қызығына беріліп, аз әскерімен Іленің арғы бетіндегі қырғыз жеріне өтіп кетеді. Сонда Қанжығалы Томаш батыр манаптың шағын әскермен шығандап кеткенін байқап кері бұрылып, найзасын бар күшімен аттың кеудесіне қадағанда, ат шоқиып отырып қалады. Манап тез аттан түсіп, Сіргелі Жаулыбай батырға ұмтылады. Қанжығалы Есет досына төнген қауіпті көріп, найзасын сілтейді, манап жерге құлайды. Томаш батыр аласа бойлы, бірақ үлкен жүректі адам болған. Ол аққуды ілген сұңқар тәрізді манаптың үстіне мініп қарнын жарады. Батырдың жалаңаш ақ тәні ақ сазандай далада қала берді (Манап деп қара қырғыздардың ру басын атайды). Теміржан денелі және көрікті аққұба жігіт болған. Қырғыздар манаптарының өлімін көріп, қатты өшігіп, қуғын салады. Аттан түсіп атпақ болған Сіргелі Жаулыбай батыр, артынан қырғыз (қазақ) Үсен батыр мен Алтай, Байғозы батырлар тұтқынға алынады. Жеребе тастап, Байғозы батыр манаптың өлімі үшін құрбандыққа шалынатын болады. Одан «батырды кім өлтірді» деп сұрағанда, «ешкімді айтпаймын» деп жауап берген.

Оны жүзін шығысқа қаратып отырғызып, қырық қадам санап, ұзын мылтықты қара қырғыз қаруын жайлап кезенеді.

Байғозы кейіннен: «Басымды мықтап таңып, мылтықтың атылуын күтіп отырдым, қасыма қаза болған қырғыздың бауыры келгенін байқамай қалдым. Ол маған: «Менің ағам шейіт болды, мен қан төккім келмейді, сен, қазақ, боссың!» — деді. Мен орнымнан тұра алмадым, қаным тоқтап, өн бойымды тер басып кетті», — деп баяндайды. Ол Абылайдың тұтқынындағы Теміржанның бір бауырына айырбасталады. Ал Жаулыбай «құн төлеймін» деген уәдемен босайды. Оған тұтқындағы қырғыз Үсен кепіл болады. Ол қой бағып жүріп, сәті түскенде қашып кетеді.

95. Қанжығалы Айтбай батыр мен Қаракерей Әлдебек батыр

Абылай хан Қасым (Абылайдың қалмақ қызы әйелінен туған) деген баласын орнына хан сайлаймын деп Орта жүздің

беделді билері мен батырларын ордасына жинайды. Сол жиынға Қанжығалы Айтбай батыр, Қаракерей Алдабек, Тәттімбек батырлар үш күн кешігіп келіпті. Сонда шалқасынан менменсіп жатқан Қасым Айтбай мен Алдабек батырға қарап:

— Мына келген қос соқыр кім? — депті (Батырлардың жаумен шайқасып жүргенде көз алдарына түскен тыртық болса керек). Сонда найман ішінде қаракерей Соқыр Абыздың баласы Алдабек батыр:

— Менің атым — Алдабек,
Айтар сөзім алда көп.
Жан-жағыңа қарашы,
Хан жалғыз, қараша көп.
Хан сайласа, Қасым-ау!
Орта жүздің ішінде
Сендей-сендей бала көп.
Шалқаңнан сен жатасың,
Көтерместен басыңды.
Әкең Абылай шақырды,
Хан сайла деп Қасымды.
Ал сайламаймын Қасымды,
Ол болмай жатып,
Ел қорғаны ерлерді басынды,
Әділ болып елді ұстай ма,
Көк долы адам ашулы.

Сонда әбден ашуына тиген Қасым:

— Саған садақтың бір оғы жалынсын, — дейді. Алдабек батырдың сөзінің соңын күтіп тұрған Қанжығалы Айтбай батыр:

— Өй, не дейсің бұл соқырға,
Соқыр білмей сөйлеп отыр ма?
Сөйлемей қалай отырамыз,
Үлкен жиын топырда.
Нағашың — қалмақ, атаң — сарт,
Ойбай, бәләм, құтырма!

Сонда Қасым:

— Басына темір киген мына таз кім? — деп Айтбай батырды сілтеп сұрағанда, Айтбай тағы да:

— Руым қанжығалы болғанда,
Әткелтірдің басы —
Айтбай деген батырмын.
Өз бетіммен келгем жоқ,
Хан сайла деп шақырдың.
Ел қыдырып жүргем жоқ,
Сайлауға келіп жатырмын.
Ел басшысы батырға
Болмай жатып сен ақырдың.
Жылқысын алып бес рет,
Қамалын бұзып неше рет,
Қалмаққа тізе батырдым.
Сен кегін іздеп алғың келді ме
Нағашың қалмақ кәпірдің?

Сонда Қасым:

— Бір жерде бір емес, екі рет сөктің. Садағымды әпер! — деп бұлқынғанда, Айтбай батыр:

— Біз үйде отырып төбелесетін қатын емеспіз, шық далаға жекпе-жекке! — дейді.

Сөйтіп, батырлар тұлпарларына мініп, желіктірме желіспен тұлпарларының бүйірлерін қыздырып, Орданың шаңырағынан жылқының қу тезегін найзаның ұшымен қардай боратады. Белдеуде байлаулы тұрған Қасымның тұлпарының үстінен әрі-бері қарғып өтіп, қан майданға қаһарланған батырларды Абылай хан әзер тоқтатып:

— Уа, Айтбайым, не айтасың? — дейді. Сонда Айтбай:

— Уа! Абылай!
Сен Орта жүзге келген соң,
Жұлдызың туған оңыңнан.
Түйе баққан жаяулап,
Арылдың қалың сорыңнан.
Көкбесті тұлпар мінгенсің
Жәнібек ханның тобынан.

Қалмақты шауып бақ таптың,
Алғашқы барған жолыңнан.
Сегіз құлаш қорғанның,
Ар жағына түстің жарқ етіп,
Қалмақтың жайған торынан.
Көк бесті тұлпар күшімен,
Көк найзаның ұшымен,
Қақпада тұрған көп қалмақ
Қырғын тауып ол қашты.
Қайратыңның молынан
Қамалды бұзған батыр деп,
«Абылай» сонда атандың.
Риза болып ісіңе,
Қаһармандық күшіңе,
Жәнібек хан атамыз
Хандығын берген қолынан.
Бақытың зор адамсың,
Артық туған талантты.
Сайламаймын хан қылып
Қасым деген баланды.
Хан болғанмен, айырмас
Жақсы менен жаманды.
Айырып төре бере алмас,
Адал менен арамды.

Содан кейін Абылай:
— Алдабегім, сен не дейсің? — деді. Алдабек:

— Хан соқыр болса, халқы қор болады,
Қара адам соқыр болса, тәубесі зор болады.
Кіші пейілді, рақымды әкім қойсаң,
Халқына әділшілігі мол болады.
Тәкаппар, кесір адамнан әкім қойсаң,
Халқына бірде ажал, бірде сор болады, —

деп, тәкаппар Қасым қалып, Абылайдың орнына Шоқанның бабасы Уәлиді хан сайлаған екен.

96. Әйгілі Баян батыр туралы

Қашқан торғауыттарды қудалау «Тылдағы жорық» деген атпен белгілі. Бұл жорықта халық сансыз көп болды, басқа батырлардың наразылығына қарамастан, хан тұрған орнынан қозғалмай, батыр Баянды күтті. Ақыры ол бес жүз қырық жасағымен келді де, ханның алдына тұрды:

— Қайда? Не бұйырасың? Барлығын орындаймын. Хан халыққа бұрылып былай деді:

— Міне, менің Баянды күткен себебім осы. Дәл осы уақытта бір күндік жерде бес жүз жасағымен қарауылда тұрған Қанжығалы Жантай батыр қалмақтардың қолынан қаза табады. Бұл оқиға былай болған: Жантайдың бауыры Үйсінбай жер шолып жүріп қалмақтардан үш түйе алады, қайтып оралғанда, інісі Арқандар батыр сауға сұрайды. Үйсінбай батыр оған: «Қалмақтарда түйе көп, қажет болса қолың бар, ауруың жоқ, өзің барып ал!» — дейді. Бұл ауыр сөздерге қатты намыстанған Арқандар батыр ағасына өзінің ержүректігін дәлелдеу үшін жеті жолдасын, атақты Қонайды (Қоянкөздің ұлы) ертіп, қалмақтарды шауып, тоғыз түйе олжалайды. Арқандар батыр жеті жолдасына түйелерді айдатып жіберіп, өзі қуғыншылардың жолын торып тоқтатып, болмаса басқа жаққа алдап әкетпекші болып, артта қалады.

Алғашында жолдастары оның өкшелей келген жауды алдап әкеткенін көреді, сосын ол қоршауда қалғандай болады. Тауға шығып жан-жақтан қоршаған жаудың ортасында қаза тапқан Арқандар жатқанын анық көреді. Жантай батыр өзінің сүйікті бауырының өлімін естігенде, «не өлемін, не сендердің қандарыңды ішемін!» деп ант берген. Аттарды алғызып, бес жүз адамнан құрылған жасақты ертіп қалмақтардың қолына араласады, олар он мың болады. Өлімге бас тіккен қырғыздар (қазақтар) кескілескен ұрыс жүргізді. Қарны жарылған Үйсінбай ішек қарнын киімінің етегіне салып жүріп шайқасып, «Жантай батыр, айтшы, жарылған қарынмен өмір сүруге бола ма?» — деп сұрапты. Барлығы қаза тауып, Жантай мен сегіз адам және ұлы Тоқыш қалады. Жантай аттан түсіп, тізгінін ұлына береді де: «Үйге қайт, сен аман қалмасаң, мен үшін кек алатын адам болмайды», — деп жан тапсырады. Абылай Жантайдың

қазасын естігенде: «Қайрауға көнбеген қара болатым-ай!» деп жылаған.

Барлық әскер Ілеге шоғырланып, қалмақтар келгенше барлық өткелді қоршап алады.

Қалмақтар тоқтап, жеті адам елші жібереді. Олардың бас-шысы қазандай, түлкі тымақ киген ұзын бойлы қара қалмақ жақын келеді, сәлем беріп:

— Алла жар! Мені Ұса мен Серен жіберді, қазақ пен қалмақ бауыр, солай болып қала берейік, ақ үйді тартуға алыңыздар, сонымен татуласайық! — дейді. Хан:

— Жүре бер! — дейді де, батырларын жиып, кеңес қылады:

— Ақ үйін алайық, үміттендіріп, сосын шабамыз. Баян:

— Жоқ! Ақ үйін алмаңыз, алдауға тырыспаңыз, Ұса мен Серен жоғарғы және төменгі Қытайды да алдаған, сені де алдап соғады, — дейді.

Хан екі рет қайталады, ол да екі рет айтты. Бірақ хан өз дегенінде қалды.

Қалмақтар көш жерде (сегіз немесе тоғыз шақырым) тұрды. Екі күн күтті, қалмақтар да жоқ, ақ үй де жоқ, кейіннен олардың кеткенін бір-ақ білді. Баян жанына мың адам алып, қуғынға шығады, оларды Қытайға енгенде қуып жетіп, қырық сажын ғана үлгермеді. Қайтар жолда қалмақтар өлік тастаған суды ішіп, қаратышқақпен ауырып, бәрі қаза табады. Әйгілі батыр Баян осылай дүниеден өтті.

97. [Сеңкібайдың «Ақиық сұңқар» атануы]

Сеңкібайдың жас шағында Мойнақ би атасының қолында шәкірт боп жүрген кезі екен.

Бірде алыстан Алтай жағы мен Қаракесектің екі адамы Мойнақ биге даумен келіпті. Әңгіме әліптеріне қарағанда, Алтай жағының адамының ісінде шикілік бар екенін Сеңкібай бірден аңғарып қалады. Жаңағы кісілерді билік тыңдауға кіргізер алдында ол киіз үйдің есігін ашып тұрып:

— Жақсы, ата! деп Мойнекеңді өзіне қаратып алып, оң қолын кеудесіне басып шығып кетіпті. Ол есікті жапқан соң Мойнекең сәл күлімдеп:

— Әлгі Боқ тентек не деп кетті? — деп қасында отырған ауыл ақсақалдарынан сұрайды.

Олар ешнәрсе сезіп, білмегендерін айтады. Сонда Мойнекең:

— Қарнына тартпағанның қары сынар, — деп кетті емес пе? Дәуде болса Алтайдан келген кісінің дауы анаған текке жабысқан жала шығар, — деп өз байламын айтқан екен.

Ол кезде жесір дауы, жер дауы үзіліп көрмеген ғой. Оның ақыры барымтаға дейін ушығып, елдің береке-бірілігіне, жұрттың тыныштығына кесірін тигізіп, сүттей ұйыған ағайынды алакөздікке дейін жеткізген. Осындай дүрбелеңі үлкен бір даушарға бітім айтуға ел Мойнақты шақырады. Жасы келіп қалған, әрі сырқаттанып жатқан би Сеңкібайды шақырып алып: «Бұл жолғы егесті шешуге сен барасың. Ал сөз реті, дауласушылардың іс-әрекеттеріне қарай мынаны айт, ананы істе!» — деп бұрынғыша тағы да тапсырмалар береді.

Сеңкібай ол кезде он бес жаста екен. Ол билік айтуға аттанарда есік алдына жете беріп, Мойнекеңе бұрылып, тымағын қолына алып, екі қолын қусырып тұрып:

— Жақсы, ата, сауға! Сізге бір сөз айтуға рұқсат па? — дейді.

Мойнекең табиғатында түсі суық, ызбарлы адам болған. Ол Сеңкібайға тесіле қарап:

— Айт тілегіңді! — депті.

Сонда Сеңкібай:

— Жақсы ата, сіз маған дау-шарды шешеріңде «олай де, бұлай істе» деп тапсырма беріп жатырсыз. Солай үйреткендеріңізді сөздің реті келсе айтайын ба, жоқ болмаса, «Жақсы атам пәлен деп еді, түген деп еді» деген оймен бопсалай берейін бе? — дейді.

Атасы оған жалт қарайды да, сұсты пішінмен:

— Боқ, шіркін, бара ғой; бара бер енді, — деп төмен қараған бетінше үнсіз қалады.

Сеңкібай «Жақсы атасына» ізет көрсетіп, тағзым етеді де, жөнеп береді...

Осыдан былай атқа Мойнақ би орнына Сеңкібай мінеді. Ол ел арасына іріткі салатын қандай да бір шиеленіскен, ушыққан істердің шешімін «Жақсы атасынан» кем таппайтын, әділ қазылығына екі жақ та риза болатын дуалы ауыз би атанады.

Одан кейін біраз жылдар өтеді. Ел-жұртына сыйлы болып, «Ожаң» атанған оның орта жастан асқан шағы екен. Бұл Абылай ханның қалың жасағымен бірге болып, жоңғар бас-

қыншыларына қарсы жойқын шайқасқа қатысқан оның үлкен баласы Сеңкібай өз жеріне жеңіспен оралып, отау көтеріп, меншік алған кез болса керек. Он үш жыл — бір мүшелде табиғат құбылысы өзгеріп тұратындай, Арқада тағы бір қатты қыс қайталанады. Енді әкесінің ақылымен сыр бойына жылқы қыстатуға Сеңкібай өзі бас болып аттанады.

Әлгі елге «Оразғұл деген байдың қалың жылқысы келе жатыр» деген хабар лезде тарайды. Бұл сөзді баяғыда қарыз серкештің құны үшін Ожаң шекпенін шешіп берген адам да естиді. Ол сол кезде дәулет құрап, балалы-шағалы болған бір ауылдың ақсақалы атанған екен. «Сеңкібайлар ауылға жақындап келіп қоныпты» деген хабарды құлағы шалған жаңағы кісі жылқышылар қосын әдейі іздеп келіп, амандық-саулық айтысқаннан кейін:

— Сіздің елде сенің әкеңнен басқа Оразғұл бар ма? — деп Сеңкібайдан сөз тартады.

Сеңкібай оған өз төңірегінде әкесінен басқа Оразғұл деген есімді адамның жоқ екенін айтады.

— Олай болса осы бет алып келіп, қос көтерген аймақ — менің мекенім. Қыстай жылқыларың осы жердегі кең жайылымда жайылып жата берсін. Оған ақы да сұрамаймын. Тек көктем шыға еліңе қайтар шағында маған жолыға кет, — деп жаңағы кісі Сеңкібайға қатты тапсырады.

Жылқы қыстан күйлі шығып, биенің алды құлындай қайтысуға соғыпты. Ақсақалдар оны құшақ жая қарсы алып, қонақ етіп, сый-құрмет көрсетеді. Жайғаса отырып, дәм-аңгіме үстінде ол:

— Біз осы өңірге ертеден мекендеген ел екенбіз. Әкеңнің таршылықта маған жасаған естен кетпес адамгершілік қарызы бар еді. «Тағдыр сол Оразғұлмен бір кездестірсе» деп армандаушы едім. Міне, бүгін Алла жазып сол тілегім орындалып, тұңғышы сенімен кез болдым, — деп сонау бір жоқшылық арқаға батқан кедей кездегі уақиғаны еске түсіреді.

Содан кейін әлденеге жан сезімі толқып кеткен ақсақал бойжеткен бір қызын шақырып алып:

— Ең жақын көрген досына қыз беріп, қыз алысқан еліміздің ертеден қалыптасқан ата дәстүр-салты бар. Мына баламды сенімен бірге аттандырғалы отырмын. Әкеңе апарып қос. Ел

сыйлаған Ожаңның аяғында жатса да, қор бола қоймас, — деп көзіне жас іркеді.

Сеңкібай ертеңінде қасындағы досын жылқыға шаптырып, құйрық-жалы сүзілген бір үйірлі кілең қарагер жылқыларды алдырып, қыздың «қарғыбауы» ретінде ақсақалға ұсынады. Сөйтіп, төрт аяғынан тең жорға ақбоз атқа қызды мінгізіп, еліне бет түзейді.

Тарихи шежіреде айтылғандай, 1726 жылы Бөгенбай батыр он мың қолмен Алакөл шайқасына бара жатқанда жолшыбай Қарқаралының жарлы өзенінің бойына тоқтап, жасағын демалдырып, жүздіктерге, мыңдықтарға бөліп, әртүрлі ұрыс тәсілдерімен жаттығулар жүргізеді. Ол сол шақта Қожас батырдың ауылы жайлауда отыр дегенді естіп, «әкесінің досына сәлем берейін және бата алайын» деп арнайы іздеп барады. Оның келгеніне өте разы болып, үлкен қошаметпен қарсы алады. Қожас әулеті бай баласы Оразғұлға бірнеше арнайы үй тіктіріп, Бөгенбай батырға ерекше сый көрсетеді. Әсіресе, Ожаңның үлкен баласы Сеңкібай қонақты күтуде өте бір ілтипат, тапқырлық көрсетеді. Бөгенбай жас Сеңкібайдың ақылдылығына шексіз риза болады.

Қожас осы жолы Бөгенбай батырға шөбересі Сеңкібайдан зор үміт күтетінін айтады. Сеңкібай қарт атасының тәрбиесінде болып, жас күнінен садақ тартып, найзаласуға, жекпе-жекке шығуға машықтанады. Сөйтіп, ат құлағында ойнап өседі. Он бес жасында ауыл арасындағы, ағайын ішіндегі реніш-қуаныштарына ортақ болып, даулы мәселелерге билік айта бастайды. Сеңкібайдың әділдігі, ақыл-парасаты жас кезінен дараланып, ел көзіне түседі. Бөгенбай батыр жорыққа аттанар алдында Сеңкібайдың түр-тұлғасына, жүріс-тұрысына қызығып, оны өзімен бірге ала кетеді. Бұл кезде Бөгенбай қырық бес жаста болса, Сеңкібай он жеті жаста екен.

Қазақтың сайын даласында шапқыншылық тоқтамаған кез. 1725 жылғы Алакөл шайқасы, 1728 жылғы Шұбартеңіз жағасындағы және Балқаш көлінің оңтүстік өңіріндегі қырғын соғыстар қазақ қолының жеңісімен аяқталып отырған. Орта жүзден жиналған қалың әскерге басшы болған Бөгенбай батыр Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қалмақтарды ойсырата жеңеді. Нұра даласындағы жоңғарларға қарсы бұл соғыста жиырма жасар Сеңкібай Қонтайшының немересі Әмір-

сана басқаруындағы он мыңдық қолмен жекпе-жек шыққан ноян Қоренге бетпе-бет келеді. Жас Сеңкібай астындағы «Көкдауыл» атанған атын ойнақтатып, оған қарсы шабады. Ноян Қорен онымен жас шамасы қатарлас болғанымен ірі денелі, қара дәу, атандай жуан, білектей ұзын айдарлы, қабағынан қар жауған сұсты еді. Ол: «Ал, қазақ батыры, арманда кетерсің, алғашқы кезекті сен ал!» — деп айғай салады.

«Көкдауылға» қамшы басқан Сеңкібай аттың еті қызды-ау деген шақта сол қолында найзасы, оң қолында Қожас атасының жеті бүктемелі ақ семсері жарқылдап, құйғытқан беті жауға жақындай береді. Қалмақ батыры болса одан аса қауіптенбей күпірлене, менсініңкіремей, жайбарақаттау тұрады. Сеңкібай атын ағызған бетте сол қолындағы емен сапты найзасын ноян Қоренге кезене беріп, ақ семсерін жаудың мойын тұсынан сілтеп қалады. Тегеурінді күшпен сілтеген ақ семсер жау батырының мойнын қиып, басын жерге домалатып түсіреді. Жеңіске жігерленген қазақ қолы «Ақжолдап» ұрандап, жауға қарсы өрлене шайқасады. Осы жолы Бөгенбай, Малайсары, Қойкелді жауды оңтүстік-шығысқа қарай ығыстыра қуады. Сөйтіп, жас батыр Сеңкібай бұл жеңіске осылайша жол ашады.

Сеңкібай сынды жас батырын айбынды Абылай хан «ақиық сұңқарым» деген екен. Мұның мәнісі былай:

...Түн ортасы ауа Абылай қалғып кеткен екен. «Аттан! Аттан! Жау келіп қалды!» деген үрейлі дауыстан ол атып тұрады. Есік алдына көлденеңдей тартқан атқа қарғып мінеді де: «Баян батыр, өз мыңдығыңмен жауға қарсы аттан, Сеңкібай, сен жасағыңмен орданы қауіпсіз жерге орналастыр. Ордаға ие болу сенің міндетің», — деп атына қамшы басады.

Айсыз қараңғы түн. Нөсерлетіп құйған жауын, аттандаған үрейлі үн. Қапылыста тиген жау қолының қанша екенін болжап білер емес, жан-жақтың бәрі айқай-шу. Кім жау, кім өзімдікі екенін ажырату қиын. Толассыз құйған нөсерден қалың қамыс арасы аздап дегділеу болғанымен, оның айналасы мибатпақ. Аузы тұмшалаған, қом салынған түйелер тайғанақтап жүре алмайды. Сеңкібай жасағы қарсы келіп қалған он шақты жауды шаншып тастап, Абылайдың: «Орданы өзеннің батыс жағына көшір!» — деген тапсырмасына кіріседі. Бірақ ол жақ сор батпақты және ашық алаңқай болатын.

Қаптаған жаудың ұрандаған дауысы құлақ жарады. Қалың қамыс ішінен жол тауып болар емес.

Сеңкібай Орданы алып шығудың лажын келтіре алмай қатты сасады. Әбден қысылған ол атынан қарғып түсіп, құбылаға қарап қол жайып: «Иә, аруақ, Алаш бабам, Қарқабат анам жар бола гөр! Қырық Шілтен әулие өзің қолда!» — деп бетін сипай бергенде, көз алдына саңқылдаған бүркіт елестейді. Ол «Иә, аруақ!» деп атына қарғып мініп, жасағына «Орданы осылай қарай тартыңдар!» деп өзі бастап қалың қамыс ішіне сұғына кіреді. Бүркіт үні қалай естілсе, солай қарай жүреді. Әйтеуір, өлдім-талдым дегенде таң да атып, жан-жағы қалың қамыспен, өткелсіз жалпақ сумен қоршалған үлкен алаңнан бір-ақ шығады. Сеңкібай жасағымен Абылай және Баян қолын іздеп кетеді. Кешегі батырлар кеңесіндегі шешімдері сәтті болып, жауды қапылыста қансырата тас-талқан етіп жеңіп шығады олар.

Абылай түнгі ұрыс қорытындысын шығарып, Сеңкібайдың Орданы қауіпсіз жерге орналастырғанына ризалық білдіреді. Орда ішіндегі адамдар Сеңкібайдың тапқырлығына, қараңғыда жол тапқанына бүркіт үнінің саңқылдағанын өздері де естігеніне алғыс сезімдерін білдірді. Бұл тосын жағдайды білген Абылай: «Иә, Сеңкібай, онда сен айсыз түнде, нөсерлі жаңбырда қалың қамыс ішінде адаспай жүретін түнде ұшатын Алтайдың ақ сұңқары болдың ғой. Бұдан былай сені «Ақиық сұңқар» деп атайық!» — депті. Содан былай Сеңкібай Ақиық қыран, көріпкелі бар киелі батыр атанып кетеді.

98. [Боранбай батыр]

Боранбай батырдың бір ересен ерлігі Доланқара тауының етегінде өткен қырғын соғыста көрінеді. Жекпе-жекте жаудың бас батырын мерт қылып, қара құрымдай қаптай лап қойғалы тұрған жоңғар әскерінің бетін қайтарып, өзі бастаған жасаққа жол ашады. Жау шегініп тым-тырақай қашады. Боранбай батыр өзіне сеніп тапсырған туды берік ұстап, батыр жігіттерімен ілгері ұмтылып, жоңғарларды өкшелей қуып тастайды.

Батырдың осы батыл қимылына, ерекше ерлігіне дән риза болған Қабанбай қолбасшы оған жаудан қолға түскен олжа — Қарашаш деген сұлу қызды сыйлайды. Қарашаш — қалмақтың бас батыры Долан Қореннің қызы екен. Өзі келбетті, өзі ақылды Қарашаш Боранбай батырды сүйіп қалады. Қабанбай батырдың қоластындағы ел-жұрт, сарбаздар жиылып, Доланқара тауының кең шатқалында жеңіс тойына қоса, Боранбай мен Қарашаштың үйлену тойын өткізеді. Содан былай қарай халық ат бәйгесі өткен, көкпар тартқан, қыз қуу салтын өткізген жазықты «Тойқылған», отқа май құйып, неке қиылған шатқалды «Майлы шат» атап кетеді.

Сол Қарашаштың би баба өзге әйелдерінен ерекше сыйлап, құрметтеп өткен. Себебі Қарашаштың сымбатты сұлулығымен бірге би бабаға лайықты ақыл, парасаты, ізеті, өнегелі мінез-қылықтары сай бопты дейді. Халық арасында мынадай аңыз сақталған.

Ертеде Мырзас елінің тойдан келе жатқан бір топ адамы Боранбай бидің зиратына бұрылып, аттарынан түсіп дұға оқиды. Дұғадан кейін бәрі орындарынан тұрып былай шыға бергенде, біреу: «Би бабамның қасында өзге әйелдерінен тек Қарашаш қана жатыр екен», — дейді. Сонда Тілеуберді деген: «Тәйт, қасиетті би бабамыздың жанында қалмақ жатыр деген не сұмдық! Оны алып тастау керек» деп қалады. Басқа кісілер оған «Қой, олай деме, Қарашаш би бабамыздың нақ сүйері, бәріміздің анамыз», — деп кейіп тастайды. Жолаушылар мүрдеден ұзай бергенде, әлгі Тілеубердінің аты аяқ астынан үркіп кетіп, өзі тасқа құлап түседі, содан бір қолы, қабырғасы сынып ауылға әрең жетеді. Тілеуберді кейін сол аурудан қайтыс болады.

Боранбай тек қана парасатты, ақылды, әділ, көреген би емес, ол сонымен бірге айлакер, әбжіл де жүректі батыр екен. Сол батырдың кейінгі ұрпақтарының бірі Жақыпбек Көріпбайұлы ақсақал былай әңгімелейді:

«Боранбай ірі тұлғалы, ұзын бойлы қара сұр кісі еді. Өзі ат құлағында ойнайтын сайыпкер, жауға алдырмайтын өте әбжіл, шапшаң қимылдайтын, жауды бір ұрғаннан тұрғызбайтын аса қайратты кісі екен. Және қай кезде болсын әділдігін айтып тура сөйлейтін, досқа да, дұшпанға да жомарт екен. Жоңғарлармен бір шайқаста Боранбай бастаған қол жеңіске жетіпті. Жаудың қолға түскен әйел, бала-

шағасына бостандық беріпті. Өзімен талай айқасып, жекпе-жекпе шығып жеңіске жете алмай жүрген Дөңке дейтін батыр бұл соғыста қолға түспей қашып кетеді. «Оны іздеп тауып алып жазасын бермей болмас, еліне барып қол жинап қайта шабуылға шығып жүрер» деп, өзінің батыр інісі Нарбота екеуі іздеп шығады. Тарбағатай тауының сай-саласын шолып келе жатса, әлгі қалмақ батыры қалың қарағайдың арасында ұйықтап жатыр дейді. Атын Нарботаға ұстатып қояды да, өзі жаяу жақындап барып жаудың батырын найзамен түртіп оятады. Екеуі алыса кетеді. Бірін-бірі олай-былай лақтырысады. Анау да түйедей бір пәле екен, әл бермей жүреді. Әбжіл Боранбай қанжарын бұрынырақ сілтеп, оны жайратады. Осы бір арпалысты көріп тұрған Нарбота:

— Көкетайым-ау, осынша әлекке түскенше, ол жауызды ұйықтап жатқанда найзамен бір-ақ шаншып құрта салмадың ба? — дегенде, ол:

— Ей, шырағым-ай, батырға мәрттік керек. Ол жау да болса, бір елдің атақты батыры емес пе, қапыда кетпесін деп, ояттым, — деген екен.

99. Сатай батыр

... Албан Хангелді батыр бастаған қазақ сарбаздарының қалмақтармен шабуылы кезінде Сатайдың ерлігі жайлы айтылыпты: «Былтырғы мамыр айында қалмақтармен қатты шайқастық қой, жау жағы көп, көптің күші де жеткілікті. Бізді тықсырып-ақ келеді. Бір кезде есік пен төрдей қызыл аты бар адам «Бақтияр! Бақтияр!» деп қалың нөпірдің арасына қойып кетті. Сол кіргеннен қалмақтың тобын екі жарып ыдыратты да тастады. Жойқын күш іріген сүттей тоз-тоз болды. Біздің сарбаздар жеңіске жетті. Сол кездегі Албан, Суанның бас сарбазы Хангелді батыр: «Шепті кім бұзды?» — деп үш рет айғай салды. Анау да келді «Мен едім» деп, мынау да келді «Мен едім» деп, бірақ бас сардар оларға жылы қабақ танытпады. Содан кейін қолбасшы тұрып:

— Азаматтар! Шоралар! Енді қай азамат қалды, неге маған келмейді?» — депті. Сонда жартастай зор қазақ:

— Тақсыр, бір аңшы ғана қалды, басқа «мен мықтымын» дегеннің бәрі келді, білем, — деп сардарға қарайды. Сардар түйілген қалпында:

— Тез, сол адамды маған жеткізіңдер, — деп, жігітті шығарып салады. Ол айтқан аңшыға келеді де:

— Жігіт, сізді бас сардар шақырып жатыр, — дейді. Ол:

— Сардарда менің жұмысым жоқ, егер ол кісінің жұмысы болса, өзі келсін, — дейді. Жігіт келіп сардарға болған жағдайды айтады. Сардар бұл әңгімені естіген соң қарқ-қарқ күліп, өзі келіпті:

— Батырым, сіз бізді жеңіске жеткіздіңіз, олжа беріңіз, — дейді.

— Тақсыр, сіз сұрасаңыз, біз неге тартынайық, — деп бір қызыл бөрікті, бір қоңыр бөрікті сардарға ұсынады. Бұл бөріктердің ішінде екі бірдей нәресте бар екен.

Сауғаны алып, сәл көңілді үнмен:

— Келін неге салақтау? Мен сіздің шепті бұзғаныңызды тоныңыздың етегінің әдіптелмегенінен білдім, — деп бір қызын беріпті. Астына жөндеу ат мінгізіп жатып:

— Батыр, атымыз онша мықты емес еді, барына риза болыңыз, — депті. Сонда Сатай тұрып:

— Атамыз қазақтың: «Тісің тісіңе тимесе — ас, тізең жерге тимесе — ат» деген ұлағатты сөзі бар емес пе, сіздің берген атыңызды сәйгүлікке балап аламыз да, — депті. Осы бір жағдайдан кейін екі батыр бір-бірімен бірге туғандай дос, жолдас, ағайын-бауыр болып кетіпті-міс.

100. [Сатай батырдың алғашқы олжасы]

Бірде Сатай, Жәментік би, Бөлтірік атты бала үшеуі Дәулет деген байдың үйіне қонаққа барады. «Сатай батыр, қал-жағдайың қалай?» — деп Дәулет құрақ ұшыпты. Алдарына әкеліп сары қымызды сапырыпты, бір кезде қасынан онша қашық емес жерде жатқан шөмішті алып, Бөлтірік бала қолтығына тығады. Дәулет бай балаға қарап күліп:

— Балам, ұнатсаң, ала ғой.

— Астауымен бермеген шөмішіңізді қайтемін, — деп Бөлтірік шөмішті далаға лақтырыпты. Сөзге тұрған керемет за-

ман ғой, Дәулет бай бір сөзге келмей Бөлтіріктің қанжығасына астау мен шөмішті қосып байлап беріпті. Былай шыға бере Жәментік би:

— Бала, алғашқы олжаңды бізге бер, — дейді. Сатай батыр биге жалт қарап:

— Ей, Жәментік! Бұл сенің даудан тапқаның емес, менің жаудан тапқаным емес, баланың бірінші олжасы — өзінікі, — депті.

101. Сатай батыр

Ымырт үйіріле бере ұзын бойлы, ақ сақалды, ірі денелі кісі бірнеше жолдасымен аттан түседі. Алдынан шыққан бәйбішесіне:

— Біздің үйге Сатай батыр келген-ау деймін? — депті.

— Кім екенін білмеймін, бірақ «қасиетті адам екен-ау» деп ойладым.

— Оны неге байланысты айтып отырсың?

— Үйге кірген соң, аппақ қалпағы мен ақ қамшысын керегенің басына іліп қойды да:

— Әппақ қардай таза болыңдар,
Асқар таудай заңғар болыңдар.
Жолыңда ақ гүл жатсын,
Ақ бесікте ұл жатсын,
Әумин! —

деді. Тездетіп шай дайындап едім:

Қарағым, ең үлкен дәм — ақ. Ағарғаның жоқ па? — деді.

102. Қайың сауған жұт жылы

Абақ керейдің ең өскен руы — жәнтекей дедік. Мұны «Үш жәнтекей» деп атайды. Сол үштің бірі — Сүйінбай (көк көз, сары кісі болғандықтан оны жұрт орыс деп атаған) бес балалы болған. Олар — Самұрат, Сәменбет, Құты, Бөкес, Төлеке. Шежірешілер осы бес баладан өскен ұрпақты «Бес орыс» деп атаған.

Сүйінбай аса дәулетті болғандықтан, қалың ел күзеуліктен көшкенде «кір шомдап» көше алмай, жортуылшылар жалғыз ауыл Сүйінбайды басып қалады. Сүйінбай ордасының ішінде жаумен жалғыз сайысады. Садақтың жебесін жалғыз ысқыртып, жау жалам шайқаста өзіне серік бола алмаған ұлдарына былай деп баға береді:

— Самұратым жоқ болды,
Сәменбетім құт болды.
Құты, Бөкес жас болды,
Төлеке, сені қайтейін!...

Сүйінбай қан жұта қарысып, жортуылшыларға ордасын бастырмай тұрғанда, қол бастап келген Самұрат сырттан тиіп, жауды айдап салып, ордасын құтқарып алады.

Сүйінбайдың екінші ұлы Сәменбет салауатты, дәулетті, әрі батыр болғандықтан үш әйел алған. Үлкен әйелі Соқсұрдан: Есенбай, Амантай; ортаншы әйелі Тасбикеден: Ақша, Бөрте, Елбай, Жаман, Қаржау, Сары; кіші әйелі Боданнан: Байымбет (Есағасы), Қазыбек туады. Осы он бір ұлдың барлығы ел болып өскен. Мұны халық «Он бір Сәменбет» деп атайды. Осы үш әйелдің ішінде ортаншы бәйбіше Тасбике білімді, ел-жұртына жағымды болып, ел билеп, аты шыққандықтан, кейінгі ұрпақтары жеке-жеке аталмай, анасының атымен «Алты Тасбике» аталып кеткен.

Сәменбет бай ұрпақты болғандықтан, халық «сары үкі дарыған Сәменбет» деп, оны былайша аңыз етеді. «Сәменбет байдың үшінші бәйбішесі Бадан ана ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде сары үкі шаңырағына ұялап, қос балапан омырауын еміп жатқанын көріп оянады. Түсінде көрген аянын Бадан ана Сәменбеттің досжар, ақылгөй адамдарына жорытады. Олар бұл түсті жақсылыққа жорып, «екі ұл көреді екенсің» дейді. Осыдан кейін Бадан ана екі ұл сүйеді. Үлкенінің аты — Байымбет, кішісінің аты — Қазыбек, осы екі баладан өсіп-өнген ұрпақ өздерін «Есағасы Қазыбекпіз» деп атап, күні бүгінге дейін үкіні қастерлеп, өлтірмейді. Қолында дәулеті бар бардам адамдар үкі ұстаған адамды көрсе, не тілегенін беріп, үкіні босаттырып қоя береді. Бақсылар, халық емшілері: «Иә, сары үкі қолдай көр, Сәменбетке дарыған», — деп санайды. Сол Сәменбеттің он бір

ұлының бірі Байымбет құт қонған, асқан бай, білімде, ойшыл һәм есепші би болған екен.

Үнемі мал-жанның қамын жеп жүретін Байымбет бір жылы жазда өз төңірегіндегі жақын туыс, дос-жарандарына: «Биыл жауын жаумады, жер қуаң. Күнгейдің бұта-бүргені қурап, өгізқурай солып кетті. Қарға балапанын қауырсынын аршымай ұшырды. Жұт болатын түрі бар», — деп күн бұрын ескертсе, өзі күні-түні ұйқы көрмейді. Кеште тау басында тұрып батар күнді бақыласа, таңсәріде тағы да сол орнында тұрып, күнді шығармай үйіне қайтпайды. Көктемде алуан түсті торғайлардың бұл өңірден ерте кетуінен-ақ: «шөп балдыр тартпас, гүл шешек жармас» деп сезіктенеді, тырналардың балапанын ерте баулып, күндіз-түні тыраулаған мұңлы дауысынан да күдік алып отырады.

Ауылын күзеулікке ерте қонғызған Байымбет ерекше бір сапарға дайындалады. Қосын бір түйеге арттырып, бес-алты мықты жолдас ертіп, інісі Қазыбектің батыр ұлы Ақан мен өз баласы Кенжәліні қасына алып, «аң аулауға барамын» деп жүріп кетеді. Жаз бойы табиғат ыңғылын байқаған қарт, күз бойы да дамыл таппай, ауық-ауық жол тартып, бұл өңірдің құстары ғана емес, аңдары да ауып бара жатқанын байқайды. Әлгі сапары сол қоңыр аңдардың ауған беталысын білу сапары екен. Иенге шығып кеткен қарт жолдастарына былай дейді:

— Сендер не білдіңдер, жыртылып-айырылатын қоңыр аң қайда кеткен, жазғытұрым қырылып қалды ма?

Жолдастары әртүрлі меже айтады, бірақ қарттың көңілі бұған дауаламайды.

— Сендердің айтқандарың бекер болар, әлі де шығысқа қарай жүріп көрейік, — деп жолдастарын бастап жүріп кетеді. Ілгерілеген сайын шұбырынды іздер қоюлап, аң қарасы да көріне бастайды.

— Алла бұйырса, ертең қоңыр аңға араласып қалармыз, тоқтап жәйіліп, еркімен жусап, онан соң жосып кетіп барады. Мынау бастау — кеше солардың түнеп шыққан жері.

Таңертеңінде ізге түсе жүріп кеткен олар, түске жетпей тағы бар қолаттан өтіп, сортаң шалшық суға кезігеді.

— Міне, көрдіңдер ме, қоңыр аң ауып барады. Бұл жануарлар біліп ауып барады. Биыл біздің мекенімізде ойылған жұт болады. Бұл жануарлар жұрт жүрмейтін жер іздеп ауып бара

жатқан болар, — деп қарт сөзін жалғай түседі, — Қоңыр аң — біздің жолдасымыз, тіпті жолбастаушымыз. Біз соларға ілесіп, солардың барған жеріне тиянақтаймыз. Барлығыңа айтарым — жолдасқа қар қылмандар, атпаңдар, үркітпеңдер, аң да болса серігіміз ғой, бізден көңілі қалмасын. Бізден алаңдаса, көңіліне алған жеріне жете алмас. Олар көңіліне алған жеріне жете алмаса, біз де жұрт жүрмейтін жерді таба алмаспыз. Осы тілсіз дос, қасиетті жолбастаушымыздың адал серігі, айнымас қорғаушысы бола білейік. Осылар қонған жерге қоңсы қонып, осылар ішкен бұлақтан су ішейік.

Ақан батыр бастаған жолдастары қарияның айтқан сөзінен шықпапты. Олар бірнеше күн жүріп, қар жамылған ақ бас таудың теріскей жазығынан өтіп, үлкен көкшіл таудың баурайындағы алқабы кең, ашылы, шилі өңірге келіп тұрақтайды. Байымбет қосын тіккен осы өңір — Мұзтау мен Көксіннің арасындағы аласа адырлы, бетегелі, ақ шөпті, аяғы айдын көлге тірелген кең байтақ өңір екен. Осы араға келгеннен кейін қоңыр аң қуса да кетпейді, тіпті бұлардың ат-көлігімен араласа, қосының іргесін баса жайылады. Байымбет қарт қоңыр аң тұрақтаған осы жерге келгеннен соң таң ата кетіп, кейде ара қонып, бас-аяғын шолып өте көңілді жүреді.

Бір күні көлбеп келіп қалған шуақты күнге қарай отырып серіктеріне мынаны айтады:

— Іздеген жерге жеттік. Осы қоңыр аң алдағы қыс ызғарын сезіп жұттан қашты. Жұт жүрмейтін жер іздеді және сол жері — енді мынау. Бас-аяғы, оңы мен терісі күншілік ғана. Ат сауырындай осы жерге күшті боран жүрмейді, — дейді.

— Мұны қайдан білесіз? — дейді жолдастары таңданып.

— Сайда өскен шөптен білдім. Биыл осы жерге жеткен ұзын аяқты мал жұттан аман қалады. Басқа жерді мен білмедім — дейді. Онан соң жанындағы Ақан батырға қарап:

— Мен сені мен Кенжәліні әдейі алып шықтым. Енді амандық болса елге барған соң, біткен жылқыны осы жерге әкеп саласыңдар. Бұл жердің байырғы иесі де біз едік, қазіргі иесі де біз боламыз, арғы бабаларымыздың «Сауыр» деп атаған жері — осы. Қаншама заманды өткізіп, айналған ұрпақ біз екеміз, осы күл төккеніміз төккен болсын, — дейді де, алыстан айдынданып көрінген Алтайдың ақ бас шыңына көз тігеді.

Байымбет қарттың айтқаны да екі болмайды, болжағаны дөп келеді. Бұған ілтипат еткен бар керей жылқысын алып, сол жылы Сауырдың жонын алғаш рет қыстайды. Қобыққа келіп, енді ғана ірге теуіп қоныстана бастаған Торғауыттың кегені қыс ортасында кісі жіберіп, жөн сұрайды. Ақан бастаған батырлар:

— Жау емеспіз, елміз, жерімізде жұт жүрген соң мал отарлатып жүрміз, — деп жауап береді.

103. Толыбай

Батыр Толыбай Жарасұлы туралы ел аузында аңыз-әңгімелер баршылық. Нақты дерек, осы уақытқа дейін бізге жеткен әңгімелерге сүйенсек, Толыбай Барақ батырмен араласып-құраласып, жорықтас болған.

Осындай бір жорықтан кейін Асау Барақ батыр Толыбай ауылымен екі-үш жыл қоңсылас болады. Толыбайдың баласы Ерболат пен Асау жорықтарға бірге шығып, Барақ батыр мен Толыбай батыр бас қолбасшы ретінде жауынгерлерді, оның ішінде жастарды әскери өнерге баулиды. Толыбай батырдың ауылына Барақ батыр, оның жаужүрек ұлы Асаумен бірге келіп тұрған болса, бұл Толыбай батырдың солармен теңдес екенін байқатса керек.

Толыбай батыр жорықта жүргенде, Хиуа ханының барымташылары Жарас ауылының жылқысын айдап кетеді. Батыр жорықтан оралған соң ауылдың үлкендеріне: «Батырларыңды беріңдер, мен барлық малды қайтарамын», — дейді. Бұл батырдың жастау кезі екен. Үлкендер: «Сен жассың, жалғызсың, барма», — деп рұқсат бермейді. Бірақ батырды жау қолындағы малды қайтару мақсаты мазалай береді. Бұл ойын ол өзіне тете ағасы Аюға да айтады. Ол да қарсы болады:

— Хиуалықтар көп халық, жазым боласың, — деп беттетпейді. Бұл:

— Біз де аз емеспіз ғой, — дейді. Ағасына атамыздың аяқалысын байқап көрейік деп жарысып ауылдан ұзап кетеді. Енді Толыбай атының басын ауылға қарай бұрады. Мұнда да ағасынан озып кетеді. Аю артта қалып қояды. Сол кезде Аюдың артынан тасырлаған аттың дүбірі естіледі. Артына қараса, жер

қайысқан қол қуып келеді екен. Толыбай ұзаңқырап барып бір төбенің басына тоқтайды. Аю:

— Сен мені жауға тастап кеттің, өзің құтылып кеткің келеді екен ғой, — деп қамшымен тартып-тартып жібереді. Аю да ірі тұлғалы, қайратты адам болған. Қамшы сілтегенде анау-мынау адам аттан құлап түседі екен. Ал Толыбай болса, мыңқ етпеген. Ағасына:

— Әзәретіңізге құлдық, енді артыңызға бір қараңызшы, — дегенде, ол жалт қараса, арттан ешкім де көрінбейді. Сонда Толыбай:

— Ол жау емес, менің жауынгерлерім еді ғой, — дейді. Ал Аю болса, інісінің тегін емес, аруақты екенін түсінеді.

Сонымен, Толыбай батыр наурыз тойында қырық адаммен Хиуа еліне баратын болып келіседі. Айтқан күні бұлар Хиуаға жақындайды. Ел шетіне жеткенде, мұның қолы жер қайысқан әскер болып көрінеді. Қаптаған жаудың ел шетіне келгенін ханға жеткізеді. Хан да сол күні түс көрген екен. Түсінде аспанның асты қаптаған өрт, бірақ өрт ауылдың айналасын қанша шарпығанмен де хан ордасының алдына келгенде сөне береді. Хан түндегі түсін тәуір көретін бәйбішесіне жорытады. Бәйбішесі: «Ел шетіне жау келген екен, бірақ сенің алдыңа келіп тоқтайды, келісімге келесіңдер, жаудың алдына бір уәзіріңді бас қылып елші жіберіп шақыр», — дейді. Хан солай істейді. Елшілер әскерге жақындағанда қаптаған қалың шыңды көреді. Бұлар да ақ туын ұстап қарсы жүре береді. Бір кезде шаңдақтың арасынан бір бөлек шағын әскер шығып, бұларға жолығады. Толыбай батырдың қолы осы еді.

Хиуа ханы Толыбайдың жолдастарымен бірге құрметпен қарсы алады. Қырық адамды бірнеше күн қонақ етіп, бұйымын сұрайды. Хан өздерінің де бейбітшілікті қалайтынын айтып, алған малдарын жинастыруға рұқсат сұрайды.

Хан айтқан сөзінде тұрып, малды түгел қайтарады. Осында бірнеше күн жатқанда Толыбай батырға ханның қызы қатты ұнайды. Батыр ханға қызына ғашық болғанын біреу арқылы жеткізеді. Хан қыздың анасы арқылы оның ойын біледі. Қыздың батырды ұнатқанын білген соң, хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, мол жасаумен қызын ұзатады.

Толыбай батыр осы барған сапарында малымен қоса ханның қызын да алып қайтып, екі елді табыстырады.

Толыбай батырдың қайын жұрты, оның жаужүрек ұлдары Ерболат, Тасболаттардың нағашысы Хиуа ханы болған. Ал Ерболат батыр әулиенің жауынгерлік рухы Асау Барақтан кем соқпаған.

Енді Толыбай батырдың шыққан тегі кім, соған келейік.

Ол Әлімнің екінші баласы Қарамашақтың Жаншұқырынан тарайды. Жаншұқырдан бірнеше ұрпақ таратылып барып, Қасым (Қаркісе), Торым (Сексен), Қойлыбай деген үш бала туады. Сол Торымнан (Сексеннен) Айт, Қожас (Тайжер), Кенжес, Ырыскелді (Қызыл) дүниеге келеді. Осы Кенжестен: Айдаралы, Құл, Ұлықпан, Қашан, Тұғыр тарайды. Қашанның жеті баласының үлкені — Жақсылық, одан кейінгісі — Жарас. Міне, осы Жарастан Толыбай батыр туады.

104. Бердіқожа

(I нұсқа)

Шанышқылы Бердіқожа батырды бір дұшпаны өлтірейін деп жатқанда, айтты дейді:

— Рудан жалғыз болдым, шешендігім зая,
Аймағым аз болды, еңбегім зая!
Екіден кіші балам ер жеткен соң,
Бәлем, Қаратал, Қояндыға қонысыңды тая! —

деген екен. Сол айтқандай, екіден кіші баласы ер жеткен соң, Бердіқожа өлтірген екі ағайынды: біреуін Қаратал, Қоянды деген жерде өлтіріпті, бірін Бұхарай Шәріптей шаһарға қашып барған жерінде соңынан қалмай қуып барып өлтіріпті.

Онан соң кеше көзіміз көрген кісіде Тәнті мырзаны бір начальниктің зұлым шаққандығыменен екі жыл жарымға бір жаз Уискийге жер аударып, арестан киімін киіп кетіп бара жатқанда, артынан екі бекет жерден Рахмет Алдабеков қуып барып амандасып тұрғанда, Тәнті мырза айтты дейді: «Тілеулесі жоқ ердің тілеуі зая, Туысқаны жоқ ердің еңбегі зая», — деген екен. Сол айтқандай, тілеулесім де жоқ еді, туысқаным да жоқ еді. Сол екеуін жоқ қылған Құдай емес еді, өзім едім. Тілеулесім жоқтығы — жан ашып, тілеулес болатұғын өзімнен шыққан

дуагөймен қас болып едім де, туысқаным жоқтығы жақсы ат алу үшін өз ағайыным Орманшы баласын ренжітіп ұстап едім. Сол мінезімнен таптым. Онан басқа ешкімнен де көрмеймін, — деген екен.

Қанша айтқанмен: «Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады», «Бір биеде екі емшек: бірінен соң бірінің сүті жоқ. Бір түйеде екі өркеш, бірінен соң бірінің күші жоқ». Жалғыз жүріп болғандық дәнемеге тұрмаса керек.

Қазақ мақалында да бар: «Құлан қағынан жерісе, қаңғырып жүріп шөлде өлер. Жігіт елінен жерісе, тірі жүріп-ақ күнде өлер».

105. Бердіқожа

(II нұсқа)

Абылай хан заманында Шанышқылы Бердіқожа батырды жерге таласып, кектесіп жүріп, руы аздығынан өштескен дұшпан, өсіп-өнген ру туғаны көптігінен ұстап алып өлтірейін деп жатқан екен:

— Туысқаны аз ердің ерлігі зая.
Тілеуқоры жоқ ердің еңбегі зая.
Екіден кіші балам,
Ер жеткен соң, бәлем,
Қаратал, Қояндыға қосыңды тая! —

деген екен. Сол айтқаны айтқандай болып, екіден кіші, үшінші баласы ер жетіп, ат арқасына мінген соң, әкесін өлтірген екі ағайынды неме екен, сол екеуінің бірін Қаратал Қояндыда өлтіріп, бірі қашып: «Бұл Арқада болсам, мені тірі қоймас» — деп, Бұхар кеткен екен. Соны қоймай қуып барып, сол Бұхарда жүрген жерінде өлтіріпті. Бердіқожаны жоқтаған жоқтауында айтылған екен:

— Мінгені Бердіекемнің қара алаяқ,
Жау, шіркін, кескілепті-ау аямай-ақ.

Бердіқожа батыр балаларын сынағанда, былайша сынайды екен. Үйелмелі-сүйелмелі үш баласы болыпты, бір-бірімен тетелес туған.

Бір пышақты сабын жерге тіреп, ұшын жоғары қаратып, балаларына:

— Ана жақтан домалап келіп, мына пышақтың үстінен өтіндерші, — дейді екен.

Үлкен екі баласы домалап келуін келіп, дәл пышаққа жақын келгенде, тайқып-жалтарып аунайды екен. Екіден соңғысы пышақпен жұмысы жоқ, жалтармай-бұлтармай аунайды екен. Пышақты өзі жалтартады екен.

Өзін жау өлтірерін білген соң, жолдасына айтқан екен:

— Жау жерінде қалдым ғой, менің сүйегімді алып кете алмассыңдар, бір бармағымды кесіп алып, маңайлас жерлеріңе көм де, соған там салып, «Бердіқожа тамы» атандырындар. Мені есіне алғандар дұға қылып өтер, — деп.

Дағанделі өзенінің жағасына там салыпты, шошақ мола бұл күнгіше құламай тұр деседі. Дағанделі өзені Қарқаралыға қараған елдің шетінде, Көкшетау, Дуана тауларынан көрініп тұрады. Жүргіншінің қара жолының үстінде, Жетісу барғандар: «Қозы Көрпеш — Баян тамын көрдік, Шанышқылы Бердіқожа тамын көрдік», — деседі.

Тауыңның Арқар деген аты — Құлжа,
Жігіттер, атқа түйе тегін олжа.
Хан Абылай аттанады дегенді естіп,
Келіпті Шанышқылыдан Бердіқожа! —

деген батыр — осы.

106. Бердіқожа батыр

Бұрынғы өткен заманда, қазақ-қалмақ жау болып жер таласы болып, жаушылық қатты болғанда, Түркістаннан бір бала қашып шығып керейге келіп сіңіп, шанышқылы деген елге келіп сіңген екен. «Атым — Арықмерген» деп, бір байға бала болып, малын бағып жүріпті. Бір өзенге бұғы, марал көп келеді екен.

Арықмерген бір күні « Мен аң аулап келемін» деп иен өзенге келіп, айтқанындай бұғы, марал, құлан, киік көп екен. Маралды атып тастап қайтып келе жатқанда, бір иен жерде бір өзенде бір топ жігіт, өңшең әдемі киім, әдемі ат мінген, жарысып келіп: «Күйеу келеді, күйеу келеді, жүр, жүр аман-есен жүрсің бе?» — деп араға алып, «жүр-жүр» деп ала жөнеліпті.

Есім шығып кетті. Айдап бір жотаны асып едім, о дағы өзен екен. Жер асып, ауыл қонып жатыр екен. Есім шығып кетті. «Міне күйеу келді, үй тігіп жіберіңдер», — деп жастар әлгі айғай салып еді, өңшең сұлу қыз-қатындар жиылып келіп бір үй тігіп жіберіп, жүр-жүр деп қамалап, әлгі отауға кіргізіп, қымыз құйып күте бастады. Күн батты, неше түрлі тамақ беріп күтіп, қыз-қатын, бозбалалар, ән салып, өлең айтып, екі-екіден айтысып, түн ортасы болған уақытта, «Мынау сенің қалыңдығың» деп бір қызды қасыма беріп: «Екеуің ойнап-күліп жатыңдар» деп қолыма берді. Сонан соң мен қызға: «Сен менің қайдағы қалыңдығымсың? Қай елсің? Жөніңді айтшы?» дедім. Қыз айтады: «Сен бүгін өзің ұйықтамай таң атыр, содан кейін менің жөнімді сұра, айтайын. Егерде ұйықтасаң, қай елсің? Менің қалыңдығымсың ба? деп сұрама» деп айтпай, «егер қолың сұғып «қосыламын» десең, рұқсат, өзің біл» — депті.

«Тәуекел, не болса да сұлумен қосылайын» деген ойыма бітіп, қызбенен қосылып, құшақтасып жаттым. Бір уақытта ұйықтап қалған екем, оянып, бас көтеріп көзімді ашсам, әлгі ауыл да жоқ, қойнымдағы қыз да жоқ, басымда үй де жоқ, көшіп кетіпті. Ер-тоқымды басыма жастап қойыпты, атымды арқандап қойыпты, бәрі кетіп қалыпты. Не қыларымды біле алмай, атымды еріттеп мініп, жүріп кеттім. Елге келіп айтып едім, бұл не нәрсе болды? Жын ба, шайтан ба? Айтсам ел мазақ қылады ғой деп, әлгі аңға кісі жіберіп арттырып алғыздым. Содан соң аңға бармай қорқып жүріп, күзге жақын тағы да барайын деп сол өзенге келдім. Тағы да аң қалың екен. Бір бұғы атып тастап қайтып келе жатсам, тағы бұрынғыдай бозбала шауып келе жатыр. «Күйеу келді» деп, «Күйеу аман жүрсің ба?» — деп, «Жүр-жүр» деп тағы да айдап келіп еді, бұрынғыдай сауық қып жүрген қыз, бозбаласы: «Күйеу келдің бе?» — деп, үй тігіп қонақ қылып, тағы қызды әкеліп «Екеуің ойнап-күліп жатыңдар» деп, бұрынғыдай тамақ беріп қосып қойды. Қалыңдығыма: «Сен жөніңді айт, қалай айтпайсың? Өзің адамбысың? Сайтанбы-

сың? Жөніңді айт», — деп сұрап едім, «Мен қалыңдығыңмын, рас. Бірақ мен қазір айтсам, өлемін, сен адам баласысың ғой, бір түнге шыдап ұйықтамай таң атырғанға шыдасаң, мені алып қаласың. Содан кейін мен жөнімді айтайын, егер ұйықтасаң, тағы да айрыласың» — дейді. Содан соң мен шыдаймын деп ұйықтамай отырдым. Таң таяп қалғанда, қалғып кетіп отыр едім, қара басып ұйықтап кеткен екем, күн шығып қапты.

Тағы да баяғыдай атымды арқандап, тоқымымды жастап кетіп қалыпты. Енді қайтем, мынау мені масқара қылды ғой, енді адамға айтайын деп ұялып жасырып қойдым. Аңды арттырып алып қыстай шықпай, жаз шығып, жер көктеп, мал семірген заманда тағы да барайын деп тәуекел қыла жүрдім.

Бұрынғы иен өзенге келіп, бір құланның биесін атып тастап тағы келе жатсам, бір жотадан бір топ жігіттер шауып келе жатыр. Бір желмая түйеге мінгізіп алған, бір әйел адам, бір жігіт бір бесікті алдына өңгеріп алыпты. Қарасам өзімнің әйелім сықылды. «Күйеу, сүйінші-сүйінші! Мына әйелің аман босанды, мына балаң еркек бала, жүр-жүр, ауылға сүйінші бер», — деп тағы да айырып ала жөнелді. Ауылға алып келді. Және қонып жатыр екен үй тігіп. «Мына күйеуге үй тігіп жібер», — деп қайта алып келді. Бір жерге үйді тігіп, мені түсіріп кіргізіп, әлгі бесікті қасымызға алып қойып: «Міне балаң, міне қалыңдығың», — деп тағы да күтті. Сонда қыз жылады. «Апырым-ау, ұйқыдан кісі өле ме? Бір түнге неге шыдамайсың, обалыма қалдың ғой, бүгін өлсең де, шыда. Бүгін ұйықтамай шыдасаң, мені алып қаласың, содан кейін мен жөнімді айтайын», — деді. Сол күні ұйықтамай отырдым. Қыз-бозбалалар ән салып, өлең айтып, тағы да өлең айтып таң таяу болғанда тарқап кетті. «Енді шыда, ұйықтама», — деп қалыңдығым жылап отырды. Таң қауым беріп, жарық тартып қалғанша ұйықтамай отырдым. Бір уақытта қалғып кеткен екем, ыбыр-жыбыр басылып қалған сықылды, шыдай алмай қалғып кетіп отыр екем, үйді жығып, екі түйе қомдап, жүкті артқалы үйдің ішін буып-түйіп тағы да кеткелі жатыр екен. Оянып кетіп: «Ой, бұларың не?» деп сөйлеп қалып едім, «Ой, байқұс күйеу ояу екен», — деп тұратұра жөнелді, күлісіп кетіп қалды. Сонда қомдаған екі түйе қалды. Үйдің ішін буып-түйіп қойған екен. Бәрі қала берді.

«Ал енді айтам деп едің ғой, қане, сен сөйлеші», — деп қалыңдығымнан сұрадым. Мен енді айтайын: «Біз Иранғайып де-

ген ел боламыз, біздің ішімізде бал ашып, кітаппен сөйлейтін молдаларымыз болады. Солар айтқан «Сен қазақ баласына берілесің» деп біздің молда-қожаларымыз сөйдеп, соған амалсыз өзінің жолымен шариғат үкім қылған соң амалсыз көніп, сондағы бұйырған адамым сен болып, мені қимай, әке-шешем, бауыр-туысқандарымыз сені ұйықтатып тастап, ұрлап алып жүргені сол еді. Мен сенен буаз болып, міне бір жыл өтті, мына бала сенің балаң, ұл бала. Енді қорықпа, Құдай бұйрығымен сенің балаң, міне, сенің балаң болды» деп, жылап соны айтты. Сонан соң қуанып үйді артып алып, екі түйеге баланы, әйелді алып елге келдім. Бағанағы құланның биесін содан кейін артты-рып алып той қылып, «Қожаң берсе, қойыңа сал» деген мақал бойынша баланың атын Бердіқожа қойып, осындай үйлендім деп Арықмерген айтқан екен.

Сол бала ержетіп он-он беске келген соң, батыр болып, неше түрлі өнер бітіпті. Түсінде ұйықтап жатып шошып оянипты. Түсінде басына бір нәрсе келіп, сырылдап шошытып мазасын алып қорқытыпты. Шошып оянса, түсі екен. Бұл не нәрсе деп қорқып, түн болса ұйқы жоқ, ұйықтаса бір нәрсе сырылдап, шошытып ұйқы көрмепті. Сонан соң бақсыларға бал аштырып, үйіне апарып баққызыпты.

Біреу анау, біреу мынау деп ешкім таба алмай жүргенде, аққу терісін киген бір дуана келіп ат үстінен айғай салып келіп: «Сырылдаған нәрсеге қорықпа, саған дарығалы жүрген бұл сыбызғы екен. Сен өзеннен қара құрай әкел, соны сыбызғы қып тартқызайын, сен сол сыбызғы дарыған соң бәрінің тілін білесің», — деген екен. Бердіқожа барып бес-алты қара құрай қиып алып дуанаға берген. Дуана үйіне түсіп құрайды жоныпп, сыбызғы қылып тартқызған екен. Хайуандардың тілін біліп, сыбызғышы болып кетіпті. Сол Бердіқожа батыр болып, Арықмерген баласы атанып жүріпті. Қалмақ-қазақ жаушылық заманда жалғыз кетіп жылқы алып, асқан жайшы болып елге олжа салып, батыр атақ алған екен. Анық аты Бердіқожа, ел қойған аты — «Бала батыр» деп қойса керек. Нағашысы — Иранғайып, әкесі ел шапқанда қашып келген, Шанышқылы керейге сіңген деп айтады естуіміз. «Арық мергеннің басқаша да аты бар шығар, біздің естуіміз осылай» деп айтады бұрынғы ұлы кәрілер.

107. Алымбектің шежіресі

... Сары Үйсін, Қасқарау, Жансейіт, Садыр, Шапырашты, Ысты, Ботбай, Сыйқымнан: Қарақойлы, Аққойлы, Құсирақ. Үйсін рулары Сарытауқұм, Үш Алматы, Іленің бер жағын басып алып, сонда қоныс тебеді. Онымен шектеліп қалмайды. Сарыбағыш, Солтыға қол салады. Шанышқылы Бердіқожа деген батыр, Шапырашты Қаумен, Жәпек деген, Кәшке, Дәулет деген бірге туған төрт ағайын екен, солармен бірге Ботбай Тілеуқабыл, Жайсаң деген адамдар мен Қасқарау Малдыбай, Қонысбай дегендер қырғызға тиісе береді. Сарыбағыштың қолынан Кәшке өледі. Солтының қолынан Жайсаң өледі...

Жәпек пен Бердіқожа Үйсіннің жанысы Төле биге барады. Төле би екеуін ертіп, жолай Талас жақтан шағым айта келген үйсіндерді де қосып алып Абылай ханға барады. Абылайдың ордасы ол кезде Әзіреттің Қаратауында екен. Абылай келгендерге кейіп:

— Осымен екі келдіңдер. Енді Төле биді алдыға салып келіпсіңдер! — деп, мөн-жайға қаныққан соң: — Кінә — Үйсін жағы, сіздерде! — дейді. Төле би Абылайдың сөзіне тоқтайды. Төле би Шымкентті жайлайды екен. Арыз айта барғандар Төле биге: «Үйсінді қосып бер», — дейді. Төле би оларға басу айтқанымен, Жәпек пен Бердіқожа Абылай мен Төлені тындамай, Орта жүздегі арғындардың төресі Көкжарлы Барақ ханға барады. Ол үйсін мен арғыннан төрт мың қол жиып, қырғызға шұғыл аттанады.

Бұл хабарды шолғыншы арқылы біліп тұрған Есенқұл, Қашыке, Бөлекбай, Кебек билерді шақырып алып:

— Жәпек пен Бердіқожа Төле биді бас қылып, Абылайға арыз айта барған екен, Абылай сөздің төркінін жақтырмапты, оларды қолдамапты. Оған тоқтамаған олар арғынға кетті деп естідік, жаман айтпай жақсы жоқ, тізе қосып, даяр тұралық, — дейді.

— Оқыстан түн жамылып келіп қалуы да мүмкін. Сонша қазаққа барып жәрдем сұрап жүргендері де тегін емес. Сақ болайық, — дейді үш батыр.

...Көкжарлы Барақ сұлтан бас болған үйсін, арғындар ұрланып жетіп, Қастектен асып, Боралдайдағы Қашыке батырдың ауылына қол түсіреді. Таң ата жеткен екен дейді бұрын-

ғының шалдары. Даяр тұрған Солты, Сарыбағыш рулары тегіс атқа қонып, күн шыға бере ұрысқа кіреді. Түске дейін қазақты қырған екен дейді. Қастекті асыра қуып, Көкжал Барақты өлтіргеннен кейін, қазақтар қашқан екен дейді бұрынғы шалдар.

Есенқұл, Қашыке, Кебек жарлық шығарып, дүйім елге: «Қазақтар мұнымен тоқтамайды, қарап қалмайды, сақ жүрелік. Өзгесі болмаса да, Қазық мойын қазақ тыныш жатады дейсің бе?» — деген екен. Есенқұл батырдың «Қазық мойын қазақ» дегені — Шанышқылы Бердіқожа батыр екен деседі, оның мойны ұзын екен. Есенқұл батыр айтқандай, Бердіқожа аттанғанын алмай қоймаған деседі бұрынғылар. Қатын-бала да «Қазық мойын қазақ» дегенде уанады екен.

Садыр хан «қазаққа аттанамын» деп Солты, сарыбағыш шақыруға адам жіберіпті. Есенқұл батыр, Қашыке мен Кебек: «Аттанғанды қойсын, қазақ өзі келсе, көріп алдық. Абылай мен Төле би қалыс қалғанда, біздің барып бейбіт ауылға тигеніміз бейбастық болады. Біз аз елміз. Қонысқа бола қазақ Ілені өтіп, бері келгенде тоқтатып алсақ жарады. Сіздер жақтағы қазақтардың бергі бетке өтіп жатқанын көріп тұрсың», — деп сәлем айтып, Есенқұл батыр Садырға Қашыке батыр мен Кебек биді жібереді. Есенқұлды ел-жұрты «Шоң батыр» дейді екен, Кебек Садырға барып: «Шоң батыр мен Қашыке батыр айтты, қайтыңыз райдан», — дейді. Садыр оның сөзіне тоқтамайды. Хан Садыр аттанып кетеді.

Садыр Бердіқожа сияқты болған екен. Тисе де, тимесе де тыныш жатқан елге соқтығысып жүргендіктен, қазақтар оны Абылай ханға көп жамандайды екен. Кебек қайтып кетеді. Талқан — кіші Таластан бері, Көкдөнен шалдың тұсы деген жерде екен. Талқанды Жайыл, Момақан билейді екен. Солтыны Бөлекбай билейді екен. Бөлекбай Қарабалта, Ақсуда екен. Бөлекбайға айтпай, Момақан бас болып, Жайыл да барады. Төлеберді Садырға «қой» десе де, Жайыл мен Момақан көнбейді. Жайылдың қартайып қалған кезі. Төлебердінің сөзге араласқанын жақтырмаған ағалары: «баланың сөйлегені қалай?» — деп қағытады. Төлеберді мен Бөрібай бармай қалады. Садыр көп қолды бастап барып, Шымкенттен бергі қазақты шауып, Шолаққорған мен Созақ қалаларын талайды. Көп олжаға кенеледі. Осыдан кейін Төле би үш жүздің баласының билеріне

хабар жіберіп, шақыртады. Үш жүздің билері жиналады. Билер Көкжарлы Барақ, Қаумен, Жәпек, Жайсаң және басқа да белгілі батырлардың өлгенін жеткізіп, Садырдын тізесінің батқанын көбірек айтып, Садырдың кейінгі Шымкент қазағын шауып, Шолаққорған, Созақты талағанын айтып, Төле бидің енді Абылайға көнбейтінін тұспалдап, қырғыздың кейінгі қылғанын бейбастық деп, Бұқар жырау деген уәзір һәм ақынға: «Абылайға осыны сен жеткіз», — деп біраауыздан шешімге келеді. Үш жүздің билері осыған тоқтап, есіктің алдына отырып алыпты. Абылайға: «Сыртта үш жүздін билері келіп, есік алдында жиылып тұр», — десе де, істін мәнін білген хан ұқпаған болып, Бұқар жыраумен тоғызқұмалақ ойнап отыра беріпті. Бұқар жырау тоғызқұмалақ ойнап отырып, үш жүздін билерінің не себепті жиналғанын және Төле бидін кесімді шешімін өлеңдетіп айтып жеткізіпті. Қазақтардың оқығандары айтар еді, қырғыздың шалдары айтатын еді, Бұкар жырау сонда былай депті:

— Қырғыз Көкжарлы Барақты алды,
Сартбек қазақты алды.
Шолаққорған, Созақты алды,
Абылай хан, енді, Садырдың
Сені алмағына аз-ақ қалды!..

Сонда Абылай бір жеңін киіп, бір жеңін кимей, қабағы салыңқы, есіктен шыққан екен дейді бұрынғының шалдары. Абылай:

— Бір жағым қоқан, бір жағымда қытай, бір жағымда орыс тұрғанда, азғантай қырғызға қызықпай жөн тұрсақ деп едім, болмадыңдар. Қазақ пен қырғыз бір туған едік. Бәйтік қастық қылып Көкімге у берді. Содан ортамыз бұзылды. Ташкенді бүтін иеленгенде Бәйтік кім болмақ еді?! Қырғыз-қазақтың бұзылғанын пайдаланып қалмақ қайта келген. Қазақ Бұқар кіріп, қырғыз Ысар кіріп, ел тентіреген. Сол естеріңнен шықты ма? Тентіреп жүріп табандарыңтесіліп «Ақтабан шұбырынды...» атандыңдар, соны ұмыттыңдар ма? Қалмақтан жаңа құтылып отырсақ, қырғыздың жеріне қызығып мынаны бастадыңдар. Қоқан, қытай, орыс үшеуінің біреуі қол салса, ежелден бір тұқым, бір боз үйлі, кейде қағысып, кейде табысып жүрген қырғыздардың пайдасы тиеді ғой деп едім, болмадыңдар. Рас,

сендер айтқан Садырдың қылығы айып, тыныш жатқан елге бүлік салған... Біздің көкжарлы Барақтыкі де айып, жортуыл жасап өзі барған. Бірақ ол өз жазасын тапты. Бізде Бердіқожа бар. Ол да қарап жатпайды. Сендер менің айқаныма тоқтайын деп тұрған жоқсыңдар. Мен қырғыз деп аттанбаймын, Садыр деп аттанам! Садыр көнсе, осы уақытта айтармын. Ал бұйрық бердім, аттаныңдар! — дейді. Үш жүздің билері аңтарылып:

— Қалай аттанамыз, өзіңіз айтыңыз, — деседі Абылайға қарап.

— Үш үйден бір адам, екі адамға үш ат алыңдар. Екі адамың бір бие сүтін ішесің. Ат басына бір шідер, бір арқан алыңдар, — деп, үш жүздің баласын бастап хан Абылай аттанады. Күзді күні жолға шыққан Абылай келе жатып Ташкенді алады. Қоқан Абылайға тиісе алмайды. Ташкенді алғаннан кейін Абылай қырғызға елші жіберіп, ортадағы шатақты тыныштық жолымен шешпек болады. Солты, Сарыбағыш Есенқұл батыр, Кебек би кеңес қылып: «пәлен барсын, түген барсын» деседі. Есенқұл батыр: «Сарыбағыштан пәлен барсын, солтыдан Жамансарттың ұлы Төлебердіні жіберіңдер, қосылам деушілер болса, өздері білсін. Біздің сарыбағыш пен солтыдан барған кісілерге Төлеберді бас болсын!» — дейді. Бұған Кебек би келісімін беріп, сөз байласып, солты мен сарыбағыштан сөз білген, іс білген төрт кісіге бас қылып Төлебердіні жібереді.

Қырғыздардың басқа руларынан да елшілер қосылып отырып, Ташкенге қырық елші барады. Садырдың елшісі:

— Садыр хан мені хан деп танысын деп айтқыз, — дейді. Абылай үндемей қояды. Өзге елшілер де сол сөзге тоқтағанын білдіреді. Абылай оларды жақсылап күтіп, сый-сыяпатпен шапан жауып, жаз шыға еліне қайтарыпты. Төлеберді Абылайға ұнап қалады. Сол кезде Төлеберді жиырма бес жаста екен. Оның Абылайға ұнаған себебі — ханнын құзырына елшілер кіргенде, жас бала соңынан кіріп, әдет бойынша Төлеберді қолын құсырып, кеудесіне қойып, босағада тұра береді. Абылай:

— Балам, сен неге отырмайсың? — дейді. Сонда Төлеберді:

— Мен хан отыр деген жерге отырам, — дейді. Абылай:

— Кел, қарағым, — деп оң жағынан орын береді. Әркім әрнені айтып, өз ойын білдіреді. Бір кезде Абылай Төлебердіге қарап:

— Сен неге үндемейсің? — дейді. Төлеберді:

— Сізден рұқсат болса, сөйлеймін, — дейді. Абылай:

— Иә, сөйле, қарағым, — дейді.

— Тақсыр, біздің қырғыз аз ел. Басынан қандай істер өткенін өзіңіз жақсы білесіз. Қазақ пен қырғыз бір туған бауыр. Сіз әділдік жасасаңыз, қырғыз оған көнеді. Қырғыздың көнбістігі бар. Ол өзі барып ешкімге соқтықпайды, оны өзіңіз білесіз. Садырдың ғана бейбастығы бар. Қырғыз өз арасында оң-сол болып бөлінеді. Оңға — бұғы, саяқ, солты, сарыбағыш, бағыш жатады. Есенқұл деген батырымыз бар һәм әр рудың басшылары бар. Бәрі Есенқұлдың сөзіне тоқтайды. Сол жақтағы ел де Есенқұлды тыңдайды. Осы кісі бас болып Садырға айтар. Садыр да сөзге көнер. Көнбесе, оның да жауабын айтар қырғыз. Бәріміздің ханымыз болдыңыз, сөзімді тыңдаңыз, — дейді Төлеберді.

— Иә, балам, сөзіңнің түбі терең екен, айта бер, — дейді Абылай.

— Олай болса, қазақтың кінәлі адамдары мен қырғыздың кінәлі адамдары жазаға тартылсын. Қырғыз аттанып келген жоқ, қазақ аттанып келді. Сол үшін осынша қан төгілді. Қазақта Шанышқылы Бердіқожа батыр бар, тыныш жатпайды. Осыны айтам, — деп барып тоқтайды. Төлебердінің сөзіне Абылай разы болды. Абылай:

— Құдай қаласа, жазда барамын, басшыларыңа сәлем айтыңдар. Менің іздегенім жақсылық. Қазақтардың арасында бейбастық жасағанның кім екенін білемін, Төлеберді бала! Сол Есенқұл батырға айта бар, Садыр тентек осыдан былай тыныш жатсын. Басқа айтар сөзім жоқ. Мен тыныш жатқан елді шауып, талап, атымды шығарып, ел арасын бүлдірген хан емеспін. Менің ырқыма көнсе, қалыс қаламын, көнбесе, онда көріп алдық, — деп сөзін аяқтап, қырық елшіге хош айтып, шығарып салған екен.

...Бердіқожаға Абылай: «Қой!» — дейді. Үйсіннің төбе биі Төле би де: «қой!» — деп айтады. Бердіқожа соңына ерген үйсінді ертіп алып, қырғызға тиісе берген. Бірде жолы болып, бірде жолы болмаған. Төлеберді бұл кезде қырғызға қайта көшіп келген екен. Қырғыз бен қазақтың арасында бір дау туындаса, араға жүретін Төлеберді екен. Төлеберді Абылайға барып арызданады. Абылай:

— Үйсіннің Төле биіне айтқыздым, өзім де айттым, тілімді алмады, енді не амал қыламын? — дейді. Төлеберді:

— Рұқсат беріңіз, біздің сарыбағыш, солты өз жолынан қалмасын, мен сіздің алдыңыздан өтейін деп келдім. Бердіқожаға біздің қырғызға тиесілі жердегі үйсіннің біразы еріп жүр. Егер біздің солты мен сарыбағыш осы Бердіқожаға еріп жүрген үйсіннен жеңіліп қалса, өз обалдары өздеріне, ал егер Бердіқожаны біздің солты мен сарыбағыш жеңіп кетсе, онда оған жаныңыз ашымасын, — дейді. Хан Абылай бұл сөзге:

— Бердіқожаға өз білгендеріңді қыла беріңдер. Оны өлтірсендер де, қалыс қаламын. Үйсіннің Төле биі де оны тентек деп отыр. Одан арғысын өздерің біліңдер, — дейді. Төлеберді келіп Есенқұлға істің мәнісін айтады. Есенқұл батыр мен Төлеберді елдің игі-жақсыларын жиып, кеңеседі. Елді барлап келу үшін солтыдан Бөрібайды, бөлекбайдан Мырзаны және сарыбағыштан екі кісі қосып, төртеуін бас қылып, сексен адамды аттандырады. Бұлар күндіз дем алып, түнде жортып, Бердіқожаның ауылына жақындайды. Бөрібай батырдың алдынан қалың қолмен Бердіқожаның өзі шыға келіп, қолға түсіріп алады. Жолдастарымен уәделескен жерге Бөрібай келмегесін, Мырза батыр: «Бөрібай ішке еніп кетіп, қолға түскен екен, енді қайтайық, Қазық мойын қазақтың жолы болыпты, елге хабар берейік», — деп жөнеп кетеді. Осылайша жолдастары Бөрібайды тастап кетеді.

Бердіқожа Іленің бойында екен. Бөрібайды ауылына алып барып, байлап қояды. Тары оратын кез екен. Бердіқожаның Көкшолақ деген сәйгүлік аты бар екен. Бердіқожа Бөрібайды бұрыннан біледі. Күндіз далаға алып шығып, оны «бауырым» деп көп әңгімелеседі. Көп ұзамай, бір күні кешке Бердіқожа батыр Көкшолақтың шылбырын шұбатып, Бөрібай батырды қасына алып, сөйлесіп отырады. Бөрібай онашалау отырған екен, жанынан өтіп баражатқан Көкшолаққа көзі түскенде, Бердіқожа: «Қарама Көкшолаққа, бауырым, көзің өтеді», — дейді. Сөйткенше болмай, қолын байлаған қыл шылбырды тісімен қиып жіберіп, Көкшолаққа ырғып мінген Бөрібай:

— Хош, батыр! — дейді. Бердіқожа да Бөрібайға қарап тұрып:

— Бауырым, хош! Көкшолақты міндің. Сені қуаламаймын. Қуғанменен, Көкшолақ жеткізбейді, құтты болсын, бауырым! — деп қала беріпті. Сөйтіп, Бөрібай Іледен өтіп ауылына келеді.

Төлеберді Қордайда екен. Абылайға жүрейін деп қамданып жатқан екен. Есенқұл:

— Қол жиып аттанайық», — десе, Төлеберді оған көнбей:

— Біз өзіміз барып ұрындық, қазақ келіп ауылымыздан байлап әкеткен жоқ. Мен сарыбағыш пен солтыға ризамын, — дейді екен.

Бөрібай келгеннен кейін, солты мен сарыбағыш жиылып, кеңес құрады. Кәрісі Есенқұл мен Кебек, ханы Бөрібай болып «Енді не істейміз?» деп ақылдасады. Бөрібай:

— Казір Бердіқожаның бекінісі мықты, онда баруға болмайды. Жайшылықта, Бердіқожа Сарытауқұмға келгенде барсақ болады, мен білген Бердіқожа бір келеді, — деп сөзін аяқтайды Бөрібай. Осыған бәрі келіседі. Ел Шу жаққа көшіп жатқанд,а солты мен сарыбағышты арт жақтан келіп шабады. Қамданып жүрген ел жиылып, күш жинап, қайыра қуады. Қуып отырып Ілеге барып, көп олжаға кенеледі. Іленің ар жағын қыстап отырған үйсіннің малын талап, үйін шауып, Бердіқожаны өлтіріп, көп мал мен адамды қолға түсіріп, мол олжамен үйлеріне кайтады. Сарыбағыш пен солтының шалдары мақтанып отырушы еді. Басшылары Есенқұл, Атеке, Кебек, Бөрібай екен. Ол кезде Төлеберді Абылайға кеткен екен.

Бердіқожаны қалай өлтіргені жөнінде де жаза кетейін. Ілеге жеткеннен кейін Кебек, Есенқұл, Бөрібай, Мырза батыр бұрын қазақтарда аманатта болып, қайтып келген бөлекбай руынан Аша батырды қазақтар арасына жібереді. Оған: «Аша, сіз Бердіқожаны байқап, қайсы үйде тұратынын анықтап келесіз бе?» — деп, Бердіқожаның ауылына жұмсайды. «Мақұл» деп Аша батыр кетеді. Бөрібай мен Мырза батырлар Есенқұл мен Кебекке, Атекеге келіп болған жайды айтады.

— Аша батырды жұмсадық, біліп кел деп, рұқсат берсеңіздер, сарыбағыш пен солтының талапкер батырларын ертіп біз қалайық, Бердіқожаны өлтіріп қайтамыз. Ал сіздер бас болып, қол кете берсін, — дейді олар. Есенқұл батыр бұған риза болып:

— Бауырым, үмітім өзіңсің, кеше Көкжарлы Барақты, Жәпекті, осы Бердіқожаны қуып, Барақ хан мен Жәпекті өлтіргенде батамды беріп, «Осы Қазық мойын қазаққа сені салам, бауырым» деген едім. Атеке, Кебек екеуің қолды бастап, қолға түскен мал мен жанды алып жүре беріндер. Мен балаларға бас болып қалайын. Құдай қаласа, Қазық мойын

қазақты өлтіріп қайтамыз. Әйтпесе, бұл Қазық мойын қазақ бізге тыныштық бермейді. Қазақтар «қырғыз кетіп қалды» деп енді алаңсыз жатады. Шаршаған немелер қамсыз қалады. Дәл осындай күші сарқылып тұрғанда қазақты қайта қырайық. Аша батыр оның қай жерде жатқанын анық біліп келеді. Ашаның қазақтан айырмасы жоқ, — дейді. Содан кейін Есенқұл батыр қолды жиып: «Өз күшіне сенген солты мен сарыбағыштан бізге еріп кім қалады?» — деп жар салады. Білегіне сенген бес жүз адам алға шығады. Атеке мен Кебек би қолды бастап жүріп кетеді. Қыс түскен, қоңыр күздің аяқ шені екен. Түн ұзақ, қоңырсалқын. Бердіқожамен қазақша сөйлесіп, мән-жайды біліп алғаннан кейін Аша келеді. Келгеннен кейін қолға қарап: «Қазақтар арғын мен үйсін аралас отыр екен, екеуі тендей. Ортасынан тоқсан үй беріп, үлкен ақ үйде шалқасынан түсіп жатыр екен мен барсам. Төменгі Шудан келген қазақ болып бардым. Бір қондым, екі бие сойды», — дейді. Аша батыр бас болып ауылдың жанына келеді. Аша батыр «осы ауыл» деп көрсеткен ауылдың тұсына келгенде, Есенқұл батыр колды екіге бөліп, бірін ауылдың басына, бірін ауылдың аяқ жағына орналастырыпты. Өзі Аша батырды алып, жанына Бөрібай батырды ертіп, маңайындағыларға: «Мен ауылға барып, дауысым ұрандап шыққанда, осы жерден ат қойыңдар. «Біздің іздегеніміз Бердіқожа!» деп айқайлай беріңдер, қарсылық көрсеткендер болмаса, үй ішіндегілерге тимеңдер», — деп ескертеді. Сол айтқандай болыпты. Қазақтардың ауылы Іледен алыс екен. Бердіқожаның өз үйінің жанына барып Есенқұл «Жанқораз!» деп ұран салғанда, қалың қол ауылды қоршап алыпты. Бердіқожаның өзі үйінің есігін ашып қойған екен. Шырағын жарық қылып, қолына қылышы мен найзасын алып Бердіқожа қарап тұрыпты деседі. Жанындағы адамдарымен атқа міне алмай қалыпты. Есенқұл:

— Үйді көтер! — деп, үйге кірейін дегенде:

— Батыр, мен кірейін, — деп, Бөрібай кіргенше, Есенқұл үйді төңкеріп тастапты. Бөрібайға:

— А, бауырым, келіп қалдың ба? Көкшолақты мініп қашқаныңнан-ақ осы істің боларын біліп едім, — деп Бердіқожа тұра ұмтылады. «Бердіқожа мен Бөрібай екеуі тіресіп тұрғанда, Есенқұл келіп Бердіқожаны жағадан алды», — дейді шалдар. — Осынша батыр келіп, өзгең тыныш тұр, — деп, Бердіқо-

жаның адамдарын, қатын-баласын бөліп тастап, Бердіқожаның өзін байлап, ауылдан шыққан екен деседі. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деп Есенқұл мен Бөрібай ауылдан тыныш қана шығып кетіпті. Бердіқожаны Есенқұл: «өлтіріңдер!» деп өлтіртіп, «Ал, Бердіқожаның өлігін», — деп, кескілеп, жүріп кеткен екен дейді бұрынғы шалдар. Ал менің Бердіқожаның өлімін жазғанымды айып көрмеңіздер.

Содан кейін қазақтар Абылайға арыз айтып барыпты. Төлеберді сол уақытта Талас қырғызының дауы үшін Абылайдың жанында екен. Қырғыздан Есенқұл мен Кебек барыпты. Абылайдың алдында қырғыз бен қазақтың игі жақсылары айтысып отырып, бітімге келген екен дейді шалдар. Бердіқожаның құны тоғыз байталға кесілген екен деседі олар. Осыдан кейін қазақ пен қырғыз арасы Абылай дәуірінен Қоқанға қарағанға дейін тыныш болыпты.

108. Қазақ-қырғыз шабысы

...Қалмақтар сүріліп кеткеннен кейін көп жер босайды. Оны бұрынғы меже бойынша жайма-жай бөлістіре алмай, қазақ пен қырғыздың ортасында шатақ шығады. Қырғыздар қалмақтар сүргініне дейінгі заманда жайлап жүрген Іленің басын, Үшаралды бер десе, қазақтар көнбейді. Таластан Шымкентке дейін бұрын қырғыз жайлап жүрген жер десе де, қазақтар болмайды. Бұл уақытта Жетісудағы қырғыздарды Сарыбағыш руындағы Маматқұлдың ұлы Болаттан туған Есенқұл билеп тұрған. Оны «Шоң батыр» деп қойысқан. Солтыны Бөлекбай аталып кеткен Қарақшының ұлы Бәйсейіттен туған Кебекбай билеп тұрған. Ол Қошайдың Момақан деген ұлына ақыл салып тұрған. Момақанның Жамансарт деген бір туғанының Төлепберді деген ұлы пысық шығып, сөзге араласа бастаған. Ол кезде Сарыбағыш, Солтылар Кетментөбе, Таластың басында Шудың аяғында тұрысқан екен. Қазақтармен соғысу үшін Таластың аяғындағы Қапқа деген жерде жинала бастайды. Саяқтың Қаба ұрығынан шыққан Садыр батыр, Түнқатар ұрығынан Арзымат, Шағыр ұрығынан Қашыке келеді. Есенқұл Садырға: «Кетментөбеден Қатпаға көшіп келіп орнық, қазаққа Таласты бермейміз», — дейді. Садыр қол құрып, Таластың аяғындағы

қазақтарды шауып, Шымкентке ысырады. Қапқаға қорған салдырып, «Хан Садырдың ордасы» дейді, Іленің басындағы қазақтарды да қырғыздар сүре бастайды. Олар арызданып Абылай ханға барысады. Абылай: «Қырғыздарға тиіспеңдер, қойыңдар», — дейді. Оған болмай, үйсін қазақтарынан шыққан Бердіқожа қырғыздарға шабуыл жасап, жылқыға тие береді. Жыны келген Садыр менен Момақан оны Шымкентке дейін сүріп шабады. Осы шабыста Үйсін қазағы Жәпектің Қаумен деген ұлы өледі. Бердіқожа осыдан жиырма-жиырма бес жыл ілгеріде Ташкен шаһарындағы Таласта өлтірілген Шүңгінің Қарабәйтігінің құнын даулап жүрген болса, енді оған жаңа құн қуған Жәпек қосылады. Екінші жолғы шабыстан кейін Бердіқожа Абылайға қадірі бар деп Төле биді салады. Сондада Абылай: «Кінә өздерінде, Бердіқожа, қой десе болмадың, пәлеге ұшырайсың ғой», — дейді. Абылайдан сусыған Бердіқожа Ұлы жүздің басшысы, Арғындардың төресі Көкжарлы Барақ ханға барады. Ол Бердіқожаға төрт мың қол береді.

Бұл хабарды шолғыншы арқылы біліп тұрған Есенқұл, Қашыке, Бөлекбай, Кебек биді шақырып, қазақтардың қол құрап жатканын айтып, даяр тұралық дейді. Олар елді Боралдайдан ылди, Ысық-атадан жоғары шоғырлап, жеңіле қалса, Бауамды өрлеп қашпақ болады. Бұл уақытта Көкжарлы Барақ бас болған үйсін-арғындар Қастектен асып, Боралдайдағы Қашыке батырдың ауылына қол түсіреді. Даяр тұрған Солты, Сарыбағыш атқа мініп, қатты соғыс басталады. Қырғыздар жеңіп, қазақтар қашады. Қазақтардың Барағы өледі, Жәпек ауыр жарадар болады. Осыдан кейін Жәпектің руы Іледен кетеді. Сол жортуылда қазақтарды қуалап баратып қырғыздан Теміржан деген манап Іледен өтіп кеткен қазақтардың артынан түседі. Қашып бара жатқан қазақтар қырғыздардың аз екенін біліп, қайырылып, ит соғысын салады. Теміржан Сіргелі Жұрынбай батырды шанышпақ болғанда, Қанжығалы Нәйет батыр Теміржанды шанышып жығады. Қазақтың Томаш батыры баса қалып, ішін жара тартады. Сол уақытта арттағы қырғыздар келіп қалып, Жұлынбай, Үсет, Алтай, Байғозы батырларды қолға түсіреді. Теміржан үшін төртеуінің бірін өлтірмек болғанда, Байғозы көзге түсіп қалады. Оны атамыз деп шөкелетіп отырғызып қояды. Байғозыны шығысқа қаратып, артынан қырық қадам өлшеп ататын болады. Сол уақытта Теміржанның бір туғаны

келіп: «Менің бауырым шәйіт болды, ешкімнің қанын көтергім келмейді, кете бер, қазағым», — дейді. Байғозы тұрам деп тұра алмай, өне бойынан тер саулап, отырып қалады. Бұл соғыста қырғыздан Есенқұл, Жайылдың ұлдары Үсет, Теке, Қосайдың Жамансартының ұлы Төлеберді Бөрібай көзге көрінеді. Осыдан соң Үсет, Теке, Төлеберді, Бөрібай — Солтының төрт батыры аталады.

Осыдан кейін қазақтың Бердіқожасы Таластың аяғынан шабуыл бастайды. Оған қарсы Садыр, Момақан аттанады. Олар қазақтарды Шымкентке дейін шауып, көп олжаменен қайтады. Бұл шабуылды Есенқұл мен Кебек би қолдаған емес. Осы уақытта қазақтың Төлебай (Төле би болар) деген биі қазақтың үш жүзінің билерін шақырып, Бұқар жырау деген Абылайдың уәзіріне Абылайды сөзге көндір дейді. Бұқар жырау жырменен:

Е-ей, Абылай ханым!
Қырғыз Көкжарлы Барақты алды,
Сарт бек қазақты алды,
Шолаққорған, Созақты алды.
Абылай хан, Садырдың енді
Сені алмағына аз-ақ қалды! —

деген екен. Абылай бір жеңін кимей есіктен атқып шыққан. Сыртта топтанып үш жүздің билермендері тұрған. Сонда ашуына булыққан Абылай мынадай дейді:

— Бір жағымда қоқандық сарт, бір жағымда қытай, бір жағымда орыс тұрғанда, азғантай қырғызға қызықпай жөн тұрсақ деп едім, болмадындар. Шүңгінің Бәйтігі қастық қылып қырғыздың Көкіміне у берді. Содан ортамыз бұзылды. Ташкенді бүтін иеленгенде Бәйтік кім болмақ еді?!» Қырғыз-қазақтың бұзылғанын пайдаланып қалмақ болып қайта келген. Қазақ Бұқар кіріп, қырғыз Ысар кіріп, ел тентіреген. Сол естеріңнен шықты ма? Тентіреп жүріп табандарың тесіліп, «Ақтабан шұбырынды...» атандыңдар. Соны ұмыттындар ма? Қалмақтан жаңа құтылып отырсақ, қырғыздың жеріне қызығып мынаны бастадындар. Қоқан, қытай, орыс үшеуінің біреуі қол салса, ежелден бір тұқым, бір боз үйлі, кейде қағысып, кейде табысып жүрген қырғыздардың пайдасы тиеді ғой деп едім,

болмадыңдар. Рас, сендер айтқан Садырдың қылығы айып, тыныш жатқан елге бүлік салған... Біздің Барақтікі айып, жортуыл жасап өзі барған... Мен қырғыз деп аттанбаймын, Садыр деп аттанам! Аттанғанда үш үйден бір адам, екі адамға үш ат алыңдар. Екі адамың бір бие сүтін ішесің. Ат басына бір шідер, бір арқан алыңдар.

Өстіп үш жүздің қазағы қозғалады. Абылай жолда келе жатып Ташкенді алады. Қырғыздарға елші жіберіп, ортадағы шатақты тыныштық жолымен шешпек болады. Есенқұл Көбек бименен кеңесіп отырып, Жамансарттың Төлебердісін бас қылып, сөз білген, іс білген төрт ақсақалды жібереді. Қырғыздардың басқа руларынан да елшілер қосылып отырып, Ташкенге қырық елші барады. Ол заманда әрбір рудың өз басшылары болған. Есенқұл Сарбағыштан шыққанымен, жалпы түндік қырғыздарды билеген. Сарыбағыштың биі Әтеке жырық болған. Саяқты жалпы Садыр билегенімен, биі Ғадай болған. Көкшүнді Ибалы би, бостұмақты Тәшібек би, моңғолдарды Бірназар би, желдеңді Шапақ би, бұғыны Бірназар би, қытайды Мұса би, сарыны Садық батыр билеп тұрған.

Сөйтіп, қырғыздан барған қырық елші Абылай ханға кіріп, өздерін таныстырған. Шежірелерде Абылай хан елшілерді дереу қабыл алмай күттіріп, сыртынан сынатқаны, сыр тартқаны айтылады. Қырғыз-қазақтың байырғы дипломатиясындағы: тамақ беріп сынау, жеген-ішкенін байқауменен үш күн өтеді. Абылайдың тыңшылары қырғыздардың негізгі елшілерін Төлеберді деген жиырма бір жастағы жігіт бастап келгенін және төрт ақсақал барын айтады. Содан кейін қырғыздың елшілерінен Садырдың елшісін қабыл алады. Елші:

— Садыр хан мені хан деп танысын деп айтты, — дейді. Абылай үндемей қояды. Садырдың елшісіне жауап бермей жөнелтеді де, Төлеберділерді ордада қабыл алды. Елшілер қол қусырып, сәлем айтып кіріседі. Абылайдан басқа қазақтар қозғалып, ақсақалдарды даярлаған орындарына отырғызады. Абылай оларды көрмеген болып, төмен қарап отырады. Бір ауқымда басын көтеріп қараса, босағада қол қусырып Төлеберді тұрған екен. Абылай:

— Жігіт неге отырмайсың? — дейді. Сонда Төлеберді:

— Мен хан отыр деген жерге отырам, — дейді. Абылай жүзі жылып:

— Кел, қарағым, — деп оң жағындағы орынды көрсетеді. Төлеберді отырғаннан кейін қазақ-қырғыздың шатағы жөніндегі сөз қозғалып, қырғыз-қазақтың үлкендері шатақтың басы сендерден басталды деп, бір-бірінің айыбын тізбелеп, ұзақ сөзге кіріседі. Таласты тыңдап отырған Абылай үндемейді. Ақсақалдар айыпты бір-біріне мойындата алмай кеш батады. Қырғыздан барған төрт шешен сөйлейді. Қазақтан шыққан сөзге жүйріктер сөйлейді. Естіген адамға әрбірінікі тура. Сен айыпты деп ешкім айтатындай емес. Бір ауқымда Абылай Төлебердіге қарап:

— Сен неге үндемейсің? — дейді. Төлеберді:

— Мен хан сөйле дегенде сөйлеймін, — дейді. Абылай жымиып:

— Сөйле, қарағым, — дейді. Төлеберді шатақтың басын Шүңгілдің Қара Бәйтігі Көкімге у беріп өлтіргеннен бастап, аяғын Бердіқожа мен Садырға алып келіп тірейді. Оған шейін қырғыз бенен қазақтың қойы қоралас, бауырлас ел екенін айтып, қалмақты шапса, бір шауып, қашса, бір қашқанын айтады. Қыз беріп, ұл үйлендіріп, боз үймен жайлауда бірге көшіп жүргенін айтады. Тілі мен ділі жақындығын айтады.

— Құдайдың жеріне таласып елімізді қырамыз ба? Басқа елге жем боламыз ба? — дейді. Төлебердінің сөзіне Абылай разы болады. Екеуінің ойы бір жерден шыққанына бір жағы таң қалады. Абылай бір тынымнан кейін:

— Есенқұлға айта бар, Садырын қойдырсын, біз Бердіқожаны қойдыралық, — дейді.

Он күн мұрсат беріп, елшілерді жөнелтеді. Ол уақта Солтының талқа елі қазіргі Луговой тұрған жерде екен. Бөлекбай елі Қарабалта, Ақсуда екен. Сарыбағыш Есенқұлға хабар беріп, болған істерді, айтылған кептерді баяндайды. Есенқұл Төлебердінің сөзін еп көріп, Кебек биді Садырға жібереді. Садыр өзін ханмын деп қоқырайып тұрған екен:

— Мені хан деп танымаған сарт құлға көрсетем! — дейді. Ол сарт деп Абылайды айтқан. Абылайдың түпкі тегі өзбек деген кеп бар екен. Сонда Кебек би:

— Іші аланы сырты бүтін алады, жоны бұзылған елді жоны бүтін ел алады, күшті хан күшсіз ханға қашан көніп еді? Айтқан тілді алмай, елдің қанына қанбақ болып тұрсың, басың бас, бақайшағың қара тас! — деп жөнеп кетеді. Кебек би талқан еліне келіп, Жайыл менен Момақанға сөйлесіп:

— Садыр болмады, сендер жоғарыға, біз жаққа көшіңдер, өлсек, бір шұңқырда, тірі болсақ, бір төбеде болалық, — дейді. Жайыл:

— Момақан білсін, — дейді. Момақан сонда:

— Біз Таласты жайламай Сусамырды жайлайық, казір орнығып қалдық, кейін хабар қылып көшеміз, — дейді.

— Көлденең жайт болып қалса, Төлебердіні жібер, — деп Кебек би жөнеп кетеді. Ол кеткеннен кейін Садыр Момақанға келеді. Ол екеуі дос екен. Садыр:

— Моңғолдар, Саяқ, біз жаққа сен қосылсаң, Солты қосылады. Екеуміз Абылайдың шет қарауылын шапсақ, елі қашады, — деп Момақанды көндіреді. Екеуі қол құрап барып, қазақтың Көсегенің Көкжотасы деген жерінен Ботпай, Шымыр руларын шауып, Құдайқұл тұқымын талқандайды. Абылай мұны естіп, ашуы келіп, әскеріне аттануға бұйырады. Абылайдың қолбасыларының бірі Жауғаш Момақанмен дос екен. Ол сасқалақтап Момақанға келіп:

— Сен Садырға қосылма, Абылайдың қаһарына қаласың, — дейді. Момақан:

— Сенің сарт құлыңды сойып алам, сауытын қан қылмай шешіп қойсын, бәрібір сауыт менікі, — дейді. Жауғаш:

— Достықтың міндетінен құтылдым, — деп кете береді. Момақан Садырға хабар беріп, Төлебердіні Есенқұлға жібереді. Есенқұл еліменен Үш Алматыда екен. Жайлауы Ақбешімде болған. Олар жайлауға келіп қалған екен. Есенқұл қолын алып жөнейді.

Абылай әскерін үшке бөледі. Бірінші қолды Садырға қарсы Таласқа жібереді. Екінші қолды Қорғантының басындағы Солтыларға жөнелтеді. Үшінші қолменен Әулиеатаға өзі келеді. Бірінші қол Садырды тыпыр еткізбей басып қалады. Садыр балаларымен қолға түседі. Абылай Әулиеатаны алып, екінші қол кеткен Солтыға қарай аттанады. Солтылар Қорғантының беліне бекініп, Момақан, Жайыл, Кебек би бас болып, Үсен, Теке, Итеке қорғап жатқан екен. Олар қатты қарсылық көрсетіп, Абылайдың екінші қолын қашырады. Бірақ Абылай көп қолменен келіп қалып, солтыларды талқандайды. Жайылды балаларымен қолға түсіреді. Момақан елімен қолға түседі. Осы кезде Шоңұрдан асып, сарыдан Құбілек, Қолпаштар келеді. Олар Солтылардың қолы

екен деп Абылайдың әскеріне ұшырасып талқандалады. Аспараны асып, Садыр ханның Арзымат деген інісінін ұлы Тумаби Сейітке келеді. Сейіт:

— Немене боллың? — дейді. Тума би:

— Немене болсын, ерлігінен Солты өлді, есі жоқтығынан Құбілек пенен Қолпаш өлді, — дейді. Абылай Садырды Жорғаның белінде басып қалған екен. Бұл соғыста Құсшы, Сары, Саяқ, Солтыдан көп кісі өлген, көп кісі қолға түскен. Абылайдың қолы Соқулық суынан қайыра тартып кеткен. Есенқұл әскерімен Соқулыққа келгенде, Абылайдың қолы кетіп қалған болады. Есенқұлға Кебек би жолығып, қазақтардың кетіп қалғанын айтады. Есенқұл Аспарадағы Тұма биге кісі жібереді. Тұма би келеді. Ол Төлебердінің қайын атасы болатын. Есенқұл, Кебек би, Тұма би сөйлесіп, Төлебердіні Абылайға екінші қайыра елшілікке жібермек болады. Абылай қырғыздарды шапқаннан кейін Үшқайыңдыға тоқтап, дар құрып, Садырды балаларымен өлтіреді. Солты елінен Қоңырбайдың ұлы Жайыл, Үсен, Теке, Итеке ұлдары, Қосай ұлы Момақан қолға түскен. Оларды да Абылай дарға тартпақ болады. Сонда Момақанның досы Жауғаш Абылайдан:

— Бір досымның қанын бер, — деп сұраған екен. Абылай:

— Бердім, — деп қалады да, досың кім еді? — деп қайыра сұрайды.

— Момақан, — дейді Жауғаш.

— Әттең, болмас-дүр, сөзім аузымнан шығып кетті, — деген екен Абылай. Жауғаш қуанып Момақанға келеді:

— Сені Абылай босатты, досым, кетсең болады, — дейді. Сонда Момақан:

— Сарт құл өлтіре берсін, жеті әйелдің балалары орнымды жоқтатпайды, өлімнен қорықпаймын. Одан да менің орныма ағам Жайылды алып қал, елге бас-көз болсын, — дейді. Жауғаш Жайылға барып айтады. Жайыл:

— Мен жасарымды жасадым, менің орныма үлкен балам Үсен қалсын, — дейді. Үсен:

— Інім Теке аман қалсын, — дейді. Теке:

— Менің балаларым бар, үйленіп үлгермеген Итеке қалсын, — дейді. Сөйтіп Итеке аман қалады.

Есенқұл, Қашыке, Тұма би, Кебек би, Солты Жамансартқа келіп:

— Ұлың Төлебердіні бер, Абылайға елшілікке жібереміз, — дейді. Төлебердінің анасы Жақсылық шырылдап жылап:

— Жібермеймін! — дейді. Есенқұл:

— Төлеберді сенің ғана балаң емес, ел баласы, елдің баласын өзіне бер! — дейді. Төлеберді Абылайға бармақ болады, енді бұлар барғаннан кейін айтылмақ кепті ақылдасады. Есенқұл:

— Қазақтарға немене керек? — деп Төлебердіден сұрайды. Ол:

— Белгілі емес пе, қазақтың іздегені — жер, қоныс. Бердіқожаның қалағаны — құн, мал. Төлебердіден қырғыздарға қараған жерді сұрағанда:

— Басы Үш Алматы, Сарытауқым, Қызылқия, Санташ, аяғы Бетегелі Қойтас, арғы жағы Қашқар, Үрімші деп қырғыз жерінің шегін нақты айтып береді. Бұған разы болған қариялар Төлебердіні Абылайға жөнелтеді. Абылай Төлебердіні қабыл алып:

— Жарастықтың шарты мынау: Таластың суы — су шек болсын, Ырғайтыға дейін бересің, — дейді. Сонда Төлеберді:

— Сіз Таластың суы шек болса дейсіз, Күйіктің белі шек болсын. Кішібурыл, Шоңбурыл, Тұсы тауы шек болып, аяғы тұп-тура Түймекенттен Таластың суын кесіп өтіп, Әбілқайырды басып, Қорғантыны жиектеп, Түліскенге келіп, Ұланның ұршығын басып, Тескейге түсіп, Ырғайтыға шейін жетсін дейсіз. Менің қосарым: бұл жерге қырғыздың қаны көп төгілгенін білесіз. Сондықтан Шоқпардан тартып, Ілеге барып, Сартауқұмнан тоқталсын, — дейді. Қазақтар жапырлап:

— Ойбай-ау, бұл недеп тұр?! — дейді. Абылай Төлебердіге қарап:

— Қазақтар бізге немене қылады деп тұр ғой, — дейді. Төлеберді Абылайға тіке қарап айтады:

— Тақсыр, қырғыздың азайып қалғаны — тау арасына кіріп кеткені ғой және жарымы Ферғана жаққа ауып кеткен. Күйіктің белі менен Бурылдан Бетегелі Қойтасқа дейін қанша жер? Одан тартып Бурыл, Түймекенттен төмен Таластың аяғы қанша жер? Таластан Әбілқайырды басып, Қорғантыға келіп жиектеп, Түймекентке келіп... осыдан ары қанша жер? Ұланның ұршығыменен Шоқпардан бергі ылди қанша жер? Қантауы, Байғара, Әулиеатаға дейін қанша жер? Іленің бас жағы қанша жер?..Сонда Төле би менен Бұқар төре:

— Апырмай, жас бала болып тұрып мұнын бәрін қайдан білесің? — дейді. Төлеберді:

— Әрбір адам баласы туған жерін, кіндік қаны тамған жерін білуі міндет, — деп жауап береді. Төлебердінің сөзіне Абылай жығылып, Таласқа дейінгі жерді алып тоқтайды. Бірақ қазақ-қырғыз іші мұнымен тынып қалмасын білген Абылай Төлебердіні «Ақ үйлі елші» деп атап, өзіменен қоса қазаққа алып кетеді.

«Абылай хан заманында Шанышқылы Бердіқожа батырды жерге таласып, кектесіп жүріп, руы аздығынан өштескен дұшпан, өсіп-өнген ру туғаны көптігінен ұстап алып өлтірейін деп жатқан екен:

Туысқаны аз ердін ерлігі зая,
Тілеуқоры жоқ ердің еңбегі зая.
Екіден кіші балам
Ержеткен соң, бәлем,
Қаратал-Қояндыға қосыңды тая! —

деген екен. Сол айтқаны айтқандай болып, екіден кіші, үшінші баласы ержетіп, ат арқасына мінген соң, әкесін өлтірген екі ағайынды неме екен, сол екеуінің бірін Қаратал-Қояндыда өлтіріп, бірі қашып: «Бұл Арқада болсам, мені тірі қоймас», — деп Бұхара жаққа кеткен екен. Соны қоймай қуып барып, сол Бұхарада жүрген жерінде өлтіріпті. Бердіқожаны жоқтаған жоқтауында айтылған екен:

— Мінгені Бердекемнің қара ала аяқ,
Жау, шіркін, кескілепті-ау аямай-ақ.

Бердіқожа батыр балаларын сынағанда, былайша сынайды екен. Үйелмелі-сүйелмелі үш баласы болыпты, бір-бірімен тетелес туған.

Бір пышақтың сабын жерге тіреп, ұшын жоғары қаратып, балаларына:

— Ана жақтан домалап келіп, мына пышақтың үстінен өтіндерші, — дейді екен.

Үлкен екі баласы домалап келуін келіп, дәл пышаққа жақын келгенде, тайқып, жалтарып аунайды екен. Екіден соңғысы

пышақпен жұмысы жоқ, жалтармай-бұлтармай аунайды екен. Пышақты өзі жалтартады екен.

...Өзін жау өлтірерін білген соң жолдасына айтқан екен:

— Жау жерінде қалдым ғой, менің сүйегімді алып кете алмассыңдар, бір бармағымды кесіп алып, маңайлас жерлеріңе көм де, соған там салып, «Бердіқожа тамы» атандырыңдар. Мені есіне алғандар дұға қылып өтер, — деп.

Дағанделі өзенінің жағасына там салыпты, шошақ мола күні бұл күнгіше құламай тұр деседі. Дағанделі өзені Қарқаралыға қараған елдің шетінде, Көкшетау, Дуана тауларынан көрініп тұрады. Жүргіншінің қара жолының үстінде, Жетісу барғандар: «Қозы Көрпеш — Баян тамын көрдік, Шанышқылы Бердіқожа тамын көрдік, — деседі.

— Тауыңның Арқар деген аты — Құлжа,
Жігіттер, атқа түйе тегін олжа.
Хан Абылай аттанады дегенді естіп,
Келіпті Шанышқылыдан Бердіқожа! — деген батыр осы!..

109. Жоламан батыр туралы

Шалабай өз заманында батыр ер болған. Өзі кедей болған. Бірнеше өзара соғыстарда Шалабай жауға шауып, жеңген, сүйтіп, өз заманында батыр атанған ер атақты кісі болады. Енді бұның немерелері Жоламан, Бердаулет дейтіндер болады. Бұлар да батыр болған. Олар батыр болғанда, ел бастап көтеріліске шықпаған. Мысалы, Исатай-Махамбет құсап, ия Амангелді құсап. Бұлардың жауы сол хан Әлке, үйткені Әлке патшаға сатылған, орысқа жақын болған, халыққа салық салған, қанаған, шаруаларды елемеген. Міне, бұлардың мақсаты: халыққа бақытты тұрмыс беру, салықтан босату, бас бостандық беру /орыстан/, патшадан аулақ болу. Бірақ «мұның бәрі тек ханды өлтірсек ғана орындалады» деп ойлайды. Халықты бастап көтеріліске шығуды ойламайды. Тек қана бұлардың мақсаты — ханды өлтіру, сүйтіп халыққа бостандық беру.

Сол мақсатпен бір күні Әлке хан салық алуға базарға келгенде, он екі бименен сол жерде көптің ішінен Жоламан, Бер-

даулет келіп, Әлкені алтыатармен атады. Сол жерде опыр-топыр хан құлап қалады. Сол құлауымен өледі, бұны ешкім де білмейді. Адай жағынан, шаруалар жағынан жалғыз жарым білгендер айтпайды. Сүйтіп, билер кімнен көрерін білмей, әуре-сәуре болады. Аңдушылар, тыңдаушылар қояды. Бірнеше жан-сыздар қояды. Ақырында сенделіп ешкім екенін біле алмаған соң әр руға бір жабысады. Біресе, адай өлтірген шығар дейді. Одан шұқалап шығара алмаса, әлімге /ру аты/ жабысады. Одан шыға табынға, не керек ақыры таба алмайды. Одан берігерек келгесін барып онда да ештеңе шығара алмайды. Жоламанның батыр болуы — осы.

110. Байсерке

Сол кездегі қазақтың батырларымен бірге Сәмен де балаларын, інілерін ілестіріп, қалмақтармен соғысуға кеткенде, Байсеркені елдегі аз ғана шаруаның қисынына бола ауылда қалдырып, «сол тіршіліктерді бітірген соң келерсің» деп тастап кетеді. Әке тапсырмасына орай ел арасындағы тіршіліктерін тындырған соң, негізгі сарбаздарға қосылу үшін екі жолдасымен Байсерке жолға шығады.

Жиренайғыр өзенінің төменгі жағындағы Тасөткелге жақындағанда, алдарынан бір шаршап-шалдыққан, аштықтан әбден әлсіреген бір кемпірге жолығады. Байсеркелер аттарынан түсіп, үлкен кісіден жөн сұрайды. Кемпірдің айтқаны мынау болады: «Ауылдың ер-азаматтары соғысқа кеткенде, оншақты қалмақ келіп, аулын шауып, кемпір-шалдарды, қызкеліншектерді байлап-матап, малдарды жинап алып, адамдарды ұрып-соғып, жөнсіз әбден басынады. Олардың еркінсігендері сонша, қарсы сөз айтқан бір шалдың жон терісін кесіп алып, етіктерін майлапты. Енді өткелден адамдардан тірі көпір жасап, аяқтарын суға тигізбей өту үшін әрекеттеніп жатқан көрінеді».

Байсерке кемпірді атқа мінгізіп, ауыл шетіне жеткен соң, өздері жасырынып, өткел басына жақындап, «Сәмен! Сәмен!» деп ұрандап, сасып қалған қалмақтарға шабуылды бастап жібереді. Сасқалақтап қалған қалмақтар әуелгіде соғыса алмай қашқақтай бастайды. Байсерке осындай қолайлы сәтті пайдаланып, екі қалмақты қатар түйрейді. Жолдастары да қалыспайды.

Шатырдан шыға қашқан біреуін Байсерке желкеден шоқпармен ұрып, құлатады. Қарсыласқан біреуін қасындағы екі жолдасы найзамен түйреп өлтіреді. Енді қалған төртеуі де қолға түседі. Жолдастары халықтың аяқ-қолдарын шешіп, бәрін босатады. Ауыл жұртының Байсерке батырға ризалығында есеп жоқ еді. Ол осылайша ел ішінде батыр атана бастайды.

Байсерке батыр бұдан кейін де әкесі, ағаларымен бірге талай соғысқа қатынасады. Солардың бірі Жоңғар тауындағы соғыс еді. Ертеңгі соғыс басталады деген түні Сәмен батыр шолғыншыларынан жаудың жасырын тобы бар екенін біледі. Соған орай Сәмен батыр ертеңгі соғыстың тәсілін өзгертудың қамын ойлай бастайды. Өйткені ертең қалмақтармен қоянқолтық ұрыс жүргізіп жатқан сәтте сардарлардың ту сыртынан жасырын топ лап қойса, сарбаздар қоршауда қалуы мүмкін. Оған жол бермеу үшін Жоламан мен Байсерке батырларды шақырып алып, жаудың жасырын тобын құртуды тапсырады. «Сендер келгенше өзім сарбаздармен бірге болып, қалмақтарға қарсы соғысты жүргізе тұрайын», — дейді. Арнайы тапсырма белгіленген соң сардарлар жүріп кетеді.

Түнделетіп жүрген сарбаздар таң атып, жер жүзіне жарық түскенде жолға шыққан жаудың жасырын тобына қарсы жолығады. «Біз жеңеміз!» деп кеуделеріне нан піскен қалмақтың батыры ат ойнатып, «жекпе-жек!» деп ортаға шығады. Оған қарсы Байсерке шығады.

Екеуі де қолдарындағы қаруларын бір-бірлеріне дарыта алмай, көпке дейін айқасады. Кезекті қарсы келгенде, Байсерке найзасын қалмақтың батырының қалқанының оң жағын ала найза ұстаған қолына дөлдейді. Найзаның ұшы қолына тигенде, қалмақ батырының найзасы түсіп кетеді. Қалмақтың батыры қарсы алдына қараса, қаптаған қазақтың сарбаздарын көреді. Ол атын тез бұрып, найзасына жеткенше Байсерке бұрынырақ қимылдап, қалмақ батырының кеудесіне найзасын қадап, суырып алғанда, қалмақ шалажансар болып, жерге құлап түседі. Осыны күтіп тұрған қазақтың сарбаздары екі жақтан шабуылдап, қалмақтарды қоршап алады. Қоршауға түскеннен кейін көп қарсылық көрсете алмайды. Қашқаны қашып, қалғандары найза, қылышқа түсіп, ойсырай жеңіледі. Жоламан мен Байсерке он шақты сарбаздарын ұрыс даласында қалған нәрселерді жинастыруды тапсырып, өздері шұғыл Сәмендерге келеді.

Бұлар келгенде қоршауда қалған Сәмен батырды Долаңқара жаралап үлгерген екен. Қалмақтардың ту сыртынан Жоламан мен Байсеркенің сарбаздары лап қояды. Ызаға булыққан сарбаздар жойқын соғыс жүргізіп, қалмақтарды қырып салады. Бұл соғыстан кейін де қазақтар көп жыл бойы аттарын, сауыт-саймандарын дайын ұстап, жаугершілік тірлік кешеді. Ел іші тыныштала бастағанымен, қалмақтар шабуылының алдын алу үшін Текебай батырды сарбаздарымен Кербұлаққа қалдырады. Байсерке батыр сарбаздарды Алатау мен Іле өзенінің ортасына орналастырады. Кейін бұл жер Байсерке ауылының қонысына айналады.

111. Найман Бөдес

Бірде Абылай ханның хабарымен қазақтың көп батырлары жиналады. Осы батырлардың арасында шұбар атты Бөдес батыр да болады. Ол Абылай ханның да сенім артқан батыры екен. Сонда Абылай ханның Бөдес батырға арнап айтқан сөзін Есенсары жырға былай қосып мадақтаған:

— Қазақтың жиып алып, қосты басын,
Қалдырмай үлкен-кіші ақылдасын.
Жатыр деп қалмақ елі жеңіс бермей,
Мен салам халқым үшін мал мен басын.

Абылай қолы бірде жоңғарлармен бетпе-бет кездеседі. Сол кездегі көшпенділердің соғыс ережесі бойынша жекпе-жекке шығады. Қалмақтар жағынан қолбасшы батыры Шонжы шығады.

Абылай хан:

— Кезекке кім шығады? — деп жар салғанда, сақа батырлардың бірнешеуі найзасын кезеп тұра қалады. Ішінен Бөдес суырыла шығып:

— Хан ием, ақ батаңызды беріңіз. Алдарыңды орасам, әдепсіздік болар, бір жолы құрбандықтарыңа жарайын, — деп, бабамыз есік пен төрдей шұбар атымен келіп, тағзым етіп, рұқсат сұрайды.

Айқас басталып, әр жақ өз аруағын шақырысып, сайысқа түскен ерлерге ұран салып жатты. Сүт пісірмнен астам уақыт

өткенде Бөдес Шонжыны аттан құлатады. Қазақ мерейі үстем болып, қазақ қолы жеңіске жетеді.

«Қырық жігіт болып жолға шықсаң, бір жолдасың Бөдес болсын, сонда жолың болады» деп аруақты батыр жайында ел аузында қалған қанатты сөз бар.

112. Шегірдің Жәнібекпен кездесуі

Керей Бәрдәулетұлы Жәнібек батыр қасына нөкер ертіп Алтайға барып, қоныс шалып қайтады. Тарбағатай тауының үстіртімен суыт жүріп отырып Қарғыба өзеніне жетеді. Қарғыбаның басына қосын тігіп аялдайды. Ол уақытта бұл жерді Қаракерей Мұрын елінің жуаны Жанай ауылдары қоныстап, иемденіп алған. Олар Жәнібек батырды баса-көктеп, килігіп қонғанынан күдіктенеді. «Жәнібектің мына қонысы жай болмас, көшір!» — дейді Шегірге ағалары. Шегірдің жасы жиырманың жуан ортасында, мықты, батыр болам деп жүрген кезі екен.

Шегір ақ беренін киіп, қолына найзасын алып аттанады. Сол бетімен Жәнібек батырдың қосына келеді. Жалғыз аттыны дүбірінен біліп Жәнібек батыр:

— Әй, кім де болсаң аттан түс, бері қоса кір! — деп дауыстайды қостың ішінен.

Жәнібек батырдың жылы лебізін естіп, Шегір сабасына түсіп сабыр қылады. Істің ақырын насырға шаптырмайды.

Шегір қосқа кіріп жайғасады. Ішіп отырған таңертеңгі шайынан Жәнібек оған шай ұсынып, сыйлайды. Шегірдің тектен тек жүрмегенін сұңғыла Жәнібек батыр іштей сезеді. Келген жөн-жосығын сұрайды. Әуел баста «қуам, көшірем» — деп келген бетінен қайтып:

— Сізді ерулікке шақырып келдім, — дейді Шегір.

Алдымен Жәнібек батыр осы қонған жерін сөз етіп, мына шумақты айтқан екен:

— Асан-қайғы іздеген
Жердей екен балмұздақ.
Таласады бұл жерге
Дәті шыдап қай қазақ...

Осылай Тарбағатайдың жерін мақтап, онда әйгілі Қаракерей Қабанбай, Мұрын Боранбай батырдың елі отырғанын айтады. «Ал біз жер жаннаты Алтайға көшпекші болып келеміз». — дейді Шегірге. Содан соң Шегірдің өзін сынып:

— Батырлыққа тән біткен
Нұсқасы бар бойында.
Жауға тура кезенген
Найзасы жүр қолында.
Көрерме еді өзіңді
Жеке шыққан шайқаста, —

деп, найзаның ұшын түйреп, қас жауын жекпе-жекте жайратпай, батыр атағы шықпайтынын айтқан екен. Енді қонақ болу жайына көшіп:

— «Ризық айдап, дәм тартса, бармайын деген жеріне адам баласы үш барады» деуші еді. Құдайым, ризығымнан айырмасын, үйіңе барып, дәм-тұзыңды татайын, — деп ризалық пейілін білдіріпті.

Сол жолы Керей Жәнібек батыр Шегірдің үйіне құтты қонақ болады. Шегірдің жамбасымен сүйретіліп еңбектейтін Күнпейіс деген ұлына қолымен ет асатады. Оның бұдан былай аты «Жамбас» болсын деп Жәнібек батыр қайтадан ат қойып бата береді. Содан кейін:

— Келін жүкті, екіқабат екен, ұл табады. Атымды бердім. Атын Жәнібек қойыңдар, — деп тапсырады.

Аман-есен Жәнібек туады. Кейін оның Дуан деген баласы елді билеп, болыс болады. Керей Жәнібек батырдың берген батасы Жамбас атаға да дарып қонады. Жамбас әрі бай, дәулетті, әрі кісілікті, әулетті болады. Жамбастың бәйбішесі 50 жасында ұл табады. Атын Ыбырай қояды. Ол он бес жасында атқа мініп ру басы — старшын болып сайланыпты. Сөйтіп, Жамбастың бес баласы — бес ауыл болыпты.

113. Аралбай батыр

Аралбай батыр XVIII ғасырдың 40-жылдары мың сарбазды бастап, Талас өзені бойында қалмақ шеріктерімен соғысып, ірі

жеңіске жетеді. Бір күні Сары Манжаның түмені Анырақай тұсынан өтпей-ақ Аралбай бастаған сарбаздар куып жетті. «Соңымыздан қаншалықты қуар дейсің, қалжырар» деген оймен жүре соғысып, қалмақтар Шуға да жетті. Осы жерде түменбасы қулық жасап, түменді екіге бөлді. Жартысын қуып келе жатқан қазақтардың алдын алуға қалдырып, жартысын өзі бастап өзенге беттеді. Сұрапыл соғыста Аралбаймен бірге Сатай, Бөлек, Балпық, Қараш, Тауасар батырлар керемет жанқиярлықпен шайқасты. Түс ауа жоңғар қолының қатары сиреп қалды. Неге екені белгісіз, майданды тастап кетпей сілкілесе берді. Сары Мажаның қулығын Аралбай енді түсінді.

... Су үзеңгіден асса да, ат омыраулап, алға ұмтылып келеді. Сөйтіп келе жатқанда, арғы жағадағы қалың қамыс арасынан ойламаған жерден жау жағы зеңбіректен оқты гүрсілдете жаудырады. Лезде-ақ бірнеше адам ат-матымен суға шөгіп кетеді. Аралбаймен бірге өткендер қамыс арасынан зеңбірекшілерді тауып алып, қылыштап тастады. «Зеңбіректің дауысы енді өшті» деп жатқанда, әріректен тағы зеңбірек оғы атылды. Ол аз дегендей, оң бүйірден қалмақтың қалың қолы айғайлап шыға келді. Осы жерде Аралбай батырға зеңбірек оғының жарықшасы тиді. Сатай мен Бөлек Аралбайды екі қолтығынан сүйеп алдағы жағаға алып шықты. Зеңбірек оғының жарықшағы бірнеше жерінен тиген Аралбай батыр түн ортасында жан тәсілім етті. Алды-артын қоршаған қалың жаудың ортасында қалған қазақ қолы Аралбай батырдың сүйегін елге апаруға мүмкіндік болмай, қаза тапқан орға түні бойы жерін қазып, сол жерге жерлеп кетті.

Айбарлы Аралбай әрі елші, ел үшін, ұрпақ үшін жалғыз жанын осылай қиып, туған жеріне, еліне, отбасына жете алмай, қырық жасында қыршын кетті. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда, Аралбай батыр сөзге шешен, алды-артын байқап сөйлейтін ойшы да, ұтқыр адам болған екен.

114. Аралбай батыр

Бірде Үмбет, Мәмбет, Тілеке үшеуі аттарына мініп, сәукеле сынды қалпақ киіп келе жатады. Үшеуінің де сақалдары белуарларына түскен. Үшеуі де сексенге жақындап қалған екен. Сонда бұларға бұлақтан су алып келе жатқан үш қыз жолығады.

Қыздардың біреуі шалдарға естіртіп: «Осы шалдардың да қыздарда үміті бар ма екен?» — дейді. Мұны шалдар естиді. Сондықтан да аттарының басын бұрып, қыздарға тиісе сөйлейді. Жаңағы сөзді айтқан қыздың қолтығына ақ жамау салып қойған екен. Соны көрген Үмбет:

— Қыздарым, ақ шап, қызыл құнажын жоғалтып едік, соны іздеп келеміз, көздеріңізге түспеді ме? — дейді. Сонда әлгі қыз тоқталмастан:

— Ата, жаңа ғана ақ шап, қызыл құнажынды бір көрі бұқа қуғаннан қуып мына сайға түсіп кетті, — депті. Сөзден тосылған шал қай ауылдың және кімнің қызын екендерін сұрап алып, шалдар сол айтқан үйге түседі. Келе жатқанда:

— Мына қызды маған алып беріңдер! — деп бұйыра сөйлейді.

Батырларды ауыл ерекше күтіп, етке тойғызып, қымызға бөктіріп, қайтарларында бұйымтай сұрайды. Бұл кезде қыздар жеңгелеріне шалдармен сөз қағысқанын айтып қояды. Бұйымтай сұраған адамға Тілеке батыр (кенжесі):

— Сіздерге құда түсе келдік, — деп сөзді төбеден ұрғандай айтып салады. Мұны естіген ауыл адамдарын күбір-күбір, сыбыр-сыбырға басып, бағана сөз қағысқан қыздан мән-жайды аңғарып, құда түсер күйеудің осы үш шалдың біреуі екенін аңғарады. Ауыл адамдар ойласа келіп:

— Құда болуға ниет еткендеріңіз жақсы екен. Күйеу бала қай құралпылас? — дейді.

Тілеке:

— Күйеу бала біздің ініміз болады, — деп ағасының күйеу екенін жасыра қояды. Бірақ ауыл адамдары үш шалдың бірі екенін қыздардан біліп алған. Олардың алдына орындай алмас шарт қояды. Егер орындай алмаса, өзінен-өзі қалады, ал орындап кетсе, амал жоқ құда болады. Сол бойынша әлгі кісі шартын қояды.

— Егер нағыз құда боламыз десеңіздер, қалың малға тоқсан тоғыз торы ала, айғырымен жүз жылқы әкеліңіздер. Ол жылқының ішінде қара ала, сары ала, жирен ала деген болмайды, тек торы ала бие болсын. Және мұны тауып келу уақыты да қысқа, бір аптаның іші ғана. Бұдан кешіксеңіздер малдарыңызды қабылдамаймыз, — дейді.

Тосын сұрақтан сасып қалып, Тілеке Үмбетке қарайды. Ол «қайтпа, болады» деген ишарат білдіреді. Тілеке:

— Құп, болады, — дейді. Ауыл адамдары сөздерінен қайтпастан:

— Шарт орындалса, қыз сіздердікі, құда болғанымыз болған, — деп шынайы пейіл білдіреді. Осы уәде бойынша батырлар аттанып кетеді. Былай шыға бере олар дай-дай болып айтысады. «Мұншама торы ала жылқыны қайдан табамыз?» деседі. Сонда Үмбет байсалды бейнемен:

— Саспаңдар, бауырларым, осы барған соң жігіттерді сайлап, менің сайыма барыңдар, сүттің кілегейін қалқып алғандай тоқсан тоғыз биені айғырымен таңдап алыңдар да, сонан кейін құданың аулына алып барыңдар, — дейді.

Ырым-жырымын жасап, бұлар барғаннан кейін амалсыз қызын береді, сол жерден некесі қиылады. Шарт бойынша той жасалып, қызды алып қайтады. Сол кезде Үмбет жетпіс жеті жаста екен.

Арада біраз уақыт өтіп, Үмбеттің жас тоқалының аяғы ауырлап, ақыры ұл табады. Бұл кезде Тілеке батыр жаугершіліктен оралады. Жеңгелері алдынан шығып:

— Батыр қайным-ау, жеңгең босанды, ұл туды, сүйіншісін бер, — дейді. Сонда батыр:

— Тұра тұрыңдар, мен баланы көрейін, ойымдағы шықса, алып келе жатқан олжамды түгел сендерге үлестіріп беремін, егер ойымдағы болмаса, жеңгемді де, баланы да өлтіремін, — деп қатулана түсіпті. Жеңгелерінің ес-түсі шықты. «Сүйіншіні неге сұрадық, сүйіншісі құрсын, батырдың ойынан шықпаса, абысын мен нәрестенің қанын мойнымызға жүктейтін болдық-ау!» — деп күйзеледі. Бұл туралы ауылда өсек те жоқ емес-ті.

Батыр үйге кірісімен бесікте жатқан баланың құлағын ұстап көрді. Баланың құлағынан күн көрінетіндей, өте жұқа екен. Жүзінде күлкі ойнаған батыр:

— Жарайсың, жеңгем, тұманым сейілді. Міне, шалдың баласы осындай болуы керек. Ал, жеңгелерім, айтқан уәдем бойынша осы алып келген олжамды бөлісіп алыңдар! — депті.

Үмбеттің бес баласы бар еді. Ең үлкені — Алыбай, Құлтай, Жанбай, Көлбай. Тоқалдан туған баланың атын Көлбайға ұқсастырып Аралбай қояды. Міне, сол Аралбайымыз өсе келе батыр Аралбай, елші Аралбай болады.

115. Құттығай батыр

Саржала, Құттығай, Шұбар үшеуі құрдас екен, олардың бір-біріне деген сыйластығы, қимастығы ерекше болыпты деп ел әлі күнге аңыз етеді. Ұлы Отан соғысының ардагері болған марқұм Жұмағали Айтбаев деген ауданымызда шежіреші қарты болды, ол кісі осы үш батыр туралы көп білетін. Саржала жорықта жүргенде екі ұлы, әйелі қайтыс болады, ол хабарды үйіне жеткізбей алдынан шығып естіртуді құрдасы Шұбар батырға тапсырады, сәлемді Саржала береді екен. Шұбарға «Ассалаумағалайкум» деп амандасқанда, құрдасы «атаңның басы» депті.

«Не болып қалды» деген сауалға:

— Не болсын, Аспаның аспанға ұшты, Зембілің жерге түсті (Аспан, Зембіл Саржаланың қайтыс болған ұлдарының есімі екен), әйелің қасына жатты, — дейді. Сонда Саржала:

— Апыр-ай, Жанбайым (еншілес інісі екен) тірі ме? — деп сұрайды, «Тірі» дегенде:

— Е, онда болды, бала-белде, қатын-жолда деген, — деп ауыр қайғыны сыр бермей көтеріп жүре беріпті-мыс.

Шұбар Құттығайдың немере туысы, әрі құрдасы, сан жорықтарға екеуі талай бірге шыққан. Құттығай ауырып жатқанда ақкөңіл, бір мінезді Шұбар қол жинап келіп сарбаздарына Құттығай жатқан үйді қоршатқызып, «Ажалды кіргізбеңдер!» деп күзеттіріп қойыпты. Құттығай қайтыс болған соң, «тоғыз ұлы бар Құттығай өлуге мүмкін емес, ол бізді сынайын деп жатыр», — деп үш күн бойы жерлеуге рұхсат бермей қойыпты. Құттығайдың мың жарым жылқысы бар екен, «соның бәрін Құттығайдың құрмандығына шаламын» деп әлек салыпты деген аңыз бар. Өзінің жандай құрдасы, жауға аттанған талай жорықтарда бір-біріне сүйеу болған, әрі жақын туысы Құттығай қайтыс болғанда, сыңарынан айырылған Шұбар батыр жанын қоярға жер таба алмай аласұрып күйініп, шығарға жаны басқа, қатты қиналса керек.

116. Қарақұл батыр

Қарақұл әрі жас, әрі тұлдыр жетім қалды. Ол әпкесі Қарашаштың тәрбиесінде өседі. Он төртке толып, етек-жеңін жинауға тырысқан Қарақұл бір күні әпкесінен:

— Әкемнен қалған қандай енші бар? — дейді.

— Әкеңнен бір ат, бір садақ қалды, малы ағайындыларда, — дейді әпкесі мұңайып.

— Онда мен Сарқұл атамнан әкемнен қалған еншілерімді аламын, — дейді Қарақұл.

Ол Сарқұлдың ауылына аттанады. Амандықтан соң жағдайын айтып, көп жылқының ішінен өзіне тиісті еншісін іздеуге кіріседі. Сарқұл балалары Қарақұлдың жолын бөгеуге әрекеттенеді.

Сонда Сарқұл:

— Тиіспеңдер оған, өзіне тиісті еншісін таңдап алсын, — деп тоқтау айтыпты.

Қарақұл Жарманнан тараған таманың Сейтқазы биіне көрші отырады екен. Сейтқазы би өз заманының ірі тұлғаларының бірі болған. Жер, жесір дауын талапқа сай дәрежеде шешіп отырған.

Қарақұлдың жақын туысы Сарқұл қартайып, ауру меңдеп, төсек тартып жатып қалады. Сейтқазы би Қарақұлды ертіп апарып, Сарқұл атасының көңілін сұратады. Сарқұл інісінің көңіл сұрап келгеніне өте риза болып:

— Қарағай бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, — деп сөзінің аяғын жұтып қояды...

— Бұл өлеңнің аяғын неге айтпайсың? — дейді Қарақұл еленде п.

— Сен де бір болашақтан үміт күткен баланың бірі едің, сөздің аяғын жалғастыруды өзіңе қалдырдым, — дейді Сарқұл. Қарақұл енші бөлісіне риза болмай ренжіп жүреді екен. Сол ренішті арқау еткен Қарақұл:

— Бұрынғыдай болмайды-ау, көңіл қалса туыстан, — дейді.

117. Әйтей батыр

...Қазақ, қалмақ жасақтары екі төбенің басына жиналып, қан төгіспек үшін бірін-бірі жекпе-жекке шақырады. Қалмақ жағынан дене бітімі ерекше, ірі жасақ Жамқайын атын ойнатып, екі төбенің ортасындағы жазыққа шықты да, найзасының қазақ жасақтарына қаратты. Ол жекпе-жекке шақырудың белгісі еді. Жамқайынның зор тұлғасын көрген қазақ қолы

абыржып, тұрып қалды. Дәті шыдап, жекпе-жекке ешкімнің шыға қоймайтын сыңайын байқаған Хангелдінің қаны қашып, сұрланып, жан-жағына қарап, сарбаздарын өткір көздерімен шолып өтеді. Осы кезде ортаға атан төсті құлагерін ойнатып, Хангелдінің алдына Әйтей жетіп келеді де:

— Ата, батаңызды беріңіз! Жекпе-жекке мен шығамын! — депті. Сонда Хангелді оның түрін көріп:

— Балам, жастау екенсің, жасың нешеде? Қайратың қандай еді? — деп сұрайды. Әйтей:

— Ата, жасым он жетіде, бір топ тал шыбықты бұрағанда суын шығарушы едім, — дейді. Хангелді:

— Олай болса, балам, Алла жар болсын! Бәйдібек бабаның аруағы қолдасын, әумин! — қысқа қайырып, батасын береді.

Ауыздықпен алысқан құлагерін ортекедей орғытып Әйтей де жазыққа шықты. Екі сарбаз бір-біріне құйындата қарсы шаба жөнеледі. Басын жіберген құлагердің құйрығы ұшқан құстың қанатындай түп-түзу болып көрінді. Екі ат бір-біріне жақындағанда, батырлар ұстаған найзалардың қалқанға тиген ашты дауыстары шаңқ-шаңқ етіп, бар назарын осы сарбазға аударып тұрған жасақтарға естіліп тұрды. Екеуі бірін-бірі көпке дейін ала алмайды. Қалмақтың қара күші басым болғанымен, амал-тәсілі шамалы, қимылы борпылдақ екен. Әйтейдің шапшаңдығына төтеп бере алмаған қалмақ әбден қан сорпа болып терлеп, берекесі кете бастады. Екеуінің ұрысқаны қанша уақытқа созылғанын кім білсін, бір кезде көз ілеспес жылдамдықпен қимылдаған Әйтей найзаның ұшымен қалмақтың кіндігінің ұшынан шаншып, бұрап-бұрап жіберіп, тартып қалғанда, оның ішек-қарны ақтарылып, өзімен бірге жерге түседі. Жерге екі бүктеліп топ ете түскен жауының басын Әйтей қылышымен шауып алады. Мұны көрген қазақ жасақтары қуанғанынан «Бақтиярлап, Қарасайлап» төңіректі күңірентіп жібереді. Қалмақтар жағы алдыңғы сенімінен айрылып, қатты абыржиды. Олардың жан-жаққа бытырап қаша бастағанын байқаған қазақтар лап қойып, жауды жеңеді. Осы ұрыстан кейін сол жердің аты «Ойрантөбе» болып айтылып келеді.

Ата-бабаның аруағы қолдап, алғашқы рет қалмақтың Жамқайын батырымен жекпе-жек ұрыста жеңіске жеткен бала жігіт Әйтейдің атағы тез арада Жетісу аймағына тарайды.

Әйтейдің жұрт көзіне түсіп, батыр деген атаққа ие болып, соғысқа нағыз араласқан кезі осыдан басталады. Хангелді Әйтей батырды сарбаздарының мыңбасы етіп сайлайды.

Жалындаған жас жолбарыс Әйтей батыр әскери қолбасшылыққа ие болған соң, дереу іске кіріседі. Алғашқыда әскери жорылғыны неден бастарын білмеген ол, ағайын-туғанның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымшылдық демеуі арқасында тізгін-шылбырды жетегіне алғаннан кейін, ар жағын тез-ақ меңгеріп кетеді. Енді бөлініп жарылмай, тек білек күшін біріктіріп, бір жұдырықтай жұмылып, тізе қосқан дұрыс деп білген Әйтей батыр, енді ұрысты қалмақпен қалай жүргізу керек екендігін ақылдасу мәселесімен өзінен алты жас үлкендігі бар және қолбасшылық тәжірибесі мол, Іленің арғы бетіндегі атағы әйгілі қолбасшы Шапырашты Наурызбайға жиналған қолының саны, ат-сайманы, құрал-жабдығы белгілі болған соң, Үшқоңыр биігіне бөрілі байрағын тігіп, жасағын сапқа тұрғызып, ұрысты түнде бастамақ болған жоспарын өзінің арнайы хабаршысы арқылы жіберген. Ондағы мақсаты — қазіргі Қаскелең қаласы мен Шамалған ауылының жеріне қалмақтың ханы мен, оның қолбасшысы, әрі түменбасы Қаскелең басып алған ауылды, мекендерді босату еді. Оны естіген Наурызбай Іле өзенінің оң қанатындағы Тайқабай өткелінен өтіп, жаудың терістік жағынан Қараойдағы Жаманбұлақтың оңтүстік етегіне келіп, ат басын тіреді де, төстегі Әйтейге өзінің келгендігі жөнінде және ұрысты қалай жүргізу туралы қысқа-қысқа нұсқау айтып, хабаршы жібереді. Нұсқауды алған Әйтей батыр түнгі соғысты ашу үшін Үшқоңырдан әпсәтте жоқ болады. Тау бетіндегі қалмақтар олардың қайда кеткенін білмей қалады. Бұл кезде Наурызбай қолбасшының бұйрығымен Әйтей өз қолын екіге бөледі де, бір бөлігін Қарғалы тау сағасындағы қыстақтың басына қарай, екінші бөлігін Қасымбек өзені арқылы Қаскелең мен Шамалғанға жібереді.

Қалмақтың ханы Шамал өзенін жаулап алған жерлерінде бірнеше мыңдаған қазақтың мойнына тас байлатып, Іле өзеніне батырып, тұншықтырады. Еліміздің үрім-бұтағын түгелдей жойып жіберу мақсатымен жасөспірім балалар мен бас көтерлеріне дейін найзамен түйреп аяусыз қырды. Шамал хан кезінде осындай адам баласы естіп көрмеген небір сұмдық тәсілдерін қолданды. Өзінің қанішер қатігездігімен күллі елдің үрейін

қашырды. Жантүршігерлік мұндай азаптан қорыққан халық жан сақтау үшін тау-тасты, сай-сайды сағалап бас паналап, босқындады. Ал Қаскелең осы жауыз Шамал ханның серіктесі, сонау Нарынқолдан Қордайға дейінгі аралықты алып жатқан қалмақ әскерінің түменбасы еді. Қан төгілген, бет қаратпайтын жойқын қырғынды тікелей басқарған осы Қаскелең.

Мінеки, итқорлықты көрген елді, ата қоныс, бабалардың туып-өскен мекенін қалмақтың жезді, улы тырнағынан азат ету үшін ұрыс белгіленген күннен бір күн бұрын Наурызбай бастаған қол терістіктен Қаскелеңге соғыс бастайтын болып келісілген еді.

Қарғалы қыстағында он атан түйе сойылып, өркеші мен ақшелегі түгел шыжғырылып, майы әдейі дайындалған кеспектерге құйылды. Кеш алдында әр сарбаздың қолындағы екі қарыстай ескі қап жырымы жіңішкертіліп тілініп, майға батырылып, найзаның жалаулығына байланды. Сөйтіп, Әйтей бастаған қол, Үшқоңырдың етегіндегі қалмақ әскеріне ымырт жабыла атой салды. Қыстақтарға жақындағанда майға батырылған қап жырымына от қойылды. Қараңғы түнде қалмақтарға жан-жақтан от қаптап, «Бақтиярлап, Қарасайлап» күңіреніп, төніп сарбаздар келе жатты. Мұндай сұмдықты жай қалмақ түгіл, талай соғысты басынан кешірген Шамал хан мен оның түменбасы Қаскелеңнің өздері оны көргенде естері кетті. Бүкіл далада от көшіп келе жатты. Ерен үйін тіктіріп, рахат өмірдің дәмін татып қалған Шамал хан, Қаскелең абыржып, сасқанынан жендеттеріне бұйрық беріп жатты. Бірақ оларды тыңдауға түн ішінде ешбір қалмақтың шамасы келмеді. Осы түнде қалмақ өбден соққы жеп, көп қырылды. Быт-шыт болып қашқаннан қалғаны ертесіне Қаскелеңнің қарасазында кескілеске түсті. Әйтейдің Қаскелең сайымен келген жасақтары Наурызбай бастаған қолға қосылып, олар да ерен ерлік көрсетті. Жеңіліп бара жатқанын анық байқаған Қаскелең, «жекпе-жек, жекпе-жек!» деп бар дауысымен айғай салды. Қашан да қанға қан, бас батырға бас батыр жекпе-жекке шығатын дәстүр бар ғой. Сондықтан қалмақтың батыры Қаскелеңмен жекпе-жекке Шапырашты Наурызбайдың өзі шықты.

Бұрын аты белгісіз болып келген Наурызбайды Қаскелең тіпті көзіне де ілген жоқ. Наурызбай ала атына мінгенше,

Қаскелең тұқыл күреңмен майданның ортасынан екі сыдырып өтті. Әлденені қалмақша айғайлап қояды.

Ала атына мініп (оның екі аты бар еді, біреуін жорықта, екіншісін осындай айқасқа мінеді), майдан алаңына Наурызбай беттегенде қалмақ біткен шу ете түсті. Өйткені Наурызбайдың ерекше біткен зор тұлғасы олардың мысын басып кетіп еді. Қатты абыржып, жүйкесі таусылып кеткен Қаскелең қамшыны күреңіне үсті-үстіне салып бауырлатып-бауырлатып жібереді.

Екеуінің ұрысы көпке созылған жоқ. Наурызбай салған көк сүңгі ә дегенде-ақ Қаскелеңнің арқасынан бір-ақ шықты. Наурызбай найзасын суырып алғанда, Қаскелең екі бүктеліп сылқ ете түсті. Ері ауып, бауырына түскен күрең аты екі артқы аяғын тепкілеп майдан алаңында шауып жүрді. Сол кезде Шамал ханның қалмақша айғайы шықты да, ат үстіндегі бар қалмақ шолан ұрып, ортада тұрған Наурызбайға лап қойды. Қазақ қолы аттарына қамшы басты. «Бақтиярлаған, Қарасайлаған» дауыс бүкіл даланы күңірентіп жібергендей болды. Ұрыс, жұлыс, шабыс. Біреуді біреу біліп болмайды. Ит батпақтап, күшік сүрінгендей айқас болды. Қалмақтан да, қазақтан да шығын аз болмады. Енді жеңіліп бара жатқан Шамал хан қолы терістік шығысқа қарай қаша бастады. Қазақтар соңынан қуа жүгіріп, біразын өлтіріп, біразын тірідей ұстап, қолға түсірді. Аман қалғандары қашып, Топар түсіп кетті.

Бір-екі айдың шамасында Шамал хан қайтадан бытырап кеткен жасақтарын жинап, соғыс бастады. Алғашқы сәтте-ақ күш алған қазақтар сасқалақтаған қалмақтың есін жиғызбай бас салып, тоз-тоз қылды. Амалы таусылған Шамал хан енді жекпе-жек ұрысын салу үшін айғай салды. Бұл ұрысқа да Наурызбайдың өзі шықты. Бірақ Шамал хан Наурызбайға қарағанда қауқары шамалы болып, босмойын шоқпармен бір ұрғанда-ақ Шамал хан аттан құлады. Ханы құлаған қалмақтар қаша жөнеледі.

118. Шақшақ Жәнібектің Тауасар батырға ат қойғаны

Тауасардың өкесі Есенаман баласына ат қойғызарда арғынның шақшақ руынан шыққан қарт Жәнібекті жорықтан келе

жатқан жолынан тосып, сәлем беріп, қуанышты көңіл-күйін айтады.

Міне, сол даңқты Шақшақ Жәнібек қареке-байбура руындағы Есенаман байдың тілегіне бар ықыласын беріп, оның үйіне түседі. Қуанышты ата-ана ағынан ақтарылып, адал ниетімен, ақсарбас қойын сойып қарсы алады. Ақ күндікті ана мен айыр бөрікті ата аяулы көретін аруақты батырлары Шақшақ Жәнібектен:

— Баламызға ат қойып беріп, әруағыңызбен қорғай жүріңіз, — деп тілек етеді.

Ата-ананың қуанышынан жүрегі тебіренген батыр бесікті алып, бесік көрпені ашып, балпанақтай баланы көріп, тебірене бата беріп, бүй дейді:

— Жағаласар жауың көп,
Жауға шапсаң, есер бол!
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол!
Жабылған жауды жапырып,
Шайқасқанда есен бол!
Жекеге шықсаң желденіп,
Жауыңның басын кесер бол!

Сонан соң бетін сипады да, ата мен анаға қарап:

— Бесігін көтергенде, көңілім толды, балаңыздың аты Тауасар болсын! Бірақ біреулерге атын ататып боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде, алған бетінен тоқтатпа! — дейді. Шақшақ Жәнібекті пір тұтып сыйынған ата-ана:

— Әумин! — деп бетін сипайды.

119. Тауасар батырдың жас шағы

Тауасар он сегіз жасқа шығып, күш-қайраты толысып, ел алдына, ер қатарына ілінген кезде жоңғар шапқыншылары қазақ жеріне шабуыл жасайды. Бұған қарсы Орта жүз ханы Әбілмәмбет үш жүзге сауын айтып, атшабар аттандырып, қол жияды. Ер азамат біткен ереуіл атқа ер салады.

Бұл кезде қареке-биболды руының атақты биі Қамен би өз елінің қолбасын сайлап, сарбаздарына сәтті жол тілеп, аттандырып жатады. Сондай қарбалас күннің бірінде олардың есігін айқара ашып, «Дат, тақсыр!» — деп кіріп келген жас жігітке би селт етіп тігіле қарайды. Қарсы алдында шарайнасын киіп, жау жарағын асынған Тауасардың тұрғанын көреді. Ол бір тізесін бүгіп:

— Дат, аға, ел шетіне жау тиді, ер азамат атқа қонды. Ер азамат қатарында даңқты Қабанбай батырға сарбаз болып, үлкен жолға аттанайын деген ойым бар, ақ жол тілеп, ақ батаңызды беріңіз, — дейді.

Тонын иығына қайта жамылған Қамен би:

— Қарағым, Тауасар, елге берген батамды өзіңнен неге аяйын. Әрдайым қол басқарсаң, жолың киелі болсын! Ел басқарсаң, сөзің киелі болсын! — деп бата береді.

Кемеңгер Қамен бидің ықыласын алған жас батыр тұңғыш майданға аттанған кезінде нағашысы ырымдап сыйлаған көк дөненге мініп, асыға жол тартады. Шеру тартып кеткен қолдың соңынан күн-түн жүріп қуып жетеді, сарбаздардың бірі боп қосынға қосылады.

120. Бір шайқас жайлы

Тауасар мен Амандық батырлардың оқиғасы қалмақтардың Орта жүз жерін шапқыншылыққа ұрындырып, көп жерді басып алған шағы екен. Нұраның шығыс жағында Қыземшек деген қос өркешті шоқы бар. Қалмақтар соның етегінен қорған салып, бекініс жасаған екен. Екі шоқының үстіне екі қарауыл қояды. Қазақтар жасағы болса, Нұраның басты жағына келіп орнығыпты.

Арғынның бас батыры Жәнібек Тауасар батырға жүз жігіт қосып беріп, барлауға аттандырады. Олар өзеннен өтіп, жаудың орналасқан жерін түгел біліп алады. Қайтар жолында қалмақтардың қоршауында қалып, еріксіз соғысуға тура келген. Қазақ жігіттері қарсыласып, өлгені өліп, жараланғаны жараланып, аттарынан құлайды. Байқаусызда күрзінің ауыр соққысы тиген Тауасар батырдың өзі де есі ауып, атынан құлап түседі. Бір кезде есін жиып, жан-жағынан қараса,

қалмақ жендеттері аттан құлаған қазақ сарбаздарын аралап, денесіне найза сұғып көріп, қозғалмаса жайына қалдырып, қозғалғанын, ыңысығандарын басын шауып өлтіріп жүргенін көреді. Тауасар батыр болса өлген адамға ұқсап тып-тыныш жата қалыпты. Бір кезде қалмақтар келіп денесіне найза қадаса да шыдап, тыпыр етпестен тіршілік нышанын білдірмей жатып қалады. Өз істерін тындырған қалмақтар жайына кеткен соң, қараңғы түсіп, түн болысымен батыр жылжып өзенге жетіп, одан өтіп өздері орналасқан жерге келеді. Жәнібекке жаудың орналасуын, өзінің бастан кешкен оқиғасын баяндап береді. Сонда Жәнібек батыр бес мың сарбазды Тауасар мен Амандық батырларға қосып беріп, қамалды шабуға қайтадан жұмсаған екен. Жәнібектің өзі болса қалған әскерімен жаудың шегініп, қашар жолын, жабуға шығады. Тауасар батыр жанына батқан жарасына қарамастан таңға жақын бес мың әскермен келіп, жау бекінісін талқан етеді. Қалмақтар қашқан кезде олардың соңына түседі. Қашқан жау болса Жәнібек батырдың тосқауылына келіп килігеді. Одан қалмақтар құтыла алмапты. Сөйтіп, қазақ елінің ырысты өлкелерінің бірі Нұра бойы жаудан азат етіліпті.

121. Алдияр батыр туралы

Өз заманында туған Елке бабамыз өте момын адам болған. Сол кезде өзінің туған інісі Тілеуімбеттің түйесін бағыпты. Күз айларының бір күні үлкен ас беріліп, Тәуімбет өз балаларын ертіп, сол жаққа жолға шығып кетеді. Елке туысына малға, ауылға, бала-шағаға қара деп тастап кеткен екен.

Алдияр ол кезде жас болғанымен, талабы зор, ақылы мол бала болады. Кеудесін намыс пен ыза кернеп, өзі міниіп жүретін «Желсебеді» деген жүйрік торы құнанын міниіп, тез арада түйе бағып жүрген әкесіне барып:

— Әке, жүріңіз, асқа баралық, — дейді. Елке бабамыз:

— Шырағым, барғың келсе, өзің бара бер, мен бара алмаймын, малдан айрылып қалсаң, Тәуімбет ренжиді, — дейді. Бала Алдияр әкесінің еркіне көнбей:

— Жүріңіз! Сіз Тәуімбеттің бірге туған өз ағасысыз. Сол елдің жиынына баратын жөніңіз бар. Сіз де өліге құран оқытып,

тіріге көңіл айтыңыз. Ел ішінде ер салтанатын құрып жүріңіз, — деп, әкесін ертіп, жұрт жиылған жерге барады. Тәуімбет қаралы ауылды ел ішінде жүрген Елкені көріп, ұрсып, тілдейді. Әкесінің сырт жағынан келіп тұрған Алдияр Тәуімбеттің сөзіне шыдай алмай, оның алдына жетіп келеді. Өзінің балағаттап тұрған сөзін өзіне айтып тұра қалады.

Қуғыншылар жабылып, ұстамай қоймайтынын байқаған Алдияр әкесіне бұрылып: «Ардақты әкетайым, хош болыңыз!» — деп торы құнанының басын қоя беріп, самсаған сары қолды қақ жарып, алдыға сытылып шығып кетеді. Өз есімін өзі шақырып, ұран салып «Алдиярлап» ұзап жөнеледі. Күн батқанша қуып жете алмаған қуғыншылар қала береді.

Осы бетімен суыт жүріп отырып, қазақтың даласынан шығып, қырғыз еліне кіріп, ханы Сарудтың ордасына тоқтайды. Хан келген қонағын дұрыс көзбен қабылдап, жөнжосығын, әңгімесін естігеннен кейін: «Шырағым, еліңнен жалғыз шығып, алыс жол жүріп қалған екенсің, біз де қырғыз деген бір тайпа елміз ғой, сені сақтай аламыз», — деп Алдиярды өз ордасына қалдырады.

Күндер мен айлар өтіп жатады. Алдиярдың ақылдылығы ханның көңіліне ұнайды. Саруд қатты ойланып, өзіне бала қылып алмақшы оймен ханымымен ақылдасады. Сонда бәйбішесі: «Баланың тал бойында бір міні жоқ, тұлғасы қай жағынан да бөлек, ақыл-мінезінде де кемшілігі жоқ. Бірақ менің білуімше, дәл осы сынды адам «бұралқы» болып, бөтен елге сіңбес. Егерде хан ием, көңіліңіз ауып, Алдиярды бала етемін десеңіз, оған жалғыз қызыңыз Ханшайымды қосып, күйеу бала етіңіз», — деген екен. Келер жылы хан қызы жүкті болып, егіз ұл туады. Үлкенінің есімін Қырықсадақты, екіншісін Қырғызшора деп атайды.

Сол заманның бір жылдарында Өзбек хандығымен қырғыздар соғысып, жеңіске жетеді. Бұл соғыста Алдияр ерлігімен ерекше көзге түсіп, соңынан бүкіл қырғыз қолына қолбасшылыққа сайланады. Көп кешікпей бұл жеңіс, Алдиярдың атағы, еңбегі, ерлігі бүкіл қазақ даласына естіледі. Хабарды ести келе қазақтың ханы Әбілхайыр Орта, Кіші жүзге хабарлайды. Қырық кісі сайлап, елшілікке Бұхар жырауды қояды. Әбілхайыр: «Алдиярды елге қайтарыңдар!» — деп қырғыз еліне жібереді.

Қазақтың қырық кісіден сайланған елшілігі қырғыз еліне жетіп, ханға жолығып, өздеріне жүктелген міндеттерін жеткізіп, олардың жауабын күтіп жатады. Біраз айлар бойы Саруд хан елшілерге жауабын қайтармайды, онысы Алдияр батырды қимағаны мен қиналғаны. Күндердің бірінде батырдың өзі хан ордасына кіріп келіп:

— Хан ием, мен сізге кеше ғана пана сұрап келгенде, жақсы сөзбен қарсы алып, артынан шексіз құрмет көрсеттіңіз, қызыңызға үйленіп екі балалы болдым. Енді бүгін қазақтан елшілер келіп, мені алып кетпек. Кезінде өз туысымның қорлығына шыдамай, елден кетіп едім, басқа жұртыма өкпем жоқ. Бүкіл қазақ елі шақырып, елшілер келіп отырғанда, маған еліме, жеріме қайтқан дұрыс деп, сізден рұхсат сұрап, ақ батаңызды алуға келдім. Менде өзіңіз қосқан ханшайым мен екі ер балам бар, басқа мал-мүлік жоқ. Хан ием! Рұхсат болса, менің тартуым осы екі баламды қияметке дейін сізге бердім. Ханшайым да балаларды тәрбиелеп, өз қолыңызда болсын, — деп, ханның үйінен сыртқа шығып кетеді.

Қырғыз ханы манаптарды тегіс шақырып, кеңес құрып бір бітімге келген соң, Бұхар жырау бастаған қазақ елшілеріне қырық сәйгүлік жылқы, қырық түйесін беріп, Алдиярға хан өзі міниіп жүретін көк ала тұлпарын мінгізіп, қолына көк ала туын ұстатып, батасын беріп, еліне қайтарады. Батырды қырғыз елінің шетінде ақ үй тігіп, аса құрметпен күтіп, сыймен хош айтысады.

Батыр елден кеткенде Елке әкесі айттырып қойған қалыңдығы жұртта қалып қояды. Қалыңдығы қоңырат руының еліне белгілі Дүйсе деген кісінің Таубике атты қызы. Тірі кеткен батырды күтіп, үйінде отырған екен. Алдияр айттырып қойған қалыңдығын еліне іздеп барып, атасына сәлем беріп, аз күн қонақтап, ауылына алып келеді. Бірнеше жылдар өткен соң батыр бір рулардың жиынында Жібек деген қызды кездестіріп, өз өтініші бойынша ата-анасынан бата алып, үйленеді.

Алдияр Тәуке ханның бірінші батыры болған, әрқашанда ханның оң жағында отырған. Батыр сол дәуірде өзімен жақын арада орналасқан көрші елдерге, туыстарына қатты қарап, қысым жасап отырған. Бұл күндері одан әбден жапа шеккен жақындары Тәуке ханға Алдиярдың үстінен шағым жасайды.

Бірнеше күн өткеннен кейін хан өзінің үйінде бар халықтың ортасында отырғанда үйге Алдияр батыр кіріп, ханға сәлем беріп, өзінің үйреншікті орнына, ханның оң жағына отыра кетеді. Біраз өткен соң, жүк артылған екі-үш түйе көрінеді, олардың артқандары құрт пен май еді. Түйелерді Алдияр адамы айдап келе жатқан. Батыр отырған жерінен оған дауысын көтере сөйлеп:

— Мен бұл сыйларды бұл топқа емес, ханға әкелдім, түйелерді ханның үйіне апар, — деп жарлық береді. Тәуке хан жиналған халыққа Алдиярдың қысымы туралы өздерің шағымдарыңды айтыңдар деп қолқа қойды. Бірақ оған ешкімнің батылы бармады және сөз айта алмады. Сондықтан Тәуке халыққа:

— Осындай ардақты, атақты Алдияр сияқты батырға өз туыстарын, жақын аймағын ренжітуі жараспайды, ал шағыммен келген қауымға ренжігендеріңді қойып, ескіні ұмытып, келісімге келіңдер, татуласыңдар, бұдан былай мұндай жағдайлар қайталанбасын, — деп ақылын айтты. Ақырында хан халыққа батырды қатты қадірлейтінін білдіріп, «Ол түйе алса, атанымен қайырады» деген сөздермен түйіндеді.

122. Алдияр батыр

Алдияр жәйші болған кісі еді. Тәуке қарақалпақтарды қоластына кіргізу үшін оларға бірнеше дүркін шабуыл жасаған еді. Бірақ қарақалпақ ханының алдыңғы шебіндегі қырағы сарбаздары тез уақытта халқына, ханына шұғыл хабар беріп, Тәуке әскерінің жолын айтып отырған. Сондықтан олар жорықтардан олжасыз қайтатын еді. Күндердің күнінде Тәуке хан Алдияр батырды шақырып алып: «Сарбаздарыңды дайында, қарақалпақтарға жорыққа шығасың, ханын қолға түсіріп, елін шауып шығыңдар!» — деп бұйрық береді.

Алдияр жасағымен жорыққа аттанады. Қарақалпақ шекарасына бір күндік жер қалғанда батыр құдіретті күш қолданып, жер бетіне тұман түсіріп, аспаннан қалың жаңбыр жаудырып, жаудың алдыңғы жасағына көрінбей жеріне кіріп, ауылдарын шауып, әскерлерінің көбін тұтқынға алып, мал-мүліктерін тегіс жинап еліне алып кетеді.

Жолда тұтқынға түскен қарақалпақтардың бір қызы тұтқындарың ішінен өзінің ханын таниды, бұл жағдайды қазақтың бір батыры біліп қалады. Осы батыр ханды өлтіріп, артынан өзі Алдиярдың алдында «мен ұстадым» деп көрсетпекші болғанда, қарақалпақ ханы батырға алтыннан ақша беріп, жасырын бостандыққа шығып кетеді. Сол күні бұл жағдай Алдиярға белгілі болады. Ол ханның соңынан қуғын жіберіп, ханын ұстап, тірідей Тәуке ханға жеткізеді. Ол қарақалпақ ханын өлтіріп, қанын ішкен екен.

Қазақ хандығымен қарым-қатынас жасау үшін келіссөз жүргізуге қалмақтың қонтайшысы Алдиярды қазақтың бір батыры деп келген екен. Олардың кездесуінің арқасында «алдағы жылдары екі жақ жауласуды тоқтатып, тату, бейбіт өмір сүрейік» деген келісім жасалды.

Алдияр Тәуке ханға келіп қонтайшы мен өзінің ойларын, жасаған келіссөзі туралы айтады. Бірақ Тәуке бұған наразылық білдіріп, қонтайшыны ұстап алып келіп, өлтіруге бұйрық береді. Алдиярдың бірнеше рет «О, менің құдайы қонағым» деп, айтқан қолқасын қабылдамайды. Ол да өз қонағымды ұстап бермейін деп, ауылына алып кетеді де, ел сарбаздарын дайындап, ханның шабуылына тойтарыс беруге дайындалады.

Тәуке әскерін жинап, Алдиярдың ауылына шабуыл жасайды. Бірақ батыр туған-туыстарын ұйымдастырып, оған қарсы соғыс ашады. Шайқас Алдиярдың ауылының маңайында болады. Сол заманда Алдиярдың Майлан деген кенже бауыры болған, ол батырлардың ішіндегі ер жүректісі, қаһарманы еді. Алдияр оған әрдайым «Майлан, ажалың әлде қайдан» деп айтады.

Алдияр батыр Құдияр, Ізбасар, Майлан бауырлары және туыстары Тәукемен таң атқаннан күн батқанға дейін шайқасады. Осы күнгі шайқаста жас батыр Майлан қаза табады. Батыр Тәуке әскерінің шабуылдарын тойтарып, оларды кері қайтарады. Ертеңінде қалмақтың қонтайшысын еліне аттандырады. Алдиярдың артында қалған ұрпақтарының есінде осы болған шайқас жөнінде мынадай бір өлең жыр қалды:

Ұзынағаш, Тойкеде келді қалмақ,
Хан Тәуке басып барып басын алмақ.

Келмегірдің қалмағы қайдан келді,
Екі қазақ соғысып, Майлан өлді.

Қонтайшы аман-есен еліне оралған соң, тұтқынға түскен қазақтарды ордасына шақырып алып, олардың қайсысы қай рулардан шыққандарын сұрастырып, тек Садыр руының адамдарын ғана емес, барлық найман және Алдиярдың атын естіген тұтқындарды босатып жіберген екен.

123. Қараш батыр

Қараш батырдың әрбір сапарынан қалдырмай ертіп жүретін Боқтай деген немере інісі болыпты. Боқтайдың көзі өте өткір екен, алыстағыны жанында тұрғандай көреді екен. Бірде Қараш батырдың қарындасын қырғыздар алып қашып кетеді. Ол Боқтайды ертіп Суықтөбенің қырғызға өтетін асуына шығады.

— Қарашы, қырғыздар неғып жүр? — дейді. Боқтай қолын қалқалап қарап:

— Шудың арғы жағында жеті боз үй тігіліп тұр. Алдында адамдар жүр. Сақалы ақ шал қара шолақ иті бар, қой бағып жүр.

Қараш батыр: «Қызды қайтар! Қызды қайтар!» — деп айғай салады. Қараш батырдың дауысы күнгейдегі қырғыздарға жетеді.

— Енді неғып жатыр? Қарашы, — дейді Қараш.

— Ел үркіп, үйін жығуда. Малын айдап қаша бастады. Үш адам атпен шықты. Шу суынан өтіп келеді. Арасында біреуі қыз дейді.

— Е-е, онда қызды алып келеді екен, — дейді Қараш.

Қырғыздар айыбын өтеп, Қараш батыр олармен татуласыпты.

Тағы бір күні Қараш батыр Боқтайды ертіп Суықтөбеге шығады. Қараш:

— Қопа жаққа қарашы, жұрт неғып жүр екен? — дейді Боқтай.

— Қопада күн жылы, жусанның түбі босап тұр, мал тоқ. Бір боз бие тойғаннан тауға қарап тұр. Алты үйір жылқы жайылып жүр. Төменіректе — үш үй. Екеуі боз, біреуі ақ. Қора салыпты. Қораның алдында бір әйел дәрет алып отыр. Қолында күміс құмғаны бар. Қараш батыр Боқтайды сынағысы келіп:

— Жүрші, сонда барайық! — дейді.

Екеуі аттарына мініп жолға шығады. Түс ауа қопаға жетеді. Малшылар алдарынан шығып қарсы алады.

Бірде Қараш батыр дастархан басында отырғанда ыстық сорпа әкеліпті. Сол сәтте сыртынан «Аттан, аттан!» деген ащы дауыс естіліпті. Асты күттіріп қоюға болмайды, — деп Қараш батыр ыстық, буы бұрқырап тұрған тостаған дәмді сіміре салыпты. Далада тұрған ерттеулі атына мініп шауып кетіпті.

Ауылдың сыртына шыға бергенде кекіріп қалса, ыстық сорпа аттың жалына төгіліп, жануардың жалы жиді п түскен екен...

Бір шабуылда қырғыздар Қараш батырды қолға түсіріпті. Батырдың киесі бар екенін білетін қырғыздар оған ешбір зәбір көрсетпей, тамағын беріп қыс бойы бағыпты.

Ел ұйықтаған кезде бір келіншек Қараш батырға бір табаққа тамақ салып, қымызымен қоса әкеліп тұрады. Бір күні батыр оған:

— Менен қандай тілек тілеп келіп жүрсің? — дейді.

Келіншек:

— Сіздің әулиелігіңізді естіп, бата сұрайын деп едім, балам жоқ, — дейді. Қараш батыр оған ақ батасын береді. Көктем шығып, көшерде қырғыздар:

— Ертеңгі күні жаяу тастап кеткенсіңдер, — деп кек қылмасын деген оймен батырдың қасына бір ат тастап кетеді.

Келесі жылы әлгі әйел балалы болады, атын Жанқараш қойыпты. Жанқараш өсе келе елін билеп, сыйлы адам болыпты. Қасиетті Қараш батыр ұзақ өмір сүріп, сегізінші мүшеліне ілінгенде қатты ауырады. Қайтарына бірнеше күн қалғанда Қараш ағайын-туғандарын шақырып, олармен қоштаса отырып былай дейді:

— Елімді, жерімді қорғаймын деп соғысып жүріп дұшпанымды аямадым. Мүмкін, мүмкін талайлардың қанын орынсыз ағызған шығармын. Әттең, шіркін, дүние! Ең болмаса сол көп жаудың құмалақтай бір оғы бұйырмапты. Жау қолынан мерт болсам, көп күнәмнің титтей бір мысқалы кемір ме еді?

— Шырақтарым, сендерден сұрайтын бір жайым бар: Сонау түстік жақтағы үлкен-үлкен таулар ды көрдіңдер ме? Қоңыртөбе, Шоқпартас, Ырғайты, солардың бергі етегі — Көлқамыс жағы. Сол арада шағын ғана бейіт бар. Менің үлкен нағашым сонда жатыр деуші еді әкем марқұм. Мені сонда жерлеңдер, — дейді.

124. Шоңай батыр

Шоңайдың нағашысы Садыр, оның ішінде Алдияр тармағынан екен. Қабырғасы қатып, оңы мен солын таныған Шоңай енді нағашы жұртын іздеп шығады. Ол кезде атпен жүретін кез. Лепсінің бойы ма, әлде одан әрі ме, әйтеуір екіүш күн жол жүріп, қалың жылқыны суару үшін қауға тартып жатқан жігіттерге кездеседі. Атын суарып, өзі де шөл басайын десе, жігіттер:

— Байдың жылқысын суаруға уақытымыз жетпей жатыр, сен тұра тұр, — дейді. Жігіттердің қауға тартысына көңілі толмаған Шоңай:

— Жігіттер, мен атымды суармай-ақ қояйын. Қауғаларыңды беріңдер, мен тартайын, — дейді. Шаршап, болдырып тұрған жігіттер:

— Е, бұл бір еріккен жан болар, тартсыншы, — деп бір жағы сылтыңға бұрып, қауғаны ұсынады.

Бейтаныс жолаушының қауға тартысы сылтың қылмақ болған жігіттердің езуіндегі күлкілерін тез-ақ тартса керек. Қарулы жігіттің қолы-қолына жұқпайды. Шыңыраудың дересінен төрт жігіт қолдасып әзер науаға көтеріп құятын қауғаны бір өзі ұршықтай үйіріп әкетеді. Сонымен, күнделікті қас қарайып, ымырт жабылғанда суарылып болатын жылқы екінді кезінде-ақ су ішіп, өріске шұбырады. Содан жолаушы жігіт атын суарып, өзі де шөлін қандырып, енді аттанайын деп тұрғанда есік пен төрдей атқа мінген, екі жағында екі қошаметшісі бар бір алып тұлғалы адам келеді. Ол келе жігіттерге:

— Жылқылар су ішіп болды ма, құдық маңында жылқы жоқ қой, — дейді. Олар:

— Байеке, жылқылар су ішіп болды, — дейді.

— Әй, сендер бұл уақытта жылқы суарып болмаушы едіңдер ғой.., — дейді алып тұлғалы адам.

— Мына жолаушы жігіт қауға тартысып еді, қарулы екен, бүгін жылқылар ерте ішті, — дейді жылқышы жігіттер.

Алып тұлғалы адам Шоңайдың бетіне бір қарайды да, ат басын бұрып кейін қайтады. Шоңай да атына міне сала, алып тұлғалы байекеңнің артынан еріп отырады. Бай үйіне түскен

соң, ол да артынан ере кіреді. Оны қошаметтеп, құрметтеген ешкім болмайды.

Аз-кем уақыттан соң байға сусын әкеледі, сусыннан Шоңайға да құяды. Шоңайдың қимылына көз қиығын салып отырған бай оның қымыз сілтесінің де өзгелерден ерекше екенін байқайды. Әдетінше сусын артынан ет келеді. Жолаушы жігіттің ет жесі де, қарбытуы да ерекше екен. Қонақ кәдесін жасап, Шоңай далаға шыққан кезде бай үйде отырып:

— Жаңағы жігіт кім? Сендер жөн сұрадыңдар ма, бір ерекшелеу адам көрінеді ғой, — дейді.

— Сіздің артыңыздан еріп келгенге, таныстарыңыздың бірі шығар дедік, — дейді отырғандар.

Атын жайғап қайта отырған Шоңайдан отырғандар жөн сұрайды. Сонда Шоңай:

— Мен қаптағайдың ішіндегі жұмай деген елдегі Қожамқұлдың баласы — Шоңаймын,.. — деп сөз бастайды. Сол, сол-ақ екен, екі кісіге сүйеніп әзер көтерілетін бай орнынан өзі қарғып тұрып:

— Тәубә, тәубә Алла тағалаға, сені де көретін күн бар екен ғой... Марқұм әпкемнен қалған ұрпақ Шоңайым сен екенсің ғой!..» деп өкіріп жылап, Шоңайды бас салыпты. Нағашы мен жиені осылай табысқан деседі.

Шоңайға нағашысы айрықша құрмет, қошамет көрсетеді. Түн ішінде ту байтал алдырып сойғызады. Осындай думанның үстінде Шоңайдың артынан қос атпен шабарман жетеді. Сөйтсе, Бөрібай: «Елге жау шапты, тез қайтсын!» — деп хабар жіберіпті. Шоңай қайтуға жиналады. Нағашысы болса:

— Жиенім, нағашыңды іздеп келген екенсің, енді қырық серкешіңді ала кет. Мал десең, малдай, зат десең, заттай дүниемүлік ал, — дейді ғой, баяғы. Сонда Шоңай:

— Ел шетіне жау шауып, ел іші дүрлігіп жатқанда менің қырық серкешімді түгендеп жүргенім келісе ме? Маған бір ат болса жетеді, — дейді. Шоңай нағашысынан тапқанын олжа қып, хабаршылармен бірге қайтып кетеді.

Бұл тұста ел шетінде жау шауып, ел іші дүрлігіп тұрса керек. Бөрібай жасағын жарақтап Шоңайды жеке шақырып: «Ал, жаужүрек Шоңайым! Шорболаттай беріктігіңді сынар кез келді. Іргедегі жоңғар ел тыныштығын іркіттей ірітіп, түңілікті желпілдеткен желдей тиіп тұр. Бұрын шет жағалап жүруші еді,

енді тұмандай тұтасып ел шетіне басып кірді. Ұрысқа Қаптағай жасағын бастап барасың. Найзаңды қандап, айлаңды асырып, жасақтағы сарбаздардың басын аман алып қайт!» — деп, батасын береді.

Шоңай матайдың қаптағай тармағынан жасағын басқарып жорыққа аттанды. Жасақта Шоңаймен бірге тәрбиесін көрген Қара батырдың ұлы Тілеке батыр да болады. Жасынан ұрыс өнерін меңгеріп өскен сарбаздар жоңғардың жасағын бөгеп, ұрыс сала жүріп шекарадан ығыстырып шығарады. Шоңай алғашқы түсірген олжасы — Көк қасқа айғырдың үйірін «Бөрібай сыбағасы» деп атап, ұстазы Бөрібайға аттандырады. Ел ішіндегі «Бөрібай сыбағасы» деген жоралғы содан қалған екен деген сөз бар.

125. Еспембеттің Адақ атануы

Қабанбай осы шайқаста Арқауылды өлтіріп, қалмақтың қалың қолын қазақ жауынгерлері қуып келе жатқанда, жаудың бір мергені садақпен Ақпантайдың атын атады. Ақпантай алдындағы терең орға омақаса құлайды. Енді ордың жанына келіп, Ақпантайды атпақ болған қалмақтың мергенін Қабанбай нұсқауымен атақты садақшы, әрі үздік батыр Еспембет жаудың алдымен атын, одан кейін өзін атып өлтіріп, Ақпантайды аман құтқарады. Соны Кәрібай ақын былай жырлаған екен:

— Ат деді батыр Адаққа,
Көрсет, — деп, — қайрат таласта.
Нысанаға алып қалмақты,
Адақ та шықты қабаққа.
Жоқ еді мерген бұл тұста
Адақтан озған қазақта...

Шаған шайқасындағы қолға түскендерден бір сұлу қыз қалады. Өте сұлу болғандықтан, бұл қызды жасырақ батырлардың барлығы алғысы келеді. Мұны сезген Абылай хан батырларға мынадай кеңес беріпті:

— Мына қызға бола ренжісіп қалмаңдар! Ер олжаға таласса, жау жарқышақты пайдаланып, жеңіске жетеді. Енді біз осы қыздың өзіне ерік берелік. Кімді ұнатса, соған барсын, — депті.

Еспембет бастаған бір топ жасақ қарауылға кетсе керек. Қыз хан жарлығын естігеннен кейін былай депті:

— Батырларыңызды кемітпеймін. Оларды үш рет сынаймын. Бірінші дәмелі батырларыңыз басымдағы жаулығымды бір ағашқа байлап, анау биік тастың басына тіктеп қойып, соны садақпен атып түсірсін. Өзім сол тастың басында тұрамын. Кім атып түсірсе, соған жар боламын.

Содан Абылай тұрып:

— Әй мына шоқының басына оқ жетпес, — деген екен. Кейін осы шоқы «Оқжетпес» атанипты. Еш адам садақтың оғын жеткізе алмапты. Еспембет басын шайқап тұра беріпті.

— Екінші шарт, көлдің жағасындағы бір төбеге шығып тұрамын, дәмелі адам бір жігітті үстіне мінгізіп, маған қарай малтап келсін. Кім бұрын келсе, сол менің жарым болады, — депті.

Бәйгеге түскен қырық жігіттің жиырмасы қыз тұрған жерге қатар келіпті. Қыз біреу, жігіт жиырма. Қыздың бұл шарты да орындалмапты.

Қыздың үшінші шарты — оның жұмбағын шешу. Ол былай: Ну ормандағы бір талдың бұтағына ұя салған бір кептер үш балапан басып жатыпты. Тосыннан бір қара құс ұядағы кептерді іліп алып, жеуге айналыпты. Мұны көрген балапандары қара құсқа: «анамызды жемей, бізді жеңіз, анамызды қоя беріңіз» деп жалбарыныпты. Рақым етудің орнына қара құс: «асықпаңдар, тоймасам, сендерді де жеймін» депті. Кептерді енді жеуге айналғанда, бір сұңқар қара құсты бір теуіп, омыртқасын үзіпті. Мұны көрген балапандар: «анамызды құтқарғаныңыз үшін бізді жеңіз» деп ризашылық білдіріпті. Сұңқар үшеуінің біріне қолқа салып, «қазірше қауырсындарың жетілсін, қанаттарың өссін» деп белгі салып, аманатым деп уәде байлапты. Мезгілі жетпей бір қырғи әлгі балапанды сұңқардың уәдесіне жеткізбей жеп алатын болыпты. Оған балапан: «маған тиіспе, менің сұңқармен уәдем бар еді, алдымен сол уәдемді орындайын. Жөнімді айтып аманаттан құтылайын. Қайтып келейін. Кейінгі ықтияр сенікі болсын. Соған барып келуге лұқсат ет!» — деп сұраныпты. Балапан түн қатып сұңқарды іздеп шығыпты. Түнде бір жапалақ

балапанды ұстап алыпты. Балапан жалынып басынан кешкен оқиғаны баяндайды. Жапалақ ойланып, сұңқардың мекеніне жеткізіп салыпты. Сұңқары разы болып, қырғиға бар деп қайтарыпты. Сонда қырғи: «мен Жапалақ құрлы болмаймын ба, сұңқарына барып, өміріңді бақытты өткіз», — деп қоя беріпті. Бұл жұмбақты ешкім шеше алмапты. Батырлардың кекселері тек тамашалап тұрыпты. Халықтың амандығын қорғауға кеткен Еспембетті Қабанбай шақыртып алып, «мына жарысқа түс», — депті. Сонда Есекең: «үлкендер жөн көрсе, түсейін, деп келісіпті.

— Қыз менің жанымда тұрады. Жаулығын бір батыр апарып ағашқа байлап, тастың үстіне қойсын. Мен атып көрейін, — депті ол. Жаулыққа Еспембеттің оғы жетіп, жерге құлайды. «Екінші шартын орындаймын. Үшінші жұмбағын шешейін», — дейді.

— Бұл қыз, — депті Есекең сөзін сабақтай түсіп, — орнықты, қара ормандай халықтың ішіндегі бір адамның үш баласының бірі екен. Аулын жау шауып, үйінің шаңырағын шағып ойрандағалы жатқанда, елінің бір батыры құтқарыпты да, осы қызбен уәде байласып, ел іргесі тынышталып, ес жиған кезде қосылу үшін осы орамалды берген көрінеді. Сол аралықта біздің адамдарымыздың қолына түскен көрінеді. Енді қазір талас туып тұрған жәй бар. Бұл қыз уәдеге берік жан көрінеді. Махаббат қадірін жоғары қоятын шынайы адам екен. Егер бірінші ретте жебе орамалға тисе, онда тастан ұшып өлмек еді. Малтаған бір жігіт бұрын жетсе, суға құламақ еді. Мен басынан осыны біліп қатынаспадым. Ал енді сынақ бойынша қыз бәрін мойындады. Мен алуға тиіспін. Сүйіспеншілікті қастерлеген адамды қорлағанымыз дұрыс болмас, — деп ханға қарапты. Сонда Абылай мынадай билік айтқан екен.

— Еспембеттің мергендігіне, ерлігіне, кең ойлы кемеңгерлігіне, нәпсіге жол бермеген жомарттығына разы болып, оның тілегі бойынша қызға кешірім етіп, талабын орындалық. Барлық жас батырларымыз Еспембеттей әрі шешен, әрі кешірімді, әрі жомарт болсын. Қызды босаталық. Барақтың көжегіне мінгізіп, үш адам Шағандағы Ақпантайға жеткізсін. Ақпантай мекеніне апарып, ел жұртыңа табыс етсін. Еспембетке Жаман жер сырын біледі, сондықтан сол ерсін. Қабанбайдың қызы Назымды жолға дайындасын, — депті.

Мұны естіген соң қыз сол кездегі тәртіп бойынша жерге бас қойып, хан бастатқан барлық батырларға тағзым етіп, Еспембет батырдың тізесінен құшақтап, «жан ашуымен істеген істеріме кешірім етіңіз, маған адал аға және мейірімді жанашырым болғаныңызға рахмет айтамын», — депті.

Қыз аттанғаннан кейін хан барлық батырларды, билерді жинап, Еспембетке қандай атақ береміз деген кеңес өткізіпті. Сол кеңесте Қазыбектің ұсынысын басқа билер де, батырлар да қостап, тұңғыш рет «Адақ» деген ат беруді ұйғарыпты. Сонымен Қабанбай Дарабоз, Еспембет Адақ атын алып, соғыс тоқтап, хан ордасын Көкшетауға тігіпті.

126. Көтентай батыр

Батыр Ботбайдан: Құдайқұл, Шағай, Қоралас, Бидас. Құдайқұлдан: Құдайберді, Келімбет. Құдайбердіден — Бегей, Меңей. Бегейден — Жиембет (Бесторсық). Жиембеттен: Қонақбай, Сазанбай, Сары, Андақожа, Түгей. Түгейден: Айбас, Түңғат, Мәметек. Айбастан: Арал, Жанбай. Жанбайдан: Жәнібек (Құттық), Байназар, Ерназар (Күйік), Өтеғұл, Темір. Өтеғұлдан: Арқабай, Серкебай, Найманбай, Тәтек, Көтентай, Рыстай. Өтеғұл дүниеден өткенде отбасында Көтентай, Рысбай қалады. Көтентай өте пысық, жүректі, аздаған көріпкелі бар адам екен. Ең кішісі Рысбай біртоға мінезді, момын адам болыпты. Алдындағы төрт ағасы үйленгенімен, Көтентай, Рысбай кедейліктен көп уақытқа дейін үйленбепті. Көтентай суық күзде екі арық атпен Рысбайды ертіп жолға шығады. Інісіне қалыңдық іздейді. Ұзын құлақтан бой жеткен қыздары бар деген хабарды естіп, Алатаудың бөктерінде отырған Жанқойлықтың Төлемісінің үйіне келіп түседі. Майлының Бақдәулет деген батыр баласы жоңғар қалмақтарымен соғыста қайтыс болғанына көп болмапты. Ауыл-аймағымен ауыр қайғыдан арыла қоймаған, Майлы қысқы қыстауына көшіп үлгірмепті. Төрде баласының сауыт-сайманы, ер-тұрманы ілулі тұр екен. Көтентай сонда көз қиығын алмай, қарап отырады.

— Отағасы, қайғыңызға ортақпыз. Сіздерге тағы бір қауіп төніп тұрған сияқты. Менің есебім бойынша, бүгін-ертең то-

лассыз қалың қар жауып, малды басып қалады. Сол қар ерте көктемде тез еріп, бұл жерде су тасқыны болады. Және бір қауіп ерте көктемде жоңғар қалмақтарының қайтадан шабуылы басталады. Бұл жерге мал төлдейтін уақытта келіп қалар. Сондықтан ас ішкен соң бүкіл ауыл адамдарын жинап алып, қар жауа бастағанда, түнімен малды ақырын тұрғызбай айналдыра айдап шығу керек. Сонда қар басып қалмайды. Күн ашылып, жол түсе бастаған кезде қиыншылықтарға қарамай қысқы қыстауға көшу керек, — депті Көтенбай. Бұл жігіттің айтқаны келіп, ертесіне кісі бойы қар жауады. Қонағының тілін алған Майлының малы қар басудан аман қалады. Күн ашылып, жол түсісімен Майлының ауылын Қапшағай жотасынан асырып, Күрті өзенінің бойындағы қыстауына көшіп барады.

Қыстан малдары аман шығады. Көктемгі төл алуды да ойдағыдай өткізеді. Көтентай інісі екеуі де олармен бірге болады. Майлының бойжеткен екі қызына жігіттік мінез көрсетпей, бір шаңырақтың астында тұра береді. Екі қыз қарындастарындай болып кетеді.

Майлы бір күні Көтентайды шақырып алып:

— Ауыртпалық уақытта жанымда болып, інің екеуің жәрдемдестіңдер, көмектеріңді аямадыңдар, жұттан, су тасқынынан аман қалдық, көктем келді, қарбалас уақыт, байқаймын қайтатын ойларың бар, аз ғана уақыт болса да, тұз-дәміміз бірге болды. Мен сенен малымды да, жанымды да аямаймын, жасым келді, отбасымның иесі бол, қыздарымның қалап бірін ал, отаулап беремін, — депті.

— Жау жағадан алып тұрған шақта үйленіп, үй боламын деп айту жігіт адамға жараспайды. Ат тапсам, жауға шабамын, елімді қорғаймын. Оқ тиіп опат болсам, қыздың обалына қаламын. Егер қисаңыз, қызыңызды інім Рысбайға беріңіз, ол шаруа адам, мал-жаныңызға қарайды, — депті. Майлы баласынан қалған көк тұлпарды, сауыт-саймандарды сыйға тартып тұрып:

— Батырға лайық күшің бар, ел-жұртыңды қорғайтын ісің бар, Көтентай балам, Көк тұлпардың үстінде, жаудың өтінде, ерлігіңмен елдің есінде боларсың, әттең, мына қызымды өзің алмадың, өзегі бөлек інің Рысбайға бердің, бұл да ерлігің, әттеңай, осы қызыма үйленген жігіт малға да, жанға да бай болады.

Рысбайға ырыс, дәулет қонатын болды, — деп батасын берген екен.

Бірде ішінде төрт адамы бар, Көтентайды қалмақтарға шолғыншылыққа жібереді. Қалмақтар да өздерінше қам-қарекет үстінде болса керек. Олар да қарсы шолғыншылыққа шықпай ма? Сөйтіп, қалмақтар да қарсындағы терең жыраның ішінде кездесе кетеді. Ішінде бір дәу кісісі бар екен. Сонысына сенді ме, ол «жекпе-жек!» деп үш-төрт рет айқайлайды. Жекпе-жекке шығады. Ондай дәуді жеңу оңайшылыққа түспейді. Көтентай айла-амалға басып, сол қолымен қалқанды ұстап тұрып, сонысымен қаға беріп, шоқпармен қуа жүріп соғады. Жау атымен алға келіп қалып, содан кейін қарай қайта алмай, ақыры жеңіледі. Қалғандары қаша бастап, жөн-жөнімен кете бастағанда Көтентайлар жыраның алдынан жол тауып шығып, әлгілерді қолға түсіріп, жаудан қажет мәлімет алады. Сөйтіп, жауды жеңіп шығады.

127. Ер Жауғаш

Жауғаштың қолбасшылығымен өткен бір ұрыста қалмақтар «Қалмаққырылған» деп аталып кеткен жерге қосын тігеді.

Бұл уақытта қырғыздың Садыр деген манабы Талас пен Сыр аралығындағы елді-мекендерді шауып, өзіне бағынышты етуде деген хабар жетеді. Осыған байланысты Абылай қалың қолымен қазақтарды қырғыз басқыншылығынан азат ету үшін Оңтүстік өңіріне келеді. Хан Абылай Садырға бағынышты болған қазақ ауылдарын, содан кейін Садырдың өзін шабуға бұйрық береді. Жауғаш батыр мұндай әрекеттің асығыстау болатындығын, алдымен елші жіберіп көру керектігі жөнінде ұсыныс жасайды.

Абылай қалың қолмен келсе де, қырғыздарды бірден шаппай, Садырға бірнеше рет елші жіберетіндігі айтылады. Бұл елшіліктің екеуін де Жауғаш батыр бастап барған екен.

Садыр қазақтардың атынан келген елшіні астамшылдықпен қабылдайды. Елшінің сәлемін үйінде теріс қарап жатқан бойы артына қолын созып алмақ болғанда, Жаушы батыр да қолын бермей, қамшысының өрімін ұстатқан екен дейді. Алғашқы елшілік осылайша сәтсіз аяқталғаннан кейін, екі ел арасындағы қырқысты қайткен күнде де бейбіт жолмен ше-

шуге бекінген Абылай хан Жауғаш батырды екінші мәрте елшілікке жұмсайды. Мұнда қырғыз манабы Садырға алғашқыға қарағанда нақты сөзін айтады:

— Жауласпаймын Садырмен,
Елдесемін Садырмен.
Таластың бойы тар жайлау,
Таласа барып жайлайық.
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнайық.

Садыр бұл жолы да қиястықпен жауап беріп:

— Қоқи, елдеспеймін онымен,
Жауласамын ол құлмен.
Таластың бойы тар жайлау,
Таласа барып жайламан.
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнаман.
Абылай деген кәрі құл...
Дулығасын киермін
Еңсесіне мінермін,
Кеудесіне сиермін, —

деп шалқақтайды. Екі елді елдестірудің мүмкін еместігіне көзі жеткен Абылай қырғыздарға қарсы соғысты амалсыз бастайды. Соғыста қолбасшылықты Жауғаш батыр атқарады. Бұл жолы соғыстың сұрапылдығы сонша — қазақ пен қырғыздың аузында «Жайыл қырғыны» деп аталып кеткен екен.

128. Жауғаш батыр

Сәмен батыр қолында мыңбасы болған Қырбас ел азаматтары түгел қатынасқан Іле өзенінің бойындағы қалмақтармен үлкен ұрысқа кеткен екен. Ат үстінде ауылға қарай шауып, айғайды салып, «Сүйінші! Сүйінші! Жау қашты! Жау қашты!» деген жігіттердің дауыстарын естігенде толғағы пісіп, арқанға асылып тұрған анамыз, Қоңырат елінің қызы Қоңырбике өзегі

босап, өмірге бір нәресте келтіріпті. Мұны жақсы ырымға жорыған әжелер: «жау қашқанда туды, батыр болады» деген екен.

Ұрыстан қайтып келе жатқанда, Қырбастың немере ағасы Бабалы бидің үйіне қонған Төле би жарықтықтың өзі: «Ақ жаулықты аналардың аузына да Құдай салған шығар, олай болса елін қорғайтын батыр болсын, есімі Жауғашты болсын!» — деп атын қойған. Кейін «Жауғашты батыр туған жер» деп жүріп, сол жер «Жауғашты» атанып кеткен. Анасы еркелетіп: «Жауғаш, Жауғашым!» — дейді екен.

Жауғаш әкесінің жалғыз баласы болғандықтан еркелеу өсіп, алғырлығын аңғартып, Бабалы бидің, әсіресе кіші әйелі Бөртенің балаларымен асық ойындарынан ат ойындарына дейін артықшылығын көрсетіп, ерегесіп, төбелесіп қала беретін болған.

Бабалыдан туған тоғыз ұл
Жарға қонған үкідей.
Қырбастан туған жалғыз ұл
Өткір қара бәкідей, —

деген сөздің айтылуы да сондықтан. Қалмақтың елді билеп, еңсесін көтертпей тұрған кезінде жоңғардың ноянын қасындағы атқосшымен Жауғаш он бес жасында өлтіріп, өзінің өміріне қауіп төнгеннен кейін әкесі Қырбастың рұқсатымен, Бабалы бидің батасымен Қарпық пен Малыбай достарымен бірге Арқадағы Абылайға кеткен. Қарпықтың сондағы нағашылары арғынның алтай, қарпық аталарына арқа сүйеп, мият тұтып, сол елге барған.

Он бес жасар жас бала
Жауғаш бір сонда жылайды:
«Сен қалмаққа қылмасам,
Көтіңнен сүргі салмасам,
Арқадағы Абылай ханыма бармасам,
Сөйтіп бір кегім алмасам!».

129. Жауғаш батыр туралы

Абылайдың бір жақсы көретін баласы өліп, бас көтермей жатып қалғанда, көңіл айтуға келген белгілі адамдармен еріп хан ордасына кірген Жауғаш орынды жұбату сөз тауып айтып, алғырлығымен ел ағаларының көзіне түседі. Абылай хан жас жігіттің сөзіне риза болып, басын көтеріп, жөн сұрағанда:

— Ұлы жүзден келдім.
Елім — дулат, нағашым — қоңырат,
Руым — ботбай-қоралас,
Атым — Жауғаш, —

депті тайсалмастан. Абылай Жауғаштың әңгімелерін естіп, жағдайын әбден түсінгеннен кейін, жолдастарымен бірге күзетшілер қатарына қабылдаған екен.

Абылай Жауғаштың жастығына қарамай, тындырымды ісін, қиын жағдайлардағы тез аңғарғыштығын, шешімділігін, тұжырымды ақылын, байыпты сөз тапқыштығын ерекше бағалап, баласындай баулып, тәрбиелеген.

Жауғаш жоңғарларға қарсы шайқаста ерлік жасап, он жеті жасында батыр атанған екен.

130. Жауғаш батыр

Жоңғарларды бірлесе қуған қырғыздың Солто руынан шыққан Жорықтас дос-жарандарымен өзара қатынастары күшейіп, көрші қоныстанған екі ел қыз алысып, құда-жегжаттық, туысқандық байланыстары нығаяды. Жаз жайлауды бірге жайлап, тойларын, астарын бірге өткізетін болады.

Қалмақтардан құтылып, қытай менен қазақ та, қырғыз да жеке-жеке келісімге келіп, бейбіт тұрмыс құра бастағанда өзара шатақтасып, жер дауын желеу етіп, Талас пен Ыстық көл жақтың қырғыздары қазақтың малын барымталап, ауылын шауып, басынып, көкіректері өсіп, елге тыныштық көрсетпейді.

Жоңғарлар басып алғанға дейінгі, яғни Салқам Жәңгір заманындағы, ағайындай араласа жайлаған жерлерге қырғыздар қазақтарды жақындатпайтын, Сарбағыш руының биі

Есенқұл қазақтардан Іленің басын, Үшаралды беруді талап етсе, Таластағы саяқтың Қаба руынан шыққан Садыр батыр Таластан Шымкентке дейінгі тау бөктерлеріне қазақтарды жолатпай қойғанымен тұрмай, Таластың аяғын да Шолаққорған, Созаққа дейін шауып, қазақтарды Сырға қарай сырғытады. Осы өңірлердегі найман, қоңырат елдерін қатты күйзелтеді. Әсіресе, Жарас пен Қырбас батырлардың қайын жұрты, яғни Жауғаш пен Малыбайдың нағашылары өте ауыр жағдайға ұшырайды.

Жауғаш батыр Солто руының биі Жайлыға, оның інісі, өзінің досы Момоқанға барады. Жайыл: «Саған ешкім тимесе, басқаларды қайтесің, өздері келісіп алады да», — деп Садырға бермей қойыпты. Бұл кезде асып-тасыған Садыр, құдасы болса да, көнбейтінін біліп айтпаған. Жауғаш ренжіп, не істерін білмей шала бүлініп жүргенде, Садырдың сарбаздары Қарақыстақ арқылы келіп, Меркінің батысы мен Қорғаты бойындағы ботбайларды шабады. Ботбайлардың бұл аталары қайтадан Ілеге көшеді. Жәдік Медетбекті төрт-бес жасында қырғыздардың алып кетіп, Таластағы бір байдың бала етіп алғаны осы кезең...

131. Қуатбек пен Медетбек

Қалмақ әскерімен болған бір жолғы соғыста айласын асырған жау жағы Қуатбек пен Медетбек батырларды қолға түсіріп, елдеріне алып кетеді.

Қалмақ ханы бұл екеуін басқа тұтқындардан бөлек ұстатқызып, ерекше күзет қояды. Бұл екі жас батырдың қазақ екенін білген және оларды көрген ханның қазақ әйелінен туған Айпері деген қызы Қуатбек батырға ғашық болып қалады. Ендігі ойы осы батырларды тұтқыннан босатып, еліне жеткізіп, Қуатбек батырға жар болуды аңсайды. Батырларға оңаша кездесіп, ойын оларға ашық айтып, қашып кету туралы келіседі. Сөйтіп, астыртын үш тұлпарды дайындап, екі батырмен бірге өзі де қашуды ұйымдастырады.

Келісілген уақытта ханның қызы екі тұлпарды жетелеп келіп, екі батырды мінгізіп, жау тұтқынынан қашып шығады. «Енді қауіп-қатерден, қуғыннан құтылдық-ау!» — деп, Іле бойындағы қалың тоғайға кіріп дем алады. Содан кейін Іле өзенінің суына жуынып-шайынып алуды ұйғарады. Ағайын-

ды екі жігіт өзеннің жоғарғы жағындағы суға түседі, ал Айпері қыз өзеннің төменгі аяғына барып жуынуға кетеді.

Екі батыр жуынып болып, аттарды жетелеп, Айпері суға түскен жерге келгенде, оның жолбарыс жарып кеткен өлі денесіне тап болады. Оны көрген Қуатбек пен Медетбек қатты қайғырып, қыздың денесін ақ жуып, арулап өзеннің жағасына жерлейді. «Жатқан жерің жайлы болсын, Алла алдыңнан жарылқасын!» — деп қос батыр аттарына мініп, елге қарай бет бұрады. Қолда қару, қоржында ас жоқ, әбден жүдеген Қуатбек пен Медетбек жиырма тәуліктей жол жүріп, елге жетеді. Осы күндері екеуі кездіктерімен астарына мініп келе жатқан аттарының құлағын тәулігіне екі реттен кертіп, қанын сорып қорек еткен екен. Ауылға жеткенде аттарының құлақтары шұнақ болған екен...

132. Қуатбек пен Медетбек

Жаугершілік кезінде Сәмен батырдың ұлы Қапсалаң батырдың ауылына қырғыздар жиі-жиі шабуыл жасап, маза бермейді. Қапсалаң батыр жетпістің үстіне шығып қалған кезде қырғыздар тағы да келіп қалды деген хабарды естіп, ауылдағы бар жігіттерді атқа қондырады. Олардың ішінде Құдайғұл Толыбай, қыдырдан ағайынды Андас пен Сыпатай, жәдіктен Қуатбек пен Медетбек батырлар, тағы басқа тепсе темір үзетін жиырма-отыз жігіт Қапсалаң батыр ауылына жиналды. Қарт батыр бұл соғысқа ұлы Диқанбайды да қосып алады.

Кезінде Сәмен батырдың батасын алған, қазір қылшылдаған жас батырлар соғыс өнеріне әбден ысылып, шыңдалған. Қас батырлар қырғыздарға дес бермей, барымтаға алған жылқыларды түгелдей еліне айдап келеді.

Ол кезде алақандай асаннан шыққан алты батыр — ағайынды Қуатбек пен Медетбек, Елеу мен Дүзен, Шәйкөз бен Шотбай еді. Кейін оларға Андас пен Сыпатай қосылып, «Асаннан шыққан сегіз батыр» атаныпты.

Жоңғарлар мен қалмақтардың шабуылдарынан ығыры кеткен бұл аймаққа енді батыстан Қоқан хандығы қоқаңдап, тыныштық бермейтін болды. Әртүрлі салықтарды салып, оны уақтылы төлемеген ауылдардың азаматтарын соққыға жығып,

кейбіреулерін тұтқындап алып кететін болды. Ел арасында қоқандықтардан қорлық, зәбір көргендер көбейді. Бұған шыдай алмаған қазақтар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» қоқандықтарға қарсы шығуға бел байлады.

Батырлардың бұл жолғы жорығын Қуатбек басқарды. Екі мыңдай қол жинаған ол қару-жарақтарына, үстеріне, сауыт-саймандарына, мінген аттарына аса көңіл аударады. Оның қасында шақшамнан шыққан Тілеміс болды. Көпшілігі ботбайдың белді руынан тараған. Көп соғысты көрген, ысылған жігіттер еді.

Қоқан ханының жарлығымен әскерді мыңбасы Сейітқұлбек деген басқарады. Қуатбек пен Сейітқұлбек әскері Қаратау өңірінде кездесті. Сейітқұлбектің әскері өте мықты қаруланған, оларда мылтық және зеңбіректер бар еді. Енді Қуатбек әскерін сақтау үшін қандай тәсіл қолданатындары жайлы батырлармен кеңес өткізді. Олардың шешкені: мылтық пен зеңбірегі бар әскермен ескіден келе жатқан далалықтар соғысы қаша жүріп ыңғайы келгенде жау жағына соққы беруді қалады. Соғыстың бұл тәсілі — қарсы жақтың әскерін қашқан болып, әбден әлсіретіп барып соққыға жығу. Қуатбек батыр әскерін төртке бөліп, әрқайсысына жеке тапсырма береді. Бірінші топқа Сыпатай, екінші топқа Медетбек батыр, үшінші топқа Тұрлыбай батырды басшылыққа бекітіп, негізгі төртінші топқа өзі қалды. Жауды мылтық оғы жетпестей жерге артта қалдырып, жолсыз жермен ауыр зеңбіректерін алып, жүре алмайтындай шөл далаға апарып көзін жою. Оны жақсы түсінген әскербасылары оңтүстіктің ыстығына, шөліне, құмына қарамай қоқандықтарды әбден титықтатты. Қазақтардың әскерінің басшысы Сыпатай батыр ойлағандай, Сейітқұлбек мыңбасы қазақ әскерінің соңынан бар әскерін қаптатып жібереді. Қазақтарды аямай, жеткен жерде қыруды табыстады. Сейітқұлбектің өзі де, әскері де қазақ әскерінің төртке бөлініп кеткен қулығын білмеді. Бар қазақ қолы осы шығар деп алдындағы Қуатбек батыр тобын өкшелей қуа береді. Олар қазақтарға әне жетеміз, міне жетеміз деп күндіз-түні демалмастан қуа береді. Қазақтар қашқан болып оларға жеткізбеді.

Екі күннен кейін қоқандықтар әбден шаршап, қазақ сарбаздарына жете алмайтына көздері жетіп, кері қайтпақ болды. Қуатбек батырдың да күткені осы еді. Өйткені ол әскерін

төртке бөлгенде қоқандықтарды алдаусыратып қашқан топта бар-жоғы бес жүздей адам бар еді. Ал қалғандары түнде басқа жолға түсіп, бір тобы қоқан әскерінің артына, екі тобы екі жағында, оларға көрінбей жүріп отырған. Енді олар кейін қайтқанда артта келе жатқан Қуатбек батырдың әскері олар демалып жатқанда төрт жағынан бірдей шабуылға шығады. Қоршауда қалып, әбден есі кеткен, қалжыраған жауды жойып, тас-талқан етті. Ол қырғын таң ағарып атқанша жалғасады. Бұл кезде олардың оқтары да таусылған еді. Енді қазақтар қатары сиреп қалған, әрі естерін жимаған жауды ортаға алып, қылыштарын оңды-солды сілтеп, оларды жайратып салады. Аман қалғандары қаруларын тастап, тұтқынға түсті. Сөйтіп, бұл соғыс Қуатбек батыр бастаған қазақ сарбаздарының жеңісімен аяқталды.

133. Серғазы батыр

Қазақ-қалмақ соғысы заманында Жетісу жерінде қалмақтар бірер жыл табан тіреп тұрып қалады. Сол кездерде олар Суықтөбенің күнгейін қыстап, теріскейіне егін салып, таудың бөктерін, басын жайлаған. Осы жылдардың куәсі ретінде қалмақтан қалған жел диірменнің тасы жатыр. Қалмақтар бұл маңайдан қуылып, Жоңғар қақпасына жетіп қалғанда, көріпкел-биі қолға түсіп, сол айтқан екен деген әңгіме бар:

— Алтайдан Таразға дейінгі ұланғайыр мол кеңістікте жүріп, мекен етіп, Суықтөбенің бауырына тең келетін аймақ көрмедім. Қалмақтардың бұл аймаққа қызыққаны сондай — мұндай сөздерді көп айтыпты. Ел арасында солар айтыпты деген бір ауыз өлең де қалыпты:

— Долан (жеті) жыл мекен еттім,
Болып Суықтөбе иесі.
Аңы бар арқар, аю, ұлар, барыс,
Ну бақша өрік, алма, шиесі.
Суықтөбе басында
Диірменнің тасы қалды.
Табиғаты ерекше жаратылған
Жер-ана ғой киесі.

Қалмақтар осылай жеңіліпті. Серғазы батырдың туған ағасы Сереңнің бірде індетке ұшырап, бес баласы бірдей өліп кетеді. Күллі Түкей ұрпағы қара жамылып, бауырының қайғысына батыр да қатты қиналған екен. «Япыр-ай, ағам болса жасы ұлғайып қалып еді, жеңгем де шар тартып кетіп еді, ұрпақсыз қалар ма екен?» деп қайғырады. Содан ары ойлап, бір үрдіске бет қояды.

Сол кезде Шапырашты Қарасай батыр ұрпағы Өтеп руынан шыққан Есек деген жасы жетпістен асып қалған әулие кісі болған екен. Серғазы батыр әлгі әулиеге барып:

— Ей, әулие Есек, сен Алламен тілдесетін адам дейді. Менің ағам Сереңнің ұлдары өліп, тұқымсыз қалатын болды, соған Құдайдан бала сұрап бер, — депті. Серғазының батырлығынан хабары мол әулие оның ойлы-қырлы сөздерін көңіліне алмай, батырға ілесіп Серең аулына барып түсіпті. Сонда Есек әулие Серең әйеліне:

— Қарағым, келін, өзің барып бір қой алып келіп, бата сұра, — депті.

Сереңнің әйелі жаулығын салып, бір ақсары бас қойды жетелеп келіп, Есектен бата сұрапты. Мал сойылып, ет қазанға түскен кезде Есек әулие қисайып, мызғып алмақ болып, ұйықтап кетіпті. Арада сәл-пәл уақыт өткенде әулиеге:

— Тұрыңыз, бауыр пісті, — деп оятып жібереді. Сонда әулие:

— Ой, әттеген-ай, бекер оятып жібердіңдер ғой. Алладан бір ұл сұрап алып, ол жалғыз болмасын деп тағы біреуін сұрап жатқанда оятып жібердіңдер ғой, — деген екен.

Содан арада жыл уақыты өтіп, анамыз екіқабат болып, бір ұл тауыпты. Серғазы батыр ерекше қуанып, ырым жасап:

— Бұл баланы Құдайдан Есек әулие сұрап беріп еді, атын сол кісіге қойдырамын, — деп әулиеге қос ат жіберіп, алдырыпты. Сонда Есек әулие тұрып:

— Шапыраштыда Қарасайдың баласы Өтептей болса, жаман болмас, әруақты адамның атын көтере алса, көтерер, көтере алмаса, тағы көреміз, — деп әлгі баланың атын Өтеп қойыпты.

134. Серғазы батыр

Сонау Тараз жағындағы Талас бойындағы бір шайқаста күні бойы болған жекпе-жекте бірде жеңіп, бірде жеңіліп деген-

дей алма-кезек түсіп, екі жақтан да шығын болып, күн батуға таяған кезде ту жығылып, бүгінгі соғыс тоқтауға айналғанда қалмақ қолы жағынан бір жас батыр атын ойнақтатып, «бүгінгі соңғы айқас болсын!» деп межелі жерге келіпті.

— Япыр-ай, мына қалмақ мезгілсіз уақытта жаман ырым бастамаса етті! — деп Серғазы батыр қасындағы жас батырларды айқасқа жібермей: — Жасым келіп қалған адаммын ғой, өлсем мен-ақ өлейін, — деп айқасқа өзі шығыпты.

Айқас басталып кетеді. Екі батыр ары-бері ырғысып жүргенде, Серғазының найзасы қалмақтың батырының дуылғасына тиіп кетіп, дуылғасы басынан ұшып кетеді. Қалмақтың батырының қыз екенін сонда біледі. Серғазы сол заматта қалмаққа қылышын суыртпай, шапшаң қимылдап жіберіп, қызды ат үстінен жұлып алып, өңгеріп ала жөнеледі. Сонымен бүгінгі соғыс та бітті.

Сонымен Тараз — Талас аймағынан ауылына қайтып, жекпежекте жеңіп алған қалмақ қызын ағасы Сереңге әкеліп береді.

— Менің соғыстан алған олжам, сіз алыңыз, — депті Серғазы. Сол жеңгемізден бір ұл туады.

— Е, әлгі Есек әулиенің оянып кеттім, екінші ұл сұрап жатыр едім дегені осы бала шығар. Япыр-ай, не деген әулие еді, — деп бұл дүниеден өтіп кеткен Есектің әруағына тағы бір бас иіпті.

135. Сәмен батыр

Орталарында Төле би бар қазақ әскерлерінен жеңіліп, қайта топтасып, қаша шабуылдап жүрген кездердің бірінде Сәмен батыр жаман түс көріп, шошып оянады. Түсінде ботбай ауылдарын жау шауып кетіпті. Ертеңмен көрген түсін Төле биге айтады. Және де өзі ауылға барып келуге рұхсат сұрайды. Төле би:

— Жалғыз барма, сарбаздарыңнан адам ала бар, негізгі топтағы сарбаздар жиналады, енді аз күнде қалмақты қоршауға алармыз, — дейді. Сәмен батыр:

— Қазір бір адам болса да соғыста артық болмайды, мен өзім барып келемін, — деп жолға шығады.

Елге келсе қоныста ешкім жоқ, көшіп кеткен. Жалғызжарым емес, Ботбай ата балаларының ауылдары түгел көшкен. Ары-бері іздестіріп жүріп, бір түтіннің исі шыққан

жаққа барса, жалғыз үй қойшы, ол қойларымен тасада қала беріпті. Қойшыдан мән-жайды сұрай бастағанда, арып-ашып екі бала келеді. Сәменнің бұлардан білгені: «Барлық ауылды қалмақтың жүздей адамы келіп, малдарды, кемпір-шалдарды, бала-шаға, қыз-келіншектерді байлап-матап, көшіріп әкетіпті. Өздері шатырларын Қызылқайнардың басына тігіп, осы маңайда қалған ауылдарды шауып, ертең шал-кемпірлерді байлап-матап тастап, малды, қыз-қырқынды айдап кеткелі жатқан көрінеді. Бұлар бірінің байлауын бірі шешіп, қашып шығыпты».

Сәмен батыр қойшының үйінен тамақ ішіп, жетегіндегі шұбар айғырына мініп, Қызылқайнардағы тонаушыларға қарай бет түзейді. Таң қылаң бергенде межелі жерге жетіп, маңайды шолып көріп, қандай амал-айла жасау керектігін де ойлайды. Төңірегі ыңырсыған ел, бір шетінде тонап жүрген топтың шатырлары, есіктерінің алдында екі жауынгер қарауылдап отыр. Өздерін айналдыра түйені шөгеріп, тіздеп тастапты. Ешкім өте алмасын дегені ғой. Шатырға жақындаған Сәмен астындағы шұбардың тізгінін жіберіп, «Сәмен! Сәмен!» деп ұрандағанда шұбар айғыр түйелерден қарғып өтіп, есік алдына жетеді. Ұйқылы-ояу сасып қалған есіктің көзіндегі екі жауынгерді найзамен түйреп, шатырдың есігін босағасымен жұлып алып, «Жекпе-жек, жекпе-жек!» деп айғайлайды. Шатырдың ішіндегілерден үн шықпайды, қайтадан айғайлағанда, тонаушылардың басшысы:

— Не тілегің бар? Бәрін орындайық, — дейді.

— Маған керегі сенсің, жекпе-жек! — деп қайта айғайлайды. Бір бәленің боларын білген тонаушылардың басшысы:

— Айтқаныңның бәрін орындайық, тие көрме, — деп жалына бастайды. Сонда Сәмен:

— Қазір бір адамыңды жіберіп, барлық елдің қол-аяғын босатыңдар, қолдары босаған адамдар жауынгерлердің қару-жарағын жинап әкелсін, малдарымызды өрісіне, үйлерімізді орнына қондырыңдар, ішіп-жеген малдарыңның орнына өз аттарыңды бересіңдер және екінші қазақ ауылына жоламайсыңдар, шартым осы!» — дейді.

Жаулар бұл шартты қабылдайды. Бір адамды жіберіп, бүкіл елді босаттырады, қолдары босаған ел Сәменнің келгенін біледі де, жүруге жарайтындары жауынгерлердің қару-жарақ-

тарын жинап әкеледі, малдарын өрісіне айдап, үйлеріне орнына қондырған соң қалмақтар өз жолдарына түседі. Ауылдан ұзап шыққан соң бір адам:

— Бір адамнан неге сонша қорықтық, жүз жауынгер тұрып, — дейді. Сонда басшы тұрып:

— Сәменнің екі иығында екі жолбарыс, артында бір топ жолбарыс тұрды, соғысқанымызда ешкім аман қалмайтын еді, қазір бәріміз аманбыз, — деп жауап береді.

Ел орнына жайғасқан соң Сәмен батыр сарбаздарына оралады. Төле биге болған жағдайды айтады. Лажысыз өз атын өз ұрандап шапқанын айтады. Сонда Төле би: «Сенің атың төрт ботбайға ұран болсын!» — деп бүкіл елдің алдында бата береді. Содан кейін ботбай елінің ұраны «Ботбай» және «Сәмен» болыпты.

Атақты Аңырақай шайқасында ойсырай жеңілген қалмақтар Іле бойында да жеңіліс табады. Қазақ батырлары оларды Жоңғар тауынан асырып қуып, Алатаудың Ыстық көліне дейінгі бұрынғы қалмақтар басып алған жерлерді де босатады. Соғыстың соңында Төле би Сәмен батырды шақырып алып: «Ел тыныштығы үшін сарбаздарыңмен екі жылдай жоңғардан берірек қала тұр, қалмақтар қайта шабуылға шықса, қазақ батырлары сарбаздарын жинап келгенше қалмақтарды асудан асырмай тұр», — дейді. Сәмен батыр екі жылдан аса асуда болады. Содан болса керек, «Сәмен тауы», «Сәмен құдығы», «Сәмен қыстауы» деген атаулар баршылық.

136. Сәмен батыр

Сәмендер Жоңғар тауына кеткенде, үйінде әйелі екіқабат қалған екен. Арада жарты жылдан асқанда бір дәруіш Сәмеге жолығып:

— Уа, батыр, не болатынын айтып берейін, — дейді. Сонда Сәмен тұрып:

— Сен одан Ақсеңгірге барып кел, әйелім босанып па, біліп кел, — депті. Дәруіш бірнеше күн жүріп келсе, Сәменнің үйінің төңірегі толған әйелдер, жаңа туған баланың дауысы шығады, кіндігін кесіп, құндақтап ораған баланы көрпеге төсеген қаптың үстіне жатқызса, сыймайды. Бала көтерген әйел: «Бала

үлкен екен, қаптың үстіне салсам, сыймайды», — депті. Осыны естіген дәруіш Сәменнен сүйінші сұрапты. Сонда Сәмен: «Қаптың үстіне сыймаса, баланың аты Қапсалаң болсын, саған сүйіншіге бір тай берсін деп айтып бар», — дейді. Осылайша ел жиналып, азан шақырып, Сәменнің бірінші баласының атын Қапсалаң қойыпты...

Қалмақтар қайта шабуыл жасағанша біраз жыл өтіп, тыныштық болады. Осы тыныштықтың барысында қазақ-қырғыз бірігіп, Үшқоңыр жайлауында үлкен той жасайды. Тойға екі жақ та мықтап дайындалады. Ат жарысынсыз той өтпейтін заман. Ел бәйгеге аттарын дайындай бастайды. Сәмен батыр өзімен жиырма жылдай жолдас болған шұбар айғырдың жал-құйрығын сүзіп: «Тұлпарым, талай қиындықты бірге өткіздік, осы бәйгені алып беру саған серт, осыдан кейін үстіңе ер салмай жіберу маған серт», — депті.

Қазақтар бәйгенің мәресін Үшқоңыр жайлауының етегіне белгілемек болады. Оған қырғыздар көнбей, Үшқоңырдың үстіне шыға берісіне белгілейді. Қырғыздар өздерінің аттары туада өрге қарай жақсы шабады, бәйге біздікі болады деп ойлайды.

Тойдың аламан бәйгесіне неше жүз ат жиналады. Әр аттың иесі аттары алысқа шапса, соның аты келетіндей көрініп, түнемеге айдап, Жаманты сайындағы Қарақұдықтан күн шыққанда жібереді. Көп ат ілесе алмай, жолда қалады. Бірнеше ат таудың жолынан құлап өледі. Жалғыз шұбар айғыр ғана Үшқоңырдың жалғыз аяқ жолымен зорға көтеріледі. Ең биік жерінде бір-екі сүрініп, тоқтап қала жаздап, әйтеуір мәреден өтеді. Бәйгені шұбар айғыр алады. Басқа бір ат та мәреге жете алмайды. Шұбар айғырдың Үшқоңырға көтерілген жалғыз аяқ жолын ел «Шұбар аттың жолы» деп атап кетеді. Аламен бәйгеден кейін Сәмен батыр шұбар айғырға ер салмай, тоғыз қысырақ қосып жібереді. Шұбар айғырды үйірге қосқан соң үйірімен өрісінен табылмайды. Өрісте шұбар айғыр үйірінен құлындаған бурыл бие ғана қалыпты. Жылқышылар бірнеше күн іздеп таба алмайды. Ақыры Сәмен батырға айтуға мәжбүр болады. Ол әлгілердің айтқандарын үнсіз тыңдап отырып-отырып барып:

— Осыдан жиырма екі-жиырма үш жылдай бұрын қырғыздардың жылқысын қалмақтар барымталап айдап келе

жатқанда, қараңғыда бірнеше жылқы бөлініп қалып қояды да біздің жылқыға қосылады. Солардың ішінде осы шұбар тай да болады. Ол дөнен болады. Содан бір күні өзіме ат іздеп жүріп, сүйегі ірі, шоқтығы биік, асаусыған шұбарды бұғалық салып ұстап, үйретіп, ұзақ жаугершілікке мінетін атым болды. Шұбар айғыр қырғыздардың Талқан деген биінің жылқысының тұқымы, сол жақтан іздеңдер. Егер онда ит-құсқа аман, қолды болмай барса, алып келмеңдер», — деп табыстайды. «Өз жерінде қалдырып кетіңдер», — дейді.

Жылқышылар іздеп барса, шұбар айғыр үйірімен жылқылардың ішінде жүргенін көріп, қырғыздарға болған жағдайды айтып, оларға шұбар айғырды үйірімен қалдырып кетеді. Жылқышылар Сәмен батырға келіп айтқанда:

— Есті жылқы қоңы көтерілсе, көп жыл өтсе де, өз жерін табатыны осы екен ғой, — дейді. — Егер менің көп жылғы көрген түсім шын болса, шұбар айғырдың тұқымы біздің ұрпаққа тағы бітеді...

Аңырақайда ойсырап жеңілгеннен кейін қалмақтар жойқын шабуыл ұйымдастыра алмайды. Дегенмен, оқта-текте қазақтардың тыныштығын кетіріп жүреді. Сондай бір шайқас Арқарлының шығысында болады. Ертеңмен екі жақ бір-біріне жақындап қарсы келгенде, Сәмен батыр «жекпе-жек!» деп айғайлайды. Қалмақтардың бірінен соң бірімен жекпе-жекке шығып, жетеуін түсіреді. Жетінші батыры жеңілген соң қалмақтарды үрей билей бастайды. Сол кезде Доланқара он сегіз жауынгерін шақырып алып: «Қазір, сегізінші болып мен шығамын, бір-екі қағысып, Сәмен жақындағанда қарсы шауып, қоршап алып, найза түйреуді табыстайды да», өзі «Жекпе-жек!» деп айғайлап тұрған Сәменге қара тұра шабады.

Сәмен қалмақтарға жақындағанда, он сегіз қалмақ қоршап алады. Текебай сарбаздарымен лап қояды. Бірақ сегізінші жекпе-жекке шыққан Доланқара қазақ жауынгерлері жеткенше, Сәмен батырдың сауытының осал жері қолтығының астынан найза түйреп үлгереді. Қалмақтардың жасырын топтарын талқандап қайтқан Жоламан мен Байсерке екінші жағынан шабуыл жасайды. Сәмен батырдың ауыр жараланғанын естіген қазақ жауынгерлері қалмақтарды қаһарлана қыра бастайды. Сол күні күн ұясына таяғанда Сәмен қайтыс болады. Екінші топты талқандап қайтқан Тойшыбек, Қасаболат, Көтентай ба-

тырлар қайғылы қазаның үстінен шығады. Бүкіл ел болып, күңіреніп, Сәменді Кербұлаққа жерлейді.

137. Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі

Қорлыбай батыр көп қолмен бір жауласқан жауын шауып еліне алып қайтып келе жатқанда, бір төбенің арасында Қорлыбай жаяу отырады. Біреу келіп: «Батыр, атың қайда, нағып жаяу отырсыз?» десе, қолға түскен бір жігіт: «Батыр-ай, бір арманда нәрсе қалып барады» деді. «Ол не?» деп сұрап едім: «Бір жерге бір кісі зорға көтеретін алтын тығып едім, қайда тығылғанын менен басқа жан білмейді, сол не кейінгі елдің пайдасына жоқ, не сіздің пайдаңызда жоқ, қалып барады. Соны мен арман етем» дегені, «соны алып кел» деп атымды соған беріп жіберіп, соны тосып отырмын», — дейді.

— Ой, батыр-ай, жау алтын әкелуші ме еді!? Атыңызды алдап міндіп кеткен ғой, басқа ат әкелейік, жүріңіз, — десе,

— Жоқ жау өтірік айтпаса, мен өтірік айтпаймын, өздерің жүре беріңдер, мен уәдемді тосамын, — деп отыра береді.

Әлгі адам көшке барып Қорлыбайға ат алып, қасына кісілер алып қайтып келсе, әлгі жігіт алтынды алып о да келе жатыр екен. Қорлыбай:

— Жарайды, шырағым, жігіт екенсің, алтын өзіндікі, өз басың азат, мына атты ер-тоқымымен міндіп, аман-есен елің тап, өз атымды өзім міндейін», — деп, артық ат пен алтынды беріп, қош айтысып жүріпті.

Қорлыбай төрт ағайынды екен. Әкесінің інісінен үш бала бар екен, бәрі де батыр екен. Қорлыбай қамалға шапқанда, қалғандары қалмай дауам бірге шабады екен, бір қоныста жер жағдайына қарай бір сайда бөлек ауыл болып отырады. Бір күні Қорлыбайдың ауылына көп елден жан қатынамайды. Ертең бесінге дейін жан таппай: «Бұл не тамаша, ел аман ба екен, барып біліп кел!» — деп кісі жіберсе, Қалдан хан аттанып-ты. Келе жатқан қолдың есебі жоқ дейді. «Қазақты қырғалы келеді екен, егер Қорлыбай естісе, алдынан қарсы соғысады да, елді қырғызып тастайды. Жауға әліміз келмейді, басамандап қашайық», — деп, Қорлыбайды жалғыз ауыл тастап қашып

көшіп кетіпті. Бұл хабарды білген соң, «біз қайтеміз» деп өздері ақылдасады. Қорлыбай:

— Жалғыз қалып не бітіреміз? Не болсақ елмен бірге болайық, біздің де көшкеніміз мақұл», — депті. Бұл кезде күн батқан кез екен. Бір інісі тұрып:

— Мақұл, қане, тұрып түйеге жүк қояйық, — дегенде, бір інісі:

— Боса да көшетін болған соң көшеміз ғой, таң атқан соң көшейік. Түнде көшіп жатқанда үстімізге қалмақ келіп қалса, қалмақтардан ұят емес пе, не бетімізді айтамыз», — депті. Қорлыбай қарқылдап күліп:

— Дұрысы осы екен, ертең күн шыққан соң көшейік, — депті.

Ертең елдің соңынан көшіп келе жатады. Қорлыбай бастаған бесеуі малшылармен бірге жылқы айдасады. Екеуі көштің қасында болады. Күн бесін болады, арттарынан жау да көрінеді. Біреу: «Бесін болыпты ғой» — десе, біреуі: «Жау келіп қалды ғой» — десе, енді біреуі: «Не айтып тұрсың, Төңірден қорықпай, жаудан қорқайын деп тұрмысың?» — дегенде, біреуі аттан түсе қалып азан айта бастайды. Бесеуі де түсіп саспай намаздарын оқи береді. Қалмақтардың қолы «мынау бір сәнді көш екен, осы көшті алайық» деп тұра шабады. Намаз оқып жатқандардың тұсына Қалдан хан тұра қалады. Шапқан қолға «Тоқтаңдар!» деп әмір беріп тоқтатады. Сырттан қара тұрып:

— Мына бес адам не істеп жатыр? — деп қалмақтардан сұрайды.

— Бұлар намаз оқып жатыр, — дейді. Хан тұрып:

— Осы адамдардың басы бар ма? — дейді. Көріп тұрғандар:

— Басы да, құлағы да бар, бәрі көрініп тұр, — дейді. Қалдан хан:

— Маған иығынан төмен ала жоғарғы бас жағы мұнарланып көрінбей тұр, сендер көшке тигенде шырқыраған баланың дауысы шыққан кезде қандай сезімде болатынын білесіңдер ме? — дегенде,

— Жоқ білмейміз, білгеніңізді сіз айтыңыз, — дегенде: «Мен айтсам тап қойға шапқан арыстандай болады ғой деп, біреуің де тыпыр етпеңдер», — деп, аттан түспей қарап тұрады.

Намаздарын жайлап оқып болған соң, Қорлыбай батыр қолын қусырып ханның алдына келіп:

— Түсіп қонақ болыңыз, — дейді. Хан:

— Құп, болады, дегенде, Қорлыбай атының шаужайын ұстап қолтықтап түсіреді де, көшті оралтып қондырып, ілгергі елге шапқыншы жіберіп қайтарып, ханды елге қонақ етіп, қайтарында «жолыңыз» деп, елден көп қып жинап қалың жылқы айдатып қайтарған екен.

138. Қорлыбай мен Ердес

Бапай деген кісі отыз бес жасында жаудан өледі. Ердес, Медет, Ақтен деген үш жас бала жетім қалады. Ердес он жеті жасында батыр болып жауға аттандаы. Бұл барғаны қазақ пен қалмақтың соғысы еді. Қалмақтар шеп құрып бекініп алып, бірнеше күн алғызбайды. Батырлар қамалға шауып андаздап тұрған жаудың арасына кіріп, ыдырайтпайынша алғызбайтын болған соң, Қорлыбай батыр қамалға шабуға оңтайланып, басқалар іркіліп қалып, шабамыз деп, іріктеліп шыққан адам сегіз адам екен. Қорлыбай: «Бұлар кім?» деп бөлініп шығып адамдарды тексерсе, біреуі өзі, алтауы өзінің жоғарыда айтылған тұқымдары, бір бала бөтен. Қорлыбай:

— Жаным, сен кімсің? — дегенде,

— Кім екенімді кейін жаудан сұрарсыз, — депті. Қорлыбай:

— Балам, көзің тым үлкен екен, көзі үлкен адам қорқақ болушы еді, қорыққандық сезілсе, жауда қалуға себеп болады, қайтсаң қайтеді, — дегенде, бала:

— Қорыққандықты қашқанда байқарсыз, — деп жауға жөнеп береді. Сол бетімен жауға қойып кетіп, жауды талқандап, қамалды бұзып, қашырады. Басқа топ қолда араласып қашқан жауды қуып кеткенде, бұлар іркіліп кейін қайтып сегізі бөлініп шыққанда, Қорлыбай:

— Балам, өмірде жауға шапқанда алдыма кісі түсіп көрген жоқ еді, сен алдыма үш рет түсіп кеткен екенсің, көзім қан толып жүріп турап тастай жаздадым, Құдай сақтады. Бұдан былай кездессең, алдыма түсе көрме, ерлік үлкендікке қарамайды, жаудың туы сенің қолыңнан жығылды, осы жолғы жүлде сенікі болды, абыройың құтты болсын! Қай елсің? Жөніңді айтшы, — дейді. Бала:

— Жөнім — арғын, оның ішінде қуандық. Үлкен әкем Қаратоқтың кенжесі — Құлұмбет. Әкем аты — Бапай, жетім қалған үш бала едік, ең үлкені — мен, он жеті жасқа биыл шықтым. Ең алғашқы атқа мініп шыққаным да осы еді. Атым — Ердес. Туды қалай жығып, жауда қандай қайрат қылғанымды да өзім білгем жоқ, менің тілегім «жүлде баланікі» деп маған ұсына көрмеңіз, менің алған жүлдем тек сіздің батаңыз болсын, — дегенде, Қорлыбай отырып:

— Жүлде сенікі еді, олай болса, Мөрде кенже қарындасым бар еді, ешкімге бермей сақтап отыр едім, жау жүлдесі менікі болса, Мөрде сенікі болсын, сен де ешкімге айтпа, — депті.

Жаудан соң жұрт жөн-жөніне тарап кетеді. Келесі жылы қалмақтар жасанып, абайсыз жатқан кезде біздің арғынды келіп шабады. Жау келіп қалғанда, Ердес те атқа мініп жаумен соғысады. Үстінде сауыт жоқ жалаңаш, қолына түскен қару — өзі мерген екен, тек қана білтелі мылтық. Жаумен соғысып жүргенде Ердестің тобығын қылыш кесіп, тізесінен бөлек түсіреді. Содан кейін жақсылап ұрыса алмай, салбырағаң аяғын қанжығамен жоғары көтеріп байлап алып, топтың ішінде тек ерқара болып жүреді. Қалмақтар жеңіп, көп адамды өлтіріп, жылқыны қуып алып, қалған қазақтарды қашырады. Қашқандардың ішінде аяғын қанжығаға асып алған Ердес те қашып келе жатады. Астындағы аты онша болдырмаған болады. Бір қара ала атқа мінген, үлкендігі үйелмендей бір қалмақ ақырғанда дауысы жер жарады. Алдындағы қашқан қазақтарды найзамен түйреп лақтырып, қырып келеді. Ердеспен бірге қашып келе жатқан бір қаракесек жігіт бар екен. Оның аты нашарлап келе жатса керек, Ердес қара ала атты қалмақтың қасындағы жігіттің соңына салып, аты тың, өзі онан арасын аша береді. Қалмақ тақалып келген кезде:

— Ердес-ау, есіңде, ішіңде бар ма? — депті. Ердес:

— Есімде бар-ау, әттең, ебі табылмай келеді, — депті.

Қалмақ жетіп жігітке найза салам деп қолтығын көтере бергенде, қатарында келе жатқан Ердестің қолындағы білтелі мылтық тарс ете түскенде қалмақ мұрыттай ұшады. Бұрын ақсауыт деген сауытты тоқығанда, тап өкпелігіне ажал оқтың орны деп бармақ басындай-ақ орын тастап кетеді екен. Ердес «Ебі табылмай келеді» дегенде сол жерін аңдып келеді екен.

Ердес қашқан жігітке: «Тоқта! Тоқтамасаң, ал енді өзіңді атам», — деп мылтығын кезегенде, жігіт қорқып тоқтай қалғанда, «ана қалмақтың атын мініп, найзасын алып, «Жауқаштылап!» кейінгі қалмаққа ұмтыл, өзімде түсіп, қайта атқа мінуге әл жоқ. Оны істемесең, сені атып өлтіруден басқа жұмыс менің қолымнан келмейді», — дегенде, жігіт қара ала атқа мініп, найзаны алып «Жауқаштылап» қарсы ұмтылғанда, ұтып келе жатқан қалмақтар қайта қашады. Қара ала аттағы қалмақтардың бастығы да — ең мықты батыры да осы екен. Жылқының көбі қалмақта кетті, адамның көбі өлді, шабылған ел еңсесі түсіп, жүдеп қалады.

Ердес бір жылдай теңге түсіп жүріп аяғы жазылмай қала ма, жоқ, бүгілмей қала ма, әйтеуір балдақпен жүретін ақсақ болып жазылады. Ақсап жүріп киік, құлан атып үй-ішін асырайды. Жаугершілік басылып, ел Қызылжардан Ташкенге кіре салып көсіп істейді. Ердес өзінде көлік жоқ, бар ағайындардан түйенің майын сұрап алып, кіші інісі Ақтенді кірекешке қосады. Тоқа деген елден жиналған кірекештер барлығы жиырма бес адам болады. Іштерінен керуенбасы сайлап, Қызылжардан Ташкенге жөнеледі. Кірекештер Арқаның Шу жақ бетінде бір құдықта жол үстінде түстеніп отырса, бір адам келіп бұларға:

— Мұнда тоқа деген елден кісі бар ма? — десе, керуенбасы:

— Бәріміз — бөтені жоқ, тоқамыз, — дейді. Керуенбасы сөйлегенде жөндеп сөйлей алмай қалтырап тұрады. Неге десең, келген кісінің түрі солай.

— Олай болса қолұмбеттен адам бар ма? — дегенде:

— Осында Ақтен деген бір бала бар, — дейді.

— Ендеше Ақтенді маған жіберіңдер, — деп өзі анадай жерге барып аттан түсіп отырады. Ақтен қайда деп керуенбасын іздесе, түйе қайыра кеткен екен. Жалма-жан тауып өкеп:

— Сені анау кісі шақырады, соған бар, — деп жібереді. Ақтен өмірінде көрмеген түсі суық бір бөтен адам сәлем берейін десе, иегі дір-дір етіп дауысы шықпай қалады. Басын, арқасын сипап бойын үйретіп, қорықпа деп жүрегін басып:

— Сен Ерденді білемісің? — депті. Ақтан:

— Жоқ, ондай кісіні білмеймін — депті. Қорлыбай:

— Өзің неше ағайындысың? — дегенде,

— Үш ағайынды едік. Қорлыбай:

— Кім-кімсіңдер? Аттарын аташы, — дегенде,

— Үлкеніміз — Ердес, онан кейін Медет, кішісі — мен, — дейді.

— Жаңа білмейім дегенің қайда? Мен сол өзіңнің ағаң Ердесті сұраймын, — дегенде, Ақтен:

— Ендеше білем, — депті.

— Білесең, тірі ме? — дейді. Ақтен:

— Иә, тірі. Қорлыбай:

— Алдыңғы жылы қалмақ өлтіріп кетті деп естіп едім, онан нағып қалды, — дейді. Ақтен:

— Онда бір тізесін қылыш кесіп кетті, тірі қалды. Балдақпен жүретін ақсақ болып жазылды. Осы күнде үйренді. Қорлыбай:

— Сен елде Қорлыбай батыр бар деп еститін бе едің? Ақтен:

— Иә.

— Естісең, сол Қорлыбай — мен. Төрт ұлдың ішіндегі кенже қарындасым Мөр деген қыз бар, сол қыз сенің жеңгең. Мен соны ағаң Ердеске бермекпін. Бұл күнге дейін Ердес те сенің еліңнің басқа батырларындай жау қырып кетті деп естіп, ақыр анығын білуге өзім іздемекші болып жүр едім. Сен кез келдің, Ташкенге барғанда Мөрден артық олжа тауып ала алмайсың, сен Мөрді алып осы арадан қайтасың. Бірақ жолдастарыңмен ақылдасып, әруақ қонған шаңырақ еді, босағама екі түйе байлайсыңдар, салған жүгіңді кеуренбасыңа тапсырамын. Бүгін көшпейсіңдер, ертең қос басы бір-бір отағасыңды алып біздің ауылға келіп қонақ боласыңдар, «біз құдамыз» деген бір сөз біздің елдің адамдарына не өзіңнен, не жолдастарыңнан, бір адамның аузынан шықпаған болсын, ұқтың ба? — деп түрегеліп атына мініп, кеуренбасыға келіп:

— Мынау Ақтен біздің ауылда қалады, менен лұқсатсыз көшпейсіңдер, Ақтеннің көліктері Құдай қазасынан өлсе, амал жоқ, басқа қиянат қылып жүрмеңдер. Жүгі — сендерге аман тапсыруға аманат, түбінде мен іздеймін, көліктерін Ердестің қолына аман тапсырыңдар. Мен басқа айтатын сөзімді мына Ақтенге айттым, сонан естисіңдер! — деп жүріп кетеді. Кірекештер:

— Қарағым Ақтен-ау, мынауың кім? Не пәле, саған не деді? Тез айтсаңшы, — деп бәрі үрпиіп Ақтенді қамалады. Ақтен бастан-аяқ бәрін айтады. Сонан кейін кірекештер қуанып:

— Жарайды, қастық емес достық етейін жүр екен ғой, — деп, — көлігіміз бір-екі күн тыныққанда жақсы болар, — деседі.

Ертеңі бұлар жиырма бес адам ауылға келгенде, бұларға оңаша үй тігіп, қонағасыға тай сойып күтеді. «Бұлар кім?» деп ел сұрамайды. «Батырдың бір күтем дегені қонағы ғой» деп ойлайды да қояды. Қонақтар қостарына қайтарда жиырма бес ат, жиырма бес шапан беріп қайтарады. Бұлар қосқа келіп ақылдасып: «Қой, түйе дегенді қояйық, тоқа деген елдің әруағынан ұят қой», — деп жиырма бес үйден жиырма бес түйе шығарып, Ақтеннен айдатып жібереді. Түйелерді малға қосқызған соң батыр: «Бір жақсы үй көтеріңдер, қатындарды жина», — деп әйеліне айтады. Әйелі: «Батыр үй көтерсін айтады» дегенді естіген соң, бір ауылдан шаңырақ келеді, әр үйден кереге, бір-бір уық және әркімдер кесек кигізін әкеп тастайды. Батырдың үйінен шыққан суыртпақ та жоқ, Ақтенді «жолдастарыңа барып жүгіңді тапсырып, шығарып салып, амандасып қайт» деп қоя береді.

Ақтен қосқа келсе, жолдастары жиырма бес атты жиырма бес түйеге айырбастап алыпты. Ертең керуенді көшіріп біраз жер жол бойына шығарып салып қоштасып, Қорлыбайдың ауылына қайтып келе жатса, айдалада алдында бір нәрсе жатыр. Келіп көрсе, аузын күмістеген бір нардың мойнағы, ішін ашып көрсе, ылғи алтын мен күміс жамбы, атқа өңгеріп алайын десе, көтере алмайды. Сонан соң ортасынан шылбырға тұзақтап салып, шылбырдың артығын аттың құйрығына байлап, қостың орнына сүйреп әкеп көміп кетеді. Ауылға келсе, аппақ үй көтеріп қойыпты. Ішіне жасау жинап та қойыпты, ыдыс-аяқ, керек сайманның бәрі түгел. Батыр сол отауда жалғыз отыр. Ақтенді қасына шақырып алып қымыз беріп:

— Үйлерің құтты болсын! Жақсы болған екен, — дейді. — Жолдастарың көшті ме? — деп сұрайды. Ақтен:

— Көшті, шығарып салып, амандасып қайттым. Келе жатып бір мойнақ тауып алдым, іші толған алтын-күміс екен, — дегенде, батыр:

— Оның қайда? — дейді. Ақтен:

— Алып жүре алмаған соң қостың орнына апарып көміп кеттім, — дейді. Батыр айқайлап далада жүргендерді шақырып алып, төрт жігітті Ақтенге қосып беріп: «Аузын ашпай алып келіңдер» деп жұмсайды. Ақтенге: «Ішінде не барын мыналарға айтпа», — дейді. Бұлар барып мойнақты алып келсе, елдің алды жатыпты. Батыр бір қойды сойғызып, отауға

етін пісіртіп, өзі ет пісірген бір жігіт пен екеуі ғана отыр екен. крауаттың бас-аяғына тағы бір әбдіре кіргізіп қойыпты. Мойнақты алдына алып аузын ашып көреді де, әбдірені ашып мойнақты өзі апарып салып, кілтін қалтасына салып алады. Етті түсіртіп, бәрі жеп болған соң жігіттер тарап кетеді. Тек Ақтен мен батыр екеуі отауда жатып ұйықтап қалады. Ертең тұрып тамақтарын ішіп болған соң, отауда отырып «Мөр, Мөр» деп дауыстапты. Қатар тіккен отаудан шақырған дауыс өз үйіне естіліп тұрады.

— Немене ағатай? — деп, шақырған соң қыз ойында дәнеме жоқ жетіп келеді. Батыр қарындасына қарап:

— Мөр, сенің менімен туысқаның рас па? — депті. Қыз:

— Ағатай, не себепті айтасыз, әлде мен сізді өкпелеткен жерім бар ма? — депті.

— Жоқ, өкпені артынан айтамыз, туыссың ба, жоқ па? Менің тілімді аласың ба, жоқ па? Өз аузыңнан естиін деп едім, бұдан бұрын сенен туысқандық жайында сөйлесіп көргем жоқ, бүгін білгім келеді. Айтшы қане, құлағымнан естиін, — дегенде, Мөр көзінің жасын төгіп жіберіп:

— Сіздің тіліңізді алмағанда, енді кімнің тілін алады деп білесіз? — деді. Батыр:

— Олай болса, алдымыздағы дүйсенбіге дейін мал-жанның билігі сенде, тай соятын құрбың келсе, қой сойып бер, сені елеген құрбыларың үйден келіп амандассын, басқа қыздар құсап аузыңды ашып ауыл қыдырып айғайлап жүрме, мына үйді саған арнап көтерткем, осы — сенікі. Менің үйіме мен өлгенде бата оқып келерсің, ажалым кейін болса, төркіндеп келгенде кірерсің, одан беріде кірме! Мынау бала сенің кенже қайның, мына кілтті қолыңа ал, анау әбдіренің аузын Ердестен басқа адам ашушы болмасын, Ердес деген — сенің күйуің. Өзінің бірақ бір аяғы жоқ ақсақ, соған сен таяқ боласың, — дегенде қыз сылқ етіп крауатқа талып түседі. Әйелдер шулап жылап, бетіне су бүркіп, қыздың есін жиғызып, басын көтертеді.

Мөр басын көтерген соң дауысын шығарып жылай бастайды. Қорлыбай:

— Мен өлгенде жоқтап жыларсың, мен тіріде неге жылайсың? Менімен туысқаның рас болса, көзіңнен жас шықпасын! — деп ақырып қалғанда,

— Ағатай, жыламайын, жыламайын, — деп көзінің жасын сүртіп-сүртіп алып, белін белбеумен тартып байлап қалғанда, белбеу етін бунап кетеді. Қорлыбай:

— Қош, қадірлі туысым, жақсылықпен көрісейік! — деп есіктен шығып кетеді. Әйелдер:

— Беліңді қиып кетті ғой, босатайық, — деп белбеуін шешеміз дегенде, бір тартып байлаған белбеуге қолы батпай, сүт пісірімде зорға босатқан екен.

Қорлыбай сол елдегі таңдаулы сегіз батырды шақырып алып:

— Жау жарақтарың мен арнаулы аттарыңа мініп, жолда жауға алғызбай Мөрді апарып салыңдар, апарғанда Нұраның ығындағы құмды аттарыңның тұяғына басқызбауға серт етіңдер, оған серт бере алмасаңдар, өзім апарып саламын, маған ешбір жолдастың керегі жоқ, — дейді. Батырлар:

— Батыр-ау, егер Нұраның ығына өтсек, әйел боп басымызға жаулық салынайық, — дейді.

Батырлар ертіп келіп, Нұраның сыртына қонып, ертең жүктерін артып беріп, Қарауылтөбе деген жердегі Нұраның өткелінде судың ортасында тұрып:

— Мөр қарағым, қош айтысайық, қол әкел, — дейді. Ақтен:

— Ағатайлар-ау, мына қырдың аржағында ауыл бар, тым болмаса бүгін болып қайтыңыздар, — деп жалынады. Мөр де қолқа қылады. Батырлар:

— Жоқ, біз батырды алдап серт бермеген болатынбыз, — деп қош айтысып судан қайта шығады да, аржақта бұлар қыр асқанша қарап тұрып, қыр асқан соң қайтып кетеді. Мұның себебі — келген батырлар Ердестің жыртық үйі мен жайсыз күйін көрмесін деп ойлағаны екен.

Ақтен көштен озып келіп ауылға айтып, көштің алдынан әйелдер шығып кеткенде, ауылдың адамдары жиналып Ердеске:

— Бұрын неге айтпадың? Өзіңді күйеу салтымен ертіп барып неге ұзатып әкелмедік? — дегенде, Ердес:

— Қорлыбай айтқан сөзін өзі ескермесе, алшынға барып аяғымның ақсағына байғазы сұраймын ба? — деп айтқан жоқ едім, — депті. Сол Мөрден бір қыз, төрт ұл туады. Ұлдың аттары: Едіге, Ескене, Тойшақ, Құлыншақ.

139. Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз

Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда, Ташкент деген қалада, оңтүстігі Шыршықтың күн батыс жағында Ханабад деген хан болыпты. Бір жағы тоғай жер болыпты, бір жағы Шыршық жар болыпты, Шыршық пенен тоғайына мал толыпты. Бір жағы адыр-жантақты, сусыз шөл болыпты. Бір жағы — батпақ, ылайсаң көл болыпты. Күн шығысы — таулы өр болыпты. Терістігі жон болыпты, батысы Сыр мен сор болыпты. Хан қахарлы болыпты, уәзірлері захарлы болыпты, қатыны — ерке, сор болыпты.

Күндердің күнінде Қалмақ ханы Қалдан шерін /Серін болу керек/ көп қолмен баса көктеп келіп қапты. Алты күн аңдысып, алты апта айтысып, алты жыл атысып ала алмапты. Қанабад ханның қамалының беріктігін білген Қалдан шерін ақырында Ханабад ханының ерке тотай азғындаған әйелі Ханымға астыртын адам салып, сый-сипат беріп, айтқанын істеуге уәде жасапты.

«Ханабадты алсақ, хан сарайында сенің айтқаныңды орындаймыз», — деп серт беріпті. Бұл сертке сенген Ханым ханның сырын әшкерелеп айтып береді:

«Шыршық өзенінің бас жағында Бозсу деген су бар. Сол Бозсумен Шыршықтың түйіскен жерінде құбыр /труба/ бар. Хан ордасына сол құбыр арқылы су келеді. Соның амалын тауып, суын бітеп, суын тоқтатсаңдар, хан ордасындағы хауызға су келмей, су қоймасы /хауыз/ сусыз қалып, хан әскері шөлдеп, шұбырып далаға шығады. Сол кезде тарпа бас салып, хан әскерін жеңген соң, сарайға кіре аласыңдар», — депті ханым.

Қалдан шерін Шыршықтың оңтүстік жағындағы Қарабай — Қосқорғаннан түйемен, атпен, есекпен сабан тартқызып, құбырдың ауыз тесігінен суға қосып сабанды ағыза беріпті. Сонда қаппен де, бос күйінде де ағызыпты. Сумен араласқан сабан жібіп жентектеліп, біріне-бірі кептеліп, Бұжғынтөбе деген жерге жеткенде, жер астындағы құбыр жарылып, су Шыршық өзеніне қарай аунап ағып кетіпті. Сол күннен бастап хан ордасына су келмей қойыпты. Арадан бірнеше күн өткеннен кейін хауыздағы су саси бастапты. Ханбадтың әскері шөлдеп, далаға шұбырып шығыпты. Аңдып жатқан Қалдан шеріннің әскерлері

ұмтыла шауып, тобын жазбай, ұзатпастан ұстап алып, қырып тастапты.

Содан соң хан сарайына кіріп, Ханабад ханды байлап алыпты. Ханабадтың жалғыз ұлы бар екен. Ол бір тұлпар тайға мініп қашыпты да кетіпті. Ханабадтың әйелі Ханым жаңа хан Қалдан шерінмен хан ордасында қалыпты. Су бұзған Бұжғынтөбе сол күннен бастап /Бұзғын төбе/, яғни бұзылған төбе атанып кетіпті.

Қалдан шерін Ханабад ханның ордасын бұзып, сарайына енген соң Ханым сұлуды шақырып алып, Ханымның түп мақсатын сұраған екен, сонда Ханым:

— Бұрынғы күйеуім Ханабад қырық боз биенің сүтіне шомылдырып, алпыс алабас ала сирақ саулық қойды сойып, жілік пашпайының сыбырлақ майына палау жасап беретін. Оны пісіретін аспазы қазанға күрішті санап салатын да, кәкпірмен қозғап, аударып, төңкеріп пісірген соң, күрішті тағы да санайтын. Сонда бір күріш жарылып кетіп, не көбеймейтін, не азайып, жоғалмайтын. Ет пен майдың салмағы да кемімейтін.

Ал енді сен алпыс атан түйенің сүтіне шомылдырып, отыз ор қоянның бүйрек майына палау жасатып бересің. Сонда бұрынғы ханның аспазындай аспаз табасың. Соның істегенін бұл аспаз да істейді, — депті. Мұны естіген Қалдан шерін:

— Еркектің қасы әйел болар ма? Ей, опасыз қатын, сен сүйткен байыңа не жақсылық еттің? Ал енді бізге не жақсылық істермін дерсің? — деп қынабынан қылышын ала ұмтылған екен, Ханым жалғызым деп шалқасынан құлай кетіпті. Мұны көрген Қалдан шеріннің бас қолбасшысы Зал:

— Сабыр етіңізші, мұның сыры бар көрінеді, соны анықтаған соң өлтірерміз, — депті. Сонда барып Қалдан шерін ашуын басып, қылышын қынабына салыпты да:

— Билігін саған бердім, тексеріп анықтарсың да, жазаларсың, — депті. Апарып бір зынданға тастап, «Не айтар екен, бақылаңдаршы» деп қарауыл қойыпты. Есі-күшін жиып алған Ханым былай депті: «Құндыз як...»

«Бұл не сөз» деп Зал сұрастыра келсе, Ханабад ханның Құндыз атты жалғыз баласы болыпты. «Як» тәжік тілінде «жалғыз» деген сөз екен. Ханымның «Құндыз як» дегені — «жалғыз Құндызым!» дегені екен. Ол шешесінің опасыздығына шыдай алмай, бетіне түкіріпті де, өзінің тұлпар тайын жал-

дап өтіп, тоғай аралап, оңтүстікке қарай жүре беріпті. Бір күн жүріп, ертесіне сәскеде ойлы-қырлы бір жерге келіп, тұлпар тайынан түсіп, көкке шалдырыпты.

Сол шақта, қой жайып жүрген ақ сақалды бір кәрия келіп, бала мен тұлпар тайға қарай беріпті. Баланың жүзінен хан баласы екенін, бір нәрсеге өте ызалы екенін, астындағы тайының тұлпар тұқымынан екенін шамалап, сұрау сұрапты:

— Кім боласың, қайдан шықтың, қайда барасың, қайсы ханның баласысың? Айт шыныңды, мен ата тұтынайын, ашулы аласың болса, ақыл айтайын. Жортқан жолыңа жөн сілтейін, жолаушы болайын, — депті. Сонда бала:

— Орны толмас опасыздық, алданған сатқын ана, азап тартқан ата, кемдік етіп, кекті қуған бала. Өзім жалғызбын — «Құндыз як», — деп, сазарып отыра кетті.

— Балам, ата кегін аларсың, халқыңа басшы боларсың, анаң ауыр азабын тартар, оңтүстікті қой, шөл далаға, таутасқа кез боласың, шығысқа тарт — деп, екі қолын жайып батасын берді.

Сонымен Құндыз як күншығысқа қарай бет алды. Кешке таман бір төбеге барып түнеп шықты. Ертесіне сәскелік жерге барғанда шүйгін шөпке кездесіп, тұлпар тайын оттатып алды. Содан шөбі шүйгін болғандықтан, «Шүйгін төбе» атаныпты. Кіші бесін кезінде бір көлге жетіп, екі мергенге жолығыпты. Олармен бірге екі күн жүріп, аң аулап, құс атады. Үшінші күні құсы таусылған соң, ілгері қарай жүреді. Бұл жердің құсы бірде бар, бірде жоқ болғандықтан, «Бардан көл» деп атап кетеді. Одан шығып бір қара көреді. Соған қарай бет алып жүріп барса, үлкен бір төбе екен. Алыстан қарасын көргендіктен, мұны «Қара төбе» деп атап кетеді. Тағы да ілгері қарай жүрді. Алдынан үш-төрт адам жолығады. Олардан жөн сұрап еді, жөнді жауап бермеді. Тек қана біреуі «қытай» дегендей ашулы үн қатты. Баланың ұғымынша «Қытай төбе» болды да, сол атпен аталды. Жолаушылардың бәрі де Қалдан шеріннің артынан іздеп келе жатқан елшілері екен. Нақ сол шақта, қалмақтарға қытайлар соғыс ашып, соны хабарлауға келе жатқан беті екен. Енді біраз жүрген соң, ақ сақалды, ақ шашты кәрияға қарсы келеді де, «Ақ ата» екен ғой деп сәлем беріп өте шығады. Тағы жүреді. Жұма намазын оқып шығып келе жатқан бір топ өңкей ақ шашты, ақ сақалды, ақ сәлделі шалдарға кез болып, атынан түсе қалып,

сәлем беріп, қолын қусырып тұра береді. Баланың әдептілігіне риза болған сексен ақсақал қолын жайып бата береді. Міне, сол жер «Сексен ата» аталып қалыпты.

Не керек, Ханабадтың жалғыз баласы Шыршық өзенінің шығыс түстік бетімен күн шығысқа кете береді. Барып-барып аяғы Іскендер Зұлқарнайынның атына қойылған жердің үстіңгі жағынан «Жаман жар» деген жар кешуден Шыршықтың терістік бетіне өтіп, сол бала Қазықұрт тауына қарай кетіпті. Қайда жүргені белгісіз, әлі жоқ.

Ал баяғы опасыз Ханымның тексеру, жазалау билігін қолына алған бас уәзір, қолбасы Зал жалғыз бала Құндыз яктың кеткен ізі-тозын сұрастырып білген соң, Ханым сұлуды ертіп алып, іздеуге кіріседі. Бұлар да түс мезгілі болған шамада, қой жайып жүрген шалға жолығып, «бұл қай жер? деп сұрайды.

— Құндыз як...

— Не дейсің, Құндыз як? Ол кім? Ол қайда? — деп Ханым еңіреп жылай береді. Қойшы шал бұл жерде көп жылдан бері қой жаятынын, осыдан он шақты күн бұрын дәл осында бір баланың келгенін, аты Құндыз як екенін баяндайды. Оның жол бағытын айтып берген соң, Зал мен Ханым бетті күн шығысқа аударады. Кештетіп бір төбеге жетіп, жатып демалады. Аттарын шалдырады. Екеуінің де боз балалығы ұстап, бірімен бірі жанасады. Сол күннен бастап ерлі-зайыпты адамдай болып кетеді. Бұлар да талай-талай төбеге кезігеді. Өздерінше ат қояды. Соңынан осы жерлер солар қойған атпен аталып кетеді. «Ат тұяғы жеткен жер» деп, бір төбеге «Тұяқ төбе» деп ат қояды. Кесірлі әйел болғандық — астындағы айғыры зорығып өледі. Сол төбені «Айғыр сойған» депті. Екеуі жалғыз атқа мінгесіп жүре береді де, ішіп-жейтін тамағын, қалтасындағы ақшасын тауысып алады. Сол жерді «Шонтай төбе» атайды.

Азып-тозып Шыршықтың терістік бетіне өтіп, Қазақ даласына ене бастайды. Сонда Зал тұрып:

— Мына жерге су шығарып, ел қондырса, егін салса, қандай болар еді, — деп армандайды. Ай жарымдай жүріп, баланы таба алмай, көңілдері өксіп қайтып келсе, Қалдан шерін тас-талқан болып ашуланып отыр екен. Атамекен еліне қытайлар шабуыл жасап, өздері сияқты зар жылатып жатыр екен. Орнына Залды хан көтеріп, өзі еліне асығыс жүріп кетті.

Мұнда қалған Зал мен Ханым өздері алғашқы қосылып, мейірін қандырған жері «Той төбеге» ел-жұртты жиып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, ат шаптырып, бәйге тігіп, балуан күрестіріп, би билетіп, жыр айтқызып, күй тартқызып бір-біріне қосылды. Осы тойға аттылы да, жаяу да шұбап бара берген. Кедей сорлыда не көлік болсын, көбіне жаяу барған. Содан сықақ ретінде: «Той төбе — ақымаққа не деген жол» деген мақал қалыпты. Баяғы той болған төбе «Той төбе» аталыпты. Хандық пен ханымдық қолына тиген Зал мен Ханым өз армандарын іске асыру үшін Шыршық өзенінен Келес өзеніне қарай арық қаздырып, су шығармақ болыпты. Мыңдаған адамды аяусыз істетіпті. Арық шабылып біткен соң Шыршыққа бөгеу салып, су қойса, Зал қаздырған арықтан су сарқырап ағыпты да, Ханым қазған арықтан су ақпай қойыпты. Ызасы келген Ханым: «Маған қастық істегенсіңдер, — деп, мыңдаған еңбекшілердің басын кесіп, қанын ағызыпты.

Содан Ханым қаздырған арық «Қан арық» атанып кетіпті. Отанына, ел-жұртына, адал жұбайына опасыздық істеген Ханым ақырында халық қаһарына ұшырап, жынданып өліпті.

140. Бөлек батыр

Қазақтың «аға өлсе, іні мұра» деген дәстүрі бойынша Бөлектің анасы қайнысы Қошқарға тұрмысқа шығады. Қошқар өзі бай, өзі батыр болған. Бөлек сол кісінің тәрбиесінде өсіп, әрі сымбатты, әрі қайратты, палуан денелі болып өседі. Ол ержетіп, жігіт жасына жеткенге дейін жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт ұстап, аңшылық құру өнерін өзіне серік етіпті.

Болашақ қайын атасының ауылын жау шапқан үстінен түскен Бөлек қалындығы Болсынайдан жағдайды білген соң жақсы ат мініп, қолына шоқпар алып, жаудың соңынан қуып шығады. Жылқының ізін көреді. Жасырын артынан жүріп отырады. Елінің шетіне жеткен соң барымташылар өз тобынан төрт жылқышыны қалдырып, қалғандары үйді-үйлеріне тарайды. Мұны сыртынан бақылап жүрген Бөлек түн жарымында қиқу салып, жылқының бетін бері бұрып, айдай жөнеледі. Ұйқыдан шошып оянған жылқышылар жылқыны

қууға батылдары жетпейді. Таң ата естерін жинаған жау жылқының соңынан қуып шығады. Бұл кезде жылқының алды ауылға келіп те қалған еді. Бөлек қуғыншыларды жолдан күтіп алып, жалғыз өзі ұрыс салады. Ақырында оларды жайратып салып, аттарын олжалап, жылқымен бірге қайын жұртына тарту етеді.

141. Ер Сары

Ер Сары негізінде жауларын жекпе-жекте жеңіп отырған. Сарыарқадағы елін қорғап, олжаларын бөліп беріп отырған. Ер Сары сексенге келген шақта Еділ бойындағы қалмақтар қонысы, атажұрты жоңғарға өтпек болып, қазақ жерін басып, малын алмақ болады. Абылай ханның бұйрығымен Сары батыр керей-уақтың мың жасағын басқарып, Еділ-Жайықтың арасында Ұрасайда қалмақтармен соғысады. Қалмақтар айла жасап, батырдың жолына ор қаздырып қояды. Абайсызда Көктұйғын тұлпар орға түсіп, аяғын сындырып алады. Құлап түскен Ер Сарыға жаулар лап қояды. Сол кезде Сарының баласы Ноян батыр әкесін жау қолынан құтқарып алады. Бірақ қатты жараланған батыр коп ұзамай көз жұмады.

142. Ер Сүгір

Кезінде өз еліне бір нәрседен кінәлі болып, Найман жеріне келіп, осында сіңіп кетеді. Қалмақ шапқыншылығына қарсы батырлығымен көзге түсіп, Кокжал Барақтың серіктері қатарына қосылады. Күршім жерінен жоңғарларды қуу үшін айқайлап шықпай, әдіс қолдануды Барақ батыр бастаған қазақ қолы дұрыс деп тапқан. Бұл топтың ішінде Жаман, Танаш, Қошық, Сүгір сынды ерлер болған. Ол үшін осы кезде «Төрт қалмақ» деп аталатын жерде қалмақ батырлары күн мен түн теңелгенде наша тартып, арақ ішіп, бір апта тойлайтын кезін тосыпты. Жоңғарлар түйе мінген адамдарды көрсе, оны таңырқап тамашалайды екен ол кезде. Тойдың қызған кезінде Барақтың сарбаздары қалмақтардың дәл үстіне келеді. Олар түйемен келген адамды есепке алмай отырғанда, Танаш, Жаман, Қошық,

Сүгір жоспар бойынша түйеге мінгесіп келіп, қалмақтардың батырларымен айқасады. Сонда Сүгірге Қарасеңгір кез болады. Сүгір Карасеңгірдің кеудесіне отырып қанжарын шығарғанда, астында жатқан батыр:

— Атыңды айтып өлтірші мені, — дейді. Сонда «менің атым Сүгір» депті ол.

— Бүгін түсімде маған әкем аян беріп еді, «сені Сүгір алады. Сүгір алса, бүгін алады» деп еді, өлтіре бер! — деп көзін жұмыпты...

143. Жантайлақ батыр

Бірде Жантайлақ батыр мен Жантай батыр іргелес торғауыттан қарымта қайырып, көп жылқысын қуып әкетеді. Қайтар жолында Қалжыр өзені бойындағы тоған қазушыларға аялдайды. Қолғабыс көрсетіп айдап келе жатқан жылқысынан береді. Кейін сол тоған «Жантайлақтың теріс аққаны» аталып кетеді.

Осы көп жылқының хабары Қара Ертіс бойындағы Алдияр батырға жетеді. Мұның салдарынан торғауыттармен іргелес жатқан керейлерге де зәбірі тиюі мүмкін еді. Соны ойлап Алдияр батыр бір топ адамымен соңынан қуады. Мол олжаға кенелмек болады. Бөкенбай тауының күнбатыс етегінде қуып жетеді. Астында жойқын қаражорғасы, қолында ұзын найзасы бар Алдияр батыр өз адамдарынан ұзаңқырап шыққан бойында: «Батыр болсаң, жеке шық!» — деп дауыстайды. Жантайлақтың қартайғанын ескеріп, Жантай батыр жекпе-жекке шығады. Ол өзінің қулығы мен айлакерлігіне салып, мінген атының екпінімен Алдиярға жақындай бере атының басын тежеп тұра қалып: «Батыр! Жекең жеке, ал артыңдағың не?» — дейді. Алдияр артына бұрылып қарай бергенде, Жантай батыр лып етіп шолақ найзасын сағағынан қадап жіберіп, атынан аударып түсіреді. Басқа қуғыншылар екі батырға қатты қарсылық көрсете алмайды.

Жантайлақ батыр қиын шақта төңіректеп, азулы жауларымен айқаса жүріп, елді босқындықтан құтқарудың бір жолы осы деп руластарын егіншілікке тартады. Жантайлақ батыр тұсында малын бағып, егінін салып отырған елдің шырқын ұранхайлар мен торғауыттар бұза береді. Олардың басынған-

дығы соншалық — «Жантайлақ тұратын жерін айтсын, соғысамыз!» деп хабаршысын жіберді. Жантайлақ бұрыннан араласқұралас болып жүрген, қысылғанда бір-біріне көмектесетін елге шапқыншысын жібереді. Бірақ ол жақ көмекке келмей қалады. Дегенмен Жантайлақ батыр серіктерімен әрқашанда жауларына тойтарыс беріп отырады.

Батырдың туған жерінде «Жантайлақ тоғаны», «Жантайлақ өткелі» деген жер атаулары қалған.

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Тарихи тұлғаларға байланысты аңыздардың алғашқы үлгілерінен бастап ауызша тарап, бүгінгі ұрпаққа араға ғасырлар салып барып фольклортану заңдылықтарына сәйкес түрлі нұсқаларда, версияларда, әрқилы көлемде, стильде жеткендіктен, оларды жинау, жүйелеу, жариялау үрдісінде күрделі мәселелер аз кездеспейді. Біріншіден, Ел тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі кезеңдерде саяси шектеулердің салдарынан тарихи аңыздардың жеке ғылыми басылымы жарық көрмеді және арнайы зерттелген емес. Сонымен бірге шағатай, қадім, төте араб әліпбилері қолданыстан ерте шығып қалғандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның аңыз мәтіндерінің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясын құрастырушылар осы жанрды қолға алып, баспаға дайындай бастағанға дейін еліміздің Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларындағы аңыздардың жалпы көлемінің мөлшері белгісіз болып келді.

Екіншіден, XVIII ғасырлардағы орыс басылымдарында, әсіресе тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көптеген шежірелік, тарихи жинақтарда жарияланған туындылардың мәлімет-деректері де ешкімді қызықтырған емес. Бұған Қытай, Монғолия, Таяу Шығыс мемлекеттерінің, Орта Азия елдері мен Татарстан, Әзербайжан, Башқортстан сияқты туысқан халықтардың қорларындағы ұлтымыздың тарихына қатысты шығармаларды қоссақ, ұшан-теңіз байлыққа кенелеріміз анық. Алайда бұл қазынаны толық игеруге уақыт, қаржы, мамандар сұранысы аса қажет болғандықтан, құрастырушылар қолда бар мүмкіндіктерді ғана пайдалануға талпыныс жасады.

Олар, ең алдымен, ӘӨИ мен ОҒК-нің сирек қорларындағы тарихи аңыздарды анықтау, жинастыру, жүйелеу, бүгінгі жазуға көшіру, текстологиялық тұрғыда сараптау, баспаға дайындау жұмыстарына жұмылдырылды. Соның негізінде туындылардың нұсқалары мен версиялары анықталып, өзара айырмашылықтар болған жағдайда топтаманың ғылыми ұстанымына сәйкес мәтіндер қатар жіберілді. Келешектегі арнайы зерттеулер үшін ғылыми түсініктемеде мәтіндердің қысқаша жиналу тарихы көрсетілді. Түпнұсқадан өзгеріссіз дайындалған бұл аңыздар мен олардың нұсқалары ғылыми-зерттеу нысанасы ретінде маңызды. Сол себепті де томның басылымы тарихшы, этнограф, деректанушы, тілтанушы ғалымдардың іргелі ізденістеріне, фольклортанушы, мәтінтанушы мамандардың болашақ зерттеулеріне зор мүмкіндіктер туғызады. Мысалы, осы томда «Жидебай батыр» мен «Бердіқожа батыр» туралы аңыздың екі нұсқасы, «Жақсы Жанайдардың» үш нұсқасы қамтылған.

Келесі кезекте кейінгі жылдары жарық көрген жинақтар мен басылымдарда жарияланған аңыздар іздестірілді. Табылған туындылардың біразы жеке туынды ретінде, кейбіреуі қолжазбалардың нұсқалары есебінде томға енегізілді. Өкінішке орай, олардың біршамасының түпнұсқалары болмағандықтан, текстологиялық сараптаулар жүргізуге мүмкіндіктер болмады. Бұл тұрғыда тарихи аңыздардың алғаш, арнайы топтама ретінде басылым көріп жатқандығы және зерттеу нысанасы ретіндегі қажеттілігі ескерілді.

Айта кетерлік тағы бір жайт — осы томға енген аңыздардағы кейбір ауыспалы мотивтер, эпизодтар, оқиғалар алдыңғы томдардағы мәтіндерде де кездесуі әбден мүмкін екендігі. Мысалы, Абылайдың айдаладағы ағаш молаға алдын ала (аруақ есебінде) кісі жасырып, кейін оны бұзып әкелуге Үйсін Бөлтірік батырды жіберіп, жүректілігін сынау сюжеті Балтакерей Тұрсынбайға, Шақшақ Жәнібекке т.б. кейіпкерлерге байланысты оқиғаларда кездеседі. Бұл әдіс фольклордың қалыптасқан заңдылықтарынан тысқары болмағандықтан, томдарға осы сюжеттес аңыздардың барлығы да жіберілді.

Және бір түйіткіл нәрсе — томдарға аңыздардың толық қамтылуына байланысты мәселе. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген қорлардағы туындылардың қолжазба нұсқалары тү-

гел қарастырылғанмен, түрлі басылымдар мен жинақтарда жарияланған мәтіндерді іздестіруде айтарлықтай қиындықтар туындағанын атап өткен жөн. Әсіресе аудандық, облыстық, аймақтық басылымдар мен сол аумақтарда жарық көрген жинақтардың таралымы аз болғандықтан және олардың көпшілігі жеке қаржымен шығатындықтан, меншік иелері орталық кітапханаларға жіберіп отыруға міндетті емес. Сондықтан құрастырушылардың назарына ілікпеген кейбір тарихи тұлғаларға қатысты аңыздар томға енбей қалуы әбден мүмкін екендігін айта кеткіміз келеді.

Еліміздің сирек қорларында үш жүздің барлық хан-сұлтандарына, батырлары мен би-шешендеріне қатысты аңыздар біркелкі, толық сақталмаған. Мысалы, бір атақты батырға байланысты аңыз аз, тіпті жиналмай қалуы да кәдік, керісінше, белгісіз тұлға туралы мол мұра сақталуы да мүмкін. Сол себепті қандай да бір тарихи тұлғаға саналы тұрғыда басымдық берілмеді. Аңыздар ғылыми басылымның ұстанымдарына сәйкес жүйеленіп, мүмкіндігінше көркемдік сипатына қарай, түпнұсқа негізінде дайындалды.

Кейде аңыз айтушылар мейлінше өз руының, аймағының батырларына кеңінен тоқталуға бейім болатыны байқалады. Тіпті, рулардың, одан бөлінетін аталардың атауларын, тарихи тұлғалардың есімдерін қате көрсету, тіпті қарсылас руларды саналы түрде кемсіту сияқты жат үрдіске бой алдырады. Бірақ бұл олқылықтарды қазақ халқының болмыс-бітіміне, тұрмыс-салты мен этникалық табиғатына байланысты кемшіліктер деуге негіз бар. Томға ұсынылып отырған аңыздар хатқа түскен мәтіндердің негізінде дайындалғандықтан, сондай-ақ «Бабалар сөзі» сериясының жалпы ұстанымдарына байланысты аңыздар түзетілмей, түпнұсқа бойынша жіберілді.

БИЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

1. Бекболат би

Мәтін Н.Төреқұлов пен М.Қазбеков құрастырған «Қазақтың би-шешендері» (Алматы: Жалын, 1993) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (155-156 бб.) алынды.

2. Қасымханның елге орнатқан тәртібі

Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбаны 1963 жылғы «Қарағанды экспедициясы» кезінде жазып алған — Балтабай Адамбаев. Айтушысы — Жәкеш Баймағанбетов. Шығарма түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (500-бума, 2-3-дәп.) сақтаулы. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқадан (1-13-бб.) алынды.

3. Тіленші жайында бірер сөз

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Мұқаш Мәжікеев. Мәтін қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (823-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Айтушысы белгісіз. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (17-22-бб.) негізінде әзірленді.

4. Сапақ бидің ұтқырлығы

Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын жарияланым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1123-бума, 47- дәп.) сақтаулы Қорға тапсырған — Қостанай облысының тұрғыны Еркін Құлпейісов. Айтушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазба (8-10-бб.) негізінде дайындалды.

5. Бала—бауыр етің

Аңыз Т.Қаупынбайұлы құрастырған «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» (Алматы: Экономика, 2002.) атты жинақта жарияланған.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақтан (42-43-бб.) алынды.

6. Қара дауыл

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» атты жинақта басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (44-45-бб.) алынды.

7. Тәлім

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз аталған жинақтан (45-48-бб.) алынды.

8. Өнеге

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (48-49-бб.) алынды.

9. Бабаның батасы

Аңыз «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» жинағында жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (49-51-бб.) алынды.

10. Тұрмыс сыны

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» жинағында басылым көрген.

Томға мәтін аталған кітаптан (51-52-бб.) алынды.

11. Ер өтеді, ел қалады

Аңыз «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және

оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» жинағында жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (53-55-бб.) алынды.

12. Ұран

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамала» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (55-57-бб.) алынды.

13. Ең қасиетті нәрсе не?

Мәтін «Батыр баба Әлмерек: XVII ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Әлмерек абыз және оның ұрпақтары туралы әңгімелер, очерктер, эсселер, өлеңдер, ғұмырнамалар» жинағында жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз аталған жинақтан (57-б.) алынды.

14. Толыбай сыншының баласы

Аңызды ел арасынан жинап «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000 ж. №5) атты газетте жариялағандар: Өзал Тәнекеұлы, Аманғали Мұхтаров.

Томға енген мәтін аталған газеттен (14-б.) алынды.

15. Доспол

Аңыз бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1059-бума, 12-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — А.Құлжанов. Мәтін XX ғасырдың отызыншы жылдары жазылған. Айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған туынды аталған қолжазба (8-9-бб.) негізінде дайындалды.

16. Бала би Досбол сөздерінен

Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1059-бума, 12-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Сабыр Шәріпов. Қорға 1939 жылы түскен.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (13-14-бб.) алынды.

17. Бала би Доспол

Аңыз мәтіні 1993 жылғы «Түркістан экспедициясы» кезінде жазылып алынған. Жазып алушылар: Қыдырәлі Саттаров пен студент Шарапат Майлыбаева. Өкінішке қарай, жинаушылар мәтінді кімнен жазып алғанын көрсетпеген. Мәтін бір жолды қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген аңыз мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.920/108-бума.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған туынды аталған қолжазбадан (136-139-бб.) алынды.

18. Байдалы би

Аңыз «Қазақтың би-шешендері» (Алматы. Жалын, 1993) атты жинақта жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (273-274-бб.) алынды.

19. Жақсы Жанайдар

(I нұсқа)

Мәтін алғаш рет «Егемен Қазақстан» газетінің 1992 жылғы қаңтар айының № 9 санында, Сәрсенбі Дәуітұлы құрастырған: «Көпейұлы М.Ж.» (Алматы, 1992. 11-12-бб.), «Абылай хан» (Алматы, 1993), Нартай Жүсіпов құрастырған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (Алматы: Ел — шежіре, 2008) атты жинақтарда басылым көрді. Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1778-бума) сақтаулы. Басылымдар мен түпнұсқаны салыстырғанда, елеулі айырмашылықтар кездескен жоқ.

Томға еніп отырған аңыз аталған түпнұсқа (135-136-бб.) негізінде дайындалды.

20. Жақсы Жанайдар

(II нұсқа)

Мәтін «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (Алматы: Ел-шежіре, 2008 — 124-125-бб.) атты жинақта басылым көрген. Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1770-бума) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — М.Ж. Көпеев. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық байқалмады.

Аңыз мазмұны 19 нөмірлі аңызбен ұқсас болғанымен: 1. Көлемдік, стильдік, тілдік жағынан айырмашылық бар.

2. 19 нөмірлі нұсқада бас кейіпкердің аты (Жанайдар) аталса, екінші нұсқада жай «бала» деп аталады.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа (123-124-бб.) негізінде әзірленді.

21. Жаңабатыр әңгімесі

Аңыз Лаура Жүсіпова құрастырған «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009. 171-172-бб.) атты жинақта басылым көрген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1178-бума) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық кездеспейді.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған түпнұсқа (199-205 бб.) негізінде дайындалды.

22. [Жаңабатырдың жаламен шабылуы]

Мәтін «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009. 172-173-бб.) атты жинақта жарияланған. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1178-бума) сақтаулы. Жинаушысы — М.Ж. Көпеев. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Түпнұсқа мен басылымды салыстырғанда, елеулі айырмашылық кездескен жоқ.

Томға еніп отырған аңыз аталған түпнұсқа (199-205-бб.) бойынша әзірленді.

23. [Жаңабатырдың тағы бір жалаға ілігуі]

Аңыз мәтіні «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009. 173-175-бб.) атты жинақта басылым көрген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1178-бума) сақтаулы. Жинаушысы — Ж. Көпеев. Айтушысы белгісіз. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық байқалмады.

Томға еніп отырған аңыз аталған түпнұсқа (199-205-бб.) бойынша дайындалды.

24. Қарқабат туралы аңыз

Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (500-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін1963 жылы бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Айтушысы — Жәкеш Баймағанбетов. Жинаушысы — Б. Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (1-8-бб.) негізінде даярланды.

25. Досай би

Мәтін «Қазақтың би-шешендері» (Алматы: Жалын, 1993) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (150-151-бб.) алынды.

26. Опасыз дүние

Аңызды қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (910/4-бума) сақтаулы. Қорға 1984 жылдары түскен. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (34-б.) бойынша дайындалды.

27. Есенкелді би

Мәтін «Қазақтың би-шешендері» жинағында жарияланым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (152-153-бб.) алынды.

28. Едіге би

Аңыз «Қазақтың би-шешендері» жинағында жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (182-183-бб.) алынды.

29. Кім көргіш

Аңыз ел аузынан жинап, 1996 жылы қорға тапсырған — Орал қаласының тұрғыны Айсұлу Бисенғалиқызы. Мәтін тор көзді кеңсе қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1057-бума) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (39-40-бб.) бойынша әзірленді.

30. Ескелдінің әуестігі

Мәтін Ораз Исмаилов құрастырған «Халық қазынасы: Бабалар сөзі — Даналық көзі. Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие» (Алматы: Білім, 1996) атты жинақта жарияланған.

Томға еніп отырған аңыз аталған жинақтан (42-43-бб.) алынды.

31. Ескелдінің ер атануы

Мәтін «Халық қазынасы: Бабалар сөзі — Даналық көзі. Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие» (Алматы: Білім, 1996) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (45-46-бб.) алынды.

32. Ескелдінің шарапаты

Мәтін «Халық қазынасы: Бабалар сөзі — Даналық көзі. Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие» жинағында жарық көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (48-б.) алынды.

33. Елдің иесі, жердің киесі болады

(I нұсқа)

Аңыз Ораз Исмаилов құрастырған «Ел жүрегіндегі Ескелді би» (Алматы, 2006) атты жинақта жарияланған.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақтан (40-41-бб.) алынды.

34. Барлауға шыққанда

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында жарияланым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (45-46-бб.) алынды.

35. Тоған тартқанда

Аңыз мәтіні «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында басылым көрген.

Томға еніп отырған туынды аталған кітаптан (48-49-бб.) алынды.

36. Ескелдінің ерлігі

Мәтін «Халық қазынасы: Бабалар сөзі — Даналық көзі. Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие» жинағында жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (38-39-бб.) алынды.

37. Ақылды Бабаның амалы

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында басылым көрген. Томға аңыз аталған жинақтан (47-48 бб.) алынды.

38. Жез қармақ

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында жарық көрген. Томға еніп отырған аңыз аталған жинақтан (59-б.) алынды.

39. Тараған өкпе—татулықтың ишараты

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында жарияланған. Томға аңыз аталған жинақтан (57-б.) алынды.

40. [Үш бидің әулиелігі]

Мәтін О. Исмаилов құрастырған «Жыр атасы — Қабан жырау: Өлең-жырлары мен айтыстары, аңыздар мен кейінгі толқын ұрпақтарының ілтипаттары» (Алматы, 2007) атты жинақта жарық көрген.

Томға еніп отырған аңыз аталған жинақтан (112-113-бб.) алынды.

41. Қасым Сұлтанның анасы—Қандан

Мәтін «Халық қазынасы Бабалар сөзі — Даналық көзі. Ескелді би Қабан жырау Балпық әулие» жинағында жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз аталған жинақтан (49-50-бб.) алынды.

42. Қызайлар үшін күрескенде

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында жарияланған. Томға аңыз аталған жинақтан (66-67-бб.) алынды.

43. Бір найза ма, жүз найза ма?

Аңыз «Ел жүрегіндегі Ескелді би» кітабында басылым көрген. Томға мәтін аталған жинақтан (69-70-бб.) алынды.

44. «Халықтан қайыр болмаса, хан бұзылады»

Аңыз «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған жинақтан (70-71-бб.) алынды.

45. «Шымылдыққарағайдағы» шайқас

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында жарияланған.

Томға аңыз аталған жинақтан (71-72-бб.) алынды.

46. Соңғы жекпе-жек

Аңыз «Ел жүрегіндегі Ескелді би» жинағында басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (72-73-бб.) алынды.

47. Атаның ақтық сөзі

Мәтін «Ел жүрегіндегі Ескелді би» кітабында жарық көрген.

Томға аңыз аталған кітаптан (80-82-бб.) алынды.

48. [Қабан ақынның сыны]

Аңыз «Жыр атасы — Қабан жырау: Өлең-жырлары мен айтыстары, аңыздар мен кейінгі толқын ұрпақтарының ілтипаттары» жинағында басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (45-б.) алынды.

49. Ақынның үйленуі хақында

Мәтін «Жыр атасы — Қабан жырау: Өлең-жырлары мен айтыстары, аңыздар мен кейінгі толқын ұрпақтарының ілтипаттары жинағында жарияланған.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақтан (118-б.) алынды.

50. Қоянкөзге Қабанның өлең сыйлауы

Аңыз «Жыр атасы — Қабан жырау: Өлең-жырлары мен айтыстары, аңыздар мен кейінгі толқын ұрпақтарының ілтипаттары жинағында басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (48-б.) алынды.

51. Ақынның ақырғы сөзі

Мәтін «Жыр атасы — Қабан жырау: Өлең-жырлары мен айтыстары, аңыздар мен кейінгі толқын ұрпақтарының ілтипаттары» жинағында жарияланған.

Томға аңыз аталған жинақтан (122-б.) алынды.

52. Қоныс бөлу

Аңыз профессор Т.Кәкішев құрастырған «Билер сөзі» (Алматы: Қазақ университеті, 1992) атты жинақта жарияланған.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақтан (50-51-бб.) алынды.

53. Балпық пен Райымбек

Мәтін «Билер сөзі» жинағында басылым көрген.

Томға еніп отырған аңыз аталған жинақтан (51-б.) алынды.

54. Жәнібектің Тіленшіге батасы

Аңыз түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1124-бума, 103-дәп.) сақтаулы. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Еркін Құлпейісов.

Томға еніп отырған мәтін аталған түпнұсқа (12-13-бб.) бойынша дайындалды.

55. Ер Жәнібек пен Тіленші би

Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (991-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Жинаушысы — Б. Адамбаев. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған туынды аталған қолжазба (3-б.) бойынша әзірленді.

56. Жәнібек туралы

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1125-бума, 34-дәп.) сақтаулы. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған шығарма аталған қолжазба негізінде (5-б.) әзірленді.

57. Шақшақ Жәнібек батыр

Мәтін ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1125-бума, 34-дәп.) сақтаулы. Айтушысы белгісіз. Туындыны ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Е. Құлпейісов.

Томға ұсынылып отырған шығарма аталған қолжазба бойынша (7-б.) дайындалды.

58. [Жәнібектің Уақ Бармақты сынауы]

Аңыз мәтіні «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009. 165-166-бб.) атты жинақта басылым көрген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1178-бума) сақтаулы. Жинаушысы — Ж.Көпеев. Айтушысы белгісіз. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық байқалмады.

Томға еніп отырған туынды аталған түпнұсқа (189-190-бб.) бойынша дайындалды.

59. Жәнібек би

Мәтін «Билер сөзі» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (51-б.) алынды.

60. Батырдың тууы, жас шағы

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап «Жұлдыз» журналының 1995 жылғы № 3 санында жариялаған — Асқар Татанайұлы.

Томға ұсынылып отырған шығарма аталған басылымнан (194-195-бб.) алынды.

61. Жәнібек батырдың Абылайдың оң тізесінен орын алуы

Аңыз «Жұлдыз» (1995, № 3) журналында жарық көрген. Мәтінді басылымға әзірлеген — А. Татанайұлы.

Томға туынды аталған журналдан (196-198-бб.) алынды.

62. Абылай ханның Жәнібекті сынауы

Мәтін «Жұлдыз» (1995, №3) журналында басылым көрген. Аңызды ел аузынан жазып алып, басылымға ұсынған — А.Татанайұлы.

Томға аңыз аталған журналдан (198-199-бб.) алынды.

63. Жәнібектің қартайған кезінде кешірмелерін еске алуы

Аңызды ел арасынан жинап, басылымға ұсынған — А.Татанайұлы. Мәтін «Жұлдыз» (1995, №3) журналында жарық көрген.

Томға ұсынылып отырған шығарма аталған журналдан (199-201-бб.) алынды.

64. Жәнібек бастаған Абақ елінің Шыңғыс тауынан көшуі

Мәтін «Жұлдыз»(1995, №3) журналында жарық көрген. Шығарманы басылымға ұсынған — А.Татанайұлы.

Томға аңыз аталған журналдан (202-203-бб.) алынды.

65. Қошқарұлы Жәнібек

Аңызды айтушы — Семей облысының тұрғыны Қалихан Алтынбаев. Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (280-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Қолжазбаны айтушы 1969 жылы қорға өз қолымен тапсырған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған түпнұсқа (6-8-бб.) негізінде дайындалды.

66. Жәнібек батыр туралы аңыз

Аңыз мәтіндері Ақын Байбосынұлы мен Шәміс Құмарұлы құрастырған «Ер Жәнібек» (Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2006) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (203-240-бб.) алынды.

67. Жидебай батыр

(I нұсқа)

Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1-бума) сақтаулы. Жинаушысы — М.Ж. Көпеев. Айтушысы белгісіз. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Шығарма мәтіні «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009. 155-156-бб.) жарияланған. Түпнұсқа мен басылымды салыстырғанда, еш айырмашылық кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа (73-75-бб.) бойынша дайындалды.

68. Жидебай батыр

(II нұсқа)

Аңызды ел арасынан жинаған — М.Ж.Көпеев. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1177-бума) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Айтушысы белгісіз. Аңыз мәтіні «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (9-том. Алматы:

Ел-шежіре, 2009) атты жинақта жарық көрген. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық байқалмады.

Аталған шығарманың атауы 73-ші нөмірлі аңызбен ұқсас болғанымен, мазмұндық ерекшеліктер кездеседі.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (330-331-бб.) бойынша дайындалды.

69. Жидебай батыр

Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1122-бума, 16-дәп.) сақтаулы. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген.

Аталған шығарманың атауы 73,74, нөмірлі аңыздармен ұқсас болғанымен, мазмұндарында айырмашылықтар кездеседі.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (5-6-бб.) бойынша дайындалды.

70. Жидебай батыр

Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1004-бума, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Аталған шығарманың атауы 67, 68, 69 нөмірлі аңыздармен бірдей болғанымен, мазмұндары әртүрлі.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (29-33-бб.) алынды.

71. Жасыбай батыр

Аңызды ел арасынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған — Шымкент қаласының тұрғыны Мұхаметжан Рүстемов. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1094-бума) сақтаулы. Айтушысы белгісіз. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (57-58-бб.) алынды.

72. Дәулетбай батыр

Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (829-бума, 10-дәп.) сақтаулы. Шығарма бұрын басылым көрмеген. Айтушысы және жинау-

шысы белгісіз. Қолжазбаның сыртында «Абылай туралы жинақ. 1929-1950 жылдары жиналған материалдар» деген жазу бар.

Томға еніп отырған аңыз аталған қолжазбадан (14-16-бб.) алынды.

73. Әжібай атының ұранға айналуы хақында

Аңыз мәтіні Тоқтар Әлібек құрастырған «Ер Әжібай» (Алматы: Журналист, 1997) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (88-89-бб.) алынды.

74. Әжібайдың қалмақ досы

Аңыз «Ер Әжібай» жинағында жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (93-94-бб.) алынды.

75. Көк бие мен көк төбет

Мәтін «Ер Әжібай» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (94-б.) алынды.

76. Қожамқұлдың көк қасқа аты

Мәтін «Ер Әжібай» жинағында жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (94-95-бб.) алынды.

77. Райымбек батыр

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап «Қазақ елі» газетінің 1995 жылғы желтоқсан айының 15-ші санында жариялаған — Т. Қаупынбайұлы.

Томға мәтін аталған басылымнан (4-б.) алынды.

78. Хангелді немересі Райымбек туралы

Аңыз Т.Қаупынбайұлы құрастырған «Райымбек батыр» (Алматы: Білім, 2005) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (216-б.) алынды.

79. Балағаз батыр

Аңызды ел арасынан жинаған — М.Ж. Көпеев. Түпнұсқа ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1177-бума) сақтаулы. Мәтін араб әрпімен жазылған. Шығарма «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (9-том. Алматы: Ел-шежіре, 2009) атты жинақта жарияланған. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық байқалмады.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған түпнұсқа (112-115-бб.) негізінде әзірленді.

80. Байқозы батыр тапқырлығы

Аңыз мәтінін Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинаушылардың бірі — Омар Иманбаев жазып алған. Қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (2-бума) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (41-б.) алынды.

81. [Тарақты Байғозы батыр туралы]

Аңыз мәтіні алғаш рет Ш.Уәлихановтың бес томдық жинағының 1-томында (Алма-Ата, 1961. 222-б.), 1984 жылы Алматыда шыққан Ш.Уәлихановтың бес томдық жинағының 1-томында (218-б.) орыс тілінде және Ш.Уәлихановтың көптомдық жинағының 1-томында (Алматы, 2010) қазақ тілінде басылым көрді.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні Ш.Уәлихановтың көптомдық шығармалар жинағының 1-томынан (Алматы: Толағай групп, 2010. 188-189-бб.) алынды.

82. Байғозы батыр

Аңыз Қ. Табылдиев құрастырған «Қазақ батырлары» (Астана: Фолиант, 2008) атты жинақта басылым көрген. Аңыздың атауы 81 нөмірлі шығармамен ұқсас болғанымен, мазмұндары әртүрлі болып келеді.

Томға мәтін аталған жинақтан (54-55-бб.) алынды.

83. Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме

Аңыз мәтінін1990 жылы Қызылорда облысының тұрғыны Яқуда Ырысқұловтың айтуынан жазып алған — А. Жақанова. Мәтін кеңсе қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1062-бума, 1-дәп.) сақтаулы. Қорға 1990 жылы түскен.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (20-21-бб.) бойынша дайындалды.

84. Саркөз бен Жәнібек

Аңызды Семей облысынан жинап, 1969 жылы қорға тапсырған — Қ.Алтынбаев. Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (280-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (4-6-бб.) бойынша дайындалды.

85. Түгел батыр

Аңыз мәтіні Мүбәрак Жаманбалинов пен Айтжан Бәделханов құрастырған «Түгел батыр және оның ұрпақтары» (Павлодар, 1998) атты жинақта басылым көрген. Бұл жинақты 1998 жылғы Этномәдени экспедициясы кезінде (Павлодар облысынан) алып келген — экспедиция мүшесі Мейрамгүл Жұмаділова.

Томға мәтін аталған жинақтан (17-18-бб.) алынды.

БИЛЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

86. Итеке батыр

Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Е.Құлпейісов. Айтушысы белгісіз. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің сирек қорында (1122-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (3-4-бб.) алынды.

87. Берден батыр

Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1122-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Жинаушысы — Е.Құлпейісов.

Томға аңыз аталған қолжазбадан (4-5-бб.) алынды.

88. Нұрбай батыр

Мәтін Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы шығарған «Сарыарқа батырлары». Биб-

лиографиялық әдебиеттер көрсеткіші (Қарағанды, 2006) атты кітапта жарияланған.

Томға аңыз аталған кітаптан (3-4-бб.) алынды.

89. Шерубай батыр

Мәтін «Сарыарқа батырлары». Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (6-8-бб.) алынды.

90. Жалаңтөс батыр

Мәтін «Сарыарқа батырлары». Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші жинағында жарық көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (6-8 бб.) алынды.

91. Көкбөрі Керней Жарылғап батыр

Аңыз «Сарыарқа батырлары». Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші жинағында басылым көрді.

Томға мәтін аталған жинақтан (19-20-бб.) алынды.

92. Ораз туралы

Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (829-бума, 9-дәп.) сақтаулы. Шығарма мәтіні ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жинаушысы мен айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (1-2-бб.) негізінде әзірленді.

93. [Елшібек батыр туралы]

Мәтін Ш.Уәлихановтың бес томдық жинағының 1-томдарында (Алма-Ата, 1961, 1984) орыс тілінде және «Уәлиханов Шоқан» көптомдық шығармалар жинағының 1-томында (Алматы: Толағай групп, 2010) қазақ тілінде басылым көрді.

Томға аңыз мәтіні 2010 жылғы (189-б.) басылым бойынша дайындалды.

94. [Томаш батыр туралы]

Мәтін Ш.Уәлихановтың бес томдық жинағының 1-томында орыс тілінде және «Уәлиханов Шоқан» көптомдық шығармалар жинағының I томында қазақ тілінде жарық көрді.

Томға аңыз 2010 жылғы (189-б.) басылым бойынша әзірленді.

95. Қанжығалы Айтбай батыр мен Қаракерей Әлдебек батыр

Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (856-бума, 4-тізім) сақтаулы. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған. Айтушысы — Свердлов облысының тұрғыны Бари Мырзажанов. Жинаушысы — Ғаббас Батталов.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (1-6-бб.) алынды.

96. Әйгілі Баян батыр туралы

Мәтін Ш.Уәлихановтың бес томдық жинақтарының 1-томына және «Уәлиханов Шоқан» көптомдық шығармалар жинағының 1-томында басылым көрген.

Томға еніп отырған аңыз 2010 жылғы басылым (189-190-бб.) бойынша дайындалды.

97. [Сеңкібайдың «Ақиық сұңқар» атануы]

Аңыз мәтіні Нысанбек Төреқұлұлы құрастырған « Қазақтың жүз би-шешені» (Алматы, 1994) атты жинақта жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (161-163-бб.) алынды.

98. [Боранбай батыр]

Мәтін «Қазақтың жүз би-шешені» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (158-159-бб.) алынды.

99. Сатай батыр

Аңыз Сәрсенбі Дәуітұлы құрастырған «Аңызға айналған тұлғалар» (Алматы, 2009) атты жинақта жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (4-10-бб.) алынды.

100. [Сатай батырдың алғашқы олжасы]

Мәтін «Аңызға айналған тұлғалар» жинағында басылған.

Томға еніп отырған аңыз аталған жинақтан (4-10-бб.) алынды.

101. Сатай батыр

Мәтін «Аңызға айналған тұлғалар» жинағында басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (4-10-бб.) алынды.

102. Қайың сауған жұт жылы

Мәтін «Жұлдыз» журналының 1995 жылғы №3 санында жарияланған. Мәтінді ел арасынан жинап, басылымға ұсынған — А. Татанайұлы.

Томға мәтін аталған журналдан (203-205-бб.) алынды.

103. Толыбай

Аңыз Жеткерген Оралмағамбетов пен Мұқамбетәли Есмағанбетов құрастырған «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» (Алматы, 2001) атты жинақта жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (5-б.) алынды.

104. Бердіқожа

(I нұсқа)

Аңыз мәтінін ел арасынан жинаған — М.Ж.Көпеев. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1645-бума) сақтаулы. Шығарма ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Мәтін «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (8-том. Алматы: Ел-шежіре, 2008) атты жинақта жарияланған. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық кездеспеді.

Томға мәтін аталған түпнұсқа (59-б.) негізінде дайындалды.

105. Бердіқожа

(II нұсқа)

Мәтін С.Дәуітұлы құрастырған «Қазақ шежіресі» (Алматы, 1993, 73-74-бб.) және «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» (Алматы: Ел-шежіре, 2008, 187-188-бб.) басылым көрген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1177-бума) сақтаулы. Басылымдар мен түпнұсқа салыстырылғанда, айырмашылық кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні түпнұсқа (150-151-бб.) негізінде дайындалды.

106. Бердіқожа батыр

Аңызды ел аузынан жазып алып, қорға тапсырған — Телмұхамед Қанағатов. Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған. Айтушысы белгісіз. Бұрын ба-

сылым көрмеген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (324-бума, 1-дәп.) сақтаулы.

«Бердіқожа» (113-115) аңыздарының аталуы бір болғанымен, мазмұндары әртүрлі.

Томға аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (1-8-бб.) негізінде дайындалды.

107. Алымбектің шежіресі

Мәтін Б.Қасымбеков пен Д.Қыдырәлі құрастырған «Шанышқылы Бердіқожа батыр» (Астана: Фолиант, 2009) атты жинақта басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (18-27-бб.) алынды.

108. Қазақ-қырғыз шабысы

Мәтін «Шанышқылы Бердіқожа батыр» жинағында жарияланған.

Томға аңыз аталған жинақтан (27-36 бб.) алынды.

109. Жоламан батыр туралы

Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (346-бума, 2-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Зердебай Бекарыстанов. Мәтін бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (1-2-бб.) негізінде дайындалды.

110. Байсерке

Мәтінді «Қазақ батырлары» (Алматы, 2001, № 10 (39)) газетінде жариялаған — Әшімқұл Ақпейілов.

Томға ұсынылып отырған аңыз аталған басылымнан (3-б.) алынды.

111. Найман Бөдес

Әдеби мұраны ел арасынан жинап, баспаға ұсынған — Қарағанды облысының тұрғыны Ғани Ыбыраев. Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000, № 3) газетінде басылым көрген.

Томға мәтін аталған басылымнан (14-б.) алынды.

112. Шегірдің Жәнібекпен кездесуі

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап «Қазақ батырлары» газетінде (Алматы, № 3 (20)) жариялаған — Рафикан Ибраев.

Томға мәтін аталған газеттен (16-б.) алынды.

113. Аралбай батыр

Аңыз «Қазақ батырлары» (2002, маусым, № 46) газетінде басылым көрген. Мәтінді ел арасынан жинап, баспаға ұсынған — Алматы облысы, Панфилов ауданының тұрғыны Тоқбай Исабекұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

114. Аралбай батыр

Мәтін «Қазақ батырлары» (2002, маусым, №6) газетінде жарияланған. Жариялаушы — Т.Исабекұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

115. Құттығай батыр

Мәтінді «Қазақ батырлары» (2002. № 7 (48)) газетінде жариялаған — Атырау облысының тұрғыны, еңбек ардагері Қатау Рамазанов.

Томға аңыз аталған газеттен (9-б.) алынды.

116. Қарақұл батыр

Мәтінді ел арасынан жинап, «Қазақ батырлары» (2003, №1) газетінде жариялаған — Құдайберген Жылқыбайұлы.

Томға аңыз аталған басылымнан (4-б.) алынды.

117. Әйтей батыр

Мәтінді «Қазақ батырлары» (2005, қыркүйек, № 9) газетінде жариялаған — шежіреші Аубай Байғазыұлы.

Томға аңыз аталған газеттен (4-б.) алынды.

118. [Шақшақ Жәнібектің Тауасар батырға ат қойғаны]

Аңызды «Қазақ батырлары» (2005, шілде, №7) газетінде жариялаған — Рашит Каренов.

Томға мәтін аталған газеттен (5-б.) алынды.

119. Тауасар батырдың жас шағы

Мәтінді «Қазақ батырлары» (2005, шілде, №7) газетінде жариялаған — Р. Каренов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (5-б.) алынды.

120. Бір шайқас жайлы

Мәтін «Қазақ батырлары» (2005, шілде, № 7) газетінде басылым көрген. Жариялаушы — Р. Каренов.

Томға мәтін аталған газеттен (5-б.) алынды.

121. Алдияр батыр туралы

Аңыз «Қазақ батырлары» (2005, шілде, №7) газетінде басылым көрген. Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, баспаға ұсынған — Б.Сейілов.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

122. Алдияр батыр

Мәтін «Қазақ батырлары» (2005, шілде, №7) газетінде жарияланған. Бастырушы — Б. Сейілов.

Томға аңыз аталған газеттен (4-б.) алынды.

123. Қараш батыр

Аңыз «Қазақ батырлары» (2006, №6) газетінде басылым көрген. Бастырушы — Айымгүл Бейімбет-тегі.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

124. Шоңай батыр

Аңызды ел арасынан жинап, «Қазақ батырлары» (1999, № 8) газетінде жариялаған — Өтепберген Ақыпбекұлы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (3-б.) алынды.

125. Еспембеттің Адақ атануы

Мәтін «Қазақ батырлары» (2003, № 5) газетінде басылым көрген. Жариялаушы — профессор Намазалы Омаш.

Томға мәтін аталған газеттен (5-б.) алынды.

126. Көтентай батыр

Аңыз мәтінін ел аузынан жазып алып, дайындаған — Абдолла Тұрар. Мәтін «Қазақ батырлары» (1999, №12) газетінде басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (4-5-бб.) алынды.

127. Ер Жауғаш

Аңыз «Қазақ батырлары» (2001, №4) газетінде басылым көрген. Баспаға ұсынған — Әшімқұл Ақпейілов.

Томға мәтін аталған басылымнан (6-б.) алынды.

128. Жауғаш батыр

Мәтін «Абылай хан» (Алматы, 1993. 71-б.) атты жинақта, «Қазақ батырлары» (2001, қыркүйек, №9) газетінде жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған газет (4-б.) бойынша дайындалды.

129. Жауғаш батыр туралы

Аңыз «Қазақ батырлары» (2001, қыркүйек, № 9) газетінде басылым көрген.

Томға мәтін аталған басылымнан (4-б.) алынды.

130. Жауғаш батыр

Мәтін «Қазақ батырлары» (2001, қыркүйек, № 9) газетінде басылым көрген.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

131. Қуатбек пен Медетбек

Мәтін «Қазақ батырлары» (2001, № 6) газетінде жарияланған. Жариялаушы — Сәкен Дәрменұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (10-б.) алынды.

132. Қуатбек пен Медетбек

Мәтін «Қазақ батырлары» (2001, № 6) газетінде жарияланған. Жариялаушы — С.Дәрменұлы.

Томға аңыз аталған газеттен (10-б.) алынды.

133. Серғазы батыр

Аңыз «Қазақ батырлары» (2002, қаңтар, № 1) газетінде басылым көрген. Жариялаушы — Тұрсынбай Бірімқұлұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

134. Серғазы батыр

Аңыз «Қазақ батырлары» (2002, қаңтар, № 1) газетінде жарияланған. Баспаға ұсынған — Т. Бірімқұлұлы.

133, 134 нөмірлі аңыздардың атаулары бірдей болғанымен, мазмұндары әртүрлі.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

135. Сәмен батыр

Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, баспаға ұсынған — Әшімқұл Ақпейілов. Мәтін «Қазақ батырлары» (2001, № 6) газетінде басылым көрген.

Томға мәтін аталған газеттен (10-б.) алынды.

136. Сәмен батыр

Туынды «Қазақ батырлары» (2001, № 6) газетінде жарияланған. Жариялаушы — Ә. Ақпейілов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (10-б.) алынды.

137. Алшын Қорлыбай батырдың Қалдан ханмен кездесуі

Аңызды 1945 жылы ел арасынан жинаған — Қайып Айнабеков. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (346-бума, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Мәтін бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (25-30-бб.) бойынша дайындалды.

138. Қорлыбай мен Ердес

Аңыз бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (346-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін 1945 жылы ақ қағазға араб әрпінде түсірілген. Жинаушысы — Қ.Айнабеков.

Томға еніп отырған аңыз аталған түпнұсқа (30-48-бб.) негізінде әзірленді.

139. Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз

Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (692-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Жолдасбек Бұғыбаев. Жинаушы мәтін соңында:

«Бұл аңызды мен Нұрхан Сапаровтан екі рет естідім» деген ескерту келтіреді. Бірақ аталған аңызды нақты кімнен алғаны айтылмайды. Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (13-18-бб.) алынды.

140. Бөлек батыр

Мәтін «Қазақ батырлары» (Астана: Фолиант, 2008) атты жинақта басылым көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (99-100-бб.) алынды.

141. Ер Сары

Аңыз мәтіні «Қазақ батырлары» жинағында басылым көрген.

Томға туынды аталған жинақтан (122-123-бб.) алынды.

142. Ер Сүгір

Мәтін «Қазақ батырлары» жинағында жарық көрген.

Томға аңыз аталған жинақтан (123-б.) алынды.

143. Жантайлақ батыр

Аңыз мәтіні «Қазақ батырлары» (2000, № 11) газетінде жарық көрген. Жариялаушы — Ж.Ақаш.

Томға шығарма аталған газеттен (4-б.) алынды.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Абылай хан (Әбілмансұр, Сабалақ) (1711-1781) — қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломаты. Арғы тегі — Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, кейін ер Есім хан, Жәңгір хан. Абылай — Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгірдің екі әйелі болған: біріншісі — қазақтан Уәлибақы, қалмақтан — Тәуке хан туады. Уәлибақыдан Абылай. Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болған. Тұтқындарды аямай жазалағандықтан «қанішер Абылай» атанған. Абылайдан — Көркем Уәли, одан — Абылай (Әбілмансұр) туады. Ол «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, Үйсін Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Жаугершілік заманның талабы Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың мәліметтеріне қарағанда, Абылай хан жиырма жасында қан майданда ерлігімен көзге түскен. Қалмақтың батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіруі абыройының өсуіне себепші болады. «Абылайлап» жауға қарсы шыққан Әбілмансұрды жеңістен кейін Әбілмәмбет хан шақыртып алып танысады. Таныса келе туысқан адам болып шығады да, кейінірек хандық тағын Абылайға (Әбілмансұр) береді. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани мұрасынан еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Оның «Ақ толқын», «Алабайрақ», «Шаңды жорық» т.б. күйлері сақталған. Жетпіс жасында жорықтан келе жатып, Арыс өзенінің жағасында қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

Алдияр Елекеұлы (шамамен 1641-1712) — қазақ-қалмақ соғысына қатысқан батыр. Есімі садыр руының ұранына айналған. Алдияр туралы жазба деректер Қазақстан мен Қырғызстанда сақталған.

Аралбай (1712-1752) — қазақ-қалмақ соғысының батыры, елші. Қаракерей Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Өтеген, Райымбек, Хангелді батырлардың үзеңгілесі. Ұлы жүз ханы Жолбарыстың орыс бодандығын қабылдайтыны жөнінде Әбілқайыр ханға жіберген елшісі.

Әбілқайыр хан (1693-1748) — қазақ ханы, қолбасшы. Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны — Өсектің ұрпағы, Қажы сұлтанның ұлы. Тарихи жырларда әз-Тәукенің баласы деп көрсетілген. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, Кіші жүздің ханы болған. Қазақ-қалмақ қарым-қатынасы шиеленісіп кеткендіктен, Ресей империясынан көмек сұрап Сібір губернаторы М.П.Гагаринге хат жазған. 1726 жылғы Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланады. Қазақ хандары мен сұлтандары арасында алауыздық артып, сыртқы жаулардың қаупі артқан кезде Әбілқайыр орыс билеушілеріне арқа сүйеуді ойлап, 1731 жылы қазан айында Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант береді. 1748 жылы Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайыр ханды Орта жүздің сұлтаны Барақ өлтіреді. Сүйегі Қабырға өзенінің Ұлқұяққа құятын тұсында жерленген.

Әбілмәмбет хан (1690-1771) — Болат ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Шыңғыс әулетінің аға тармағы — Жәдік әулетінен. Абылайдың билікке жетуіне себепші болған. Жоңғар шапқыншылығы елге қауіп тудырып тұрған жылдарда елдің басын қоса алмаған ол, Абылайдың қазақ руларын қалмақтарға қарсы ұйымдастыруына кедергі жасамады. 1744 жылы Әбілмәмбет хан өзінің жақтастарымен бірге Түркістанға көшіп кетіп, Орта жүз Абылайдың билігінде қалды. Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейіз ұрпақтары кейін Ұлы жүзде билік құрғаны мәлім.

Әйтей Құлманбетұлы (1712-1761) — Шапырашты руының асылынан тараған Орынбет ұрпағы. Құлманбеттің үш ұлының ең үлкені. Қазіргі Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жарсу өзенінің бойында жылқышының үйінде дүниеге келген.

Әлмерек абыз (1658-1756) — қазақтың Ұлы жүз Үйсін тармағындағы албан тайпасынан шыққан батыр, абыз. Қазіргі Алматы қаласындағы «Әлмерек тоғаны» (бұрынғы Гагарин аулы) деген жерде туылған. Қазақ-жоңғар соғысының басынан аяғына дейін қатысып, соғыс ақырына қарай қартая бастағанда, әскерге сарбаз жаттықтырумен айналысады. Шәкірттерінен атақты Райымбек батыр, өз немересі Саурық батыр шыққан. Сонымен қатар жаратылысынан бойына сіңген қасиетін пайдаланып, халықтық емшілік, билік, мұсылманша бала оқытумен шұғылданып, Жетісу жеріне ислам дінін таратуға еңбек сіңірген.

Әлменұлы Бөлтірік шешен (1771-1854) — көрнекті шешен, би, батыр. Ол қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шоқпар темір жол станциясы маңында дүниеге келген.

Бала кезінен-ақ ақындық, шешендік сөз өнеріне бейімделіп, өсе келе мерген, саяткер, ат үстінен алдырмайтын шабандоз, батыр болған. Есейген шағында ел арасындағы жер, су, жесір дауына араласып, әділ төрелік айтқан. Бөлтірік шешен тек кана қазақтар арасында ғана емес, қырғыз, өзбектерге де белгілі, беделді шешен болғандықтан, не бір төрелер, бектер, бай-манаптар оның өткір сөзінен, бетің бар, жүзің бар демей тіке айтатын жөн-жосықты билік-шешімінен аяғын тартқан.

Әлібекұлы Төле би (1663-1756) — қоғам қайраткері, белгілі шешен, Тәуке ханның кеңесшісі, «Жеті жарғы» әдет заңы авторларының бірі, Ұлы жүздің төбе биі. Ол жорықтарда, соғыста ерлігімен және елді ұйымдастырғыштық қабілетімен де көзге түседі. Төле би қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан — Орда қонған деген жерде 93 жасында дүниеден қайтқан, денесі өзі он екі жыл басқарған, көркейткен Ташкент қаласына, даңқты Бабұрдың әкесі Юсуп ханның қатарына қойылған.

Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700) — қазақтың атақты үш биінің бірі. Кіші жүз Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Тәуке хан құрған «Хан кеңесіне» Кіші жүз жұртының атынан мүше болып сайланып, «Жеті жарғының» өмірге келуіне айрықша еңбек сіңірді. Халық оны «айыр тілді Әйтеке» деп те атаған.

Байғозы Наймантайұлы (1705-1803) — батыр. Руы — тарақты. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Көктің көлінің маңында туылған. Әкесі Наймантай Тәуке ханның бас батырларының бірі болған. Әкелі-балалы батырлар есімі жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресте қатар шыққан. Ол жоңғармен арада болған Қарасире, Аңырақай, Хан тауы, Қызылтау, Ыстықкөл, Ерейментау, Түркістан, Қарқаралы төңірегіндегі шайқастарда ерлік көрсеткен. Байғозының қызы Қойсанадан Шұбыртпалы Ағыбай батыр, немере қызы Шәкіден әйгілі күйші Ықылас Дүкенұлы туған.

Бармақ Мұхаммедқалиұлы (1703-ө.ж.б.) — батыр, қолбасы. Руы — Уақ. Бармақ 1723-1758 жылдары Еділ-Жайыққа батыстан шабуылдаған қалмақ шапқыншылығына, Маңғыстауды басып алған түрікпендерге, шығыстан баса-көктеп қазақ жеріне ішкерілей енген жоңғар басқыншыларына қарсы күрестерде Кіші жүз жасағына Балта, Бөгенбай батырлармен бірге қолбасылық еткен.

Баян Қасаболатұлы (шамамен 1710/15-1757) — бүкілөмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі. Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, «Батыр Баян» атанған.

Бекболат Қазыбекұлы, Бекболат би (1714-1790) — атақты би. Қаз дауысты Қазыбек бидің белбаласы. Жас кезінен әкесіне еріп билігіне көп араласқан. Төле би, Әйтеке би тағы сондай кара қылды қақ жарған әйгілі әділ билер, хандар, бектер, сұлтандардан көп тәлім-тәрбие алған.

Ол әсіресе Абылай хан сарбаздары арасында өзінің шешендігімен, тапқырлығымен, батырлығымен зор беделге ие болған.

Бұқар жырау (1693-1787) — өйгілі қазақ жырауы. Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп те атаған. Абылай ханды сынай отырып, оның көргендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін тебірене жырлайды. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насихат жырлары ел есінде сақталып қалған.

Бопай, Бәтима (1690-1780) — ханым, Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер. Төре тұқымынан.

Бөдене Байтілеуұлы (т.-ө.ж.б.) — XVIII ғасырда өмір сүрген би, Кіші жүздегі беріш руының старшыны. Ол Сырым Датұлының Орынбор шекаралық комиссиясына жолдаған наразылық хатына қол қоюшылардың бірі болды.

Бөдес Құдайбердіұлы (1700-1752) — он үш жасынан бастап ел көзіне түсе бастаған найман елінен шыққан батыр. Аягөз, Қалба, Аңырақай, Алакөл шайқастарында Қабанбай батырмен бірге ірі жеңістерге жетіп, Үйгентастан бастап Бақанас өңіріне дейін өз руының қоныстауына ықпал еткен, есімі найман елінің ұранына айналған қолбасшы.

Дербісәліұлы Балпық (1705-1780) — би, батыр. Сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр ретінде Балпықтың аты Ескелді бимен қатар айтылған, екеуін халық «егіз би» деп атаған. Аңырақай шайқасына, Аягөз бойындағы Таскескен мен бүгінгі Текелі қаласы маңындағы соғыстарға қатысқан. Әділ сұлтан ара ағайындығымен жалайыр мен жаныс руларын табыстырған. Балпықтың ұлы Тіленші де беделді би болған. Әкелі-балалы билердің еліне сіңірген қызметі туралы Ш.Уәлиханов жазған, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Сара Тастамбекқызы т.б. ақындар жыр еткен. Зираты Үштөбе қаласының түбінде.

Елшібек батыр (т.-ө.ж.б.) — XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ батыры. Ұлы жүздің құрамындағы сіргелі руынан шыққан. Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен.

Есім хан — Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістанда тұрып билік (1558-1645) жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ, ағасы Тәуекел ханмен екеуі Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді қазақ хандығы құрамына қосқан. 1598 жылы ағасы қайтыс болған соң, хан тағына отырады. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алады. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. Есім хан билік құрған заманында өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей отырып, заң-ережелерін шығара бастады. Бұрыннан келе жатқан «Қасым ханның қасқа жолы» атты ережелерді басшылыққа ала отырып, заңды одан әрі толықтыра түсті. Күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім ханның бұл ережелері халық көкейінен орын тепкендіктен, «Есім ханның ескі жолы» деп атап кеткен.

Жантай батыр — қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық қозғалысына белсене қатысқан батыр. Орта жүз арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан. Абылай хан 1771 жылы Ресейден Қытайға қарсы ығысқан қалмақ әскерін барлауға әрқайсысына 500 әскерден беріп, Бөгембай мен Жантайды жіберген. Жантай батыр қолға түсіп қалған інісі Арқандарды құтқармақ болып, 10 мыңдық жау шебіне басып кіріп, осы соғыста ерлікпен қаза табады. Батырдың сүйегі Есіл өзенінің бойындағы Жантай ауылының жанында жерленген.

Жасыбай батыр — XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде айтулы батыр, дарынды қолбасшы ретінде айрықша танылған тарихи тұлға. Арғын руынан шыққан. Ел арасында сақталған аңыздарда қапылыста қалмақтардың қолынан қаза тапқаны баяндалады.

Жарылғап батыр (шамамен 1733-ө.ж.б.) — батыр, би, шешен. Бұқар жырау «Қарашорда Сәңкібай, Алтекеде — Жидебай, Тобықтыда — Қараменде, Кернейде — Жарылғап» деп, Жарылғап батырды жоңғарларға қарсы шайқастарда ту ұстаған батырлар қатарында мадақтайды. Жарылғап батырдың әкесі

Түйте XVIII ғасырдың басында ноғайлармен бірге Ресей отаршыларына қарсы күрескен. Жарылғап батыр 16 жасында Қаз дауысты Қазыбек биден бата алып, жорыққа аттанған.

Жауғаш Қырбасұлы (1733-1782) — әскери қолбасшысы, елші. Ұлы жүз құрамындағы ботбай руының Қоралас аталығынан шыққан. Абылай хан оның ерлігін жоғары бағалап, «Жаралы жолбарыс» деп атаған. 1733 жылы күзде қазақтар жеңіске жетіп, жоңғарлар қашқан Аюлы, Арқарлы тауларындағы шайқас кезінде туғандықтан, әуелгі қойылған есімі Жауқашты екен, анасы Қоңырбике еркелетіп, «Жауғаш» атанып кеткен

Жидебай батыр — арғын руынан шыққан атақты батыр, айтулы қолбасшы. Ел аузында оның әруақты батыр болғандығы туралы аңыздар көп сақталған.

Жылгелдіұлы Ескелді би (1692 ж.ш.–1780) — би, шешен, қолбасшы, Төле бидің Ұланбике атты қызынан туған жиен немересі. Жалайыр тайпасының Сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Халық арасында «Ескелді би айтты» деген ұлағатты сөздер кең таралып, ол жөнінде Қабан жырау, Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастамбекқызы т.б. жыр толғаған.

Кенесары (1802-1847) — мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдар арасындағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ жұртының соңғы хандарының бірі. Кенесары Шыңғыс ханның жиырма жетінші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Кенесарының саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында I Петр билігі

кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланысты болды. Патша үкіметі 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» арқылы қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Кенесары 1841 жылы хан болып сайланады. Халықты ұйымдастырып, Ресей отаршыларына қарсы соғысады. 1847 жылы өзімен бірлесіп соғысудан бас тартқан қырғыздарға да қарсы шабуыл жасаған еді. Өйткені қырғыздардың Сібір әкімшілігімен астыртын байланыстары болады. Өз жақтастарының опасыздық жасағандары себепті, Кенесары інісі Наурызбаймен бірге дұшпандарының қолына түседі. Қырғыздар Кенесарыны айуандықпен өлтіріп, басын кесіп алып, Омбыдағы орыс үкіметінің өкілі генерал М.Горчаковқа табыс етеді.

Көкжал Барақ (Барақ Шүрекұлы) (шамамен XVII ғасырдың соңы — XVIII ғасырдың ортасы) — батыр. Найман руының Ергенекті — Көкжарлы аталығынан. «Көкжал Барақ» деген атпен үш жүзге мәшһүр болған тұлға. Қабанбай қолының бір қанатын бастап шығыстағы Ертістің оң жағалауын, Алтай тауларына қарай кететін кең алқапты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Аягөз жазығы, Алакөл жағалауы, Шыңғыстау, Тарбағатай баурайында жоңғарларға қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түскен.

Көтентай (1709-1769) — батыр. Тегі — дулат руының ботбай тармағынан. Аңырақай шайқасына (1729) қатысқан. Сарбаздарын Іле өзені мен Алатаудың ортасына (қазіргі Жетіген) орналастырып, Жоңғар қақпасының күзетінде болып, шайқастарда ерлігімен көзге түскен.

Келдібекұлы Қазыбек би (1667-1764) — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қаракесек тармағынан. Тәуке хан «Жеті жарғыны» шығарарда Төле би, Әйтеке билермен бірге ханға ақылшы-кеңесші болды. 1710-1711 жылдары Жоңғар хандығына үш рет елшілікке барған.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылды. Халық арасына «Қаз дауысты Қазыбек» есімі кең тараған.

Қалдан Шерін (1693-1745) — Жоңғар хандығының билеушісі, қолбасшы. Әкесі Сыбан Раптан 1723 жылы қазақ жеріне басып кіргенде, Қалдан Шерін 10 мың қолмен Балқаш пен Қаратауды шапқан. Сыбан Раптан өлгеннен кейін таққа отырған.

Қанжығалы Бөгенбай (1630-1708) — Қазақ әскерінің тарихындағы даңқты қолбасшылардың бірі. Батыс Сібірдегі Шетқұрай деген жерде қазіргі Екатеринбург қаласының шетіндегі Шатрово қонысында дүниеге келген. Орта жүз арғынның қанжығалы руынан. Әз Тәуке заманында қазақ, қарақалпақ, ноғайдың біріккен әскерлерін басқарып, ордабасы сайланған (1668). Бөгенбай қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету жолындағы бірқатар шайқастарды басынан кешіріп, Сібір татарларын Еділ бойы қалмақтарының шапқыншылығынан қорғауда үлкен үлес қосқан. Бөгенбай 1688 жылы қалмақтардың шабуылына тойтарыс беріп, өзі осы соғыста жараланады.

Қарабас (1633-1723) — батыр. Қызылжар өңіріндегі Гүлтөбе деген қоныста дүниеге келген. Қазақ-қалмақ шайқасындағы белді батырлардың бірі. Тоқсан бірге қараған шағында ауырып, сол туған жерінде дүниеден өтеді.

Қараш (1715-1813) — Жетісу батырларының бірі. Қалдан Шереннің Жетісу өңіріне жасаған жорығында соғысқан. Қараш Алатау бөктеріндегі Іле, Шу, Талас өзендерінің бойында болған сан қилы соғыстарда халықты жауға қарсы ұйымдастыру қабілетімен жиі көзге түсіп, атағы кеңінен жайылған. Қараш тек ержүрек батыр ғана емес, жасақтарды басқарып, батыл шабуылға шығатын қолбасшы ретінде де танылды.

Қаракерей Қабанбай Қожағұлұлы (1692-1770) — Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан батыр. Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі — Ерасыл. 1717 жылы Аягөз шайқасында ерекше көзге түсіп, «Қабанбай батыр» атанады. Бірнеше шайқастарға

қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналған. 1741 жылы Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін «Дарабоз» атанды. Оның өмірі мен ерлік күресі Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара т.б. ақын-жыраулардың шығармаларына арқау болған.

Қайдауылұлы Саурық (шамамен 1670-1740) — батыр, қолбасшы, мәмілегер. Ұлы жүз жалайыр тайпасының андас руынан шыққан. 1723-1740 жылдары аралығындағы қазақ-жоңғар соғыстарына бастан-аяқ қатысып, Аңырақай шайқасында Ұлы жүз қолына тікелей қолбасшылық жасаған. Ел аузында Саурықтың ерліктері туралы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Саурық Ескелді, Балпық билермен Жетісу жерін қалмақтардан босатуда көп істі бірігіп атқарған. Мұны алуан түрлі аңыз-әңгімелер дәлелдейді.

Қанай Құттымбетұлы, Қарауыл Қанай (1695-1780) — би, қоғам қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қарауыл руынан шыққан. Абылай хан мен Бұқар жыраудың ұсынысымен көп жыл Орта жүзде төбе би болған. Ел аузындағы әңгімелер мен тарихи шығармалардың деректеріне қарғанда, Қанай би Абылайдың ең жақын кеңесшілерінің бірі болған.

Қасым хан (1445-1518) — қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның баласы. Қасым ханның ішкі және сыртқы саясаты, ел басқару әдістері жөнінде мәліметтер өте аз. Ол жайында М.Х.Дулаттың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде біраз дерек бар. Қасым хан билеген кезеңде қазақтар мен Шайбани әулеті арасында Сырдария маңындағы қалалар үшін соғыстар жалғаса береді. Қасым хан өз заманында еліне сай заңдар қабылдайды. Осы заңды қазақ елі «Қасым ханның қасқа жолы» деп атаған. Бұл заң әдет-ғұрыптық және билік ережесінің жиынтығы болғандықтан ел басқару ісінде кеңінен қолданылған. Оның негізі орта ғасырдағы қыпшақ, шағатай ұлыстары қолданған «Ярғу» (жарғы) заңынан алынған. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мысалы, жеті атаға дейін қыз бермеу, әмеңгерлік, қазылық билік. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүрді, әдет-

ғұрыптық «жарғыны» жаңғыртып күшейтті. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598-1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа тәртіпке ұласып кетті.

Қатты Сыбан — жоңғар қолбасшысы. «Қатты» сөзі қатігез, мейірімсіз, жауыз деген мағынада қолданылып, Еділ-Жайық бойы қазақтарын қырғынға ұшыратқан Сыбан тайшының қасиет-болмысын айқындап тұр.

Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804-1886) — бұрынғы Семей облысы, Шыңғыстау өңірінің Ақшоқы қыстауында туылған, би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерешеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты.

Малайсары (шамамен 1700-1756) — Орта жүздің батыры әрі биі. Арғын ішіндегі бәсентиін руынан шыққан. Әкесі Тоқтауыл — батыр балуан, анасы Мөлдір — қалмақ қызы, қарындасы Гауһар (Қабанбай батырдың әйелі) — ерлігі аңызға айналған қаһарман қыз. Малайсары Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Шоқан Уалихановтың жазуына қарағанда, Абылайхан Малайсарының батырлығын, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. Малайсары Ресейдің қоластына кіруге қарсы болған. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанып, жоңғарларға елші болып барған.

Қойгелді Сартұлы (1702-1795) — жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күрестің көрнекті өкілі, қолбасшы. Шыққан тегі — Ұлы жүздің дулат тайпасы, шымыр руынан. Аңырақай шайқасына, 1734 жылғы жоңғарлардың екінші шабуылына қарсы күресте оңтүстік қазақтарының әскербасы болған. Оңтүстік Қазақстанды қалмақтардан азат етуде ерлік, тапқырлық көрсеткен. Түркістанда жерленген.

Қуатбек Байшорақұлы (1767-1829) — Ботбай руынан шыққан батыр. Жоңғар, қоқан шапқыншылықтарына қарсы соғысқан.

Наурызбай Құтпанбетұлы, Шапырашты Наурызбай (1706-1781) — жоңғарларға қарсы күрескен қазақ батыры. Шапырашты тайпасының төлеміс руынан, Абылай ханның ту ұстаған үш батырының бірі (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай), қолбасы. Наурызбайдың 1729 жылы қалмақ батырлары Шамал хан мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтірген ерлігі қазақ даласына кең тараған. 1750-1752 жылдары жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуып, жеңіске жеткен.

Найманбайұлы Әжібай (1699-1778) — XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде Жетісуды жау тырнағынан босатқан, есімі өз руының ұранына айналған ірі батырлардың бірі. Руы Албан тайпасының қызылбөрік руынан тарайды. Ол қазіргі Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының Түрген елді мекенінің маңында туып, Жоңғар Алатауының етегіндегі Қорам деген жерде дүние салған. Аңыз, әңгімелерге қарағанда, жасы Өтеген батырмен шамалас болғандықтан, екеуі талай қанды соғыстарда иық тіресіп қатар шайқасып, бейбіт кезеңдерде де достықтары үзілмеген. Достықтың аяғы құдалыққа жалғасып, Әжібай Өтегеннің бір қызын келін етіп түсірген. Қазақ — жоңғар соғысынан кейін Түрген, Қаракемер сияқты жерлерді иемденіп, руластарын астық, бау-бақша егуге жұмылдырған. Сөйтіп, Таутүргеннен Қаракемер, Сатай деген жерлерге дейін тоған қаздырған. «Әжібай тоғаны» аталған сол тоған әлі де бар. Әжібайдың жеті ұлынан тараған ұрпақтары Райымбек, Еңбекшіқазақ аудандарының аумағында қоныстанған.

Өтеген батыр — XVIII ғасырда қазақ жерін сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғаған қазақ батырларының бірі. 1699 жылы Шу өзенінің бойындағы Хантауының онтүстік шығысындағы Ізенді деген жерде дүниеге келген. Ол он бес жасынан бастап жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа араласқан. 1723 жылы Тауасар, Райымбек, Хангелді батырлармен тізе қоса отырып, жоңғарлармен айқасқан. Абылай ханмен, Төле бимен, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай батырлармен бірге үлкен жорықтарға қатысады. Абылай сұлтан хан тағына отырғаннан кейін Өтеген батыр оның ордасын қорғайтын арнаулы жасақтарға басшылық етеді. Хан ор-

дасының көптеген істеріне араласады. 1773 жылы Іле өзенінің бойына қайтып келіп, жетпіс төрт жасында көз жұмады. Сүйегі Іледегі теміржол көпірінің шығысындағы Шолақтау, Шеңгелді деген жерге қойылып, кейін Қордай жаққа көшірілген.

Сеңкібай Оразғұлұлы (1707-1786) — Қаракесек Қожас батырдың шөбересі. Ол XVIII ғасырдың 20-жылдарынан бастап Қанжығалы қарт Бөгенбайдың қасына ілесіп, Алакөл, Бұланты, Аңырақай шайқастарына қатысқан белгілі батырлардың бірі.

Сергазы Түкейұлы (1692-1750) — шапырашты руынан тарайтын екей-емілдің ұрпағы. Қырық жылдан астам уақыт ат үстінде жүріп, көбіне қалмақ басқыншыларымен күрескен қас батыр. Жекпе-жекте өнерінің сан түрлі айла-тәсілдерін, ат үстіндегі қас-қағым сәттегі үрдіс қимылдардан артына талай-талай өнерлер қалдырған.

Сүйіндікұлы Айдабол — би, шешен. Тәшкен қаласы маңында туып-өскен. Оның ғибратқа толы сөздері ел аузында нақыл болып қалған. Әділдігі сондай — бір дауда «Төрелігім дұрыс болмаса, ұлым Тайкелтірді ат құйрығына салып өлтіремін» деп ант ішкені туралы аңыз сақталған. Арғын тайпасының ішіндегі сүйіндік руының бір атасы Айдабол бидің есімімен аталады. Көкшетау өңіріндегі «Айдабол көлі», «Айдабол кенті» т.б. атаулар би есімімен байланысты туған.

Тәуке хан, Әз Тәуке (т.ж.б.–1716) — қазақ ханы, Жәңгір ханның ұлы. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Үш жүзге билігі жүріп, орталығын Түркістан қаласына көшірді. Өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты ережелер жиынтығының негізінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арқа сүйей отырып, «Жеті жарғыны» қабылдайды. Көрші елдермен саяси-дипломатиялық байланыс орнатуға тырысқан.

Толыбай Дәуленұы (1603-1680) — батыр, қолбасшы. Жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарға қатысқан. Соны-

мен қатар әділ би, қызыл тілді шешен, көріпкелдік қасиеті болған. Осы тамаша қасиеттерінің арқасында қазақтың, ноғай, башқұрт, сібір татарлары халықтары арасында «Толыбай сыншы», «Толыбай әулие» атымен танылған.

Төлебайұлы Олжабай (т.ө.ж. белгісіз) — XVIII ғасырда өмір сүріп, қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен танылған белгілі батыр. Сүйегі Орта жүз арғын тайпасының сүйіндік руынан, оның ішінде айдабол аталығынан тарайды. Ол туралы тарихи деректер сақталмаған. Бірақ ел жадында қалған жыр, аңыз әңгімелерге қарағанда, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Малайсары батырлармен жақын болып, ірі шайқастарда қоянқолтық қимыл жасаған. Олжабай — Абылайдың ту ұстаған батырларының бірі. Оның көптеген жорықтарына қатысып, хан жау қолына тұтқынға түскенде, құтқаруға елеулі еңбек еткен. Ол қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде де елеулі еңбек сіңірген.

Түкеұлы Райымбек (1730-1814) — жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Сүйегі албан тайпасының алжан руынан тарайды. Атасы Ханкелді батыр 1733 жылы Ұлы жүздің беделді адамдары Төле би, Қодар би, Сатай, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға елші жіберіп, Ресейдің қоластына алуын өтінген. Райымбек 17 жасында жоңғар шапқыншыларымен болған ұрыстарда ерлік көрсетіп, батыр атанған. Бейбіт кезеңде халық арасында әулие ретінде танылған, оның келешекті болжағаны туралы ел жадында көптеген аңыз, әңгімелер қалған. Райымбектің есімімен аудан, ауыл, көптеген көшелер аталады. Соның бірі — Алматыдағы өзінің зираты жатқан Райымбек даңғылы.

Тіленші — қол бастаған батыр, Табын руының старшыны, Бөкенбай Қарабатырұлының белбаласы. XVIII ғасырдың II жартысында қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданының Қаратал мекенінде (Алмаз) өмір сүрген. Сырым Датұлы бастаған көтеріліске қатысып, қол бастаған. 1785 жылы билер кеңесінде жетірудың старшыны, 1786 жылғы қыркүйекте өткен билер съезінде Орынбор шекаралық сотының

далалық бөлімшесі — расправаның мүшесі болып сайланған. Баласы Жоламан да әскери жасақ құрып, орыс отаршылдарына қарсы күрескен.

Шамал хан (т.ж.б.–1729) — Жетісу өңіріне билік жүргізген жоңғар ханы (1723-29). Ұлт азаттығына ұмтылып, баскыншылық билікке қарсы шыққан жергілікті тұрғындарды аяусыз қырып-жойған.

Шанышқылы Бердіқожа батыр (шамамен 1690-1770) — жоңғарларға қарсы шайқастарда қол бастаған батырлардың бірі. Ауыз әдебиеті үлгілеріне қарағанда, қазақ қолбасылары Бердіқожасыз хан кеңесін де өткізбеген, жорыққа да шықпаған. Аягөз, Бұланты-Білеуті, Іле, Ебі, Ембі, Алакөл, Алтайдағы Ұлансу, Қандысу, Айдынсу, Шар, Шорға соғыстарында Қозымаңырақ, Қоймаңырақ, Итішпес, Ақшәулі маңындағы, Аңырақайдағы шайқастарда Ұлы жүз жасақтарына басшылық жасаған.

Шақшақұлы Жәнібек — қазақ тарихында Шақшақ Жәнібек, «Жәнібек тархан» деген атпен даңқы қалған батыр. 1693 жылы қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданы, Тосынқұм деген жерінде дүниеге келген. Тегі Орта жүз құрамындағы арғын руының Момын аталығынан шыққан. 1710 жылғы жоңғар қалмақтарымен соғыста жаудың ноянын жекпе-жекте өлтіріп, батырлығымен көзге түскен. Арнаулы әдебиеттер мен ресми құжат деректеріне қарағанда, ол Кіші жүз ханы Әбілқайырмен дос-жар қарым-қатынас жасап, оның Ресей қоластына кіру саясатына тікелей қолдау көрсеткен. Хан тағына отырған Абылайға бата берген. Оның ел ішіндегі беделін, қайраткерлік қабілетін жоғары бағалап, Ресей патшайымы Елизавета Петровна 1743 жылы 11 шілдеде «тархан» атағын берген. 1752 жылы қайтыс болған Жәнібек тарханның денесі Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Шерубай Биболдыұлы (1693-1812), батыр. Туып-өскен мекені — қазіргі Топар кентінің маңы. Орта жүз жеріне қалмақ-

тардың шабуылы кезінде (1721-1730) Токбура Қарекеұлы жасы алпысқа келіп қалса да, ел жиып, жауға қарсы ту көтерген. Шерубай оның қолбасшы батыры болған.

Шоңай Қожамқұлұлы (шамамен 1700-1760/70) — батыр. Тегі — Орта жүз найман ішінде матай руынан. Шоңай Жастай жетім қалып Бөрібай батырдың тәрбиесінде болған. Жоңғарлармен болған алғашқы ұрыстарда матай қолын басқарды. Аңырақай шайқасында асқан ерлік көрсетті.

РУ АТАУЛАРЫ

Абақ — Керей руының бір тармағы. Керейдің «Төр шежіресі» керей этнонимінің Абақ (Әппақ) деген әйелімен байланыстырып, Абақ керей сол ананың ұрпағы дейді. Ел ішінде «Абақ — Үйсін Сармырзаның қызы. Күйеуі қайтыс болған соң Шымыр деген ұлын алып, төркініне кеткен. Нағашысы әлгі баланы кішкентайынан ашамайға мінгізіп «менің ашамайлы керейім» деп ертіп жүреді екен» деген аңыз сақталған. Абақ соңғы күйеуінен Құттықожа деген ұл туады. Одан Майқы (би Майқы емес), Майқыдан: Ермен-Изен, Жусан туады. Абақ керейдің қазіргі 12 атасы осыдан өрбиді.

Адай — Кіші жүздің он екі ата Байұлының басты рулардың бірі. Қыдырғожа әулетінен тарайтын Байұлында: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша, Адайлар қырық мың түтін болған. Олар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімбердіден тарайды.

Албан — Ұлы жүз құрамына енетін ру. Албан атауы көне жазба тарихи деректерден белгілі. V-VI ғасырларда Албандар Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, Дулу одағында болған. Қазақ шежіресі бойынша, Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тарайды. Атамекені — Оңтүстік-Шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді. Ұраны — Бақтияр, тайпалық ұраны — Райымбек, Бәйдібек, таңбасы — дөңгелек.

Алшын — қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігі, Кіші жүздегі Байұлы, Жетіру, Әлімұлы сияқты тайпалардың ортақ атауы. Ежелгі мекені — Алтай. X ғасырда Алтай бойынан ойысып, Арал және Каспий теңізі маңындағы ежелгі тайпалармен араласып кеткен. Алшындар X-XII ғасырларда Қырымда болған. XV-XVI ғасырларда Алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының нығаюы үшін белсене күрескен. Кіші жүз шежірешілері Алшын атын қазақтың алғашқы биі Майқы есімімен де байланыстырады. Алшын ұрпақтары башқұрт, татар және Кіндік Азия халықтарының құрамында да бар.

Арғын — қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтайды. Қазақ шежіресінде Арғындар бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «Бес мейрам» аталып, Қуандық, Сүйіндік, Бегендік (Қозған), Шегендік (Қақсал), Қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «Жеті момын» аталып Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ болып жіктеледі.

Атығай — Арғын руының бір аталығы. Жеті Момынның бірі. Он екі ата Атығай (Дәуіт), Атығай-Қарауыл деп те аталады. Шежірелерге қарағанда, Атығайдан: Құдайберді, Бәйімбет, Баба, Моныс, Бабасын, Бағыс, Ақкиік, Құлансу, Қойлы, Есеншаңырақ, Майлыбалта, Жауғаш аталары тарайды.

Әлімұлы — қазақ халқын құраған Кіші жүз құрамындағы ірі үш рудың бірі. Шежіре бойынша «Қаракесек» деп те атайды. Әлімнің алты тармағы болғанына қарай, ел ішінде «Алты ата Әлім» деп те аталғаны мәлім. Белгілі ақын Ерімбет Көлдейбекұлы шежіресінде Әлімұлына Жаманақты (Шекті), Қарамашақты (Төртқара), Айныкты (Қарасақал), Ұланақты (Қаракесек), Тегінболатты, Тойқожаны (Ақкете) жатқызады. Мұны тарихшылар С.Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші

Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Әлімнің тармағы алтау болғанымен, ұранға шыққаны — төртеу. Олар: Жаманақ, Ұланақ, Қарамашақ, Айнық.

Байұлы — қазақ халқының Кіші жүзі құрамындағы ірі үш рудың бірі. Байұлына байланысты ежелгі Қытай деректері мен кейінгі жазба деректерде бірқатар мәліметтер ұшырасады. Байұлы атауы Орхон-Енесей жазбаларында Байырқу, ал Таң империясының жылнамасыларында Байегу деген атпен кездеседі. Тарихи деректер бойынша Байұлы алғашында Теле бірлестігінің құрамында болған. Түркі қағандығы оларды бағындырған соң әуелі Шығыс Түркі қағандығының, кейіннен Батыс Түркі қағандығының құрамына енеді.

Бәсентин — қазақ шежіресі бойынша, Орта жүздегі Арғын тайпасының «Жеті момын» тармағынан таралатын ата. Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Ақтілес, Күшік, Қарабұжыр, Апай, Бөрі, Сырым аталарына бөлінеді. Ұраны — Барлыбай, таңбасы — ойық, тілік.

Ботбай — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамындағы дулат тайпасынан тарайды. Ботбайдан төрт ұл туады. Бірінші ұлы Құдайқұлдан Әлімжан, Есбер, Бесторсық, Сиыршы туып, төрт ата ел болған және алты арыс Шағай аталығы (Есенбай, Ақша, Қожай, Асан, Жанқойлық, Тайлақ) мен он екі ата Қоралас (Есен, Ырыс, Мәметай, Бекшора, Қауғаяқ, Шауқар, Итім, Сарым, Мырза, Бура, Томай, Қосан), Бұйдас сияқты аталар да Ботбайға кіреді. Кейбір шежірелерде бұл аталарды қыздан тараған делінген. Алты арыс Шағай әулетінен қол бастаған Өлмес, Сәмен батырлар шығып, кейіннен Сәмен батырдың аты Ботбай руының ұранына айналған. Ұраны — Ботбай, Сәмен. Таңбасы — дөңгелек.

Жағалбайлы — қазақ халқының құрайтын рулардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамындағы Жетіру бірлестігіне кіреді. Жағалбайлы Лез, Мырза руларына бөлінеді. Тарихи мәліметтер Жағалбайлының көне түркі тайпаларының бірі екендігін көрсетеді. Орта ғасырларда Жағалбайлылар Сырдария — Арал аймағында сыртқы күштер тарапынан тал-

қандалып, жан-жаққа бытырап кеткен. Қазіргі қазақ халқының құрамына енген Жағалбайлы алғашында (б.з. III-XIII ғғ. бас кезі) Оғыз-Қыпшақ тайпалық бірлестіктері құрамында болған, кейіннен Ноғайлы ұлысы құрамына енген.

Жалайыр — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Диқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша Үйсіннен — Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан Жалайыр тарайды. Тағы бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал мен Жалайыр бір адам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Жалайыр атанған. Жалайыр: Сырманақ, Шуманақ, Бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан: Андас, Мырза, Қарашапан, Орақты, Ақбұйым (Арықбұйым), Қалпе, Сыпатай аталары тарайды. Сырманақтан: Арықтыным-Байшегір, Балғалы, Қайшылы, Күшік тарайды. Бірманақтан тек Сиыршы (Байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде Бірманақтың аты аталмай, Сиыршыны Сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп «он екі ата Жалайыр» атанған.

Жетіру — қазақ халқын құраған рулар бірлестігінің бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүз құрамына енеді. Тарихшылар Жетірудың арғы тегін ежелгі түркі тайпалары (Төлеу, Рамадан, Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы) бірлестігімен байланыстырады. Қазақ руларының тарихына қатысты зерттеулерде Жетіру Тәуке хан кезінде осындай атпен топтасқан қауымдастық деп түсіндіріледі.

Керей — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Шежіре бойынша, Орта жүз құрамына енеді. IX-XII ғасырларда Керей тайпасы Керей хандығы аталған мемлекет құрып, Завхан, Тула, Сәлэнгэден Шығыс Моңғол құмына дейінгі даланы қоныс етіп, батысы Найман хандығы, солтүстігінде меркіттер, оңтүстігінде татарлар, шығысында Ся мемлекетімен іргелес жатты. Ол кезде Керей хандығы Керейт, Жиркин, Қонхойт, Сақайт, Тумаут, Албат, Тункайт-Киркун деп аталатын тайпалардан құралатын. Аталған тайпалардың ең ірісі керейлер болғандығы мәлім.

Көнсадақ — Керей руының бір бұтағы. Шежіре бойынша, Керейдің Абақ керей тармағына енеді. XX ғасырдың басында Қара Ертіс бойын, Қытайды мекендеген. Аңызда Жаппас (Жабай) атты батыр бабалары садағын көнмен қаптағандықтан, ру солай аталған деп айтылады. Көнсадақтан — Шолан, одан Ақтас таратылады. Ұраны — Жабай.

Кіші жүз — Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының этникалық құрамына енеді. Қазақ халқы қалыптасқаннан көп бұрын олардың көпшілігі Батыс Қазақстан өңірінде құрылған Ноғайлы хандығының одақтасы болды. Оның құрылуына ішкі себептермен қоса сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен. Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты Кіші жүз қазақтары ел арасында «Кіші жүз — Алшын» атанған. Оның құрамына он екі ата Байұлы (Адай, Алшын, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Шеркеш), Жетіру (Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан), алты ата Әлімұлы (Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете, Шөмекей, Шекті) рулары енеді.

Қаңлы — қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Қаңлы этногенезі мен тарихы туралы жазба деректер (қытай жазба деректері т.б.) мен оның шығу тарихы жөнінде ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер аз емес.

Қаракесек — Орта жүз Арғын руының бір атасы. Шежіре деректеріне қарағанда, Қаракесек Арғын руының «Бес мейрам» атанатын бірлестігіне кіреді, яғни Мейрам сопының кіші әйелі Қарқабаттан туған Болатқожа деген баласынан тарайтын ата. Қаракесектен Майқы, Бошан, Танас тарайды. Қаракесектің рулық ұраны мен таңбасы Арғын тайпасымен бірдей болғанымен, Арғын ішінде Болатқожаның шешесі Қарқабат атын ұран еткен.

Қарауыл — Арғынның Момын деген бәйбішесінен: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы; Қарасопыдан: Бәсентиін, Қарауыл, Қарауылдан Түнғатар, Қадды, Бошпан болып тарайды.

Қуандық — Арғын атадан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Бегендіктен Қозған, Тәңірберді, Сырық деген балалар өрбиді.

Қызай — шежіре-аңыздарда әйелдің аты делінеді. Қызай Үйсін елінің қызы (есімі — Күнбүбі, кейбір нұсқаларда Қарлығаш дейді). Бәйдібек байдың ұлы Ілебайдың қызы екен. Ілебай соғыста қаза тауып, Қызайды атасы Бәйдібек бауырына салып өсіреді. Күнбүбі асқан зерек әрі көрікті болғандықтан «қыз-ай», «қызай» аталып кетеді. Қызайды Матайдың ұрпағы Шағырай алады. Осы Шағырайдан тараған ұрпақ өсіп-өніп, рулы ел болып ананың атымен «Қызай елі» атанады.

Қыпшақ — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша, IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдырағаннан кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті қыпшақ деп атаған.

Найман — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «Сегіз оғыз», кейінрек «Цзбубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша, Найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: Терістаңбалы (кейде —

Елата), Сарыжомарт (Ергенекті найман), Төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

Орта жүз — қазақ қоғамындағы үш ірі тайпалық бірлестіктің бірі. Яғни, олар: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Орта жүзге Сарысудан бастап, төменгі Сырдариядан Ертіске, Тобылға, Есілге дейінгі аралықта көшпенді тұрмыс кешкен Арғын, Қоңырат, Уақ, Қыпшақ, Керей, Найман т.б. қазақ рулары кіреді.

Сарыүйсін — Ұлы жүз құрамындағы тайпа. Қазақ шежіресі бойынша, Абақ немересі Бәйдібектің бәйбішесі — Сарыбәйбішеден өрбіген. Жалайыр Спандияр шежіресінде (жинаған Б.Бақтияров) Бәйдібек бидің Сарыбәйбішесінен Байтоқты — Мырзатаз — Жақыпқалша (Жездем Қалша) — Сарыүйсін, ал А.Нұрбеков жинаған шежіреде Сарыбәйбішенің қызынан туған асырап алған жиені Сыйлықсарыны ел «Сарыүйсін» атап кетеді. Одан Қалша, Жақып ұрпақтары тарайды.

Суан — Жарықшақтың ортаншы баласынан өрбіген ру. Суан руының негізгі ірі атасы үшке бөлінеді: Бәйтүгей, Тоғарыстан, Бағыс, (соңғысы Оңтүстік Қазақстан облысын мекендейді). Тоқарыстаннан: Тұрдымбет, Мұрат, Бердіке мен Баубек; Байтөгей үш атаға бөлінеді: Елтінді, Молақ пен Жылгелді.

Сүйіндік — Арғынның Мейрам деген баласынан тарайтын аталық. Сүйіндік өз ішінде: Қаржас, Орманшы, Құлболды, Жанболды, Мәжік секілді тармақтарға бөлінеді.

Табын — Жетіру бірлестігінің құрамындағы ру. М.Тынышбаев зерттеуінде Табын, Жаманкерей, Бозым, Бегім, Қайырқожа деген төрт атаға бөлінеді. Енді бір шежіреде Табыннан Шөмішті, Тарақты, Көсеулі тарайды.

Тарақты — Орта жүз құрамындағы ру. Тарақты ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында әдебиетте деректер кездеспейді. Шежіре деректері бойынша, Ақжолдан: Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Тарақты, Уақ, Тарақтыдан: Апай, Тоқтауыл, Қыдыр, Жәші (Жасши), Әлі, Сары, Әйтей, Қосанақ, Алакөз, Шәуке, Әлеуке, Көгедей болып

он екі арыс ел тарайды. Басқа шежіре деректерінде Тарақтыны Арғын руына жатқызады. Тарақты Қазан төңкерісіне дейін Орталық Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғарғы Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын мекендеген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Тарақтының Наймантай, Байғозы батырларының есімдері аңызға айналған. Ұраны — Жауғашар, Байғозы, тарақ таңбалы.

Тобықты — Орта жүз арғын тайпасынан тарайтын белді рулардың бірі. Тобықтының үлкен баласы Рыспетектің үш баласы — Мұсабай, Көкше, Дадан және Мұсабай. Көкшенің екі баласы — Топыш, Томан. Топыштың екі баласы — Бәши, Шобан. Томанның екі баласы — Қаракөшек, Балтай. Шобанның алты баласы: Надир, Бәрит, Әлім, Жасыбай, Қарабақан, Турабай.

Торғауыт — бұрын ойраттар құрамында болған этникалық топ. Тәуекел хан кезінде қазақ хандығына бағынған. 1627 жылы батыстағы Еділ бойына қоныс аударған. Қазіргі торғауыттар Моңғол Халық Республикасында (Қобдо аймағы), Қытай Халық Республикасында (Шинжаң өлкесінде және Ішкі Моңғолияда) тұрады. Алтай тіл тобындағы моңғол тіл тармағына жататын ойрат тілінде сөйлейді. XVII ғасырда торғауыттардың бір бөлігі Ресей шекарасына өтіп, бірте-бірте қалмақтардың құрамына енген. Моңғолия жеріндегі торғауыттар ондағы басқа моңғол тектес халықтармен бірігіп кеткен.

Уақ — Орта жүз құрамына кіретін ру. Шежіре деректерінде Уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әр түрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани IX-XIII ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды Уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына XIV-XVII ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, Уақ Керей тайпасымен туыстас. Уақтың алғашқы атамекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға

жылжуының салдарынан Уақтар өзінің ата-мекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, Батыста Торғай өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жетті. Ұраны — Жаубасар, Бармақ, таңбасы — босаға, ашамай.

Үйсін — қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Ежелгі қытай жазбаларында Үйсін атауы б.з.б II ғасырдан бастап кездеседі. Ғұндардың күшеюінен қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жібереді. Үйсін тайпалық бірлестігі бұл тұста Қытайдың батысындағы өзге елдермен дәрежесі тең қуатты да, құдіретті мемлекет болды. Үйсіннің шығу тегі, таралуы, қазақ халқының тарихындағы рөлі жайында тарихи-генеалогиялық зерттеулерде талас пікірлер аз емес. Оған себеп — жазба дереккөздері. Атап айтқанда, VII ғасырдағы Қытай жазушысы Чин-гу «Батыс өлкенің өзге шетелдіктерінен Үйсіндердің едәуір айырмашылығы бар, олардың көзі көк, жирен сақалды» деп жазды. Жетісу үйсіндерінің шығу тегін анықтау жолында А.Н.Бернштам, К.А.Ақышев, Г.А.Кушаевтар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Мәселен, Есік қорғанынан қазып алынған (1969-1970) «алтын адам» «сақ ханзадасы» деп тұжырымдалғанымен, соңғы зерттеулер «Үйсін адамы» деген пікірді алға тартады.

Шекті — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре деректері бойынша, Кіші жүз Әлім ұлы бірлестігіне кіреді. Әлімнен алты ата тарайды. Соның үлкені әрі ең өсіп-өнгені осы Шекті. Лақаб аты — Жаманақ. Кейбір шежірелерде «Бес Шекті» аталғанымен, Шектінің шежіреге түскен балалары төртеу: Шыңғыс, Өріс, Баубек, Бөлек.

СӨЗДІК

Абыз /т/ — білгір, білімді
Адақ — дара
Абылайша — шаңыраққа уықтың өзін шаншып
Авгус /о/ — тамыз айы
Ақшелек — түйеде кездесетін індет
Аламансыр — ұлан-асыр, айқайлап атой салу
Анжы — дәріге малынған қыл
Арестан /о/ — арестант; тұтқын
Әбжіл /ж.с./ — епті, ыңғайлы
Барлығу — барлығып қалған, қарлығыңқы
Бейғам, бейқам — қамсыз, жайбарақат
Бейіл — пейіл, ниет, көңіл
Бедірек — құны жоқ, құнсыз, қадірсіз
Берен — болаттан жасалған батырлар киетін сауыт
Бытқыл — бұтасы қалың жер
Дес — сүйенер адам деген мағынада қолданылған
Долгсыз /о/ — қарызсыз, тегін
Есекқырған — юпитер планетасының қазақша аталуы
Жаубүйрек — жаңа сойылған малдың, аңның бүйрегінен, етінен қуырып пісірілген тағам
Жайшы — Құдайға жалбарынып дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын сиқыршы
Жамбыл — қорған, бекініс
Жиенқұрық — қазақ дәстүрі бойынша, ержетіп қалған жиеннің нағашы жұртына барғанда өзі қалап, сұрап алған заты
Жұдалы — елдің беделді, бетке ұстар адамдары
Жұрын — елдегі қатардағы қарапайым адамдар

Зекетші /а/ — мұсылманның бес парызының бірі, нысапқа жеткен бір жылдық мал-мүлкінің қырықтан бірін беруші адам

Зиярат /а/ — көрісу, зират ету, сәлем беру, қол беру, құлшылық

Зүрият /а/ — ұрпақ, тұқым

Зін /а/ — зейін, ден, көңіл

Ишан — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы

Кәкпір — сүзгіш, тесік ожау

Күрзі /к.с./ — сабы қысқа шоқпар

Керік — салт мінілетін, жұмысқа салынатын мал, көлік

Күлдіреуіш — шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары

Кілтең — күйкіл, қаяу, кірбің

Көзер — өткел деген мағынада

Крауат /о/ — төсек, кереует

Кірекеш — жүк тасушы, алыпсатар

Қалт — кенет, тез, аяқ астына, мүдірмей

Қамырық — көңілдегі қайғы-шер, азап, мұң, уайым

Қаптал Шапан — ұлттық сырт киім. Жүн тартып, бидайылап, бағалы маталардан жағасыз, жұқа етіп тіккен киім

Қорамса — оқ құюға арналған қалып

Қоршаласу — қаумаласу, ортаға алысу

Қыжалат /а/ — қысылу, тарығу

Ләшкер — әскер

Лепес — айтылатын сөз, лебіз

Мәулет — белгілі бір істі, тапсырманы орындауға берілген уақыт, мерзім; мүмкінді

Мәшрүп — құлақкесті деген мағынада

Мойнақ — түйенің мойны т. б. малдың алқымынан басына дейінгі мойын терісі

Нөпір — қалың, қаптаған, қара-құрым

Оба — әр жердегі үйілген оба; қалмақтардың өлгеніне шығарған жаназасы. Қалмақ тасқа табынады. Сол табынып жүрген тасымен өліктерін бастырып кетеді. Көп үйілген обалар хандарының, жайсаңдарының жаназа тасы, аз үйілген — жай кісілерінікі

Парзант — перзент

Салбурын — қыс маусымында аңшы, саятшылардың топталып бірнеше күнге аң аулауға шығу салты

Саң — Шыттан қалыңдау ақ түсті мата

Саңы — көңілі, ықыласы

Сапы — кішкене өткір қылыш, семсер

Сыбырлақ — малдың қызыл асығымен бірге біткен өте майда сүйек

Сүре — ығыстыру

Сырттан — тегі жақсы, қырағы, алғыр

Тайжақы — тай, құлын, құралай терісінен тігілген ішік

Тамұқ — тозақ

Тоғанақ — бір басында ілмегі бар, екінші басына арқан байланатын бастырық ағаш

Түбеліткі /ж/ — түбегейлі

Үйелмен — үй-мүлік, үй-жай, қора-қопсы, қыстау-қияу

Шар тарту — егде тарту, қартаю

Шаһит — дін жолындағы соғыста өлген адамды айтқан кейінгі кезде отаны үшін өлген адам туралы да айтылып жүр. Отанын адал қорғап өлген деген мағынада

Шұрқылтай — бұғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер

Шылпара — күлпара, быт-шыт

Харам /а/ — арам, таза емес;шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]

Хауыз — жан-жағы, түбі шегенделген, су сақтайтын шұңқыр

Һәм /а/ — және

Іңір — күн батып, қараңғы түсе бастаған кез

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмешіт — қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған көне бекініс орны. Ол 1817 жылы салынған. А.И. Добросмысловтың дәлелдеуі бойынша, бекініс ті Қоқан ханы Омархан салдырған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған елуге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден «Перовск форты» болып аталған. Қазан төңкерісінен кейін Ақмешіт аты қайта берілді. 1925 жылы оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болып тұрды.

Алакөл — Қазақстандағы Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан тұйық көл.

Алатау — 1) Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады. 2) Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы.

Алматы — Алматы облысының орталығы, республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Алтай тау — Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Алтай Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі,

ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік шығыста Шығыс Алтайдың шапшал жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

Алтын Емел — Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы ауыл, ауылдық, әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы Сарыөзек кентінің Алтынемел жотасының солтүстік батыс беткейінде орналасқан.

Арқа — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл «Сарыарқа» деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақстанды білдіреді. Шындығында, Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Арыс өзені — Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы.

Ақтау — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы қала, Маңғыстау облысының орталығы. Қала — теңіз және әуе порты. 1964 жылдан 1991 жылға дейін украин ақыны Тарас Шевченконың құрметіне Шевченко аталған.

Аягөз — Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары аумағы арқылы ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солтүстік сілемдерінен бастау алып, Балқаш көлінің солтүстік шығыс бөлігіне құяды.

Балқаш — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында.

Бақанас — Іле өзенінің құрғап қалған ескі арнасы. Бақанас ауылының солтүстік тұсынан бастау алады.

Баянауыл тауы — Павлодар облысындағы тау аты. Бұл жерден Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймаутов, Қаныш т.б. қоғам қайраткерлері шыққан.

Бетпақдала — Қазақстанның орталық бөлігіндегі кең байтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Батысында Сарысу өзенің төменгі ағысымен, шығысында Балқаш көлімен, оңтүстігінде Шу өзені аңғарымен, солтүстігінде Сарыарқамен шектеседі. Сай-жырылармен тілімденген Батпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын суымен толығып, жазда құрғақ арнаға айналатын Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар.

Боралдай (ежелгі түркіше борулдай — күлгін түсті құс) — Алматы облысының Іле ауданындағы кент, кенттік әкімшілік округінің орталығы.

Бұхара (санскритше вихара — монастырь) — б.з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Бурабай — Көкшетау қыратындағы тұйық көл. Бурабай табиғатының ерекше сұлулығы көптеген әдебиет және көркем-сурет шығармаларына арқау болған.

Еділ — Еуропадағы ең үлкен өзен. Каспий теңізіне құяды. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока, Кама (Шолман), Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Ерейментау — Сарыарқаның солтүстігіндегі таулы алқап. Ақмола, Қарағанды облыстарында орналасқан. Таулы алқап оңтүстік батыстан солтүстік-шығысқа қарай 100 шақырымға созылып жатыр. Ол Өлеңті және Шідерті өзендерінің суайрығы болып табылады. Осы өзендердің салалары — Жарық, Қарасу, Олжабай, Тұрғынбай өзендері тау беткейлерінен басталады.

Ертіс — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен, Обътың сол саласы. Моңғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады.

Есіл — Қазақстан Республикасы мен Ресейдің Тюмень, Омбы облыстары жеріндегі өзен, Ертістің сол саласы. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Есіл бойында Астана (Ақмола), Петропавл, Есіл қалалары орналасқан.

Дуана — Шығыс Қазақстан обл. Семей қалалық әкімдігі аумағына қарасты Дегелең тауының оңтүстігіндегі тау.

Жайық — Каспий теңізі алқабындағы өзен. Ол Ресейдің Башқұртстан, Челябинск, Орынбор әкімшілік аймақтарының және Қазақстанның Орал, Атырау облысының территориясымен ағады.

Жарма — Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы кент, округ орталығы, темір жол стансасы. Шар өзенінің сол жақ саласы — Жарма өзені жағалауында, боз, бетеге, селеу, көкпек өскен сортаң қоңыр топырақты шөлейт дала белдемінде орналасқан.

Жетісу — еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Жері сулы, нулы Жетісу туралы ғалымдар түрлі пікірде болып келгені белгілі. Кей деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ә.Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 Алматы облысы бөлініп шықты.

Зайсан — Шығыс Қазақстан облысының қиыр шығысындағы әкімшілік бөлік. Шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Аудан орталығы — Зайсан қаласы. Зайсан ауданының жер бедері өте күрделі. Аудан жерімен Зайсан көлін жағалап Зайсан — Семей, Зайсан — Өскемен, Боран — Теректі — Балықтыбұлақ автомобиль жолдары өтеді.

Керегетас — Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданындағы тау. Марқакөл көлінің шығысында, Сарлытаң тауының солтүстік-шығысында орналасқан. Беткейінен Шағанаты, Қарақоба, Сорвенок өзендерінің салалары бастау алады.

Көкбастау — Тарбағатай жотасының солтүстігіндегі Қазаншат және Сарытолағай тауларының оңтүстігіндегі оқшауланған тау.

Көкшетау — жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

Қарабас — Сырдария алабындағы өзен. Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы жерімен ағады. Бастауын Қаратау жотасының солтүстік беткейінен алып, Бөген өзеніне жетпей тартылып қалады.

Қарақұм — Іле өзенінің оң жағалауындағы құмды алқап. Қытаймен шекаралас орналасқан. Алматы облысы, Жәркент ауданы жерінде. Қарақұмның батысында Бурақожыр (Борохудзир), шығысында Қорғас өзендері, солтүстігінде Тоқсанбай жотасы, оңтүстігінде Іле өзені аңғары жатыр.

Қарсақбас — Тосынқұм құмының батысында 15 шақырым жердегі тау. Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы Торғай өзенінің аңғарында орналасқан. Қарсақбас тауының жанында Басқарасу, Алакөл, т.б. көптеген қыстаулар бар.

Қаракөл — Қызылорда облысы, Арал ауданындағы көл.

Қармақшы — Қызылорда облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. Аудан орталығы — Жосалы кенті. Аудан жерін толығымен Тұран ойпаты алып жатыр.

Құмкент — ортағасырлық қала орны. Оңтүстік Қазақстан облысы Шолаққорған ауданнан 30 шақырым жерде орналасқан; Созақ ауданындағы әкімшілік бірлік.

Қазығұрт тауы — Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа жота. Ежелгі аңызда дүниені топан су басқанда, Нұқ пайғамбар кемесі Арабияның Жуда тауында, Х ғасырдағы аңызда Арарат тауына тоқтаған делінеді. Қазақ (түркі) аңызы бойынша, топан су қаптағанда Нұқ пайғамбар («Топан су» мифінің көне нұсқасында Нұқ пайғамбардың есімінің орнында «Йвшқар-ата» («Жылаған-ата», «Жылауық ата» деген кісі есімі де қолданылады) кемесі Қазығұрт тауының шыңында тұрып қалған. Сөйтіп, топан су қайтқан соң, адамзаттың жаңа ұрпағының тіршілігі сыртқы бітімі кемеге ұқсас Қазығұрт тауынан басталған. Кейін ислам дінінің таралуына байланысты Нұқ пайғамбар туралы аңызбен ұштасып, ежелгі мифтің жаңа нұсқасы пайда болған.

Қайдауыл — Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы тау. Баянаула тауларының солтүстігінде орналасқан.

Қалба — Ертіс өзенінің сол жағындағы тау және тау қыраттары.

Қапал — Алматы облысының Ақсу ауданындағы елдімекен. Кезінде осы аттас ауданның орталығы болған. Аумағында шипалы емдік судың мол қоры жинақталған.

Қарақалпақ, Қарақалпақстан — Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан, Өзбекстан Республикасының құрамындағы автономиялық республика. Орталығы — Нүкіс қаласы.

Қаратал — Алматы облысының Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Балқаш-Алакөл алқабындағы суының молдығы және арнасының үлкендігі жағынан Іледен кейінгі орында. Қаратал Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы мұздықтардан басталып, Балқаш көліне құяды.

Қаратау — Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысында орналасқан тау жотасы. Қаратау негізінен, Жамбыл облысының аумағында орналасқан. Тек солтүстік-батыс бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағына қарайды.

Қарауылтөбе — ежелгі оба. Арыс қаласы төңірегіндегі Қараспан аулының шығысына орналасқан.

Қарқара — Алматы облысы, Райымбек ауданындағы өзен. Қарқара Күнгей және Теріскей Алатаудың солтүстік-шығыс беткейлерінен басталып, Тиектас тұсынан Шарын өзеніне құяды. Аңғары тар, шатқалды. Қар және бұлақ суларымен қорланады.

Қарқаралы — Қазақстанның байырғы қалаларының бірі. Қарағандының оңтүстік-шығысында орналасқан.

Қоқан хандығы — Ферғана жазығында XVII-XIX ғасырларда тарих сахансына шыққан. Астанасы — Қоқан қаласы. Қоқан хандары өздерін Шыңғыс ханның ұрпағымыз деп санаған. Негізінде олар минг (мың) тайпасының өкілдері болатын. Қоқан хандары әулетінің негізін салушы Шахрух би алғаш 1710 жылы шамасында Қоқан территориясында Бұхар хандығынан тәуелсіз кішігірім иелік құрды. Кейіннен түрлі тарихи-саяси себептерге байланысты Қоқан хандығы жойылып, оның орнына Түркістан генерал-губернаторлығына бағынатын Ферғана облысы құрылды.

Қоянды — Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Оның негізінде Қояндыда және округке қарасты Атантай, Қорық, Шоқай ауылдарында шаруа қожалықтары құрылды. 1848-1930 жылдары мұнда Қоянды жәрмеңкесі (Қоянды — Ботов) өткізіліп тұрған.

Құмкент — Орта ғасырлардағы қаланың орны. Шымкент облысы, Шолаққорған ауданынан Байқадам кентіне барар жолдың бойында орналасқан. 1946 жылы Орталық Қазақстан (Ә.Х.Марғұлан), 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициялары (А.Н.Бернштам) зерттеген. Марғұланның пікірінше, Құмкент араб деректерінде кездесетін Қамукент қаласының орны. Ол XIII-XIV ғасырларда Таластан Сайрамға қарай созылған керуен жолы бойындағы ірі сауда орталығы болған. Табылған ескерткіштерге қарағанда, қаланы адамдар X-XV ғасырларда мекендеген.

Қызылжар — қазіргі Петропавл қаласы, қазақтар Қызылжар деп атаған. 1936 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының облыс орталығы.

Қызылорда — қала, осы аттас облыстың әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Қызылтау — Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданының солтүстік-шығысында, Семізбұғы ауылынан және Шалқар көлінен солтүстік шығысқа қарай орналасқан тау. Қызылтаудың Сарыадыр деген жерінде 1919 жылы Қолчақтың Омбыдағы түрмесінен қашкан С. Сейфуллин паналаған.

Қытай — Шығыс және Орталық Азиядағы мемлекет.

Лепсі — Балқаш алабындағы өзен. Алматы облысы, Ақсу, Сарқант аудандарының жерімен ағады.

Мәдина — арабша қала деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдина оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәсжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Меркі — Жамбыл облысы, Меркі ауданының орталығы, ауыл, ауылдық әкімшілік округі орталығы, темір жол стансасы.

Моңғолия — Орталық Азияның шығыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Солтүстігі Ресей Федерациясымен, ал оңтүстігі, шығысы, батысы Қытай Халық Республикасымен шекарласады. Моңғолия бұл екі елдің ортасында орналасқанымен, оның батыс нүктесі Қазақстан Республикасының шығыс нүктесіне өте жақын жерде (18 шақырым) орналасқан. Астанасы — Ұланбатыр қаласы.

Мыңжылқы — Кіші Алматы өзенінің бастауында орналасқан шатқал.

Нұра — Қарағанды және Ақмола облыстары жерімен ағатын өзен. Нұра Қарқаралы тауының батыс сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды.

Орал тауы — Еуразиядағы тау жүйесі. Оның шығыс етегі бойымен екі дүние бөлігін — Еуропа мен Азияны бөлетін шартты шекара өтеді. Қазақстанда Орал тауының оңтүстік жалғасы — Мұғалжар тауы.

Ордабасы — Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік.

Петербург, Санкт-Петербург — Ресейдегі қала. Федералды субъект мәртебесіне ие. Ленинград облысындағы Нева өзенінің Фин бұғазына құяр сағасында орналасқан. Санкт-Петербург аумағынан 45-тен астам өзен, 40-қа жуық канал өтеді. Портты қала, әуе, автомобиль жолдарының және темір жолдың ірі торабы.

Россия, Ресей — Ресей Федерациясы. Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекет. Ресей мен Қазақстан арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. Ресейдің мәдениеті дүниедегі ең ұлы мәдениеттердің бірі, жетістіктері орасан көп. Саяси жағынан Ресей — ықпалы зор мемлекет, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі. Орасан зор табиғи байлықтары, қуатты қарулы күштері мен білім деңгейі өте жоғары халқы — Ресей қуатының кепілі.

Сайрам — Оңтүстік Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық ірі қалалардың бірі. Бұрынғы аты — Исфиджаб. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Моңғол шапқыншылығынан кейін Сайрам маңызды орталықтардың біріне айналған. XV-VIII ғасырларда қазақ хандықтары кезінде ірі сауда, діни және мәдениет ошағы болған.

Самарқанд — Өзбекстанның Самарқанд облысының орталығы, қала. Заравшан өзенінің аңғарында орналасқан. 1868 жылы патша әскерлері басып алды да, Ресей империясының құрамына енді. 1924-1930 жылдары Өзбек ССР-ның астанасы, 1938 жылдан облыс орталығы. Самарқанда тарихи ескерткіштер өте көп: Шаһи Зинда, Бибі ханым мешіті, Регистан т.б.

Сарыөзек — Алматы облысының Кербұлақ ауданының (1973 жылдан) орталығы.

Саумалкөл — Есіл алабындағы ағынсыз көл. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жерінде өзімен аттас ауылдың шығысын бойлай орналасқан.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Созақ — Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудан атауы. Әуелде Қаратаудың солтүстік бөлігіндегі едәуір биік тау шоқысының аты.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

Талас — Қырғыз Алатауынан бастау алып, Талас жазығы арқылы Мойынқұм құмдарына сіңетін, V ғасырдан белгілі өзен. Оның бойынан шаһар салынып, қала VI ғасырдан кейін Тараз деген атпен мәшһүр болған. Бұл аттас Талас өзені Алматы облысының Райымбек ауданында да бар.

Тарбағатай — Зайсан және Балхаш — Алакөл арасындағы су айырық жота. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерлерінде орналасқан.

Ташкент — қазіргі Өзбекстанның астанасы. Қазақ хандығы дәуірінде Ташкент қазақ хандары үшін айрықша геосаяси маңызы бар өңірлердің бірі болған. Тарихи деректер Ташкенттің Тәуекел және Есім хандары тұсында қазақ билеушілерінің ықпалында болғанын аңдатады. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде де Ташкент бірде басқыншылардың, бірде қазақ халқының қолына өтіп тұрған. Ташкенттің XVIII ғасырда қазақтардың айтулы ордаларының бірі болғанын оның маңында Төле бидің және Әйтеке бидің бар екендігі де айғақтайды.

Терісаққан — Есіл алабындағы өзен. Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстарының жерлерімен ағып өтеді.

Текелі — Алматы облысына бағыныстағы қала (1952 жылдан), темір жол стансасы. Талдықорған қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан.

Тобыл — Ертіс алабындағы өзен. Қазақстанның Қостанай облысы, және Ресейдің Қорған, Түмен облыстары аумағымен ағады. Бастаулық бөлігінде Торғай қолатымен өтеді. Бұл тұста өзен арнасы тастақты келеді және аңғарында ойдым-ойдым қарасулар көп кездеседі.

Торайғыр Тауы — Іле Алатауының шығыс сілеміндегі тау. Шарын және Шілік өзендерінің су айырығында. Солтүстігінде Сөгеті аңғары, оңтүстігінде Жалаңаш аңғары орналасқан. Торайғыр етегінде қыстаулар (Көртоғай, Көлбастау, Торыайғыр т.б.) мен қоныстар орналасқан. Шығысында өзімен аттас асу бар. Ол арқылы Алматы — Нарынқол автомобиль жолы өтеді.

Торғай — XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бекініс. Ресей патшалық үкіметі тарапынан XIX ғасырдың 40-жылдары феодалдық монархиялық қозғалыспен күрес барысында қазақ даласының ең түкпірінен бекініс пунктін салуға шешім қабылданды. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай қала атанды.

Түндік өзені — Ертіс алабында орналасқан өзен. Кент, Кешубай, Қоңыртемірші сағаларының қосылатын жері «Ақжарық» деп аталады.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан қала. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталады. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Ұлытау — Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетіндегі ұсақ шоқылы, таулы өлке. Ұлытауда атақты Жошы хан мазары сақталған. Бұл арада өткен ғасырларда үш жүздің басы қосып, ел тағдырына қатысты алқалы жиындар өткізіп тұрған.

Үшарал — Қазақстандағы қала. Алматы облысы, Алакөл ауданының орталығы.

Үшқоңыр — Алматы облысы, Қарасай ауданындағы төбелі қоныс. Табиғаты көрікті Үшқоңыр өңірі Қарасай ауданының және Алматы қаласы тұрғындарының демалыс орны саналады.

Үштөбе — қала (1961 жылдан), Алматы облысы, Қаратал ауданының орталығы, темір жол стансасы.

Шар — Семей облысының Көкпекті, Жарма, Шар және Жаңа Семей аудандарының жерлері арқылы ағып өтетін өзен. Абай 1885 жылы осы өзеннің бойындағы Қарамала деген жерде өткен Зайсан, Өскемен, Кереку, Семей уездерінің төтенше съезіне төбе би болып сайланған. Ақын осы съезге өзінің ел басқару жүйесін ұсынып, «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелерін» қабылдатты. Өзен атауы ақын шығармаларының толық жинақтарына еніп жүрген өзге ақындармен сөз қағыстыруларында да аталады.

Шелек — Алматы облысы, Еңбекшіқазақ аудандағы ауыл, ауылдық округ орталығы. Шелек арқылы халықаралық маңызы бар Алматы — Жаркент — Қорғас автомобиль жолы өтеді.

Шолаққорған — ауыл, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ ауданының (1934 жылдан) және Шолаққорған ауылдық округі орталығы. Облыс орталығы Шымкент қаласынан солтүстікке қарай Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан. 1957 жылдан қаракөл қойын өсіретін кеңшардың орталығы болған.

Шу — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Соңғысының тұсына Ортотоқой бөгені салынған.

Шымкент — Қазақстандағы қала, Оңтүстік Қазақстан орталығы. Қазақстан Республикасындағы (Алматыдан) кейінгі екінші қала, бұл ретте қала басшылары, энергия және сутұтыну көлемін ескере отырып және негізге ала отырып, қала тұрғындарының саны шамамен миллионға жуық деп есептейді. Осымен қатар, Шымкент негізгі өнеркәсіп, сауда және мәдени орталық болып табылады.

Шыңғыстау — Сарыарқаның Шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батысынан оңтүстік-шығысқа қарай созылған. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз аудандары аумағында орналасқан. Шыңғыстау солтүстік-шығыста Алтайдан Шар өзені аңғарымен бөлінеді, оңтүстік-шығыста Тарбағатайға ұласады. Шығысында тауаралық Зайсан қазаншұңқыры, оңтүстігінде Солтүстік Балқаш төбелері жатыр.

Шідерті өзені — Ертіс-Қарағанды жүйесінде орналасқан өзен. Құшоқы тауының батысынан бастау алады.

Хантау — Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданындағы кент, темір жол стансасы, кенттік әкімшілік округының орталығы.

Хиуа — Өзбекстан Республикасындағы қала. Әмудария өзенінің сол жағалауында, Үргеніш темір жолы станциясынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан.

Іле өзені — Қазақстан (Алматы облысы) және Қытай жеріндегі өзен. Шығыс Тянь Шаньнан басталып, Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Қаш, ғас (оң жақ), Шарын, Шелек, Талғар, Қаскелең, Күрті (сол жақ).

ТОМҒА ЕНГЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДІ ЖИНАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖАРИЯЛАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Адамбаев Балтабай (1919-1990) — авторлық ауыз әдебиетін зерттеуші, әрі жинаушы. Көп жылдар Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болған. Филология ғылымдарының кандидаты. Ғылыми еңбектері шешендік, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерді зерттеуге арналған. Халық әдебиеті үлгілерінің барлық түрін жинауға атсалысқан.

Айнабеков Қайып (1885-1955) — халық ақыны. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетай ауылында туып-өскен. Орталық Қазақстандағы ауылды жаңа шаруашылық саласына жұмылдыру жұмысына белсене қатысып, кеңес, шаруашылық, ағарту саласында қызмет істеген. 1923 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық этнографиялық көрмеге қатысып, қобызда ойнап, ән айтады. Сол жолы белгілі музыка жинаушы А.В.Затаевич одан «Сұлушаш», «Қоскөтерме», «Әупілдек», «Назқоңыр», «Жеңеше» сияқты халық әндерін жазып алады. Отан қорғауға шақырған патриоттық жырлар шығарып, қас батырларға арналған «Әбдірдің Нүркені», «Ер Төлеген» толғауларын жазған. Өз де жанынан эпикалық дастандар шығарып, бұрынғы қазақ тұрмыс-тіршілігі мен әйел теңдігін баяндайтын «Қолаң», 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған «Амангелді» дастандарын жырлады. Өлеңдері, дастандары мен айтыстары халық ақындарының жинақтарында, 1958 жылы Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясында» жарияланды. Таңдамалы шығармаларының жинағы үш рет жеке жарық көрді.

Татанайұлы Асқар (1906-1994) — ҚХР фольклор қоғамының және ШҰАР фольклор қоғамының, Жазушылар одағының мүшесі. 1933 жылы Алтайда ұйымдастырылған мұғалімдерді тәрбиелеу курстарында оқып, жаңа біліммен сусындаған.

1934-1982 жылдары оқытушы, мектеп директоры және баспагерлік жұмыстармен шұғылданған. 1953 жылдардан Алтай аймақтық ойын-сауық үйірмесі меңгерушісінің орынбасары және меңгерушісі, Алтай аймақтық мәдениет отауының меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1930-дан бастап өмірінің соңына дейін қазақ фольклорының әр жанрындағы мұраларын мұқият жинап, баспадан шығаруға, жаңғырта жырлауға ерекше еңбек сіңірген. Тарихи аңыз, деректерді негіз ете отырып жырлаған «Арқалық», «Ел қормалы — ер Абылай», «Малбикенің өмірі», «Қалың мал», «Құлдықтан құтылғандар», «Тарихи дерек, келелі кеңес», «Бір ғасыр», «Қарасеңгір оқиғасы», «Керейдің билік заңы» қатарлы қисса-дастан, қара сөзбен жазылған хикаялық шығармалары ел ішіне кең тараған. Қытайдағы «Жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күрес», «Мәдени зор төңкерісі» нәубеттері кезеңінде саяси қудалауға ұшыраған. 1979 жылы толық ақталды.

Бекарыстанов Зердебай — Атырау облысында тұрады. Ол 1940 жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Қолжазба қорына тапсырған. Зердебай жинаған материалдардың ішінде Досан, Жоламан батыр, Асанқайғы, Аралбай, Медетбай, Нұрым жыраулардың өсиет, терме өлеңдері бар.

Дәуітов Сәрсенбі (1947 жылы туған) — филология ғылымдарының докторы, профессор. 1970-1975 жылдар аралығында Қазақ радиосында, газет-журналдарда қызмет атқарған. 1975 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, Т.Рысқұлов атындағы Басқару академиясында, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында жұмыс істеген. 2002 жылдан Д.А.Қонаев атындағы университеттің профессоры, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері болып қызмет атқарады.

Алғашқы өлеңдер жинағы «Сыбаға» деген атпен 1978 жылы жарыққа шыққан. Сондай-ақ «Ерте дәуірдегі казақ әдебиеті» (1983), «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (1988) ұжымдық монографияларды жазуға атсалысты. Ғалымның әр жылдары «Диуани Хикмет және қазақ поэзиясы» (1998), «Көңіл сазы» (1989), «Төле би» (1993), «Өмір — күрес» т.б. зерттеу еңбектері жарыққа шықты. Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері.

Есмағамбетов Көшім — ғалым. 1938 жылы Атырау облысы, Индер ауданында дүниеге келген.1965 жылы Мәскеудегі Халықтар достығы университетін бітірген. Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында ұстаздық қызмет атқарды. Көшім Лекерұлы жүзден астам ғылыми-танымдық мақаланың, оның ішінде бірқатар монографиялық еңбектердің авторы. Тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Кәкішев Тұрсынбек (1927 жылы туған) — әдебиетші, ғалым, сыншы. Филология ғылымдарының докторы, профессор, еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған.

Қаупынбайұлы Төлен — жазушы, журналист. 1938 жылдың мамырында Алматы облысына қарасты Райымбек ауданындағы Қаратоған ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Көптеген кітаптардың авторы.

Құлпейісов Еркін — ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында туып-өскен.

Құлсариев Ертай (1886-1958) — жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі аулында туып-өскен. 1940 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып қабылданған. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Күлпан балуан» т.б. дастандар мен «Арқалық батыр»,

«Олжабай батыр» сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857-1931) — ақын, халық мұраларын жинаушы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен танысқан. М.Көпеев өзі де өлең шығарумен бірге, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинаған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы.

Саттаров Қыдырәлі (1941-2011) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы, Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған.

Төреқұлов Нысанбек (1921 жылы туған) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы. Кезінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған бірнеше фольклорлық экспедицияларға шығып, халық әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинаған.

Тілеужанов Мәтжан (1927-1995) — әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан фольклорлық мұраларды ұзақ жыл бойы жинап, Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды. Сондай-ақ республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинады.

Шәріпов Сабыр (1880-1942) — Халық поэзиясын жинап, ол туралы кезінде пікірін айтқан жазушы, қоғам қайраткері. Вятск губерниясы, Варзай ауылында туған. С.Шәріпов Сейдах-

мет ақынның көп өлеңдерін Атбасар ауданында тұрған Назар Молдабекұлынан жазып алған.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) — қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. Омбы Кадет корпусын бітірген. XIX ғ. орта шенінде қазақтың өз ортасынан шығып халық творчествосын, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан әйгілі ғалым.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
Қ — Қазан қаласы
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп — дәптер
а — араб
о — орыс
п — парсы
т — түркі
[...] — түсіп қалған, оқылмаған сөздер, тіркестер
[] — құрастырушылар тарапынан қойылған атаулар, тақырыптар
ж.с. — жергілікті сөз
к.с. — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. — Алматы: ҚазАқпарат, 2007.

2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 1-10 томдар. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998-2007.

3. Қазақтың мифтік әңгімелері. — Алматы: Ғылым, 2002.

4. *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1985.

5. *Қоңыратбаев Т.Ә.* Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. — Алматы: Ғылым, 2000.

6. *Мусин Ж.* Жер шоқтығы Көкшетау. — Алматы, 1989.

7. *Оралмағанбетов Ж., Есмағанбетов М.* Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі. — Алматы: «Кітап» баспа үйі, 2001.

8. *Сейдімбеков А.* Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. — Алматы: Жалын, 1981.

9. *Тұрсынқұлов Қ.* Қазығұрт. — Астана: Фолиант, 2009.

10. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1993.

11. *Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т.* Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.

12. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құраст.: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдеринова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

13. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

14. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / Құраст.: *І.К. Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.

15. *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Шығармалары. 8-том. — Павлодар, 2006.

16. *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*. Шығармалары. 9-том. — Павлодар, 2006.

17. Ел жүрегіндегі Ескелді би (аңыз, әңгіме, деректер) / Жинап, әдеби өңдеп құрастырушы — *Исмаилов Ораз*. — Алматы, 2006.

18. *Төреқұлов Н., Қазбеков М*. Қазақтың би-шешендері. 1, 2-кітаптар. — Алматы, 1993. «Жұлдыз» журналы, № 3, 1995.

20. «Шанышқылы Бердіқожа батыр» / Құраст.: *Б. Қасымбеков, Д. Қыдырәлі*. — Астана: Фолиант, 2009.

21. Райымбек батыр. Эсселер, тарихи очерктер, дастандар, баяндар / Құраст.: *Т. Қаупынбайұлы*. — Алматы: Білім, 2005.

ҚОЛЖАЗБАЛАР

1.ӘӨИ. 500-бума
2.ӘӨИ. 1123-бума
3.ОҒК. 1059-бума
4.ОҒК. 1059-бума
5.ӘӨИ 920/108
6.ОҒК. 1778-бума
7.ОҒК. 1770-бума
8.ОҒК.1178-бума
9.ӘӨИ. 500-бума
10.ӘӨИ. 910/4
11.ӘӨИ. 1057-бума.
12.ӘӨИ. 280-бума
13.ОҒК. 1177-бума
14.ӘӨИ. 1094-бума
15.ОҒК. 829-бума
16.ОҒК. 1177-бума
17.ӘӨИ 1062-бума
18.ӘӨИ. 1136-бума
19.ӘӨИ. 1122-бума
20.ӘӨИ. 856-бума
21.ӘӨИ. 1014-бума
22.ОҒК. 1645-бума
23.ӘӨИ. 346-бума
24.ОҒК. 346- бума
25.ӘӨИ. 692-бума
26. ӘӨИ. 1004-бума
27. ӘӨИ. 991-бума
28. ӘӨИ. 1124-бума
39. ӘӨИ. 324-бума

РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжается научное издание стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Стратегического национального проекта «Культурное наследие». Предыдущие восемьдесят шесть томов серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам и поговоркам и другим малым жанрам, которые являются самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если сказать точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозных дастанов, одиннадцать томов романических дастанов, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героических эпосов, пять томов пословиц и поговорок, два тома народных песен, четыре тома генеалогических преданий, пять томов сказок, по одному тому загадок, детского фольклора, казахских мифов, «Фольклора казахов Монголии», топонимических преданий, кюйских преданий, два тома исторических преданий. В двенадцати томах из этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе — казахов Монголии.

Предлагаемый читателям очередной, 87 том также посвящен одному из древних и многочисленных жанров народного творчества — «Историческим преданиям». Поскольку в предыдущих томах составители подробно изложили причины и обстоятельства, по которым данный жанр народного творчества был предан забвению, лишь единицы образцов были опубликованы, а основные оставались неизученными и вне поля зрения

ученых-фольклористов, в настоящем томе мы не сочли нужным повторяться. Но все же составители хотели бы вкратце ознакомить читателей со структурой и содержанием предыдущих томов серии «Исторические предания».

В первый том, посвященный историческому жанру (85 том), вошли предания об исторических личностях и батырах, живших в VI-XVI веках, таких как Байдибек би, Домалак ана, Коркыт ата, Абу-Насыр аль-Фараби, Ибн Сина, Алаша хан, Майкы би, Аяз би, Ходжа Ахмет Ясауи, Хаким ата, Зенги баба, Шопан ата, Узбек хан, Чингис хан, Жошы хан, Аксак Темир, Байшегир баба, Аз-Жанибек, Асанкайгы, Жиренше шешен, Карашаш сулу, Есим хан, Токтамыс хан, Ер Едиге, Ер Таргын, Абат, Шора и др.

Во второй (86 том) вошли предания, расскрывающие историческую роль знаменитых казахских биев — Толе би, Казыбек би, Айтеке би, которые в трагический для народа период, когда нависла угроза полного исчезновения нации и решалась судьба казахской государственности – период джунгарских нашествий, мудрым словом и могучим духом сплотили народ воедино. Эти личности ставили интересы народа и целостность государства превыше всего, вершили справедливый суд и тем самым завоевали всенародную любовь и почтение на века; также в том вошли предания, посвященные славным подвигам, знаменитым сражениям, историческим победам воинов, в особенности личности великого воина, полководца, дипломата и правителя Аблай хана; предания о многочисленных подвигах, славных сражениях и баззаветной любви к своему народу таких народных батыров, как Каракерей Кабанбай, Канжыгалы Богенбай, Муизди Отеген, Шакшак Жанибек, Суиндик Олжабай, Малайсары, Балтакерей Турсынбай.

Очередной, 87 том серии знакомит читателей с преданиями, повествующими о казахском обществе XVIII века, об исторических событиях, о борьбе народа с джунгарскими захватчиками за сохранение независимости, о роли мудрых биев, предводителей родов и племен, батыров в деле объединения народа и сохранения единства казахского общества.

Том состоит из двух основных разделов, таких как «Предания о биях», «Предания о батырах», в которые вошли соответствующие по содержанию предания о мудрых биях, в чис-

ле которых Бекболат, Тленши, Альмерек, Сапак, Толыбай, Карабас, Досбол, Байдалы, Келдибек, Жанайдар, Жанабатыр, Каркабат, Досай, Есенкелди, Едиге, Ескелди, Караменде, Кабан, Балпык, и предания о батырах, среди которых Шакшак Жанибек, Керей Жанибек, Жидебай, Жасыбай, Даулетбай, Малайсары, Ажибай, Райымбек, Балагаз, Байгозы, Тулькибай, Саркоз, Тугель, Итеке, Берден, Нурбай, Шерубай, Жалантос, Жарылгап, Ораз, Елшибек, Томаш, Айтбай, Алдебек, Бодене, Баян, Сенкибай, Боранбай, Сатай, Бердикожа, Жоламан, Байсерке, Бодес, Шегир, Аралбай, Куттыгай, Каракул, Айтей, Тауасар, Алдияр, Караш, Шонай, Еспембет, Котентай, Жаугаш, Куатбек, Медетбек, Сергазы, Самен, Корлыбай, Болек, Сары, Сугир, Жантайлак, Журын, Козуй, Койгельди, Мамай, Мынбай, Шотан и др.

В основном том составлен по материалам, собранным в разные годы среди населения и записанным известными учеными, такими как Ш.Валиханов, М.Тлеужанов, Н.Торекулов, Б.Адамбаев, Қ.Саттаров, Т.Канагатов и др., которые хранятся в редких фондах Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, Центральной научной библиотеки; также в издание включены тексты, взятые из рукописного наследия М.Ж.Копеева, М.Мажикеева, Е.Кулпеисова, А.Кулжанова, С.Шарипова, А.Бисенгаликызы, А.Татанайулы, М.Рустемова, Т.Каупынбайулы, К.Айнабекова. В ходе подготовки тома к изданию были использованы тексты, опубликованные в книгах «Бабалар сөзі — даналық көзі. Ескелді би, Қабан жырау, Балпық әулие», «Ел жүрегіндегі Ескелді би», «Билер сөзі», «Ер Жәнібек», «Ер Әжібай», «Қазақ батырлары», «Сарыарқа батырлары», «Аңызға айналған тұлғалар», «Аңыздар мен Ақиқаттар өлкесі», «Шанышқылы Бердіқожа батыр» и на страницах газеты «Қазақ батырлары». Согласно принципам отбора материалов для тома, при обнаружении в редких фондах рукописных вариантов текстов, опубликованных в вышеназванных изданиях, для выявления подлинности была проведена сравнительно-сопоставительная текстологическая работа, и лишь самый полный и подлинный вариант отбирался для издания.

Согласно принципам составления сборника, тексты снабжены научными приложениями и соответственно пронумерованы.

Научные дополнения к тому составляют: сведения о переписчиках, издателях и изданиях текстов, вошедших в него, научные толкования текстов, вошедших в данный том, словарь, географические, именные указатели, сведения об исторических личностях и композиторах-куйши, встречающихся в текстах, список использованной литературы, резюме к тому на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,0 п.л.

SUMMARY

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov continues scientific publication of the one hundred volume Collection «Babalar sozy» which is published in the frame of the State program «Cultural Heritage». Previous eighty-six volumes of the series were devoted to the epics, folk songs, tales, riddles, proverbs and other small genres, which are the most numerous and highly artistic in national folklore. To be more precise, thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious dastans, eleven volumes of romantic dastans, eleven volumes of historical poems, twenty volumes of heroic epics, five volumes of proverbs, two volumes of folk songs, four volumes of genealogical legends, five volumes of tales, one volume of riddles, children's folklore, Kazakh myths, «Folklore of Kazakhs of Mongolia», toponymic legends, kyu stories, two volumes of historical legends were published. Twelve volumes of this series include the materials on folk heritage of the Kazakhs of China, and in one volume — the Kazakhs of Mongolia.

Volume 87 is also devoted to one of the oldest and numerous genres of folklore art — «Historical legends». In previous volumes the compilers have set out the reasons and circumstances due to which the genre of folklore art was forgotten, and only a few have been published, but mostly they were not studied and remained out of the attention of folklorists, and in this volume we have not repeated them. However, the compilers would like to give short information for the readers about the structure and content of the previous volumes of the series «Historical legends».

The first volume which is devoted to the historical genre (85th volume) includes stories about historical figures and batyrs who lived in the VI-XVI centuries, such as Baydibek bi, Domalak ana,

Korkyt Ata, Abu Nasir al-Farabi, Ibn Sina, Alash Khan , Maiky bi, Ayaz bi, Khoja Ahmed Yasawi, Hakim ata, Zengi baba, Shopan ata, Uzbek Khan, Genghis Khan, Zhoshy Khan, Aksak Temir, Baishegir baba, Az-Zhanibek, Asankaigy, Zhirenshe sheshen, Karashash sulu, Yesim Khan, Toktamys Khan, Er Edige, Er Targyn, Abat, Shora and others.

Second (86 volume) includes legends which reveal the historical role of famous Kazakh biys — Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi who have united the nation by wise word and strong spirit during tragic period when the nation faced the threat of disappearance and the destiny of Kazakh State was in critical point- period of Jungar invasions. These individuals put the interests of the people and the integrity of the State above all, tried by a fair trial, and thus won the national love and respect for ages, also it includes stories devoted to the glorious feats of famous battles, and especially about historic victories of the personality of the great soldier, military leader, diplomat and governor Ablai khan; also it includes numerous stories about heroism, glorious battles and devotion to people of such folk warriors as Karakerey Kabanbay, Kanzhygaly Bogenbai, Muizdi Otegen, Shakshak Zhanibek, Suindik Olzhabay, Malaisary, Baltakerey Tursynbay.

Volume 87 of the series includes legends telling about the Kazakh society in XVIII century, historical events, struggle of people against Dzungar invaders to maintain independence, the role of the wise biys, leaders of clans and tribes, warriors in unification of the people and preservation of the unity of Kazakh society.

The volume consists of two main sections such as «Legends aboput biys», «Legends about batyrs», which include the legends about wise biys: Bekbolat, Tlenshi, Almerek, Sapak, Tolybay, Karabas, Dosbol, Baydaly, Keldibek , Zhanaidar, Zhanabatyr, Karkabat, Dosay, Esenkeldi, Yedige, Eskeldi, Karamende, Kaban, Balpyk, and legends about batyrs: Shakshak Zhanibek, Kerei Zhanibek, Zhidebay, Zhasybay, Dauletbay, Malaysary, Azhibay, Raiymbek, Balagaz, Baygozy, Tulkibay, Sarkoz, Tugel, Iteke, Berden, Nurbay, Sherubay, Zhalantos, Zharylgap, Oraz, Elshibek, Tomash, Aitbay, Fldebek, Bodene, Bayan, Senkibay, Boranbay, Satay, Berdikozha, Zholaman, Baiserke, Bodes, Shegir, Aralbaev, Kuttygay, Karakul, Aitey, Tauasar, Aldiyar, Karash, Shonay, Espembet, Kotentay, Zhaugash, Kuatbek, Medetbek, Sergazy,

Samen, Korlybay, Bolek, Sary, Sugir, Zhantaylak, Zhuryn, Kozuy, Koygeldi, Mamay, Mynbay, Shotan and others.

Mainly the volume is based on materials collected at different periods from people and recorded by well-known scientists such as Sh.Valihanov, M.Tleuzhanov, N.Torekulov, B.Adambaev, Қ.Sattarov, T.Kanagatov, and others which are stored in the rare collections of the Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov, Central Scientific Library; also it includes texts from the manuscripts of M.Zh.Kopeev, M.Mazhikeev, E.Kulpeisov, A.Kulzhanov, S.Sharipov, A.Bisengalikyzy, A.Tatanayuly, M. Rustemov, T.Kaupynbayuly, K.Ainabekov. Also, during the preparation of the volume the texts published in the books «Babalar sozy — danalyk kozi», «bi Eskeldi bi, Kaban zhyrau, Balpyk aulie», «El zhuregindegi Eskeldi bi», «Biyler sozy», «Er Zhanibek», «Er Azhibay», «Kazak batyrlari», «Saryarka batyrlary», «Anyzga ainalgan tulgalar», «Anyzga men Akikattar olkesi», «Shanyshkyly Berdikozha batyr» and in the newspaper «Kazakh batyrlary». According to the material selection principles the comparative textual analysis was conducted to find manuscripts in rare collections published in the above mentioned editions, identify the authenticity, and only the most complete and authentic version were selected for the publication.

According to the principles of compiling the collection, the texts are supplied with scientific annexes and have numbers. Scientific supplements to the volume include the following: information about the copyist, publisher and edition of the texts, scientific interpretation of the texts included in this volume, dictionary, geographic names, information about historical figures and composers-kuyshi mentioned in the texts, a list of used literature, summary in Russian and English languages.

The total size of the volume — 27,0 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

МӘТІНДЕР

Билер туралы аңыздар

1. Бекболат би 11
2. Қасым ханның елге орнатқан тәртібі 12
3. Тіленші жайында бірер сөз.....25
4. Сапақ бидің ұтқырлығы 27
5. Бала — бауыр етің 28
6. Қара дауыл 29
7. Тәлім 31
8. Өнеге 33
9. Бабаның батасы.....34
10. Тұрмыс сыны 36
11. «Ер өтеді, ел қалады» 37
12. Ұран 39
13. Ең қасиетті нәрсе не?.....40
14. Толыбай сыншының баласы 41
15. Доспол 45
16. Бала би Досбол сөздерінен 46
17. Бала би Досбол 48
18. Байдалы би 49
19. Жақсы Жанайдар (I нұсқа).....50
20. Жақсы Жанайдар (II нұсқа) 52
21. Жаңабатыр әңгімесі 53
22. [Жаңабатырдың жаламен шабылуы] 54
23. [Жаңабатырдың тағы бір жалаға ілігуі] 56

24. Қарқабат туралы аңыз 58
25. Досай би 60
26. [Опасыз дүние] 62
27. Есенкелді би.....63
28. Едіге би 64
29. Кім көргіш.....66
30. Ескелдінің әуестігі 67
31. Ескелдінің ер атануы 68
32. Ескелдінің шарапаты 68
33. Елдің иесі, жердің киесі болады (I нұсқа) 69
34. Барлауға шыққанда 70
35. Тоған тартқанда.....70
36. Ескелдінің ерлігі 71
37. Ақылды Бабаның амалы 71
38. Жез қармақ.....72
39. Тараған өкпе — татулықтың ишараты 72
40. [Үш бидің әулиелігі].....73
41. Қасым Сұлтанның анасы — Қандан.....73
42. Қызайлар үшін күрескенде 74
43. Бір найза ма, жүз найза ма? 75
44. «Халықтан қайыр болмаса, хан бұзылады» 76
45. «Шымылдық қарағайдағы» шайқас 77
46. Соңғы жекпе-жек 78
47. Атаның ақтық сөзі 79
48. Қабан ақынның сыны 80
49. Ақынның үйленуі хақында 81
50. Қоянкөзге Қабанның өлең сыйлауы.....81
51. Ақынның ақырғы сөзі 82
52. Қоныс бөлу 82
53. Балпық пен Райымбек 84

Батырлар туралы аңыздар

54. Жәнібектің Тіленшіге батасы 86
55. Ер Жәнібек пен Тіленші би.....87
56. Жәнібек туралы.....89
57. Шақшақ Жәнібек батыр 89
58. [Жәнібектің Уақ Бармақты сынауы].....93
59. Жәнібек би 94

60. Батырдың тууы, жас шағы 95
61. Жәнібек батырдың Абылайдың
оң тізесінен орын алуы 102
62. Абылай ханның Жәнібекті сынауы 105
63. Жәнібектің қартайған кезінде
кешірмелерін еске алуы 107
64. Жәнібек бастаған Абақ елінің
Шыңғыс тауынан көшуі.....113
65. Қошқарұлы Жәнібек 115
66. Жәнібек батыр туралы аңыз 117
67. Жидебай батыр (I нұсқа) 142
68. Жидебай батыр (II нұсқа) 143
69. Жидебай батыр.....144
70. Жидебай батыр.....145
71. Жасыбай батыр 148
72. Дәулетбай батыр 149
73. Әжібай атының ұранға айналуы хақында.....149
74. Әжібайдың қалмақ досы 150
75. Көк бие мен көк төбет 151
76. Қожамқұлдың көк қасқа аты.....152
77. Райымбек батыр 153
78. Хангелді немересі Райымбек туралы 154
79. Балағаз батыр.....214
80. Байқозы батыр тапқырлығы.....217
81. Тарақты Байғозы батыр туралы 218
82. Байғозы батыр.....219
83. Түлкібай батыр жайындағы аңыз-әңгіме.....220
84. Саркөз бен Жәнібек.....220
85. Түгел батыр 222
86. Итеке батыр 225
87. Берден батыр 226
88. Нұрбай батыр 227
89. Шерубай батыр.....229
90. Жалаңтөс батыр 229
91. Көкбөрі Керней Жарылғап батыр.....230
92. Ораз туралы 232
93. Елшібек батыр туралы.....233
94. Томаш батыр туралы 233

95. Қанжығалы Айтбай батыр мен Қаракерей 234
Әлдебек батыр 234
96. Әйгілі Баян батыр туралы 238
97. [Сеңкібайдың «Ақиық сұңқар» атануы] 239
98. [Боранбай батыр] 244
99. Сатай батыр 246
100. [Сатай батырдың алғашқы олжасы] 247
101. Сатай батыр 248
102. Қайың сауған жұт жылы 248
103. Толыбай 252
104. Бердіқожа (I нұсқа) 254
105. Бердіқожа (II нұсқа) 255
106. Бердіқожа батыр 256
107. Алымбектің шежіресі 260
108. Қазақ-қырғыз шабысы 268
109. Жоламан батыр туралы 277
110. Байсерке 278
111. Найман Бөдес 280
112. Шегірдің Жәнібекпен кездесуі 281
113. Аралбай батыр 282
114. Аралбай батыр 283
115. Құттығай батыр 286
116. Қарақұл батыр 286
117. Әйтей батыр 287
118. Шақшақ Жәнібектің Тауасар батырға
ат қойғаны 291
119. Тауасар батырдың жас шағы 292
120. Бір шайқас жайлы 293
121. Алдияр батыр туралы 294
122. Алдияр батыр 297
123. Қараш батыр 299
124. Шоңай батыр 301
125. Еспембеттің Адақ атануы 303
126. Көтентай батыр 306
127. Ер Жауғаш 308
128. Жауғаш батыр 309
129. Жауғаш батыр туралы 311
130. Жауғаш батыр 311

131. Қуатбек пен Медетбек 312
132. Қуатбек пен Медетбек 313
133. Серғазы батыр 315
134. Серғазы батыр 316
135. Сәмен батыр 317
136. Сәмен батыр 319
137. Алшын Қорлыбай батырдың
Қалдан ханмен кездесуі 322
138. Қорлыбай мен Ердес 324
139. Қалдан шерін мен Ханабад туралы аңыз 331
140. Бөлек батыр 335
141. Ер Сары 336
142. Ер Сүгір 336
143. Жантайлақ батыр 337

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР 339
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 341
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер
туралы мәліметтер 369
Ру атаулары 385
Сөздік 394
Жер-су атаулары 397
Томға енген фольклорлық үлгілерді жинаушы,
айтушы һәм жариялаушылар туралы мәліметтер 410
Шартты қысқартулар 415
Пайдаланылған әдебиеттер 416
Қолжазбалар 418
Резюме 419
Summary 423

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

87 том

ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ
(XVIII век)
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Э.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Е. Сманова*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2652

Теруге 16.06.12 жіберілді. Басуға 27.07.12 қол қойылды. Пішіні 60x90 1/16.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №149.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-603-3